YESSENOV UNIVERSITY

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мәңгыстау

«ӘБІЛҚАЙЫР ХАН МЕН БОПАЙ ХАНЫМНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ»

атты «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

21 желтоқсан, 2018

Ақтау қаласы

«Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары

21 желтоқсан, 2018

Ақтау

ӘОЖ 94(574)
ББК 63.3 (5 каз)
Ә20

Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы редакциялығымен

Редакциялық алқа:
Е.Т. Нұрмағанбет, А.Н. Отарова, Н.С. Қамарова, А.М. Джанисенова

Ә20 «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны»**:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары**,** Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2018, -271 б.

ISBN 978-601-308-085-7

Бұл жинақта Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған ұлттық сананы жаңғырту бойынша күрделі жұмысына үн қосу мақсатында Қазақ халқының ұлы ханы, Шығыс халықтарының тарихындағы ірі саясаткер, дипломат-мәмілегер, данышпан қолбасшы, өз ұлтының бірлігі мен жерінің тұтастығын сақтауға жан аямай күш салысқан ірі мемлекеттік тұлға Әбілқайыр хан мен Әбілқайыр ханның өмірлік серігі, халқының қоғамдық-саяси өміріне зор үлес қосқан зерделі саясаткер, ұлы ана Бопай ханымның 325 жылдығына арналған «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны» тақырыбында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ұлттық рух пен патриотизмді насихаттайтын материалдары, рухани жаңғырудың өзекті мәселелері туралы баяндамалар енгізілген. Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушыларға, білім алушыларға арналған.

ӘОЖ 94(574)
ББК 63.3 (5 каз)

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2018

ISBN 978-601-308-085-7

БОПАЙ ХАНЫМ – САЯСИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙРАТКЕР
(1690-1780 ж.ж.)

Киікбай Мыңбайұлы Жаулин
Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы,
саяси ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясы,«Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры»атты мақаласы аясында өлгенгенге тағзым,тіріге құрмет деген негізде өткен тарихымызды екшелеп болашаққа көз жүгірту біздің мақсатымыз.Қазақтың ұлы ханы Әбілқайырдың өмірлік серігі, Қазақ хандығының Әбілқайыр хан тұсындағы және одан кейінгі дәуірдегі қоғамдық – саяси өміріне зор үлес қосқан ақылды ханым, зерделі саясаткер, ұлы ана Сүйіндікқызы Бопайдың өмір жолымен қоғамдық – саяси қызметіне тарихи шолу жасап, қазіргі ұрпаққа үлгі ретінде көрсету!

Бопай, Бәтима (шамамен 1690 жылы дүниеге келген, 1780 жылы Елек өзені бойында қайтыс болған) — Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер.

Бопай күйеуі Әбілқайырдың түпкі мақсаты Жайық қазақтарының, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау екендігін және бұл мәселелерді уақытша болса да, Ресей империясына бодан болу арқылы шешуге тырысқандығын терең ұғынған ұлы тұлға десек артық айтқанымыз емес. Бопай ханым бірнеше тіл білген және өте саяси сауатты болған.

Сондықтан да Әбілқайырдың барлық саяси қадамдарына әр уақытта қолдау көрсеткен. Ол ханымның 1731 ж. 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоанновнаға, 1748 ж. 5 қазанда Елизавета Петровнаға, әр уақытта Орынбор әкімшілігінің басшыларына жазған хаттарынан айқын көрінеді. Күйеуінің қазасынан кейін де Бопай ханшайым ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайыр саясатының өз жалғасын табуы баласы Нұралының әке орнын басуына байланысты екендігін терең ұғынған Бопай ханым батыл әрі ойлап-пішілген қадамдар жасайды. Орта жүз бен Кіші жүздің беделді билері мен батырларының Нұралыны хан көтеруге келісімін алғаннан кейін ғана, Бопай ханым патшайым Елизавета Петровнаға, келесі күні бригадалық генерал А.И.Тевкелев пен Орынбор губернаторы И.Неплюевке қисынды өтініштер хаттар жолдайды. Осы хаттарды жеткізу үшін аталмыш екі жүздің 8 беделді биі Орынборға, одан кейін Санкт-Петербургке аттанады. Нұралыны «қырғыз-қайсақ ханы» етіп бекіту туралы Елизавета Петровнаның 1749 жылғы 2 мамырдағы жарлығы, онда Бопай ханымның хатына да сілтеме жасалуы, канцлер А.П.Бестужев-Рюминнің Бопайға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы ханым саясатының жеңісі еді. Бопай ханым Әбілқайыр әулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін қалады. Сол үшін де ол күйеуінің кегін алуға «аттандатпай», Барақ сұлтанды жазалауды орыс әкімшілігі арқылы заңдастырып алуға тырысты. Қоғам дамуының негізгі көзі тыныштық өмір екендігін, тірлігін ат үстінде өткізген халықтың болашағы бұлдырлығын ұғынған ханым орыс әкімшілігін Елек өз бойында қала салдыртуға да үгіттейді. Қазақ-жоңғар қатынастарына тигізген әсері, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістіруге бағытталған әрекеттері Бопайдың ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік ниетін аңғартады. Бопай орыс-қазақ қатынастарындағы және сол кездегі қазақ қоғамындағы шешімін таппай жүрген кейбір мәселелерді талқылау үшін Орынбор әкімшілігінің басшылығымен кездесіп, келіссөз жүргізгісі келді. 1740 жылы Санкт-Петербургке ресми сапармен барып, Анна Иоанновнаға жолығу ниеті де болған. Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі жазады. Күйеуінің қазасынан кейін де Бопай өзінің ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайырдың саясатын жүзеге асыру үшін баласы Нұралыны әке орнына 1749 26 қарашада хан тағына Елизавета Петровнаның жарлығымен отырғызып, Бопай ханым хан тағында батыл әрі нақты қадамдар жасайды. Бопай ханшайымның Күйеуін өлтірген Барақ ханнан өшін алу үшін ең мықты Цин империясымен құда болуды көздеп ұлына оның қолында жүрген

Намұрын қызға құда түседі. Бірақ бұл құда түсу ақыры ұзаққа созылмай қыз аяқ асты өліп қалады, артынша Барақ хан да дүние салады.

Канцлер А. П. Бестужев-Рюминнің Бопайға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы- ханым саясатының жеңісі еді. Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі Джон Кэстлдің, Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуліктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі. Бопай Клекке құятын Жосалы өзенінің жоғарғы жағындағы қорымда жерленген.

Бопай ханым Әбілқайырдың жан-жақты мәселелерін шеше отырып, ханымның айтқан ақылдарын тыңдап отыруы. Қазақ жеріне жан-жақтан қалмақтар мен жоңғарлардың шабуылы кезінде, Әбілқайыр хан қай елден көмек сұрауды ойлағанда, қасында отырған жанжары Бопай ханым Ресей елімен достық қарым-қатынаста болуды, олардан қару алуды сұрастыру жөнінде бағыт берген ханымның бірі. Тарихта еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктен Бопай ханым ел есінде қалған. Бір сөзбен айтқанда, біз оқыған құжаттар мен зерттеулер Бопай ханымның соңғы үш ғасыр көлеміндегі Қазақстандағы билікке араласқан қайраткер қазақ әйелдерінің арасында көшбастаушы болғандығына көз жеткізуге болады. Көне тарихтың тасқа түскен жазулары осылай дейді. Олай болса, бірінші кезекте Бопай ханымның шыққан тегіне назар аударайық. Ә. Атшыбаевтың «Кіші жүз шежіресінде» (Алматы, 1966жыл) Адай Табынай батырдың қызы делінсе, қайсыбір авторлар Еділ қалмақтарына қарсы жорықтарда қолбасшылығымен танылған Сүйіндік батырдың қызы дейді.

Ол қай Сүйіндік? Адайдың Қосай атасынан тарайтын, лақап аты Жаманадай болған Сүйіндік пе, әлде, Тобыш атадан тарайтын Табынай руының Сүйіндік батырының қызы ма? Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы «Елең-алаң»романында Қосай Сүйіндік батырдың қызы деп жазады. Роман көп жаухарларымыз ашылмай жатқан Кеңес Өкіметі тұсында, алғаш рет 1984 жылы жарық көргенін назарда ұстаған жөн. Тәуелсіздік жылдары тарихи құжаттар мен шежірелер көптеп табылып жатыр. Әбіш ағамыз да апамыз Табынай Сүйіндіктің қызы екендігін айтып жүр. Сонымен қатар, көнекөз қариялардан алынған әңгімелерде Қосай Сүйіндік Бопайдың сіңлісі Қанайға үйленген, Әбілхайырмен бажа болғандығы айтылады. Әбілхайыр мен оның заманын көп зерттеген ғалым С. Өтениязов Бопай – Адай қызы деген тұжырымнан айнымайды. Ал тарихшы ғалым, Әбілхайыр мен қазақ-орыс қатынастарын көп зерттеген Қ. Есламғалиұлы төре тұғымынан деп жазған («Ана тілі», 18. 11. 2009 жыл). «Батыс Қазақ энциклопедиясына» (Алматы, Арыс, 2010) да осы дерек енгізілген (194-бет). Бәтимәнің тегі туралы да пікірталастар баршылық. Жұмабек Мұқанов өз мақаласында Әбілхайыр мен Бопайдың алғаш танысқан кездеріндегі шынайы сезімдерін халық аузындағы аңыз желісімен тарихшы С.Өтениязов былайша суреттейді:

« …Кіші жүздегі әйгілі батыр Жәнібек пен Әбілхайыр жол жүріп келе жатып күн батар алдында бір ауылға түседі. Ауыл иесі аса бай,жасы үлкен кісі екен. Оның бой жетіп отырған қызы Бопай сұлуды көрген Әбілхайыр ес-ақылы кетіп ғашық болады. Келесі күні жолға шыққан Әбілхайыр күтпеген жерден сол ауылда қалатынын айтады да, Жәнібек батырға өз жөнімен кетуге тура келеді. «Қайтсем Бопай сұлуды алмай тынбаймын» деп Әбілхайыр қалады. Ол өзінің кім екенін жасырып, Бопайдың әкесінің малын бағуға жалданады. Ұзын бойлы, батыр тұлғалы, жігіттің сұлтаны Әбілхайыр батыр жылқышы болып жүрсе де, аз уақыттың ішінде ауыл адамдарына жақсы қырынан танылып, құрметке ие болады. Әрине, көп ұзамай Бопай сұлуға да ұнап қалады. Сырын ашқан жас батырды Бопай сұлу да жан-тәнімен ұнатып, ғашық болады. Ғашықтар ажырамастай дәрежеге жеткенде Әбілхайыр Бопай сұлудың әкесінің рұқсатын сұрайды. Әкесі сұлтан деген аты болғанымен, жалғыз атты кедей жігітке қызын бергісі келмей,түрлі айла-шарғы ойлап табады. Соның бірі ретінде «қалыңмалға ала аяқты 90 күрең және 60 ақсұр ат әкелесің, әйтпесе, қызымды бермеймін» деп шарт қояды. Осындай ауыр шартқа амалсыз келіскен жас батыр «бір айдың ішінде айтқан қалың малыңызды әкелемін» деп аттанып кетеді.Бопай сұлудың әкесі «кедей жігіт бұл шартымды орындай алмас»деп үміттенген еді. Әбілхайыр әлгі айтқан жылқыны таныс-тамыры, ағайын-туысы, бәрінен сұрағанымен, ешқандай нәтиже шықпайды. Шарқ ұрған жас батырдың аянышты күйін естіген Жәнібек батыр Әбілхайырға керекті 150 айғырды өз жылқысынан шығарып береді. Оған қоса,ол өзі барып, Бопай сұлудың әкесіне

барып, қазақтың әдет-ғұрпы бойынша құда түседі». (С.Өтенияз, Ш.Өтенияз. «Әбілхайыр хан, «Арыс», 2010жыл)

Шын есімі Бәтима болған апамызды орыс жазбаларында неліктен Попай, (кейбір жазбаларда Пупай) деп аталғандығы туралы әзірше қолымызда нақтылы деректер жоқ. Халқымыздың ұл-қыздарына сәби кезінен еркелетіп жанама есім беретін үрдістері күні бүгінге дейін сақталып отыр. Тарихшылар зерттеулерінде анық дәлелденгені – Әбілхайырдың Бопайдан өрбіген ұл перзенттері бесеу, соның үшеуі хан болды және сұлтан, биде осы шаңырақтан шыққан. Балалары: Нұралы (1710/11-1790), Ералы, Айшуақ, Қожахмет, Әділ. Әбілхайыр хан дүниеден өткеннен кейін Елизавета патшайымның жарлығымен Нұралы Кіші орданың хан тағына отырады. Оның хандық дәуірі 1748 – 1786 жылдар аралығы. Ералы – (1720 – 1794) 1791 – 1794 жылдары, Айшуақ – (1723 – 1810)1797 – 1805 жылдары Кіші жүз хандары болған. Құпия кеңесші дәрежесі бар және Орынбор губернаторы И.И.Неплюев 1748 жылғы хабарламаларының бірінде «Кіші ордада Әбілхайыр ханның 5 ұлы бар, ал, Орта Ордада Барақ, Абылай туысыбар» деп көрсеткен. Назар аударарлық жағдай сол, Әбілхайырдың, қалмақ, башқұрт әйелдерінің есімдері аталмайды. Демек, Хан шаңырағындағы бәйбіше Бопайдың абырой-беделі де, ықпалы да, танымалдылығы да басқа әйелдерден жоғары болды деген сөз. Бопайдан туған Ералының ұлы Қасымхан қызының атын жақсы ырыммен Бопай (Кенесарының апасы) қойғандығын да еске ала кетейік. Жалпы Әбілхайырхан мен Бопай ханымнан тараған балалары мен немерелерінің саны 40-45 деп келтіреді тарихшылар шамамен.

Ал, Сүйіндіктің баласы Мырзатай батырдың есімі Ресей сыртқы саясатының мұрағатында жиі кездеседі және оны Адай батыры деп жазады. 1734 жылдың 24 қазанында Орынбор экспедициясының бастығы И. Кириллов пен қазақ қауымына есімі елші ретінде танымал А.Тевкелевтің хабарламасында Уфаға келген Кіші Орда елшілігінің құрамында Әбілхайыр ханның туған балдызы Мырзатай батырдың («родной шурин Мурзатай батыр») болғандығы да жазылған. Қазақ елін көп аралаған тілмәш Я. Гуляев Мырзатай батырдың Әбілхайырдың Бопайдан туған үлкен баласы Нұралыға «дядя» болып келетінін айтыпты. Бопайдың Адай руынан екенін тарихшы Витебский «И. Неплюев пен Орынбор губерниясы» атты кітабында ашық жазыпты. Адай шежіресі негізінде дүниеге келген дарынды ақын Светқали Нұржановтың «Хан кегі»атты поэмасында Бопай шыққан әулеттің адамдары түгелдей аттары аталып, түстеліп жазылған. Бұл дастанды оқыған адам Бопайдың Табынай Сүйіндік батырдың қызы болғандығына шек келтірмейді.

Маңғыстаулық жазушы, өлкетанушы Әбілхайыр Спан өзінің жеке мұрағатында Адай ақсақалдарының НКВД–нің қуғынына түскен Құрмаш батырға араша сұрап, Бақытжан Қаратаевқа жолдаған хаты сақтаулы тұрғандығын, хат «Ардақты жиен Бақытжан!» деп басталатынын айтады. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Бақытжан төреге «жиен» деп Бопай әжесін меңзеп отырғандығы түсінікті. Ә. Спан осы хаттың толық мазмұнын «Адай қасіреті» атты кітабына (Алматы, Нұрлы әлем, 2011 жыл) енгізген.

Ресей билеушісі Елизавета ханшайымның алдында зор сый-құрметке ие болғандығына куә ретінде мына бір хатқа назар аударғымыз келеді. «Аса құрметті бәйбіше Пупай ханшаға, Сіздің күйеу балаңыз Жәнібек сұлтан арқылы ұлы мәртебелі тақсыр императордың атына жіберген хабарламаңызды алдық. Сіздің хатыңыздың мағынасын императордың ұлылығына жеткіздім. Сіздің күйеу балаңыз Жәнібек сұлтан старшынымен ұлы императорға кіргізілді. Император сіздің тілегіңізді қабылдады. Сізге, сұлтандарға, билерге, старшындарға, күллі қырғыз-қайсақтарға өтініштеріңіздің қабылданғаны туралы жарлық қабылданып жіберілді. Сіздердің алдағы жылдарда бізге адалдықтарыңызға сенім білдіреміз, сізге жалақы ретінде императордың атынан зерлі жібек беріледі.

Императордың ұлылығы атынан канцлер, толық құпия кеңесші, сенатор және кавалеръ. Түп нұсқасына қол қойған: Графъ Алексей Бестюжев Рюмин. Мәскеуден 1749жыл 2 мамыр». (Б.Нәсеновтың аудармасы. «Әбілхайыр хан», 1-тарау, Новосибирск, 2011жыл). Осы орайда дәлел әрі дәйек ретінде айрықша тоқтала кететін жағдай сол, Әбілхайыр хан қазасынан кейін Бопайдың інісі Мырзатай батыр Барақ пен оның қасындағылардан кек алуға белсене қатысқандығы. Осыншалықты жақын туыс болмаса мұндай оқиғаға қатыспауы да мүмкін емес пе? Адай Мырзатай батыр Әбілхайыр ханның қастандықпен өлтірілгендігі туралы Орынбор әкімшілігіне

бірнеше хаттар да жолдаған. Орыс ғалымы И. В. Ерофеевтың мынадай жазбасы көп шындықты айғақтайды: «Информацию Мырзатая об убийстве султаном Ералы батыра Сырымбета, как о завершающей акциу кровной мести семейства покойного хана, полностью подтвердил и уточнил три года спустя сам Нуралы сообщивший о поступке своего брата в личной письме к А.И. Тевкелеву от 3 января 1753 года». Одан әрі Нұралы: «Султан Ералы совершил ночью с дружиной своих батыров военный набег в ставку фамильного врага, где убил батыра Сырымбета и его жену, а семью Барака и все имение служителей служанек и верблюдов их… в добычу получил. Через одну дочь… всех трех злодеев». (С. Өтениязов, «Әбілхайыр мен Бопай», «Адай Ата», 3–том, 458–бет, Алматы, Арыс, 2007). Немесе Абыл жыраудың Баймағанбет сұлтанға айтқан жолдарды еске түсірейік. «Апамнан (Бопайдан) туған әкең Айшуақ хан, Табаның таймай тұр–ау мінген тақтан.

Бұл деректер Бопай апамыздың тегі Маңғыстау жырауларының ақпа-төкпе тілімен айтқанда, «әруағы бұлттай торланған» Адай қызы екенін айнақатесіз айғақтайды. Ол заманда туыстық арасы өте жақын Пір Бекет Атаның Бопай ханым апасымен аралас-құралас болғандығы туралы деректер XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Бөкей ордасында болып, өлке тарихын зерттеген неміс саяхатшысы Шульцтың жазбаларында бар екендігін білетіндер бар. Бұл туралы Атырау облысындағы Жылыой ауданының тұрғыны Жолдасқали Сүйесінов «Еділ қалмақтарымен болған соғыста Бекет 20 жастағы жігіт болса керек. Қалмақ әскерлеріне қарсы Бекет жалғыз өзі ту көтеріп шыққанда жау быт-шыт болып, жан-жаққа қашады. Осы жеңісі үшін ханның әйелі Бопай Бекеттің бетінен сүйіпті», - дейді Ресей елінің император ханымы Анна Иоанновнаның басшылық етуімен, елшілікке Тевкелевтың жіберіп, екі ел арасындағы достық қарым қатынасты дамытыу мақсатында Бопай ханым Ресей елшілігін қабылдаймыз деп өз мөрімен қол қояды.
Бопай ханым басқа ел басқарушыларға да өзін болашақта үлгі тұтады деп бұл елшілікті үлкен мәртебе тұтты, қазір ол тарихта қалды.

Бопай ханшайым 1780 жылы 31 майда қайтыс болып, күйеуінен кейін 32 жыл ғұмыр кешеді. Жосалы жерінің Елекке қараған маңындағы жерге Бопай аншайымның сүйегі қойылады. Бопай ханшайымның мавзолейі болған, қаншама адам барып табынып, анамыздан жаны қысылғандар да, жәбірленгенде, қиындықта барып жалбарынып, құран оқып отырған. Кейін патша үкіметі құлаған кезде мавзолейдің кірпіштерін алып адамдар үй тұрғыза бастаған деп айтады. Бірақ біздің есімізде тарихта Бопайдай анамыз болғанын ешқандай адамзат есінен шығармайды деп ойлаймыз. Ол кісінің істері әрбір адамға өнеге үлгі бола бермек. Өкінішке қарай, атақты Әбілхайыр ханның жұбайының басында бүгінгі таңда ешқандай белгі жоқ. Бауырынан өрбіген үш перзенті — Нұралы, Ералы, Айшуақ сияқты есімдері өшпестей болып тарихымызда таңбаланып қалған хандар Анасының басына кесене салынбауы, әрине, мүмкін емес.1929 жылы мұнда Ресейдің әскери полигоны орналасқан, сол себепті бұл қорымға өлген кісіні жерлеуге тыйым салынған. Оны айтасыз, Мешіт аталған жерден 35 шақырымдық радиуста адамдар қоныстануға да рұқсат болмаған екен. – Енді не істеу керек?–деген сұраққа Орынбор ғылыми-мұрағаттық комиссиясының еңбектеріндегі жазбалар жауап беретіндігін көңілге медет қылуға болатын сияқты. Осы комиссияның «XYII шығарылым» атты жинағы 1906-1907 жылдары Ресей императорының геологиялық комитетінің мүшесі Д.Н.Соколовтың редакциясымен жарыққа шығыпты. Ол өзінің «Кузнецк тауындағы Красногор қамалындағы қазбалар» атты мақаласында «Елек пен Урал өзендерінің (Жайық өзені) бір қапталындағы Қара өзеннің бойындағы аршылған жерден темір заттар мен жібек киімдер табылды» деп жазыпты. Әрмен қарай Соколов Орынбор топографиялық картасында осы өзеннің сол жағалауындағы биік төбеде «Попай ханымның қабірі» деп жазылған белгі бар екендігін жазады. «Орынбор тарихы» атты кітапта «Бұл ханша дегеніміз – орыс бодандығын алған Әбілхайыр ханның әйелі Попай» деп көрсетілген екен. Сонымен апамыздың жатқан жері белгілі болды. Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы 1995 жылы сол кездегі Батыс Қазақстан облысының әкімі, қоғам қайраткері Қабиболла Жақыповпен бірге қабір басына барғанын айтады. Әбіш Кекілбайұлы Бопай ханымның ел билігіне араласқан, Әбілхайыр Ханмен бірге мәслихат-жиын қызған бір сәттегі сұлу да көркем бейнесін былай бейнелейді: «Бопай да ақ- қарасы аймаласа жайнаған әдемі көзін ибамен жүгіртіп, алаулап қан тебінген жұмыр мойнымен кербездене қиғаш бұрып: «Айыздары қыза түссін.Тыңдап алайық, ханием», – деп

емеурін танытады.Хан: «Жә, оған бола қысылма! Үндегелі отырған өзім де жоқ», –дегендей кеу-кеуіне құлықтана құлақ тосып, бүлк-бүлк күліп қояды. («Үркер»,112-бет,Алматы, «Жазушы» баспасы,1984 жыл). Орыс тарихшылары А.И.Левшиннің, В.В.Радловтың т.б. еңбектерінде көрсетілген.

Әбілхайыр хан өмір сүрген он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысында қазақ-орыс қатынастары туралы қазақ әдебиетінің алтын қорына енетін өшпес мұралар қалдырған халық жазушысының тарихи тақырыпқа арналған шығармаларында Бопай Ханымның ел билігі ісінде Әбілхайыр ханға ақылшы, кеңесші болған бейнесін айнақатесіз айшықтап көркем бейнелеген тұстары көптеп кездеседі. Жалпы Бопай ханым өте әдемі, көркем, ақылды болған тұлға.

Отбасы шағын мемлекет деп бекер айтылмаған. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аналарға арнаған сөзі біздің ойымызды толықтырғандай. «Біз – ананы, әйелді әр уақытта құрметтеп, жоғары бағалаған халықпыз. Батыр аналарымыз ел басына күн туғанда ер азаматтармен бірге қолына қару алып, Отан қорғаған. Ел үшін ер азаматтармен бірге жауға шапқан Бопай ханымымыз өшпес ерліктерімен елдің санасында қалғанын бәріміз жақсы білеміз. Бүгінгі Қазақстан әйелдері – сол парасатты жалғастыратын, аңызға айналған аналарымыздың жолын жалғайтын ізбасарлары. Біз әрқашан «Әйел – үйдің қазығы» деп әйелін құрметтеген халықпыз. «Қыз өссе елдің көркі» деп қызын құрметтеген халықпыз. Ұлы Далада қилы заманнан келе жатқан игі дәстүр қазір де жалғасуда.

Біз – тәубесінен жаңылмаған елміз. Барды бағалап, көздің қарашығындай сақтай білген халықпыз. Әрі қарай да осыны сақтай білуіміз керек. Тату елде тақсірет болмайды», – деп қадап айтты. Бұдан асырып не айтамыз. Болашақ қыздарымыз бен келіндеріміз Ана, әйел бақытына бөлену үшін жоғарыдағы Батыр анамызды айтқан өмірлік мұратты ұмытпасақ, қане. Қазақ халқы «Босағаң берік, шаңырағың биік болсын», деген. Лайым елімізде бақытты отбасылар қатары өсе берсін деп тілейік ағайын.

Осыған байланысты менің ұсынысым «Қазақтан шыққан 100 ұлы тұлғалы әйел» деген кітапты шығарып, өскелең ұрпаққа үлгі, өнеге, аналарымызға тағзым, қарындастарымызға құрмет көрсету.

ӘБІЛҚАЙЫР МЕН БОПАЙ СҰЛУ

Самат ӨТЕНИЯЗОВ,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ және Мадрид университеті профессоры, тар.ғ.к.

Қазақ елінің тарихында өзінің есімдерін алтын әріппен жазып кеткен батыр әйелдер болды. Өз ерліктерімен ақылдылығының арқасында тарихта атын қалдырған Бопай сұлу (Әбілхайырдың бәйбішесі, XYIII ғасыр), Бопай (Кенесарының қарындасы, XIX ғасыр) болса, XX ғасырдағы ең көп айтылатын батыр қыздар:

Мәметова Мәншүк Жиенғалиқызы, Кеңес Одағының Батыры.

1922 жылы Гурьев облысы Орда ауданында туылған. Азан шақырып қойған аты Мәнсия.

Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова, Кеңес Одағының Батыры.

Әлия Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында 1925 жылдың 15-ші маусымында дүниеге келген.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова (15 мамыр 1922 жыл, Ганюшкин Атырау облысы— 21 мамыр 2008, Алматы қаласы) — Екінші дүниежүзілік соғысының қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы.

Қаншама қазақтың ақын қыздары бар... Ғылымда, медицинада және педагогика саласында негізгі күш қазақ әйелдері...

Алдымен Бопай сұлуға тоқталуға міндеттіміз. Бопай сұлу туралы өте аз жазылды және жалған жазылды. Бопай түгілі оның жұбайы - Қазақ елі тарихындағы ұлы тұлға Әбілхайыр хан туралы қанша көп жазылса да осы уақытқа дейін жалған жазылды... Бопай сұлуды зерттеу арқылы ғалымдар Әбілхайыр өмірбаяны туралы көптеген жаңалықтар ашты...

Сұлтан Жәнібек батыр мен Әбілхайыр туралы аңыздарды қарасақ Бопай сұлу тарихына тікелей қатысы бар екенін көрдік...

Әйгілі қазақ батыры Жәнібек (оның өлген жылы 1751) жаздың бір әдемі күнінде өз нөкерімен бір жақтан келе жатқанда бір ағаштың түбінде ұйықтап жатқан бозбаланы көреді. Бала алаңсыз ұйқтап жатыр, жанында қару жарағы. Жәнібек батыр балаға қызыға қарайды. Қандай әдемі жігіт… Тегін бала емес екенін көрген Жәнібек батыр танысып жөн сұраспақшы болады да найзасының ұшымен түртіп оятады. Оянып кеткен бала бұған шамданып садағына жармасады да, найза ұстап тұрған атты кісіні дереу атып салмақшы болып кезене бергенде Жәнібек батыр: - Тоқта бала, тентек болма, жөн сұрасайық. Мен Жәнібекпін – менің атымды талай естіген боларсың. Біз саған доспыз. Өзің кімсің - деп сұрапты. Сонда Әбілхайыр садағын кезеген күйі: - Әйгілі Жәнібек батыр болсаң боларсың, бірақ қарап жатқан адамға неге тиісесің. Мен ешкімге бағынышты адам емеспін. Алайда жаныма келіп ат үстінде тұрып найзамен түрткен адамға мен де солай жауап беремін… Мен кедеймін, кедей болсам да намысымды ешкімге бермеймін. Сен Жәнібек достығың рас болса өз жөніңмен жүре бер, мен де өз жөніммен кетейін… Мен сұлтан Әбілхайырмын – дегенде қатесін мойнына алған Жәнібек батыр атынан секіріп түсіп баланың қолын алады. Осынау бозбаланың әрбір сөзі мен оттай жанған көзі, келісті батыр пішіні Жәнібек батырға қатты ұнайды. Міне сол күннен бастап олардың өмір бойы жолы бірге болған еді… Қысқасын айтқанда Әбілхайырдың өз басы туралы аңыздардың көбі оның балалық шағының оншалықты тәтті бола қоймағанын дәлелдейді. Сондықтан ол ерте ержетіп өз басы ғана емес туысқандарының да қамын ойлап қасқырша жанталасып жастық өмірін өткізген… Сол кездегі Кіші Жүз халқының Ресей империясынан көріп жатқан неше түрлі қастандығын Әбілхайыр өз көзімен көріп, жас та болса жүрегінің түбіне түйіп өсті…

Қажы сұлтанның және оның туыстарының балалары Арал теңізінің солтүстік жағын қыстап жазда Торғай, Ырғыз өзендерінің жоғарғы жағында яғни Ембі өзеніне жақын жерді жайлайтын. Бұл жерлер 17-ғасырдың ақырынан бастап Ресей итаршыларының шабуылына душар болды. Олар негізінен Ресейдің казачьи отрядтары мен олардың күшті жандайшаптары қалмақтар болатын… Сол кезде Еділ қалмақтарының басшысы Аюке хан болды. Ресей патшасы I Петрдің сүйген құлы Аюке тұсында қалмақтар өте күшейді. Қазақ еліне шабуыл жасау үшін Ресей патшасы қалмақтардан ештеңе аяған жоқ… Тісіне дейін қаруландырды… Еділ қалмақтарының және оларды басқарып жүрген казачьи отрядтардың қазақ еліне жасаған шабуылдары мен зұлымдықтары туралы белгілі ғалым зерттеуші Н.Я.Бичурин: ”Желая соблюдения договора с Россией, согласить с удовлетворением своей склонности (к хищничеству он (Аюке хан) обратил свое оружие на Урал на киргиз-казахов, которых беспощадно ограбил и сверх того покорил своей власти маньмолакских туркменцев” /2/- деп жазған еді. 18 -ғасырдың бірінші жартысы, әсіресе Аюке хан тұсында (1724 жылы өлді) Ресей империясы Еділ қалмақтарын тісіне дейін қаруландырғаны соншалық, казачьи отрядтарға не берсе оларға да соны берді… Аюке ханның күшейгені соншалық Каспий өңіріндегі халықтардың бәрі одан қорқатын еді. Тіпті елін жан тәнімен қорғаған жас батыр Әбілхайырдың өзі Аюке ханмен достық жақсы қатынаста болуға тырысты… Осылай елін Ресей шапқыншылары казачьи отрядтар мен қалмақ қосындарынан қызғыштай қорғаған жас Әбілхайыр атақты батыр болып жетілді…

Кіші Жүз елін қорғауда жас батыр Әбілхайырдың сіңірген еңбегі соншалық, көп ұзамай 1709 жылдың ақырында қазақ билері мен игі жақсылары оны ақ киізге көтеріп Кіші Жүз ханы етіп сайлады. Бұл оқиға Кіші Жүз халқы үшін де, Әбілхайыр үшін де аса маңызды, әрі шешуші оқиға болды… Урал (Жайық) казачьи отрядтарымен Кіші Жүз қазақтарының ұзақ жылғы соғыстарын көре жүріп, ат жалын тартып мінгелі Әбілхайыр осынау қырғын соғысқа белсене араласты. Әбілхайырдың осындай ерліктерін көрген қазақ елінің игі жақсылары оны қалай құрметтесе, Ресей отаршыларымен қайта- қайта соғысып жүрген башқұрт халқы да оны сыйлап бас иді…

1704-1711 жылдардағы болған башқұрттардың Ресей отаршыларына қарсы ұзақ уақытқа созылған қарулы көтерілісі кезінде Кіші Жүзден оларға көп көмек бергендердің бірі Әбілхайыр батыр еді. Сол көтерілістің ең күшті болған кезі 1708-1709 жылдарда Әбілхайыр сонау Арал өңірінен 3000 әскермен келіп башқұрттарға көмектескен еді. сол Арал өңірі деп аталатын өлкенің бір шеті қазіргі Маңғыстау жері екенін айта кету міндетіміз... Сонда ол қарақалпақтардың 100

жігітін өзімен ала келеді… Сол кездегі Әбілхайырдың беделінің өскені соншалық, башқұрт халқына Ресей отарынан босану үшін Әбілхайыр сияқты ұлы қолбасшы керек болды. Сондықтан оны башқұрт халқы хан көтермекші болды. Осы хабарды есіткен қазақ елінің игі жақсылары Әбілхайырды жедел шақыртып алып Кіші Жүз ханы етіп сайлаған еді… Сол кездегі документтерде Әбілхайырдың Башқұртстанға келіп көтерілісті қолдағаны туралы: "…Пришли к ним казачьи орды силы многое число…" "С ним за одно каракалпаки, касаки и ногайской даруги башкиры все…" – деп жазған болатын. Басқа бір документте "…из казачьи орды ушли в башкирцы воевать 3000 человек, да каракалпаков 100 человек, да каратабунцев 250 человек…"-/2/ деп нақты санын жазған… Алайда сол башқұрт көтерілісіне көп жәрдем еткен Әбілхайыр батыр өз әскерімен 1709 жылдың күзінде Түркстан жаққа қайтып кетеді. Сондықтан Башқұрт көтерілісі жеңіледі… (Оның себебі Башқұрт жерінде Ресеймен соғысып жатқан Әбілхайырды Тәуке хан мен Қазақ билері шұғыл шақыртып алып Кіші жүзге хан сайлаған еді..). Міне Әбілхайыр өміріндегі осы аталған жылдар Қазақ тарихында ерекше орын алады. Осынау өзі қызу араласқан башқұрт көтерілісін тастап кетуге Әбілхайырды не себеп мәжбүр еткен екен, енді соны қарайық: Әбілхайыр өзінің 3 мың әскерімен башқұрт ағайындарға көмектесіп жүргенде Қазақстанның оңтустігіне 1708 жылы және 1709 жылдың басында жоңғарлар қайта-қайта шабуыл жасады. Қазақ елі аса қиын жағдайда еді. Сонда қазақ елінің игі жақсылары – билері ақылдасып, Тәуке ханның келісімімен башқұрт жерінде жүрген көп әскері бар Әбілхайырды шұғыл шақыртады. Сол кезге дейін Әбілхайырдың беделі, батырлығы және қолбасшылық қабілеті жан-жақты көрініп аса үлкен құрметке ие болып тұрған еді…Кіші Жүз жері Еділ мен Жайық өңірін қызғыштай қорғап талай ерлік жасап орыстың казачьи отрядтарын сан рет талқандаған Әбілхайырдың еңбегі қазақ халқына да башқұрт халқына да сіңген еді… Әбілхайырды арнайы шақыртқан билер кеңесі Қарақұмдағы 1709 жылдың ақырындағы болған құрылтайда – ақ киізге көтеріп Кіші Жүздің ханы сайлайды. Бұл әрине қазақ тарихында күтпеген оқиға еді, себебі осы уақытқа дейін Кіші Жүзде хан болған жоқ еді, басқа Жүздер секілді Орталық ханға бағынатын. Алайда Урал казачьи отрядтары және оның итаршылары қалмақтар шабуылынан әбден титықтаған елді қорғау үшін енді ресми хан басқару керек болды. Ал осынау құрметті орынға жан-жақты еңбегі сіңген Әбілхайырдан басқа адам жоқ еді… Міне осылай көптің ұйғарымымен, халықтың қалауымен Орталық хан Тәукенің ықыласымен Кіші Жүздің яғни Ресей империясымен қақтығысы әлдеқашан басталған қазақ елінің бір бөлігінің ханы болып Әбілхайыр сайланды… Енді Әбілхайырдың жауапкершілігі мен қызметі көбейді. Кіші Жүзді хан болып басқарып, оны Ресейден қорғау міндеті үстіне қазақ елін жоңғарлардан қорғауды ұйымдастыру міндеті жүктелді. Ес білгелі Ресеймен соғысып жүрген Әбілхайырдың әскері де көп еді, және халық алдындағы беделі ұшан теңіз болатын. Қытай мен Ресей секілді алпауыттардың айтағымен шығыстан қайта -қайта шабуыл жасап жатқан жоңғарларға қарсы тұру, яғни осынау алда тұрған үлкен шайқастарға елді ұйымдастыру керек болды. Міне қазақ тарихында жоңғарларға қарсы сәтті күрестер 1710 жылдан басталуы Әбілхайырдың Кіші Жүзді хан болып басқарған күннен соң болуы кездейсоқ жағдай емес… Біз жоғарыда жас батыр Әбілхайырдың 1710 жылға дейінгі қазақ тарихындағы саяси тұлғасын және оның өрлеуін қарадық. Енді аз сөзбен оның өз басы туралы яғни хан болып сайланып елдің мықты сеніміне ие болғанға дейінгі өміріне тоқталайық…

Жас батыр Әбілхайыр Адай елінің қызын құда болып, барлық ырым жырымымен алғаны рас… Сол әйгілі сұлу Бопай туралы айтатын болсақ, барлық тарихи жазба деректерде соның аты ғана жүреді. Әбілхайырдың басқа әйелдері болса да, Бопайды екінші әйелі болғанына қарамастан "сұлтанша" деп жазады яғни қазақ тілінде және әдет ғұрпында оны "Бәйбіше" дегені секілді құрметтеп айтады. Талай жігіт ғашық болған Бопай сұлу Кіші жүздегі белгілі батыр Адай Мырзатайдың апасы (әлде қарындасы) болатын. Әбілхайырдың Бопай сұлуға үйленуі және екеуінің арасындағы шынайы ғашықтық махаббат пен ынтықтық туралы ел ішінде көптеген аңыз әңгімелер бар. Көп нұсқасы бар, сол аңыздардың біріндегі Әбілхайыр мен Бопай сұлудың ғашықтық тарихы қазақтың лиро-эпос жырларындағы Қозы Көрпеш – Баян сұлу бейнесіне ұқсас, яғни қысқаша айтқанда сол аты аңызға айналған ғашықтардың прототипі Әбілхайыр мен Бопай сұлу арасындағы сүйіспеншілік…Сол ғашықтар хикаясы туралы әдемі аңыздың қысқаша мазмұны мынандай:

Кіші Жүздегі әйгілі батыр Жәнібек пен Әбілхайыр бір жақтан келе жатып бір ауылға күн батар алдында түседі. Бұл бір батырдың ауылы екен. Ауыл иесі аса бай адам жасы үлкен кісі екен. Оның бой жетіп отырған қызы Бопай сұлуды көргенде Әбілхайыр ес-ақылы кетіп ғашық болады. Жәнібек батыр бұған таң қалады, себебі ол бұрын қыз көрмей жүрген жігіт емес, үйленген яғни отау иесі жас төренің мына мінезіне таңданбай қайтсін… Келесі күні аттанып жолға шыққан соң Әбілхайыр күтпеген өнер шығарып сол жерде қалатынын айтады. Жәнібек батырға өз жөнімен кетуге тура келді. Қайтсем де Бопай сұлуды алмай тынбаймын – деп Әбілхайыр сынды жас батыр оған ермей қалып қояды… Сол ауылға қайтып келген Әбілхайыр өзінің төре тұқымынан екенін жасырып Бопайдың әкесінің малын бағуға жалданады. (Невольник. Предание о киргиз-кайсацком хане Абулхаире. //ТОВ. (Тургайские областные ведомости). 1899. № 52. стр. 7-8...) Ұзын бойлы, батыр тұлғалы, жігіттің сұңқары Әбілхайыр батыр жылқышы болып жүрсе де аз уақыт ішінде ауыл адамдарына жақсы жағынан көрініп құрметке ие болады. Әрине, көп ұзамай Бопай сұлуға да ұнап қалады….Сырын ашқан жас батырды Бопай сұлу да жан тәнімен ұнатып ғашық болады. Осылай ғашықтар романы басталады. Ғашықтар ажырымастай дәрежеге жеткенде Бопай сұлудың әкесінің рұхсатын сұрайды. Оның әкесі мұндай жағдайды күтпеген еді. Бұл бұрыннан малды және белді ауыл болған соң, оның үстіне қыздың басы бос болушы ма еді-айттырулы болса керек, сұлтан деген аты болғанмен жалғыз атты кедей жігітке қызын бергісі келмеген шал неше

түрлі айла-шарғыны ойлап табады. Соның бірі:”Қызымның қалың малына ала аяқты 90 күрең ат және 60 ақсұр ат әкелесің, әйтпесе қызымды бермеймін…”-деп шарт қояды… Осындай ауыр шартқа амалсыз келіскен жас батыр – Бір айдың ішінде осы айтқаныңызды әкелемін – деп аттанып кетеді. Алайда, - Жалғыз атты кедей жігіт бұл шартымды орындай алмас – деп үміттенген еді Бопай сұлудың әкесі. Ғашықтық өртіне күйіп жанған жас батыр, тірі жүрсем Бопай сұлуды алмай тынбаймын – деп серт берген Әбілхайыр әлгі айтқан жылқыны таныстарынан, ағайындарынан, бәрінен сұрайды, алайда ешқандай нәтиже шықпайды. Шарқ ұрған жас батырдың осындай аянышты күйін есіткен баяғы Жәнібек батыр жетіп келеді. Қу кедейлік қолын кесіп отырған жас төрені аяған, әрі келешегіне сенген Жәнібек батыр Әбілхайырға керекті 150 айғырды өз жылқысынан шығарып санап береді. Оған қоса ол өзі барып Бопай сұлудың әкесіне қазақ әдет ғұрпы бойынша құда түседі… Сөйтіп әйгілі қазақ батыры Жәнібек екі ғашықтың басын қосып үлкен азаматтық жасайды… Әрине бұл оқиға халық аңыздарының әртүрлі нұсқаларының бірі. Алайда шындығына келсек те Әбілхайырдың Бопай сұлуға үйленуі аса көп қиыншылық жағдайда болғанын осындай аңыздардың көптігімен дәлелденеді. Қазақ еліндегі ежелден келе жатқан дәстүр бойынша әрине Бопай сұлудың басы бос болмаған. Басқа қазақ қыздары сияқты оның атастырған жері болды. Оның үстіне осындай байдың қызын кез келген адам айттырмайды, әрине мықты адам айттырады… Міне осынау қиыншылықты жеңу үшін Әбілхайыр мен Бопай сұлу тек бір-біріне ғашық болып қана қойған жоқ, сондай-ақ ежелгі дәстүрді бұзуға мәжбүр болды… Қалай болғанда да Әбілхайыр сынды жас батырдың Бопай сияқты әйгілі сұлуға үйленуі оның шын мәнінде өмірдегі бақыты еді. (Невольник. Предание о киргизском хане Абулхаире. ТГ. (Тургайская газета). 1900. № 1.стр.5...)

Бопай Әбілхайыр үйіне құтты келін болып түсті.… Ол келін болып түскелі Қажы сұлтан шаңырағының тасы өрге домалай бастады. Көп ұзамай Әбілхайырды халқымыздың игі жақсылары ақ киізге көтеріп хан етіп сайлады Осы оқиғалар баяғыдан бері Әбілхайыр сынды кедей жігіттің халқымызды қызғыштай қорғаудағы кеудесін оққа төсеген ерліктерінің жан-жақты бағалана бастағаны еді… Тарихтағы ұлы адамдарға табиғат жан-жақты талант пен көрікті аямай береді. “Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған” -дейді халқымыз.

Адамзат тарихындағы ұлы адамдар сүйіспеншілігін еске алсақ Юлий Цезарь мен Клеопатра, Аттила мен Онория (Рим императорының қарындасы), сондай-ақ Шоқан Уәлихановтың басындағы махаббат хикаялары адамдар арасындағы сүйіспеншіліктің аса құдретті күшін көрсетеді… Әбілхайыр мен Бопай сұлу арасындағы шынайы ғашықтық пен махабат қазақ еліндегі келешек ұрпақ үшін тамаша үлгілі оқиғаның бірі болды. Әбілхайыр қазақ елі алдындағы азаматтық борышын жүз есе артық орындағаны белгілі… Ал, Бопай сұлудың өз басы да қазақ әйеліне тән кішіпейілділік, ақылдылық, ұстамдылық, парасаттылық және басқа сол сияқты

қасиеттерімен Әбілхайыр шаңырағында жақсы келін, әрі жақсы бәйбіше атанды. Әйел болса да ердің ақылы мен батырлығын өз бойына сидырған абзал жан еді…

Әбілхайыр шаңырағына келіп түскен Бопай сұлудың аса беделді болғаны соншалық Әбілхайырдың көптеген саяси істеріне ақылмен шешуге көмектескен. Жасынан батыр атанған Әбілхайырдың мінезінде тез ашу шақыратын және өркөкіректік яғни рыцарлық қасиеттер болған. Соған ақыл айтып тоқтау салып, сабырлылыққа шақырып, сабасына түсіріп, қиын мәселелерді шешіскен./3/ Сондай-ақ ел ішінде аса қадірлі Бопай ана "Бара бәйбіше" атанған… Бара бәйбіше – деген термин туралы батыс Қазақстанда бірнеше ұғым бар. Негізінен - өз ақылымен, даналығымен елге қадірлі болған бәйбішелерді солай атаған. Жалпы бәйбіше деген сөз тек бірінші әйелі болғаннан басқа да сыйлы, қадірлі және беделді әйелдерге айтылады. Ал Бара бәйбіше-деп, тек тоқал болып келіп бәйбіше атанған әйел емес, ел ішіндегі аса беделді аналарымызға айтқан.

Енді Бопай сұлудың шыққан ауылына көңіл бөлейік. Осы уақытқа дейін Бопай туралы арнаулы зерттеулер болмаса да Әбілхайырды зерттеушілер ол туралы төре қызы болар деп, ал, кейбіреулері Адай руының қызы деп жазғаны рас… Бопай төренің қызы деп жазғандардың бірі Көшім Есмағанбетов (Қазақ Ұлттық энциклопедиясы 1 том)... Біздер де кезінде Джон Кэстлдің "Сұлтанша" деп жазғанына қарап төре қызы болса болар деп ойлағанбыз…Белгілі зерттеуші И.В.Ерофеева да солай біле тұра төренің қызы деп қасақана әдейі жазған болатын. Дегенмен ол "…дядя хана Нуралы, батыр Младшего жуза Мырзатай…"/4/-деп жазған. Ол Мырзатай батырдың Адай руынан екенін ұмытқан секілді. Мысалы Тевкеловтың күнделігінде: «...Июля двадесят третияго ж числа Абулгаир-хана шурин, а ханши ево Попай родной брат адайского роду Муртазай Сатыралды-биев сын брегадиру Тевкелеву от большаго Абулгаир ханова сына Нурали-салтана подал письмо и отправил от него, салтана...» - деп Бопай сұлудың Адай елінің қызы екені нақты айтылады...

Бопай сұлудың шыққан тегін осылай деп жазған басқа мақалаларды ескере келіп белгілі ақын Светқали Нұржан ақынның "Хан кегі"/5/ атты поэмасына тоқталайық. Бұл көлемді поэмада Әбілхайыр қастандықпен өлтірілгеннен соңғы оқиғалар жырланады. Автор сол кездегі ел ішіндегі беделді адамдар портреттерін бере келіп Бопайдың шыққан үйі мен туыстары туралы жан-жақты айтыпты. Ол негізгі материалдарды Адай шежіресінен алыпты. Шежіренің барлық нұсқасында Табынай Сүйіндік батыр жазылған. Ол XYII ғасырдағы белгілі тарихи тұлға, елімізді қалмақтардан қорғағанда талай ерлік көрсеткен… Сүйіндік батырдың 5 ұлы, 2 қызы болған. Солардың үшеуі белгілі батырлар: -Мырзатай, Құрмантай, Тұрмантай… Ал, қыздары Қанай мен Бопай. Қанай - Адайдың Жаманадай тересіндегі Құдайназар Бөгілиевтің бәйбішесі еді. Одан туған Шақшақ, Қарпық атты ұлдары ел ішіндегі атақты билер еді.

Ал, Бопайдың Әбілхайыр ханның бәйбішесі атануын жоғарыда айттық. Әбілхайыр үйінің Мырзатай батырмен тығыз байланыста болуы тарихи шындық, себебі Бопай Мырзатай батырдың қарындасы. Ол әсіресе Әбілхайыр хан қастандықпен өлтірілгеннен кейін, Барақ пен оның жанына ергендерден кек алуға белсене қатысады… Бұл тарихи оқиғаларды дәлелдейтін оның Орынбор басшыларына яғни И.И.Неплюевке арнап жазған хаттары/6/…Адай Мырзатай батыр Орынборға жазған әрбір хатында Барақ пен оның айналасындағылардың ит өлімімен өлтірілгенін хабарлау үшін емес, Неплюевті яғни Әбілхайыр өлімін мұқият ұйымдастырғанын бетіне басу үшін және олардың да басында сондай трагедия болуы мүмкін деп қорқытып ескерту жазған еді… Мырзатай батырдың жазған хаттарындағы хабарларды Нұралы хан Әбілхайырұлы да растайды. Осы жағдайлар туралы И.В.Ерофеева: "Информацию Мырзатая об убийстве султаном Ералы батыра Сырымбета, как о завершающей акции дела кровной мести семейства покойного хана, полностью подтвердил и уточнил три года спустя сам Нуралы, сообщивший о поступке своего брата в личной письме к А.И.Тевкелову от 3 января 1753 года"/7/…-деп жазған болатын. Нұралы ханның сол хатында: "Сұлтан Ералы совершил ночью с дружиной своих батыров военный набег в ставку фамильного врага, где убил батыра Сырымбета и его жену, а семью Барака и все имение, служителей, служанок и верблюдов их… в добычу получил" -деп жазылған. Және одан ары қарай: "Через одну ночь… всех трех злодеев разорил…"/8/ деген Нұралының сөзіне қарағанда Күшік, Барақ және Сырымбет батырдың семьяларынан ешкім тірі қалмаған. Трагедия деген осы емес пе? Осынау қайғылы қырғын кезінде Барақтың бір келіні мен қызы ғана аман қалған деседі…

Жоғарыда айтқанымыздай тарихи мәліметтер Бопай сұлудың Адай Мырзатай батырдың қарындасы екенін көрсетеді. Ал, Мырзатай батырдың және әкесі Сүйіндік батырдың есімдері қазақ тарихында өшпес орын алған. Бопай сұлу есімі "Ардақты бәйбіше", "Бара бәйбіше" және "Ардақты ана" болып ел есінде мәңгі қалды. Соған қарап ел ішінде қыздарға Бопай деп ат қоюшылар көбейді… Мысалы Кенесарының қарындасы Бопай Қасымқызы XIX ғасырдағы қазақтың батыр қызы еді. XYII ғасырдың екінші жартысында, яғни 1748 жылы Әбілхайыр өлгеннен соңғы дәуірдегі тарихи документтерде Бопайдың аты көп кездеседі. Оның Орынбор басшыларына және Петербургке жазған хаттары сақталған…

Бопай Сүйіндік қызы 1780 жылы 31 мамырда қайтыс болғанын жоғарыда айтқанбыз. Алайда ел ақындары мен ақылгөй қарттары аузынан Бопай есімі түскен жоқ… Белгілі Адай ақыны, жырау Абыл Тілеуұлы /1777-1864жж./ елінің басына ауырлық түскенде Есім ханға айтқан толғауында:

Ассалаумағалейкум, сұлтан Есім,
Ақсұңқар алған аңын өзі жесін.
Адайға алмағайып күн туып тұр,
Бір қолда осы жерде сүйектесім!…/9/

- деп оған Әбілхайыр мен Бопайдың немересі екенін айтып тұр. Есім Нұралының үлкен баласы, шешесі Күшік сұлтанның /Барақтың ағасы/ қызы болатын. Ол 1795 – 97 жылдары Кіші жүз ханы болды, бірақ Сырым Датұлы бастаған көтерілісшілер қолынан қаза тапты… Ал, Абыл ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқандарының ішінде мынандай толғаулар бар:

Апамнан (Бопайдан) туған әкең Айшуақхан,
Табаның таймай тұр-ау мінген тақтан.
Дәлірген тажал сынды дәрежеңді,
Деп жүрсің Құдай қорып, Қыдыр баққан…/10/-деп әкесі Айшуақ Әбілхайыр мен Бопайдың төртінші баласы екенін айтып тұр. Сондай –ақ ол Баймағамбет сұлтанның іл ішінде жасаған қылмыстарын айта келіп:

Ер өлді деп етек бұлап жылайтұғын,
Бай-еке, қай ісің бар елге жаққан!…/10/ - деп бетіне басады… Міне осындай нақты мәліметтер Бопай ананың төре қызы емес Адай елінің қызы екенін дау туғызбайды…Ал, Баймағамбет сұлтан XIX ғасырдағы белгілі адам, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан әйгілі толғауын бұл күндегі қазақ елі мектеп қабырғасынан біледі.

Жоғарыда айтқанымыздай Әбілхайырханның Бопайдан басқа да әйелдері болды. Бопайдан кейін әртүрлі жағдайда екі әйел алған екен. Алайда, барлық документтерде Бопай сұлудың ғана аты аталады. Оның осынша құрметке ие болуы тек Әбілхайырханның әйелі ғана емес, өзінің жеке басының ақылдылығы мен беделінде болса керек… Басқа хан сұлтандармен салыстырғанда Әбілхайырдың әйелдері өте аз. Мысалы оның баласы Нұралының 13 әйелі, Абылайдың 12 әйелі болғаны белгілі. Бұл жағдай біріншіден өмір бойы Ресей империясымен соғысқан Әбілхайырдың жеке басына уақыты аз болғандығы болар. Екіншіден ол өз басы әйел құмар адам болмаса керек, әйтпесе көп әйелі болар еді.. Әбілхайырхан мен Бопай сұлудың алты перзенті дүниеге келді. Солардың бесеуі ұл, біреуі қыз бала. Ұл балалары:

1. Нұралы –(1710/11-1790). Соның ішінде 1748-1786 жылдары Кіші Жүз ханы;
2. Ералы –(1720-1794). Соның ішінде 1791-1794 жылдары Кіші Жүз ханы; 1771 жылы қалмақтарды Балқаш өңірінде екі рет талқандаған қолбасшы.
3. Қожахмет – (1722-1749).
4. Айшуақ - (1723/24-1810). Соның ішінде 1797-1805 жылдары Кіші Жүз ханы;
5. Әділ –(1730-1750). Әбілхайыр балаларының ішінде Қожахмет пен Әділ жастай қайтыс болған. Әділдің суретін алғаш салған 1736 жылы Джон Кэстл. Қызы Зылиха шамамен 1745 жылдары дүниеге келген еді. Себебі әкесі Әбілхайыр хан қаза болғанда ол әлі кішкентай бала еді… Әбілхайырханның Бопай сұлудан соң алған екі әйелінің бірі қалмақтың торғауыт руынан келген қыз еді. Одан Шыңғыс деген ұлы мен бірнеше қыздары дүниеге келді. Шыңғыс 1720 жылдары дүниеге келіп 1750-55 жылдары қайтыс болған еді. Соңғы әйелі Башқұрт елінің қызы болатын. Одан Әбілхайырдың Қаратай (1738-?) деген ұлы дүниеге келді. Соңғы екі әйелі туралы

айтатын болсақ Әбілхайыр қалмақпен көп соғысқан болса, башқұрттарға көп көмек берді. Башқұрт халқының арманы Әбілхайырды хан көтеріп Ресей отарлығынан босану болатын… 1709 жылы көтерілістің қызған кезінде оны башқұрттар хан сайламақшы болып жатқанда қазақ елінің билер кеңесі шақыртып алып Қарақұмда Кіші Жүз ханы етіп сайлаған еді. Әбілхайыр башқұрттарға 1736 жылғы көтеріліс кезінде де көп жәрдем берген еді. Қаратай сұлтанның 1738 жылы туылғанына қарағанда Әбілхайыр осы әйеліне сол Башкириядағы көтеріліс кезінде үйленген болатын.… Қалмақ әйелі туралы әртүрлі мәліметтер баршылық. Соған қарағанда ол Еділ қалмақтары басшыларының қызы болуы керек. Егер ол қарапайым қалмақ қызы болса Орынбор бастықтарына шағым жасап әкесінің үйіне қайтаруын өтінбес еді… Оның үстіне өзін соншалықты еркін сезінген осынау тоқал қазақ елінде болмайтын ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықты да бұзғаны туралы мәліметтер бар. Біз бұндай мәліметтерді Әбілхайыр ордасында 1736 жылы болған ағылшын саяхатшысы Джон Кэстл жазбаларынан алдық. Сол деректерге қарағанда онымен көңілдес болған бір жігітті Әбілхайыр қатаң жазалайды… Үш күн өткен соң әлгі жігіт қаза табады…/11/ Қатынға жолама қарасы жұғады – деген халық мақалы бар… Қалмақ тоқалдың торына түскен бейшара жігіт осылай басын жоғалтады. Жігітті жазалаған Әбілхайыр неге әлгі өз әйелін жазаламады деген ойлар туады. Әрине оның да әртүрлі себептері баршылық. Әйелді жазаламайтын себебі, ол балаларының шешесі…Ол әйел онсызда күң орнында жүргендіктен және балаларын жәбірлемес үшін Әбілхайыр оны одан артық жазаламаған болуға тиісті…Жалпы ол әйелдің Әбілхайырға берілуі тегін емес. Ресей өмір бойы қалмақтарды қазақ елін шабуға пайдаланды… Бұл әйел де арнайы Орынбор басшыларының тапсырмасымен Әбілхайыр ордасына жіберілген болуы керек… Демек Әбілхайырдың жеті ұлы болса оның қыздары да көп еді. Жоғарыда айтқанымыздай бірінші әйелінен туған бір қызды Кіші Жүздегі Жәнібек сұлтанға, және бір қызын Абықай сұлтанға берген еді. Қалмақ әйелінен туған бір қызын Бұхар ханы Әбілфейзге беретін болып құдаласып қойғанда, ол қайтыс болып кетеді. Кейін сол қызын кімге бергені белгісіз. Өзінің туған ағасы Тоқтамыстың және әкесі Қажымен бірге туған ағаларының қыздарын да жақсы жерлерге ұзатқан. Мысалы: біреуін Кіші Жүздегі сұлтан Батырға күйеуге берген болса, Қарашаш атты сұлуды жас батыр сұлтан Абылайға ұзатқан, кейін ол Орта

Жүздің ханы болды(1771-81). Қарашаш Абылайдың бірінші әйелі еді. Осы мәселе туралы алғаш жазғандардың бірі Ш.Уәлиханов болатын. Ол Абылайдың бірінші әйелі Қарашашты “Әбілхайырханның әлде Қайыптың қызы болу керек /12/– деп екі ұшты жазған еді. Шындығында Қарашаш сұлу Әбілхайырдың да Қайыптың да қызы емес еді. Ол Әбілхайырдың ағасы Тоқтамыстың қызы болатын. Абылай 1711 жылы туған. Әбілхайыр ағаларының бір қызын Хиуа ханы Шахтемірге ұзатады, оның есесіне, інісі Бұлғайыр сұлтанның баласы Досалы сұлтанға Хиуа ханы Шерғазының қызын алып береді. Біз жоғарыда айтқанымыздай Әбілхайырдың шыққан қара шаңырағы яғни Бөлекей сұлтан әулеті басқа төрелерге қарағанда өспей қалған аз ауыл еді. Оның үстіне олардан ешкімнің хандыққа қолы жетпеген еді 1709/10 жылы осы аз үйлі ауылдан Әбілхайыр хан болып сайланды. Әбілхайырдың арманының бірі Еділ-Жайық өңіріне қазақты еркін жайлату болса, екінші арманы өзінің аз үйлі ауылын көп үйлі ауылға жеткізу еді. 1748 жылы оның дүниеден өткеніне дейін тек соңғы арманы ғана орындалып еді… Бопай сұлудан туған бес арыстан көп немере көргені рас. Әсіресе үш ұлы Нұралы, Ералы және Айшуақтан көп немере көрді. Егер Қожахмет пен Әділ дүниеден ерте өтпегенде олардан да көп немере көретін еді. Мысалы Әділден тек екі немересі (Тұрсын мен Ағын) дүниеге келді. Қожахметтен және қалмақ әйелінен туған Шыңғыстан ұл балалар қалған жоқ. Башқұрт әйелінен туған Қаратайдан төрт ұл қалды, басқа перзенттері қыз балалар еді. Әбілхайырхан көп немерені үлкен баласы Нұралыдан көрді. Ол 1711 жылы туған. Әбілхайырхан 1748 жылы қаза болған соң оның орнына халық оны хан сайлаған себепті

Нұралы өмір бойы байлық пен сән-салтанат ортасында өмір кешті. Сондықтан оның көп әйелі болды. Әкесі Әбілхайыр әйгілі батыр, қолбасшы, хан болса да, қазақ елі үшін ұшан-теңіз көп еңбек сіңірсе де, әйелінің саны төртеуден асқан жоқ еді. Бұл жағдай оның өмір бойы қазақ халқының сыртқы жауларымен күресіп өткенін, яғни тәтті өмірдің қызығын аз көргенін білдіреді… Ал Нұралыханның көп әйел алғандығы соншалық, И.Г.Георги мәліметіне қарағанда 12 әйелі, А.И.Левшиннің жазуларына жүгінсек 16 әйелі болғанын көреміз. Қайсысынікі дұрыс болса

да оның көп әйелі болғаны тарихи шындық. Ал, Абылайдың да 12 әйелі болып еді, солардың соңғы төртеуінен ұл балалары жоқ еді, мүмкін қыз балалары болған шығар… Ал, Нұралыхан көп әйелінен 75 перзент (Левшин бойынша 66) көрген екен… Солардың ішінде ұлдарының саны 40. Нұралыхан ұлдарының ішінде тарихи документтерде 36 баласының аттары кездеседі. Олар мыналар: Есім, Бөкей, Ғизалы, Қожахмет, Бабық, Шошқара, Бөлеке, Бердіғали, Пірәлі, Бегәлі, Елтай, Есенәлі(Есентай), Жалтыр, Ишалы, Қаратай, Қондырау, Жиеналы, Құлтай, Мыңдалы, Сейдалы, Сығай, Көбей, Жарас, Қорқылтай, Айтөре, Артыққали, Шоқа, Мұхаметқали, Абылай, Арыстан, Бердәлі, Орман, Өзбегәлі, Жүсіп, Дербісәлі, Фазылбек….

Әбілхайырдың екінші баласы Ералыдан көрген немерелерінің тарихи документтерде бесеуінің ғана аттары кездеседі. Олар: Темір, Жантөре, Ақай, Бөлекей және Бабу…

Ал, үшінші баласы Айшуақтан Әбілхайыр 17 немере көрген еді. Олар: Сығали, Сапақ, Жантөре, Айтмұхамбет, Серғазы, Баймұхамед, Қыдыр, Өтебәлі, Қатан, Шайбақ, Тоққожа, Жақсылық, Қадырғали, Әлғазы, Нұрмұхамет, Тәуке, Жақып…

Әбілхайыр осы немерелерінің көбінен көзі тірісінде-ақ біраз шөберелер көрген еді. Жоғарыда біз астын сызған Баймұхамет Айшуақұлы туралы мектеп оқушылары Махамбет пен Шернияз ақын өлеңдері арқылы таныс… Әбілхайырдың хан болған балалары Нұралы, Ералы және Айшуақ болса, немерелерінің ішінде де хандық дәрежеге жеткендері баршылық. Есім Нұралыұлы, (1795-1797), Пірәлі Нұралыұлы(1770-1815), Жантөре, Айшуақұлы (1805-1809), Серғазы Айшуақұлы, (1812-24), Бөкей Нұралыұлы(1802-15), Қаратай(1806-24), Сығай (1816-24), Бөлекей(1780-1808), Темір (1817-24) сынды немерелері Кіші Жүз жерінде хандық дәрежеге жеткендер болса, Бөлекей Ералыұлы және Ағын Әділұлы сияқты немерелері Хиуа хандығына қолы жеткендер еді. Мысалы Ағын Әділұлының 1770-71 жылдары Хиуа ханы болғаны белгілі… Сол орынға Әбілхайыр көзінің тірі кезінде үлкен ұлы Нұралыны да отырғызған болатын…

Әбілхайырдың шөберелерінің ішінде хандыққа қолы жеткендері Қасым (1808-27), Маты (1817-24), Жәңгір (1824-45), Қайыпқали (1830-50), Сауқым(1837-43) болса олардың ішінде ең білімдісі және Бөкей ордасында ұзақ уақыт хан болған Жәңгірхан еді… Әбілхайырдың келіндерінің көбі мықты жерлерден шыққандар еді. Мысалы үлкен ұлы Нұралыны Барақ сұлтанның ағасы Күшік сұлтанның қызына үйлендірді. Екінші ұлы Ералыны Хиуа ханы Елбарыстың қызына үйлендірген… Ең кенже ұлы Әділге Хиуа ханының бірі Шах-Темірдің қызын алып берген. Ал інісі Досалы сұлтанға Хиуа ханы Шерғазының қызын алып беріпті…

Әбілхайырдан бастап өсіп-өніп көбейген Бөлекей сұлтанның әулетінде батыр ұлдар ғана емес, сұлулығымен жұртты таң қалдырған қыздар да көп болды. Күйеу балалардың ішінде Батыр сұлтанның баласы, Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің баласы Әбілфейіз(1783 ж. өлген) сұлтан, және Кіші Жүздегі аса белгілі ханның бірі Арынғазы(1815-21 жылдары хан болған), сондай-ақ Хиуа хандары Елтүзер(1804-06), Аллақұл(1826-42) және Мұхаммед Амин(1846-55) ж.б. бар еді…

Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің татар әйелі Фатимадан туған қызы Зылиқа - қазақ әйелдері ішінде алғаш рет еуропалық білім алған жан еді…

Жалпы Әбілхайырхан ұрпақтарының көбі XIX ғасырда Орынбор, Қазан, Петербург Сияқты үлкен білім ордаларында білім алды…

Сондай-ақ Әбілхайыр өз туыстарына да көп жәрдем етті. Кіші Жүзді түгелдей, ал, Орта жүздің кейбір жерлерін басқаруға ағасының баласы Қылышқали Тоқтамысұлын, інісі Бұлғайырдың баласы Досалыны және екі күйеу баласы Жәнібек сұлтан мен Абығай сұлтанды қойды. Сол сияқты ол көп қырлы ел билеу мәселесінде әкесінің інісінің баласы Нияз сұлтан мен оның балалары, сұлтандар Қарабас, Досмұхамед, Ұрұс, қайнағасы (Бопайдың ағасы)- Адай Мырзатай сынды батырларға және басқаларға арқа сүйеді…

Әбілхайырдың беделінің күшті болғаны соншалық, Хиуа ханы тағына талай рет өз адамдарын отырғызды. Мысалы 1727 жылы Хиуа ханы етіп ағасы Тоқтамыстың баласы Мамай сұлтанды отырғызды. Одан соң күйеу баласы Батыр Қайыпұлы (1771 жылы өлген) сұлтанды отырғызды. Кейінірек ол Кіші Жүз сұлтаны Елбарысты Хиуа ханы етіп отырғызды (1728-40 жылдары). Көп ұзамай Елбарыс Әбілхайырға күйеу бала болды.

Жалпы айтқанда Әбілхайыр 1748 жылы қаза болғанға дейін Қазақстан –Орта Азия, Қазақстан – Жоңғария, Қазақстан – Ресей, Қазақстан – Иран сықты халықаралық қатынастарда

шешуші, тарихи тұлға болды… Біз қысқаша шолу жасаған Әбілхайырдың өмірбаяны мен айналасындағы тарихи адамдар толық көлемде зерттелгені тарихи шындық...Әттең сол шындықтар мектептер мен жоғары оқу орындары оқулықтарында берілмейді. Демек Қазақстан халқы Әбілхайыр туралы тарихи шындықты әлі күнге бейін білмей келе жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Кыргызстан – Россия. История взаимоотношений /XYIII-XIX вв./. Сб-к документам и материалов.Бишкек.1998. док. 8.с.51:,

Касымбаев Ж.К.Нуралы. /Штрихи к политическому портрету/.//Отан тарихы. 1998.1.с.57.

2.Очерки истории Калмыцкой АССР.М.1967 с.143,151-162. Бичурин В.М.Историческое обозрение ойратов. С.88-89. Пальмов Н.Н. Очерк истории калмыцкого народа… Астрахань. 1922.с.22. Пальмов Н.Н. Этюды по истории приволжских калмыков. Астрахань. 1929.ч.III-IY .с.14-15.

3.Ерофеева И.В. Хан Абулхаир полководец, правитель и политик. А. 1999. с.289-291.

4. Сол кітапта 303 бет.

5.Айтман/Светқали Нұржан/. Таң қауызын жарғанда. III том. А.2002. 291348 бб.

6.Материалы по истории Казахской ССР /1741-1751гг./. А.1940. т.II.ч.2.с.341.

7. Ерофеева И.В. Сол ктапта 304 бет.

8.Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России. С.189.

9. Ақберен. А. 1974.

10. Сол кітапта,

11.Кэстль Джон.Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, Хану Киргиз-кайсацкой орды. А.1998. с.30-34.

12.Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинении в 5-ти томах.том III. А.1964.с.486-487.

13. Көмеков Б.,Өтениязов С. Әбілхайырдың Бопай сұлуы. //Қазақ хандығы тұсындағыханымдар мен арулар. Астана, 2015. 25-29 беттер.

14. Өтениязов С. Көшербаев Қ. Адай тайпасы. Балықшылар. А.2017.107-120 беттер.

АБУЛХАИР - ХАН – СПАСИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Утениязов С.К.
к.и.н., профессор Мадридского университета и КазНУ им.Аль Фараби

Доколь река Яик не высохнет, так и
казахский народ, даже до преставления света,
от Яика не отлучится, понеже кроме оного,
удобного места им другого не отыскать.
(Абулхаир-хан)

Как говорится «Правда глаза колит», Абулхаир-хан - великий полководец, лучший из всех правителей земли казахской. Он политик, дипломат, относится к числу самых выдающихся личностей за всю историю казахской государственности. Он является великой фигурой XYIII века нашей истории...

Про Абулхаира написано довольно много... Несмотря на это допущено и много ошибок. Особенно в таких фундаментальных изданиях, как Казахская национальная энциклопедия и др. Эти ошибки были исправлены исследователем И.В.Ерофеевой еще в 1999 году.(Хан Абулхаир – полководец, правитель и политик. А.1999.) Поэтому мы должны указать следующие неточности наши истории

1. Абулхаир родился не в 1693 году, как повторили многие авторы- многолетние ошибки прежних лет. Он родился раньше 1685 года, как доказали А.Кекильбаев и И.В.Ерофеева.

Мы не должны забывать, что его избрали ханом Младшего жуза осенью 1709 года. Если бы не казахи, он мог бы быть избран ханом башкиров. Из-за этого его пригласили в Совет биев Казахского ханства, оценив его многолетнюю защиту западного Казахстана от нападения казачьих отрядов России... Он с малых лет как и другие казахи Младшего жуза воевал с Российскими захватчиками. Это оцененили казахский хан Тауке и многие другие. В 1707-09 годах было очередное восстание башкирского народа против Российских колонизаторов. В 1709 году Абулхаир приехал из Аральского моря на помощь башкирским братьям. У него было 3 тысячи войнов,- казахских джигитов из Арало-Каспийского региона. Тогда восставшие башкиры имели большие успехи. И башкирский народ по настоящему хотели избрать ханом Абулхаира. Вот тогда казахский хан и Совет биев пригласили и скоропостижно назначили его ханом. Но из-за его отъезда башкирское восстание был жестоко подавлено.

Вот здесь мы должны сказать самое главное. Если бы он родился в 1693 году, то когда его в 1709 году избрали ханом Младшего жуза ему было бы 17 лет. В таком возрасте человек не может иметь такой авторитет и столько заслуг перед народом, и не имел бы 3- тысячного войска... Это первое. Во-вторых, когда его жена Бопай умерла 31-мая 1780 года в России писали, что она прожила сто лет, умерла в сто первом году жизни... Если считать Абулхаира родившимся в 1693 году, тогда он окажется на13 лет младше своей жены. Все это всесторонне исследовала, подробно описала и доказали вышеназванные авторы.

Действительно, когда Абулхаир начал управлять Младшим жузом как хан, борьба против захватчиков России имела успех. Уралские казачьи войска со дня своего основания (1580) совершали набеги на казахские земли. Они были вооружены до зубов. Единственной их целью захватить реку Яик (Урал), где было много рыбы и черной икры. Поэтому началась борьба между казахами и казачьими войсками России. После того как Петр I пришел к власти эта борьба усилилась за счет калмыков. Руский царь дал ханскую достойнство Аюке над калмыками, и их вооружил так же как казачьи отряды. Единственной их обязанностью было нападать на казахов и уничтожить их. Эта ужасная война описан М.Адировым: «Многострадальная казахская земля обильно полита кровью наших предков, отстаивавших право на мирную жизнь на древней, исконно своей территории. (Стр.45.) Эта многолетная война между казахами Младшего жуза и русских за реку Яик продолжалась 300 лет имеет два периода по 150 лет. Первый период охарактеризован Муратом Абдировым.

«С конца XYII – начала XYIII в. начинается ожесточенная и кровополитная, длившаяся 150 лет казахско-казачья война. С этого момента вся история взаимоотношения казахов с яицкими казаками заполнена взаимными набегами, враждой, захватом пленных и угоном скота. Борьба шла не на жизнь, а на смерть, с переменным успехом, и в этой борьбе не было ни победителей, ни побежденных, никто не хотел уступать.»(стр. 44.)

Что касается второго 150 летнего периода (XYIII-XIX вв.), по определению Х.Досмухамедулы « История Младшего жуза была написана кровью» (Аламан. А. 1991.стр.51).

Как мы отмечали выше, после того как Абулхаир стал ханом Младшего жуза, защита западного Казахстана шла успешна. В 1709 г. казахи захватили огромный казачий обоз, шедший в Сызрань.

В 1711 г. шестнадцатитысячный казахский отряд разгромил хлебный обоз направлявшийся в Яицкий городок, 300 казаков попало в плен и были проданы в Хиву.

В 1713 г. отряд из 800 джигитов захватил рыбный обоз, шедший в Самару, казаки погибли. Они еще совершили нападение на Яицкий городок и угнали 4 тысячи лошадей...

В 1714, 1715 и 1716 гг. снова происходили нападения казахов на казачьи обозы и отряды...

В 1718 году 20- тысячное казахское войско окружило Яицкий городок, отрезало его от Самары и более месяца держало в осаде...

В июле 1719 года 20- тысячное казахский отряд во главе с Абулхаир-ханом осадил Яицкий городок и чуть не взяли... Было много погибших с обеих сторон. Абулхаир снял осаду только осенью и направился разгромить волжских калмыков.

В сентябре 1720 года между казахами и казаками пройзошел жаркий бой у реки Самары, 50 взятых в плен казахов на месте зверско убили...

В 1721 году казаки и калмыки во главе с атаманом Балмашновым совершили поход в казахскую степь до Уила и захватили пленных.

В январе 1722 года казахи организовали ответную атаку. 300 казахские джигиты разбили у реки Шагына зимовую станицу и взяли в плен 70 казаков. Казаки не ожидали зимнего набега казахов, которые в феврале угнали вообще весь конский табун из-под стен Яицкого городка так, что казакам не на чем было преследовать нападавших. К тому же пожар уничтожил весь хлебный запас, начался голод, казаки пережили очень трудную зиму в землянках. По этой причине яицкие казаки не приняли участие в персидском походе Петра I в 1722 г.

В этом же году Петр I решил покончить с завоеванием казахской степи. В его генеральный план входил молненосный удар по всему Казахстану за короткое время. В начале зимы 1723 года с востока джунгарские полчище, с запада казачьи отряды и калмыки должны были напасть на Казахстан. Казачьи отряды и калмыки были вооружены до зубов. Поэтому Российское начальство вооружило джунгаров самыми новыми оружиями того времени, т.е артиллерия и другие. Осенью 1722 года туда прибыл капитан артиллерии И. Унковский. Его до сих пор наши историки ошибочно считают дипломатом. Он должен был учить джунгаров пользоваться артиллерийским оружием. Кроме того, он полностью командовал и выполнял стратегический план Петра I. Он хорошо знал слабые места, и где расположены основные силы казахов. Поэтому набеги джунгаров начались зимой и неожиданно, и быстро заняли территорию до Туркестана, что не могли сделать казачьи отряды и калмыки с запада.... Этому помешал великий Абулхаир... Если бы не он сообразил и уяснил стратегический план России, весь Казахстан должен был попасть под саблю великой России...

До сих пор писали и напрасно показывали, что раздробление Казахского ханства из-за Джунгарии. Это совсем не так...Все эти вероломные нападения организовала Россия. Джунгары и волжские калмыки на казахов нападали только по указке и с помощью России.

Если тогда, т.е в 1723 году Абулхаир не предпринял бы решительный шаг, весь Казахстан должен был попасть под иго России. В этой трагической время для казахского народа «Актабан шубырынды» Великий Абулхаир стал спасителем. Он смог пересечь дорогу калмыкам и казачьим отрядам. Во время оценив трудную обстановку на западной границе Казахстана, Абулхаир-хан совершил марш-бросок из Аралского региона во главе 20-ти тысячного войска. Тогда он устроил большой урон между Яиком и Волгой. Калмыкский хан Аюке и Казачьи отряды не знали как спастись от Абулхаира. Абулхаир при встрече калмыцкого посланца открыто заявил, что «идет он воевать с калмыком и с рускими. А будет с ним орды тысяч сорок».

28 ноября 1723 года в Военной коллегии были получены донесения кн. А.П.Волынского, датированные последними числами августа, что войска Абулхаира в первых же сражениях с калмыками наголову разбили улусы тайши Лекбея численностью около 2 тыс. семей, захватили большое количество пленных, множество голов скота...(И.В.Ерофеева. Стр.133). Абулхаир тогда разгромил калмыков и казачьи отряды. 19 февраля 1724 года умер Аюке – хан, доверенный раб Петра I, всю жизнь посылавшего калмыцкий народ на открытую смерть. Он увидел своими глазами как Абулхаир истреблял его народ...

В эти трагические годы и, с другой стороны, в годы незабываемых подвигов Абулхаира, в 1723-1724 годах легендарный Абулхаир несколько раз осаждал Яицкий городок, и его войско занимало всю территорию между Яиком и Волгой. Были кровавые битвы на реке Утва, Самара, Шагын между казахами и казачьими и калмыкскими отрядами. Большие потери понесли отряды атаманов Ивана Тимофеева, Ивана Логинова, Никиты Бородина. За три дня сражений, русские потеряли убитыми 170 человек, было много раненых и пленных.(М.Абдиров, стр.47-48).

Мы рассмотрели период деятельности Великого Абулхаир-хана и казахско- русских отношений, в том числе вассалов России калмыков только до 1724 года. Казахско-джунгарския отношений и так известны. В заключение мы должны сказать, что всякие бедствия исходили не от джунгаров, а от России.

2. В статье Е.Курманбаева написано «Айтеке-би за год до джунгарского нашествия взывал...». Айтеке би тогда не было, он жил в XYII веке.

3. Теперь несколько слов о присоединении Казахстана к России. Абулхаир никогда не присоединял Младший жуз к России. До сих пор умышленно писали неправду, чтобы казахский народ не любил своего славного сына Абулхаира. Правда колит глаза, истина все равно была раскрыта в истории до 2000 года. Авторы вышеуказанных статей просто об этом не знали.

О том, что Абулхаир присоединил казахов Младшего жуза, впервые было написано Левшиным в 30-е годы XIX века. Его книга «История казачьей орды» была написана по заказу, чтобы будущее поколение казахов не знало своего героя Абулхаира. Поэтому в этом сомневался Ч.Ч.Валиханов. Он показал немало недостатков книги Левшина, поэтому высмеивал его, называя «Геродотом казахской истории». Левшин хвалил всеми правдами и неправдами Абылая. И старался очернить Абулхаира и Абулмамбета написав многие неправилные исторические факты. По Левшину, Абулхаир якобы 3- 4 раза дал клятву России. А он ни разу не делал этого. Например, в 1736 году Абулхаир поддержал и помог башкирским восставшим. А Левшин показывает наоборот. Левшина в этом вопросе опровергали многие ученые и английский исследователь Олькотт Брайн...

До сих пор исследователи использовали русский перевод письма Абулхаира 1730 года. А оригинал не соответствует русскому переводу. Сравните перевод использованный до сих пор, и правильный перевод сделанный Амантаем Исиным:

Послание в Петербург ее величеству

Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее величеству государыне императорице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем божией милостью благополучного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом, который находится за Уралом, у нас близких отношений не было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир- хан с подвластным мне многочисленным казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, являемся Вашими слугами и все вместе в простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сеиткул, Главный посланник Куттумбет с товарищами.

Слова, подчеркнутые нами, в оригинале письма отсутствуют. Вот правильный перевод этого исторического документа. Письмо Абулхаира написано по просьбе посланника России, Алдарбая. Из этого можно понять, что Абулхаир сильно желал восстановить дружеские отношения с башкирским народом. Теперь посмотрим точный перевод сделанный А.Исиным:

Величия и милости высокой, государства превыше, правящей землями ее величеству белой великой императрице обращаемся с обыденным намерением. Изо дня в день, из месяца в месяц, из года в год государство да пребывает в здравии и приумножается.

Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего величества уральским ештек-башкортами меж нами нет согласия.

Теперь желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороги уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхаир-хан, сорок санов казахов, Средней и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову.

Ярлык: <u>с Вашими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии.</u>

Посланный посол Сеиткул во главе с Кутлуметом с товарищи. (журнал Абай, 2-2001)

Цель письма ясно написано в ярлыке подчеркнутые нами...Значит единственная цель востановить дружеские отношения с башкирами, а не просить подданство России...

Россия сделала все, что только могла чтобы расстройть дружбу между казахами и башкирами. На это обратил особое внимание Ч.Ч.Валиханов. Он собирал много материалов о

казахско – башкирских отношениях. Во всех этих материалах ясно написано недопустить чтобы киргиз-кайсаки, с башкирами не помирились... (3-том, стр.267-68.)

Даже на исторической встрече между казахами Среднего жуза, возглавляемого Абулмамбет ханом и Аблай султаном, были разговоры, касающихся башкирского востания. Эту встречу позже в России трактовали, как добровольное присоединение Среднего жуза к России... Вот эта торжественная встреча с царскими властями была омрачена неожиданным отъездом сыновей Абулхаира- Нуралы и Ералы. Причиной этого явилась их ссора с Абулмамбетом и Аблаем и полученные от отца известия о вторжении в казахские кочевья волжских калмыков.(Мойсеев, стр.32.) Первой причиной их отъезда явилась обещание Абулмамбета и Абылая поймать и сдать Царским властям предводителя башкирского востания Шуна батыра (Карасакала) который укрывался среди казахов... Ведь Абулхаир всегда зашищал башкиров. Поэтому его дети обиделись и ушли... Вторая причина - вероломное нападение волжских калмыков. А это еще раз доказывает, что казахи Младшего жуза и хан Абулхаир еще не приняли Российское подданство. Иначе царские власти не позволили бы калмыкам нападать на казахские земли.

В этой исторической встрече, чтобы напугать казахских биев и родоначальников, показали как наказывают восставших башкиров. «Пятерых посадили на железные колья, 21-му отрубили головы, 11-повесили за ребро на железных крюках, 85 человек были повешаны. В другой раз 300 башкирам отрезали носы и уши, а жен и детей раздали служилым людям...»(Ф.Стариков. Стр.57.)

Великий Абулхаир хотя не признал подданство России, но старался мирным путем решить многолетнюю вражду, взаимные набеги. Россия не оправдала его надежды.это. Особо худщими стали казахско-русские отношения после того, как приехал в Оренбург И.И.Неплюев. Это было в начале 1742 года. При первой же встрече с Абулхаиром он расстался врагом, т.е. непримиримым противником. Поэтому И.Неплюев решил убрать Абулхаира, использовав всякие возможности. Он отправил своего человека к султану Бараку, человеку жаждавшему стать ханом, поэтому проявлявшему желание о подданстве России в еще 1735 году. А прием Барака осенью 1742 года намного превысил прием Абулмамбета и Абылая (1740). Барак обещал убить Абулхаира, конечно, ему не сразу удалось это сделать. Но он выполнял и другие поручения Неплюева...

Несмотря на то, что Абулхаир старался установить мир с Россией, царские власти продолжали свои злоумышленные дела. В 1744 году при смене власти в Петербурге, надеясь на улучшение отношении, Абулхаир отдал 30 пленных русских солдат. В общем в 1742-48 годах Абулхаир вернул 1182 солдат пленных. Но российские власти не оправдали благого намерения Абулхаира. Всякие злоумышленные меры против Абулхаира были организованы Неплюевым. Когда он добился смерти Абулхаира, жестоко истреблял башкиров.

Абулхаир на защиту казахского народа от России посвятил 48 лет своей героической жизни. Если посмотрим столкновения его с русскими властями последних лет жизни такова:

К 1745 году Джунгария перестала быть опасным соседом для казахов. Усмирение казахов Младшего жуза была поручена Неплюеву. В это время наблюдалось найбольшее обострение отношений между Абулхаиром и Неплюевым. В 1746-47 годах Абулхаир принял ряд решительных мер, чтобы освободить территории между Волгой и Яиком от калмыков и казачьих отрядов. 13 февраля 1746 года казахские войны в числе 1500 человек, возглавляемые Абулхаиром, обошли форпосты Яицкой линии ниже Гурьева, перешли на правый берег реки и напали на калмыков и разграбили, отогнали большие табуны лошадей. Также они разгромили русские поселения.., где убили 75 калмыков, и увезли с собой 638 человек русских и калмыков. В числе захваченных в плен были купцы А.Ганюшкин, И.Ветлугин, атаманы А.Версин и другие. По определению И.В.Ерофеевой этот набег Абулхаир рассчитывал использовать как средство силового давления на И.И.Неплюева с тем, чтобы он отпустил сына Кожахмета в степь...(Стр.277). Также были и другие набеги. Ровно через год в январе 1747 года такой же набег повторили джигиты Абулхаира в количестве 500 человек.

В заключение мы можем сказать, что Абулхаир - единственный казахский хан, который воевал всю свою жизнь с Россией.

Казахский народ, населявший на протяжении многих веков земли от Томска до Волги был единой национальностью. Единство настолько было крепким, что на этой огромной территории у казахов был язык, который не имел никаких диалектов и в этнографическом плане были единым... Несмотря на это судьба трех жузов была разной. Именно этому посвящено не мало пословиц. Среди них самая распространенная гласит « Казахов Младшего жуза отправляй на войну...». Мы долгое время не понимали смысл этой пословицы потому, что с джунгарами воевали все казахи, и чем отличается их войнственность. Так характеризовали казахов младшего жуза российские руководства: «...Казахи Младшего жуза... отличались «диким, буйным, резко выраженным характером». В степи казах почти непобедим, говорили о них, а в ручной схватке физическая сила, ловкость владеть холодным оружием и управлять конем дают ему величайший перевес над царскими войсками...» [6, с.300-301; 2, с.72]

О 300 летней войне между казахами и казачьими отрядами раньше мы просто не знали. В Западном Казахстане не проходили годы без кровополития. Даже после вхождении в состав России имели место многочисленные востаний только в этом крае. Мы знали только о двух восстаний (С.Датова и И.Тайманова). Казахи Младшего жуза своими подвигами отличаются в борьбе против колонизации России. Конечно жертва были много..

Если бы они не были войнственными, Россия уничтожила бы их, истребляя, как это сделали с ногайцами. В истреблении ногайского народа участвовал даже Генералисимус А.Суворов. Выше указанной 300 летней войне Россия всегда хотела этого. Возьмем на пример один из указов И.Неплюева. Чтобы держать казахов в покорности: « Некоторые киргиз-кайсацкие Меньшей орды улусы намерены тогда были вниз по Яику кочевать, и ежели б оные и на предерзость поползнулись, то и отомстить свободнее, ибо возможно одними яицкими казаками один или два улуса вырубить до самого младенца и тем их в страх привести.»(Казахстан в XY-XYIII веках.А.1969. Стр.127).

В заключении мы должны сказать:

1. Абулхаир - самая высшая фигура в истории казахского народа XYIII века. Перед тем, как установить памятник Абулхаиру в г. Актобе просили историческое обоснование. Тогда эту справку в Институте истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова мы подготовили и доказали достойнство Абулхаира. Не будет лишним если даже этому легендарному сыну казахского народа будет поставлен золотой монумент. Это - единственный казахский хан, который воевал против России –зашищая свой народ в течении 48 лет, а его народ в течении 300 лет противостоял....

2. Были разговоры об установления памятника Абулхаира в Москве, якобы он присоединил казахский народ к России....Что касается установки памятника Абулхаиру в Москве это очень трудная задача. Поскольку российские ученые хорошо знают личность и боевую деятельность Абулхаира, хотя в Казахстане его мало кто знает. Вряд ли там позволят сооруженить памятник казахского хана, который воевал с Россией всю жизнь. Для России Абулхаир был врагом номер один.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир – полководец, правитель и политик. А.1999.
2. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. А.1994.
3. Х.Досмұхаметұлы. Аламан. Ташкент. 1926. 3а.
4. Рябинин А.Д. Уральское казачье войско. Ч.I-II. СПб.,1866.
5. Карпов А.Б. Уральцы. Ч.1. – Уральск, 1911.
6. Казахско – русские отношения в XYIII – XIX веках. А. 1964.
6а. Олкотт Брайн. Әбілхайыр хан (Перевод с английского). Газета «Аруана» 1994, № 21.
7. Қозыбаев М.Қ. Елдік үшін күрес мыңжылдығы.//Егемен Қазақстан.- 2000. 27 желтоқсан.
8. Касымбаев Ж. Политика Абулхаир хана в принятии Младшим жузом российского подданство в 30-х годах XYIII века.//Поиск. – 1997, № 5. 9. Исин А. Әбілхайырдың хатын қалай оқыған дұрыс. «Абай» журналы. 2001, № 2.
10. Утениязов С.К. Мы такого Абулхаира не знали. Газета «Свобода слово» №1, 2007 г.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУДАҒЫ БОПАЙ ХАНЫМНЫҢ ОРНЫ

Алтай Тайжанов,
философия ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ӘҒА академигі
Ақтөбе қаласы

Қазақ әйелдерінің қоғамдағы ролін бір ғана тарихи кезеңмен шектеу қате болар еді. Ол қоғам дамуының барлық болмысымен, даму ерекшелігімен, тұтас халықтың, қоғамның өмір салтымен байланысты. Бұл ретте көшпелі өмірдің ең алдымен еркіндікке, тәуелсіздікке негізделгенін, кеңістіктерді игерудегі әрбір көшпендіге берілетін бірдей мүмкіндіктің болғандығын ескеру қажет.

Еркіндік – тек кеңістіктегі қоршаудан шығу ғана емес, ол - сана еркіндігі, ой еркіндігі, болмыс азаттығы. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әйелінің теңдігін, бүгінгі европоцентристік тұрғыдан айтылып жүрген «гендерлік теңдікпен» шатастырмау керек. Кешегі Кеңес дәуірінде «кедей теңдігімен» қатар «әйел теңдігі» ұғымы да қолдан жасалған идеология шеңберінде ұғындырылды, ол қазақ әйелін «еркінен тыс қалыңмалға сатылған», «теңіне қолы жете алмаған», «салт-дәстүрдің шырмауында маталған» пенде ретінде көрсетіп, «Қамар сұлу», «Қалың мал», «Бақытсыз Жамал» т.б.шығармалар арқылы бейнеледі. Осылайша дала демократиясындағы ақылды, батыр, қаһарман аналар мен арулар ролі «социалистік реализм» шеңберіне сыймағандықтан өмір шынайылығынан ығыстырылып шығарылды.

Ал шын мәнінде қазақ әйелдерінің болмыстарында еркіндіктің, азаттықтың, батырлық пен дала даналығының барлық мазмұндары бар еді және ол қазақ болмысының құрамдас бөлігі болып қалыптасатын. Арғы сақ дәуіріндегі аңыздарда айтылатын Томирис, Зарина т.б. патшайымдардың ерлігі, басшылық қызметі кейінгі кезеңдерде де тоқталған жоқ. Көшпелі өмірдегі «амазонкалар» туралы әфсананың түбінде не жатқанына көңіл аударсақ, «олар.... еркекетерінің барлығын қырып, тек әйелдерден тұратын қоғам...» болған-сынды. Алайда, осы әфсананы шығарған отырықшы өмір салтын кешкен гректер сол қоғамдағы ерлердің малмен бірге алыс қоныстарға кетіп, бала мен ошақ қасын күзеткен, алайда, атқа мініп, қару ұстаған әйелдерді көрумен ғана шектеліп, осындай ой түйген болуы керек. Бұндай ұшқары, көшпелілердің қоғамдық болмысын білмеуден туындаған ой кейін үлкен аңызға айналып кеткен.

Тарихи шынайылықтың өмірдегі көрінісі күнделікті тұрмыстан көрінеді, мұны мәдениеттің семиотикасы (белгілер, таңбалар, тіл, ишарат және т.б. – А.Т.) көрсетеді. Ал біздің дәстүрлі тіршілігімізден орын алған «қыз қуу» ойынының өзі қыздардың ат құлағында ойнап қана қоймай, өзінен алғырлығымен, күш-жігерімен, шеберлігімен, абыройымен асып түсетін жігітті таңдау мүмкіндігін де көрсетеді. Бұл жерде қыздар тек жігітті ғана емес, болашақта өзін, отбасын, бала-шағасын, елін қорғайтын азаматты таңдай алатын болған. Ал әкесі де, анасы да батыл, ержүрек, адамнан дүниеге келетін ұрпақ та сәйкесінше осал болмасы анық. Бұл қазақ қызының ұрпағының, ұлтының болашағын ойлауынан туған дәстүр десек те болады.

Осы ретте, тек сақ дәуірімен шектелмей, оның лайықты жалғастылығының көрінісін «Қобыланды батыр» жырындағы найза ұстаған Қарлыға, Нұрпейіс Байғаниннің «Нарқыз» жырындағы палуан Нарқыз, Әжібай келіні Ботакөз, Пугачев көтерілісінен кейінгі «Көктемір-Невидимка» деп танылған қазақ даласының отарлық саясатқа қарсы көтерілісін басқарған Сапура Мәтенқызы (Сапар келіншек – А.Т.) есімдерін айтсақ та жетеді. Бұл батыр, батыл, ақылына көркі сай қазақ әйелдері. Міне, осылардың қатарында Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер Бопай ханымды да атағанымыз жөн. Бопай күйеуі Әбілқайырдың түпкі мақсаты Жайық қазақтарының, орыс бодандығындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау екендігін және бұл күрделі мәселелерді уақытша болса да, Ресей империясына бодан болу арқылы шешуге тырысқандығын терең ұғынған. Сондықтан да Әбілқайырдың осы бағыттағы саяси қадамдарына қолдау көрсеткен.

Ол ханымның 1731 ж. 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоанновнаға, 1748 ж. 5 қазанда Елизавета Петровнаға, әр уақытта Орынбор әкімшілігінің басшыларына жазған хаттарынан айқын көрінеді.

Қазақ хандығы тарихында мемлекеттік деңгейде мұрағаттық құжаттарға түскен тарихи тұлғалар қатарында қазақ қыздары көп емес, солардың бірі және бірегейі еліне тірек болған Бопай ана. Қазақ ханымдарымен сол тұстағы қазақтың белді тұлғалары ғана емес, сонымен бірге Ресей, Хиуа, Бұхара және өзге де елдердің мемлекеттік қайраткерлері таныс болды. Сөз жоқ, қазақ қыздарының арасында Қазақ хандығының қиын-қыстау кезеңінде қазақтың бас ханы Әбілқайырдың жанынан табылып, қиналған шағында еріне қолдау көрсеткен, 1748 жылы 15 тамызда хан өлгеннен кейін тек қана отбасына емес, жалпы қазаққа ақылшы болып, ел тыныштығы мен бірлігін сақтауға үлес қосқан, көпке үлгі болған Бопай ананың орны ерекше. Бопай есімі Ресей мұрағаты құжаттарында 1731 жылдан кейінгі тарихи оқиғаларда атала бастайды және орыс елшілері ханымға бірден назарларын аударады. Бұл кезеңде ол Әбілқайыр хан шаңырағының ұйытқысы ғана емес, сонымен бірге ханның барлық саяси қадамдарын қолдаушы ретінде көзге түседі. Бопай ханым Әбілхайыр ханның тілегін іс жүзіне асырады.

Күйеуінің қазасынан кейін де Бопай өзінің ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайыр саясатының өз жалғасын табуы, баласы Нұралының әке орнын басуына тікелей байланысты екендігін де терең ұғынған Бопай, Әбілқайыр әулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін қалады. Сол үшін де ол күйеуінің кегін алуға ел-халықты «аттандатпай», ел арасында кекшілдік тудырмауды мақсат етіп, Барақ сұлтанды жазалауды орыс әкімшілігі арқылы заңдастырып алуға тырысты. Қоғам дамуының негізгі көзі тыныш өмір екендігін, тірлігін ат үстінде өткізген халықтың болашақта қаласа да, қаламаса да отырықшылыққа ойысатындығын көре біліп, сол тұстағы орыс әкімшілігін Елек өзені бойында қала салдыртуға үгіттейді. Бопай ханымның қазақ-жоңғар қатынастарын реттеудегі, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістірудегі әрекеттері оның ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік шеберлігін аңғартады. Бопай ханымның орыс-қазақ қатынастарын шиеленістірмеу бағытындағы әрекеттері, сол кездегі қазақ қоғамындағы шешімін таппай жүрген кейбір мәселелерді талқылау үшін Орынбор әкімшілігінің басшыларымен кездесіп, келіссөз жүргізу туралы ойлары оның саяси зеректігін көрсетеді. Бұл туралы кезінде ағылшын суретшісі Дж. Кэстльдің, Әбілқайыр ордасында болған басқа да орыс шенеуніктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі. Тарихи құжаттармен жақсы таныс А.И. Левшин XIX ғасырдың 30-жылдарында: «Бопай.... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті» [1] - деп жазды.

Міне, осындай заманында зерек зердесімен,қайраткерлік,мәмілегерлік қадір-қасиеттерімен абырой — беделі Алты Алаштан әрі асып, орыс билеушілерін, патша сарайы қызметкерлерін, ғалымдарын, тіпті, мұхит асып келген саяхатшылардың да айрықша назарын аударған Бопай ханым бейнесі аумалы-төкпелі заманның, қилы кезеңдерінен кейін ұрпақ санасында көмескіленіп, ұмытыла бастады. Сондықтан, Әбілхайыр хан дүниеден өткеннен кейін Орта Орда мен Кіші Ордадағы рулық бірлестіктердің арасында ынтымақ, бірлік,түсіністік орнауына оң өзгерістер жасауға күш-жігері мен білік-қабілетін аямай жұсаған Бопай ханым сол бір алмағайып, дүрбелең кезеңде ел арасында жарқын тұлғаға айналғандығын бүгінде екінің бірі біле бермейтіндігі анық. Әсіресе, ханымның халқымыздың игі жақсыларының, батырлар мен билердің арасында, Қазақ-Ресей қатынастарында орасан зор ықпалы болғандығын айғақтайтын құжаттар көне мұрағаттардан алынып, жарыққа шығып жатыр. Бопай ханым туралы құжаттар мен зерттеулер оның соңғы үш ғасыр көлеміндегі Қазақстандағы билікке араласқан қайраткер қазақ әйелдерінің арасында көшбастаушы болғандығына көз жеткізеді.

Бопай ханым өмірін зерттеушілердің деректеріне қарағанда ол жиі-жиі Орынбор губерниясының басшыларымен хат-хабар алмасып отырған. Үлкен ұлы Нұралының жоғары жаққа жазған хаттарында Бопай ханымның мөрі қатар басылған. Ханымның өзінің жеке вензелі (мөрі) болғандығы орыс ғалымы А.Левшиннің жазбаларында нақтылы көрсетілген [2].

Әбілхайыр хан өмір сүрген XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ-орыс қатынастары туралы қазақ әдебиетінің алтын қорына енетін өшпес мұралар қалдырған халық

жазушысы Ә. Кекілбаевтың тарихи тақырыпқа арналған шығармаларында Бопай Ханымның ел билігі ісінде Әбілхайыр ханға ақылшы, кеңесші болғандығы көркем бейнелеген тұстары көптеп кездеседі. Шын мәніндегі халық жанашыры болған, ел, жер тұтастығы үшін күреске бүкіл саналы ғұмырын арнаған, қайраткерлік, саясаткерлік, дипломатиялық қадір-қасиеттері арада екі жарым ғасыр өтсе де, әлі күнге толық зерттеліп, зерделене қоймаған Бопай Ханым ұрпақ жадында аты қалған тарихи тұлғалардың арасынан ойып орнын алуға әбден лайықты [3].

Кешегі кеңес заманында көпшілігіміз Бопай ханым жөнінде Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң», «Үркер» романдарынан [4], Тахауи Ахтановтың «Ант» [5] драмалық шығармасынан оқысақ, қазір нақты деректер молайды. Ондаған жазушылар мен зерттеуші ғалымдардың еңбектері қолымызға тиді. Олар тарихшы В.Н. Витевскийдің «И.Неплюев пен Орынбор губерниясы» кітабындағы, 1736 жылғы Джон Кэстлдің «Бопай ханым балаларымен» деген әйгілі суретіндегі деректерді тірілтті [6]. Сол кездің өзінде шетелдік жиһангер: « Бопай ханым (Бәтима) — Әбілқайыр ханның бас бәйбішесі, мемлекетті басқаруға араласатын әлеуметтік белсенді, саясаткер» деп жазған. Осындай деректер мен халық ауызындағы әпсаналарға сүйеніп, ақтөбелік жазушы Құрал Тоқмырзин «Дала данышпандары» деген кітабының «Ақтөбе қаласының салынуына» деген тарауында Бопай ханымның билер жиналысында сөз сөйлеп, қазақ даласы мен орыс империясының шектескен тұстарына бекініс, қамал-қала салынуы тиістігін әлденеше рет талап екені айтылады. Автор ол қаланың қазіргі Ақтөбе екеніне шүбәланбайды [7]. Осының бәрі — Бопай ханымның тарихта өз орны бар қазақ әйелі болғанын растайды.

Жалпы тарихи деректер мен ел аузындағы бізге жеткен әңгімелерден қазақ әйелі үй ішінде жүрген жай ана, жар, қыз ғана емес, үлкен ғарышпен теңдес құбылыс, өз әлеуметтік ортасының айнасы екеніне көз жеткіземіз. Шоқандай хас түлекті тәрбиелеген Айғаным парсы, араб, түркі тілдерімен қатар орыс тілін де жақсы білген деседі. Бізге сол Айғанымды тек Шоқанның әжесі деп есептемей, сол кездегі қазақ бәйбішелерінің жинама, жинақталған кейпі деп түсінгеніміз жөн. Қазақтың ертегілерін, ауыз әдебиетін Шоқан Айғанымның аузынан естиді, тек Шоқан естімейді, оның жолдасы Г.А. Потанин де естіп, жазып алады. Қазіргі тыңдап жүрген жырлар мен ертегілер, ауыз әдебиетінің көптеген нұсқалары Айғанымның айтуы бойынша бізге жетті, бүкіл халықтың мұңына айналды. Оларға Айғанымнан кейін Потанин де, Диваев та қол тигізбеген. Әрине, Айғанымдай тұлғалар қазір қазақ ауылдарында кездеспейді, бұрын біздің бала кезімізде асылдардың сынығы ретінде бізге жеткен үлгілері баршылық еді.

Мәселен, біз өткен ғасырдың басында Әміре Қашаубаев болды дегенге сенбес едік, егер Жәнібек Кәрменовті өз құлағымызбен естімесек, көрмесек. Осы секілді, Айғанымның болғанына да бүгінгі ұрпақты сендіру қиын болар еді, егер халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың жүз жасаған анасы осы ғасырда өмір сүрмесе. Бұрынғы уақыттарда осындай ғасыр жасаған кейуаналар шүкіршіл, қанағатшыл еді. Олар: «Менің балам өскеңде инемді сабақтап береді», - дейтін. Басқа үлкен нәрсені бізден күтпейтің, инесін сабақтап бергеннің өзін іске, еңбекке араласқандық деп түсінетін. Ал, қазіргі әжелер “балам министр болады, джип мініп жүреді” деп тәрбиелейді. Ел қатарлы адам бол демейді бұл – ниет бұзылғандықтың белгісі. Жаратқан Алла адамға ырыздығын ниетіне қарап береді ғой. Жасыратыны жоқ, белгілі де, белді деген көп қайраткерлеріміздің балалары - алқаш, нашақор, мәңгүрт. Кеңестер дәуірінде ақсақалдар институты ақсады, тіпті құрдымға кетті, ұлттық интеллигенция да жалтақ, жасқаншақ болып, үрейге бой билетіп, өз биігіне көтеріле алмады.

Ата-ана болса баласын «министр, бастық, академик болады» деп тәрбиеледі, олар орысша сөйледі, қазақ тілі керек емес делінді. Сөйтіп, кәдуілгі өмір мектебінен, ұлттық рухтан шеттетілді, адал еңбек әдіре қалып, ақыл мен талант, талап қоғамнан өз орнын таба алмады. Абайдың:

“Тегінде адал еңбек егін салған,
Жасыңнан оқу оқып, білім алған,
Би болған, болыс болған өнер емес
Еңбектің мұнан басқа бәрі жалған” - деген дана сөзі тыста қалды. Баланың ата- бабасының қасиеттерін, ұстанымдарын бойына сіңіріп, оны дамытып, «Мен Пірдің соңы Бекет атаның, ердің соңы Есет атаның ұрпағы едім» дейтін ұрпақты тәрбиелейтін, оған бесіктен белі шықпай тарихын

ұқтыратын әйел заты бұл күнде азайды, немесе, жоқ. Өйткені, әуелгі мақсат пен мүдде олай болмаған. Ондай балаға өкпелей де алмайсың.

Қазір қазақ қызын, қазақ әйелін кім көрінген жәбірлеп, қазандағы қаймағын ішіп, тұнығын шайқап жатыр.

«Сенсің жан шәрбәтлу
Сенсің жан ғиззатлу
Сұлуды сүймекке
Пайғамбар сүннәті», -

дейді әйел затының қызығына қанық дана Абай. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та қазақ әйеліне Абай көзімен қарағандары жөн. Қазақ некелік қатынастарды "үш ғайыптың" бірі деп санайды:

"Қонақ ғайып,
Тағдыр ғайып,
Неке ғайып".

Қазақ қызын үкілеп ұстап, бетіне қарамай, маңдайына күн, бетіне жел тигізбеген. Көне аңыздардың бірінде Қорқыт әулиенің аяғы абайсызда қарындасына тиіп кеткен екен де, Алла Тағала Қорқытқа жаза ретінде тиген аяғын көріне сиғызбай, топырағы ашылып қала беретін қылыпты. Қарындасына көз салған адамды екі көзінен бірдей айырып, көртышқан кейпіне келтіріп, Алла Тағала оны қайта шықпастай етіп жерге кіргізген екен – деген де аңыз бар. Бұл аңыздарда ежелден келе жатқан қызға, әйел жынысына деген қазақы философиялық кезқарас, қазақы мәдениет, ата-бабаларымыздың қатқыл да қаһарлы өсиеті мен ұстанымы жатыр. Ал қазіргі уақытта біз бұл тәмсілдерді ұмыттық, немесе, жолдан жаңылдық. Сондықтан да, қайда кетіп барамыз, әлде мәдениет ауылына ма, жоқ, кері, мәдениет ауылынан алшақтап барамыз ба?!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ: егер апат ұлттық сипат алды десек, тек қазақты ғана төңіректеп жүр десек, сол апат алдымен иісі қазақ әйеліне тиіп отыр. Кез-келген жерден атылған оқ қазақ әйелінің жүрегін жарақаттауда, ошағын ойрандатуда. Сөйте тұра, бойында бұрынғы дәстүр бар қазақ әйелдері ешкімге шағым айтпайды. Негізгі қазақ әйелі қайсар – не болса да ішінен тынып, күйігін сыртқа шығармайды, онысын білдіргенді өзіне намыс көреді. Өйткені, олар Томирис пен Бопай ханымдардың сіңлілері.

Халқымыздың ауыз әдебиетінде де, жазу, сызу өнері пайда болған кездерден күні бүгінге дейін де қазақ әйелдері қапияда жол тапқан, қысылғанда ой шолған, ақылына көркі сай, ер жүрек, батыр бейнелерінде халық санасында ғасырлар бойы сомдалып келе жатқандығы бәрімізге белгілі. Тұмар ханым, Құртқа, Қарашаш, Гүлбаршын, Жібек, Баян сұлу, Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан, Ғабит Мүсірепов бейнелеген Ұлпан, кешегі екінші дүниежүзілік соғыста ерлік үлгілерін көрсеткен Әлия, Мәншүк, Хиуаздарға дейін,басқа да көптеген аналардың, әйел-қыздарымыздың есімдері тарихымызда өшпейтін болып жазылып қалған. Олардың бірі, әрі бірегейі, сөз жоқ – Бопай ханым!

Қазақ әйелдеріне деген құрмет Тәуелсіздік жылдарында жаңа арнаға түсіп, жаңа мазмұнға ие болды. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Мемлекет үшін отбасының тірегі – ананы құрметтеу ерекше маңызды екендігі, қыздарымыздың болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары екендігі айтылған. «Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз» [8] - делінген. Бұл ұстаным ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан да қолдау тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Левшин А.И. Свидание с ханом меньшой Киргиз-Кайсакской орды // Вестник Европы, Часть 114. № 22. 1820. С 18.
2. Қараңыз: Аталған еңбек.
3. Қараңыз: Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 томдық. Алматы, 2002., 2-том, 373-374 беттер; Батыс Қазақстан энциклопедиясы, Алматы, «Арыс» баспасы, 2010., 194-бет.; Адай Ата. 3 томдық. Алматы, «Арыс» баспасы, 2007. 3-том, 419-432 беттер.
4. Қараңыз: Ә.Кекілбаев. Үркер. Алматы, 1981; Елең-алаң. Алматы, 1984.

5. Қараңыз: Т.Ахтанов. Ант; Алматы, 1983.
6. Витевский В.Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. Казань, 1897.,Т. 2. С. 461.
7. Қ.Тоқмырзин. Дала данышпандары. Ақтөбе, 2007.
8. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана., 2012. 49-бет.

ӘБІЛҚАЙЫР-БОПАЙДАН ТАРАҒАН ДАҢҚТЫ НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕЛЕР

А.Ахмет,
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп,
Кейінгі ұрпақтарым есіне алар.

Өткен тарихымызға көз салсақ, тағдырдың талай қысталаң шақтарында тапқанынан жоғалтқаны көп халқымыздың сан қилы қиындықтарды бастан өткергенін білеміз. Халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген және қоғамның бүгінгі рухани жаңғыруы кезеңінде де жеке тұлғалардың құбылысы ерекше орын алады. Бізде көптеген оқиғаларға, тіпті адам тағдырына да өз мақсат-мүддеміз емес, өзгелердің көзімен, қоғамдық құбылыстардың барлығын еш реңксіз, «ақ» пен «қараға» бөле саралайтын идеология тұрғысынан қараушылық ызғары әлі де сезіледі.

Тарихымызда өзіндік айрықша орыны бар тағылымды тұлғаларды тану, білу үзіліссіз процесс. Әрбір тарихи кезең қайталанбас тұлғаларын өмірге әкеледі. Сол тұлғаларға қоғамдағы тарихи орнына, атқарған еңбегі мен қызметіне орай әрқилы баға беріледі. Тарихи тұлғаны біржақты бағаламай, өмірдегі шынайы бейнесін тану күрделірек мәселе. Бұған дейінгі тарихтың даму белестері кезінде кейбір ірі саяси тұлғалар саясаттың ықпалына орай, идеологиялық тар шеңбердің аясында бағаланды. Көптеген тарихи тұлғаларымыздың жарқын бейнелері, халыққа сіңірген өлшеусіз еңбектері жөнінде жан-жақты талданып, оларға реалистік тұрғыдан баға берілмеді.

Тарихи тұлғалар тағдырын зерттеу, оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау оңай шаруа емес. Өйткені олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей архив құжаттарының іздестіріліп, табылуына және сол тарихи дерек арқылы олардың қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты.

Ұлтымыздың саяси-қоғамдық және мәдени өмірінде өшпес із қалдырған әулет – Әбілқайыр хан әулеті. Үш жүзге даңқы шыққан Әбілқайыр ханның 3 ұлы, 9 немересі, 5 шөбересі хандық дәрежеге көтерілді. Әбілқайыр мен Бопайдың кіндігінен 5 ұл өрбеген. Олар Нұралы (1748-1786), Ералы (1791-1794), Айшуақ (1798-1805), Қожахмет және Әділ. Айшауақ 1727 жылы туып, 1812 жылы дүниеден өтті. Мәңгілік тыныс тапқан жері Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы Ұзынкөл ауылдық округіне қарасты Бекей ауылының қасындағы көне қорымда.

Айшуақтан туған Жантөре (1759-1809), Шерғазы (т.ж.б.-1845) хан дәрежесіне көтірілген тұлғалар. Айшуақ ханның құлпытасында «Кіші жүзге билігін жүргізген хан еді, әрі екі баласы Жантөре мен Шерғазы да хан болды», - деп жазылған. Жантөре 1805-1809 жылдары Кіші жүзде хан болған, мемлекет қайраткері. Сырым Датұлының көтерілісіне қатынасқан. Ол өз заманында дүлдүл күйші болған. Оның «Жантөре» атты күйі бізге жеткен. Ал Шерғазы 1812-1824 жылдары Күші жүздің ханы. Дипломатиялық қабілетімен ерекшеленген.

Нұралыдан Есім, Қаратай, Бөкей, Пірәлі, Биғали, Орман, Бегәлі, Бөлек, Қара, Артықғали, Абылай, Жәнібек, Өзбекқали, Сары, Шығай, Қоңырау, Жалтыр, Сейітқали, Шотқара, Елтай туған.

Қаратай Нұралыұлы 1771-1826 жылдары өмір сүрген Қазақстанның батыс өңірі тарихында ерекше орны бар тарихи тұлға сол дәуірде қайраткерлік іс-әрекетімен, ел басқарудағы қабілетімен, Ресейдің Қазақстанды отарлауына қарсы батыл күресімен көзге түскен тұлға. Ол өмір сүріп, ізін қалдырған XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы халқымыздың жүріп өткен жолындағы ақтаңдақ беттердің бірі екендігі даусыз. Өйткені, ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Ресей құрамына енуі «өз еркімен қосылды» тәріздес жасанды теориямен дәріптеліп, қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық мәселелері біржақты зерттелді. Соның әсерінен отарлау заманында ешқашан үзілмеген ұлт-азаттық күрестер тарихы, ел басқарған қазақ азаматтарының тарихи бейнесі, халқымыздың көршілес елдермен қарым-қатынасы тек орыс халқының мүддесі тұрғысынан баяндалды. Қаратай сұлтан тек қана Әбілқайыр хан немересі болғандықтан ғана емес, ең бастысы, өзінің заманындағы қоғамдық-саяси белсенділігі нәтижесінде көршілес елдерге, халқына танымал болды.

Алдымен, Қаратай сұлтанның дүниеге келуі, тәрбиеленген ортасы, ата-бабасы тарихына назар аударалық.

Тарихтан белгілі болғандай Қаратайдың әкесі – Кіші жүз ханы Нұралы Әбілқайырұлы. Нұралы хандық таққа 1748 жылы отырып, содан 38 жыл ел басқарды. Нұралының өзінің ата шежіресі қазақ хандығын құрушылардың бірі Жәнібек ханнан бастау алып, сол замандағы дәстүр бойынша ел билеуге толық құқылы болды. Міне, осы Жәнібектен туған Өсік сұлтаннан Қаратай сұлтанның бабалары өрбиді. Бірақ, олардан XVIII ғасырдың басындағы Әбілқайыр ханға дейін бір де біреуі хандық дәрежеге жеткен емес. Соған қарамастан, олар қазақ хандығының беку, орнығу тағдырына белсене араласты. Зерттеуші И.В.Ерофееваның анықтауынша Өсік сұлтан – Бөлекей – Қоян сұлтан – Айшуақ сұлтан – Еріш сұлтан – Қажы сұлтан, одан атақты Әбілқайыр хан туып, әрқайсысы мүмкіндігінше қазақ қоғамында түрліше деңгейде билік атқарған [1, с. 68].

Өсіктен тараған ұрпақтар ішіндегі атақтысы да, әйгілі болғаны да Әбілқайыр хан еді. Оның 1710-1748 жылдардағы Кіші жүзді басқарған кезеңі қазақ тарихында терең ізін қалдырды. Әбілқайырдың Ресеймен, Парсы елдерімен жүргізілген дипломатиялық қарым-қатынастары, казак-орыстар, башқұрттар, қалмақтар және Жоңғариямен болған соғыстар Кіші жүздің ханының бар қабілетін көрсетті. Ханның Ресей империясымен жүргізген келіссөздері кейін қазаққа бодандық қамытын кигізгені де рас. Бірақ қазақ халқының жауларымен ашық соғысқан, олардан тайсалмаған ханның жоғарыдағы бодандыққа шешім қабылдауы қай заманда да кең түрде талқыға түсті. Орыс саясатын түсінген Әбілқайыр өлгенше олармен алысып, патша шенеуніктеріне де бас имей өтті.

Міне, бұдан шығатын қорытынды Қаратай сұлтанның қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына, сөзсіз, қазақ хандығының тарихында өз іздерін қалдырған хан, сұлтандар легін құрайтын ата-бабасы ерекше әсер еткендігі. Бір ғана Әбілқайыр, оның әйелі Бопай ғана емес, Кіші жүзді билеп, Ресей Қытай, Жоңғария, Хиуамен байланысқа шыққан Нұралы ханның ықпалын ерекше атау керек. Қаратай сұлтан тумысынан атасы Әбілқайыр сияқты өжет, тәкаппар, тік мінезді, әскери қолбасшылық қабілеті бар қайраткер ретінде көрінді. Ол өле-өлгенше ата-бабасының рухына бас ииіп өтсе керек.

Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметі XIX ғасырда орыс зерттеушілері А.И.Левшин, Л.Мейер, И.И.Крафт, П.Юдин, С.Н.Севастьянов, А.И.Добросмыслов есімдерімен байланысты. Олардың еңбектерінің барлығы дерлік орыс әкімшілігінің тапсырмасымен жазылған. Сол себепті еңбектерде қазақтың атақты қайраткерлері біржақты бағаланды деуімізге әбден болады. Оның мысалы А.И.Добросмыслов өз зерттеуінде «қазақтардың тарихымен айналысып жүрген көптеген авторлар барлық билеуші сұлтандарды «қарақшы», «тоғышарлар» мен «тонаушыларға» теңейді, олардың көпшілігі ақылды да адал, сол кезеңнің көрнекті қайраткерлері екендігін мүлдем естен шығарады, ал қызметтеріне тоқталсақ қалыптасқан жағдайға байланысты іс-әрекет жасады», - деп әділ бағасын берген болатын [2, с. 252]. Кеңестік заманда А.Ф.Рязанов арнайы зерттеп қарастырғанмен Қаратай Нұралыұлының тарихи бейнесі толық ашылды деп айтуға болмайды. Өйткені зерттеушілер еңбектерінде Қаратай жөнінде «бүлікші», «қылмыскер», «қарақшы», «монархияны жақтаушы», «хандық таққа таласушы күрескер» ретінде түйінделген ой-

пікірлер, кешегі кеңестік тарих ғылымында Ресей патшасы саясатын қолдаушы деңгейінде ғана көрсетілген.

Алдымен сол заманда Қаратаймен таныс болған орыс шенеуніктерінің жазба зерттеу деректеріне сүйеніп, тарихи тұлғасын көз алдымызға елестетелік. Зерттеуші И.Казанцев 1867 жылғы «Қырғыз-қайсақтардың суреттемесі» еңбегінде: «Кіші жүздің Батыс бөлігінің алғашқы басқарушы сұлтаны – Қаратай Нұралыұлы болды. Ол бізге Жантөре Айшуақұлының өліміне қатысуымен, кейін өз кінәсін мойындап, жоғары мәртебелі патшаның кешірімін алуымен таныс. Қаратайдың түр-пішіні көріксіздеу: «Жалпақ мұрынды, қиық көзді, қисық ірі тісті, көсе, талтақ бұтты, сауатсыз болған, бірақ әкімшілікке хат жазғанда өзі айтып отырған, астына жеке өзінің жүзіктен ойылып жасалған мөрін басқан. Мінез-құлқы өзіне сенімді, тәкаппар, бірақ әділ және адал болған. Ол 70 жастан аса өмір сүріп, 1828 жылы қайтыс болды» делінеді [3, с. 229]. Ал, архив деректеріне сүйенсек, Қаратай 1826 жылы 28 маусымда қайтыс болғандығын көреміз [4, 28 п, 71 п.]. Қаратай бүгінгі Батыс Қазақстан облысындағы Жымпиты селосынан 18 шақырым жердегі Шідерті өзені жағалауында Байбақты руының қорымында жерленген. Қаратайдың бірнеше әйелінен бізге белгілісі 12 ұлының аты: Еркінғали, Тілеу, Қаналы, Сығалы, Әлжанәлі, Тәуке, Шолық, Ертіккали, Шөкі, Саналы, Бейсәлі, Қаршығалы. Мұны архив деректерімен қатар, Б.Қаратаев, И.В.Ерофеевалар зерттеулері де дәлелдейді. Қаратайдың ұлдары, ұрпақтары кейінгі Қазақстан тарихында өзіндік қолтаңбаларымен есте қалды.

Ұлт-азаттық күрес жылдары Кіші жүз рулары Қаратайдың батырлығы мен әскери қолбасшылығын түгелге жуық мойындады. А.Ф.Рязанов «Әскер көсемі, батыр ретінде Қаратай ешқандай қауіптен сескенбеді, қайта жауға өзі шапты; жорықта бірнеше рет жаралы болды. Бұл қасиеттері жігіттерді жігерлендіре түсті» [5, с. 298] десе, С.Н.Севастьянов Қаратайдың аса сақтығына, тіпті соңына түскен 1550 әскердің ештеңе жасай алмағандығына таң қалады [6, с. 105-106]. Архив деректері қазақ жасақтарының Қаратай бастауымен орыс әскерлерін, керуендерді қоршауға алғанын да сұлтанның түрлі талаптарын да келтіреді. Олай болса Қаратайдың қазақ рулары арасындағы беделі, кең қолдауға ие болуы түсінікті.Қаратай сұлтан бойынан шебер дипломатиялық қабілеттілікті байқаймыз. Оның 1797 жылдардан бастап Орынбор, Астрахан губернаторларымен жазысқан хаттары, орыс үкіметі алдына қойған шарттары, Хиуа бағытындағы жұмыстары айқын дәлел болады. Қаратай Хиуа ханымен де тығыз қатынаста болды. Өйткені 1856 жылы орыс керуендерін Хиуаға жеткізу Қаратайға тапсырылған болатын. Сонымен бірге зерттеушілер Қаратайдың атақты Сыр бойы қазақтарының ханы Арынғазы Әбілғазыұлымен XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі шиеленіс мәселелерді шешудегі саяси бірлігін көрсетеді. Қаратай Нұралыұлы – елін сүйген, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға. Қаратайдың бір басына атасы Әбілқайыр, әкесі Нұралыдан қалған мұра, 12 ата Байұлдарын басқарудан түскен мол пайда жететін еді. Бірақ ол тыныш өмірден гөрі халқының тәуелсіздігін, елінің, жұртының бүтіндігін, хандық басқарудың күшеюін көздеп отарлауға қарсы күресті. Ел арасында оның әділдігі, бірбеткейлігі, берген уәдесінен қайтпайтындығы, сонымен бірге қаталдығы жөнінде деректер сақталған. Мәселен, И.И.Крафт [7, с. 52] хорунжий С.К.Нұрмұхамедовтен жеткен хабарламаны келтіреді. Онда Қаратай сұлтанның Шерғазы ханмен күресі кезіндегі жағдай суреттеледі. Деректе Қаратай өзіне бағынбаған табын руының жылқышы бөлімінен 199 жігітті жазаға тартқандығы айтылған. Мұның барлығы XIX ғасырдың I ширегіндегі ішкі шиеленіс жағдайында болған оқиғалар. Әрине, бұл арада Қаратайдың қаталдығын баса көрсетуімізге болады. Мұндай әрекеттер қиын-қыстау жылдары жүзеге асып отырған. Тарихи шындық солай.

Қаратайдың бірнеше әйелінен бізге белгілі ұлдары: Еркінғали, Тілеу, Қаналы, Сығалы, Әлжанәлі, Тілепқали, Шиғали, Шоқты, Төлеуғали, Тәуке, Шонық, Ертіккали, Шөкі, Саналы, Бейсәлі, Қаршығалы. Мұны архив деректерімен қатар, Б.Қаратаев, И.В.Ерофеевалар зерттеулері де дәлелдейді. Қаратай ұлдары, ұрпақтары кейінгі Қазақстан тарихында өзіндік қолтаңбаларымен есте қалды. XIX ғасырдағы олардың қызметі Б.Қаратаев естеліктерінде кездеседі.

Бақытжан Бейсәліұлы Қаратаев (1860-1934) – қоғам қайраткері, заңгер, ағартушы-демократ. 1890 ж. Санкт-Петербург университетін алтын медальмен бітірген. 1907 ж. II-Мемлекеттік Думаның депутаты. Жер-су мәселесі бойынша қазақ халқының мүддесін көздеп қорғап сөз сөйледі.

Шәміл Бақытжанұлы (1899-1938) – әскери қайраткер, полк комиссары, азамат соғысына қатынасқан.

Б.Қаратаевтің інісі Аронның қызы Шахзада Аронқызы Шонанова (1903-1938) – педагог-әдіскер. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында ату жазасына кесілген бірден-бір қазақ қызы.

Еркінғалидан Мерәлі. Мерәліден Мұхит (1841-1918) – атақты әнші, композитор, ақын. «Зәуреш», «Бала Ораз», «Кіші Айдай», «Үлкен Айдай», «Паңкөйлек», «Жылқышы», «Алуаш», «Айнамкөз», «Қарақаншық», «Көкжар» т.б. әндері халқымыздың музыка өнерінің алтын қорынан орын алатын қайталанбас әндер.

Мұхитов Ғұбайдолла Шоңұлы (1896-1944) – Батыс Алашорда қайраткері, сазгер.

Мұхитов Лұқпан (1894-1957) – әнші, оқытушы. Қазақ КСР еңбегі сіңген артисі. Атасы Мұхиттің тәрбиесінде болған.

Мұхитов Құбыш Әшімұлы (1929) – күйші, профессор, домбырашылар ұстазы. Шәкірттері елімізге белгілі күйшілер Қ.Ахмедьяров, Ш.Әбілтаев, А.Жайымов, Б.Қарабалина, Р.Тәжібаев.

Тілеуден тараған ұрпақтан Шынтас Қаратаев (1884-1948) – әнші, композитор. Мұхиттың қасында жүріп, оның әндерін үйренген, ел арасына таратқан.

Шоныктан Медет, одан Ерқожа, Ерқожадан Қамбар (1901-1938) қазақ мәдениеті мен кәсіби музыка өнерін дамытуға ерен еңбек етіп, зор үлес қосқан, өкінішке орай сол еңбегі еленбей қалған тұлғалардың бірі.

Шайхы Нәуұлы Қаратаев (1890-1922) – әнші. Мұхит Мералыұлының немересі, атасының орындаушылық дәстүрін бойына дарытып, кейінгі шәкірттеріне үйретуші.

Зұлқарнай Шөкіұлы Нұралыханов (1832-1892) Орынбордың Неплюев корпусын бітірген. Бөкей Ордасында әкімшілік-басқару жұмысына араласты. «Дала уәлаты» газетінің Бөкей ордасындағы тілшісі болды.

Қызы Хұснижамал Нұралыханова 1883 жылы қазақ қыздарына арналған училище ашқан. Ұлдары Сәлімгерей Алаш қозғалысының қайраткері, Сейіткерей Кеңес өкіметін орнатуға араласқан тұлғалар.

Шығайдан Дәулеткерей (1820-1887) – күйші-композитор. Оның «Көркем ханым», «Ақжелең», «Топан, «Салық өлген», «Қаражан ханым» т.б. күйлерін шығарған. Күй өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы.

Шығай сұлтаннан тарайтын ұрпақтардың бірі – Майя Хожетдинқызы Шығаева (1927-2015) – ғалым, б.ғ.д, профессор. Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі. Еліміздің ғылымындағы микробиология саласына елеулі еңбегі сіңген қайраткер.

Бөкейден Тәуке, Әділ, Жәңгір және Меңдікерей туған.

Жәңгір (1801-1845) – Бөкей Ордасының соңғы ханы. Жасқұста Хан ордасын салдырды. Орда да мешіт, дәріхана, мектеп, тұрақты жәрмеңке аштырды. Қазақ тарихында қарама-қайшылықты тұлға ретінде қалды.

Ахметкерей Жәңгірұлы (1838) – полковник. Петербург Императорлық паж корпусын бітірген.

Ғұбайдолла Жәңгірұлы (1840-1909) – қазақтан шыққан әскери қайраткер. 1874 жыл Петербургте телеграф департаментін басқарды. 1877-1878 жылдары орыс-түрік соғысына қатынасты.

Сақыпкерей Жәңгірұлы (1829-1849) – Орынборда губернатор Обручевтің ерекше тапсырмалары бойынша көмекшісі болды.

Ыбырайым Жәңгіұлы (1833-1865) – полковник. Орынбор генерал-губернаторының қарамағында қазақ жұртын басқару ісімен шұғылданды.

Зәуреш Мұхамедкерейқызы (1867-1956) – суретші.

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев (1847-1920) – қазақ поэзиясында сыршыл, лирик, философ ақын болды. Қазақтың тұңғыш фотографы. Орал қаласында «Қазақстан» газетін шығаруға атсалысты.

Тәукенің ұлы Нұрмұхамедтен Махамбет Бөкейханов (1890-1937) – күйші, композитор. Көптеген күйлерді жаздырушы. А.Затаевич одан 28 күйді жазып алған. Халқымыздың музыка аспаптарын жетілдіруге елеулі еңбегі сіңген тұлғалардың бірі.

Ғабдолхакім Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1896-1938) – мемлекет қайраткері, күйші. 1920 ж. Орынборда алғашқы ұлттық үкімет – Қазақ ревкомының мүшесі, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің жауапты хатшысы болды.

Бөкейханов Науша (1870-1944) – күйші А.Затаевич одан 21 күй жазып алған. Құрманғазы атындағы академиялық оркестердің іргетасын қалаушылардың бірі.

Атырау облысы Махамбет ауданы Алға ауылынан солтүстік-батысқа қарай 21 шақырым төбе басында Жаналы қорымы орналасқан. Бұл қорымда Нұралы ханның немересі Әбілғазы сұлтанның баласы Сейдәлі сұлтан, Әбілғазы сұлтаның әйелі Қарабай сұлтанның қызы, сұлтан Арсылан Нұралыұлының немересі Тұнғали сұлтанның ұлы Дүйсемғали, Пірәліханұлы Абдулғазы сұлтан жерленген. Бұл қорымда тарихта аты қалған Әбілқайыр ұрпақтары жерленгендіктен біздің ұсынымызбен облыс бойынша «Қазақстанның киелі жерлері» жобасына «Төре-сұлтандар» қорымы деп берген болатынбыз.

Дегенмен де олар заманында кім болды, артында нендей ізгілікті із қалдырды? Міне, осы жағы белгісіз. Тіпті, олар туралы деректер жоқтың қасы. Сондықтан осындай тарихи тұлғаларымыз туралы зерттеп, жоғын түгендесек, келешек ұрпаққа бай мұра болып қалар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана – Алматы, 1997.

2 Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. Т.1. Вып. 2. – Оренбург, 1901.

3 Казанцев И. Описание киргиз-кайсак – СПб., 1867 // Букеевской Орде 200 лет. Кн.1. – Алматы, 2001.

4 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 4 қ., 1 т., 2276 іс; 274 іс.

5 Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838гг.) – Кызыл-Орда: Общество изучения Казахстана, 1926.

6 Севастьянов С.Н. Событие в Оренбургском крае, подготовившие экспедицию в Хиву 1839-1840 гг. – Оренбург, 1905.

7 Крафт И.И. Сборник узаконении о киргизах степных областей – Оренбург, 1898.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН ТАРИХЫНЫҢ АҚИҚАТЫ АЙТЫЛДЫ МА?

Жаңабек Жақсығалиев,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Орал қаласы

«Бұл өмір бәрімізге де мәңгілік емес. Мен де кетемін.
Тек қана тағы қырғыз-қазақ балаларыма бір із қалдырғым келді.
Кейінгі ұрпақтарым, тілектестерім жақсы жағынан
мені еске алғанда, жауларым күліп, дұрыс
жолдан тайдыруға ұмтылады».
(Әбілқайыр хан)

Қазақ хандарының ішінде Әбілқайыр айрықша орын алады. Тіпті әлі күнге дейін осынау ірі тұлға төңірегінде қарама-қайшы пікірлердің тыйылмауы Әбілқайыр ханға қатысты тарихшылар мен әдебиетшілердің бір тоқтамға келе алмай отырғанын аңғартады.

XYIII ғасырдың басы - халқымыздың азаматтық тарихындағы қыры мен сыры көп аса бір күрделі кезең. Бір ру, бір тайпа һәм бір ұлыс емес, тұтас бір ұлттың тағдыры қыл үстінде тұрды. Тарихи деректерге сенсек, Қазақ хандығының арғы-бергі тарихында дәл осындай халықаралық жағдайдың шиеленіскен кезі бұрын-соңды болған емес.

Әбілқайыр хан заманы хақында не білеміз?

Кешегі маркстік-лениндік кеңес тарихнамасында Қазақ даласына толассыз жасалған жоңғар жорықтарына ерекше мән берілді де, патшалық Ресейдің жүргізген астыртын империялық саясатына көп көңіл аударылмады. Сондықтан, тарихи шындыққа жету жолындағы іргелі ізденістер мен Отан тарихына ұлттық көзқарас қалыптастыру дәуірі енді ғана басталды. Байқаған жанға орыс отаршылдығының тарихы Әбілқайыр хан заманынан әлдеқашан бұрын басталған. Алтын Орда ыдырап, Шыңғыс хан іргесін қалаған империя құлаған кезде, оған бірнеше ғасыр бағынышты болған орыс жұрты есін жиды. Осы кезде түркі тектес халықтардың Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір және басқа хандықтары құрылды. Ресей мемлекеті аталған хандықтарды бірінен соң бірін бағындырып, өзіне бодан етті. Ақыры мысықтабандап Ұлы Даланың шетіне жайғасты. Жайғасып қана қойған жоқ, басып кіріп, Жайық пен Ертіс өзендерінің бойына әскери бекіністерін тізбектете салу арқылы сайын даланы қос бүйірінен сақиналап қоршай бастады. Оның үстіне, патша әкімшілігінің қазақ жеріне шектес жатқан башқұрттарды, Еділ қалмақтарын, Жайық казактарын, Сібір әскерлерін айдап салып, әлсін-әлі соғыс шығаруы Ресеймен көршілес жатқан Кіші жүздің саяси жағдайын одан әрі шиеленістірді. Қазақ хандығының XYIII ғасырдың бас кезіндегі саяси жағдайын Әбілқайыр ханның Тевкелевке айтқанынан-ақ анық байқауға болады: «Жылдар бойы қоңтайшымен соғысып келемін, оған әлім жетер емес... Оның үстіне, Еділ қалмақтары, башқұрттар, Бұхара және Хиуамен соғыса бастадық. Төрт жағымыздан бірдей жау қоршауында қалдық» (Красный архив. 1936. №5/78. С. 197). Нақ осы кезең туралы Ш.Уәлиханов былай деп жазған болатын: «XYIII ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының өміріндегі сұмдық ауыр уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ бойының қалмақтары, Жайық казак орыстары мен башқұрттар тұс-тұстан қазақ ұлыстарын қырғынға ұшыратты, малын айдап әкетті, қазақтарды бүкіл отбасыларымен тұтқындап алды» (Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений 5-ти томах. Т. 1. - Алма-ата: АН Каз ССР, 1961.С. 426). Қысқа айтқанда, XYIII ғасырда орталық шығыста халықаралық саясаттың негізгі күші Ресей империясы еді. I Петр Үндістан мен Қытай, барша Шығыс пен сауда жолдарын иемденуді армандады. Осы мақсатқа жету үшін Орта Азия мен Қазақстан жерін уысында ұстау керектігін жақсы түсінді. Сол мақсатта өзі ұйымдастырған Бекович-Черкасский, И.Д.Бухгольц, И.М.Лихарев т.б. басқарған әскери-барлау экспедициялары өте маңызды мәліметтер жинады. Осындайда I Петрдің: «Қырғыз-қайсақ ордасы - бүкіл Азия елдерінің қақпасын ашатын кілт» деген әйгілі сөзі ойға оралады. Осы ретте әбден әлсіреген Қазақ хандығын саяси тұйықтан шығарудың өзіндік жолын іздеген Мұхаммед Қазы баһадүр Әбілқайыр хан қазақ даласында болып жатқан сан алуан қысым мен қысастықтың артында Петербор сарайы тұрғанын сұңғыла саясаткер ретінде дер кезінде байқап, елді сақтап қалу жолында Ресеймен жақындасуға мәжбүр болды. Бұл қадам - 1710 жылдан Кіші жүз ханы, 1726 жылдан Қазақ жасағының Бас қолбасшысы һәм жоңғарларға қарсы азаттық күресінің жұрт мойындаған көсемі, стратег әрі тактик, саяси тәжірибесі орасан зор Әбілқайыр ханның дипломатиялық айласы. Қазақ жерінің әр пұшпағын өлермендене қорғаған Әбілқайыр ханның орыс ұлықтарына: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені мұндай жайлы жерді олар еш жерден таппайды» (КРО-I, 366-б.), - деп ширыға тіл қатуы оның саясатынан басқаша астар іздеуге еш мүмкіндік бермейді.

Әбілқайыр хан туралы зерттеушілер не дейді?

Бұл тарихшылар мен ғылыми-көпшіліктің қаламы ешқашан суымаған тақырып десек, қателеспейміз. Біздіңше, оның бірнеше себептері бар. Соның негізгі екеуіне ғана тоқталайын: біріншіден, қалай болғанда да Әбілқайыр хан тұсынан бастап қазақ-орыс қарым-қатынастары өзгеше бағытқа бұрылып, бұрынғыға ұқсамайтын жаңа мәнге ие болды. Сондықтан ұзақ жылдарға

созылған бодандық дәуірде оның жүргізген саясатына ерекше мән берілгені сондай, тарихи зерттеулерде Әбілқайыр ханның қоғамдық-саяси қызметі тек Қазақстанның Ресейге қосылуы тұрғысында ғана сараланды. Ал екінші себебін Әбілқайыр ханның бірегей құбылыс екендігінен, ұлылығы мен тарихи болмысының күрделілігінен іздеу керек. Ұлы қолбасшылық даңқын алты алаш ардақ тұтқан, өзгеге ұқсамайтын меритократиялық қасиеттерімен дараланған көреген саясаткер Әбілқайыр ханның тарихи болмысын ғылыми негізде толық жүйелеу, зерделеу және сараптау ісі сол заманнан күні бүгінге дейін үзіліссіз жалғасып келеді. Қазан төңкерісіне дейінгі Л.Мейер (Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. // Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба - СПб., 1865. С. 5), Ф.Лобысевич (Лобысевич Ф.И. Поступательное движение в Среднюю Азию и торговом и дипломатическом отношении. - СПб., 1900. С. -38-39), М.Красовский (Красовский М. Материалы географии и статистики Росии. Область Сибирских киргизов. Ч. I-III. - СПБ.: Типографии: Траншеля, Владимирская, №1, Рентгера и Шнейдера; 1868. С. -58-59) сынды дворяндық-буржуазиялық ағымдағы орыс тарихшылары Әбілқайырды «баққұмар», «мансапқор» десе, екінші жағынан, осы кезең туралы еңбектер жазған келесі бір орыс тарихшылары П.И.Рычков (Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). Оренбург: Типолитография Ив Ив. Ефимовского - Мировицкого. Издание Оренбургского губернского Статистического Комитета, 1896. С.5), А.И.Левшин (Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз - кайсацких, орд и степей. Ч. I, II и III. СП б., 1832. С.-296-297), Н.Попов (Попов Н. В.Н.Татищев и его время. Эпизод из истории государственной, общественной и частной жизни в России, первой половины прошедшего столетия. - М.: Типография В.Грачева, 1861. С. 172), В.Н.Витевский (Витевский В.Н. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. - Казань: Типо-Литография В.М.Ключникова, 1889-1897. Т.I. С.136), А.И.Добросмыслов (Добросмыслов А.И. Материалы по истории России. Т.II., - Оренбург, 1900. С.-97-98) және басқалары ханның жеке саясатшылық қасиетіне таң қалғаны сонша, оны «жеке басының аса ірі қасиеті бар, ақылды да айлалы билеуші» ретінде бағалаған. 1943 жылы шыққан «Көне дәуірден біздің кезеңімізге дейінгі Қаз ССР тарихы» (Абдыкалыкова М., Панкратова А. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. - Алма-Ата: Казагиз, 1943.) оқулығында: «...өз халқын сатқан авантюрист Әбілқайыр хан өз билігін сақтап қалу үшін патша өкіметінің көмегіне сүйенді (152-б.). Тек қана өзінің қара басының қамын ойлай отырып (153-б.), ол патша өкіметінің Қазақ даласындағы халыққа қарсы саясатын жүргізуші басты тірегіне айналды» (160-б.), - деп еш дәлелсіз байлам жасалуы былай тұрсын, Әбілқайырдың жеке басына адамның жаны түршігетін негізсіз айыптар тағылды. Бірқатар тарихшыларымыз осындай біржақтылықтың шылауында кетіп, қайткенде де қазақ даласын отарлауды алдына мақсат етіп қойған Ресей империясы Орынбор әкімшілігінің екпінін тежеп, мейлінше қарсы тұрған Әбілқайыр ханның жанкешті күресін есепке алмай, назардан тыс қалдыруға тырысты. Талай тарихшы қазақ халқын «қасіретке душар еткен опасыз» Әбілқайырдың «кемшіліктерін» табуға бейім тұрды. Бертінірек тарихшылар жаулық туралы пікірді шектеді де, Ресейге қосылудың «обьективті прогрестік салдары» жөнінде көбірек айта бастады. Ақырында тарихшылар Әбілқайыр қазақ халқының мүддесін обьективті түрде білдіріп қана қойған жоқ, ол қиядағыны болжай білетін дана билеуші, алаштың игілігі мен мүддесінің қамқоршысы ретінде саналы түрде шешуші қадамға барды деген тұжырым жасалды. Ел тәуелсіздігімен бірге әбілқайыртанудағы жаңа ізденістердің қатарына К.Есмағамбатов, И.Ерофеева, Ә.Мұқтар, С.Мәшімбаев, Ж.Қасымбаев, С.Өтениязов, Б.Нәсенов т.б. тарихшылардың сүбелі еңбектері қосылды. Тарихшы Ирина Ерофееваның монографиясы - Әбілқайыр сынды көрнекті мемлекет қайраткерінің шынайы болмысын танытуға арналған алғашқы ғылыми зерттеулердің бірі. Академик Манаш Қозыбаев аталған еңбектің «империялық идеология сарынын кеңінен уағыздайтынын» айтқан еді, сөйтсе де, бұл зерттеуінде автор әйгілі қазақ ханының өмірі мен қызметінің соншалықты сан қырлы әрі зор мәнді болғанын дәлелдеуге тырысады. Әсіресе, ол: «Әбілқайыр өмірі мен қызметі туралы тарихнама оның өте беделді замандасы hәм жауы жазған жазбалардың ықпалымен өрескел бұрмаланып, ханның шынайы тұлғасы мен болмысын анықтауға кедергі болып келді» (Ерофеева И.В. Хан Абулхаир полководец, правитель и политик. - Алматы: Санат, 1999. С.8) - деп, тың ойды алға тартты. Бұл жердегі Әбілқайырдың жауы - Орынбор

генерал-губернаторы Иван Неплюев. Ерофеева көптеген зерттеушілердің осы «Неплюевтің Әбілқайыр беделінің қазақ арасында төмен екендігі, ханның билік құмарлығы мен қимылдарының кереғарлығы, орыс бодандығын жеке басын ғана ойлап қабылдағаны туралы жалған тезистерін тікелей көшіріп алып», қайталаумен келе жатқанын әділ түрде атап өтті. Шынында да, И.И.Неплюевтің Әбілқайырға берген, жалпы алғанда, біржақты бағасы кейінгі орыс тарихшыларына сілтеме жасар мықты бір дерек болғаны рас еді. Бұл, айта кету керек, кезінде Кенесарыны біржақты бағалауға ықпал еткен Шоқан жазбаларындағы тұжырымға мейлінше ұқсас болатын. Әлі де болса Әбілқайырдың күрделі тұлғасы толық зерттелді деп айту қиын. Кіші жүз ханы туралы көптеген мәселелер түбегейлі, байыпты зерттеуді талап етеді. Әбілқайыртанудағы өзекті мәселелерді зерттеуді ғалымдар, шын мәнінде, енді ғана қолға ала бастады.

Әбілқайыр хақында теріс пікір қалай қалыптасты?

Сөз жоқ, Әбілқайыр хан - Ордабасы құрылтайында қазақтың игі-жақсылары бірауыздан ақ боз атқа отырғызған Бас қолбасшы, Бұланты мен Аңырақай шайқастарындағы жеңістің негізгі ұйымдастырушысы және дем берушісі. Джон Кэстльдің сөзінше, «зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ» (Кэстль Джон. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. -Алматы: Атамұра, 1996. 82-бет). Ал геолог Молдияр Серікбаевтың дерегіне сай, қазақ даласында Әбілқайыр хан атымен тығыз байланысты жер-су аттарының көптеп кездесетіндігі сондай, қазақ хандары мен батырларының арасында ешкім онымен шендесе алмайды (Молдияр Серікбаев. Әбілқайыр ханға қатысты жер-су аттары өте көп // Аңыз адам. - Алматы, 2012, №2(38). 47-б.). Мұның бәрі оның санаулы ғұмыры елін-жерін қорғау үшін жорықта, ат үстінде өткендігінен сыр шертеді. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Осындай даңқты тұлғаның Аңырақай шайқасынан кейінгі қимыл-қарекеті хақында отандық тарих ғылымында М.Тынышбаевтың жазбасы негізінде теріс пікір қалыптасқан. Бірақ оның ешқандай тарихи дерекпен дәйектелмегенін баса көрсетеміз. Аңырақай жеңісінен соң өлген Болат ханның орнына «Әбілмәмбеттің бас хандыққа сайлануы» жайлы өз пікірін білдіре келе тарихшы былай дейді: «Үміткер үшеу еді. Біріншісі - барлық қазақ әскеріне қолбасшылық жасаған және тамаша жеңістерге жеткен Кіші жүз ханы Әбілқайыр; екіншісі - Болаттың інісі Шахмұхаммед (Сәмеке), түркі-монғол мемлекеттеріндегі дәстүр ғұрып бойынша патшалық етуші әулеттің ішіндегі ең үлкені таққа отыруға тиісті, демек, Сәмеке негізгі үміткер; үшіншісі - Болаттың ұлы жас Әбілмәмбет. Болаттан кейін, міне, осы Әбілмәмбет үш жүздің ханы аталды. Шамасы, хан сайлаушылардың сәл көпшілігі (дені болмаса да) осы Әбілмәмбетке дауыс берген. Әрине, мұндай кемсітуге мейлінше намысқой, кексе хан Әбілқайыр шыдай алмаған; мұндай сайлауға Әбілмәмбеттің әкесінің інісі Сәмеке де риза бола алмайды. Сондықтан да Әбілқайыр кеткеннен кейін іле-шала Сәмеке де өз қарауындағылармен майданды тастап шығады» (Тынышпаев М. История казахского народа. - Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. 197-б.). Осы пікірден шыға келе автор, Кіші жүз ханының Ресейге елші жіберуін қазақ хандарының арасындағы билікке таласпен байланыстырады. Алайда, қазіргі Отан тарихы ғылымы дамуы тұрғысынан қарасақ, қазақ тарихшысының бұл тұжырымы күмән тудырады. Өйткені, Әбілмәмбет 1730 жылы Аңырақай шайқасынан кейінгі уақытта сұлтан дәрежесінде болған. Ол 1739 жылы, атақты шайқастан бірнеше жыл өткеннен кейін ғана хан сайланған. А.Тевкелев 1732 жылғы 5 қаңтарда Сыртқы істер алқасына жазған хабарламасында былай дейді: «Олардың Сәмеке, Күшік деген хандары Барақ, Әбілмәмбет деген екі сұлтаны бар» (РИССМ, 122 қ., 122/1 т., 1733, 4 іс, 13п.). Дворяндық-буржуазиялық орыс тарихнамасының ірі өкілдерінің бірі П.Рычков оның хан болып тағайындалған уақыты 1739 жыл деп анықтаса, 1740 жылы князь Урусовпен болған сұхбатта Жәнібек батыр Әбілмәмбетті Түркістанда 1739 жылы хан сайлағандарын, оны сүйеген арғын-алтай, керей-уақ сияқты мықты рулар екенін мәлімдеді (КРО-І, 148-б.). Келтірілген тарихи деректер және басқа да көптеген мәліметтер Әбілмәмбеттің Аңырақай шайқасынан кейін хан болып сайланғандығы жөніндегі М.Тынышбаев тұжырымын жоққа шығарады. Өйткені ол, дәл осы реніштен кейін Әбілқайыр Ресейге елші жіберді деген пікірде болды (Тынышпаев М. Көрсетілген еңбек.198-б.). Бір назар аударарлық нәрсе, М.Тынышбаев тұжырымының тарихи әдебиетте айна-қатесіз шындық ретінде орныққаны сондай, жалпы білім беретін орта

мектептердегі Қазақстан тарихы оқулықтарында (Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгелдиев М., т.б. Қазақстан тарихы. 10-сынып. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. 189-б.) қазақ хандарының билікке таласын көрсететін Састөбе (Сайрамға жақын) құрылтайының енгізілуі ешқандай сын көтермейді. Бұл жас жеткіншектердің ұлттық тарихи санасын қалыптастыруға теріс әсер етіп жатқаны айтпаса да түсінікті. Тарихта әлі басы толық ашылып, түбегейлі тиянақталмаған, ғылыми негізде жүйеленіп үлгермеген дүниелерді мектеп оқулықтарына енгізіп жіберу - тым асығыстық пен салғырттығымыздың белгісі. Ал қытай деректері Әбілқайыр ханның солтүстік-батысқа кеткенін жазғанымен, өз орнына бауыры Бұлқайыр сұлтанды 70 мың сарбазбен қалдырғанын және Бұлқайыр сұлтан Шу және Талас мекендеріндегі жоңғарларды талқандады деген мәліметтер береді (Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIY-XIX вв. - С.63-64). Аңырақай шайқасынан кейін аға хан сайлау туралы құрылтайдың өткенін айғақтайтын мәліметтің болмауы, жоғарыдағы айтылып жүрген әңгіменің жай, әшейін долбар екенін аңғартқандай. Егер де хан сайлау рәсімі ежелгі дәстүр бойынша өткізіліп, ұлы хан ақ киізге көтеріліп, ұлықталар болса, Әбілқайыр хан кандидатурасының өзге үміткерлерден шоқтығының биік екенін және оның еш баламасыз «өтіп» кететінін жақсы ұққан Жәдік әулетінің сұлтандары қасақана бұл сайлауды болдыртпаған секілді. Мұндай пікірлер бізден де бұрын айтылғанын оқырманның есіне саламыз (Әбіш Кекілбайұлы. Шандоз. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. 74-б.).

Бір ғажабы, қазіргі қоғам һәм Отан тарихы ғылымы сол бір тарихи кезеңде әскери-саяси белсенділігімен өзге төрелерден оқ бойы озық шыққан Әбілқайырды аға хан ретінде бірауыздан мойындамаса да, шындығында сол заманнан бізге жеткен тарихи деректер оның бас хан болғандығын жоққа шығармайды. Бұл сөзімізді дәлелдейтін деректер жеткілікті. Еліміздегі мемлекет құраушы ұлт - қазақ халқының саны артқан сайын қоғам, әсіресе, жас ұрпақ тарапынан бұл сұрақ күн тәртібіне сан мәрте қойылып, оған шынайы жауап іздеу әлі сан мәрте талқыдан өтері және көтерілген мәселенің обьективтілігіне қоғамдық сұраныстың өсе берері анық. Бүгінде Әбілқайыр хан саясатынан кінәрат іздеушілер нақ осы төңіректі шиырлап жүр. Орыс отаршылдығының барлық зардаптарын Әбілқайыр ханның мойнына іле салу, оны басты күнәһар санау тарихи шындыққа қанжар сұғумен бірдей. Республика бойынша көлемді таралыммен тарайтын тарихи-танымдық «Аңыз адам» журналының Әбілқайыр ханға арналған санындағы (Әбілқайыр хан (1693-1748) //Аңыз адам. - Алматы, 2012, №2(38) қазақ тарихшыларының ол туралы айтқан айқыш-ұйқыш пікірлері, ғаламтордағы 4 бөлімнен тұратын Әбілқайыр хан туралы деректі фильмдегі (Қараңыз: Әбілқайыр хан - 1 бөлім // https://www.youtube.com/watch?v=HJFx-l1-AOA; Әбілқайыр хан - 2 бөлім // https://www.youtube.com/watch?v=7BeNRzz7KQY ; Әбілқайыр хан - 3 бөлім //https://www.youtube.com/watch?v=KeAlwtRcx3g; Әбілқайыр хан - 4 бөлім // https://www.youtube.com/watch?v=uYpClAViDnw) тағы сондай бір-біріне қарама-қайшы көзқарастар мен ғаламтор сайттарындағы Әбілқайыр ханға қатысты мақалалардан (Жақсығалиев Жаңабек. «...Кіші жүзді найза берде, жауға қой» // http://old.abai.kz/node/12833; Қожырбайұлы Мұхамбеткәрім. Әбілқайыр хан «сатқын» емес. Ол - қазақтың «Аға ханы» // http://old.qamshy.kz/?p=22472) кейінгі тоқтамайтын толассыз талас-тартыстар айтулы тұлғаға деген ортақ ұлттық пікірдің әлі күнге дейін қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл - біздің санамыздың отаршылдар жазған тарихтан, сол кезде қалыптасқан пікірлерден әлі де арылмағандығының көрінісі, сондай-ақ, өкінішке қарай, бұл жерде трайбализмнің салқыны да бар.

Әбілқайыр ханның әйгілі хаты жөнінде не білеміз?

Шын мәнінде орыс отаршылдығының Әбілқайыр ханның хатына дейін басталып кеткендігін алға тартқан санаулы кәсіби тарихшылардың салмақты пайымын есептемегенде, жалпы қоғамдық һәм ұлттық сана мұны терең түсініп, жан-жақты саралайтындай жоғары деңгейге әлі көтеріле қойған жоқ. Ал Әбілқайыр хан саясаты хақында айтылар ақиқат, біздіңше нақ осы жерден басталу керек. Бір қызығы, посткеңестік кеңістіктен тыс елдердің ғалымдары Алан Боджер (Англия), Марта Брилл Олкотт (АҚШ), Баймырза Хайит (Түркия), т.б. қазақ ханына әлдеқашан әділ тарихи бағасын беріп үлгерді (Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. - Алматы:

Атамұра-Қазақстан, 1994. 82-83бб, 89-б.; Лаумулин М.Т. Қазақтар және Ресей империясы. // Қазақ. - Алмты: Білім, 1994.76-б.). Әбілқайыр ханның атышулы хатының дұрыс аудармасын белгілі тарихшы Амантай Исин баспасөзде жариялады (Исин А. Әбілқайыр ханның хатын қалай оқыған дұрыс? // Абай. 2001. №2. 41-44-бб.). Мұны көзіқарақты оқырман жақсы біледі. Сондықтан ол хаттың мәтінін қайталап берудің қажеті шамалы. Хаттың түпнұсқасы оқылғанға дейін оның мазмұны туралы халық арасында да, қазақ қоғамында да пікір сан-саққа жүгірді. Әйгілі хатты арнайы оқыған тарихшы-маманның айтуынша, қате аударылған, өзгертілген немесе аударылмаған сөздерден тыс ресми аударма салқынын тигізген, хаттың өзінде жоқ, белгілі саяси мақсат үшін қосып жіберген сөздерді табуға да болады. Осылайша хаттың бірнеше жерден өзгеріске ұшырағаны анықталды. Әбілқайыр хатының дұрыс аудармасын жасаған ғалымның пікірінше, «Әбілқайыр хан - Ресейге бодан болу идеясын ұсынушы емес, қалыптасқан тарихи жағдайдан өз халқына тиімді жол іздеуші ғана. Ол мәжбүр болды. Заманында «кіші залал» болатындай дұрыс жол таба білді. Басқа жол елдің бөлшектенуіне, солтүстік бөліктерінен айырылуына апарар еді. Басқа ел көсемдеріне қарағанда, Әбілқайыр Ресей патшалығы туралы мол мағлұмат білді... Хан өзге саясат ұстанса, бәлкім, қазақ жері орны толмас бөлшектенуге түсер ме еді... Шебер саясаттың бастамасын Әбілқайыр хан салып кеткенін мойындау керек. Әбілмәмбет хан мен Абылай хан Әбілқайыр хан саясатының жаңғыртпасын жасап, халыққа төнген Ресей қаупінен арылтты, алып патшалықпен тіл табысып, достық орнатып, негізгі жер иеліктерін сақтап қалды...» (А.Исин. Әбілқайыр ханның хаттарында артық жалбарыну, құлдана сөйлеу байқалмайды. // Аңыз адам. - Алматы, 2012, №2(38). 19-б.). Иә, басқасын айтпағанда Әбілқайырдың үлкен баласы Нұралымен жасты көреген ханымыз Абылайдың өзі Әбілқайырдың ұлы хан екенін мойындап кеткен болатын. Мұны Мәскеу мұрағатының деректері дәлелдейді. 1767 жылы 14 желтоқсанда Омбы әкімшілігіне жолдаған Абылайдың хатындағы (РИССМ. 122қ., 122/2 т., 1766-1769, 18 іс, 189 п.) қазақтың бас хандарының тізімінде Әбілқайыр ханның айтылуы кездейсоқ емес. Тағы бір назар аударарлық нәрсе, соңғы жылдардағы ресейлік ғалымдардың еңбектері, Әбілқайыр ханды Ресей бодандығына қабылдау кезінде Ресей мемлекетінің көшпелі халықтар мен мемлекеттердің өзара қатынасының бұрынғы дәстүрлерімен қатар жаңа империялық құқықтық тәжірибелердің де қолданғандығын көрсетеді. Осы тәждестіру нәтижесінде қазақтардың Ресей империясы құрамында болған алғашқы кезеңіндегі дәрежесі аса айқын болмай, ақырында бұл Ресей әкімшілігі мен қазақ билеушілерінің қатынастарының шиеленісуіне алып келді (Почекаев Р.Ю. Указ императрицы Анны и присяга хана Абулхаира 1731г.:между старинными традицями и новым имперским законодательством. // Отан тарихы. - Алматы, 2014, №3(67). 5-15бб.). Сондай-ақ, Әбілқайыр ханнан кейін Ресейге ант берген қазақтың хан-сұлтандарының бәрін, кезінде Қойшығара Салғараұлы айтқандай, сатқын дей алмасымыз тағы белгілі. - Тобықтай түйін жасасақ, қалай болғанда да Әбілқайыр хан Ресейдің құлақкесті құлы болған жоқ. Ол өле-өлгенше дербестігін сақтап, өз саясатын жүргізді. Әбілқайыр хан тұлғасы төңірегіндегі «сеңнің қозғалмай жатуының» тағы бір сыры орыс отаршылдығының саясатын әшкерелейтін құжаттардың ұлттық мүдде тұрғысынан толық талдауға алынбауына байланысты ма деген де ой келеді. Орыс отаршылдығы - әлі қаузалмай жатқан тақырып. Отан тарихы ғылымындағы деколонизация (отаршылдықтан арылу) саясаты түпкілікті аяқталған жоқ. Оның уақыты келеді. Демек, Әбілқайыр хан саясатын орыс отаршылдығының біртұтас тізбегінде қарастырған абзал. Тек сонда ғана Әбілқайыр хан тұлғасына берілер әділ бағаға сүрлеу салынары хақ. Кейінгі ұрпақ Әбілқайыр ханның: «Мен халқым үшін қызмет етуге әр уақытта дайынмын, керек болса жеке басымды құрбандыққа шалуға да бармын. Сіздерді елдің еркіндігі мен тыныштығы үшін бірлікке шақырамын», деп айтып кеткенін еш уақытта ұмытпауы тиіс.

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Бакытова Ақмаржан Сексенқызы
«ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҮЗДІК ҰСТАЗЫ» төсбелгісінің иегері,
№18 орта мектептің мұғалімі,
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы

Алатау өспейді екен, өшпейді екен,
Ауыздан алып аты түспейді екен.
Кәрілер: «Киелі ер-ай», деп күрсініп,
Жастары: «Ер ұрпағы-біз!» дейді екен.
Мағжан Жұмабаев

Адам баласы үшін туған елінде өмір сүру қаншалықты үлкен бақыт болса, оның келешегін құру ісіне қатысу да соншалықты үлкен бақыт. Елдің ертеңі үшін адал еңбек ететін және ұлы мақсаттарды көздейтін тұлғалар ғана жасампаздықтың жарқын үлгісін көрсете алады. Осы жасампаздықтың жарқын үлгісін Бопайдың өмір өткелдерінен көреміз. Барша халықты жүрегімен сүйген Бопайдың әрбір күні жасампаздыққа толы болған. Қазақ халқының болашағы үшін табанды түрде ұлы істер жасаған. Бұл асыл жаннан бүгінгі ұрпақ сабақ алуы керек. Бопай жасаған әрбір істе «Елім,ұлтым» деген биік рух көрінеді.

Тарихи деректерге қарағанда, Бопай ханым өз заманының ақылды да, білімді адамы болған. Бопай өз өмірін, бойындағы бар қуатын қазақ халқына,қазақ халқының жарқын болашағына арнаған дара тұлға, дана тұлға. Ол қазақ ұлттық тарихында айрықша орны бар аса ірі саясаткерлердің бірі.

Бопай Әбілқайыр ханның жанында үнемі болған. Саясаттағы көрегендігін байқаған Әбілқайыр хандықтың маңызды мәселелеріне оны түгел араластырып отырған. Қызылқұмдағы әйел заты қатыспайтын құрылтайға да ханымды алып барған. Өте зерек, саясаткер Бопай ханым саяси мәселелерді шешуде белсенділік танытқан. Әбілқайыр хан сарайында қолданылған тәртіп ереже бойынша шет ел елшілерін қабылдау кезінде ханның әйелдері де қатысқан. Бұл туралы сол кездегі деректерден көреміз. Сондай-ақ бұны ағылшын суретшісі, орыс патша үкіметінің қазақ даласын отарлау мақсатында XVIII ғасырдың 30-жылдарында ұйымдастырылған Орынбор экспедициясына қатысушы Джон Кэстль күнделігіндегі жазбалардан және «Бопай ханымның қабылдауында» атты (1736 жылы) суретінен айқын көреміз.

Дж. Кэстль. Бопай ханымның қабылдауында. 1736 ж.

Сүрет 1 – Дж. Кэстль. Бопай ханымның қабылдауында, 1736 ж.

Бұл суретке қарасақ, хан жанында ханның бірнеше әйелдері бетіне перде жауып отыр. Әсіресе, Бопай ханға жақын отыр. Бұл туралы Дж. Кэстль: «Хан ол жақтан қайтып келгеннен кейін, кешке мені өзіне шақырып алды, ондағы мақсаты – менің ханшаның ресми қабылдауында болып, соңынан әйелдерімен бір дастарқан басында тамақ ішкенін көрсету екен. Хан отырған үйдің ішіне керемет парсы кілемдері төселіпті. Өзі малдас құрып отыр, тізесінің астында бұхар барқытымен тысталған әшекей жастық жатыр. Төбеге қызыл, ақ және сары түсті жібек мата ұсталған. Ханның сол қол жағында дәл сондай төрткүл жібек шымылдықтың артында оның үш әйелі отырды. Ең жақсы үлкен бәйбішесі-ханшасы-төрде отырды, оның үстіне кигені қызыл жібектен, алтын жіппен өрнектеп тастаған, басындағы әшекейлі бас киімі түріктің сәлдесіне ұқсайды және өзі алтынмен кестеленген. Қалған екі әйелі Бұхардың қызыл барқытына оранған, әрқайсысы басына ақ шыт орамал байлап алған, ол орамалдың әрқайсысының ұзындығы менің ойымша жиырма аршын болу керек. Бәрінің аяғына кигені жұмсақ жасыл шегрен етік [1. 23-бет]»,- дейді. Бұдан біз Әбілқайырдың Бопайдың кеңесін тыңдап, пікірлерін бағалағанын көреміз.

Бопай ұстанған ұстанымдар мен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» мақаласындағы ой-пікірлерде үндестік бар. Ұлт руханиятын ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы мен Бопай идеялары тығыз сабақтасып, әрі жалғасып жатыр.

Қазақ елі ежелден ұл-қыздарын ержүрек батыр қылып тәрбиелеген. Көкірегіне Отан сезімін ұялатуды бесіктен бастаған. Бесіктен Отан ұғымы құлағына сіңген Бопай ханым ең алдымен – ерен патриоттығымен көрінеді.

От жүректі Бопай қазақ елі үшін, қазақ халқын ұлт ретінде сақтау үшін, қазақ ұлттық мемлекеттігіміздің тарихындағы қиын кезеңнің мәселелерін шешу үшін, ұлттық құндылықтарды сақтау үшін, елдің жарқын болашағы үшін күресті. Әсіресе, қазақ халқын аман сақтап қалуға жасаған іс-әрекеттерінен ерен патриоттықты көреміз және патриоттығына сүйсінеміз. Ел амандығын ойлап, туған балаларын аманатқа беру де - үлкен патриоттық. Ұлын сағынған ана туралы Дж.Кэстль күнделігінде: «Әсіресе ұлының суретіне қанша қараса да көзі тоймаған шешесінің қуанышы алабөтен еді; көзінің жасын төгіп жіберіп, суретті сүйе берді»,-деп аманаттағы баласын сағынған Бопайды суреттейді. Сан жылдар бойы бауыр еті балаларын сүйе алмай, кепілдікке беруі-ұлы ерлік. Осындай патриоттықты бүгінгі ұрпақтан көруді асыл мұрат тұтқан Елбасы өз мақаласында: «Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қанын тамған жеріне, өскен аулына, қалаң мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады» [2], -деген сөзімен Отаншылдыққа үндейді.

Ханым дипломатия саласына, көрші мемлекеттермен бейбіт тиімді қатынастар орнатуға ұмтылды. Дау-мәселелерді келіссөздер жүргізу арқылы шешті. Бұл кезде өзіндік дипломатиялық рәсімдер мен ережелер қалыптасты. Елдің ішкі басқаруына көбірек назар аударылды. Орыс-қазақ ынтымағын орнатуға күш салды.

Зерек те, зерделі Бопай ханым өз заманының алдыңғы адамы болып, заман ағымына икемделу керектігін білген. Орыстың жетістігін түсініп, одан үйрену керек нәрселердің көп екендігін саралаған. Әрбір адам заман ағымына икемделуі арқылы жетістікке жетеді. Бұл туралы Н.Ә.Назарбаев: «Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.[2]» - дейді.

Бопай - өз заманының сауатты да, іскер адамы. Бұған дәлел ханымның патшайым Елизаветтаға, Анна Ионовнаға, бригадалық генерал А.И.Тевкелеевке, Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке, концлер А.П.Бестужев-Рюминге жазған. Бұл хаттардағы ел мүддесіне қатысты айтқан ой-пікірлері бүгінгі алып барылып жатқан саясатпен сарындас.

Бопай ең алдымен халықтың бейбіт өмірі, жақсы тұрмысы туралы ойлады. Қазақтардың орыстардан көпке артта қалғанын түсінген соң, біліммен халықты оятуды армандады. Бопай ханым алдымен ел басқаратын адамдардың білімді болуын назарға тұтты. Осы білім мен ғылым арқылы халықты оятуды армандаған Бопай өз мақсатына жету үшін алға ұмтылды. Өз балаларына жақсы білім мен тәрбие беруде халыққа үлгі болды. Оның үш баласы хан болды. Нұралы,Ералы,Айшуақ хандар өз заманының білімді адамдары еді. Олар араб, парсы т.б. шет

тілдерін және көршілес елдердің салт-дәстүрін терең білген кемеңгер тұлғалар болып шықты. Бұған тарих куә. Тек өз балдары емес, бүкіл халықтың білімді болғанын қалады. Қазақ жерінде қалалар салынып, мектептер салуды қолға алу керектігін білді. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір Қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғы шарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша Қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың камы» [2] деген сөздерінен жастарды әлемдік озық технологияларды меңгеруге, ғылым мен білімге ұмтылдыру керектігіне баса назар аударады.

Себебі ертеңгі келешегін ойлаған кез келген мемлекет ең алдымен жастар тәрбиесіне мән береді. Әсіресе, білім саласына мән берілуі керек. Заманалық білімі бар жастардың күш-қайратымен мемлекет құдіретті мемлекетке айналатынына Елбасы сенеді. Ал Бопай жастарды ғылым мен білімге үйретуді осыдан бірнеше ғасыр бұрын ұрандаған. Әрбір адам өз ұрпағының білімді де сауатты, әдепті де білікті, жігерлі болуын қалайды. Ұрпақ сауатты болсын деген Бопай ханым мен Елбасы пікірлері тағы үндеседі. Бопай ханым және рухани жаңғыру бағдарламасы ортасындағы сабақтастық пен жалғастық еліміздегі алып бара жатқан саясаттар, түрлі алып барылып жатқан іс-шараларда көрініс табуда.

Біз өзіміздің кімдігімізді, қандай ұлы адамдардың ұрпағы екенімізді ұмытпай, әр күнімізде Бопай жасампаздығынан үлгі алып, алдымызда жарқыраған бағдаршам болған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіп, халқына адал болған Бопайдай асыл тұлғаның сара жолына адал болайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джон Кэстль.1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы.- Алматы: Атамұра, 1996. - 96 бет.
2. https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru

КІШІ ЖҮЗДІҢ АРДАҚТЫ АНАСЫ

Оқушы: Зинеденова Аружан Бауржанқызы
Жетекші: Тулешова Айтолқын Байжанқызы
Атырау қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі

Елбасымыздың «Біз – ананы, әйелді әр уақытта құрметтеп, жоғары бағалаған халықпыз. Батыр аналарымыз ел басына күн туғанда ер-азаматтармен бірге қолына қару алып, Отан қорғаған. Ел үшін ер-азаматтармен бірге жауға шапқан Бопай ханым, Хиуаз Доспанова, Әлия, Мәншүктер өшпес ерліктерімен елдің санасында қалғанын бәріміз жақсы білеміз»— деуі де бізге тарих тағылымын ұмытпауға бағдар береді. Еліміз Тәуелсіздік алғалы жадымыз жаңғырығып, тарихымызды түгендеуге кірістік. Ал Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылды Ұлттық тарихымыздың ұлықталатын жылы деп атауы көп қозғалысқа жол ашты.[2] Осы дара тұлғалар арасында есімі көп атала бермейтін,бірақ қазақ батырының кеңесшісі, ақылшысы, Кіші жүздің дана аналарының бірі Әбілқайыр ханның жары Бәтима немесе Бопай ханым ерекше қызығушылығымды туғызды.

Бопай Ханым - Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан асқан сұлу, өте ақылды, ержүрек қайраткер, аузы /сөзі/ дуалы мәмілегер. Бопай Төре тұқымынан Құдайкеден тараған Қосай атасының Адай руынан - батыр Табынайдың үлкен ұлы Сүйіндіктің қызы. Адай шежіресі негізінде дүниеге келген дарынды ақын Светқали Нұржановтың «Хан кегі» атты поэмасында Бопай шыққан әулеттің адамдары түгелдей аттары аталып, түстеліп жазылған. Бұл

дастанды оқыған адам Бопайдың Табынай Сүйіндік батырдың қызы болғандығына шек келтірмейді. Бопайдың Адай руынан екенін тарихшы Витебский «И. Неплюев пен Орынбор губерниясы» атты кітабында ашық жазыпты. Сонымен қатар Бопай апамыздың тегі Маңғыстау жырауларының ақпа-төкпе тілімен «әруағы бұлттай торлаған» деп Адай қызы екенін жырлап отырған. Бәтима ханымның Адай аруы болғанына байланысты кейбір ғалымдар Батыс Қазақстан обылысы Елек өзені бойында 1690жылы туылып, өскен деп болжайды.

Әбілхайыр мен Бопайдың алғаш танысқан кездеріндегі шынайы сезімдерін халық аузындағы аңыз желісімен тарихшы С. Өтениязов былайша суреттейді: «…Кіші жүздегі әйгілі батыр Жәнібек пен Әбілхайыр жол жүріп келе жатып күн батар алдында бір ауылға түседі. Ауыл иесі аса бай, жасы үлкен кісі екен. Оның бой жетіп отырған қызы Бопай сұлуды көрген Әбілхайыр ес-ақылы кетіп ғашық болады. Келесі күні жолға шыққан Әбілхайыр күтпеген жерден сол ауылда қалатынын айтады да, Жәнібек батырға өз жөнімен кетуге тура келеді. «Қайтсем де Бопай сұлуды алмай тынбаймын» деп Әбілхайыр қалады. Ол өзінің кім екенін жасырып, Бопайдың әкесінің малын бағуға жалданады. Ұзын бойлы , батыр тұлғалы, жігіттің сұлтаны Әбілхайыр батыр жылқышы болып жүрсе де, аз уақыттың ішінде ауыл адамдарына жақсы қырынан танылып, құрметке ие болады. Әрине, көп ұзамай Бопай сұлуға да ұнап қалады. Сырын ашқан жас батырды Бопай сұлу да жан-тәнімен ұнатып, ғашық болады. Ғашықтар ажырамастай дәрежеге жеткенде Әбілхайыр Бопай сұлудың әкесінің рұқсатын сұрайды. Әкесі сұлтан деген аты болғанымен, жалғыз атты кедей жігітке қызын бергісі келмей, түрлі айла-шарғы ойлап табады. Соның бірі ретінде «қалыңмалға ала аяқты 90 күрең және 60 ақсұр ат әкелесің, әйтпесе, қызымды бермеймін» деп шарт қояды. Осындай ауыр шартқа амалсыз келіскен жас батыр «бір айдың ішінде айтқан қалыңмалыңызды әкелемін»деп аттанып кетеді. Бопай сұлудың әкесі «кедей жігіт бұл шартымды орындай алмас» деп үміттенген еді. Әбілхайыр әлгі айтқан жылқыны таныс-тамыры, ағайын-туысы, бәрінен сұрағанымен, ешқандай нәтиже шықпайды. Шарқ ұрған жас батырдың аянышты күйін естіген Жәнібек батыр Әбілхайырға керекті 150 айғырды өз жылқысынан шығарып береді. Оған қоса, ол өзі барып, Бопай сұлудың әкесіне барып, қазақтың әдет-ғұрпы бойынша құда түседі». (С. Өтениязов, Ш. Өтениязов. «Әбілхайыр хан, «Арыс», 2010 жыл).

Әрине, Әбілхайыр мен Бопайдың алғашқы кездесулері туралы басқаша мазмұндағы әпсаналар да жеткілікті. Бір әңгімеде жас кезінен әруақ қонып, адам емдейтін қасиет дарыған Сүйіндік байдың қызы ағасы Мырзатай ауыл шетінде жараланып, ес-түссіз жатқан аңшы жігітті алып келіп, қарындасына емдетеді. Сырқатынан айығып, аяғынан тік тұрып кеткен батыр бірнеше жылдан кейін арнайы келіп, өзін ажалдан аман қалған қасиетті қызға құда түстіріп, үйленеді дейді. Бірінші нұсқасыға назар аударатын болсам Әбілхайыр хан бір көргеннен ғашық болып қалып, өмірінің соңына дейін сұлулығына қызығып, сыйлап өтеді. Ал екіншісін қортындылайтын болсам, алғаш кездесулері көмектен басталып, Әбілхайыр хан дүниеден озғанына шейін Бәтиме ханым өзінің жақын кеңесшісіне, өмірлік серігіне айналады. Менің есептеулерім бойынша екеуі 15-16 жаста болғанды танысып, қосылған. Егер Әбілхайыр батыр 1718 жылы Кіші жүздің ханы болып сайланатын болса, онда олар таққа отырудың алдында 9-10 жыл бұрын танысып, шаңырақтарын көтерген. Бұл арқылы біз Бопай ханымның күйеуіне хан тағына отыруына жәрдем бергенің көре аламыз. Әбілхайыр ханның Бопай ханымнан басқа да башқұрт, қалмақ әйелдері болған. Бірақ ішіндегі ең қадірлісі Бәтимә ханым болып табылған. Сонымен қатар оның басқа әйелдері туралы көп еш жерлерде айтылмайды. Бұл ханның Бәтима аруға ерекше назар аударғанына айқын дәлел.

Әбілхайыр хан әрқашан жан-жарымен ақылдасып шешім қабылдап отырған. Бәтиме ханым басқа елдермен достық қарым-қатынаста болған. Осы арқылы Бопай ханым өзінің жолдасына кейбір мәселелерді шешу жолдарын көрсетіп отырады. Қазақ жеріне жан-жақтан қалмақтар мен жоңғарлардың шабуылы кезінде, Әбілқайыр хан қай елден көмек сұрауды ойлағанда, қасында отырған жан-жары Бопай ханым Ресей елімен достық қарым-қатынаста болуды, олардан қару алуды сұрастыру жөнінде бағыт берген ханымның бірі. Сонымен қатар 6 ұлдарымен әр түрлі жорықтарға қатысқан, 600 адамдық жасаққа қолбасшы болған және Кенесары көтерілісіне қатысқан. Ол ханмен бірге билер жиналысына қатысып, бекініс салуыну мәселесін талқылайды. Бірінші- Орынборды, екінші Елек бойының қолайлы жеріне қала салуды, яғни Ақтөбені салуды ұсынамын. Ол ел басқару ісіне, ішкі және сыртқы саясатқа араласқандықтан, оны бүкіл қазақ елі

таныған және оның шешіміне қарсы шығып түсініспеушіліктер туындамаған.Тарихи құжаттармен жақсы таныс А.И.Левшин 19 ғасырдың 30 жылында:«Бопай...өзінің ақылдылығымен бүкіл Кіші жүздің құрметтісіне айналды және кейде оны басқару ісіне үлкен үлесін қосқаны үшін де ел сыйлайды.» Халық оны сыйлағаны сонша, тіпті есіміне «ханым» сөзін тіркестіріп айтқан. 1710 жылы Бопай ханым небәрі шамамен 17 жасында болған бір нәрестесін Нұралыны дүниеге алып келеді.Осылайша ол жеті баланың анасы болып, «Алтын құрсақты ана» атанады. Ол бала тәрбиесімен қоса ел басқару ісін де бірге алып жүреді. Балаларын өсіріп-өндіріп, ұлдары Нұралы, Ералы, Айшуақ, Қаратай әр жылдарда хан тағына отырып ел билесе, Қожахмет пен Әділдің де өмірі ат үстінде сұлтандықпен өтеді. Қызы Злиханың да ғұмырының тектілікпен жалғасуы ел есінде қалған. Қызын өзіннің қасында жүрген адамға береді.

Бір жағдайға ерекше мән беру керек. Нұралы хан тағына тағайындалар кезеңде Бопай ханымның сұңғыла саясаткерлігі, қайраткерлігі, дипломатиялық өнері айрықша көзге түседі. Себебі, Әбілхайырдың түпкілікті мақсаты — Жайық казактарының, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының қазақ жеріне ентелей енуіне жол бермей, жоңғарларды түпкілікті талқандап, ел тыныштығын орнату екендігін терең сезінген ханым Ресей империясының құрамына енбей, мұндай аса күрделі проблемаларды шешу мүмкін еместігін жақсы білетіндігі оның орыс патшайымы Анна Иоановнаға (22.11.1731 ж.), Елизавета Петровнаға (05.10.1748 ж.) жолдаған хаттарында анық байқалады.

Ресей билеушісі Елизавета ханшайымның алдында зор сый-құрметке ие болғандығына куә ретінде мына бір хатқа назар аударғым келеді. «Аса құрметті бәйбіше Пупай ханшаға, Сіздің күйеу балаңыз Жәнібек сұлтан арқылы ұлы мәртебелі тақсыр императордың атына жіберген хабарламаңызды алдық. Сіздің хатыңыздың мағынасын императордың ұлылығына жеткіздім. Сіздің күйеу балаңыз Жәнібек сұлтан старшынымен ұлы императорға кіргізілді. Император сіздің тілегіңізді қабылдады. Сізге, сұлтандарға, билерге, старшындарға, күллі қырғыз-қайсақтарға өтініштеріңіздің қабылданғаны туралы жарлық қабылданып жіберілді. Сіздердің алдағы жылдарда бізге адалдықтарыңызға сенім білдіреміз, сізге жалақы ретінде императордың атынан зерлі жібек беріледі.

Императордың ұлылығы атынан канцлер, толық құпия кеңесші, сенатор және кавалеръ. Түп нұсқасына қол қойған: Графъ Алексей Бестюжев Рюмин. Мәскеуден 1749 жыл 2 мамыр».

Бопай ханым әйел адамдар арасынан алғаш болып,құрылтайға қатысқан. Бұл құрылтайда жоңғар шапқыншылық кесірінен жоғалып кетуден сақтану үшін Ресей мемлекетінің қатарына қосылу мәселесі көтерілген болатын. Бопай ханымның дәрежесі жоғарғы болғаны сонша, тіпті ешқандай құрылтайшы оның қатысуына қарсы болмай,оның пікірін де тыңдап, басқа мүшелері онымен кеңесіп, ақыр соңында бір нақты шешімге келген болатын. Бәтимә ханым осы құрылтайда «Қазақ халқын Ресейге қосылу арқылы аман алып қалу керекпіз» деп өз ойын білдіреді.Осыған дейін құрылтайға әйел адамының қатысуы мүмкін емес еді, бірақ осы құрылтайға қатысу арқылы Бопай ханым халық арасындағы өз беделінің жоғары екендігін көрсеткен болатын.Осы арқылы әйел адамның саяси істерге ер адамдармен қатар ат салысқандығын көруге болады.

1736 жылы 24 маусымда ханның кешкі қабылдауында болған Дж.Кэстль: «Ханның сол жағында дәл сондай төрткүл жібек шымылдықтың артында оның үш әйелі отырды. Ең жасы үлкен бәйбішесі - ханшасы - төрде отырды, оның үстіне кигені қызыл жібектен, алтын жіппен өрнектеп тастаған, басындағы әшекейлі биік бас киімі түріктің сәлдесіне ұқсайды және өзі алтынмен кестеленген. Қалған екі әйелі Бұхардың қызыл барқытына оранған, әрқайсысы басына ақ шыт орамал байлап алған» дей келе, Бопай ханымның өзгелерден ерекшелігін, оның еуропалық салт-дәстүрлерді білуге құмартқанын жазып қалдырады [Кэстль Джон 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы. – Алматы: Атамұра, 1996. -23-24 б.]. Ал 1740 жылы қазан айында Сырдағы Кіші Қуандария жағалауындағы Адам ата өзені бойындағы хан тұрағына келіп Бопаймен кездескен поручик Д.Галдышев ханымның Ресей патшасының жай-күйін анықтауға ұмтылғанын және қазақ-орыс қарым-қатынасындағы игілікті істерді сөз қылғанын хабарлайды [Казахско-русские отношение в XYI-XYIII веках (Сборник документов и материалов). –Алма-Ата: Издательство АН КАЗССР, 1961. -с.177 (алда КРО)]. Кейін прапорщик Муравин: «менімен нағыз ханым Бопай сөйлесті» дей келе, оның ханның Елек өзені бойында қорған салу

жоспарымен бөліскенін, сол мақсатта Орынбор комиссиясы басшысымен кездесуді жоспарлағанын хабарлағанын жазып алады[КРО, с.276]. Бопай ханым ел тарихында хатталған Кіші, Орта жүзден 500 белгілі сұлтан, би, батыр, старшындар қатысқан 1748 жылдың маусымындағы Кеңеске қатысқан. Кеңесте елдің болашақ даму барысын талқыға салған Әбілқайыр хан қазақ-орыс қарым-қатынасындағы бетбұрысты қадамдарымдағы басты мақсатым «өзім үшін емес, бүкіл қазақ халқының пайдасы мен тыныш өмірін қамтамасыз ету болды» дей келе ханды мойындамай бетімен жайылған жұртын сынға алады. Ханнан соң Бопай ханым сөз алған. Ханым: «Біріншіден, тыныш өмір қамтамасыз етілді. Екіншіден, ешқандай сыртқы жау бізге қарсы батыл шабуылдай алмайды... Біз ұлымызды Ресейге аманатқа жібердік, оны енді алмастыру қажет. Аң екеш аң да баласын аялайды; басқалар сияқты біз де балаларымызды қимаймыз. Сонда Әбілқайыр хан балаларын аманатқа өзіне сенбей беріп отырған жоқ, өзгелердің, қырғыз-қайсақ «халқының тұрақсыздығынан беріп отыр», - деп сөзін аяқтайды. Ханымның әрбір сөзін тыңдап көпшілікке әсерін бақылаған Сақмар казагы Көбек: «Ханым сөзіне қазақ старшындарының ешқайсысы жауап қайтара алмады, керісінше, оның айтқанын толық растады», - деп мойындайды[КРО, с.390]. Мұның өзі ханымның қазақ қоғамында толық мойындалған тұлғаға айналғанын дәлелдейді [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру іс-шаралары аясында Ресей Федерациясы Орынбор облысында жерленген Бопай ханымға зиярат етіп, құранбағыштау үшін «Бекет ата» мешітінің имамы Ислам қажы Мырзабекұлы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Миров Мұхтар Орынбасарұлы, белгілі қоғам қайраткері Сағиев Игілік Барсайұлы, қобдалық атбегі Анешов Жәнібек арнайы барып келді. Бопай ханымның топырағын Қазақстан жеріне әкеліп, Атырау облысы, Құлсары қаласына әкеліп жерлеген еді. Осындай үлкен істен кейін Атырау өңірінің зерттеушісі Исламхажы Мырзабекұлы ұсынысымен Ақтау қаласында көше атауы және мектеп атауы беруілуі жоспарлануда. Мінекей, осындай ұлықтау істері жүргізіліп жатыр. Тарихты жасайтын тұлғалар оларды таныту, ұлтымыздың рухани жаңғыруына қосар үлес бұл тарапта Әбілхайыр ханның зайыбы Нұралы, Ералы, Айшуақтай хандардың анасы ғана емес, дәуірінде көрнекті қоғам қайраткері, сарабдал саясатшы бола білген Бопай ханымның өр де өнегелі өмірі талай ғасыр ұрпағына үлгі боларына күмән жоқ. Қазіргі таңда Бопай ананың ізін қуған қазақ қыздары көреген ананың бойындағы қасиеттерді үлгі етер болсақ, болашақта Мәңгілік еліміздің ұрпақтарымыз мықты, тәрбиелі, өнегелі болары сөзсіз. Мен да осы ғылыми жұмысым арқылы мен өз бойыма қазақ қыздары қай кезде де дана, көркіне ақылы сай, тек өз отбасының емес бүкіл халқының анасы екенін ұғындым. Менің болашақта осы жұмысты әлі де жетілдіріп өз замандастарыма Кіші жүздің ардақты анасы-Бопай ханымды таныстыруды жоспарлап отырмын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Baq.kz ақпараттық порталындағы Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар тарих ғылымдарының докторы, профессорының «Ел тірегі болған Бопай ханым» атты мақаласы.

2.Ақтөбе газетіндегі сұхбат Исламхажы Мырзабекұлының Бопай ханымның жерленген жеріне сапары. https://www.zharar.com/kz/referat/4916-bopay.html © www.ZHARAR.com

3.«Бопай ханымның ізімен» Жұмабек Мұқановтың мақаласы. С. Өтенияз, Ш. Өтенияз. «Әбілхайыр хан, «Арыс», 2010 жыл.

4.Кэстль Джон 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы. – Алматы: Атамұра, 1996. -23-24 б.

ӘОЖ 82-131

С.НҰРЖАННЫҢ «ХАН КЕГІ» ПОЭМАСЫ: ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ ТАРАЗЫСЫ

Қабылов Ә.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тақырып көрнекті орын алады. Әдеби туындыларда халық тарихының түрлі кезеңдері, елге еңбегі сіңген хандарымыз бен батырларымыздың, қайраткерлеріміздің өрелі істері көркемдік-идеялық тұрғыда пайымдалып, оқырмандардың рухани өрісін кеңейтуде маңызды орын алып келеді.

Мақалада көрнекті ақын С.Нұржанның «Қан кегі» поэмасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Автор осы дастанның тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктерін пайымдайды.

Түйінді сөздер: поэма, тақырып, идея, қазақ тарихы, поэтика, сюжет, композиция.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында тарихтан тағлым алып, болашаққа бағдар жасаудың маңызын атап көрсеткен болатын. Елбасымыздың: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады» [1], – дегеніндей, қазақ әдебиеті де халықтың ұлы тұлғаларының көркем образдарын сомдау арқылы жастар тарих арқылы тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Рухани жаңғыру талаптарына сай келетін әдеби туындылардың қатарында қазақ поэмаларының да өзіндік орны бар.

Тарихи тақырып – туған әдебиетімізде, әсіресе, XX ғасырдың 60-80 жылдарынан бері кең үрдіс алған, содан бергі кезеңде тақырыптық-идеялық жағынан ұдайы өркендей, өркештене түскен, оқырмандардың көңілінен шығып, әдебиетіміздің тұрақты нысанына айналған үлкен арна. Әсіресе, Тәуелсіздікке қол жеткен жылдарда тарихи шығармалар көп жазылып, халық тарихының түрлі кезеңдерін, елге еңбегі сіңген хандарымыз бен батырларымыздың, қайраткерлеріміздің өрелі істерін елге үлгі етіп отырі. Қазақ поэмалары да бұл орайда ілкімділік танытып, қазақтың ұшқыр өлең сөзінің құдіретімен тарих қойнауынан көмескі есімдер мен көрнекті оқиғаларды аршып алып, қалың оқырманның зердесіне көркемдік құдіретімен жеткізіп келеді.

Қазіргі қазақ поэмаларының қомақты бір саласы – тарихи дастандар. Тәуелсіздік кезеңінде тарихи тақырыптарға жазылған поэмалар жетерлік. Солардың қатарында бұл күнде алты алашқа танымал сөз сүлейі, Айтман ақын – Светқали Нұржанның «Қан кегі» поэмасының өзіндік орны бар.

Светқалы Нұржан – қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, өршіл де жалынды жырларымен көпшіліктің көңілінен шығып, өлең өлкесінен өз орнын тапқан ақын. Оның шығармаларының елеулі бір бөлігі қазақ тарихынан сыр шертетін, «қазақтың қазынасын, Маңғыстаудын мағынасын» танытуға үлес қосып келе жатқан құнды дүниелер. Светқали ақынның тарихи тақырыпқа жазылған «Хан кегі», «Қараған Босаға қырғыны», «Түрікмен шайыры Сейидидің ақ аруанасы жайлы хикая» секілді дастандары – тәуелсіздік дәуірінде тарихи тақырыпқа жазылған айтулы поэмалардың қатарында.

Ақынның «Хан кегі» дастаны XYIII ғасырдағы қазақ тарихының бір үзік оқиғасын негізге алады. Қазақтың (Кіші жүздің) баһадүр ханы Әбілхайыр ханның Барақ сұлтан қолынан қаза табуы мен балдыздары – адай батырларының Бопай ханымның ақылымен оның кегін алуы жырланады. Ақын шығарманың кіріспесінде («Түндік ашу») өзінің тарих алдындағы миссиясы ретінде осы оқиғаны жырлап беру міндетіне ой жүгіртеді:

...Сөйлеуге ерінім епті емерілген,
Жел сөзге атым шықты шеберімнен.
Шемен боп шежірем тұр шегерілген,
Керең боп керуен жатыр шөгерілген.
Жарға ұрған дарияның толқынындай
Өлең боп лоқсимын кемерімнен.
Қозғайын бір әңгіме көне күннен,
Тұсына келіп қалған себебімнен... [2,293].

Дастан «Әбілқайыр баһадүр хан», «Барақ сұлтан», «Бопай ханым» және «Кек алу» деген төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлім дастан желісіндегі белгілі бір оқиғаның орны мен соған орай кейіпкерлердің көңіл-күй, ой әлемі мен жан дүниесінің толғаныстары бейнеленеді.

Дастанда ерекше сомдалған образдар – Әбілқайыр хан мен Бопай ханым бейнелері. Әбілқайыр – елінің қамын ойлап, әрекет еткен батыр, қайраткер хан, ел панасы, ал Бопай ханым – ерінің ар-намысын ғана емес, елінің қамын ойлайтын, ата жолын, елдік дәстүр мен ұрпақ намысын жоғары қоятын ақылман әйел бейнесінде сомдалады.

Әбілқайыр – қазақтың Кіші жүзін отыз жылға жуық басқарған баһадүр хан, көрнекті қайраткер, қазақ әскерінің бас қолбасшысы. Оның қолбасшылығымен қазақ қолының талай шайқастарда ірі жеңістерге жеткені белгілі. Бопай – Әбілқайырдың зайыбы, Нұралы, Ералы, Айшуақтай хандарды дүниеге әкелген алтын құрсақ ана, халқымыздың тарихында өшпестей із қалдырған қайраткер, Әбілқайырдың қоғамдық-саяси қызметіне белсене араласқан тұлға.

Бопай ханым туралы зерттеуші З.Мұқашева былай деп жазады: «Бопай – Әбілқайырдың екінші қосағы. Бірінші әйелі өлген соң 23 жылдан кейін барып Бопайға үйленген. Әбілқайыр мен Бопайдың жұбайлық өмірі аңызға айналған. Қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар, ол ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер әйел. Кіші жүзден батырлығымен аты шыққан көк найзалы Адайдың Табынай бөлімі тұқымынан тараған ер Сүйіндіктің қызы Бопай ханым – шын мәнінде айтуға тұрарлық,мақтан етерлік тарихи тұлға» [3].

Ақынның тілі шешен, ойы жүйрік, кең қамтып, кемел пішетін сөз жорғасы. Бірінші бөлімде оқиға-хикаяның барысы мен жөн-жосығы Әбілқайырдың ішкі ойы арқылы ашылып отырады. Хан не істесе де, қандай әрекетке барса да, ел-халқы үшін, соның тәуелсіздігі мен азаттығы үшін тығырықтан шығар жол іздеу, сол жолда тәуекелге де бару амалынан туғаны, әр қадамын тереңнен толғанып басатын мінезі оның ішкі ойынан көрінеді:

Басымнан ұшар сойды бақ-баябан,
Сүтіңді қайтсем сенің ақтай алам!
Мен басқа жол таппадым, ана-жұртым,
Өзіңнен басқа менің жоқ қой анам.
Анасын аранға айдар мен емес ем,
Түссе де Пірден – жарлық,
Хақтан – аян!

Халық пен Хақтан өзге қорғаным жоқ,
Ертеңі қалды елімнің қорғаны боп.
Тоқтаудың орынына пәтуаға,
Кетеді тағымды ұрып әр залым кеп.
Сыртымнан «Ел» деп қою – жалған індет,
Көрсетіп жүргені жоқ Арға құрмет.
Олардың «Ер» деген – өз руы,
Шерменде Ел – қарға тамыр –

Тармағың көп!..
Көп тентек кіжініп жүр, менен бұрын
Патшаға бодан бола алмадым деп [2,306].

Поэмадағы табиғат суреттерінің өзі кейіпкердің көңіл-күйімен сабақтасып, психологиялық параллельге құрылады. Губернатордың шақыруымен Орскіден қайтып келе жатқан жолдағы ханның ойы қазақ даласының сұр-сүреңімен астаса суреттелген:

...Бәз дала, сол баяғы жатқан дала,
Езеді еңсесінен батпан – нала.
...Ебелек жұлқынады әлдене деп,
Келгендей хабар алып хақтан жаңа... [2,295].

Әбілқайырдың тарих сахнасына шыққан кезі қазақ елінің тағдыры тығырыққа тірелген, алмағайып заман еді. «Үш жүздің бас ханы Тәуке дүниеден өткен соң, әр ұлыс жеке-жеке хан, би, батырлардың төңірегіне топтасып, билеуінде кетті. Ал әке орнына таққа отырған баласы Болаттың үш жүздің басын қосып, сөзіне ұйытып, соңынан ел ергізердей ұйымдастырушылық қауқар, қабілеті болмады. Әбілқайырға бас хандықты көпшілік қиғанмен, онымен бақталас Барақ, Сәмеке, Жәнібек сияқты хан, сұлтандар, билер қимады. Әрқайсысы өздерін бір-бір рудың бетке шығары санап, енді өздері «қайтсем бас хан болам» деген пұшайман хал кешті» [4,4]. Міне осындай кезде үш жүздің басын қосып, жан-жақтан қаумалаған дұшпандардың табанына тапталмай, елдің тәуелсіздігін сақтап қалуға жол іздеген Әбілқайыр ақылмен де, айламен де әрекет еткені тарихтан белгілі.

Осы жайларды автор кейіпкердің ішкі ойы мен монологын астастыра отырып, шегіністер арқылы жеткізеді:

...Хан болдым Хиуаға да, Башқұртыңа,
Табынды олар-дағы тас тұрқыма...
Жамбасым тақтан емес, аттан тозды,
Табам деп жайлы қоныс қасқа ұлтыма... [2,298].

Шығармадағы оқиғалар жүйесі нақты тарихи деректерге негізделген, кек алу оқиғасы ел аузындағы аңыз-әңгімелермен айшықталып, идеялық тұрғыдан тәпсірленіп, поэтикалық шеберлікпен көркемдік шешімін тапқан. Поэма тілінде сол кезде қазақ қауымы қолданған сөздер молынан қолданылады.

Дастандағы Әбілқайыр образына қарсы қойылатын жағымсыз кейіпкер – Барақ сұлтан бейнесі. Оның бес жүздей қолмен келіп, генерал-губернатор Неплюевтің астыртын тапсырмасымен жолда келе жатқан ханды қапияда мерт қылатын зимияндығы тартымды суреттелген:

...Білмеймін, содан кейін тынды ма аспан?
Қара түн келіп қалды қырды басқан.
Сырымбет Бекбасұлы сырт айналып,
Паң Ханды айбалтамен ұрды бастан.

Жабылып жалғыз ханды аңдарша алып,
Ырылдап – болып жатыр арлан-шабыт.
Арыстай кеудесіне өлген ханның
Барақ жүр қайта-қайта қанжар салып... [2,317].

Дастандағы Барақ бейнесі – ел мүддесінен өз мүддесін жоғары қоятын сол үшін неден де болса тайынбайтын, өзінің атақ-абырой, мансабы үшін Әбілқайырдай ел ардақтысын өлімге қиып, сатқындық жасаған қараулықтың үлгісі. Шығармада мұндай сатқындыққа кешірім болмайтыны, ондайлардан кек алу тек өлтіріп, «қанға – қан, жанға – жан» принципіне жүгінбей, абыройын айрандай төгіп, ел алдында масқарасын шығару екендігін нақты оқиғамен көрсетеді. Ондай масқаралыққа шыдамаған Барақ сұлтан өзін-өзі өлімге қиюға барады.

«Барақ сұлтан» бөлімінде автор сұлтанның ішкі ойы арқылы Әбілқайыр өлімінен кейінгі болған оқиғаларды аңдатумен қатар, оның жан дүниесінде болып жатқан рухани күйзелісті шебер

суреттеген. Психологиялық суреттеудің астарында сұлтанның өкініші, қорқақтығы, ар алдындағы қиналысы бейнеленіп, ақыры Бопайдың аяғына жығылып, кешірім сұрауға шешім қабылдайды.

Автор Бопай ханымды бейнелеуде қаралы Орданың хан өлімінен жыл өткеннен кейінгі қалпын суреттеу арқылы әдемі астастырулар жасайды. Ханы өліп, қараң қалған Ақ Орда мен жесір ханым Бопайдың жай-күйін ханның иесіз қалған қару-жарағын суреттеу арқылы жеткізеді:

Ақ Орда – ақ айдын-ды нұры жанған,
Бүгінде сыры көшіп, сыны қалған.
Тепкенде Қарағұс Түн тірі қалған
Айдында аққу отыр сынық-арман...

Керілед күлдірмамай керегеде,
Төгілед сылдырмақ-ай тегенеге.
Суырылған қынабынан қалыбы қан
Ағинақ ақшияды неменеге?..

...Әлдекім әлдеқайдан ыңырсиды...
Белгісіз болып қалды мұның сыры...
Үміттің лыпасындай ыдыраған
Ақ сауыт – дал-дұл болған шығыршығы [3,330].

Дастанда автор образы арагідік көрініс беріп, оқырманды оқиға орнына жетелеп отырады. Автор образы дастанның кіріспесінен бастап сырттай бақылаушы ғана емес, оқырманмен бірге сюжеттік желінің өне бойына бірге ілесе жүретін пайымдаушы ретінде танылады. Айталық, хан ордасын суреттерде автор:

Баладай шығынбайық шетке қашып,
Жігітпіз жер ортадан кеткен асып –
Енейік елмен бірге енді біз де,
Есігін қаралы үйдің еппен ашып [4,330], –

деп, немесе:

Япырмай, айналаға абай қылмай,
Қарағам Хан ордасын қалай қыңбай?..
Ес жисам тұр екенмін орда ішінде,
Толқынын мұнар жапқан ақ айдындай [4,330], –

деп отыруы, автордың кейіпкеріне деген сүйіспеншілігін, жалпы дастан оқиғасына баға беруге қатыстылығын танытады. Авторлық образдың шығармадан көрінетін тұсы да осы.

Дастан әлеуметтік-психологиялық тартысқа құрылған шығарма. Әбілқайыр мен Бопай образдары батырлықтың, адалдық пен намысқойлықтың бейнесі ретінде көрінеді. Ел тұтқасы болған тұлғаға жасалған қиянат қылмыскердің алдынан шығады, ағайынға жамандық қылу кексіз қалмайды деген ойды ортаға салады. Шығарманың тақырыбы – отаншылдық, елдік, адалдық, ел мүддесі жолындағы бірлік десек, идеясы – жақыннан жау іздемей, ағайынның ала болмауы, осы арқылы оқырманды бірлікке үндеу, опасыз, сатқындықтың қашан да жолы болмайтынын, арамзалықтың ақыры абыройсыз ажалға ұрынатынын әйгілеу.

Дастанның тілі шұрайлы, оқиғасы ширақ, рухы биік. Сюжеттік желісі шымыр шумақтармен өріліп, оқырманды оқиғаның дамуына ентелетіп отырады. Авторлық толғам, психологиялық иірімдер шығарманың патетикалық арынын күшейтіп, қаһармандық пафос үстейді. Дастанның тірек идеясы болмас іске таласып, арзан атақ қуып, жалға бедел жинауды өмір салтына айналдырған қазіргі ұрпақтың кейбір өкілдеріне ой салатын үлкен ұлттық мәселелерді меңзейді:

Өткеннің күл-қоқысын қаузап, теріп,
Мыстан жүр іштен шыққан – жау жаққа еріп.
Жинайды жат қолынан арзан бедел,
Өспес ұл – өнбес шарды даулап көріп.
Ұлт болып қорғау керек ұлысыңды,
Ұлыңды қорғау керек Зәузат болып [2,348].

Аталмыш дастанды биыл Маңғыстау облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының артистері сахнаға шығарды (режиссері – Г.Мерғалиева). Осы жылдың наурыз айында өткен қойылым прьемерасы жоғары деңгейде өтіп, әртістердің ойынына көрермен тәнті болды. Бұл қазақ тарихына қатысты бір оқиғаның көрерменге жол тартуы, жастарды отаншылдыққа, имандылыққа тәрбиелейтін тарихи драматургияның бір үлгісі болғаны айқын.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдарында қазақ поэзиясы бұрынғы дәстүрді жалғастырумен қатар, жаңа көркемдік, идеялық жаңашылдықпен толығып дамуда десек, оның ішінде қазақ поэмалары да өзіндік өрнегімен көрінуде. Оның ішінде тарихи тақырыптар да елдің, жердің тарихын, ел жадында аты қалған көрнекті тұлғаларды ұлықтауда, жас ұрпаққа отаншылдық, имандылық тәрбие беруде маңызы зор. Ақын С.Нұржанның эпикалық кең тынысты, шұрайлы тіл мен толғамды ойға құрылған дастандары да тарихымызды таразылап, оқырманның танымын биіктетер рухани қазына екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 21 қараша, 2018.
2. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. III том. – Алматы. Үш қиян, 2002. – 352 б.
3. Тарихта атын қалған Бопай ханым // Маңғыстау-медия. 15.11.2017.
4. Есламғалиев М., Отарбаев Р. Тарихтың көркем беттері // Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1981.

ӘОЖ 82-131

АҢЫЗДАУЛАР МЕН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ БОПАЙ ХАНЫМ БЕЙНЕСІ

Нұрдәулетова Б.І.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ.

Халқымыздың тарихи тағдырына тікелей ықпал еткен қазақ ханымдарының бірі әрі бірегейі деп қазақтың бас ханы Әбілқайырдың жұбайы Бопай ханымды атай аламыз. Бопай ханым туралы деректер 1731-1750 жылдар аралығындағы қазақ хандығына қатысты Ресей империясының саяси құжаттарында кездеседі [1]. Әбілқайыр ханның саяси билігін талдаған зерттеу еңбектердің қай-қайсысында да Бопай ханымның есімі Әбілқайыр ханмен қатар айтылады. Орыс патшайымынан бастап, оның елшілері мен әкімшілік қызметкерлеріне дейін Бопай ханымның пікірімен, көзқарасымен санасып, кейбір жағдайда қазақ ханымының өтінішін жерге тастамай қолдау көрсетіп отыруы Бопайдың тек Әбілқайырдың ақылшы, дана жары ғана емес, қазақ халқының мүддесі үшін күрескен саясаткер ретінде де теңдессіз бағалы тұлға екендігін танытады.

Бопай ханым туралы ел арасындағы аңыздаулар мен хикаяттар оның ұлттың анасы ретіндегі бейнесін ұрпақ жадында жаңғырта түседі. Тұмар ханшайым туралы тарихи ақиқатпен астасқан аңыздаулар қазақ халқы үшін қаншалықты құнды болса, Бопай ханым бейнесі де соншалықты бағалы.

Бопай ханымның көркем бейнесі Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарында, Т.Ахтановтың «Ант» драмалық шығармасында, С.Айтманның «Хан кегі» дастаны мен осы дастанға негізделіп сахналанған «Хан кегі» драмасында қазақтың қайсар қызы, отбасын ғана емес, бүтін елді ұйыстырушы абзал ана, Әбілқайырдай арыстан тұлғаның сүйіп алған жары, қолдаушысы, жоқтаушысы, Ресейдей алып империямен тайынбай тайталасқан айлалы саясаткер, Нұралы, Ералы, Айшуақтай хандарды тәрбиелеп қазаққа сыйлаған алтын құрсақты ана ретінде тұлғаланған.

Әдетте, көркем шығарма қаншама тарихи деректер ізімен жазылса да, тарихи оқиғаны дәл сол күйінде баяндап бере алмайды. Бірақ тұлғаның көркем бейнесінің сомдалуына ол туралы халық жадындағы мәліметтер мен тарихи деректер ықпал ететіні сөзсіз.

Бопай ханымның шыққан тегі туралы екі түрлі көзқарас болды. Бұл туралы қазақ тарихшыларының өздері: «Бопайдың өзі он екі ата Байұлының адай бөлімінен. Бүгінге дейін оны төре тұқымынан, Дербісәлі сұлтанның қарындасы екен деп жазып келгенімізбен, оның замандасы әрі Әбілхайыр хан отбасымен тығыз араласқан А.И.Тевкелевтің мұрағаттағы жазбасындағы құжаттарға сүйене келе, адай батыры Мырзатайдың қарындасы деп тиянақтаймыз» [2, 211] – деп жазды. Әбілқайыр хан туралы бірден-бір көлемді ғылыми еңбектің авторы И.Ерофеева Бопай ханымды төре тұқымынан деп, Бопайға дейін Әбілқайырдың әмеңгерлікпен алған, кейін жоңғар шапқыншылығы кезінде жастай қайтыс болған бәйбішесі адай руынан еді деп көрсетеді [3, 287]. Т.Ахтановтың драмасында Әбілқайыр ханның бәйбішесі Бәтима (Бопай) Кіші жүздің Әлім руынан. Ә.Кекілбаев пен С.Айтманның жоғарыда аталған шығармаларындағы Бопай ханым адайдың батыры Сүйіндіктің қызы ретінде суреттеледі. С.Нұржанның «Хан кегі» дастанында Бопай мен Әбілқайыр ханның бас қосу хикаясы бас-аяғы 5 шумақ жырда ақындық тілмен, абыздық ділмен көркем суреттеліп өтеді:

...Қызы еді тентек елдің – Адай деген,
Туғызған теміржұлын талай берен.
Тұқымы «көк найзалы Табынайдың» –
Әруағын Ер Сүйіндік – қалай дер ең!..
Ерке өсті бес бөрінің ортасында
Екі қыз – әпекесі Қанай менен.

Кең Үстірт – құла майдан, жан-жағы сор,
Жантағы – суға қанық, қаңбағы – шөл...
«Қызымды берем «Бара бәйбішеге!» –
Деп батыр отыратын, – арманы сол.

Ақыры орындалды сол арманы,
Құдайдан шын тілесең, болар-дағы...
Мертіккен Әбілқайыр тап болып ед
Жүргенде аңды қуып сонардағы.

Тастаған ит-қиянның жотасына із
Мейманға (мал жоқ болса) ет асыңыз!..
Жары өлген жалғызсүрей жадаукөктің
Мертігін салып берген «оташы қыз»...

«Оташы» – Бопай еді осы отырған,
Сонымен әке арманы қоса тынған!..
Кеткен-ді ханға «Бара бәйбіше» боп,
Айрылып «хан» дегенде ес-ақылдан! – [4]

Адайдың көк найзалы Табынайынан туған Ер Сүйіндіктің оташы қызы, Әбілқайыр ханның сүйген жары Бопай туралы ел аузындағы аңыздаулардың дерегі осындай. Қазақ бәйбішенің орнына бәйбіше болып келген әйелді «бара бәйбіше» деп атаған. Әбілқайыр ханның қайтыс болған бәйбішесінің орнына барған Бопай ханымның да Ордадағы орны – бара бәйбішелік. Қысқа да нұсқа поэтикалық баяннан Бопайдың асыл тегін де, Әбілқайырмен табыстырған тылсым болмысын да ұғып үлгереміз.

Ә.Х.Марғұлан «көшпелі академия» деп бағалаған Алшын Меңдалыұлының «Адай шежіресінде» Бопайдың туысын Адайдың Тобыш тармағынан таратады. Адайдың «екі жақты, бір тілдінің биі» аталған Қарпық бидің Бопайдың апасы Қанайдан туған жиен екенін айтады. Әбілқайырдың кегін қуып Орта жүзге барғандардың бірі деп осы Қарпық биді атайды [5, 140].

Адайдың бес тақтағының бірі – Абыл жырау Тілеуұлы Баймағамбет сұлтан Айшуақовқа арнаған толғауында:

Арғы атаң хан Нұралы, сұлтан Есім,
Ақсұңқар алған аңын тірі жесін.
Жиенді-нағашылы адам едік,
Бір демеп көтере гөр, сүйектесім.
Арғы атаң хан Нұралы, сұлтан Есім,
Ақсұңқар алған аңын өзі жесін.
Әлемге ай мен күндей ортақшыл бол,
Тілесе тілегіңді ел тілесін...
Көрерміз, бұ заманда қайдам, сұлтан,
Бопайдың* сүткенжесі Айшуақ хан.
Бай-екем болса ақылды бір алуан –
Кәпір мен мұсылманның бабын тапқан...[6,35]

деп, Баймағанбет сұлтанның адайға жиен екендігін есіне салады. Тағы бірде қолайына жақпай қалған сұлтанды Абыл ақын:

Бопайдан туған атаң Айшуақ хан,
Табаның таймай тұр-ау мінген тақтан.
Дәлірген тажал сынды дәрежеңді
Деп жүрсің Құдай қорып, Қыдыр баққан [6,37], –

деп шенейді. Жалпы Әбілқайыр ханның ұрпақтарын жиен деп атау ғасырлар бойы адайлардың үрдісінен қалмай келе жатқаны ауызша жеткен тарихи деректерден белгілі. Кіші жүздің Әлім тайпасына жататын рулар мен Адай рулары арасында жанжал туып, екі жақ төрелік сұрап Есім сұлтанның алдына барғанда, Сүйінғара батыр бастаған ел ақсақалдары жаңадан сөз ұстап жүрген жас Абыл жырауды да ерте кетеді. «Есім сұлтанға барып сәлемдесуге шатырға енген Адай жақсыларының соңын ала Абыл да кіріп, сәлемдесу кезегі келгенде:

– Ассалаумағалейкум, сұлтан Есім,
Ақсұңқар алған аңын өзі жесін.
Адайға олай-бұлай күн туып тұр,
Осы жол демеп жібер, сүйектесім… –

деп, қол алысады. Астарлы сөзбен Есімнің Адайға жиен (Есімнің атасы Әбілқайыр ханның бәйбішесі Бопай ханымның Адайдың қызы екенін меңзеп отыр) екендігін есіне салып, келгендер атынан адайларға араша түсіп, қолдау көрсетуін сұраған емеурін білдіреді. Ақсақалдар атынан айтылған аталы сөздің мәніне түсінген Есім сұлтан мына жас жігіттің өткірлігіне ырза болып, адайларды әлімдерге ауыр құн төлеуден аман алып қалады [6,31-32].

Т.Ахтановтың «Ант» драмасында Бәтима – Саурық батырдың сүйгені. Оның Әбілқайырға жар болуы елдің бірлігін, ру арасындағы саяси тұтастықты орнықтыру мақсатындағы айла-әрекет ретінде, Саурық батырдың мәрттігі, тәуекелшілдігі ретінде сипатталады. Бәтима қыз бен Саурық батыр ел мүддесі, қазақтың қамы үшін махаббатын пида етіп, бір-біріне деген сезімін жүрек түкпірінде тұншықтырып, өмірден өтеді [7].

Бопай ханымның шынайы тарихи тұлғасы Ә.Кекілбаевтың аталған романдарында айқын көрінеді. Бопайдың Әбілқайырға жар болу оқиғасы да бұрын-соңды көркем шығармаларда кездеспейтін тосын әрі тылсым құбылыстармен сипатталады. Жазушы – Бопай қыз туралы ел арасында қалыптасқан аңызы мен шындығы аралас әңгіме-деректерді барынша мол пайдаланған. Соның бірі – Бопайдың қыз кезінде арқасы бар, көріпкел, сынықшы, ерекше жаратылыс иесі болғандығы туралы әңгімелер. Бопай мен Әбілқайырдың бір-біріне жар болып табысуына Бопай бойындағы тылсым қасиет себеп болған. Жазушы Ә.Кекілбаев ел аузында жүрген осы оқиғаның сырын: «Иә, ол бір ұзын хикая... Кейбіреулер бұның иығын оздырам деп дабырайтып айтар дақпырт. Кейбіреулер бұның шамына тием деп шымшылай айтар шындық. Ол есіне түскенде бұл, расында да, жалданбай жабыланып, айдынданбай аласарып қалады...» [8,160], – деп, Бопайдың ішкі күйзеліс күйімен астарлап сипаттайды. Оң жақтағы қыздың жігіт аулына (мейлі ол төре тұқымы болса да) өз аяғымен барып, келін атануы – қазақтың, соның ішінде адай сияқты өр

ауылдың түсінігіне мүлде сыймайтын, азаматтарының арына тиетін өрескел қылық. Бірақ Бопай осы тәуекелі үшін өкінбейді: «Мұндай жомарттық тек әйелдердің ғана қолынан келетінін біліп, мына дүниеге әйел болып жаратылғанына мың-мың шүкіршілік айтып, өзінің осы осалдығы үшін ешқашан ешкімнен қорынбаспын да, өкінбеспін де деп ойлады... Мұндай сәтте кісіні бөлекше бір тәуекел билеп алатынын ол кейін түсінді» [8,172], – дейді автор. Бопайды дүниедегі ең асыл байлығы – өр мінезі мен асқақ ар-намысын пида етіп, бейтаныс еркекке сонша ықыласын аударуы әйелдің ер іздеген көңілінен мүлде басқа. Оны осынау тәуекелге итермелеген бойындағы екінің бірінің пешенесіне жазыла бермейтін ерекше қасиеттің, киенің салмағы, мойынға артылған жүктің жауапкершілігі. Алдына келген талай сынған мен шыққанды бір сипап оңалтып жіберетін адайдың арқалы қызы Әбілқайыр дертінің сыры мүлде алабөтен екенін жанымен ұғынады. Көзбен көріп, қолмен ұстап емдеуге келетін денедегі дерт емес, жандағы жараны тек арамдықтан ада албырт сезіммен ғана емдеуге болады.

Бопай мен Әбілқайыр ханның от басын құру хикасын баяндаған тарихшы И.Ерофеева тұңғышы Нұралыны Бопай оң жақта отырғанда көтерген дегенге меңзейді [3, 288]. Ә.Кекілбаев «Елең-алаң» романында «Содан екі жыл өткізіп, Нұралыға жерік болды...» деп арнайы айтып өтеді. Тарихи деректерде 1710 жылы Әбілқайырды Кіші жүздің ханы етіп сайлайтын Қарақұм Құрылтайында Әбілқайыр мен Бопай отау құрып үлгерген. Ал Нұралының дүниеге келген жылы – 1711 [9,46].

Бопайдың кісілік келбеті оның отбасындағы жарына көрсеткен құрметі мен ізетінен көрініс береді. «Содан бері қаншама жыл өтсе де, хан ие екеуі бір-бірінің өткен-кеткенін де, не істегелі жүргенін де тінткілеп көрген емес. Сұраспай білісіп, үндеспей ұғысатынды үрдіс тұтты», – дейді жазушы. Бопайдың ішкі жан-сарайының сұлулығымен қоса сыртқы келбетінің де келістілігі жазушының қаламынан тыс қалмайды: «Шалбарланып, бұрымына бұрым қап салып, басына түлкі тымақ киіп, қолына дойыр қамшы ұстаған сымбатты қыз тостағандай ала көзін төңкере қарап кіріп келгенде шынында да сұсты еді» дейді. Ал Джон Кэстльдің бетпе-бет отырып, қыл қаламмен салған суретіндегі Бопай бейнесін Ерофеева: «На этом рисунке ханша Бопай изображена в полный рост, держащей за руку своего самого младшего сына Адиля. Мы видим здесь ее слегка склоненное в полуобороте нежное округлое лицо с подчеркивающим его женственность фигурным изломом тонких темных бровей и маленьким, изящно очерченным ртом, привлекающее к себе внимание своей отстраненной задумчивостью и несколько грустным выражением больших затуманенных глаз» [3, 291], – деп сипаттайды.

Соғыста олжалаған қалмақтың сұлуын үстіне әйел қылып алғанда да, көңілін тарға салмай, кеңге салған Бопай туралы: «Отауын өзі тігіп, төсегін өзі салып берді. Үйіндегі жиһаздың салихалы кісілерге лайық сарала, қоңыраласын өз төрінде қалдырып, қызғалдақтай құлпырған жасқа лайық қызылды-жасылдысын соның төріне көшірді. Күндесіндей емес, ұзатар қызындай қып күлтелеп ұстап отыр», – деп суреттейді [8, 179]. Осы тоқалдан туған ұлды: «Қазір екіге шығып, Әділмен бірге таласып еміп жүрген ерке күшік – сол Шыңғыс», – деп таныстырады. Ерофееваның тарихи деректерге сүйенген еңбегінде [3, 179] Әбілқайырдың қалмақ-торғауыт тоқалынан – Шыңғыс деген ұлының болғандығы, Бопайдан туған ұлдың кенжесі – Әділ екені жазылған. Сондай-ақ, Ерофеева Джон Кэстль салған суреттегі Бопайдың жетегіндегі сәби – Әбілқайыр мен Бопайдың кенже ұлы – Әділ еді деп көрсетеді. Олай болса, Ә.Кекілбаев сомдаған Бопайдың көркем бейнесі мен өмірі оның шын өмірі туралы тарихи деректерден алшақ кетпейді. Жазушы тарихи жазба деректер мен ауызша деректерді көркем шығармасына арқау еткен. Жазушы Әбілқайыр ханның алғашқы қосағы туралы: «Бұдан бұрын төре тұқымынан алған әйелі бала үстінен өлгесін екі-үш жылдай тұл жүріпті. Сосын бұл тап бопты» [8,179], – деп жазады. И.Ерофееваның еңбегінде ханның бірінші әйелі туралы: «Первой женой Абулхаира (или байбише) была некая безымянная казашка, на которой он женился при невыясненных обстоятельствах еще в свои юные годы. Самое ранее упоминание о ней встречается только в известном «Журнале» А.И.Тевкелева за 5 октября 1731 года при описании первого свидания российского посланника с Абулхаиром в его летней ставке на р. Иргиз. Хан тогда рассказал своему собеседнику, что во время джунгарского нашествия и завоевания г. Туркестана были захвачены в плен «контайшой» его мачеха и жена, которых до сих пор не может выручить из джунгарской неволи. Позднее

реальный факт существования у Абулхаира этой малоизвестной байбише подвердил в своих донесениях Коллегии иностранных дел и оренбургский губернатор Неплюев, упоминавший в 1749 г. о дочери хана от «его первой, уже умершей, жены», выданной замуж за султана Младшего жуза Жанибека» [3, 286], – деп нақты деректермен дәйектелген. Романда тағдырдың талайымен Бопайдың қолына түскен ауру жігіт: «Өкпелеме... Табамын...» деп әлдекімге үздіге сөйлеп жатады. Бопайдың ішкі монологы арқылы автор: «...Мынау ыстық құшақ, әлгі бір үзілген сөз – бәрі де бұған емес... Бәрі де бұл дүниеде жоқ-бары белгісіз бөтен біреудің сыбағасы...» дейді. Әбілқайыр хан мен Бопай ханым туралы арғы-бергі тарихи деректерді бес саусағындай білетін жазушы қалай болғанда да шындықтың аулынан ұзай алмаған. Егер әйелі бала үстінен қаза болса, жігіттің «Өкпелеме, табамын» деуі екіталай. Бұл жерде жарынан қапияда айрылған, мүмкін жауға алдырған, құтқара алмағанына қатты опынған, күйінген азаматтың бебеулеген жан даусы бар.

Тарихи тұлға ретінде Әбілқайыр ханның осы уақытқа дейін өзінің толық бағасын ала алмай келгені жасырын емес. Оның билікке келген кезі қазақтың басынан бағы тайып, алмағайып заманаға тап болып, не әрі, не бері болудан басқа амалы жоқ, қысталаңда тұрған шағы еді. Халықтың тағдырын тақта отырып, есіліп билік айтқан, көсіліп көсемсіген хан емес, желдің өтінде, жаудың бетінде беттесіп, белдесіп жүріп теңдік сұраған, кейде айла-әрекетке де баруға мәжбүр айбатты әмірші ғана шеше алатын заман туды. Халқын осындай өткелектен алып шығу үшін Жаратушы қазаққа Әбілқайырдай көсемді берді. Бірақ халық барлық уақытта оның бағасын біле алмады. Ә.Кекілбаев Бопайдың ішкі түйсігі арқылы мына жолдарды айтқызады: «Ананың қапасынан қатыгез, қас надан, топас, зұлым боп туатын ешкім жоқ. Бәрінің алдын суытып, ішін мұздататын, қолын арамға, пейілін теріске бастайтын ағайын деп аталар, жұрт деп аталар, кейде тіпті халық деп аталар кенеусіз қара тобырдың керең көңілі, кенде ықыласы, кейде тіпті көпе-көрнеу зорлығы, қағажуы... Мынадай түр десең түр, тұлға десең тұлға, кісілік десең кісілігі бар азамат бұл қазақтың арасында қай бір айдарынан жел есіп жүреді ғой дейсің? Әлгі бір тоң боп қатқан тұңғиық дерт те сол көптің қақ-сұғынан шығар...».

Әбілқайыр ханға қатысты қыңыржақ көзқарастың сыңаржақ салқыны Бопайдың әдебиеттегі бейнесіне де салқынын салғанын қазақтың классик жазушысы, тарихи роман жазудың шебері Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» романындағы Нұрбике образынан байқаймыз [10,146]. Романда Әбілқайыр ханның сүйікті тоқалы Нұрбике кейін Әбілқайыр ханның қанын мойнына жүктеген қарақшы Барақ сұлтанның көңілдесі, ерін сыртынан сатып, құпия әңгімелерін Бараққа жеткізуші сатқын да азғын әйел ретінде суреттеледі. Әбілқайыр ханның ең сүйікті, жанына жақын жары Бопай ханым екенін білетін көзі ашық оқырман үшін Нұрбике образы күллі қазақтың анасындай болған қасиетті Бопай анамыздың рухына қиянат сияқты болып көрінері сөзсіз.

С.Нұржанның «Хан кегі» поэтикалық драмасы Бопайдың қазақ жұртының бас ханымы ретіндегі кісілік бейнесін, саяси тұлғасын шырқау биікке көтерген, сол арқылы бүкіл қазақ әйелдерінің, аналарының мерейін аспандатқан бірден-бір сахналық көркем туынды деуге негіз бар.

Драмада Бопай туралы ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатырған ел аузындағы аңыздаулар мен тарихи құжат деректері қатар пайдаланылып, бірін-бірі толықтырып, қазақтың әрі ақылды, сұлу да нәзік, әрі айбынды да қайсар қызының бейнесі берілген.

Бірінші көрініс хан мен ханымның оңаша диалогынан басталады. Оңаша отауында жарының аяғын жуып отырған нәзік жанды, ізетті әйел мен ханның кеңес салар ақылманы дана әйелді қатар көреміз.

Құйып ап атау-кере – торсыққа дәм,
Аттанып кетіп едің – жол шықты аран.
Ақ Еділ – Өр Алтайдың арасында
Бір төбе қалды ма екен сен шықпаған?!

Хан болдың Хиуаға да, башқұртыңа,
Табынды олар-дағы тас тұрқыңа...
Тақымың тақтан емес, аттан тозды,
Табам деп жайлы қоныс қасқа ұлтыңа!

Қасқа ұлтың – дала-дидар, ғаршы-бітік,
Жұртына кетті тастап қанша ұлытып.
Сүрінген кем жеріңді тергеп тінтіп,
Кетеді еңбегіңді тарс ұмытып... [11]

деп, қарашасы ұқпаған ханды жанымен түйсінген, соның жолында қандай тәуекелге де бара алатын бақилық жарды көреміз. Әбілқайыр ханның: «Бәтима! «Жан барда – жазым бар». Бастан жығам аумай тұрып Қалға сайласам деймін. Мен олай-бұлай болып кетсем, орныма қай балам лайық? Сен не дейсің?» деген сауалына:

Нұралыны хан қойсаң, – ат үстінен сиерсің,
Ералыны хан қойсаң, – мауыты шекпен киерсің,
Айшуақты хан қойсаң, – жауыңа күнде тиерсің!»
Қожахмет пен Әділді
Кезекпе кезек сүйерсің...[11]

деп жауап беру үшін үш күндігін ойлайтын әйел заты емес, қырық жылғыны алдын-ала болжап білетін көреген болу қажет екені сөзсіз. Бопайдың ана ретінде ғана емес, көреген саясаткер, көріпкел сәуегей ретіндегі ерекше болмысын тарихтың өзі дәлелдеді. Бес ұлдың үшеуі қазаққа хан болды. Әрқайсысының қандай хан болғанына халық өзі баға берді.

Бопайдың ханым ретіндегі қайсар образы, әсіресе, Барақ сұлтанның сатқындығынан мерт болған қазақтың Бас ханының кегін қайтару, Барақ сұлтан сияқты елдің бірлігін емес, өзінің күйкі тірлігін ғана ойлайтын басбұзарларды елден аластау жолындағы әрекеті барысында айшықтала түседі. Барақ сұлтанды ауыздықтау жөнінде орыс әкімшілігіне бірнеше рет хат жазып, елші жібереді, олардан белді әрекет болмаған соң, өзі қимылға көшеді. Ханның кегін қайтарар өр рухтың, қайтпас намыстың, аршылдықтың иесін іздегенде өзінің төркіндері арқа сүйер адайларды таңдайды. Төркіндеріне сәлем айтып кенже баласын жөнелтеді. Автор өзінің сүйген жарынан, халқының Бас иесінен қапияда айрылып, қасіреттен қан жұтқан ханымның аузына: «Екі жылдан бері әкеңнің кегі алынған жоқ! Бұдан асқан «хан-талапай» бола ма?! Күллі дүниенің құйыны бізді ұрғылап, «үйірмекіл» ойнатып тұрған жоқ па?! Ойын бітті, балам! Бұл іске тәуекел деп өзім кіріспесем болмас! Желідегі бозша нарды жетегіне алып, нағашыларыңа бар! Жиын отырсын, алдымен бара жатқаныңды айтып хабар жібер. Барған бойда, сәлеміңді аттан түспей беріп, нарды шөгермей, тұрған күйі қанжарыңмен шалып жібер! «Жүрегінен оқ тиген өлі марал осындай сәлем айтты!» – деп, кідірмей қайтып кет!» деген сөздерді салады.

Бопайдың ханымдық болмысы, текті табиғаты тек қазақты ғана емес, орысты да таң қалдырудан танбағанын автор кейіпкер диалогы арқылы шебер бере білген. Неплюевке: «Сайтан алғыр! Бұратаналардың арасында бұндай да қатын болады деп кім ойлаған?! Әбілқайыр ханның түбіне жеткенімізге екі жыл болды. Бірақ мына қабылан қатыны талап-хат жазуын тоқтатар емес. Не жазу керегін де жақсы біледі!

Бұл өзі қайдан шыққан қатын? Нәсілі қарасүйек деп естіп ем ғой?» деген шарасыз сауал қойдыртып, Тевкелевке: «Бопай – Жемнің аржағында, Аралға дейін көшіп-қонып жүрген қырық мың үй Адай деген жаужүрек рудың қызы. Ғафу етіңіз, қарасүйек дегеніңіз қалай болар екен?..

Адайлар – өздерін Нұрдан жаралғанбыз, атамыз Қызыр деп есептейтін көрінеді. Бопайдың өз атына арнайы ханымдық мөр ұстайтыны да тегінің тегін еместігін білдірсе керек... Әбілқайырдың өзі әлме-талма тұстарда осы қайынжұрты мен Жетіруға арқа сүйепті» [11], – деп жауап бергізу арқылы автор С.Нұржан Бопайдың тегі туралы бұл уақытқа дейін орыс-қазақтың ортасында түрліше айтылып келген жорамалға жауап береді әрі Бопай ханымның өр рухты әйел, көреген саясаткер ретіндегі образын танытады.

Өзінің сүйген жарынан, елінің бас иесінен қапияда айрылып, қасіреттен қан жұтқан ханымның сатқын, қанішер Бараққа шығарған кесімі де екінің бірінің ойына келе бермейтін тосын әрі өнегелі астары терең қадам. Қандай базынаңды да көтереміз, қандай ауыр жүгіне де қылша мойнымыз талша дайынбыз деп алдына келген төркіндері – адайдың ығай мен сығай батыр-билеріне Бопай ханым: «Барақтың харам қанын мойындарыңа жүктемеңдер! Қатын-баласына да тиіспеңдер!» деп тапсырады. «Апеке-ау, «ол иттің басы алынып, қаны ішілмей қайғым тарқамайды» дегеніңіз қайда?» деген Қонайдың сұрағына: «Сендерге Ар-туыстың сертін ілгелі

отырмын! Мойындарыңа төренің қанын артып, төркінімнің қолын былғап қоя алман! Сендерді қылмысқа жықпау үшін ешкім де естімеген жаза бұйырам!», – дей келіп, аманат-тапсырмасын айтады: «Ең әуелі, Барақтың басындағы тәжін ал! Төренің төрінде тәжін алғаннан, басын алған мың есе жеңіл!

Беліндегі кісесін шешіп ал! Ол – «Беліңді сындырғаным!» – деп кеткенің!

Асасын, бес қаруын түгел сыпыр, саусағындағы жүзік-мөрін ал! Аса мен бес қарудан, жүзік-мөрінен айрылғаны – енді ешкімге төре де, ер де, пір де бола алмайсың дегенің!

Қатыннан айырмасы қалмау үшін, екі құлағының «азандығын» тіліп, «сырғалық» қылып кет! Иектегі сақалын күзе! Төрені өз төрінде күзеу – ақталап жібергенмен бірдей жаза! Ол аз болса, ақымақ кәлласын ұстарамен шаңбақтап кет! Бұл – енді сенің басыңның жұртта қалған жыртық қауға ғұрлы құны жоқ дегенің!

Кәззап төсегінің қожасы кім екенін, қатыны жесір екенін білсін – ханымының бұрымын кесіп, барлық «ханымдық белгісін»: қарқарасын, даналқасын, шұбыртпа, тұмаршасын, анар-тасын – бәрін сыпырып алыңдар!

Ең ақыры, Қадир-Хақтың хас қарғысы ұрғанын өзі де, елі де көрсін: шатырының туырлығын тіліңдер, иесіз қалғанын сезіп, қазығында тұрып азынасын: тұлпарын тайша күзеп тұлдарсыңдар!» [11]

Осылайша «қанға – қан, жанға – жан» деген кекшіл тілектен ада, басына қайғы түсіп, қандасынан сатқындық көргенде де елдің бірлігі мен бүтіндігін ойлаудан бір танбаған Бопай-Ана, Бопай-Жар, Бопай-Ханым өзінің биіктігін, тектілігін көрсетеді.

Бопай ханымның тарихи-көркем тұлғасы сонау XVIII ғасырдың көмбе көмей жырауы Абылдан бастап заманының заңғар қаламгерлері Т.Ахтановтың, Ә.Кекілбаевтың, солардың сара жолын тың поэтикалық мінездемесімен жаңғыртқан С.Нұржанның шығармалары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан заманға жалғасып келеді. Ел мен жерді, дос пен жарды сатуға жаны қас Бопай-Ананың:

Жуынғай деп, көгім – нілмен,
Арылғай деп, көңіл – кірден,
Құтылғай деп, жерім – зілден,
Кезем қырды, тау ішін.
Ұйықтамайды менің мүрдем!
Ей, ұрпағым, естимісің –
Бауыздалып желіп жүрген
Боз маяның дауысын?.. [11]

деген Аманат-зары әлі де қазақ жерін кезіп жүргендей...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілсейіт Қапизұлы Ел тірегі болған Бопай ана.
https://abai.kz/post/63354
2. Мұқтар Ә.Қ., Сыдықов Е.Б. XVII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы.
А.: Мереке баспасы, 2015. – 688 б.
3. Ерофеева И. Хан Абулхайыр: полководец, правитель, политик. А.: Санат, 1999. – 336 стр
4. Нұржан С. Хан кегі. Дастан. // Таң қауызын жарғанда 3 томдық. III том. А.: Үш қиян, 2002. – 352 б.
5. Адай шежіресі. А.: Информ-А, 2002. – 480 б.
6. Тіл таңбалы ақындар. Құрастырған Ж.Жылқышиев. 5 томдық. 1-том. Ақтау: «Printing House», 2016. – 432 б.
7. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. А.: Жазушы Т. 3 Пьесалар. – 1984. – 448 б.
8. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – А.: Өлке, -Т. 5. – 1999. – 416 б.
9. Қойшыбаев Б. Қазақ мемлекетінің тарихына көзқарас. Abai kz порталы
10. Есенберлин І. Жанталас. Тарихи роман. А.: Жазушы, 1973. – 320 б.
11. Нұржан С. Хан кегі. Поэтикалық драма. Ақтау, 2018

ӘОЖ 82-131

М.ӘБДІХАЛЫҚОВТЫҢ «СҮЙІНҚАРА» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ұлттық идеяның ең басты тірегі – тәуелсіздік, еркіндік. Ол тәуелсіздік идеясы қазақ халқының өткен ғасырлардағы азаттық жолындағы күресі – жетпісінші-сексенінші жылдар прозасында қаламгерлеріміздің кең арналы ойларын айтып көркемдік шешімдерге келуіне тың серпін жасады.

Жазушы Маршал Әбдіхалықовтың сексенінші жылдары жазылған “Сүйінғара” романы да өткен ғасырлар тарихи шындығын суреттеп, халқымыздың азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысын көркем бейнелеген туынды.

Мақалада жазушының заман тынысы мен тарихи кезең шындығын суреткерлікпен таныта алған, танымдық сипаты мол, терең мазмұнды туындысының көркемдік қырларын ашады

Түйінді сөздер: идеялық-эстетикалық шешім, стиль, образ, пейзаж, психологизм,поэтика, монолог, диалог.

Қаламгер “Сүйінғара” романында қоғамдық-саяси мәні зор проблемалардың идеялық-эстетикалық шешімін табу жолында көп ізденген. Құнарлы өмірлік материалдарға, оның ішінде тарихи деректерге сүйеніп көркемдік жинақтаулар жасайды. Жазушы романда авторлық баяндау, кейіпкерлердің диалогын, лирикалық шегіністерді, табиғат көріністерін көркемдік мақсатта өте ұтымды пайдаланады. Бұл әрине заман шындығын тұтастықта, тартымды бейнелеуге негіз болады. Романда диалогтар кейіпкерлердің характерлік ерекшеліктерін даралауға пайдаланылған. Кейіпкерлері аз сөйлесе де сөз астарларында терең мағына-мән, күрделі әрекет, шынайы сезім бар. Бұның өзі – жазушы шеберлігінің бір қыры.

Романның нағыз халықтық үні, яғни стильдік бояуы оның тілінде жатыр. Бұдан жүз жылдар бұрын өткен өмір шындығын көрсетуде жазушы суреткерлік талантын танытқан десек болады. Мысалы: би, батыр сияқты сол кезеңдердің “лауазымды” адамдары қатардағы көптен ақыл-парасаты, жүріс-тұрысы, сөйлеу үрдісі жағынан бөлектеу, жоғарырақ тұруға тиіс болғаны даусыз, әйтпесе ел билеуші төре, хан, ақыл-үкім айтушы би бола ала ма? Сондықтан Сүйінғара да, Тұрыш би, т.б. шешен сөйлейді.

Романның тіліне байланысты тағы бір ерекшелік – шығарманың өн бойында тұтаса өрбіп жатқан зілсіз, әсерлі юмор. Суреткер әрбір деталь, штрихты кейіпкер болмыс-бітімін, қимыл-әрекетін көрсетуде ұтымды қолдана білген. Мына бір эпизодқа назар аударайық: "Қара домалақ бала жылп етіп суырылып, найзаны алды. Алғашында жеңіл деп ойласа керек, ұшынан ұстап еді, салмақты найза құлаған теректей ауып барып шаңға жалп ете түсті. Бір тәуірі ешкімге зақым келтірмеді. Бала ұмтылып оны көтергенше, ересек екі адам оны қатар ұстады. − Ой, балшыққа батқыр, балшыққа бат. Ол саған үйге түскен түйені қуатын қорағаш емес қой, − деп Мәмбетнияз ат үстінен айқайлады. Шаңға көмілген найзаның бауынан ұстады. Кешегі шошаңдай келген көк найза бүгін Мәмбетнияздың ерінің қасына бауымен ілініпті. Түйреймін деп ұстанған ер қаруы емес, қорағаштай былаңдап сүйретіліп кетіп барады. Соған қарап тұрған Сүйінғара оның кез келген сәтте көтеріліп, кісіге айбар шегіп, сұстанып, сүйретіліп шыға келетін өлім қаруына кететінін ойланып, шошынып кетті." Шығармадан келтірілген бұл эпизодтан Әлім руы мен Адайлардың арасындағы алауыздықтар, дау-дамайды қол бастап ұрысқа шығу арқылы шешуге бел буған Мәмбетнияз батырдың Сүйінғараға келіп ақылдасқаннан кейін райынан қайтқан жайын көреміз. Қорағаштай сүйретіліп бара жатқан батырдың найзасы − деталь ретінде алынған.

Романның жүрекке жылы тиген тағы бір сыры – оның жанрлық шеберлік үнінің нағыз қазақшылығында. Әрбір тараудың эпиграфы етіп халық ақындарының өлеңдерінен бір-бір шумағын келтіріп отырғанының өзі – жазушының стильдік табысы, эпиграфқа алынған өлең жолдары шығарма тармақтарының мазмұнын түйіндеп тұр.

“Сүйінғара” романының “Тұнық теңіз” деп аталатын бірінші бөліміне Абыл Тілеуұлының "Сүйінғараны жоқтауы" деп аталатын 4 шумақ өлеңінен төмендегі жолдары эпиграф түрінде алынған:

Сен барда сүйеулі еді арқам жарға-ай,
Қатепті қайыспайтын қара нардай.
Алдында байтақ жұрты анталаған,
Сүйекем сөйлер еді-ау қарқуардай.

Батыр қазасы кезінде айтылған жыр шумақтарында ақынның батырға деген ерекше ілтипатын, Сүйінғараның өмірінде бірегей тұлға, халықтың қолбасшысы, көпті артына ерте алған баһадүр екендігін көрсете алған. Романдағы барлық оқиғалардың дамуы, әрекет, өмір құбылыстары – негізгі қаһарман Сүйінғараның көзқарасымен, соның ой елегімен байланысты дамитындығын көрсетеді. Осы тұрғыдан да Сүйінғараның есімі роман аты болуға лайықтылығын танытқандай.

“Аңдысу” деп аталатын екінші бөліміне Ы.Шөрековтің "Исатай-Махамбет" поэмасынан үзінді келтірілген.

Бұл жаулықты бастаған,
Ел намысын тастаған,
Тар қонысқа таласқан.
Бір кемпір-наз өкпе еді.

Бұл бөлімнің негізгі сюжеттік желілерінің жыр жолдарына қатыстылығын оқиға барысынан аңғарамыз. Қазақтың ру арасындағы алауыздық, жауласушылықтың жеңімпазы болмаған. Себебі қайда да жеңіліс тауып сорлаған қазақтың өзі. Романда суреттелетін сондай келеңсіз оқиға – ешкімге абырой бермеген, жер- су үшін таласып, кейіннен бітімге келген Әлім мен Адай рулары арасындағы қақтығыстар.

Белгілі жырау Нұрым Шыршығұлының (1831-1908) "Тоғыз ауыл" дастанынан (Байбоз-Жанбоз) үзіндіні “Шапқыншылық” бөліміне эпиграф ретінде алған.

Ол ұрыспай неғылсын,
Ардақтап өскен ұл үшін.
Арулап сүйген қыз үшін.

Дастанның тақырыбы – ерлік, ел қорғау, халықтың басқыншыларға қарсы тәуелсіздік күресі. Дастан оқиғасы бойынша XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Маңғыстау қазақтарына – Адайдың Байбоз, Жанбоз руының тоғыз ауылына – Хиуа жендеттері қаныпезерлік, қарақшылық әрекеттер етіп, мыңғырған малды айдап, көптеген адамды тұтқын етеді. 250 шапқыншыға Адайдың 40 жігіті Борқұдық деген жерде жетіп, мал- жанын жау қолынан айырып алады. Осы оқиғаға байланысты Нұрым "Тоғыз ауыл" дастанын шығарады. Қаламгер Нұрымның дастанынан үзінді ала отырып, роман оқиғасындағы "Шапқыншылық" туралы, Сүйінғараның да жау қолында кеткен бала-шаға, мал-жанын алып қалуға бел буған, жау табанында қалмауды ойлаған ерлігін сипаттайды. Жоғарыдағы эпиграф ретінде алынған жыр-жолдары романның идеясын аша түседі.

Тағы бір атап айтарлық жәйт– жазушының романда образ жасауда пайдаланған тәсілдердің бірі –монолог. Бұл туралы “Монолог та диалог секілді кейіпкердің өзіндік болмыс-бітімін танытады. Мұнда қаһарманның дүниетанымы, көзқарасы, ішкі рухани дүниесі көрініс табады. Адамның ішкі сырын ойлап білу, жүрегін, жанын сөйлету, жан диалектикасын меңгеру – психологиялық талдаудың қызметіне жатады... ” [1, 116б], – дейді ғалым Р.Бердібаев. “Характер – шығарманың жаны. Екінші сөзбен айтқанда, жазушының айтпақ болған идеясының көрінісі” [2, 11б], – деп тұжырады ғалым М.Атымов. Сонымен жазушының сомдаған характерінің сәтті шығуына монологтың тигізер пайдасы зор.

Характердің ішкі жүйесін ашуда, оның психологиясын танытуда қаламгердің көбірек қолданатын көркемдік тәсілдерінің бірі- ішкі монолог.Ішкі монологтың көркем прозадағы қызметі – адам жанының сырт көзге сезіліп, байқала бермейтін ішкі "қайнарларын", құпия қалтарыстарын, жұмбақ сырларын шынайы да сенімді түрде бейнелей білу.

"... Шығарма идеясының небір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді. Ашық тілдесулердегі тәрізді үнсіз ой жүйелерінде де образдың даму логикасына сәйкес психологиялық дәлелдемені керек қылатын сюжеттік композициялық бастаулар жатады", – дейді ғалым Б. Майтанов [3, 291 б.].

Демек, ішкі ой-толғақ – адамның өзіне-өзі арнаған сөзі. Монолог адам баласының ішкі жан дүниесіне қатысы бар мынадай психологиялық құбылыстарды білдіреді: Кейіпкердің бей-берекет шашыраңқы ойын, логикалық жағынан жүйелі пікірін, екі түрлі "дауыстың" қарама-қарсылығына құрылған толғанысы мен естелігінің ағымын т.б. ішкі монолог эпикалық баяндауда характерлер табиғатын ашуда тиімді көркемдік құралдардың бірінен саналады.

Автор бас кейіпкерлердің образдарын сомдағанда, олардың рухани жан-дүниесінің айнасы – ой ағымын көбірек бейнелеуге тырысады. Монолог– кейіпкерлердің нақтылы бір жағдайға байланысты туындаған ой мазмұнын жеткізуімен де құнды. Романда Сүйінғараның алдағы болатын жорық, сыртқы саясат ахуалын ойлау-толғамдары, қобалжу толқулары монологпен мазмұндалады. Кейіпкер бойындағы ел билеушілік, батырлық таланттарын ерекшелеуде де монолог қызметі дараланады. "Сүйінғарадағы" ішкі монолог көп жағдайда оқиғаның шиеленіскен сәтіндегі қаһарманның қиналысы, өткенді саралап, келешекті бағдарлау мақсатында көрініс береді. Елдік мәселені қалай шешудің мүмкіндігін іздеген қайраткердің кесімді ой толғанысы, Сүйінғараның алдағы күндерге үміт артқан асыл арманы да көрінеді. Демек, бұл – логикалық монолог. Монологта Сүйінғараның әр елдің саясатын ойлап, өзіндік бір байламға келуі былайша көрініс табады: "Мұсылман, мұсылман!" деп кеңірдек жырта айқайлайтын Хиуа ханының мұсылманшылық рақымы шамалы ғой. Бегінің де бегіленінің де аялағаны – Адайдың малы. Қанша елді қан қақсатты. Зекеті мен пітірі бітер емес…

Мынау орыс кісі мұны бекер іздемеген болды. Егер тиісті алым-салығын алып, елді тек өзіне өзін билетсе, одан қашуға бола ма! Май - шекері, ұн-астығы, киім-кешегі болса, басқа не керек?… Мал-мұлын, тері-терсегін бермей ме ел. Анау саудагердің жылмаңдауы бекер емес! Жоқ, бұл жерде енді ойланатын жай жоқ!.. Орыс елі көп дейді. Білімі бар, көргенді, оқулы көрінеді. Ақыры біреуге қол арту керек болса, осыларға арту керек" [4, 108 б.]. Бұл – психологиялық толғаныс. Өзін мазалаған сауалға іздеген жауабын тапқан кейіпкердің қалың ойдан арылуы – нақты, берік байламға келуімен қабысады. Бұл – бір жағынан ішкі монолог. Монологта кейіпкер күрделі өмірлік мәселелерді шешудің бағыттарын іздестіреді. Сүйінғараның Хиуа хандығына байланысты ойы осылай сипатталған. Автор осылайша кейіпкер ойын тереңдете таратып ерлік мүддені алыстан ойлаушы көреген қайраткер тұлғасында биіктетеді. Терең толғаныстағы ішкі монологтан Сүйінғараның алдағы заманның жайын батыл болжаудан туған мақсаткерлік болмысы байқалады. Осы монологтың өзінде психологиялық талдаудың әр қырын пайдалануы арқылы шығарма көркемдігін арттырумен қатар, тарихи бейнені шынайы сомдай білген.

Автор кейіпкер әлеміндегі жан толқыныстар, ішкі ой-түсініктерін монолог сияқты психологиялық көркемдеулермен берумен қоса, кейіпкер атынан да ой тұжырымдайды. Бұндай тұжырымдаулар романда тарихи кезең шындығын ашатын тұстарда орынды теңеулермен, кейіпкерлер көңіл-күйін, сыртқы портреттерін баяндайтын тұстарда көбірек кездесіп отырады.

Құрылымы мен формасы жағынан аса күрделі романдық характердің психологиялық сарасын танытатын ішкі монологтың тағы бір түрі – монолог-естелік. "Орта Азияға Персияға, тіпті Кавказдың шығыс бетімен қатынас жасау үшін Каспий теңізі керек. Оның жағасынан бүкіл айналаға ортақ мықты порт салуымыз дұрыс іс. Ал, міне, сол порттың орнын таңдау Карелинге жүктеліп отыр. Яғни анау Аракчеевтер мұны менсінбей, құдалай берсін, бірақ қазіргі кезде Россияға, империяға бірден-бір қажет адам мына өзі Григорий Силыч Карелин! Жас талшықты түбінен қиып түскен Аракчеев бейнесі көз алдына келгенде бүкіл Петербургтің чиновниктерін құртып жібергісі келеді….

Бірақ, ол 1825 жылдың желтоқсанындағы сенат алаңындағы оқиғалар жайын естіп, сол туралы ойлағанда тұла бойы дір ете түседі. Олардың әрекетін бұл түсінбейді. Сонда олар жеңе қойғанда бүкіл империяны құртып жіберуі мүмкін бе?.. Ал, империя болмаса Россияның өзі жоқ болып кетуі ықтимал емес пе?..” [4, 94б.]. Карелин осылайша өзімен-өзі ұзақ сырласады. Автор бұл монолог-естелік арқылы тарихтың біраз жеріне шолу жасай отырып, Карелиннің де өмірінен мағлұматтар беріп, өткен оқиғалар арқылы оның характерін, ой-мүддесін аша түседі. Ішкі монологтың өте қысқа, үзік пікірлер түрінде көрініс беруі әңгімелесіп отырған адамдардың бір-бірінің “ойын оқу” немесе қарсыласы жөніндегі көзқарасын “іштей айту” формасында келеді. Автор баяндауларының не диалогтарының арасында кейіпкерлердің ішкі сыры, пікірі ретінде ұшырасып отырады. Мысалы Сүйінғара мен Тұрпаев арасындағы ішкі шарпысулар осыған толық дәлел. Романда кейіпкер характерлерін типтендіруде ерекше рөл атқаратын көркемдік құралдардың бастауларының бірі ретінде өзіміз байқаған кейбір қырларын ғана сөз еттік. Қаламгер негізінен бас қаһармандарының характерлерін ашуда ішкі монологты жиі қолданады. Оның өзі романда көрнекті формалық реңктерге ие бола алған.

Маршал романынан көзге түсетін бедер – жазушы қолданған табиғат пейзаждарының тілі көркем, шебер болып келуімен, оқиға характеріне орай кейіпкерлердің ішкі жан дүниесімен үндесіп, психологиялық жағынан қатарласып, жалғасын тауып жатуы.

Сүйінғара характеріндегі ұлттық қасиеттер оның табиғатпен сырласатын оңаша шақтарында молырақ кездеседі. Туған жерге деген зор сүйіспеншілік –романдағы сюжеттің шымыр болуын қамтып, жымдастырып тұрған орамды ойлардың бірі. “Сүйінғараға Отпан қазір өзі басында тұрған шоқыдан да биік болып көрінді”. Шіркін,соның басына көтеріліп төңіректі шолар ма еді. Шаршаған қарттай сұлап жатқан Қаратау табан астында қалып Үшауыз бен Қошақ, аппақ қардай жарқыраған ақ тұмсық қол астында тұрғандай болар еді. Әттең ұшарға қанат жоқ!”... Осылайша ол көңілімен оңды да, солды да қайта шолып өтті. Дүниесін түгендеп, көңілі жайланған адамдай езу тартты. “Е,бұл не желік десем, туған жерді қызықтаудың желігі екен ғой. Сонау бір жатқан түбек төрінен, Бозашының теңізге астасқан кішкентай пұшпағынан не көрінуші еді. Міне, енді көрдім ғой. Ар екенсің ғой, Аймағым!” деп дауыстап жібере жаздады” [4, 78б.]. Романдағы туған жер туралы ой- толғауларынан өз еліңді, өз халқыңды қалтқысыз сүю арқылы ғана өзге халықты, бүкіл адамзатты сүюге болатындығын түсінеміз, автордың осы ойын айқындай аламыз. Суреткер табиғатты көркем шығармада әр түрлі пайдаланады. Бірде оқиға алаңын немесе жыл мерзімін көрсетсе, кейде қатал долы күш табиғатқа төтеп беретін характерді ашу үшін алады. Қандай жағдайда болмасын табиғат көрінісі поэтикалық, психологиялық мағынаға ие болып тұруы керек. Онсыз көркем табиғат көрінісі жасалмайды. “Сүйінғара” романында табиғат көрінісі өзіндік образдық, адам өміріне қатысты мәнде де кездесіп, романның сюжеттік оқиғалық желісімен жарысып отырады. “Табиғат көрінісіне жан бітіріп, оны жан-жануар, адам бейнесінде суреттеушілік – әдебиет тарихында ауыз әдебиетінен бері келе жатқан дәстүр. Бірақ, бұл белгілі бір жағдайда ғана. Табиғатқа мағына беру – оны адам іспетті жандандыру емес, кескіні жағынан адам мен қоғам өміріне ұқсату” [5, 161б.]. Мәселен, Аллақұл ханның бейбіт отырған Сүйінғара ауылын шабуға келе жатқан қанды қолы Бәшен мен Күсепке алдағы өлім апатын меңзеп аңдататындай, ордалы жыландардай болып елестейді. “Әскер алды, жаңа ғана бұлар асып түскен биіктің басына көтерілді. Бірақ, кідіріп тұрмады. Таудан төмен құлаған топан судай төмен құйылып, шұбап келе жатты. Алды етекке жайылып, арты әлі көрінбейді. Жоғарыдан төмен ағылғандай жойқын күшке қарай қалған Күсеп есіне бала кезінде естіген бір аңызы түсті... Жыландар жортуыл жорығына түскенде біреуі жер бауырлай сумаңдап, екіншісі мойнын қақита омыраулап, тіпті, үшінші біреулері шоршып-шоршып секіре ұмтылып, ілгері қаптайтын көрінеді. Мынау, әскер де сол шұбырған ордалы жыландардан айнымайды. Төбелері шошаң етіп, біреуі арасында жортақтап алып, қайта атының басын тартып, екіншісі астындағы көлігін ойнатып, ауыздығымен алыстыра аспанға қарғып, ілгері сұғынып келеді. Ешбір кідіріс жоқ” [4, 227б.] – деп бір жаманшылықтың болатынын сездіреді.

Табиғат көрінісі бұл арада “мифтегідей” жанды бейнеде жанасып, қисынды қолданылған. Сондықтан да, түр тұлғасы мифтікке жақын келгенімен, шығарма мазмұн, мағынасы шынайы, реалисік мағынадан айнымайды. Ордалы жыланның сұсты, зәрлі бет-әлпеті анық болғанымен, ол

Күсеп пен Бәшей тағдырларының қыршындарының қиылуы, Сүйінғара ауылының шапқыншылыққа ұшырауының белгісі ғана емес, Хиуа хандығының бүтін бір билігінің ендігі жерде бұл түбекке жүрмейтіндігінің, өткелі келе жатқан бүкіл бір заман шындығының да белгісі.

М. Әбдіхалықов қаламына тән рухани ой мен іс-қимылдың, табиғат пен адамзат тіршілігіндегі психологиялық пейзаждың параллелизм элементтерін де байқаймыз.

“Озбыр күштің зорлықшыл қиянатын көргісі келмегендей, күн шарасы қан жылай ақырын қозғалады. Қызыл сәуле қандай шашырап, түнерген қара бұлттардың етегін алқызылға боядды. Анау дөңгелек қызыл шар қанға толып кең далаға иек артса жарылып, бүкіл далаға қан төгілгендей. Табиғаттың құдіретіне амал жоқ. Күн көтерілуге тиісті. Бүкіл аспанды торлаған шудалы қара бұлттар қара жамылған қатындардай, анау күн көрінсе, шағынып зарлай жөнелетіндей.

Бүкіл жылаған табиғаттан тақырда қалған қос қыршынның хабары жоқ. Өңдері боп-боз, тып-тыныш. Құлап бара жатқан Бәшкейді ұстаймын деп, Күсеп оның үстіне құшақтай құлаған-ды. Енді екі құрдастың құшақтары жазылмай, мәңгі бірге айқасқан, жұп-жұмсақ даланың майда желі, оларды аялап, шаштарынан сипайтын секілді. Қоңыр майда желдің өтінде ақырын желбірейді... Тіршілік тоқталмады” [4, 236б.]. Жазушы тіршіліктің мәңгіліктігі, әдеттегі өзгерместей сипатымен адам өмірінің аумалы-төкпелі қасиетін шендестіру арқылы ассоциативті түрде контрастылық параллелизм жасайды, терең астарлы философиялық мәні мол пейзаждық детальды пайдаланады.

Сонымен қоса кейіпкердің көңіл-күйі, жан дүниесінің құбылыс сәттерін табиғатпен қатарластыра суреттеу арқылы психологизмді терең жеткізу– ең жиі қолданатын тәсілдердің бірі. Осы тәсіл романда әр қырынан көрінеді. Табиғатты жандандыра адамға тән белгілерімен бейнелеу тәсілдеріне куә боламыз.

“Ертеңгілік теңіз беті, түгіне дейін майланып кеткен жалпақ жондай жалт-жұлт етіп, көзді қариды. Көл-көсір болып көктен әлдекім төге салған сынап секілді. Күн нұрында ойнақшып, су беті сан құбылады.

Құмақты жағаға жеңіл толқын жылп-жылп соғылып, еріккен баланың шырт-шырт түкіргені сияқты.

Жағалық жуыла-жуыла бір кездегі көкшіл өңінен өзгеріп, қуқыл тартқан жұқа шүберектей елестейді. Одан әрі көгістеніп, көк нілмен беті бұзылғандай болады. Көкжиекке қарай көгере түсіп керіледі. Теңіз тұнық жатыр [4, 30б.].

Мұнда жазушы пейзажды адамға тән сипаттармен жандандыра теңеу арқылы оның әсерлілігін күшейтеді. Тып-тыныш жатқан теңіз пейзажының әсерлі бояуын әрі сыршыл жүрекпен, әрі өзінің туған жерінің табиғатын тамашалаған сезіммен жеткізеді. Осылайша романда жазушы шеберлігінің нәтижесінде пейзаж жан-жақты ашылады. Адам ой санасындағы жаратылыс сырлары, табиғат құбылыстарын таным процесі арқылы көркемдік тәсілмен жеткізе отырады.

“Бір жусанды жерге келгенде атынан түскен қара жерге шалқалай жата кетті. Өзін не мазалап, не тыныш бермейтінін түсінбейді. Ауылына жетіп, үйінің төрінде де осылайша шалқалап жатса болар еді. Бірақ үйінің іші тар секілді сезініп, жұрт оның ойын аңдып, жан-жағынан анталап тұрғандай. Ал мынау оңаша, дамып жатқан кең дала қандай рахат! Тынысыңды мол алып, қалай аунаса да көтереді.

Сүйінғара заңғар көкке қарады. Аспанда алашабдар жұқа бұлт қана бар. Ол қанша тесіле қараса да, оның түбі көрінер емес. Сол ғаламат алдында, өзін тым әлсіз, тым кіші сезінеді” [4, 102б.].

Роман тілі шұрайлы, нақтылығымен ерекшеленеді. Белгілі бір уақиғаны не бір адамды суреттеуде жазушы оның бет бейнесін көзге көрінер түр-тұлғасын кеңінен сипаттамай-ақ сол оқиғаның, пейзаж не портреттің негізгі детальдарымен ғана кейде, тура, кейде жанама теңеу, мінездеулері арқылы оқырманға жеңіл, қарапайым тілмен жеткізуге тырысады.Романдағы күн, зеңгір аспан, бозторғай, дала жусанының бейнесінен жазушы үшін кейіптеу, символикалық салыстыру тәсілдерінің жат еместігін дәлелдейді. (Жусан-халықтық ұғымымызда туған жердің, бозторғай-еркіндік, бостандыққа ұмтылудың символдары).

Роман сюжеті тарихи мотивте болғанымен, композициясы тұрғысынан қарағанда кейбір кейіпкерлер бейнесінің шығарма соңына дейін көздеген іс-әрекеттер бастауында қалып

қойғандығын жазушы талантының кемдігінен емес, шығарманың аяқталмай, қаламгер өмірінің мезгілсіз үзілуінен деп түсінгеніміз жөн.

Қорытындылай келгенде, М. Әбдіхалықовтың “Сүйінғара” романында жазушы тарихи тұлға, елдің өткен тарихын бейнелеуді мақсат етеді. Мысалы, алғашқы туындыларындай емес, бұл шығармасында авторлық баяндаулар мол. Бұл әрине жазушының тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, кейіпкерлердің іс- әрекетерін барынша көбірек қамту тілегінен туған. Өйткені, Сүйінғарадай күрделі тұлғаның әлеуметтік қызметін көрсету үшін осылай ету қажеттілігі туындайды.Ол оқиғалардың кейбіріне Сүйінғара тікелей араласпағанмен, олардың Сүйінғара бейнесін толықтырып, характерін ашудағы мәні ерекше. Бүгінгінің тамыры өткен тарихта екендігін, сабақтастық тамырын таниды, ең бастысы – ұлттық рух, діліне бет бұрушылыққа бастары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б. Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 300 б.
2. Атымов М. Қазақ романының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1975. –312 б.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1994. – 336 б.
4. Әбдіхалықов М. Сүйінғара. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 275б.
5. Тұрбеков А. Реалистік роман және типтік характер. – Алматы: Ғылым, 1970. – 203 б.

ӘОЖ 39 (045)

ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Бекенжанова А.А.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Андатпа. Ғылыми мақалада Маңғыстау қазақтарының Иранға қоныстануының себептері, көшіп орналасқан географиялық аймақтың ерекшелігі, қазақ диаспорасының басқа этникалық ортадағы әлеуметтік-экономикалық бейімделуі, шет мемлекеттегі қазақтардың рухани және заттай мәдениетінің сақталуы мен өзгеруі, тарихи Отаны Маңғыстауға оралу үрдісі және мәдениеті туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: қазақ диаспорасы, құрылтай, тәуелсіз мемлекет, этнос, бейімделу, мәдениет.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған кезден бастап халықтың тарихында ұзақ жылдар бойы айтылмай келген, зерттелмей келген мәселелерді жан жақты ашық айтуға, бұрын жабық болып келген тақырыптарды еркін талқылауға, өткен оқиғаларға жаңаша баға беруге мүмкіндіктер пайда болды. Соның ішінде осы уақытқа дейін жабық мәселелердің бірі болып келген алыс шетелдегі қазақтардың тарихы, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлттық психологиясы мен дүниетанымы, тұрмыс салтының сақталуы мен өзгеруі, өзге этникалық ортаға байланысты мәдениетіне енген өзгешеліктері, тілі мен діні, ата мекеніне қайта оралуы мен бейімделуі қазіргі кездегі зерттейтін тақырыптардың бірі болып қарастырылып отыр.

Қазақстанның бүкіл әлемдік қоғамдастыққа тәуелсіз мемлекет ретінде танылуы қазақ халқының тарихи мәдени мұрасы жайлы терең зерттеу қажеттігін туғызып отыр. Диаспораларының пайда болуы, қалыптасуы тікелей құштеп, қудалау саясатын құрал етіп, халықтарды өз Отанынан көшіру, тіпті геноцид қаупінен болған халықтардың этникалық бөлшектенуі түрлі тарихи әлеуметтік факторлардан тұрады.

Тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, Маңғыстау қазақтары Түркменстанға өтіп, теңіз арқылы көршілес мемлекет Иранға пана іздеп кетуге мәжбүрлі болды. Толқып, үдіре көшкендер зат-жүктерін түйеге артып, ат-көлік мініп жолға шықса, ал кедей адамдар Каспий теңізі жағалауындағы (Орта-Еспедегі) жүктері мен семьяларын қайықтарға тиеп алып, теңіздің оңтүстік жағалауындағы Комсомол шығанағы, Қызылтас деген жерге дейін барды. Ал бірқатары Қарақалпақстанға, Түркменстанға, Өзбек пен Тәжік жерлеріне барып бас сауғалаған. Енді бір тобы одан әрі асып, Иран, Ауғанстан, одан әрі Түркияға қоныс тепті. Қазіргі Маңғыстауға келіп жатқан қандастарымыздың біразы осы жылдары Иранға қоныс аударуға мәжбүрлі болғандар.

Маңғыстаудан көшкен қазақ халқы Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Иран Ислам Республикасына қоныстанған. Иран мемлекетінің шет жақтарында Солтүстік Иран (Эльбурс, Түрікмен-Хорасан), Оңтүстік Иран (Загрос, Мекран), Шығыс Иран (Серхед, Пеленган, Боран, Кепат) таулары, орталығында Кухруд жотасы, Деште-Кевир, Деште-Лук шөлдері орналасқан. Солтүстік-батысынан Оңтүстік Каспий және Кура Аракс ойпаттары, солтүстік-шығысынан Горған жазығы, оңтүстігінен – Гермезир шөлі алып жатыр. Ірі өзендері – Карун, Сефидруд, Гильменд, солтүстігінде Атрек, Аракс өзендері бар. Тау беткейлері орманды, өзендер бойы шалғын, ішкі аудандары шөл, шөлейіт [1].

Иран қазақтары 1929-1933 жылдар аралығындағы «Қызыл табан, шұбырынды» кезінде Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстігіндегі аудандардарда орналасты. Қоныстанған жері Тегеранның солтүстік шығысында, Каспий теңізі жағына жайғасқан 1937 ж. құрылған Иранның бай өлкесінің бірі Мазандаран провинциясы. Қазіргі уақытта аталған үш қала Мазандаран провинциясынан бөлініп, жаңадан 1997 ж. құрылған Гүлістан провинциясының құрамында [2]. Жаңадан құрылған Гүлістан провинциясының орталығы Горган қаласы болып белгіленді.

Қазіргі қазақтар тұратын Гүлістан провинциясының жалпы көлемі 22,000 км^2. 2002 жылғы санақ бойынша Гүлістан елді мекенінің халқы шамамен 1 600 000 адамнан тұрады, оның ішінде 58,7% қала тұрғыны, ал 41,3 % ауыл тұрғыны, аталған провинция 11 қала, 18 кішігірім қала, 16 аудан және 45 шағын ауылдардан тұрады [3].

Орналасудың алғашқы кезеңінде босқындар әлеуметтік жағдайларынан, қаражаттарынан, бірегейліктен, биліктен және т.б. айрылғандықты сезінеді. Бірінші және екінші жылдары босқындар жоғалтқандарын толықтыру үшін көп жұмыс істеп, жаңа өмір үшін жаңа мүмкіндіктер іздейді. Сонымен бірге бұл жаңа ортаны тану үшін қарқынды кезең.

Шетелдердегі қазақтардың қай жерде тұратынына, орналасуына қарамастан барлық жердегі қазақтарға тән ерекшеліктердің бірі, қазақ халқының ертеден тарих сабақтастық арқылы жалғасып келе жатқан қазақтың ру-руға бөліну дәстүрінің айнымай сақталып қалғандығы. Алыс шетелдердегі қазақ диаспорасының өзі қазақтың тілін жақсы білмесе де, көпшілігі өзінің қай жүзге, руға жататынын тап басып, анық біледі [4].

Иран қазақтарының барлығы бірдей Кіші Жүздің ірі рулық тайпалық бірлестік адай руына жатады. Өзінің тарихи Отанынан шалғайдағы жекелеген топтардың бірыңғай орналасуы халықты қалыптастырып біріктіреді және этностың одан арғы дамуына алып келеді. Кіші жүз қазақтарының этникалық құрамы жағынан алғанда Иран жерін мекендейтін қазақтар осы аталған адай тайпалық одағына жатады. Мұнда негізінен Адай руының Жеменей, Көрпе, Ескелді, Тіней, т.б. рулар қоныстанған, сонымен бірге саны көп емес Кіші Жүздің Әлім, Табын, Шеркеш, Ысық руларынан бар.

Диаспоралардың басқа этнолингвистік әлеуметтік-мәдени ортаның тұрмысы мен қоғамдық жағдайына өздерін икемдеу, көну жаңа ортаға үздіксіз үйрену, сол жерде тұруға бейімделу процесі үлкен мәселе. Ирандағы қазақтар да басқа этносаяси кеңістікке, этномәдени ортаға еніп, қоршаған әлем мен табиғат құбылыстарына, үстем этностың психологиясына, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған ортаға осылай бейімделді.

Сөйтіп, шетелдегі қазақтар басқа этнодиаспоралық кеңістіктерде уақыт өте әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайлары бір қалыпты арнаға түсіп, үстем этностың қарым-қатынас тілін үйреніп, соның ішінде парсы, көрші түрікмен мәдениетін құрметтей отырып, үздіксіз үйрену

мен субъектенудің нәтижесінде кәсіп істеп, бірте-бірте қоғамға, қызметке араласып, түзеліп, қоршаған ортаға бейімделу процесі барысында өзінің заттай және рухани дүниесіне, ұлттық болмысына назар аудара бастайды.

Ұлттық киім сан қырлы және өзгермелі құбылыс ретінде тарихтың көптеген мәселелерін шешу үшін үлкен қызығушылық туғызады. Әртүрлі кезеңдердегі киімнің ортақ белгілерін анықтау мен талдау бірыңғай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қандайда бір халықтың дәстүрлі киімінің өзіндік бітімі, оның қалыптасуы, бір ғана халықпен шектесіп қоймай, үнемі байланысып толығуы және өзара ықпал етіп, бір бірін байыту үшін тарихи кезең шеңберінде ұзақ уақытқа созылады.

Түрік, Иран, Ауған мұсылман елдері болғандықтан көбіне әйел адамдары барлығы дерліктей қайырма жағалы, жеңі ұзын, кең және ұзын етек көйлек киіп, бастарына ішкі жағынан кішкентай орамал бүркеніп, сыртынан үлкен ақ жаулық тартады. Иранды мекендейтін егде жастағы әйелдердің айтуы бойынша бастапқы көшіп келген кезде қазақтар өздерінің ұлттық киімдерін сақтап қалуға тырысқан. Үлкен кісілер шабу салған ұзын көйлек киген, көпшілігі ақшыл матадан тігілген, себебі егде жастағы адамдарға қызыл-ала араласқан көйлектерді кию ұят саналған. Маңғыстау әйелдері көйлегінің ерекшелігі – оның тым кең және өкшеге дейін жететін ұзын болуында [5].

Орта жастағы әйелдер, келіншектер тік жағалы, кейбір кезде қайырмалы жағалы, мол, жеңі ұзын, тік пішіліп, етегі кеңдеу болып келген көйлектер киген. Жағасы, етегі, жеңінің жиегі әр түрлі түсті жібек жіптермен тігілген өрнектермен әшекейленген. Көршілес отырған түрікмен халқының ұлттық өрнектерін де кеңінен пайдаланып, оны көйлектің етегіне, жеңіне салып киген.

Әйелдердің сырт киімі – бешпент, камзол, жадағай, ішік болды. Иран қазақтарының бешпенттерінің белі қыналып тігілген, етек жағы кең болып келеді. Жас қыздар киетін камзолдарын түрлі өю-өрнектермен, бағалы тастармен безендіретін болған. Иран қазақтары ақ көйлектің сыртынан жеңсіз бешпенттер киген. Бешпенттер қызыл, қара, қоңыр қызыл түсті барқыт, мақпал маталардан тігілген. Бешпенттің екі өңіріне екі, кейде үш қатар етіп әдемі зер жүргізілген. Мысалы, қара бешпенттің үстіне үш қатар етіп сары түстен зер салып киген.

Иран қазақтарының бешпенттерінің екі өңірі күміс теңгелермен және екінші қатарға алтын жалатылған түймелермен безендірілген. Белбеу жағы күміс және алтын жалатылған теңгелермен әшекейленген. Бешпенттің белінен қыналған тұсының астынан неше түрлі күміс, үсті алтынмен жалатқан теңгелермен әшекейлейтін болған. Соңғы кездері бешпенттердің алдыңғы және арқа жағындағы да өрнектер өзгеріске ұшырап, жергілікті халыққа тән өсімдік өрнектер, соның ішінде әр түрлі гүлдердің, жапырақтардың өрнектері салынатын болды.

Ирандағы қазақ әйелдері бұрама жаулықты кеңінен пайдаланған, қазіргі кезге дейін келін түскен кезде оның басындағы қызыл түсті мақпал орамалды алып, оның орнына «бұрама жаулық» кигізеді. Сол кезде, салт-дәстүр бойынша, келіннің сіңілілері бас орамалын жаулықпен ауыстыруға кедергі жасауға тырысады.

Бастапқыда қазақтар ұлттық киімді тастамай жергілікті халықтың киімдерін киген жоқ. Иран революциясынан кейін киімдерінде өзгешеліктер пайда болды, бастарына бүркеніп үлкен орамал тағып бастады, себебі мұсылман діні бойынша әйел адам денесін, шашын көрсетуге болмайды, сол себептен осылай бүркеніп киініп жүретін болды.

Соңғы жылдары қазақ халқына тән элементтерден тұратын ұлттық киімдердің басым бөлігі өзгерістерге ұшыраганымен, келін түсіру, қыз ұзату, басқа да мерекелерде қазақ халқы ұлттық киімін киіп, өзіне тән ұлттық ерекшеліктерді сақтауға тырысады. Иран қазақтары өздерінің ұлттық киімін әлі күнге дейін қолданыстан қалдырмай келеді. Осындай аса шеберлікпен тігілген ұлттық киімдерді қарапайым адамдардың қолымен жасалғандығы таң қалдырады. Осы тұрғыдан қарағанда, Иран қазақтары қаншама басқа көршілес тұрған ұлттардың әсері болғанына қарамастан өзіндік ерекшелік пен қазақы бет бейнесін сақтап, алдағы уақытта да қазақ халқының құрамдас бөлігі ретінде тәуелсіз, егеменді Қазақстан Республикасымен әрдәйым байланыста болып дамуына мүмкіндіктер бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Ұлттық энциклопедия – Алматы, 2002
2.Исламская Республика Иран //Культурное представительство Посольства Исламской Республики Иран в Республике Казахтан, 2009
3.Golestan. At a Glans. Iran, 2005.
4.Омарова Г. Қазақ диаспорасы, философиялық талдаулар. К., 2011
5.Кәкішев Т. Көш қонысты болсын десек. // Қазақ әдебиет,1995.- №15.

ӘОЖ 82-131

РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАР

Абдразакова Р. Ж.
Түркістан индустриалды педагогикалық колледжі,
Түркістан қ.

«Қисса-сүл әнбийя» – Алтын орда мемлекеті тұсында дүниеге келген діни тақырыптағы тағылымды дүниелердің бірі. Аталған жәдігер дүниедегі аңыз-әңгімелерді жинақтап, құрастырған, біраз қиссаларды жазған аутор – Рабғузи. Бұл бүркеншік ат – «Рабат оғызы» деген сөздердің қысқарған нұсқасы. Аутордың шын есімі - Насретдинұлы Бұрhанеддин екен. Аутор тарихта негізінен Рабғузи деген бүркеншік атымен белгілі. Рабғузи Оғыз Рабат деген қаланың қазысы болған көрінеді. Дерек көздерге қарағанда, аутор аталған шығармасын сол қаланың әкімі Насретдин Тоқбоға бектің өтініші бойынша жазып, кітапты әлгі әкімге сыйға тартқан екен. «Қисса-сүл әнбийя» – негізінен пайғамбарлар мен әулие-әнбилер өмірі жайлы, сондай-ақ олардың басынан өткерген оқиғаларын баян ететін прозалық шығарма. Өзге де орта ғасырлық шығармалар сияқты «Қисса-сүл әнбийя» нұсқалары да ел арасына қолмен көшірілген күйінде көп таралған болатын. Ал тасқа басылған күйінде бізге жеткен, баспа жүзін көрген алғашқы нұсқасы - 1914 жылы Қазан баспасынан жарыққа шыққан жинақ. Кейінірек бұл кітап Ташкент қаласында бірнеше мәрте қайта басылып, ел арасына бұрынғысынан да кең тарала түскен еді. «Қисса-сүл әнбийяның» Қазан баспасынан жарық көрген нұсқасына 79-дай қиссалар мен хикаялар енген екен. 479 беттік бұл шығарма хақында айта келіп, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кенжебаев «Ғылым» баспасынан 1973 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты еңбегінде былай дейді: «Оларды, яғни қисса-хикаяларды тақырып мазмұнына, идея-мәніне қарай мынадай үлкен үш топқа жіктеуге болады: 1. Жер, көк, адамзат, хаюанат, жын-шайтан, періштелер, Адам-ата, от, топырақ жайлы түсініктер, мақала, әңгімелер; 2. Әулие-әнбилер, пайғамбарлар, солардың өмірбаяндары, іс-әрекеттері туралы қиссалар, ертектер, аңыздар; 3. Шежіре- яғни мұсылман жыл есебінің, hыжраның алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғалар, күнтізбе-жыл, ай, күн аттары, назым өлеңдер» [1, 74]. Б.Кенжебаевтың осынау топтастыру идеясымен өзге де ғалымдар келіскен. Шығарманың тініне аракідік өлең араласқаны болмаса, негізінен проза, қара сөз түрінде жазылып, ал кіріспесі және қортындысы жыр тілімен өрнектелген екен.

Түркілік ортағасырлық ойшыл Рабғузи өзінің терең ойлы мысалға толы шығармаларында өнегелі, тәлімдік үлгілерді оқырмандарына ұсынады. Әрине, Рабғузи қиссалары мұсылмандық сюжеттерді өрнектеуге арналуы сол замандағы басымдық танытқан дүниетаным – ислам принциптері мен қалыптары екендігін білдіреді. Бірақ басқа діндерде кездесетін ұғымдар мен аңыздар да бұл қиссалардан орын алған.

Қазақ оқырмандарын алғашқылардың бірі болып Рабғузидің қиссаларымен таныстырған Н.Сағындықов аудармасы болды [2]. «Рабғузи қиссаларының» қыжыра бойынша 710 жылы, жаңаша жыл санаумен 1310 жылы жазылғанын ғалым А.Қыраубаева «Ежелгі дәуір әдебиетінде» атап көрсетеді. Автор шығарманың мазмұнына сипаттама бере отырып: «Рабғузи кітабы – ежелгі араб, парсы елдерінде туып, бірден-бірге ауысып келе жатқан шығыстық сюжеттердің жиынтығы.

Кітапта табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы мифологиялық әңгімелер, халифтар, пайғамбарлар туралы аңыз-қиссалар, ертегілер, өлеңдер бар» [3,185], - деп көрсетеді. Әрине, қазақтың кең даласына мұсылман дініндегі даналық қалыптары, этикалық принциптер тек осындай көркемдік жолмен ғана тезірек тарала алатын еді. Өйткені, қазақ халқы ежелден ауыз әдебиетіне, аңыз әңгімелерге, өлең сөзге, дастандарға, нақылдар мен мақал-мәтелдерге құмарлығы мол екенін білдіріп отырғаны белгілі. Сондықтан Рабғузидің қиссаларындағы даналық тағылымдары түркілер дүниетанымына сәйкес келе қалғанына таңғалуға болмайды. Бұл біздің шығыстық діліміздің ерекшелігіне жатады. Ал этикалық бағыттағы философиялық түсініктеріміз халқымыздың рухани белгісі іспетті. Рабғузи қиссаларында Нұх пайғамбардың топан судан кейінгі жердегі тіршіліктің сипаттамасын баяндауға арналған хикаяттары бар. Хайуанаттар әлемінен Нұхтың әрқайсысын жұптан сақтап қалуға тырысуының өзі Жер бетіндегі Ғарыштық үйлесімділікті орнатуға деген талпыныс емес пе? Сөйтіп, Рабғузи адамдарды тіршілік әлемін құрметтеуге шақырады және дүниедегі әрбір іс-әрекеттен құдайдың құдіретін көре отырып, ойшыл әрбір адамға Ақиқат алдындағы жауапкершілікті ұмытпауды еске түсіреді. Сөйтіп, ол әлемдік үйлесімділікті құрметтеуге үйретеді, адамның әрқашанда өмірдің тұңғиығын тек адалдықпен, әділдікпен сезіне алатындығына сенімділігін білдіреді. Міне осы принциптер нағыз өмірде жетекші рөл атқарады.

Өте қысқа ғана көлемнен тұратын Хазірет Лұқпанның бидай орнына арпаны еккені жайлы хикаят қиссада келтіріледі. Бірақ ол адамзатқа философиялық мағынасы, даналық тереңдігі тұрғысынан алғанда өте маңызды хикаяттарының бірі деген ойдамыз. Себебі, бұл хикаятта дүниедегі әрбір әрекеттің астарында адамның өмір сүруіне байланысты құндылық негіздерді сараптау жатқаны байқалады. Хазірет Лұқпан алаңғасар адамның кейпіне кіріп өз қожасына «Арпа ексем бидей шықпай ма?» деген парадокстік сұрақ-жауабын береді. Әрине, ол жауапқа қожасы қанағаттанбайды да, өзінің барлық таңғалысымен Лұқпанға деген кісімшілігін: «Қашан арпадан бидай шығып еді?» деген кекесін сауалына жинақтап жеткізеді. Әрине, Хазірет Лұқпан бұл іске арнайы дайындықпен қадам жасағандықтан оған жауабын да алдын ала дайындап қойған екен: «Олай болса, не үшін жамандық жасап, жақсылықтан үміт етесіз?» дейді. Хикаятта бұл аңыздың түйіні ретінде «Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды» деп оңды қорытынды келтіріледі. Осындай тәрбиелік мәндегі әрбір сұхбаттың нәтижесі өз заманында әлеуметтік ортаға жемістерін беріп отырғанға ұқсайды. Ал, енді сұхбат арқылы ойды талқыға салу, әңгімелесу арқылы даналық тағылымның мәнін ашу сияқты тәсілдер ежелгі Антика әлемінде кеңінен қолданылған. Пікірталас арқылы Ақиқатты іздеуді ежелгі дүниедегі философтар әдетке айналдырғанын білеміз. Жалпы философиялық ағымдардың барлығында жақсылық пен жамандықтың арақатынасы ажыратылады. Арпаны бидайдан ажыратқандай әрбір құбылысқа өзіндік сипаттамалар беруге тырысады. Ол заңды талпыныс екені белгілі. Өйткені, адам өміріндегі қарама-қарсы бағыттағы әрекеттердің барлығы бір-бірімен араласып, оның әрқайсысының өзіндік сипат – қасиеттері айқындалмаса, онда өмірдің мағыналық іргетасы шайқалады, адам өзінің өмірлік бағытын жоғалтады. Сондықтан, жақсылық туралы сөз қозғағанда оны негізінен адамды бұл өмірде бақытты ететін, қуанышқа бөлендіретін құбылыстармен байланыстырамыз. Бірақ, адамның жалған құндылықтардың жетегінде кететін кездері жиірек болатынын адамзат тарихы дәлелдеп отыр. Яғни пенде үшін бұл тіршілікте материалдық байлыққа ұмтылу, атақ, мақсат, өзім білгіштік пен қызғаншақтықтар негізгі құндылықтық бағдар болып келе жатқанына куәміз. Ал олар болса тарихи үрдістегі барлық жамандықтың негізі, болмыстың көлеңкелі іргетасы екені анық. Хазірет Лұқпанның келесі бір хикаятында ешқашанда өзінді қоршаған ортадағы тіршілік иелеріне қиянат жасама, ол күнәнің ең үлкендерінің бірі деген даналық тағылымын түсінеміз. Өз балаларының шымшықтың балапанын ұстап бер дегеніне көніп, ұяның аузына шүберек жапқаннан кейін оны ұмытып кетіп, балапандарды өлтіріп алады, бірақ шымшық тірі қалады. Хикаятта осы оқиға Лұқпан хакімнің өмірінде де қайталанады. Өзі ұзақ жылдар бойы зынданда жатып тірі қалады, бірақ балалары сол зынданда өліп қалады. Міне, сөйтіп, адам кейде өзінің іс-әрекетіне жауапкершіліксіз қараса, ол міндетті түрде оның ақырғы зардабын татуға тиіс деген тұжырымды аңғарамыз. Яғни Ақиқаттың заңдарын білмеушілік, оның ішкі қисынына шынайылықпен берілмеушілік әрбір пенде үшін оның алдындағы жауапкершіліктен босатпайтынына мегзейді.

Әзірге қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды зерттеуші мемлекеттік заңдардың құзырына бағынып қана өмір сүруді ойлайтын деңгейден аса алмайтын кездеріміз көптеп саналады. Шын мәнінде ол заңдар әлеуметтік ортадағы белгілі бір тепе-теңдікті ұстауға, адамның өз пендешілігінің құрбаны болып кетпеуіне шектеу қояды. Бұл да рухани жағынан жетілмеген субъектілер үшін міндетті түрде көмегін тигізер тетік болатыны анық.

Хазірет Лұқпан есімі түркілер үшін даналықтың, қайырымды жанның бейнесіне айналады. Ал Сүлеймен пайғамбардың табиғаттағы тіршілік иелерінің бәрінің тілін білуі жалпы адамзаттың ашылмай келе жатқан қабілетімен таныстырғанмен бірдей. Яғни бұл қасиетке ие болу үшін әрбір адам Сүлеймен пайғамбар деңгейіне дейін көтерілуі тиіс дегендей терең ой жатқандай әсер қалдырады.

Бірақ сол табиғат пен адамзаттың барлығын билеген, қадір-қасиетімен өз заманында әлемнің ең күштісіне айналған Сүлеймен пайғамбар жердегі құмырсқалар патшасы Манзураның алдында сөзге тосылады, оның керемет қисынды даналық тұжырымдарына қайтарымды уәж айта алмайды. Керісінше, оның даналығына, көрегендігіне, қайырымдылығына тәнті болады. Өзін әлжуазбын, көп нәрседен кішімін деп есептейтін құмырсқа бір сәтке Сүлеймен пайғамбар үшін үлкен ұстазға айналады. Рабғузи қиссаларының даналық тағылымдары да осы хикаяттың астарларын түсінуде болып тұр. Шын мәнінде әрбір адам үшін өмірде кез келген адам Ұстаз бола алады, кез келген табиғат құбылысы, тіршілік Иесі жақсы нәрсеге үйрете алады. Ол үшін әрбір пенде өзінің өміріндегі кез келген сәтке, құбылысқа, оқиғаға мұқияттылықпен, барлық ынта-ықыласпен назар салып, аңғарымпаздық танытуы керек деген даналық тағылымды түсінеміз. Яғни бұл дүниеде еш нәрсе бекерден-бекер жүзеге аспайды, рауажданбайды. Әрбір құбылыстың түп-төркінінде Ғаламның, Ғарыштың, Рухани күштердің адамға көмектесуге бағытталған әрекеттері тұрғандай болады. Тіптен, адам түсті де бекер көрмейді. Тек соларды түсінуден, сезінуден, пайымдаудан, зерделеуден адамның алшақтап кететін кездері көбірек кездеседі. Рабғузи қиссаларының осы мәселелерді еске түсіріп отыратын құдіреті бар.

Харут пен Марутқа арналған хикаядағы тәлімдік өнегелі тұжырымдардың маңызы ерекше. Бұл хикаяда адамның рухани әлемінің көлеңкелі беттерінің қыр-сырына ұқыптылықпен назар аудару қажеттілігі айтылады. Кезінде Қожа Ахмет Иасауи мен Жүсіп Баласағұн жырларында атап көрсетілген адамның рухани жетілмегендігін білдіретін нәпсіқұмарлық құбылысы философиялық талдаудан өтеді.

Рабғузи хикаяларында періштенің өзі кейде дұрыс жолдан тайқып кетіп, зинақорлық жолға түсуі мүмкін екендігі баяндалады. Яғни нәпсі деген керемет түнек күші өзінің қаһарлы құдіретін адамның күтпеген шағында танытуы мүмкін деген ой білдіреді. Ежелгі Қытай елінің даналарының бірі Лао-цзы «Өзгені жеңген күшті, өзін жеңген құдіретті» деген екен. Шынымен де «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген қазақ үшін де өзінің бойындағы кемшіліктерді көре білу маңызды болуға тиіс. Өйткені, адамның білімділігінің, зерделілігінің ең жоғарғы көрінісі оның өз бойындағы кемшіліктерімен күресуі болып табылады.

Адамның табиғатын түсінудің өзі бір керемет дүние екенін түркі дәуірінің ойшылдары жақсы түсінгенге ұқсайды. Ал адамның бойындағы нәпсіге, яғни табиғи қажеттіліктерге, инстинктік құрылымдарға қарай бейімділік белгілі бір қалыптан артып кеткен жағдайда ол өзімшілдіктің тұрпайы кейпіне енеді. Адам табиғи мүдделерін қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру жолында жүріп рухани құлдыраудың сүрлеуіне қалай түсіп кеткенін байқамайды. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеттерінің өзгеге де, өзіне де жамандық әкелгенін соңынан ғана сезеді. Ақылы болса өкінеді, руханилығы болса жөндейді, үйлесімдікке ұмтылады.

Рабғузи қиссаларындағы философиялық тұжырымдармен таныса отырып, «Адам өзінің бойындағы табиғи инстинктерін шектей ала ма?» деген сұрақ туындайды. Әрине, ол мәселе адамда қандай негізгі табиғи инстинктер бар? деген сұраққа жауап беруден басталады. Барлық тіршілік иелері сияқты адам да алдымен табиғаттың бір бөлігі болғандықтан оның үйлесімді заңдылығына бағынады. Ол заңдылықтар бойынша адам бойындағы үш түрлі табиғи қасиет өз күшін жоғалтпайды. Олар: өзін-өзі қорғау инстинкті (яғни тірі қалу үшін күрес); өзін-өзі қамтамасыз ету инстинкті (яғни ертеңгі күнгі тіршілік үшін де күрес); ұрпақты жалғастыру инстинкті (яғни өмірінің қысқалығын ұрпағының өмірімен жалғастырады). Сонымен, барлық

хайуандарға тән күрестің түрлері адам үшін де жат емес. Дегенмен адамның хайуандардан түбегейлі айырмашылығы оның рухани әлемінің, яғни жан дүниесінің болғанында. Ал бұл әлемнің заңдылығы ерекше нәзік байланыстардан тұрады, оның ерекше ырғағы болады. Сондықтан адамның тағдыры, өмірі, жетекші дүниетанымдық бағдарлары, құндылықтар жүйесі осы рухани құрылымдарға бағынуы тиіс. Сонда ғана нәпсі зерделі деңгейге дейін шектеледі. Әркім өз ісіне соңынан ұялмайды, ол руханилыққа толы әрекеттерді жасауға бейім тұрады.

Рабғузи білдіретін даналықтың үлгілері өз замандастары ғана емес, өзінен кейінгі талай ұрпаққа нағыз адамгершіліктің сипаты іспетті болғанына күмәнданбаймыз және оның философиялық мәнін аша түсуге үлес қосты. Өйткені, талай даналықтың үлгісі түркілік тарихымыздың ашылмаған беттерінде жатыр. Ал, енді Рабғузи туралы жарық көрген еңбектердің ішінен Роза Мұқанованың 72 пайғамбардың өмірінің тарихын баяндаған «Рабғузи қисса-сүл-әнбийя-й. Адам атадан Мұхаммед ғалайhи-уәссәләмға дейін» деген шығармасы қомақты дүние болып табылады. Әрине, Рабғузидің басқа да шығармалары жарыққа шығып, халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе береріне сенімдіміз. Ол – болашақтың еншісіндегі іс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1973. - 98 б.

2.Рабғузи. Аударған – Сағындықов Н. // Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991. - 280. - 185-212-бб.

3.Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. Астана, 2001. – 380 б.

ӘОЖ 82-131

КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

Каримсакова Б.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Орхон жырларында «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағыдай ел өмірін суреттеуде, ерлікті жырлауда, хан-бектерді мадақтауда өлеңмен бірге арасында қара сөздер де араласып отырады. Сондықтан, оны эпикалық мұрамыздың көне үлгілерінің бірі деуге болады. Онда шешендік сөз нұсқалары да мол. Оларда өз елін, өз жерін шет басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы көрінеді. Ерлік, батырлық дәріптеледі. Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейінгі өміріндегі ерлік істері, ел басқаруы баяндалады.

Түйінді сөздер: Орхон ескерткіштері, «Күлтегін жыры», «Алпамыс», «Қобыланды» жырлары, жырау т.б.

«Күлтегін жырындағы эпикалық дәстүрді қарастыру мақсатында Көне түркілердің шынайы көне тарихы мен тасқа қашап жазылған дастандарды өзара салыстыра отырып, Күлтегін жәдігерліктер жылнамасы емес, сол дәуірдің өзіне тән поэзиялық дәстүрімен жазылған әдеби үлгілер деген түйін жасаймыз»[1,51] Н.Келімбетов.

Қазақ эпосының тууы жайында академик Қ.Жұмашевтің мынандай пікірін келтірейік: «Қай елдің эпосы болмасын, белгілі бір оқиғаның ізін баса туғанға ұқсайды және ол бір жылдың бір күннің жемісі емес, халықтың басынан өткен талай заман, талай ғасыр, талай тартыстың нәтижесі» [2,10].

Ежелгі дәуір әдебиетімізге үңіледі екенбіз, онда түрік дәуірінің асыл мұрасын паш ететін Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне тоқталмасқа болмайды. Өйткені мұның өзі Ұлы Түрік империясы жайында жазылған ғажайып дастандардан шынайы мол дерек беретін «Күлтегін» мен «Тоныкөк» жырларын тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Бұл жырды жазған Түрік

қағанатының қабырғалы бектерінің бірі, өз дәуірінің кемеңгер ойшылы, шешендік сөздің жүйрігі, ұлы ақын Йоллығ тегін еді. Тасқа қашалып жазылған бұл жазу күллі түріктің басын қосып, қуатты мемлекет құрған Бумын қаған мен Істемі қағанды мадақтаған жырдан құралады:

Биікте көк тәңірі
Төменде қара жер жаралғанда
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған...

Осы жырда ел билеген қағандарға кеңесші, әділ ақыл беруші данышпан, ойшыл Тоныкөктің бейнесі өте көркем сомдалады. Елдің бірлігі, бостандық үшін бар өсиетін, ақылын халқына арнаған:

Жұқаны бүктеу – оңай
Жіңішкені үзу – оңай
Жұқа қалыңдаса, алып бүктейді
Жіңішке жуандаса, алып үзеді.

Кемеңгер Тоныкөктің философиялық ой-пікірлері Бұқар жыраудың дидактикалық-шешендік сөз үлгісіндегі толғауларымен астасып жатады. Тоныкөк өз қағанатын сақтап қалу үшін елдің ішкі бірлігі қажет екендігін пернелеп, астарлап нақыл өсиетпен жеткізсе, Бұқар жырау қазақ елінің ішкі бірлігі туралы өзінің ой-пікірін Абылай ханға астарлап айту арқылы жеткізіп отырған. Бұқар жырау бір өлеңінде:

Биік тауға жарасар
Ығынан тиген панасы
Терең сайға жарасар
Тобылғылы саласы
Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы [3.28-29],- деп толғап келеді де түйінді ойын жыр жолының соңында айтады:

Бұл жалғанда бір жаман
Ағайынның аласы.

Ежелгі дәуір әдебиетінің қайнар бұлағынан нәр алған жыраулар поэзиясының орақ тілді, от ауызды жыраулары «отқа салса, күймейтін, суға салса, батпайтын» ынтымақты, бірауызды, елім деп еңіреп, халқым деп қан төгер ұландары бар қуатты ел болуды аңсап, жырлап өткен. Алдымен ел ішіндегі бірлікті көксеген жыраулардың мол қазыналарында әрбір жыр осы тақырыпты меңзеген.

Ұйыған айрандай күн кешкен ел арасына сыртқы жаудың іріткі салмауы үшін әрқашан «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» жұмылуға шақырған ұранды сөздер сонау түркі дәуірінде-ақ тасқа қашалып жазылып кеткен. Күлтегін жырында кездесетін, осы ойға дәлел сөз:

Аштықта тоқтықты түсінбейсің
Бір тойсаң, аштықты түсінбейсің [4.13],-

деп, әр нәрсенің қадірін өз уақытында біліп, қастерлеп қалуға үндейді.

Осы ойдың жалғасы ретінде жыр толғаған Асан қайғы қанша дәуір өтсе де, ата өсиеті ретінде:

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп....
Қадірін жеңге білмесе,
Байға кеткен қыз ғаріп...
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса
Қанша жақсы болса да
Қайратты туған ер ғаріп!
дейді.

Сондай-ақ Ақтамберді жырау да басынан талай қилы-қилы кезеңдерді кешірген батыр. Қолына желекті найза ұстап та жаулармен шайқастарға қатынасады, ерлік көрсетеді. Сол шайқастардың бірінде жау қолында қалып, өлім аузынан қайтады. Ойраттармен арадағы соғыста өзінің асқан ерлігімен де, жалынды жырымен де көзге түседі, қазақ жерін жаудан аман алып қалуда ерен қызмет көрсетеді. Ақтамберді өз басынан кешірген сол қиын сәттерді жыр-толғауларында өрнектеген ақынның:

Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айрылман,
Сыртым – құрыш, жүзім – болат
Тасқа салсаң майрылман!-

деген жолдардан оның ерлік, батырлық қасиетін әрі қайсар мінезін қапысыз танимыз. Ақын өзінің бар өмірін елі, халқына, оның елдігін, бүтіндігін сақтап қалу жолына арнаған. Жыраудың «ел-жұртты қорғайлап өлімге жүрміз бас байлап» деген жолдарынан мұны айқын аңғарамыз. Ақтамберді өз толғауларында ерлікті, батырлықты жырлаған. Өйткені елдің елдігін сақтар, оны сыртқы жаудан қорғар – батыр ұлы. Ақынның әйгілі Бөгембай батырға жыр арнауы да осыған байланысты. Ол жігіттің жігіттігі де қанды шайқаста сыналады деп біледі.

Ел шетіне жау келсе,
Алдына, сірә, дау келсе.
Батырсынған жігіттің
Күшін сонда сынаса!-

деп, жігіттің сыналар шағы осындай қиын-қыстау кезінде деген тұжырым жасайды.

Ақтамберді жырау ақылдың қазынасы ретінде есептелінгендіктен, оның аузынан шыққан әрбір сөз адамды адамдыққа, рухани дүниеге бастайды.

Мал – басы өскен адамның
Алды-арты бұрқар бу болар
Көтере алмай дәулетін
Көрінгенге бу қылар
Не боларды білмейді
Өзінен-өзі зор болар.

Осы жыры ел ішіндегі Алла берсе, тасып, бермесе, жасып кетер кейбір пасық адамдарға арналған. Бұл да түрік тарихындағы әдебиетте жырланған дастандардың жалғасы іспеттес.

Ел бірлігін паш ететін Бұқардың мына бір өлеңі:

Құм жиылып, тас болмас,
Құл жиылып, бас болмас.
Екі жақсы қас болмас,
Екі жаман дос болмас,- [5,15-18] деген өнегесі мол жыр жолдары.

Ел бірлігі, адамгершілік тақырыбы, туған халқыңа деген құрмет, жан дүниеңнің тазалығы, Отан үшін жан қию – бұлар атам заманнан жыраулар поэзиясына жалғанған мәңгілік тақырыптар.

Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшір» деген ақылгөй сөзі сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «Қайран менің Еділім» деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, Шалғынына бие біз байлап» деп Доспамбет жырау армандаған, «Қайрылып қадам басарға, Күн болар ма сорға, Өзен, Арал жерлерім, Төбеңе шығар күн бар ма?» деп Жиембет жырау еміренген, «Ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпес, Май жемесе қонағым... Он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», - деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған [4.25-26].

Сонымен бірге «Оғыз қаған» жырында көркем теңеумен сомдалған әйел бейнесі жыраулар поэзиясының бір бәйтерегі болған Доспамбет жыраудың мұраларында көрініс табады.

Басында алтын қазықтай
Жарқыраған меңі бар
Осы қыз сондай көрікті
Күлсе, көк тәңір күлер
Жыласа көк тәңір жылар,- 3,36] деген жолдар «Оғыз қаған» жырында кездессе, Доспамбет жырау оны:

Алғаным Әли ағаның қызы еді.
Қас арудың өзі еді
Маңдайы күнге тимеген
Желге шашын үрмеген
Серпіліп адам бетін көрмеген... – деп, өте көркем шеберлікпен жалғастырады.

Жалпы әйел тақырыбы, әйел бейнесі бұдан қаншама дәуір бұрын пайда болған. Көк тәңірі адамзатты жаратқанда да алдымен Хауа ананы жаратқан. Кейіннен әйелдер босана салысымен нәрестелерін басқаратын Ұмай ананы тәңірдің өзі жерге жіберген деген аңыз сөз бар.

Ежелгі дәуір әдеби мұраларынан жалғасын тапқан көркем дәстүрдің бірі – ат, тұлпар бейнесін жырға қосу.

Атам қазақ әлімсақтан-ақ атты қастерлеген, кие тұтқан. Өте ерте замандардан бері ат адамның кисе - киімі, жесе – тамағы, жауға шапса – серігі болған, сондықтан «ер қанаты- ат» деп тегін атамаған. Төрт түліктің бірі деп атап, иесін Қамбар ата деп, пір тұтқан аталарымыз аттың киесінен қорыққан, оған ер-тоқымдармен әбзелдеп, өмірлерін де, тіршілік жағдайларын да жоғары бағалаған.

Орхон өзені аңғарынан табылған түркі жазбаларында, яғни «Күлтегін» жырында Күлтегіннің жауға шапқандағы атын Иоллығ тегін былай суреттейді:

Күлтегінді шағын қолмен жібердік
Жойқын соғыс жасапты.
Алып Шалшы ақ атқа мініп шауыпты
Баршасы түргеш халқының
Сол жерде өлім тауыпты.

Түрік қағанатының есімі мәшhүр әскери қолбасшысы, даңқты батыры Күлтегіннің он алты жастан бастап, қырық жеті жасына дейін, яғни өлгенге дейінгі ерлік істері эпостық сарынмен жырланады. Күлтегін тарихи адам болса да жырда ол бейне бір аңыз қаhарманындай ешқашан жеңілуді білмейтін батыр ретінде көрсетілген.

Күлтегін жырында эпостық баяндау сазы басым екенін айта келіп М. Әуезов «Мұнда батырдың жас шағынан бастап өмірінің ақырына дейінгі ерліктерін жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрылысына ұқсастық бар», - [6.32-34] деп көрсеткен болатын.

Қазақ елінің ауыз әдебиеті бай, әсіресе, ежелгі дәуірден көненің көзіндей сақталып келе жатқан дәстүрлі дастандар – батырлық жырлары көбірек дамыған деуге болады.

Эпикалық шығармалар желісінде қара бастың қамы емес, халықтың мұрат-мақсаты үшін күрескен батырлар мадақталады. Қамбар батыр, Қобыланды батыр және Алпамыстың ел үшін атқарған ерлік істері, олардың туған жері, елі үшін өз басын ажалға тігуі бұл сөзімізге толық дәлел.

Енді Күлтегін жырының мына бір жолдарына назар аударайық:

Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым.
Төрт бұрыштағы халыққа
Тыныштық өмір орнаттым,
Тату қылдым,
Бәрі маған бағынды,
Осының бәрін істеуге
Ісін-күшін беріп,

Інім Күлтегін өзі қайтыс болды.

Эпостық батырдың бойынан табылатын асқақ қасиеттер: батылдық, адалдық, алыптық сияқты болып келетіні мәлім:

Күлтегін ақбоз Азманға мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Жаудың алты батырын шанышты.
Жекпе-жекте жетіншісін қылыштады.

Немесе Күлтегін туралы:

Тізеліні бүктірді,
Бастыны еңкейтті – дейді.

Алпамыс батыр сияқты Күлтегін де суға салса батпайды, отқа салса күймейді:

Жүзден артық оқ тиді
Бірі де дарыған жоқ.

Немесе тағы бір жерінде:

Күлтегін Азман атын мініп
Шапты, талқандады
Әскерін жеңдік елін алдық,- дейді.

Бұдан ер қанаты, ер серігі болған ат бейнесінің ерте заманда-ақ өте биік саналғанын, елін қорғайтын батыр ердің астындағы аты да өзіне лайықты болу керек екендігін аңғарамыз. Қазақ эпосында, әсіресе, батырдың жан серігі атының түр-түсін, шабысын, қалай бапталғанын суреттеуге ерекше назар аударып, соған ықылас қрйып отырады. Баяғыдан белгілі батырлар жырында да өз иесіне лайықты, өлімнен құтқарып, қиын жолда серік болған, мұратына жеткізіп, батыр атандырған қасиетті тұлпар бейнесі ғажап сомдалған. Алпамыс, Қобыланды, Қамбар батыр, Ер Тарғын секілді батырларды жауынан аман сақтаған – сол астындағы ерен жүйрік тұлпары. Мәселен, «Қобыланды» батыр жырында мынадай жыр жолдары бар:

Тобылғы меңді торы атпен
Қобыланды шапты ауылға.

Немесе

Үстіндегі түгіннің
Жары күміс, жары алтын.
Жан серігім, Бурыл ат,
Жылқыда тұлпар сен едің.

Ал, Күлтегін мінген аттардың да сыр-сипаты осылайша суреттеледі:

Күлтегін боз атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.
Ерттеулі торы атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.
Күлтегін алып Шалшы ақбоз мініп,
Жауға қарсы ұмтылды.

Сондай-ақ Күлтегін батыр өлгенде бүкіл елдің қабырғасы қайысып, айтқан жоқтау-жырлары да батырлар жырларындағы сарынымен орайласып жатады.

«Күлтегін» жырында Иоллыг тегін Күлтегіннің ерен ерлігін, қай жаста қандай ерлік жасағанын айтады.

Жиырма бір жасында
Сача сеңүнмен айқастық
Ең ілкі тадықын чурдың
Боз атын мініп шапты
Тамағ шыңында соғыстық
Күлтегін сол соғыста
Отыз жасар еді.

Осылай жас ерекшелігі айқын суреттелген жыр-дастандар жыраулар поэзиясында да дәстүрлі жалғастығын тапқан.

Бұқар жырау Абылай ханға әр жасында не қылғанын, қай жасында қалай күн кешкенін баса айтып береді.

Әй, Абылай, сен он бір жасыңда
Әшейін-ақ ұл едің
Он бес жасқа келгенде
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің...
Қырық жасқа келгенде
Алтын тонның жеңі едің...

Үмбетей жырау да Абылай ханның өмір белестеріне, бала кезіне жыр арнайды:

Жас кезіңде, Абылай,
Үргеніштен мұнда кеп
Сарыарқаны жерім деп
Қалың қазақ елім деп
Келмеп пе едің жаяулай...
Жиырма жасың толғанда
Қалмақпен соғыс болғанда...
Жау қашты деп айғайлап
Абылайлап шапқанда
Ұмыттың ба соны, Абылай!

Міне, осылай әр жасында көрген өмір дәуренін туындыларына арқау еткен дана жырауларымыз!

Бұқар жыраудың мына бір өлеңінен де «қайран, жиырма бес» дегендей, жиырма бес жасын сауық-сайранды күндерін аңсағанын аңғарамыз.

Атам болған жиырма бес,
Қызықты күндер қыздырған,
Асау талқан бұздырған.
Қызды ауылды көргенде
Бұлаңдатқан жиырма бес
Сұлуды құшқан жиырма бес.
Іздесең де табылмас!

Жастық дәуренін жырлай келіп, қарт жырау қазіргі күйін:

Мезгілсіз жеткен соң...
Мен пақырда тіс бар ма?
Арыстандай ақырған-
Бөденедей күш бар ма?-
деп баяндайды.

Жыраудың адам өмірінің кезең-кезеңдері туралы толғауларында да ғибрат мол. Ақынның «Жиырма деген жасыңыз», «Ей, Абылай, Абылай!», «Сен он бір жасыңда», «Атам болған жиырма бес» [5.45] деген өлеңдерінде де адам өмірінің әр кезеңі суреттелгендігі көрінеді. Жырау, әсіресе, жастық шақты сүйсіне жырлайды:

Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай,
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай,
Қырық деген жасыңыз
Ерттеп қойған құр аттай...

деп, адамның қайрат-қуатының да, дүниеге берерінің де, дүниеден аларының да, жасарының да, жаратарының да, қызықтарының да осы «асуды талқан бұздырған» жастық шақ екенін тамаша айтып берген. Жырау онан әрі бұған қарама-қарсы кәріліктің мұңды, дәрменсіз шақтарын бейнелейді.

Тоқсан бес деген тор екен,

Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең екі жағы ор екен.
Найза бойы жар екен.
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен [6.56],-

деп, бір кезде қамал бұзатын, жігер-қайраты мол адамның қартайғанда найза бойы жардан да өте алмастай дәрменсіз болып қалғанын көркем бейнелейді.

Қорыта айтқанда, «Күлтегін» жыры мен қазақ эпосы қазақ әдебиетінің асыл қазынасына енетін әдеби мұра болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдебиет тарихының мәселелері. Алматы 1958ж.
2. Батырлар жыры II том. Алматы, “Жазушы” 2000ж.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. -А.,1987
4. Қазақтың көне тарихы. Зерттеу. -А.,1993
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. -А.,1985
6. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. –Алматы: Ана тілі, 1998.-256 б.
7. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. -Алматы Жазушы, 1989.
8. Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. /Құрастырған А. Қыраубаева/. –А. 1991.

ӘОЖ 82.09 (574)

АҚЫН БАЛЛАДАЛАРЫ МЕН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ШЕШІМ

Тулегенова Р.Х.
Шымкент көпсалалы колледжі, Шымкент қ.

Каримсакова Б.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. XX ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдары ұлттық әдебиеттің дамуына, қазақ поэзиясының, оның ішінде баллада жанрының берік қалыптасып, орнығуына елеулі үлес қосқан қаламгер Қайнекей Жармағамбетовтың орны ерекше екені сөзсіз.

Қайнекей Жармағамбетовтың артында қалған ауқымды әдеби мұрасы тұтасымен, түгелдей қамтылып, оның шығармашылығы хақында әдебиет сыншылары айтқан пікірлер салмақталып, таразыланды. Әдебиеттану ғылымының теориялық ұстанымдары негізгі бағыт ретінде пайдаланылды. Жазушының сөзбен сурет салудағы шеберлігіне, рухани сұлу әлеміне, табанды талғампаздығына жан-жақты талдау жасалынып, қаламгердің табиғи таланты сан қырынан ашып көрсетілді.

Түйінді сөздер: Қ. Жармағанбетов, баллада, қазақ әдебиеттануы, әдебиет теориясы, әдебиеттанушы, ғалым, сыншы, табиғи дарын, әдебиеттің өзекті мәселелері.

Ұлттық әдебиетімізге баллада жанрымен танымал болған Қайнекей Жармағанбетов есімі бүгінде баршамызға аян. Қайнекей Жармағанбетовтың азамат, ақын, сықақшы, жазушы, ғалым ретіндегі таланты, ақынның артында қалған мол мұрасымен бағаланады.

Ақынның алғашқы жинағы «Заман біздікі» деген атпен жарыққа шықты. Ал «Шыңдағы шамшырақ» атты 1976 жылғы жинағына «Адам туралы аңыз», «Мұғалима туралы баллада», «Балладалар», «Соңғы түн», «Сырлы тал» өлеңдері мен балладалары енді.

Қайнекейдің 1976 жылы жарық көрген таңдамалы туындылар кітабына жазған алғы сөзінде, белгілі әдебиет зерттеушісі, марқұм Баламер Сахариев: «Қайнекейдің ақындық еңбегін ерекше танытқан - оның балладалары. Қазақ поэзиясында баллада жанрын бастаушы болмаса да, түбегейлі қоныс тептіріп орнықтырушы Қайнекей болды», - [1, 85 б.] деп орынды баға берген болатын.

Баллада жанрының өмірге батыл ену, әдебиетте қалыптасу кезеңі жайлы академик жазушы Зейнолла Қабдолов былайша түсінік беріп, тұжырым жасайды.

«Баллада өзінің ұзақ даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады. Әуелде бір топ адам қол ұстасып би билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау түріне ауысты. Соңғы түрдің үлгісі ретінде белгілі француз ақыны Франсуа Вийонның «Бұрынғы өткен арулар» деген балладасын атауға болады. Мұның әсіресе ел намысын қорғаған ержүрек батыр апаларын аңсап, армандайтын жерлері айрықша жылы, сырлы» [2, 28 б.].

Поэзияға қай уақытта да әдемілік, әсемдік, сұлулық тән. Бейнелі сөзбен әралуан сырлы суреттерді мәнерлеп сала отырып, танымдық қасиетке ие көркем идея туғызып, ой өргізудің бұқара көпшілікке ықпалдылығы өте орасан. Кез-келген өлең тебіреністен туындайды. Ал, оқиға желісіне негізделген баллада жазуды ойластыру, оның мазмұн-мағынасын тағлымдық жобаға жүйелеу кезіндегі толғаныс тіпті ерекше.

Қайнекей оның барлығын да басынан өткізе білген, өзіндік өнімді ізденіс жолындағы қарымды қаламгер.

Пікір жайдан-жай өріс алмайды. Деректер негізінде туындап отырады. М.Қаратаев пен А.Брагиннің «Жыр қанатында» атты кітабында Жармағанбетовтың қазақ поэзиясына қосқан қомақты үлесі туралы «Соңғы жылдарда ол әдебиетімізде аз тараған лирикалық баллада жанрын өрістетіп, қысқа сюжетті көңілге қонымды көптеген шығармалар жазды» делінген [3, 51 б.].

Қайнекейдің берік ұстанған бағыты азаматтық үннің бір сәт те бәсеңдемеуі, шығарманың шынайылығы мен эстетикалық қуатының күштілігі, зор ықпалы болған. Заман тынысына уақытылы, дер кезінде үн қосып отыруды өзінің азаматтық міндеті, ақындық борышы деп есептеген.

«Жазушының әлеуметтік белсенділігі, азаматтық позициясы және уақыт жүгін көтеруі дегенді бір сөзбен жинақтап айтсақ- қоғам өмірі мен сол қоғамда алатын адам орнын, бүгінгі күннің ең актуалды проблемаларын терең зерттеуі, халыққа адал қызмет етуі деп білемін. Әдебиет жүгі ауыр жүк. Ол бәрімізден үлкен жауапкершілікті талап етеді» [4, 37 б,], – деп жазады көрнекті ақын Темірхан Медетбек.

Шығармашылық қызметтегі жоғары жауапкершіліктің шеті шын мәніндегі әрі әрдайым қажетті талғамға барып жалғасады. Әрбір өлең, әрбір шумақтың лирикалық тебіреністерінен қоғам, адам бейнесін айнадан ап-айқын көргендей сезініп, ақын идеалына негізделген өмір шындығына қанығып, көз жеткіземіз.

Жармағанбетов өзінің ақиқатты, шындықты айтуды басты мұрат тұтқан балладалары, лирикалық өлеңдерімен нағыз батыл, нағыз бірбеткей, нағыз патриот ақын. Туған жерге, өскен елге деген шексіз сүйіспеншілігі оның ойлы жырларынан әркез сезіліп, көрініп тұрды.

Қайнекейдің қазақ балладасы алтын қорына қосылған, айтары ауқымды туындыларының бірі «Бетпақдала» деп аталады. Шығарма бес түйіннен тұрады. Олар бөлектенбей, бірін-бірі толықтырып, жұбы жарасқан, мазмұны тұтасқан оқиға құрап, оқырманын шумақ сайын елендетеді. Ақиқат ауылынан сөз шығарып, әділдікті әріден қозғайтын болсақ, қазақ елінде айтулы аштық жылдарының азабын шекпеген шаңырақ пәлендей кездесе бермейді. Бүкіл отбасы, туыс-туғанымен опат болғандар қаншама. Көнекөз қариялардың айтуларынша сол жылдары жапан түздегі зорман, суыр, тышқанның неше түрі азыққа, қорекке жараған. Олар құрып біткен соң, адамдар біріне-бірі бас салып, айуандық әрекетпен жеуге дейін барған. Кеңестік сұрқия саясат негізінен Қазақстанның кең байтақ даласын түгелдей қамтып, шарпыған. Арамыздағы азын-аулақ қарттар, сол бір сорақы оқиғаға шынында да куәгер адамдар аштық даласын суреттеген

шығарманы оқығанда қандай көңіл күйде, толқуда отыратынын елестетіп көріңіз. Бүкіл жан-тәнімен, бар болмысымен егіледі. Аштықты көрмегеннің өздері де үнсіз, тілсіз күй кешеді. Сөздің сиқырлы, құдіретті күші талғампаз оқырманын иландырады.

Қайнекейдің қазақ балладасы алтын қорына қосылған, айтары ауқымды туындыларының бірі «Бетпақдала» деп аталады. Шығарма бес түйіннен тұрады. Олар бөлектенбей, бірін-бірі толықтырып, жұбы жарасқан, мазмұны тұтасқан оқиға құрап, оқырманын шумақ сайын елеңдетеді. Ақиқат ауылынан сөз шығарып, әділдікті әріден қозғайтын болсақ, қазақ елінде айтулы аштық жылдарының азабын шекпеген шаңырақ пәлендей кездесе бермейді. Бүкіл отбасы, туыс-туғанымен опат болғандар қаншама. Көнекөз қариялардың айтуларынша сол жылдары жапан түздегі зорман, суыр, тышқанның неше түрі азыққа, қорекке жараған. Олар құрып біткен соң, адамдар біріне-бірі бас салып, айуандық әрекетпен жеуге дейін барған. Кеңестік сұрқия саясат негізінен Қазақстанның кең байтақ даласын түгелдей қамтып, шарпыған. Арамыздағы азын-аулақ қарттар, сол бір сорақы оқиғаға шынында да куәгер адамдар аштық даласын суреттеген шығарманы оқығанда қандай көңіл күйде, толқуда отыратынын елестетіп көріңіз. Бүкіл жан-тәнімен, бар болмысымен егіледі. Аштықты көрмегеннің өздері де үнсіз, тілсіз күй кешеді. Сөздің сиқырлы, құдіретті күші талғампаз оқырманын иландырады.

Қайнекей Жармағанбетовтың «Соңғы түн» балладасы халық батыры Амангелді мен шаруа адамдары арасындағы жүздесуден жер, мал, дау-дамайынан бастау алады. Әділетсіздіктің аяғына тапталған ақиқат, шындық ұраны желбірей көкке көтеріледі. Кедей- шаруалардың кеуделерден лықсып шыққан ашу- ызаға толы дауыстары өте асқақ. Қолбасшы кей жағдайда жүрегі түкті, тұлғалы батыр ғана емес, осы Торғай төсінің келешекті көріп, болжайтын кемел ойлы көсеміне де ұқсаңқырайтындай.

Торғайда
Штабында ревкомның
Лүпілін аңдап сансыз жүректердің,
Сан ойда Сардар отыр. Жер бөлуді
Өзінен әділ өзге реттер кім.

Үнсіз ол, қалың ойда жүз толғанып,
Жай басып қарындашын жүр қолға алып,
Келгенде столына еске түсті
Тыстағы кезек күтіп тұрған халық [5, 27 б.].

Өз мұңы, өз ахуалы, өз сырымен Амангелді батыр алдына келушілер саны шексіз. Кейде жөнсіз, жобасыз, желіп сөйлеп, ақылгөйсігендер де табылмай қалмады. Ондайларға батыр ақырын миығынан күліп қойып, өткір көздің қиығынан от шашып, тәттіге құмар емен дегендей сыңай танытты. Залым ниеттерге жиіркене қарады. Бес қару, ер қаруын сайлап, әскерге аттануға бұйрық етті. Жайлап басып штабтан далаға қарай беттеді. Тосын жай. Күтпеген оқиға. Қапы қалдырған қасірет. Осы бір оқыс кезең оқиғасын да Қайнекей ақын өз көзімен көргендей, бейне куәгер болғандай суреттейді.

Көргісіз көзге түртсе түн қараңғы,
«Штабтан – десті – сұмдар, үз қараңды»
Батырды ұрланып кеп алды байлап
Кекетті: «құтқармақ деп бұл Тарланды»
Өмірдің қол бергендей жендетіне,
Төнді түн түнере кеп жер бетіне,
Қаперсіз бұл сұмдықтан кәрі Торғай
Ағады арнасына тербетіле [5, 30 б.].

Халық батыры Амангелді Иманов ғұмырының елеулі бір сәтін оқиғаға арқау еткен балладаның соңғы шумақтары шаттық хабарға толы болмаса да, өнегелік жағы көбірек. Бір жағынан турашыл бірбеткей, қайсар, өжет батырдың жау қолына түссе де, мойымаған, сағы сынбаған, басы салбырамаған биік бейнесі елестесе, екінші жағынан өз сарбаздарының айқайлап, шауып бара жатқандары жақындап қалған жеңіс дүбірінің құлаққа талып жеткеніндей. Ақыры

азаттық таңы атып, атақты қолбасшы ұрпақтары ұзақ аңсаған арманға қол жеткізді. Мұны батырдың рухы, әруағы да сезіп жатыр-ау десек, әбес айтқандық болмас.

«Соңғы түн» деп аталатын балладаның негізгі жетістігі төңірегінде не айтуға болады. Жармағанбетовтың осы туындысы Аманкелді Иманов туралы жазылып, қазақ поэзиясының бай мұрасы қорына қосылған сүбелі еңбек деу жеткіліксіз. Мұнда кейіпкердің бейнесін ішкі жан дүниесімен қатар, қоршаған орта, қалың жұртшылықпен араластыра, іс-әрекет, қозғалыс үстінде суреттеудің шебер үлгісі бар. Жер, мал дауы арқылы әлеуметтік мәселенің маңызына көңіл бөлінген. Бұқара халықтың мақсат-мүддесін, намысын қорғау қозғалысының мәнін ашып көрсетуге ұмтылу басым. Әділдікті жақтау кейіпкерлердің ғана емес, туынды авторының да түйінді шешімі. Желісі жүйелі оқиға, сөзбен көркемделген бейне, айқын идея шығарманың тұтас табысын құрайтын қуатты күшке айналып, өз жемісін берген.

Баллада өлеңінің негізгі ерекшелігі сонда, ол белгілі бір оқиға желісінен туындайды. Шығармаға керекті деректерді сұрыптап, ажыратып, анықтап алмай, айтуға тиісті айқын идеяңды миға молынан сіңірмей жазу столына отырудың өзі бос әурешілік. Рухани жағынан жан-жақты қаруланған қаламгер ғана шындықты шырылдатып, ақиқатты айқайлап айта алады.

Жалпы кез-келген әдеби шығармадан шынайылық, оқиғаны, суреттеудегі дәлдік белгілері көрініп тұруға тиіс. Автордың мақсат-мұраты да осы бағытта айқындалады. Шындықсыз шын әдебиеттің рухани құндылық дәрежесіне көтеріле алмайтынын ұмытпау жауапкершілік салмағын әрқашан арттыра түседі. Осы қырынан қарағанда Қайнекей ақын балладалары жанрға тән сыр-сипатымен ғана емес, ақиқатты айтуға деген ашық көзқарасымен де ерекшеленіп тұрады.

Қайнекей ақынның поэзиялық шығармаларының басты ерекшелігі азаматтық үнінің басымдылығында екен. Барша бұқара халыққа, көркем әдебиетке қажеті де осы емес пе? Белгілі ғалым Жанғара Дәдебаев бұл жөнінде ұмытуға болмайтындай ұлағатты пікірін айтқан.

«Көркем әдебиет – халық өмірінің жанды суреті. Халықтың тағдыры мен талайы, тұрмыс-тіршілігі, өшкені мен жанғаны, өлгені мен тірілгені, өскені мен өнгені – бәрінің де сыр мен жырға айналған бейнесі мен елесі оның әдебиетінде жасалады» [6, 259 б.].

Иә, жыр мен сыр. Екеуін бір – бірінен бөлектеп, ажыратып қарау мүмкін емес әрі қатты қиянат болар. Жырсыз жалпақ елге, талғамы жоғары күллі оқырманға сырын жеткізу ақынға қиын, әрине. Әрі қарай пікірімізді қоздатып, көбейте түссек, жүрек сырын шерту нәтижесінде өмірге өлең келеді. Ақын ағынан жарылып, ақиқат тұрғысынан асқақ дауыспен айтқанда ғана әдебиет сүйер қауымды өзіне қарай елеңдетеді. Шыншыл, реалистік бағыттағы туындылар әрқашан ерекшеленіп тұрады әрі жоғары бағаға лайық десек, бұл жағынан Жармағанбетовтың жолы болғанына көзіміз толық жетті. Ақын оқиғалы жырларды қазақ әдебиетіне берік орнықтырды. Өзі осы жанрдың қалыптастырушысы ретінде ғана емес, шын мәніндегі шебер ақыны есебінде де кеңінен танылды. Лирикалық өлеңдері де алуан тақырыптарды қамтуымен, орамды ойларымен ерекшеленеді. Ақынның балладалары мен өлеңдеріндегі авторлық шешім шынайы, берік әрі қоғамдық көзқарасқа негізделуімен нанымды көрінеді. Бұрылуға, жалтақтауға мұрша бермейді. Әруақыт ақиқат жолына меңзеп, бастап отырады. Поэзиялық туындылардың идеялық-көркемдік дәрежесі негізгі кәсіби шеберлік талаптарына сай, жоғары. Лиризмнің тұнығынан, тереңінен нәрленуге, рухани ләззатынан күш-қуат жинап әлденуге мүмкіндік мол. Қайнекей Жармағанбетовтың оқиғалы өлеңдері мен лирикалық жырлары қазақ поэзиясының тақырыпты таңдап, ашудан, мазмұн-мағынасын байыта түсіп, идеялық-көркемдікке қолжеткізуден жан-жақты кемелденген дәуірінің пісіп, жетілген жемісі.

Өміршең өлең жүрек төрінен жоғалмайды, ешқашан өлмейді. Дүниеден өткен ақынның екінші ғұмыры іспетті туындылар танымдық, тағлымдық қасиеттерін тағы да таныта беретін болады. Әдебиет адамзат, ұрпақ тәрбиесі, мүддесі үшін ылғи қажет деп есептесек, Қайнекей поэзиясы азаматтық үлкен үнімен парасат тұғырынан төмен түспейді. Жыры өлмеген ақынның рухы әрқашан оқырманмен, халықпен бірге жасамақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Сахариев. Уақыт тынысы. – Алматы., 1965. – 180 б.
2. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. – 456
3. Қаратаев М., Брагин А. Жыр қанатында: шығыстағы досқа қазақ әдебиеті туралы хаттар. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1989. – 84 б.
4. Медетбек Т. Баба дәстүрдің мұрагері кім. – Алматы: Өлке, 2001. – 248 б.
5. Жармағамбетов Қ. Азамат жолы: Прозалық шығармалар мен әдеби мақалалары. – Алматы: Жазушы, 1983. – 272 б.
6. Дәдебаев Ж. Өлеңдегі сөз. Әдеби сын // Кітапта: Уақыт және қаламгер. –Алматы: Жазушы, 1985. – Он бірінші кітап. – 272 б.

ӘОЖ 82-131

ҚАЗАҚТЫҢ ТЫЙЫМ СӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ

Узбекова Ж., студент
Ғылыми жетекші: Каримсакова Б. А.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің жүзеге асып жатқаны мәлімделеді. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні - шындық.

Түйінді сөздер: халықтың дәстүрі, ырым-тыйым, ұрпақ санасында, ұлттық тәрбие, Ар, Ұят, Намыс.

Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз өз ұрпақтарын ежелден ізгілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, кішіпейілділікке, ізеттілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған.

Адами қасиеттердің арқауы – Ар, Ұят, Намыс. Осы үшеуін берік ұстанған жас ұрпақ ешқашан тобыр болмайды.

Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі , ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген екен Платон. Бұрынғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан білімі, мәдениеті төмен болған дейміз. Десек те ұрпақ тәрбиесіне келгенде оларды көреген, тәжірибелі десек қателеспейміз. Еліміздің ертеңі саналатын ұл-қыздарын салт – дәстүрлермен сусындатып, туған елін, жерін адал сүюді және көзінің қарашығындай сақтап, қорғауды әрбір азаматтың аяулы борышы деп түсіндірген. Беріде өзіміз куә болғандай, бір ауыл адамдары бір анадан туғандай, ынтымақты, ұйымшыл еді. Бір үйдің қуанышына бәрі қуанып, бір үйдің басына түскен қайғысына бәрі ортақ қайғыратын. Дәмді асын бөліп ішіп, ауыр жұмысы болса жұмыла кірісетін. Бұның бәрі пәк адамдықтың, тәрбиеліліктің жемісі еді. Қазіргідей көптеген әдеби, мәдени оқулықтар толассыз ақпарат көздері болмаса да ұлттық салт-дәстүрімізді ұрпақ санасына сіңіре білген сол уақыттың адамдарын қалай кемеңгер демессің.

Қазіргі қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің жүзеге асып жатқаны мәлім. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні-шындық.

Ұрпақ санасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асып жатады. Халқымыз ғасырлар бойы сайын даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген-түйген қорытындысы ретіндегі ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесінде қазір де мәні жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесапаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні өте зор [1,45 б].

Жазушы-драматург Д. Исабеков ырымдар жайлы былай дейді: « - Ата-анамыз бізге жас кезімізде, «аяқ киімді кигенде оң аяқтан бастап кию керек», «жатарда жаман ойламау қажет», «ымыртта, яғни бейуақта ұйықтама» деп үнемі айтатын. Мысалы, «ымыртта ұйықтама» дейтіні мистика бойынша, «дәл сол уақытта жын қоныс аударады, көшіп жүреді екен. Жын ұйықтап жатқан адамның үстінен өтіп кетсе, ол есалаң болып қалады» дейді. Сондай-ақ «суға түкірме, түнде өзенге шомылма, түнде тырнақ алма» деген ырым-тыйымдарды да жиі еститінбіз.

Қазақы ырым-тыйымның барлығы да кәдуілгі өмірдің өзінен, тұрмыста кездесетін алуан түрлі жағдаяттардан алынған. Мәселен, «түнде тырнақ алма» деген тыйымды алайық. Ештеңесі жоқ, қазіргі күні кейде тырнақты түнде алып жүрміз ғой. Меніңше, мұнда тұрған ешнәрсе жоқ секілді. Бірақ ойлап отырсаңыз, ата-бабаларымыз өмір сүрген сол бір ғасырларда бүгінгідей жарқырап тұрған жарық шам болмаған, сондықтан бала-шағалары тырнақ аламын деп «саусақтарын кесіп ала ма?» деп қобалжудан осындай тыйым пайда болуы мүмкін. Жалпы, мен ырым-тыйымдардың барлығын бірдей қабылдай бермеймін. Меніңше, оның қажеттісін алу керек те, қажетсізін ысырып тастау қажет. Менің пікірім - осы!» - [3,22-23 б], десе, этнограф Д. Қатран: «- Ырым-тыйым көп жағдайда адамның наным-сеніміне тығыз байланысты. Ырым дегеннің өзі қандайда бір жағдайға байланысты әлдебір әрекеттерді атқармауға тыйым салады. Ырым-тыйым халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін шатастырмау үшін де қалыптасқан. Оның үстіне ақ пен қара, күн мен түн, жақсылық пен жамандық секілді дуалистік түсініктердің қолданыстағы мәні мен маңызын, парқын ажырату үшін, бұған қоса, осындай жағдаяттарды ырымдауға, олардың қайсыбіреулеріне тыйым салу мақсатында ырым-тыйым пайда болған. Ал тыйымның өзі ырымдауға байланысты болады. Мәселен, шай немесе сусын құйғанда, үлкендер «қолдың сыртына қарай құйма» деп жатады. Ал мұның мәнісі халқымызда мәйітті ару-лаған (жуындырған) кезде суды қолдың сыртына қарай құяды. Демек, сусынды ешқашан қолдың сыртына қарай құюға болмайды. Сондай-ақ «ауылға қарай атпен шаппа немесе жүгірме» дейді. Мұның өзі қазақтың салтында үйге қарай шауып келетін жағдай бар екендігін білдіріп тұр.

Анығын айтсам, қазақтың салтында суыт хабар айтуға келген адам ғана ауылға шауып келеді. Сонымен қатар «есікті керме» деген тыйым бар. Мұның мәнісі, бұрындары жаманат хабар алып келген адам ғана есікті керіп тұрып, хабарды жеткізетін болған. Тағы бір ерекшелігі, мұндай хабар әкелген адам үйге кірмей, тізе бүкпей кетеді. Түйіндеп айтсақ, ата-бабаларымыз қалыпты жағдай мен қалыптан тыс жағдайдың ара жігін ажырату үшін ырым-тыйымдарды пайдаланған.

Біздіңше, адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгейі мен көлеңкесінсіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаны реттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Абай атамыз айтқандай «мақалдың сөзге татырлығы бар» демекші, қазақ ырымдарының да сөзге тұрарлығы бар. Әрине ырым қазақ халқы үшін үлкен бір тәрбие. Ал дегенменде кейбір ырымдардың адам санасына әсер етер жақтары да бар. Қоғамда қаншама арулар отбасын құрып, балалы болмай ажырасып кетіп жатқандары қаншама! Оның ішінде жаны жайсаң жандар қаншама! Екінші рет отбасын құрғанда қазақтың көптеген әдет ғұрыптары оларды сыртқары итеріп тастайды. Айтар болсақ, келін түскенде ондай жандарға келіннің қолтығын сүйеуге, орамал салуға, төсек салуға мүлдем қарсылық танытады. Осының өзі адамға үлкен ой тастайды. Олардың сонда жазығы не деген ой келеді. Қазақтың ырымы дей берсек асыл жандарымызды қоғамымыздан аластатқанымыз болар.

Сондықтан да ырымдардың естісі де, есері бар, көңілге қонымдысы да бар. Ырымға сенген халықпыз, наным сенімге көп көңіл бөлеміз. Алайда бүгінгі таңда сол ырымымыз, нанымымыз

қайда кетіп бара жатыр деп ойланам. Айтар болсақ, келін алдық, ол келініміздің аяғы ауыр, ал бұл жағдай бұрын соңды қазақ отбасында болып па еді?.. Болмаса бір жерге барып келген келіннің бетін қайтадан неге ашамыз, неге түндік байлатамыз?... Шариғатта бар емес пе келіннің беті бір ашылар деген. Бүгінгі қоғамда балалы болған келіннің де беті бір емес, екінші рет ашылуда, бұған кім кінәлі, қоғам ба, алде адам ба? деген ойлардың шешуін табудың да өзі қиын болар. Бұдан шығар қорытынды саф алтындай алған өнегемізді, кейінгіге «илеуі қанбаған, қоймалжың тартқан» ұрпағымызға аманат етіп қалдырудың да өзі де күмән тудырар мәселе болып тұрғандай.

Ата-бабамыз ұрпағын ұлттық тәрбиенің тұнығынан қандыра отырып, талай тар кезеңде қазақтық бейнесін жоғалтпай, елдігі мен өрлігін көрсете білген өмірлік жолы бұған куә.

Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден басталып ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап, талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақы тәрбиенің құдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді.

Ғалым Д.Мыңбайдың бір жазған естелігінде 70-жылдарда атам қазақ қыз балаға оң көзқарас танытқан деп басталады. Ауылда балалары оқыған, көзі ашық, мінезі қатал жақын туималасымыз болды. Оның үлкен қызы Алматыға оқуға түседі. Қалалық өмірге мән берген апамыз группаластарына еріп, шашын қиып тастайды. Мұны ата анасына айтуға батылы бармай, суретін жібереді. Анасы әкесіне амал жоқтан суретін көрсетіп, шашының қиғанын да айтады. Ашуға мінген әкесі қызына сәлемдеме жібереді. Сондағы айтқаны елге не бетімді айтам, масқара болдық. Елге келер болса, анау шашына иттің болса да жүнін жалғап келсін, болмаса мені әкем деп танымасын дейді. Бұл сәлемдеме қызына жетеді. Айтқанындай елге бір екі жыл келмей, шашын өсіріп келген екен. Бұдан түйіндейтініміз отбасылық тәрбиенің түзулігі, ата анаға деген сыйластық, имандылық, ибалылық болар. Ал қазіргі қоғамда осындай иненің жасуындай болса да ілтипаттық болса қуанар едім. Бүгінгі қоғамда бұның бәрі кері кеткендей шаш қию былай тұрсын, жас қыздарымыз басына ақжаулық салмай-ақ аяғы ауырлап жатқанына не дерсіз?! Бұл қоғам үшін де ойланар мәселе.

Халқымыздың ғасырлап жасаған қазынасын шағын мақалада қамту мүмкін емес және оны мақсат етпедік. Біздің айтпағымыз ұлтымыздың асыл қазынасы-тыйым сөздерді пайдалана отырып, қазіргі ұрпақ бойындағы жамандық атаулыдан құтылудың қамын жасауды ата-аналарға ұсынғымыз келеді. Ата салтын пайдалана отырып, айтқанын ұрпағына орындатар есті ата-ананың назарын ырым-тыйым сөздерге аударғымыз келеді. Ата дәстүріне иек артпай тәрбиенің көсегесі көгермейтінін баса айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кенжеахметов С. «Қазақтың тыйым сөздері» «Абай» журналы, №10, 2010
2. Саргелтаева К. «Халық тағлымы адастырмас сара жол» «Этнопедагогика» журналы, №6, 2007
3. Қаралұлы А. Қазақы тыйымдар мен ырымдар. Алматы, «Өнер», 1998

ӘОЖ 82-131

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Еліміздің аймақтарына тән фольклорлық жанрлардың ерекшелігін анықтау және сол арқылы ұлттық фольклорымыздың тарихын, жанрлық табиғатын, даму заңдылықтарын одан әрі бүгінгі ғылымының талаптарына сай зерттеп, зерделеу қазіргі әдебиеттану ғылымының негізгі мәселелерінің бірінен саналады.

Сол өңірге тән халық ауыз әдебиеті жанрларын, фольклорлық түрлердің негізгі белгілерін анықтап, әсіресе өзіндік өзгешеліктерін бейнелеп сипаттауға тұратын үлгілерін жан- жақты зерттеу маңызды орын алып келеді.

Мақалада Маңғыстау өлкесі фольклорлық жанрларының табиғатына терең үңіліп, фольклорлық поэтикасындағы аймақ ерекшелігін танытатын көркемдік амал-тәсілдер сараланып көрсетіледі

Түйінді сөздер: фольклор, эпикалық дәстүр, образ, әсірелеу тәсілі, поэтика, теңеу, ауыстыру, символ.

Маңғыстау өлкесі фольклорының поэтикасы өзіндік сипатымен назар аудартады. Бай ауыз әдебиеті мұраларында кездесетін алуан түрлі ажарлаулар мен айшықтаулардан жалпы қазақ фольклорына тән заңдылықтармен қатар аталған аймақтың тұрмыс-тіршілігінен, тарихынан туындайтын өзіндік ерекшеліктерін көреміз. Аталған өңірдің фольклорлық үлгілерінде ежелден келе жатқан фольклорлық түр мен образ да, кейінгі жыраулық ақындық өнердің ықпалы да айқын танылады. Іргелес, көршілес аймақтың сөз зергерлерімен, туысқан халықтар әдебиетімен байланысты дамығандығы да аңғарылады.

Маңғыстау өлкесі фольклорының атап өтерлік ерекшелігі көптеген жанрларға ерлік жырларын толғаудың эпикалық дәстүрінің елеулі ықпал еткендігі дер едік. Мұны тұрмыс-салт жырларының өзінің көркемдік кестесінен де байқаймыз. Эпикалық дәстүрдің батыс аймағы поэзиясындағы табиғаты жайында Е.Ысмайылов былай деп ой қорытындылайды: «Ерлік жырларының асқақ рухымен жырлау, ерекше екпінімен өлең құрылысындағы (динамикасындағы) дәл осы жортуыл жорықтың сарыны... Қазақстанның батысында туған поэзияның бейне бір көркемдік өрнегіне айналып кеткен, яғни көркемдеу құралдары жоқтан пайда болмайды. Онда әрбір дәуірдің ізі, түсінігі мен эстетикалық талап-тілектері тоғысады» [1, 207].

Маңғыстау ақын, жыраулары сомдайтын батырлар образында даралық қасиеттен гөрі көркемдік жинақтау арқылы жасалатын дәстүрлі типтік батыр бейнесінің сипаты басым келеді. Өлкедегі фольклорлық туындылардың поэтикалық жүйесін құрайтын бейнелі сөз түрлері ұзақ уақыт бойы әбден іріктеліп, тұрақтанған, дәстүрлі үлгі-өрнектер болып табылады.

Себебі, батырлар арқылы халық харектерінің ерлік сипаты танылатындықтан, халықтың арман-аңсары, мұраты батыр образына жинақталады. Сондықтан да батырдың іс-әрекеттері кереметтей әсіреленіп беріледі, фольклор шығармаларына өміршеңдік қасиет дарытатын да дәл осындай эпикалық әсірелеу тәсілі.

Кейіпкерлер іс-әрекеті мен оған қатысты барлық жағдайлардың әсіреленіп суреттелуі фольклорлық туындылардың көпшілігіне ортақ сипат. Өйткені әсірелеу – фольклордың ежелден келе жатқан көркемдік әдісі. Ол жөнінде С.А.Қасқабасов былай дейді: «Әсірелеу жалпы фольклордың жанрлық төркінінен туып, қарапайым және керемет нәрселердің, шалқыған қиял мен тіршілік жайттардың аралас келуін байқататын көркемдік әдіс. Әсірелеу эпикалық образ жасауда негізгі рөл атқарады, халықтық кейіпкердің ерекшелігін айқындай түседі» [2, 251].

Мысалы, батыр мен оның тұлпарын әсірелей суреттеудің бір ғана мысалы төмендегідей сипатта көрініс табады:

Балуанияз қасқайып,
Төтеп тұрған мылтыққа
Бір қайыспайды жасқанып...
Алпыс кісі ұрысып,
Екі жүзін женгесін
Әрі-бері мақтайын
Сөзді неге таппайын
Алла тілек бергесін. [3, 106].
Ал батыр тұлпарының сипаты:
Мініп батыр құла атқа
Шауып шықты қыратқа...
Қамшы басып шу деді,
Шу дегенде гуледі,
Табаны тасқа тимеді [3, 106] , – деп суреттеледі.

Өлкедегі фольклорлық жанрларда теңеулер де көп қолданысқа ие. Теңеулердегі салыстырылатын немесе теңестірілетін заттардың негізгі көзі - қоршаған ортадағы құбылыстар, заттар. Ол әдемі, сүйкімді, жағымды немесе жиіркеніштi, жағымсыз заттар мен алуан түрлі құбылыстарға өте бай болып келеді. Осындай заттар мен айналадағы түрлі құбылыстар теңеудің туындауына негіз болады. Ғалым Ф.М.Селиванов теңеулерді «Жануарлар мен хайуанаттар, құстар әлеміне байланысты теңеулер, өсімдік, ағаш, шөп атаулыға байланысты теңеулер, аспан денелеріне байланысты теңеулер, табиғат құбылыстары мен ондағы процестерге байланысты теңеулер, шаруашылық, тұрмыстық аядағы теңеулер», –деп бірнеше топқа бөледі [4, 88].

Көптеген теңеулердің туындауына жануарлар мен хайуанаттар, құстар әлемі негіз болған. Мәселен: аңдардан – арыстан, қасқыр, қабан; үй жануарларынан –арғымақ ат, қой, тоқты, бура, түйе, ит; ал құстардан –аққу, бұлбұл, лашын, бүркіт, қарға және т.б. теңеуге көп кездессе, жергілікті кәсіп тұрмыс-тіршілік ерекшелігіне сай балық, теңіз, су ұғымдары молынан пайдаланылады. Бірақ теңеуде қазақ даласындағы барлық жан-жануарлар, аң-құстар қамтыла бермейді, теңеуге арқау болатын образдарға белгілі бір шектеу болуы әбден мүмкін. Ол фольклор үлгілерінің көркемдік сипатына, эстетикалық табиғатына, көздеген мақсатына тікелей байланысты болады да, адамның сезіміне ерекше әсер ететіндей образдар алынады. Көп жағдайда тазалықтың, әдеміліктің символы ретінде жан-жануарлар, сирек кездесетін аңдар мен құстар қолданылады.

Зерттеу нысанына алынған фольклорлық үлгілерде де киік, елік секілді даланың еркін аңдарының көркемдік образы молынан ұшырасады. Мәселен,
Мүлт кетпес айтқан сөзі мен бір мерген,
Сен болсаң, шаң ілікпес қасымда елік.

Немесе:
Жүйрік едім қашаннан
Ақбөкендей орғытқан [5, 393].

Көкте қалықтаған қыран құс пен құс төресі аққу да - теңеуде ең көп қолданылатын негізгі образдар, қыран немесе бүркіт ер адамды, ал аққу – әдемі, сұлу қызды бейнелегенде қолданылып отырады. Батыр қимылының жылдамдығы қыран құстың қалықтап ұшқанымен, әйел затының жүрісі аққудың көлде жүзгенімен сәйкестікте баламаланады.т.б.

Бұл жөнінде: «Ақындар аққу образы арқылы көріктілікті, сәулеттілікті жырлайды. Ару қызды құс патшасы, сұлулықтың төресі - аққуға теңейді. Аққу образы сұлулық туралы сырларға толы», – деп атап көрсетеді Негимов С. [6, 67].

Ал Маңғыстау өлкесі фольклорында аққу тек нәзіктіктің ғана емес, мықтылықтың, киеліліктің символы ретінде де көрінеді. Мысалы:
Аққулар көркем көрінер
Айдын шалқар көлдегі.
Ел биі көркем көрінер
Төресі әділ ханменен...

Жез қанатым қайрылды,
Оқ тиген құдай қайрылдым. [5, 262].

Фольклорда аспан әлеміне тән құбылыстар да ерекше мән иеленіп, түрлі сипаттағы көркемдік құралдарға негіз болады. Осыған орай, теңеулердің белгілі бір тобы көк әлеміне байланысты болып келеді, яғни аспан денелерінің Күн, Ай, Шолпан, жұлдыз сияқты тағы да басқа жекелеген объектілері осы топтағы теңеулерді құрайды.

Өлке фольклорында табиғат құбылыстары мен ондағы процестерге және жансыз заттарға (боз дала, топырақ, балшық, сағым, тау т.б.), сондай-ақ от пен суға байланысты теңеулер де өте көп. Су сөзі тура және ауыспалы мағынасында - жылдамдықты, шапшаң қимылды білдіруге қолданылса, енді бірде су сөзі көңіл-күйдің көтеріліп, батырдың қуанышқа кенелген сәтін бейнелейді. Сонымен қатар жақындап қалған жау, болмаса төніп келе жатқан қауіп-қатер, батырдың ұрысқа кірер сәті - тұман, бұлт сияқты табиғаттың көңілсіз, жабығыңқы құбылыстарымен суреттеледі. Кейде батырлар қақтығысының нәтижесіндегі күркіреген дауыс та теңеуде өзінше өрнек тауып, күннің күркіреуімен салыстырылады. Сол сияқты қатты қарқынды жел, дауыл, қар, жаңбыр (сел, нөсер сияқты синонимдері), бұршақ тағы басқалар соғыс картинасын, батырдың жаумен алысқан сәтін көрсетуде қолданылады.

Теңеудің көп қолданылатыны соншалық, ол шумақ сайын кездесіп отырады. Мәселен, батырлардың жүректілігі мен күштілігін арыстан мен жолбарысқа, қасқырға, қырағылығын қыранға, жаудың көптігін қара құртқа теңеу, оның жеңіліске ұшырауын қырылған қойға теңеп көрсету тарихи жырларда молынан кездеседі.

Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқалай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып, бейнелеу негізінде туады.. Демек, екі нәрсені теңестіру үшін олардан ортақ белгі табу шарт. Соның нәтижесінде сырттай қарағанда бір-бірінен мүлде алыс тұрған құбылыстарды, заттарды да өзара жақындастырып, салыстыруға мүмкіндік туады.

Батыс өңірінде батыр бейнесін сомдауда өршіл рухтың, ерліктің сипаты ретінде - жолбарыс, өрліктің белгісі - бесті асау, зорлықтың белгісі - жайын, қаттылықтың белгісі – қарағай мен қайыңды т.б. суреттеу мол көрініс табады.

Әсіресе аймақ фольклорында құсқа байланысты ауыстырулардың небір көркем үлгілерін кездестіруге болады.

Мадақтаулардағы мынадай ауыстырулар мысал бола алады:

Сен ақсұңқар құстың сойы едің
Тұғырда тұрып жем жеген...
Жалғыз сұңқар бас болдың
Он бес мыңдай қарғаға... [5,373]

Қасқырмен қоян-қолтық араласып өскен қазақ халқы үшін батырдың жаумен арпалысқа түскен сәті ашкөзденіп қойға шапқан қасқырмен пара-пар алынады әсіресе батырдың ерлік істерін суреттеуде осы сипаттағы балама жиі қолданылады. Бұл аталған өңірдің айтыс ақындарының өлеңдерінде көп ұшырасады. Бөрі ер жүректіліктің, батырлықтың баламасы ретінде алынады. Мысалы Қашағанның Сақыпқа айтқан сөзіндегі:

Сен – ауылда үрген көпек ит
Мен азулы арлан бөрі едім.
Ашулансам, шырағым,
Жас та болсаң, желкеңнен
Жалғыз- ақ тістеп жұлармын... [5,373].

Немесе Қалнияз ақынның:
Қаптай шапқан дұшпанды
Қақ ортадан жарады.
Қойға тиген бөрідей
Бөрліктіріп барады…
Аузыңа қарасам

Аш бөріге меңзейсің… [5,117].

дейтін өлең жолдарында “бөрі” ұғымы қайраттылықтың, адамның күш-қайраты тасыған тұсы ұғымында алынады. Яғни, бұл мысалдар: “Орта Азияның түркі тілдес халықтарының эпосында халық мұраты болған батырлардың ғажайып күшін жыртқыш аңдарға дәстүрлі түрде теңелуі арқылы көрініс тапқан” дейтін В.М.Жирмунский пікірінің маңызын танытады Сондай-ақ, аталған аймақ фольклорында арыстанға байланысты баламалар да мол кездеседі.

Фольклордағы арыстан образы жөнінде: «В казахском фольклоре образ тигра и льва является одним из постоянных эпитетов героя при воссоздании его богатырского облика. То есть символами бесстрашия и мужества становятся такие родовые свойства представителей семейства тигриных, как ярость, сила, непобедимость и неустрашимость их» [6, 68], –дейді ғалым Әзібаева Б.У.

Яғни, арыстан – асқан жүректіліктің, қайтпас қажырлылықтың белгісі ретінде қолданыс табады. «Батырдың күштілігі мен жүректілігін арыстан мен жолбарысқа және т.б. теңеп көрсету тарихи жырларда дәстүрден ауытқымағандықты айғақтайды. Жырда айтушылардың тарихи эпостағы өжеттілік, жүректілік, ептілік т.б. айрықша көрсетуде ежелгі эпостарға тән көркемдік пішіндерді қалыс қалдырмағанына көз жеткізе аламыз» [7, 75], – деп Б. Рақымов тарихи жырлардағы образдың қолданысын талдайды.

Мәселен, бұл образ Маңғыстау фольклорында:

Ей,адайда батыр Қожалақ
Айбарың артық арыстан. [5, 82].
Мен- қартайған арыстан
Елсізде қалып ыңыранған [5, 304], – дейтін суреттеулерде көрінеді.

Яғни, халықтық кейіпкерлерді жыртқыш аңдар мен қыран құстарға салыстыру кең таралған әрі көркемдік құралдарының әріден келе жатқан архаикалық түрі болып табылады. Ол жайында Қ.Өмірәлиев: «Айталық арыстан сөзінің баламаға (метафора ретінде) алынуы мен батыр әрекетінің арыстан әркетіне теңелуі, яғни арыстан сөзінің осы екі жағдайда поэзияда тілдік тәсіл болуы бір дәуірдің жемісі емес. Тегінде поэзияда батырға арыстанды баламаға алудан арыстан әрекетін теңеуге алу алғаш көрінсе керек» дейді.

Адайдың айтулы ақындарының бірі Аралбайдың «Баласы Берекет мазарының басында айтқаны» өлеңінде фольклорлық ауыстырулардың небір озық үлгілері көрініп, онда төрт түлік мал мен аң-құс образдары түгел қамтылады:

Ақыл деген қой болса
Ашу деген көк бөрі
Бәрі қойға жолықса
Дүние қиғаш шаң болар.
Қанаты сынған қарғамын,
Тұяғы сынған тұлпармын,
Қанаты сынған сұңқармын.
Балапаны өлсе ұяда,
Ақсұңқар құстар шулаған.
Атасы өлсе жігіттің
Асқар тауы құлаған...
Мен - ботасы өлген боз мая,
Тұлыбына келіп ыңыранған.
Иіскесем қанар құмарым.
Мен бір тұрған ақ сауыт
Әдіре қалып сөгілген.
Мен бір жүрген ақ киік
Лағын түзде алдырып
Орнына келіп маңыраған [5, 291].

Сондай-ақ жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігінен туындайтын бейнелі образдар мол ұшырасады. Көшпелілердің әріден келе жатқан тіршілік көзі – мал шаруашылығында түйенің

орны зор болғандығын халықтың көркемдік түсінігіндегі сөз образдарынан да аңғаруға болады. Мысалы, “нар бурадай алысқанда” деп кейіпкердің күш-жігерін, “нар түйедей бақырғанда” деп ашуын, ал “ботасы өлген інгендей”, не ботадай боздап зарлағандай деп адамның қайғылы ауыр халін бейнелеген:

Мен, ботасы өлген боз мая,
Тұлыбына келіп ыңыранған
Иіскесем қанар құмарым. [5, 29].

Аймақ фольклорында тәуелсіздігінен, елдік еркінен айрылған халықты бүркітке, ал зорлықшыл, отаршылдық пиғылды жайын балыққа балап тұспалдап жырлаудың ғажайып үлгісі төмендегідей кестеленген:

Мысалы, Қашаған Күржіманұлының «Топан» дастанында:

Жүзіп жүрген нән балық,
Салған екен шеңгелді
Нән балық жанын қарманды.
Желігіп келген бүркітті
Жұтып салып жалманды
Нән балық та құтырып
Суға симай сандалды.
Желігіп балық сандалды
Жағаға шықты қайырлап
Қайырлап жатқан балықтай
Жағаға жұртың қарманды [5, 415].

Ал, Абылдың «Естірту» жырында:

Желбезекке жебе дарыса,
Өрге балық жүзе алмас.
Жез қанаты қайрылса
Лашын тырна іле алмас [5, 28], –деп тұспалдайды

Мұхит, теңіз, дария сияқты образдық символдар үлкендікті, аумақтылықты айту үшін қолданылады.

Негізінде «Символика адам баласының санасы табиғатпен тұтас болып, әлі бөлінбеген кезінде, яғни, анимизм заманынан бері қарай дамып өз әрекетін, іс-қимылдарын, ой-сезімін табиғат құбылыстарымен салыстыруды поэзиялық тәсіл ретінде беруге дейін ұласқан. Ән өлеңдеріндегі символиканың поэзиялық жүйе ретінде дамуы мен бекуі лирикалық өлеңдердің туып, қалыптасуымен төркіндес» [5, 107].

Біз талдаған фольклорлық үлгілерде Ай мен Күннің, әсіресе күннің фольклорлық-мифологиялық сипаты кеңінен қолданылған.

Мысалы, Нұрым Шыршығұлұлының «Мен қашанғы жүйрігің» жырында:

Жан жаратып, жан берген,
Тіл жаратып, тіл берген,
Аспан мен жердің арасын
Азғантай емес мол берген.
Он сегіз мың ғаламның
Тірісі дәурен сүрсін деп,
Өлгенін қазып көмсін деп,
Жеті қабат жер берген.
Аспаннан нұрын төктіріп,
Шапағын шашып күн берген... [5, 142] , –деген жыр жолдары куә.

Жыр атаулыда тарих, халық күресі, батырлар, олардың атқарған іс-әрекеттері, ірі құбылыстар жырланатындықтан, олардың бояуын қанық етіп жеткізуде эпитет айшықтауы жиі қолданылады.

XVIII-XX ғасырлардағы тарихи жағдайлар, жоңғарларға қарсы күрес дәуірі ел мен жерді жаудан қорғар батырларды, олардың жан серігі тұлпарларын, қару-жарақтарын барынша

қастерлеп жырлау үлкен маңыз алды. Міне, сондықтан да ердің ерлігін, тұлпарын, қару-жарағын, олардың батыр үшін маңызын, қадір-қасиетін ашық, айқын етіп жырлауда эпитеттің рөлі біршама жоғары сипат алды.

Жоғарыда талдау нәтижелері көрсеткендей, аталмыш өңірдің фольклорлық шығармаларының поэтикалық бітімі жалпы қазақ фольклорына тән заңдылықтардан көп алшақ кетпейді. Дегенмен, елдің басынан өткерген тарихи оқиғалар сипатының ерекшелігінен, тұрмыс-тіршілік пен кәсіптің өзгешелігінен туындайтын өзіндік өзгешеліктері де жоқ емес оларды мүмкіндігінше талданып отырған өлкедегі фольклорлық дәстүрдің пайда болуы мен оның кейінгі замандарға дейін үзілмей жалғасын табуы күні бүгінге дейін жеткен үрдіс. Мұның өзі фольклордың өміршеңдігін танытатын басты белгілердің бірі болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысмайылов Е. Жаңа белеске. А., 1962. 300 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. А., 1984. 450 б.
3. Төреқұлов Н.Досан батыр.// Қазақ тарихи жырларының мәселелері. А., 1979, 310 б.
4. Селиванов В.М. Сравнение. Русский фольклор. М. 1996. С. 518
5. Негимов С. Ақын-жыраулар тілінің бейнелілігі. А., 1984. 250 б.
6. Сыдиыұлы Қ. Ақберен. Ғасырлардағы қазақ ақын жыраулар шығармалары.- А., «Нұрлы әлем», 2007. 576 б.

ӘОЖ 82/821(100-87)

МИФТІК ТАНЫМ ТАБИҒАТЫ

Алтынбек А., студент,
Ғылыми жетекші: Қобланов Ж.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі дәуір әдебиетіндегі көркемдік формалар мен әдіс тәсілдердің көпшілігі архаикалық түсініктердің негізінде қалыптасқан. Адамзат өркениетінің, мәдениетінің, әдебиетінің негізгі бесігі – Шығыс елдері болған. Шығыстық ренесанс антикалық ренесансқа қарағанда ерте басталды. Шығыс ренесансы антика әлеміне - мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне әсер еткен.

Миф – адамзат мәдениетінің базистік феномені, адам баласының ең ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білу ой-өрісінің өте ерте ескі көрінісі. Сондықтан да ол – ескі сана көрінісі.

Мақалада жалпы мифтердің танымдық табиғаты, оларды классификациялау мәселелері тұрғысында айтылған пікірлер сарапталып, пайымдалады.

Түйінді сөздер: мифтік сарын, антика, мифология, фольклор, сана, наным, кейіпкер.

Қазақ жері ұзақ кезеңдер бойы түрлі саяси, мәдени, әлеуметтік байланыстардың тоғысқан мекені болды. Бұрынғы заманда елдердің шекарасы бүгінгідей болған жоқ, сондықтан ежелгі адамдардың түсініктері де бір халықтың меншікті рухани дүниесі болмасы анық. Ежелгі түсінік бүгінгі қазаққа да, грекке де, басқа халықтарға да ортақ болған. Тарихи-мәдени байланыстардың нәтижесінде сюжеттер мен образдар бір елдің екінші елдің шығармаларына енген.

Ахмет Байтұрсынов: «Жер жүзіндегі жұрттардың шығармалары бір-біріне ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың болса да, табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап, өмір шеккен» - деп, ертедегі халықтардың түсініктерінің ортақ болғандығы туралы ой өрбітеді[1,106].

Жазба әдебиеттің алғашқы үлгілері Грекияда пайда болды. Ол б.з.б. III ғасырда Рим мәдениетінің қалыптасуына негіз болды. Ертедегі халықтардың жасаған мәдениеті мен әдебиетін «антика» дәуіріне жатқызамыз. Латын тілінен аударғанда «антика» (antigus) сөзі «ежелгі» деген мағынаны білдіреді. Антикалық әдебиет ежелгі рим және грек әдебиетін қамтиды. Бірақ антика дәуірінің ескерткіштерінің көбі сақталмаған, ал сақталғандардың ішінде бізге толығымен жеткендері аз. Грек шығармаларының ежелгі нұсқаларынан біздің заманымызға дейін жеткен жәдігрелер – Эсхил, Софокл, Еврипидтің шығармалары.

Көне дәуірдегі грек ақындары мифологиялық сипаттарды адамгершілік пен ерлікті сипаттап, таныту бағытында өз туындыларына арқау етті. Мифологиялық дүниетаным Эсхилдің «Бұғауланған Прометей», «Орест» трилогиясы, Софоклдың «Антигона»,«Эдип патша», «Электра», Еврипидтің «Медея», «Ипполит» шығармалары осының дәлелі деп айта аламыз. Мифтік сарын грек классикалық әдебиетінің басты сипаты болуымен ерекшеленеді.

Көне дәуірлерден жеткен түркілік жазба әдеби мұраларынан мифтік сарынды VII-VIII ғасырлар мұрасы – Орхон жазба ескерткіштерінен көре аламыз. Бұл әдеби ескерткіштер түркі қағанатының тарихын, экономикалық - әлеуметтік, саяси ахуалымен бірге, сол қағанат құрамындағы тайпалардың наным - сенімінен, яғни түркілік мифологиядан хабар береді.

Ғылымда антика әдебиеті дегенде грек, рим әдебиетін тану қалыптасқаны анық. Осы түсініктерден ең ежелгі әдебиет грек-рим әдебиеті деген түсінік тумау керек. Себебі, ең ежелгі әдебиет Мысыр, Вавилон және шығыс әдебиетінде де болғаны белгілі. Көне дәуірдегі грек-рим әдебиеті өзіне дейінгі мысыр, вавилон әдебиетінің жетістіктерін, озық үлгілерін пайдаланып, өз әдебиетіне сіңдіріп отырды. Бұл халықтардың алғашқы әдебиет үлгілеріндегі антикалық сарын, сюжет, образдардың көптеген елдерге ортақ болғандығы дәлелденіп келеді.

Антика әдебиетін грек-рим әдебиетімен байланыстырғанымен, өркениет пен мәдениеттің негізгі бесігінің Шығыс елдері болғаны анық. Грек-Рим әдебиетінің ежелгі үлгілері көптеп сақталып, әдебиет әлемінде әлі күнге дейін қайталанбас дүниелер болып отыр. Оған дәлел Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» дастандары [2,11]. Осы уақытқа дейін қазақ халқының фольклорлық санасында сақталған антикалық әдебиетпен үндес сарындарына зерттеу жүргізіліп келгенмен, әлі де толық танылмай, тылсым боп тұрған жақтары бар.

Миф – алғашқы пайда болған қоғамдық сананың формасы ретінде өзінің ішінде болашақта дүниеге келетін өнер, дін, саясат, мораль сияқты құбылыстардың элементтерін бойында сақтайды. Мифте адам мен табиғаттың бірлігі, қоршаған ортаны антроморфизациялау, табиғаттың құбылыстары мен заттарының адам сияқты жаны, ойы, сезімі бар деген түсінік жатыр.

«Адамзат ұрпағының балғын, бала кезеңінде олар жаратылыстың терең сырларын білмеді, табиғаттың алдында өздерінің дәрменсіздіктерін сезді. Сондықтан күнге, отқа, найзағайға, тағы да басқа дәл сондай қаһарлы табиғат құбылыстарына табыну, оларды құдай санап сыйыну белең алды. Бұл әдет-ғұрып, жоралғылардан кейін мифтер, аңыз-әңгімелер, фольклорлық шығармалар туды»[3,86].

Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, нақты бір саяси - әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі – сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы [4,21].

Қазақ әдебиеті теориясы мектебінің негізін салушы әрі қалыптастырушы ғалым, академик Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» атты монографиясында мифті шағын көлемді эпикалық шығармалардың қатарына жатқызады. Кітапта мифке мынадай анықтама берілген:

«Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдырып бейнелейтін фантастикалық баян. Бұл байырғы халықтардың бәрінде бар».

Мифтің негізгі кейіпкерлері – құдайлар, батырлар, әр алуан сиқырлы кереметтер. Әрқайсысы адам таң қалғандай тартымды, соншалық қызық сюжетке құрылады. «Миф – «адам баласының сәбилігі туралы» шежіре, ендеше оның біздер үшін таным тарапындағы мәні де үлкен» [5,291].

Зерттеуші Серікбол Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын қазақ мифологиясының қыр-сырына талдау жасаған кітабында миф туралы мынадай пікірді келтіреді: «Миф деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне – бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял» мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал шындығында «миф» деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы.

Ал әдебиеттану сөздігінде мифке мынадай анықтама беріледі: «Миф – халық шығармашылығының өте ертеден қалыптасқан ең көне жанрларының бірі. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күштер, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер» [6,37]. Басқаша айтқанда миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп және ауқымды.

Қазақ фольклорындағы мифтік жанрлар туралы фольклортанушы С.Қасқабасов: «Стадиялық жағынан келгенде, қазақ мифі – алғашқы қауымға және австралиялықтар мен африкалықтар, солтүстік азиялықтар мен американдықтардың көне мифі мен антикалық Греция, Рим мифтерінің арасындағы аралық жанр», - дейді» [7,238].

Мифтер қазақ ғалымдарының зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Оның көрнекті өкілдері Шоқан Уәлихановтан бастап, Ә.Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Е. Тұрсынов, О. Сүлейменов сияқты тұлғалар болып табылады. Жиырмасыншы ғасырдың басында өмір кешкен қазақ зиялысы, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынов та миф туралы тың ойлар айтып, қазақ мифтерінің ерекшеліктерін айқындап еңбектеріне негіз етті.

А.Байтұрсыновтың ойынша, мифтер табиғатта болып жататын өзгерістердің (күн күркіреуі, жел, дауыл, құйынның соғуы, күн тұтылуы, т.с.с) әрқайсысының істеуші иесі бар деп білген алғашқы адам баласының табиғат ісін танымаған күйде шығарған ертегілері, ертегі сияқты әңгімелері.

Табиғаттағы зат атаулының иесі (тау иесі, жел иесі, күн иесі, су иесі, тас иесі, көл иесі т.б.) болады деген көне мифтерді ғалым-фольклорист С.Қасқабасов алғашқы қауымда пайда болған рух-иелік мифтерге жатқызады. Көне наным-сенімдерге негізделген ауыз әдебиетінің кейбір жанрлары мифтік наным-сенім аясында пайда болған.

Демек әдеби жүйедегі мифтік зерттеулер, бір жағынан алғанда, сол халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен терең байланысты болса, екінші жағынан, оның астарында небір сырлардың жасырынып жатқанын, оның жан-жақты зерттеу кезінде ғана ұғынылатынын байқай аламыз.

Алғашқы қоғамдағы адам санасында орын алатын миф туралы Ш. Уәлиханов былай дейді: «Жаратылыс пен адам! Міне, осы жаратылыс пен адам керемет. Олардың сыры неде болмақ? Әлемді, оның кереметтерін білудің қажетігі, өмір мен өлім туралы мәселе және адамның жаратылысқа қатынасы шаман дінін туғызды – әлемді немесе жаратылысты және өлген адамның рухын ұлы көруді туғызды. Осылайша келіп, сәбилік дәрежедегі адамдар күнді, айды, жұлдыздарды және жаратылыс немесе әлем деп атайтын ұшы-қиыры жоқ, мәңгі жасайтын әрқилы құбылыстардың бәрін зор тұтатын болды.

Әр халық өзінің әдеби бастауларын ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінен алады. Демек, ең бірінші қалыптасқан әдеби үрдістің көркем түрін біз фольклорлық шығармалардан табамыз. Фольклор мен оның сансыз көп салалары тұтас бір ұлттың сөз өнерінің бір жүйеге түсуіне әсер етеді.

М. Иманғазинов: «Алға қойылған мақсат – шығыстық ренесанстың антикалық ренесансқа қарағанда ерте басталғанын, антика әлеміне - мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне әсер еткенін, бір сөзбен айтқанда, еуропацентристік көзқарасқа жаңаша ой дарытуға бағыттаған [8, 14]. Мифтік туындылардағы тәңіриелер мен құдайлардың, қаһармандар мен батырлардың грек, рим әдебиетіндегі орны анықталып, оның қазақтың ескі дәуіріндегі ұғымындағы образдармен ортақ ұқсас элементтерін зерттеген.

Мифті білгенде не, білмегенде не – онда тұрған ештеңе жоқ сияқты. Бірақ фольклордағы кәкір-шүкір болып көрінетін тұстарға үңілу жауап туғызбаса да сұрақ туғыза алады. Осыларды

дұрыс талдау арқасында бүгінгі, пенде қазақтың қанында, тәнінде, түйсігінде орын алып, бірақ әрекет жасауға дәрменсіз болып отырған «басқа («мәңгі») қазақ» - «ішкі қазақтың» немесе «арғықазақтың» танымы мен сенімін оята аламыз. Адамзат өзгере отырып та өзімен-өзі болып қалып отыр (яғни өзгермейді), сондықтан өткен шаққа және өркенитеттерге деген менсінбеушілік, үстірттік, салғырттық ендігі жерде болмауы тиіс [3,7]. Ата-бабадан қалған ғажайып дүниеге бет бұратын уақыт болды. Мифке оралатын сәт келді...

Мифологиялық образдар деп отырғанымыз - мифтік дәуірде өмір сүріп, мифтік әлемдегі нәрселерді жасаушы, тіршілік атаулының дүниеге келтіруші күш ретінде суреттелген кейіпкерлер.

Грек әдебиеті діннің даму сатысының шарықтау шегіндегі мифологияға жақын келеді. Қоғамның кешуілдеген, дамудың бәсеңдеген тұсындағы антроморфтық политеизм (адам келбеті мен мінезіне сай көпдінділік) кезінде шексіз мифтік және құдайлар жөніндегі шығармашылыққа еркіндік берген уақытқа жүгінеді.

Табиғатты құрмет тұту түркі халықтары мифтерінде ерекше орын алады. Ш.Уәлиханов шамандық туралы айта келіп, оның дүниеге келуі табиғатқа жалпылай және жекелей сыйынумен байланысты дейді. Табиғаттағы зат пен құбылыс атаулы адам сияқты түйсінеді, тіршілік етеді деген түсініктің өзі табиғат пен рухты тең деп түсіну сенімімен туындаған. Түркі мифологиясының тағы бір сипаты – аруаққа сыйыну, олардан медет тілеу. Түркі жұртының қара шаңырағындағы қазақтардың аруаққа сыйыну сенімі туралы Ш.Уәлиханов «Тәңірі» (Құдай), «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» мақалаларында сөз қозғайды. «Аруақ – ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау іс түскенде, жан қиналғанда: «Аруақ, қолдай гөр, қолтығымнан демей гөр» деп айтады… Аруақтардың рухы бар деп, ескі жұртты баспайды»[9,59]. Бұдан әрі ғалым аруақтар құдіретті күш иелері ретінде тірілерге көмектеседі деген наным негізінде оларға арнап құрбандық шалынатынына тоқталады. Ұлықтар мен мықтылар о дүниеге аттанған соң құдіретті аруаққа айналады. Мысалы, Баба шашты түкті Әзиз – тірісінде қасиетті әулие ретінде өмір сүрген адам. Аруақтарға сыйыну көне сақ дәуірінде қалыптасқан сенім. «Жерлеу материалдарына қарағанда, сақтарда ата-баба аруағына, отбасылық- рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған». Аруақты құрмет тұту, олардың қаһарынан қорқу күні бүгінге дейін сақталған сенім.

«Адам өз рухани касиеттерін тану үшін айналасын рухтандырып, сол арқылы өздерін тануға жол ашты. Мұны ғылымда антропоморфизм деп атайды. Антропоморфизм (гректің - «адам» және «түр, форма» деген сөздерінен шыққан) хайуанаттар мен өсімдіктерге және табиғаттың түрлі құбылыстарына адам кейпі мен қасиеттері тән деп санайтын ескі заманнан бері келе жатқан түсінік. «Антропоморфизм» мифология дамуының кейінгі сатысы болып табылады. Алғашқы сатысы – зооморфизм (яғни адамдар өз ататектерін хайуанаттардан таратқан). Жартылай адам, жартылай аң тұлғасындағы құбылыстардың көркем образға айналуында гнесеологиялық мән бар. Су перісі (русалка), кентавр бұған дәлел бола алады.

Ғ. Есімов «Сана болмысы» деген еңбегінде: «Құдайлардың бұл тізімі уақыт өте келе, көршілес елдердің культтері мен мифтердің әсерінен көбейе түсетін және олардың түс-тұрпаты, аттары мен атрибуттары, белгілері, атқаратын қызметтері, жер ерекшелігі мен қоғамдық сілкіністерден өзгеріске ұшырайтын», - деп осы мәселе жайында өз пікірін білдірді [10,31].

Мифтердің сюжеті мен қаһармандар қатарының биікте көрінуі және сол көріністің осы күйінде қалуына аристократтар, билеуші таптар мейлінше қолдау көрсетті.

«Сәл дамытылған мифологияда бірінші ұрпақ - тәңіриелер, екінші ұрпақ - алыптар (ергейжейлі, албасты), үшінші ұрпақ - адамдар» деп «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі» атты кітабында Серікбол Қондыбай атап өтеді.

«Жалпы әлемдік мифологиядағы «ұрпақтар» былайша келтіріледі:

Алғашқы ұрпақ - тәңіриелер (құдайлар) ұрпағы. Бұл «Түп - ана» кезеңі деп айтылады. Олар әдетте бір немесе екі тірі пендеден таратылады.

Екінші ұрпақ - «аралық ұрпақ» - құбыжықтар, карликтер, алыптар және т.б. сол сияқтылардың ұрпағы. Бұл ұрпақтың көрсетілуі тұрақсыз, өйткені алыптар кейбір мифтерде

құдайлар қатарына жатқызылса, құдайлардың кейбірі осы «аралық ұрпаққа» кіргізіледі. Үшінші ұрпақ адамдар тобы болып табылады.

Гомердің, не болмаса Гесиодтың поэмаларындағы құдайлар әлемді жаратушы емес, өздері адам секілді туған деп көрсетілген. Гректің тұңғыш натурфилософтары мифологияға жүгіну арқылы өздерінің космогониялық теорияларын ойлап шығарған. Олардың түсініктері бойынша кеңістік, қозғалыс пен материяны мифологияда Хаос, Эрос (махаббат) және Гея (жер) жаратқан деп айтылады.

Қазақ фольклорында да мифологиялық кейіпкерлер көптеп кездеседі. Олар өзінің шығу тегі мен мезгіліне, іс-әрекетіне қарай келесідей 2 топқа жіктейді. Біріншісі - архаикалық мифте бейнеленетін ілкі ата және жасампаз қаһарман. Екінші топтағы кейіпкерлерлер - қастандық ойлаушы албасты, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, айдаһар сияқтыларр. Осы уақытқа дейін халық ұғымында албасты, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, күлдіргіш тәрізді кейіпкерлер көне мифтен туған хикаяларда, айдаһар мен жалмауыз кемпір көбіне ертегілерде болады деген түсінік бар. Сонымен қатар пері, дию, шайтан сияқты ежелгі заман кейіпкерлері де қазақ әдебиеті жәдігерлерінде көптеп кездеседі. Серікбол Қондыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын көптомды шығармасында осындай кейіпкерлерді жіктеп, олардың қайдан шыққандығын, халық танымында қалай пайда болғандығын саралап зерттеп көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы, -Атамұра, 2003. -208 б.
2. Қобланов Ж. Антикалық әдебиет. Ақтау, КМТИУ, 2013. – 259 б.
3. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ фольклорының тарихы», Алматы, 1993.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы.1-кітап. –Алматы: «Арыс» баспасы,2008 ж. – 528
5. Қабдолов З. Сөз өнері, Алматы, Қазақ университеті 1993.
6. Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов . - Алматы : Ана тілі, 1996. - 240 б.
7. Қасқабасов С. Жаназық, Астана, Аударма, 2002.
8. Иманғазинов М. Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер. Филол. ғыл. докт. ... дис. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, 2008. -288б.
9. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы 4-том. - Алматы: «Толағай групп», 2010.
10. Есімов Ғ. Сана болмысы. Алматы : РИМП "Эксито" , ПКП "Верена" , 1994. - 224 бет.

ӘОЖ 821.0

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ТАҚЫРЫБЫ

Муратова Д., студент.
Ғылыми жетекші: Қобланов Ж.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Түркі тілдес халықтар әдебиетінде ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбы маңызды орынға ие. Драмалық туындыларда халық тарихының қилы кезеңдері, елге еңбегі сіңген батырлардың, сөз зергерлерінің өнегелі істері көркемдік-идеялық тұрғыда пайымдалып, елдің рухани өрісін кеңейтеді.

Мақалада түркі тілдес халықтары әдебиетінің драма жанрындағы ұлт азаттық көтерілісі тақырыбына жазылған шығармалардың идеялық-көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Автор осы драмалық туындылардың тақырыптық-идеялық және көркемдік ерекшеліктерін талдап, саралайды.

Түйінді сөздер: пьеса, тақырып, идея, драма, сахна, сюжет, тартыс.

Ж. Аймурзаев қарақалпақ халқының ұлы ақыны, демократ Бердах Қарғабайұлының өміріне арнап 1950 жылы «Бердах» атты пьеса жазды. Бұл пьесаның екі нұсқасы болды. Бірінші нұсқасы Бердахтың қайтыс болуына 50 жыл толу құрметіне арналғанымен асығыс жазылған болатын, әрі сахнада ұзақ өмір сүре алмады.

1958 жылы драмашы Бердах өміріне екінші рет қайта оралып, ақын өмір сүрген дәуірдегі тарихи оқиғаларды кең түрде қамтыды. Пьесаның бұл нұсқасын көрермен қауым жылы қарсы алды.

Мұнда XIX ғасырдың екінші жартысындағы Хиуа хандығының озбырлық саясатына қарсы Ерназар Алакөз бастаған ұлт-азаттық көтеріліс суреттелді. Сол халық көтерілісінің рухани көсемі болған Бердах ақынның образы бейнеленді. Әрине, мұндағы оқиғалар көп жылдарды қамтығандықтан, хроникалық сипат басым болды.

Пьеса Бердах өмірінің жас кезін, жігіттік шағын, үйлену тойын суреттеуден басталады. Соңғы көріністерде ақынның қартайған шағын көрсетеді. Пьесада әртүрлі қызықты оқиғалар көп болғандықтан да оқиға тартысы созылып кетеді. Ғұмырнамалық–тарихи тақырыпқа барған жазушының суреткерлік концепциясы жоқ болса, хронология жетегінде кетіп қалуы қиын емес. Негізінде тарихи белгілі адамдардың өзгеше сипаты, даралық қасиеті бір үлкен ісімен, аршынды қимылымен көрінгені қажет. Әйтпесе, жіпке тізгендей етіп белгілі адамның өмір фактілерін сыдырта баяндай беру көркемдік атаулыға, әсемдік әлеміне апармай, соқыр тұман құшағына сүңгітіп жіберуі оп-оңай.

Пьесада былай басталады: Арал теңізінің жағасы. Бердахтың үйі. Жарлы халық жиналып, ақынның үйлену тойын тойлап жатыр. Музыка ойналады. Қыздар ән айтады. Сахнаға ақын Күнхожа шығады:

Батыр халық аттанар,
Соққы беріп жауына.
Ешбір қасқыр шаптырмас,
Халқының дүркін тойына,
Деп жиналған халайық,
Құтты болсын айтамыз,
Бердахжанның тойына!

Бердах: «Ел кәдесі - ерге сабақ» деген. Келгендеріңізге рақмет. Тілектес болғандарыңа қуаныштымын. Тойдың аты менікі болғанымен, заты сіздердікі. Сіздерден аяр жаным жоқ.

Жетімнен жетіліп, ержеткен жайым бар. Той салты халықтікі. Тойды бастап, тойлайтын өздеріңіз! Бірлікті, батырлықты, ақылгөйлік, даналықты да өз қолдарыңызға бердім.

Ерназар кенегес:

Бисіз, биліксіз,
Батырсыз, байсыз,
Ахунсыз, ишансыз,
Молдасыз, меймансыз,
Той бастаған қайсы ойсыз?

Күнхожа:

Ақылдыға ақыл қоссаң,
Ол өмірдің көлі болады.
Сол көлде жүзе білмеген жан,
Әрине өлі болады.

Нұрман:

Малға келгеніміз жоқ,
Мал үшін деп жүргеніміз жоқ,
Жесірімізді іздеп келдік,
Келінді көреміз,
Өзіміздікі болса алып кетеміз.

Бердах:

Зорлап алған адамым жоқ,

Адамды ұрлаған ұрыны көргенім де жоқ.
Өзіме ұқсаған жарлының,
Екі көзінен қаны аққан зарлының
Қызын алып келіп отырмын [1,126].

Осылай Бердахтың кедейлігін бетіне басудан басталған драмалық диалог соңғы шымылдық жабылғанша бір рет те бәсеңдемейді.

Пьесадағы негізгі тартыс бай мен кедейдің арасындағы тартысқа құрылған. Демек, пьесада конфликт бар. Ол – Бердах бастаған халықтық күштің ханға, бай мен билерге өзінің үкімін айтып, қарсы тұруы. Осы сияқты әлеуметтік маңызы күшті өмірлік конфликт пьесада шын драмалық конфликтінің дәрежесіне көтеріле алғандығын көреміз.

Бұл пьесадағы қайсы кейіпкерді алып қарасақ та, жеке тоқталып сөз етуге тұрарлық күшті характерлер екендігін байқаймыз. Пьесаның негізгі кейіпкері – Бердах. Ол басқа кейіпкерлерге ұқсамайтын өзіндік қасиеті, өзгешелігі бар дара тұлға. Бердах халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайды. Үлкен ойдың иесі. Әрбір сөзін ойлап айтатын, терең толғанып, халыққа қайтсем пайда келтіремін дейтін адам. Пьесаның бірінші актісіндегі алғашқы көрініс Бердахтың үйлену тойы болып жатқан жерден басталады.

Перде ашылғанда біз тойға жиналған халықтың ортасында сөз сөйлеп тұрған Бердахты көреміз. Бердахтың алғаш сөз бастауынан-ақ халық ұлы екенін байқаймыз.

«Ел кәдесі - ерге сабақ» деген. Келгендеріңізге рақмет. Тілектес болғандарыңа қуаныштымын. Тойдың аты менікі болғанымен, заты сіздердікі. Сіздерден аяр жаным жоқ.

Жетімнен жетіліп, ержеткен жайым бар. Той салты халықтікі. Тойды бастап, тойлайтын өздеріңіз! Бірлікті, батырлықты, ақылгөйлік, даналықты да өз қолдарыңызға бердім»[1,128]- деп жиналған халыққа ризашылығын білдіреді.

Бердах образы пьесада мұнан әрі дамып, өсіп отырады. Ол әрқандай зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке төзбейді. Мысалы, Бердахтың тойын бұзу ниетімен келген байлардың қол шоқпарлары Ерназар кенегес, Құтым сопы, Нұрман сияқтыларға өзінің өткір тілі, уытты сөздерімен соққы береді.

Зорлап алған адамым жоқ,
Адамды ұрлаған ұрыны көргенім де жоқ.
Өзіме ұқсаған жарлының,
Екі көзінен қаны аққан зарлының
Қызын алып келіп отырмын, -

дейді Бердах.

Пьесаның бірінші пердесінің екінші көрінісінде Бердах ханның салған салығына қарсы болып, күйінеді, халықтың аянышты халіне ашынады.

Былтырғыдан биыл жаман,
Қалай-қалай болды заман,
Кедей-кепшік қалмай аман,
Он тілладан келді салық.
Бұл салықты салған құрысын,
Және зорлап алған құрысын,
Және қастық қылған құрысын,
Халықтың жүрегін жарды аштық,- дейді ол.

Бұл күрес жолында Бердах қаншама азап, ақырет көрсе де өзінің төзімділігін, ерлігін жоғалтпайды. Ерназар кенегес, Құтым сопы, Нұрман сияқты екіжүзді халық сатқындарының қолымен Хиуа ханы оның алдына қаншама тосқауыл қояды. Солардың қолымен халықты күреске бастаушы халық батыры Ерназар Алакөзді өлтіреді, Бердахтың жалғыз қызы Хүрлиманды тұтқынға түсіріп, зынданға тастайды. Бірақ осылардың біріне де мойымаған Бердах пьесаның соңында халықты ханға, билерге, байларға қарсы үлкен көтеріліске үндейді. Осылайша пьесадағы Бердах бейнесі өте нанымды, сәтті шыққан бейне екенін байқауымызға болады.

Пьесада бұдан басқа да жақсы сомдалған бірнеше характерлерді де ұшыратамыз. Олар Ерназар Алакөз, Күнхожа, Қалқабай, Таймас, Ерназар кенегес, Құтым сопы, Нұрман характерлері.

Бұлардың ішінде Ерназар Алакөз бейнесін атап айтсақ болады. Ерназар Алакөз характері өзіндік ерекшелікке ие характер. Ол - ержүрек, батыр, Хиуа ханына қарсы көтерілген халықтың көсемі. «Қаратауда ханның мың жылқысы бар. Ол хандікі емес, халықтікі. Соны жігіттермен айдап қайтасың. Мың жылқыны халыққа үлестіріп береміз», - дейді, алдына бас иіп келген Ерназар кенегеске. Оның осы әрекетінің өзінде ханға қарсылық бар.

Драмашы пьесаның бастапқы үш көрінісінде осы Ерназар Алакөз бейнесін орталық кейіпкер етіп көрсетуге ұмтылады. Бұл, әрине, Ерназар Алакөздің характерін ашуда үлкен маңызы бар.

Пьесада сәтті шыққан характердің бірі – Құтым сопы. Ол өте айлакер, сұм, өзінің қара басы үшін халықтың мүддесін сатқан, азғын адам. Драмашы бұл адамның характерін өте шебер жасаған. «Хан ат басындай алтын берсе, бір Ерназар емес, мың Ерназардың басын аламын», - деген Құтым сопы көтеріліс кезінде халық батыры Ерназар Алакөзді атып өлтіреді. Бірақ оның осы қылмысы соңынан әшкереленіп, халық оны суға батырып өлтіреді.

Пьесаның келесі екі көрінісі Бердахтың қызы ақын Хүрлиманды суреттеуге арналады. Мұнан соңғы екі көріністе Хиуа ханының зорлық-зомбылығы, халыққа істеген қиянаты ашылып беріледі. Пьесаның ең соңғы көрінісінде ғана Бердах шешуші орынға шығады.

Енді бұл пьесаның жетістіктерімен бірге кейбір кемшіліктерін де атап өтуіміз қажет. Драмашының сюжет құруында кейбір эпизодтар өте сенімсіз шыққан. Мысалы, ұнамсыз образдардың бірі Нұрман пьесаның басында Бердахтың тойына өз руының ақсақалы ретінде құда болып келеді. Ал төртінші көріністе болса, біз Нұрманды Бердахтың қызы Хүрлиманды сүйген жас жігіт образында көреміз. Осындай қарама-қайшылықтарды хорезм батыры, өзбек жігіті Таймас образында да кездестіреміз.

Пьесада жақсы таңдалып, кейін ашылмай қалған образдарды да ұшыратуға болады. Олар Күнхожа ақын, Құмар кемпір, Таймас, Қалқабай, Қоразбек т.б. Бірінші көріністе олар оқырмандардың көңілін өзіне аударса, соңғы көріністерде елеусіз қалады.

Қарақалпақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне арналған тағы бір шығарма – «Айгүл мен Абат» атты музыкалы драма. Авторы Жолмырза Аймурзаев. Оқиғасы – кедей жігіт Абат өзі сияқты жетім Айгүл деген қызға ғашық. Олардың махаббатына осы ауылдағы бай Палымбет паллақ кедергі болады. Айгүлді өзі әйел үстіне алғысы келеді. Ол үшін қыздың жақсы көрген жігіті Абатты әскердің қара жұмысына жібереді. Сөйтіп мақсатына жетеді. Бірер жылдан кейін Абат елге қызыл әскерлермен бірге келіп, кеңес өкіметін орнатуға атсалысады. Палымбет паллақ та, екіжүзді әйел Үзілдік те өз жазасын алады.

Пьеса тақырып жағынан Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарын», Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелдісіне» ұқсайды. Әсіресе, «Түнгі сарындағы» Жүзтайлаққа Үзілдік көбірек ұқсар еді. Әрине, сырттай ғана ұқсайды.

1916 жылғы көтеріліс тақырыбы Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінде кеңінен көрініс тапты. Көтерілістің пайда болу себептері, өрістеуі, жеңілу факторының ұқсастығынан шығар қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен жазушыларының туындылары бір-бірімен үндесіп жатады. Қазақ әдебиетінде Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романы, Мұхтар Әуезовтің «Түнгі сарын», Бейімбет Майлиннің «Жалбыр» атты пьесалары, Берді Кербабаевтың «Алып адамдар», өзбек әдебиетінде Айбектің «Қасиетті қан» романы – 1916 жылғы халық көтерілісін суреттеуге арналған шығармалар. Психологиялық талдауға шебер Айбек революция алдындағы өзбек халқы өмірінің көп шындығын қаз-қалпында береді. Мырзакәрім байдың есігінде жүрген малай Жолшының азаттық күреске бет бұруын жазушы сенімді суреттейді. Ал, қазақ қаламгері М.Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасы қазақтың реалистік драматургиясының негізін қалаған тұңғыш шығарма. «Түнгі сарын» пьесасы 1916 жылғы қазақ даласында болған ұлт-азаттық қозғалыстың мәнін ашқан, қазақ қоғамының революцияға дейінгі тарихи шындығын типтік жағдайда суреттеген құнды шығарма.

Пьесада образдар түгелдей дерлік толыққанды әрі есте қалатын айқын характерлер болып шыққан. Жантас пен Тәнеке халықтың ортасынан шыққан батырлар. Жантас - қажырлы, өжет, жігерлі, парасатты жігіт. Ол жеке өз өміріне байланысты көптеген қасіретті жайларды басынан кешіреді. Нұрқан сияқты зұлымдар оның сүйген қызы Мөржанды зорлап, масқара қылғысы келеді.

Одан ештеңе шықпағаннан кейін, Жүзтайлақтың әзәзілдігімен надандық тұзағына түскен Ділдәні баласы Жантасқа қарсы айдап салады. Ол Жантастың ізіне ермей, біреудің есігінде малай болып қалады. Мұндай жағдайлардың бәріне Жантас қиналады. Бірақ ол алға қойған мақсатынан қайтпайды. Жеңілген тұста да Жантас мойымайды.

Пьесадағы жағымсыз кейіпкерлердің ішінде ең сәтті шыққан - Жүзтайлақ характері. Ол қазақ драматургиясында бұрын-соңды болмаған бейне. Адам бойындағы азғындықтың бәрі осы Жүзтайлақ бейнесіне жинақталған. Ол өз ойын іске асыру үшін қандай сорақылықтан да бас тартпайтын жан. Жанын да, тәнін, арын да сол жолға құрбандыққа шалуға дайын. Мысалы, өзінің сайқалдық әрекеттерімен арбап, Жүністі тыңшылыққа пайдаланады. Аңғал мұғалім Сапаның да басын айналдырып, өзінен дәмегөй қылады.

Пьесадағы көп қырлы бейненің бірі осы – Сапа бейнесі. Ол алғашында аңғалдықпен Жүзтайлаққа ғашық болып, дос пен дұшпанды айыра алмай арпалысады. Кейін көзі ашылып, дұрыс жолға түседі.

Мұхтар Әуезовтің бұл пьесасы идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік дәрежесі жағынан да сол кезеңдегі қазақ драматургиясындағы шоқтығы биік шығармасы болды.

Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсіреповтің «Аманкелді» пьесасы да 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбына арналған. Пьеса 1934 жылы жазылып, 1935 жылы жеке кітапша болып жарияланды. Авторлар пьесаны қайта өңдеп, пьесаның өңделген нұсқасы 1937 жылы театр сахнасына қойылды.

Бұл пьесада көтерілген тартыстың нанымды суреттелуі, ондағы характерлердің шебер жасалып, әрбір кейіпкердің өз іс-әрекеттерімен дараланып көрінуінде жатыр. Ал, бірнеше образдардың, күшті характерлердің шығуы, олардың бір-біріне ұқсамай, әрқайсысы өзіне ғана тән қасиеттермен дараланып көрінуі – пьесадағы негізгі тартыстың нанымды түрде берілуіне тығыз байланысты.

Пьесаның негізгі кейіпкері – Аманкелді. Ол пьесадағы басқа кейіпкерлердің ешқайсысына ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері бар образ.

Ол қара күшке сенген бұрынғының аңғал батыры емес, үлкен ақылдың иесі. Әрбір қадамын аңдап басатын, әрбір сөзін ойлап айтатын, әрбір сәтті іске де, әрбір сәтсіз іске де мән беріп, терең толғанып, халықтың пайдасына шешу жағын көп қарастыратын адам.

Қарсақбайдан үш жүз жұмысшы келіп қосылғанда, ол туды сүйіп тұрып ант береді. Өзінің бойын кернеген ішкі сезімін түгел ақтарады: «Жұмыскер жұртым, оң қолымда сенің туың болар қашанда! Елдің арман, тілегінің алдында азаттық үшін төгілер қан, ағар жасты, тартар азап, ауыр бейнетті алып, қасық қаным қалғанша адал ниет, ақ тілегіңнен аумасыма ел атымен ант етемін!» [2,59].

Аманкелді өмірдің даму заңын түсінетін, тарихи жағдайға дұрыс бағасын бере алатын адам ретінде суреттеледі. Оның Петрмен сырласқан мына бір бейнесін алайық:

Аманкелді: Бір дүние жаңарып жатса, енді бір дүние ескіріп жатады, ә? Тез жаңарар, тез ескіртер заманға жетіппіз, Петр! Ескіні көріп – жаңаны, жаңаны көріп – ескіні түсінеді екеміз-ау өзі...

Петр: Оны неге айттың, комиссар?

Аманкелді: Солдатқа қарап – сарбазды, Кетеге қарап – Мұнайтпасты таныңандаймын... Жаңа заманның лебі ғана келіп еді, бұрынғыдан не қалды ескірмеген, сарбаз жаңарып солдат болып еді, мыңбасыларым ескіріп қалды. Кете батыр қалмады ма ескіріп...

Петр: Оның орнына Көпжасаров шықты.

Аманкелді: Жоқ, оның орнына шыққан жоқ, ол жаңа топыраққа шықты [2,87].

Өмір үздіксіз өсіп отырады, автор өз оқушысын сол үздіксіз өсу үдерісіндегі өмірдің дамуынан қалмай бірге өсуге, ескілігін байқап, жаңаның жаңалығын сезіп, біліп отыруға меңзейді. Бұл пьесадағы әлеуметтік-қоғамдық мәні бар тартыс дегеніміздің де мәнісі осында.

Орыстың ұлы жазушысы А.М.Горький бір затты әсірелеп көрсету және типтендіру туралы былай деп жазған еді: «Өнер жақсыны әсірелегенде оның онан да жақсы болуын көздейді, адамға зиян, оны кемітетін жаман нәрсені әсірелегенде адамның бойында оған деген жиреніштің пайда болуын, өмірдің сорақы жақтарын құртуға ерікті бейімдеуін көздейді. Өзінің негізінде өнер – бір

нәрсені не жақтап қостайды, не оған қарсы күреседі. Немқұрайды қарайтын өнер жоқ және болмайды да, адам фотографиялық аппарат емес, ол өмір шындығын белгілеп жазып қоймайды, не оны жақтайды, не өзгертеді, құртады».

Демек, Ғ.Мүсірепов Аманкелдінің бейнесін әсірелеп көрсету арқылы оның характерін тереңірек айқындай түседі. Бұл жазушының асқан шеберлігін дәлелдейді. Яғни, А.М.Горький айтқандай «... Көркемдік дәрежесі жоғары әдебиеттің барлық үлгілі шығармаларының құндылығы өмірді әсірелеп көрсете алғандығында, өмір құбылыстарын кең ұғымда типтендіре білгендігінде»[3,56].

Қырғыз әдебиетінде де 1916 жыл туралы шығармалар баршылық. Олардың қатарына Қасымалы Жантошевтың «Алым мен Мария», Жүсіп Тұрысбековтың «Ажал орнына» атты драмаларын жатқызамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймурзаев Ж. Шығармалары. II-том. Нөкис. 1962.
2. Ордалиев С. Конфликт және характер. Алматы. 1976.
3. Нұрғалиев Р. Күретамыр. Алматы. 1989.

ӘОЖ 82-131

ЕЖЕЛГІ МЕКЕНІНЕ ҚАЗЫҚ ҚАҚҚАН АСАН АБЫЗ

Жеткізгенова Ә.Т.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Көшпенділер өркениетінің аты аңызға айналған, тарихи тұғыры мықты тұлғасы, ұлы далада даналығымен дараланған дарынды ойшылы Асан Қайғы Сәбитұлы туралы мол деректер мен мәліметтердің әлі де болса зерделей зерттеп, ұрпақ жадына күмәнсіз, таза фактілермен жеткізу, осынша мол рухани байлықты сақтау жолында жүргізіп жатырған жұмыстар біршама екендігі баршамызға аян.

Халқымыздың асыл тінін көрсетіп, тегін нақтылайтын, мықты тарихымызды әйгілейтін Қазақ хандығының ұлт тарихындағы өлшеусіз даңқы мақтанышымызды арттырып, өзге ұлттар алдында мерейімізді өсіріп, өркенімізді кеңейтіп, абыройымызды асқақтатып, беделімізді аспандатып, елдігімізді көркейтетін ерекше ұлтжандылық сезім сыйлайды.

Ендеше, 2015 жылы 550 жылдық мерейтойы тойланған Қазақ хандығын құрушы тұлғалардың рухани демеушісі, ақылшысы, кеңесшісі болған абыз Асанның ел тарихының қиын кезеңіндегі замана көшінің алмағайып тұсында арпалысты оқиғалардың куәгері болғаны айдан анық. Оны Асан Қайғы болжамдарындағы ақпараттар мен тарихи-мәдени сипаттар, әсіресе, қоныс іздеп Желмая мініп жер шалған аяулы ақсақалдың көкірегі шерге толып, арман етіп, үміт артып, тілек сөзімен жүріп өткен жерлеріне айтқан сындарының өзі-ақ әйгілейді.

Бізді ойландыратын жайт, Асан Қайғы ел кезуге неге Желмая мінеді? Бес қаруын сайланған айтулы батырлар мінген тұлпарлар, арғымақтар, әрине, Асан Қайғыға табылмады деген ойдан аулақпыз. Батырлық жырлар, тарихи жырлар, ғашықтық жырлар, лиро-эпостық жырлардың қай-қайсысында да басты кейіпкерлерге сенімді серік болған арғымақтар Асанда да болғаны анық.

Дегенмен, осы әулие, көріпкел дана қарияның ойсылқараға жаны жақын болып, өзіне жүрісін жайлы сезінгені, шөлге шыдамдылығы ерекше таңдауына да себеп болуы мүмкін ғой.

Осы орайда халқымыздың сүйікті ақын қыздарының бірі, филология ғылымдарының кандидаты, махамбеттанушы ғалым О.Тұржан өз мақаласында: «Дүниенің төрт бұрышы болмаса да, Африка мен Азияны, Еуропаның жартысын кеме мініп, кемесі жоқ жерді дала кемесі – түйемен аралаған саяхатшы Ибн Батута Арабиядан шығып, Африканы шарлап, Шри-Ланканы басып өтіп, Бағдат пен Мысырды, Каирды аралап өтіп, Үнді жерін кезіп, Византияға келіп, қазіргі Қырымның

сай-саласын аралап, Волганы жағалай жүріп, Астраханға келіп, 1334 жылы қазіргі Атыраудың іргесіндегі Сарайшық қаласына маңдай тірепті.

Маңдай тіреп тұрып, «Бұл өзен жағасына орналасқан гүлденген қала екен. Бағдаттан кейінгі 2-ші жүзбелі көпір осы қалада екен» деп Сарайшық турал ең алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың ұлы саяхатшы Ибн Батутаның осы дерегінің өзін енді біздер туристерге ақпарат ретінде ұсынып жүрміз. Өйткені бұл дерек – біздің тарихымыздың сонау дәуірден жеткен жаһұт тасындай» [1, 14] деп ұлы жиһанкездің әйгілі саяхатын түйе малының көмегімен жасағандығын тілге тиек еткіміз келеді. Бұл мысал дала кемесі – түйенің ұлы жиһанкездердің бағытынан таймай сапарын жалғастыруға сенімді серік бола білгендігінің тағы бір көрінісі болып шығады. Сонымен қатар, біздің Асан бабамыздың өз жүріп, жерге айтқан сынының көрінісі де бар. Қай жер болмасын, саналы адам баласына бір басып тұрған жеріне баға беру, сипаттау тән екендігі белгілі жайт қой. 2008 жылғы Алматы «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Желмая – шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе» деп берілген [2, 292].

Көрнекті мифолог ғалым С.Қондыбай да өзінің «Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері» атты еңбегінде бірнеше ғалымның зерттеулерінен сүйене отырып: «Желмая – фольклорлық образ, асқан жүйрік, аса күшті, әрі шыдамды жануар дегенді білдіреді. Көркем шығармаларда осындай желдей жүйткіген маяның жүйріктігін бейнелеп айтуға байланысты Желмая деген атау жиі пайдаланылады. Нар түйенің ұрғашысы болып табылатын маяның жоғарыда аталғандай ерен қасиеттері бар фольклорлық образға қалай және қашан айналғаны жөнінде ғылыми дәлелдеме күні бүгінге дейін жоқ.

Қазақ фольклорындағы Желмая – ерен жүйрік, алапат күш иесі ғана емес, иесін қас-қабағынан танитын жанашыр, әрі қиын-қыстау сәттерде көмекке әзір ақылды жануар. Ел-жұртқа қоныс болатын Жерұйықты Асанқайғы жырау да шабысынан танбайтын, алыс жолдан талмайтын өзінің жүрдек Желмаясына мініп алып іздейді.

Жалпы түркітілдес этномәдени дәстүр атаулыда түйе түлігі – жоғарғыдағы құдайлар, әулие-әнбиелер һәм періштелер мекендейтін әлем мен жердегі тіршілік кеңістігін жалғастырушы дәнекер (медиатор). Мұндай наным-сенім сонау салт аттылар өркениетінен – сақ-үйсін мәдениетінен бастау алады. Осы көне жосынның қазіргі күнге жеткен сарыны. Сібірдегі түркі халықтарының арғы әлемге сапар шегетін көлігі – ғұрыптық даңғыраны ақ атан, бура деп атайды. Көптеген әпсаналарда әулие жандарды о дүниеге ақ атан алып кеткені туралы мифтік желі кездеседі. Мысалы, бір аңыздарда Қаракерей мен Райымбек батырлар бұл дүниеден бақи дүниеге ақбас атанмен сапар шеккен деседі»[3,256] деген деректермен қоса, ғалым түйе малының пірі Ойсылқара турасында: «Ойсыл қара сөзінің шығуы – жалпы ислам әлеміндегі әулие Уайс әл-Қаранидың атымен байланысты. Түйе пірін арабтар Вайс Харра, түркімендерде Вайс баба, Вейсел гара, қырғыздарда Ойсулата, өзбектерде Сұлтан Вайс аталады. Көптеген авторлар Ойсылқара пірін түйе бағудың қыр-сырын шебер меңгерген жан, түйе піріне айналып кеткен Мұхаммед пайғамбардың өзі жақын тартқан замандасы Уайс әл-Қаранидың есімімен байланысты қалыптасқандығын айтады» [3,270], – деп нақты деректерді жинақтай ұсынады.

Араб әдебиетінде түйеге ерекше ықылас білдіріп, құрмет тұтатын бәдәуи ақындары шығармашылығы турасында зерттеуші Ә.Дербісәлиевтің: «Бәдәуилер түйе шаруашылығымен айналысқан. Өйткені, олар өмір сүрген географиялық орта, түздіктердің ғұмырын түйемен мықтап матастырады. Олар түйені аса жоғары бағалайды. Сондықтан да бәдәуи ақыны сұлу қызды суреттегенде, міндетті түрде өз түйесінің сұлулығын да қозғай кетеді.

Арабтардың көптеген ақындары өз өлеңдерін астына мініп жүрген түйесін суреттеуден бастайды. Бұл жайлы араб әдебиетінің үлкен зерттеушісі, академик И.Ю.Крачковский (1888-1951): «Шайырлар кейде түйенің сұлулығын тәптіштеп баяндағаны сонша, олардың суреттеулерін әділ де дұрыс бағалау үшін осы бір қасиетті жануар сырының әуесқой да нағыз білгірі болуға тура келеді» дейді» [4, 15] деген пікірлеріне айрықша назар аударуға тура келеді.

Тағы бір ерекше қызықтыратын мәлімет – И.Ю.Крачковский, Карл Броккельман, И.М.Фильштинскийдің зерттеу еңбектерінде түйенің жүріс әрекеті мен арабтардың ән салу әуендеріндегі тамаша гармонияның (үйлесім) бар екендігін Ә.Дербісәлиев жіті аңғарып, ескеріп отырған: «Көшпелі бәдәуилер түйенің жоғары айтылған қасиеттерінен бөлек музыка сазына өте

сезімтал екендігін ерте кезде-ақ байқаған. Неміс шығыстанушысы Карл Броккельман (1868-1956) «бәдәуи өлеңдерінің өлшемі түйенің жүрісіне байланысты туған, өйткені түйеге міниіп бара жатқан бәдәуи өз өлеңдерінің ырғағын түйенің жүрісіне ыңғайлап айтады» - дейді.

Араб өлең өлшемі (аруд) латын немесе грек өлеңі секілді квантативті. Бұл созылыңқылары әрқилы буындардың ауысып келуі деген сөз. Қысқа және созылыңқы буындар жиылып бунақ құраса, ал екі және үш бунақ жарты өлең (полустишия) түзеді, ал екі жарты – өлең міндетті түрде үзілістік арақатынаспен бөлініп – бәйіт деп аталатын өлең құрайды.

И.М.Фильштинский онан әрі созылыңқы және қысқа буындардың ауысып келуіне тікелей байланысы бар араб поэзиясында он алты өлең өлшемі бар екенін айтады да «Араб филологтары бұл өлшемдерді көшпелі бәдәуилердің көлігі болған түйенің жүру ырғағына байланысты туған» деген жорамал жасайды» [4, 16].

Осы орайда Асан Қайғының шығармаларында түйе жүрісіне лайықталған өлшемдердің барлығын нақтылау филолог ғалымдар мен өнертанушылардың, сазгерлердің еншісінде екендігін де атап өткен жөн.

Бұл әрине, абыз шығармаларының басым бөлігі Желмаямен жер шалған сапарында кейде торыға, кейде толғана, кейде үрейлене, кейде үміттене жүріп дүниеге келген болуы мүмкін деген ойдан туындаған пікіріміз.

Асан Қайғының ел кезіп, жер аралай жүріп, көңілін орнықтырып, жанға сая боларлық қонымды қоныс іздеу сапары сан тарау жолдардан, ұзақ жылдардан тұрғаны да белгілі. Кең байтақ өлкеміздің бір-бірінен соншалықты қашық орналасқан жерлерін Желмаясымен кезген аяулы абыздың еңбегі нағыз қоғам қайраткерінің әрекетімен пара-пар. Сапарға көп шығып, ел көріп, жер танып, әлем кезген жандарды саяхатшы десек, Асан Қайғы Сәбитұлының да осы атауға сиятын үлкен еңбегі бар деуімізге негіз бар.

«Біздің өз ұлтымыздың дерегі ауыз әдебиеті арқылы бүгінгі күнге жеткен ең алғашқы саяхатшыларының бірі деуге келетін – Асан Қайғы. Біз Асан бабаны «саяхатшы» демейміз. Біз оны – жерұйықты іздеген данышпан дейміз. Өйткені, қазіргі туристердің мақсаты – тек ел мен жер көріп, жай танысып қайтуды мақсат ететін болса, ол дәуірдің ел мен жер кезгендері ұлы мақсатты көздеді. Ол сол дәуірдің талабы әрі қажеттілігі еді. Асан бабамыз да ұлы мақсат жолында ел жадында сақталатын ұлы да ұлағатты сөздерін айтып, халықтың санасына сіңіріп, өз ізімен қазақ жұртының ежелгі мекеніне өзіндік қазық қағып кеткендердің бірі.

«Қырында киік жайлаған, Суында балық ойнаған, Оймауыттай тоғай егіннің Ойына келген асын жейтұғын, Жемде кеңес қылмадың» деп ел билеген билерді сынай отырып, сол жердің қасиетін қоса айтып отыратын Асан қайғының «Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің. Елбең-елбең жүгірген, Ебелек отқа семірген, Екі семіз қолға алып, Ерлер жортып күн көрген» .... деп жырлайтын Асан Қайғы өзінің ел кезгендегі мақсатын тек қыдыру емес, жер жұмағын іздеу және ел жайлауға ыңғайлы жерді іздеп, халқына жайлы қоныс табу екендігін өз жырларына қосып, айтып отырғаны аңыздардан белгілі. ....Асан қайғы «Көшіп-қонып жүрмеген, жер қадірін не білсін?» деп адам боп жаратылғанның танымалдыққа ұмтылуын насихаттап өткен. Ол қонысқа жайлы Жерұйықты, татулық пен бірлікке негіз болар мән-мағынаны іздесе, антикалық заманның саяхатшылары негізінен сауда, білім, діни сапарларда жүрген екен» [1, 16]

Ғалым осы пікірлерімен ұштастыра Асан Қайғыға биік тұғырдан орын беріп: «біздің жеріміз туралы нақты сипаттама берген Асан Қайғыны да туризм тарихының көсемдері десе болады» [1,12 б] деп, Марко Поло, Васко де Гама, Христофор Колумб сияқты тұлғалармен қатар қояды.

Түйе өте сезімтал жануар. Асан Қайғының жалғыз өркешті жүйрік түйе – Желмаямен жер шарлауы оның тек төзімді, мықты, жүйрік, шөлге шыдамдылығында ғана емес, осы сезімталдығында да болуы мүмкін.

Қазақтың ақын-жыраулар шығармаларындағы жоқтау жанрының образдық поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер арасында түйе малына қатысты тұстары да көп ұшырасып отырады.

Мысалы, халық ақыны, Маңғыстау өлкесінде ғұмыр кешкен Сәттіғұл Жанғабылов жоқтауында «ботасы өлген түйедей, күндіз-түні зарланып» деп баласын жер қойнына берген қаралы көңілін түйемен салыстыра береді. Бауыр еті баласы өлген адам қайғысының сөзбен суреттеп болмас ауыр хал. Жалпы перзент қайғысына қасірет шегу азабы төрт түлік ішінде түйе малында ауыр өтеді. Ақынның осындай хал-күйін қазақ халқы, соның ішінде Маңғыстау өлкесінің климаттық ерекшеліктері жағдайында тіршілікке қолай көріп ұсталатын ойсыл қара – түйемен салыстыруы заңды да. Себебі, ботасы өлген түйе зар илеп, бебеу қаға боздағанда естіген жанның төбе құйқасын шымырлатып, жанын қоярға жер тапқызбайды. Қазақ халқы түйе түлігінің психологиясын жақсы білетіндіктен күйігін сейілту үшін өлген ботаны терісінен сыпырып, ішіне шөп-шалам толтыра нығыздап, енесінің алдына тұлыбын қояды. Сол кезде ботасының тұлыбын иіскеген енесі көзінен парлаған жаспен қоса емшегінен иіп ағыл-тегіл сүт жосиды. Өрістен қайтқанда алдынан тайраңдап шығар ботасының серейген тас тұлыбын мекірене иіскей-иіскей ана-жүрек көңілі жұбанып, қайғысы сейілгендей болады. Перзент қайғысының күйігін баса алмай сенделген аруана-жүректің қайғылы халі Сәттіғұл жоқтауларымен үндестікте көрінеді.

«Түйе ұстаған қазақ елінің поэзиясында нар, атан, інген, бота бейнелерінің де алатын орны үлкен... . Ботасынан айрылған боз інгеннің күңіреніп боздауы – қазақ поэзиясында аналық мейірім, махаббаттың символы» [5, 34-б.].

Демек, Асан Қайғының қазақ елінің мемлекеттік шекарасын айқындап, әділетті заң үстемдік құрар келешегі кемел ел болуды аңсап, болашағы жарқын ұрпағына Жерұйығын іздеп, жаны жай таба алмай сенделген сәтінде, сар далада иесіне қосыла Желмаяның да күңірене желген күйі үйлесім тапқан болар.

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,
Желмая мініп, жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!?

деп, табаны тимеген жер қалмай, қазақ жерін түгелге жуық шарлап, ел тұтастығын армандаған ұлы ойшыл, данышпан, көріпкел, ақын, абыз Асанның артына қалдырған жер тану, ел танудағы тұтас энциклопедиялық ілімінің нәтижесін бүгінгі таңда тәуелсіз елі игеруде. Сол игілікті Асан Қайғы армандаған тәуелсіздіктің жарқыраған ақ таңының нұрымен оянып, бейбіт күннің шуағына шомылған ұрпақтары көруде.

Асан Қайғы Сәбитұлы сөз өнеріне ғана емес, сандаған күйлердің авторы ретінде саз әлеміне де өрісті өрнек салып рухани элитаның көрнекті қаламгері болуымен қатар, ел тұтқасын ұстаған саяси интеллегенцияның да көшбасында болған қайраткер.

Данышпан Асанның жерге берген сипаттамасына орай: «Біз туристік нарықтың есігінен енді ғана еніп жатқан елміз. Жоғарыда айтылған Асан Қайғының қазақ жерінің әр өңірі туралы жазған деректерін туристік маршруттың маңызды құжаттары ретінде көрсетіп, бірнеше тілге аударып, интернет арқылы таратын ақпараттарымызға пайдалану да тиімді болар еді» деп халық игілігіне жаратуды ұсынған ғалым О.Тұржанның пайымды пікірімен қорытындылай отырып, бар ғұмырын адамзатқа деген мейірімге арнаған, ел мүддесі мен жұрт қамын көздеп, өмір шындығын саралай ой түйдіретін қуатты жырларын қалдырған асыл текті абыздың өзі жүріп өткен жерге қазақтың жері екендігін айқындап кеткен сын-баға анықтамасын мөр таңбадай қабылдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оңайгүл Тұржан. «Жер үсті толған туристер» Тұмар. /Республикалық әдеби-көркем журнал/ 2018-5(60)

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. –968 б.

3. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. – Алматы: Қазақ тілі, 2018. – 480 б.

4. Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. Алматы, 1987.

5.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы: 1973. –212 б.

ӘОЖ 82-9

ӨНЕРПАЗ СЕРІ – СЕГІЗ ТУРАЛЫ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР

Жеткизгенова А.Т.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Сегіз серінің көркем прозадағы бейнесін сомдаған Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты серінің тағлымды өмірі мен шығармашылығы туралы толымды мағлұматтар берілген көлемді еңбек. Ақын Қадыр Мырза-Әлі Сегіз серіге арнаған өлеңіндегі деректердің барлығы да осы аталмыш еңбекте берілген.

Сегіз серінің өмір жолы, шығармашылығы Жаяу Мұса, Нұржан Наушабайұлы, Өске Торқаұлы, Шынияз Жұбатов туындыларында да айрықша келісіммен өрілген.

Аталмыш туындылар Сегіз серінің тамаша туындыларға кейіпкер бола алатын тағлымды тұлға екендігін дәлел еткен. Қаламгерлер таланты тек ән-жырымен көрінбей, ел азаттығы үшін күрескен, шен-шекпеннен ел мүддесін жоғары қойған Сегіз серінің аяулы бейнесін шебер суреттей білген.

Қазақ халқының ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілерінің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов еді. Сегіз сері. XIX ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған, атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді.

Түйінді сөздер: сал-сері, проза, поэзия, өнерпаз, сыншы

Қазақ тарихындағы қайталанбас дара тұлғалар, серілер туралы сөз қозғалғанда өз заманында асқан сері, беделді тұлға болған Сегіз сері есімі қатар айтылады. Сандаған сал-серілік дәстүрді ұстанған өнерпаздар өзінің ұстазы Сегіз сері болғанын өз өлеңдерінде, әндерінде жиі айтып отырғандығынан да оның белгілі тұлға болғандығы белгілі. Осындай болмыс-бітімі ерекше жаралған, біртуар талантты перзентін мақтан етіп, ұрпағына ұмытылмай жетуін мақсат еткен проза мен поэзия жанрында да біршама көркем туындылар жазылған болатын. Қазақ әдебиетінің алдыңғы буын өкілі ақын Қадыр Мырза-әлидің «Сегіз сері Баһармұлы» атты өлеңінде оның есімінің «Сегіз» аталуына дейін ерекше мән бере жырлауының өзі қатарынан асып туып, серілік қонған дарынның бойындағы айрықша қасиеттердің басымдығын аңғартқандай.

Неге сегіз?
Сегіз қырлы болмысы,
Қалай сыймақ тар қалыпқа ол кісі.
Алдыңғысы болса болар тұлпардың,
Емес бірақ сәйгүліктің соңғысы.
Шырқағанда ғашықтардың атынан,
Көкірекке ұялаған жатық ән.
Неге сегіз?
Иықтағы жалғыз бас,
Бір ғана бас сегіз басқа татыған. [1,59]

Көз тоқтатар көркі бар, ұйып тыңдар үні бар, салмағы ауыр жүктерді үйіп-төгіп тартатын күші бар, өткен-кеткен тоқтап тамашалайтын өнердің барын бойына жиған айтулы дарынның осы есімді иеленуінің өзі бойына жиған сан-салалы, ғажайып болмысының арқасы болар.

Міне, ақындық, әншілік, күйшілік, сазгерлік, зергерлік, батырлық, палуандық өнерімен жалпақ жұртқа аты мәлім болып, елі сүйіп, еркелеткен өнерпаз серілердің бірі – Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов еді. Осы өнерпаз тұлға туралы ғалым Әлкей Марғұлан өзінің «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» еңбегінде «Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші

жарқырап шыққан өнер иесі Сегіз сері. Ол XIX ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған кісі, өмірі Тәттімбетке өте жақын. Ол атақты сері, ақын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді» [1, 29], деп көрсетеді.

Серінің көркем прозадағы бейнесі туралы айтар болсақ, Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаяты серінің тағлымды өмірі мен шығармашылығы туралы толымды мағлұматтар берілген көлемді еңбек деуге болады. Қадыр Мырза-Әлі Сегіз серіге арнаған өлеңіндегі деректердің барлығы да осы аталмыш еңбекте берілген.

Көмейіне құйып алған бал әнін,
Ә, дегенше өте шыққан бала күн.
Жендеттерге ертелі-кеш індеткен,
Ұстатпаған сағымындай даланың.
Маңдайға алып нағашы жұрт, батысты,
Өкшелеген өңкей итпен атысты.
Ел-жұрты үшін қуғын көрген қазаққа,
Құс төсектен қымбатырақ ат үсті [2, 51]. –

деген жолдарда Сегіз серінің «Қашқын келбеті» толғауындағы жүріс бағыты, қимыл-әрекеті көрініс берген. Қадыр Мырза-Әлі осы сегіз шумақ өлеңінде серінің әнші-ақындығына қоса, мергендігін, балуандығын, жомарттығын, темірден түйін түйген шеберлігін, зергерлігін, емсектігін (Жолда қансырап өлім аузында жатқан жас сардарды құтқарып, адам қатарына қосып, кейін өзіне атқосшы етіп алғаны Т.Сүлейменов еңбегінде айтылады) толығымен сыйдыра жырлаған.

Сегіз сері әдемілікті, әсемдікті, тазалықты сүйгені аян. Ендеше ақынның шабытын жани түсін, талантын тасытқан, арманына қанат байлатып, өлең өнерінде өрге бойлатып, сандаған сұлу әндердің дүниеге келуіне себепші болған ақша жүзді, ақ маңдай арулар екендігі де белгілі. Аталмыш мақаламызда Сегіздей серіге сұлу сазды әндер тудырып, шабыт сыйлаған сындарлы сұлулардың бейнесін Т.Сүлейменовтің «Сегіз сері» тарихи-ғұмырнамалық хикаятындағы деректер арқылы саралап көрмекпіз.

«Сегіз он төрт жасында шығарған «Арман» атты өлеңінде ержеткенде өмірінің жақсы болуын аңсайды, болашақ жарының тұлғасын, жүріс-тұрысын, мінез-құлқын көз алдына елестетіп:

Ақша жүз, бота көзді, бойы сұңғақ,
Зайыбың шақырғанда келсе зырлап.
Не екенін атқарар іс білу үшін,
Сұрағын еппен қойып, күтсе тыңдап
Жан серік, қазір қымыз әкелем деп
Қайтарса сәніменен жақсы жауап.
Етегі қазине көйлек дөңгеленіп,
Ауыз үйге шыққанында етсе бұлғақ, – дейді [3,18]».

«Арманына қанат қақтырып, өзіне тең түсетін жар іздеген Сегіз Омбы қаласының түбінде тұратын Ахметқали деген ауқатты кісінің Мүкәрама атты қызына кездеседі. Ол осы бір аруды көргеннен-ақ Қызылжарда оқып жүргенде шығарған өлеңінде сипатталған сұлудың бейнесін таныңандай болады. Ақыры, Мүкәрамаға ғашық болып, оған өзінің ішкі сырын білдіру үшін «Арман» атты өлеңін біресе әнге қосып, біресе тақпақтап айтып жүреді» [3,19]. Бірақ, қыз әкесі Ахметқалидың қарсылығына ұшыраған жас ғашықтардың бір-біріне өмірлік жар болуға жолы кесіліп, Сегіз: «Көркем қыз шақырған соң жуықтайын, Басқаны неге саған жуытайын. Өзіңе ықыласым ауғаннан соң, Қалайша, Мүкәш, сені ұмытайын», – деп «Арман» әніне лайық деп іздеп тапқан Мүкарамасына қол жетпесіне көзі жетіп, көңілі налып, сергелдеңге түскен жас жүрегінің арманын «Назқоңыр» туындысымен өрнектейді.

Сегіздің бұдан кейінгі сезімін қозғаған Ақбет атты аруға арналған «Ақбет», «Қыз келбеті», «Ойлан, Ақбет», «Қош бол, Ақбет» атты шығармалары ақын репеутуарына орнығады. Ақбет ару ақынға көңілі құлағанымен, екеуінің жолы екі айрыққа түсіп: «Жапан түзге бәйтерек егіледі,

Жапырағы жел соқса төгіледі. Аулың алыс қалған соң, беу, Ақбетжан, Қабырғам сынбаса да, сөгіледі, – деп, ғашықтық дерті жамалған жас ақын көңілі құлазып, махаббатының мәңгі ескерткішіндей аяулы әндерін шығарады.

Сегіз серінің осыдан кейінгі ғашықтық жырларының мазмұнында өзінің отарлау саясатын ұстанған жазалаушы жасаққа сардар болмай бас тартып, патшаға қызмет етпей қашқын болған кезеңдері көрініс беріп отырады. Кезінде Омбыдағы Азиялық мектепте білім алған Сегіздің соғыс ісіне өте шебер екендігін жақсы білетін генерал Горчаковтың ұсынысына келіспегендіктен кейінгі өмірі қуғын-сүргінмен өтеді. Бірақ қашқын өмірдің ащы сыбағалы тұстары да ақын шабытына тұсау бола алмайды. Бір ғажабы, ақын алғашқы албырт сезіміне ерік беріп, өзіне іңкәр еткен Омбыда қалған Мүкәрәма сұлуды еш уақытта есінен шығармаған. Өзіне кездескен сұлулардың бойынан ұқсастық іздеп отырған. Кейін жазған «Ақ еркесі» де осы ғашығын жиі есіне алған сағынышынан туған ән екен. Мүкарамаға деген өшпес сезімі «Қашқын келбеті», «Кісем сұлу» шығармаларында да көрініс береді.

Ысық елінде өзін қадірлі қонақ еткен Истай Таймановпен үзеңгілес жүрген қарт сардар Қалдыбайдың сұлу қызы Ғайнижамалға ғашық болған Сегіз серінің атақты «Ғайни» әні осы жерде туады. Ғашықтық жүрегін жаулап алған ақын сол жерде бір әннің сөзін сан құбылта шырқайды. «Қыз сипаты» мен «Ғайни» әнінің екі нұсқасы осылайша ел аузына тарап кетеді.

Жалғанда естен кетпес Ғайни атың,
Өртеген өзегімді перизатым.
Көркіңді бір көруге аңсап келген,
Ақыны Сарыарқаның Сегіз атым –

деп ән арнаған ақын сұлу қыздан жауап ала алмай отырып «Құрбыма» деген өлеңін де осы жолы шығарған екен. Өзіне деген ғашық халін ұғынған Ғайни сұлу сері жігіттің тілегін қабыл алып, жастар келесі жылы бас қоспақ боп уәделесіп, Сегіз жолдастарымен сапарға аттанып кетеді.

Бірақ уәделі күні қосылмаққа серттескен сүйген серісін күтіп жүрген ару патша үкіметінің ел арасына шыққан жазалау жасағы халықтың жылқысы мен түйесін зорлықпен жинап, күшпен айдап бара жерінен қарсылық көрсеткені үшін оққа ұшып, қазаға ұшырайды. Жарым деп жанына балап жүрген жанның қазасы серіні ауыр қайғыға салып, «Ғайни» атты күйді шығарады.

Уәде етіп серттесіп, қол алысқан ару Ғайнидың өмірден өтуі де сері үшін оңайға тимейді. Сергелдең күйде, өзі қашқын кебін киген жігіт сапар бағытында Тілеуқабақ байдың Патшайым, Қаншайым есімді сұлу қыздары барын естіп, көруге, тілдесуге құмартып арнайы барады. Барған кезінде Патшайымды жолықтырып, Сегіздің сезіміне қозғау салып, айдай сұлу көркіне ақыл-парасаты жарасқан аруға арнаған «Патшайым», «Қара көз» әндері осы сәттерде туады. Бірақ Патшайым да серінің өмірлік серігі болуына уәдесі берік болғанымен, жас сұлуға сұм ажал тұзағын тым ерте құрып, Сегіз серіге қайғы жамай түседі.

Серінің бұдан әрі жалғасқан сапарында кездесіп, өзін мейман етіп төріне шығарған Қабыл деген бидің Айжамал есімді сұлу қызы да ақынның көзіне түсіп, «Әйкен-ай» әнін шығартады. Өзі қашқын, қонатынын сай білгеннің кебін киіп жүрген абзал ер бұл жолы да Айжамал сұлуға еншілеген аяулы әнін ескерткішке қалдырып, ілгері кетеді. Көңілі кеткен сүйгендеріне қолы жетпеген шерлі ақын бір жерге тұрақтай алмай, ел аралай береді. Оның үстіне патша үкіметінен шен-шекпен дәметкен жалбақайлардың Сегіз серіні ұстап беруге жасап жатқан әрекеттері де жанашыр жандар арқылы құлағына жетіп отырады. Сыр өңірінің шешені Бақтиярдың сұлу қызы бар дегенді құлағы шалған сері жігіт сол жаққа жетпек болып құмартады. Табиғаты сұлулықты қалаған жаны да, ажары да әсем Сегіз серінің Мақпалды көрсем деп ынтыққан көңілі алдамаған екен. «Ажары атқан таңдай, бота көз, қыр мұрында, ақша маңдай» әрі әнші, әрі шешен, әрі ақылды аруды көргенде жүрегіндегі сезім қайта бой көтереді. «Бір күні көршілес ауылда болатын келін түсіру тойына Сегіз және оның серіктерін шақырып, ән салғызып, күй тартқызады. Баһрамұлы сонда Мақпалмен кездесіп, онымен бірге алтыбақан теуіп, талшыбықтай бұралған сұлу қызбен көзімен ғана тіл қатысады. Осы жолы Сегіз сымбатты арудың сұлу көркіне тәнті болса да, оған ғашықтығын білдіріп сөз айтпайды. Себебі, ол алғашқы сүйген жары Мүкараманы көзіне елестетіп, Мақпалға деген ыстық сезімін тежеуге тырысқан. Бірақ ақындық, әншілік, күйшілік арынына тән мінезі еркіне қоймай, Сырдың аруына ынтықтыра түскен. Сондай бір сәтте

Мақпалдың қасындағы Раушан, Құсни есімді серіктерімен салтанатты түрде серуенге шығып бара жатқанын көрген сері «Гауһар тас» әнін шығарып айтады. Осы әнде Сегіз сері Мақпалды қасындағы Құсни, Раушан есімді қыздарды гауһар тасқа теңеген болса керек. Оған әннің қайырмасында ерекше сипат беріп: Бау-бау, Гауһар тас,Құсни, құрдас Раушан, – үшеуіңді көргенде, Сәулем-ау, сабырым қалмас» [3,62], - ақылына көркі сай үш арудың келбетін әнге қосады. Өлең жолдарындағы «құрдас» Мақпалға арнап айтылғаны. Ақын сезіміне қозғау салып, жүрегін тербеп, тастың асылы, қымбаты гауһарға теңеген аруларға арнаған осы әдемі әні тамаша сұлу сазбен орындалып жүр. Сегіз серінің Мақпал сұлуға ынтық көңілінен туған әсем әндері жөнінде замандасы әрі досы болған Шынияз ақынның «Мақпал-Сегіз» аталатын дастанында, Өске ақында да (осы атпен «Мақпал-Сегіз» дастаны бар) айрықша атаса, өзі де серілік құрып, ән салған, сөз төркінін түсініп, киесін ұққан Жаяу Мұса «Ер Сегіз» өлеңінде:

Сүйсінді жұрт Сегіз сері әнін тыңдап,
Ақынның «Мақпал» әнін көп ел құндап... –

деп, Сегіз талантына бас иіп, «Мақпал» әнінің ерекше әсері жөнінде тоқталады.

Нұржан Наушабайұлы да «Сегіз сері» дастанында:

Ер Сегіз сал-сері ерткен түзеп сәнін,
Әр елдің салдық құрып татты дәмін.
Найманда Бақтиярдың қызына арнап,
Шығарған жүз елу ауыз «Мақпал әнін» –

деп, Мақпал сұлуға арналған әнінің бір өзі ғана Сегіздің өзгеден бөлек әнші-ақын екенін жырға қосады. Бірақ сұм ажал созған құрық Мақпал сұлуға да ілініп, Сегіз серіні ғашық еткен көркем қыз да қапыда жау оғынан жараланып, о дүниелік болады.

Бүгінгі күнге Сегіз серінің ғашық болып, қолы жетпеген сүйген қыздарына арнаған әндері: Патшайымға «Патшайым», Мақпалға «Гауһартас», Қарғаш қызға «Қарғаш». Шолпан сұлуға «Шолпан», жұбайы Ырысбикеге «Ақ бидай», «Ырысбике» әндері жетті. Күні бүгінге дейін жез таңдай, күміс көмей әншілер реперуарынан тұрақты орын алған аталмыш шығармалар – Сегіз серінің қай әні де сөзіне сазы сай тамаша туындылар болғандығының дәлелі.

Сегіз әншілік-ақындық, балуандық өнеріне қоса керемет сыншы да болғандығы жөнінде Т.Сүлейменов «Сегіз сері» еңбегінде көрініс береді.

Автор аталмыш еңбегінде Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантайдың есімін Сегіз серінің қойғаны туралы тарихи деректі келтіреді: «Жас сәбиге ат қойғызу дәстүрі бойынша Сәтбайдың келіншегі Күнсұлу құндақтаулы баласын көтеріп, күміс қақталған ер-тоқым ерттелген көк шұбар жорғаны жетектеген қалпында Сегізге сәлем етеді. Өзін сыйлап, ілтипат көрсеткені үшін сері жас келіншекке алғыс айтып баланы қолына алады. Сол сәтте Сәтбай одан ұлына ат қойып тілек тілеуін өтінеді» [214 б].

Сегіз сері жас сәбиге:
Дәрежесі бейне хан
Ер боп өссін балақан.
Ат қой десең балаға
Есімі болсын Иманжан

Жігіт болсын өнерлі
Ел-жұртына беделді
Қамқоры болсын халқының
Ақылға дихан кемелді –

деп, батыр, дана, данышпан тұлғалардай болуын қалап, сәбиге талапты да талантты ғұмыр тілейді. «Кейін батыр, әнші-ақын Сегіз Бахрамұлының айтқаны келіп, Иманжан (Имантай) беделді адам болыпты. Осы Имантайдың ұлы Қаныш біздің заманымызда белгілі ғалым болғаны мәлім. Имантайдың өз тұсында елінің сыйлы адамдарының қатарына қосылғанын Сегіз өз көзімен көре алмайды Бірақ Бахрамұлы өзінің сыншылық қабілетімен Сәтбай ұрпағының бақыт иесі болатынын алдын ала білген деп ойлаймыз» [215], - деген автор тұжырымының қазба байлықты ел игілігіне жарату жолында бар қайрат-жігерін жұмсап, ақылын білімге ұластырған «ақылға дихан кемелді»

дарынды ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесі қазіргі таңда ғылымның сара жетістіктері болып саналғаны белгілі.

Сондай-ақ, қазақтың маңдайына біткен жарқыраған жұлдызы, аяулы перзенті, ғалым Шоқан Уәлихановтың да ұлт үшін ұлы істер тындырар тұлға болатындығына бата берген тұсы: «Сегіз Шыңғыстың үйінде мейман болып жатқанда, оның келіншегі Зейнеп тұңғыш баласына жас босанып, ұл тапқан еді. Әйелінің қиналмай аман-есен босанғанына, оның үстіне алғашқы нәрестенің ұл болғанына қатты қуанған Шыңғыс елін жиып, шілдехана тойын жасағанда. Жас сәбиін Сегіздің шын атымен Мұхамедқанапия деп атаған. Сегіз келгенде баласының тууын ырымдаған Шыңғыс: «Ұлым өскенде осы Сегіздей жігіттің гүлі болар ма екен» – деп ойлап, Мұхамедқанапия деген есімді қазақтың болашақ ғалымына қойған екен» [93], - деп баяндалады.

«Сегіз он жеті жасында қазіргі Қостанай облысының "Құсмұрын" деген жерін қоныс етіп отырған аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың ауылына қыдырып келеді. Серінің жан-жақты өнерін тамашалаған Шыңғыс дүниеге жаңа келген сәбиіне соған ұқсап өсер ме екен деген тілеумен Мүхамедқанапия деп азан шақыртып ат қояды. Шоқанның шілдехана тойын арнайы шақырылған Сегіз сері бастады деген дерек бар». (Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

Сегіз серінің қазақ балалар әдебиетінің атасы саналатын, қазақ даласына білім шырағын жаққан тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсаринге ауған ықыласы тарихи-ғұмырнамалық хикаятта былайша өріледі: «1953 жылы жазда ел жайлауда отырған шақта Сегіз сал-серілік құрып, Балғожа Жаңбыршыұлының аулына келеді. Балғожа оны жігіттерімен жақсы қарсы алып, бірнеше күн мейман етеді. Серінің әні мен күйлерін, қисса-дастандарын тыңдау үшін Қыпшақ елінің біраз адамы жиылып әңгіме-дүкен құрады. Мәжіліс үстінде Балғожа он екі жасар Ыбырай есімді немересін нұсқап: - Батыр, осы ұлым туралы не айтасыз? – деп Сегізге тілек-сұрақ қояды» [236]. Сонда сері «Балғожаға» деген өлеңін шығарып, Ыбырайдың болашағы зор, талапты жас екендігіне үлкен сеніммен:

Балжеке, жақсы ағасыз, жасың үлкен,
Ауызға келген сөзді несіне іркем
Ыбырайжан бұл отырған бұбұл құсың,
Болады халық ардағы, іске икем.
Біріндей осы ұлың күн мен айдың,
Сырына қанық болар әрбір жайдың,
Тіл-көз бен сұқ сөздерден есен болсын.
Асады қатарынан Ыбырайың [237], –

деген екен. Ыбырай Алтынсарин сол Сегіз серінің арманын жалғап, елінен қараңғылық пердесін түріп, ең алғаш қазақ даласында балаларды сауаттандыруға бел шеше кіріскен, «Қазақ хрестоматиясын» жазған айтулы тұлға болғандығы белгілі.

Қазақ әдебиетінің ғана емес, мәдениетінде, өнерінде, елі азаттығы үшін күрескен батырлығымен тарихында аты қалған халқымыздың асыл ұлы Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақовтың тағлымды өмір жолдары мен шығармашылығы арқау етілген көркем туындылардағы өнерпаз тұлғасы даралығымен ерекшеленген. Сегіз сері бейнесі проза саласында болсын, поэзия жанрында болсын өмірінен алынған деректермен байланыса өрнектелгені жоғарыда сөз болған шығармалар дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадыр Мырзаәли. Еңіреп өткен ерлер-ай. (өлең-тарих, өлең-портреттер).-Алматы, «Арыс» баспасы,2001.-112 бет.

2. Әлкей Марғұлан. Қазақтың сал-серілік дәстүрі. – Алматы: Өнер, 1981. – 270 б.

3. Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991. – 270 б.

ӘОЖ 82-131

СИМВОЛДЫҚ ТЕОРИЯЛАР ЖӘНЕ С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ АРҒЫҚАЗАҚТЫҚ СИМВОЛДАР ЖҮЙЕСІ

Ұзақбаев.Н., студент,
Ғылыми жетекші: Алтыбаева Г.Қ,.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада С.Қондыбай мұраларындағы мифтік танымдық түсініктер, мифологемалардың символдық негіздері тілтанымдық тұрғыдан мәлімделеді. Осы орайда мифологемалардағы символдық мағыналардың қалыптасуына әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың негізінде құнды рухани қазына мәтіндердің мифтік мазмұнын қысқа да нұсқа түрінде жеткізетін тілдік құралдардың бірі – мифтік символдар екені, когнитивті-сакральдық модельдер ретіндегі мифологемалардың символдық мәні тілдік деректер арқылы анықталды. .

Түйінді сөздер: Миф, мифтік таным, когнитивті-сакральдық модельдер, ежелгі дүниетаным, мифология, мифологема, мифологиялық мектептер, экстралингвистикалық факторлар, әлемдік мифология.

Тілдің мән-мағынасын жан-жақты танып, сөздің әріде жатқан терең мазмұнын ашу тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметімен шектелмей, пайда болу тарихына, өзгеруінің күрделі кезеңдеріне тереңірек үңіле түсуді қажет етеді. Осы бағытта жазылған С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» төрт томдық зерттеу еңбегін қазақ тіл білімі үшін (жалпы Қазақстан ғылымы үшін де) маңызы мен болашағы зор «энциклопедиялық трактат» деп танып, негізгі бағыт ретінде қарастыруға болады. Бұл тектес ғылыми талдаулар қазақ тіл біліміндегі жаттанды, қалыптасқан нәрселерді сөз етуден арылтып, тілтанымның ғылымдар тоғысындағы ортақ парадигмалық деңгейге қадам басуына игілікті ықпал ететіні сөзсіз..

Серікбол Қондыбай – халықтық белгілер мен символдарды түгендеуші, салт-дәстүрді сақтаушы – халықтың шырақшысы, асыл мұраны айқын комментарий арқылы санаға мықтап сіңіруші. Ес, ақыл, санаға қажет рухани құндылықтарды көркемдік ойлау жүйесіне нұқсан келтірмей, ассоциативті образдар арқылы оқырманға ұсынушы үлкен ғалым дәрежесіне көтерілуі зерттеушінің анық бағы. Өйткені ол бір қазақты қойып, жалпы түркітектес елдердің еуразиялық жадына үңіледі. Бұл инемен құдық қазғандай құнтты әм құдіретті дүние.

Өмір жасы төрт ондыққа толмай дүниеден ерте өткен Серікбол Қоңдыбай артына ізгілікті, әлемдік үйлесімнің ғарыштық моделін, Жаратушы Иенің құдіретін танытатын символдық нышандар жұмбағының шешуін қалдырып кетті. Сондай құдайшыл зерде үшін ол фольклор, мифология, тарих, әдебиет, география, тіл білімі – лингвистика, мәдениеттану тәрізді ғылым салаларын терең зерттеді. Ал бір ғана қазақ және әлемдік фольклордың қаншалық қисапсыз мол, қабырғалы екенін ескерсек, ендеше бейнетқорлық пен елгезектік, кемелдікке ұмтылуға құштарлық адамзаттың жаратылысындағы ең бір қайырлы аллашыл сипат болып шықпағына көзіміз жете түседі.

Аллегория, метафора адам танымының тереңдеуімен байланысты болса, мифтік таным ең алғашқы таным баспалдағы. Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан гөрі одан да белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егер ол дүние тіпті танып-білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – мифтің өзіне тән ерекшелігі. Миф арқылы символға келудің негізін К.Леви-Стросс қалаған. Ол символды символдық-логикалық мағынаға ие парадигматикалық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырды. Мифология әмбебап образдар мен идеяларды белгілеу үшін қолданылатын семиотикалық кодтың бірі ретінде танылады. Миф пен символ ара қатынасын Э.Кассирер де қарастырған. Ол мифті адам әрекетінің маңызды символикалық формасы ретінде таниды. А.Ф.Лосев символ мен мифтің арақатынасы турасында: «Кез келген мифте символ бар, бірақ кез келген символда миф жоқ. Мифте шексіз түрлілік

шартындағы қоршаған әлемге қатысты әрекеттер мен әрекетсіздіктер моделі жатыр. Бірақ символға келгенде олай айта алмаймыз, өйткені символдық модель міндетті түрде шексіз өмірлік мүмкіндіктерге толы тірі құбылыстарды тудырмайды» дейді.

Ю.М.Лотман, Б.М.Успенский, А.Белый символ мен мифтің арақатысы туралы айта келе, мифті символды түсінудегі метатіл деп есептейді. А.А.Потебняның айтуынша, мифтік негіздегі символдар тіл мен ойлау нәтижесі бола отырып, ойкуменді әр түрлі семантикалық трансформацияда моделдейді. Әлемнің мифтік моделі барынша динамикалық құрылымға ие, символдық модель мейлінше тұрақты. Ол оқиғаның дамуын, өзгеруін көрсетпейді. Мифтің құрылымын предикат ретінде, символ құрылымын предикаттың номинациясы атауы ретінде тануға болады: миф хабарлай отырып, елестеді, символ хабарлай отырып, атайды. Дегенмен, екеуі де «шындықты» «шынайы түсінікті» меңгеруге жол ашпайды, әрқашан белгісіздік мәні санасыздық деңгейінде қалып қояды.

Символ мен миф әлем моделін танытады. Ал миф негізінде қалыптасқан символды онсыз түсіндіру барынша күрделі. Символ өзінен басқа бір дүниеге сілтеу жасаса, белгісіз қалыпта қалса, миф құпия ғаламды түсіндіруге тырысады. Миф белгілі бір уақыт пен кеңістікке тәуелсіз. Сонымен, миф символдың архетиптік табиғатын құрайды. Миф әлем жөнінде хабар береді, ал символ оны атайды.

Негізгі элементтері таңдау, ассоциация, салыстыру, көбіне бір-біріне ұқсамайтын құбылыстарды жақындастыру т.б. әдіс-тәсілдерден тұратын символизацияның твор-честволық қызметі гносеологиялық тұрғыдан танымның қоғамдық-тарихи табиғатына, ал онтологиялық тұрғыдан дүниенің материялық бірлігіне негізделеді. Әдетте, символдық ұғым кең мағынада белгілі бір мазмұнды басқаша (таңбалық) формада бейнелеу деп түсініледі. Бұл орайда ол кодирование процесімен сәйкес келеді. Ал тар мағынадағы символдық мән дегеніміз жалпыланған мәнді, дерексіз (абстрактілі) мазмұнды көрнекті модель, сезімдік бейне арқылы беру. Сөйтіп, ол негізінен, танымның "Ішкі тетіктерін", яғни эвристикалық қырларын (қиял, интуиция т.б.) сипаттайды.

Дүниенің, шексіз ғаламның кескінін, мөлшерін, оның барлық қыр-сырын адам баласы тек қана символдардың көмегімен біліп, тани алады. Мифологиялық таным да символдардың жүйесінен тұрады. Реалдылықтың деңгейлері көп, мұндай деңгейлер жалпы алғанда, кез келген табиғи жөн-жосықтан бастап, сатылай келе абсолюттік шындыққа дейін барады... Символдың нағыз болмысы да осы деңгейлерді біріктіретін сәйкестік болып саналады. Осы арқылы табиғаттың шынайы мән-мағыналарының метафизикалық ақиқатын түйсінуге, сезінуге итермелейтін көрсеткіш деп караған жағдайда ғана айқын көре аламыз. Сонда біз іс жүзінде қарапайым нәрселерден бастап, метафизикалық ақиқатқа дейінгінің бәрін символдай аламыз.

Символдардың барлық түрінің (геометриялық, таңбалық, сөздік, сандық, кескіндік-бейнелік т.б.), яғни олардың барынша қоспасыз түрінен бастап әбден қарабайырланған түріне дейінгі өзгерістерінің жиынтығы, жүйесі мифологияда сақталған. Символ өзі символдап отырған затынан (нысанынан) міндетті түрде төмен тұрады, яғни кез-келген зат немесе нөрсе барынша жоғарырақ тұрған реалдылықтың көрсеткіші ретінде осы шынайылықты символдай алады. Төменгі жоғарғыны символдай алса да, жоғарғы ешқашан төменгіні символдай алмайды.

Сондықтан да орыс символизімінің негізін салушы А.Белый шығармашылық теориясы мен символизм теориясын тығыз байланысты деп санайды. Символдар шетсіз-шексіз алып дүниеге форма береді, адамның ақылы, пайымы жетпейтін әлемге аяқ басуға құрал болады. "Символ менің санамның ең түкпірінде, санасыз аумақта тұнып жатқан тілсіз, көз жетпейтін дүниені менің жеке болмысымнан тыс жатқан тілсіз, ақылға сыймайтын екінші бір дүниемен байланыстырады. Ғалымның пікірінше, адамның жан дүниесін, көңіл-күйлерін бейнелеу құралдарының тәжірибесі көркемдік символ туғызады. Нақты айтқанда, өздің сыртқы яғни сезім арқылы қабылданатын, көзге, көрінетін немесе құлаққа естілетін материясы идея-символда және символ арқылы іске асады. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: "Сөз - символ, ол мен үшін беймәлім екі мәнді жалғастырып, тұтастырып тұр. Олар: көзім жетіп көре алатын кеңістік пен ішкі сезімнің күңгірт естілген жаңғырығы (онымен шартты түрде уақыт деп атаймын".

Архетиптік образдар (әлдебір шексіз ұланғайыр, алып дүниені тиянақтаған, жинақтаған праформалар) адамзатқа өмір бойы ілесіп келеді. Мифология дін, өнер архетилтердің өзін өндеп, символдарға айналдырып, формасы жағынан жетілдіріп, әсемдікке жеткізген. Мазмұны жағынан жалпыға бірдей болған мифология - архетиптік образдарды өңдеудің бастапқы тәсілі. Үйлесім мен жарасымдық адам баласында магия, ритуал мифтердің көмегімен жүзеге асып отырды. Терең түкпірде жатқан бүкіл адамзаттық мазмұнды бойына жинақтап оны адам санасына жүйемен жеткізетін бұл ілімнің саласын тілмен сабақтастықта қарау өте маңызды.

Серікбол Қондыбай өз еңбектерінде терең талдап, түркілік әлемтанудың жаңа тірек нүктесі ретінде тұжырымдаған мифтану төмендегідей басты символдар жүйесі негізінде: «Күн» таңбадан бастау алатын символ мағынасын ұғыну, әлемдік тілдердің шығу тегінің бірлігіне түсінік беретін сөз түбірінің [ң-ŋ-ng] дыбыстық праформасы, жаратылыс тұтастығының көресіні мен көрілмесін толық қамтитын НүКТе [NKT–НКТ] ұғымы сияқты танымның түпкі негізіндеріне құрылған. Назарларыңызға ұсынылып отырған ойтолғау, қазақы дүниетанымның әлемдік миф жүйесіндегі ежелден қалыптасқан соқпақтары туралы.

1. “Күн” таңба –жеке адам санасындағы көзқарасты көпшілікке ұғымтал ортақ символмен бейнелеудің түркі текті архетипі, қазақ даласының әр қойнауында тасқа қашалған, жер бетінің қай түкпірінде кездессе де, тілі мен дініне тәуелсіз баршаға түсінікті бас таңба, таңбалардың “Ноқта ағасы”. Ол жеткізетін ұғым біреу – күн нұры (жарық, энергия, сәуле, жылы леп, от орны және отбасының ыстық ошағы). Нобель сыйлығының иегері даниялық физик Нильс Хенрик Дэвид Бордың күн таңбаны бүкіл Жаратылыстың ең шағын материя түзуші кірпіші сутегі элементінің атомын бейнелеуге алуы да, кейін барша ғұламалардың осы сызбаны ғаламның моделі деп тануы да санаға мифтің қонуы. Үш жақты (ұғым, бейне және сөз) кеңістік өлшем тұтастығымен дараланатын, шеңбер немесе абақ түрінде бірдей қабылданатын Күн таңбаның түркілік атаулары: күн, көз, тостаған, шөміш, ожау, ошақ. (Қараңыз. Сурет 1).

Алхимия (кейінгі лат. alchemia, alchimia, alchymia – ерітіп құю) ғылымы түрлі материалдық әлемнің “алғашқы құрылымдық” тегі бір, сондықтан жезден таза алтын алуға болады деген пәлсапаны іске асыруға ұмтылып, өрлеп, өркендеп қазіргі химияның негізін қалаған кезеңде күн таңба - шеңбер түрінде алтынды (Au) бейнелесе, “кіріс тұтқалы шөміш түрінде мыс (Cu) элементін таңбалады. Ал, жанымызға етене мифтің тілдік нұсқасы қазақ ауыз әдебиетінде шежірешілер мен ақын-жыраулар мұрасында “таңба” тақырыбы әпсананың қызыл жібі, дәйегі ретінде әрдайым кең қолданылады. Мысалы Бегендікұлы Сүгір жырау:

“Жез” таңбалы Жетіру, Базарын көптің аңдаған.

“Аз” таңбалы алашта, Әлімге байтақ аға едің”,-дейді.

Бұл кездейсоқ сәйкестік емес. Жетіру бірлестігінің Табынында “Жез найзалы Жездібай” да, жездің таңбасы “Шөміш” те бар. Алаштың “Аса” таңбасы әлемге аян. Құлағымызға сіңісті “Азия” атауындағы “Аз” түбірінің “Ас” киесінің айтылу нұсқасы екендігі де көпке мәлім.



Сурет 1 – Күн таңбаның кеңістік көріністері

Осы ой қисынының келесі деңгейі - ғылым негіздері бойынша әлемдік жаратылыс тануда көресінді метафизикалық талдаудан бастап, білім қорын жинақтау құралы - жазу туралы. Түркілік ареалдағы таңбалар қоры мен саны, оның ішінде ру таңбалары да бар, әсіресе оғыз, ұйғыр, авеста т.с.с. жоқ болып кеткен әліпбилер саны - әлемдік әліпбилер мен жазу үдерісінің қалыптасуында олардың ықпалы аз болмағандығына меңзейді.

Қондыбай Серікбол ұсынған күн таңбаны таңбалардың ең ежелгісі деп танудың дұрыстығын, шеңбердің философиялық тұтастығынан, күн таңба негізіндегі алхимиялық, астрологиялық белгілеудің әлемде кең таралуынан байқауға болады. Күн жүйесіндегі алғашқы бес аспан денесі, яғни орналасу ретіне қарай Күн, Меркурий, Шолпан, Жер, Марс әртүрлі нұсқадағы "Күн" таңбамен белгіленген, (Қараңыз. Сурет 2). Күн жүйесін және Жер бесігімізді сыртқы ғарыш әсерінен қорғайтын оққағарлар - Уран (YII) мен Плутон да (XIX) күн таңбалы.



Сурет 2 – Күн жүйесіндегі денелердің орналасуы және таңбалануы

.

Бұл сәйкестік түркілік танымдағы күн энергиясынан қуат алып жаралғандығы туралы анызды ақиқат деп тану қажеттігін көрсетеді. Күн таңбалы денелердің орналасу тәртібінде де мән бар. Күн Жерді өз жалыны шарпымайтындай қашықтықтан жылытса, қарсы бетте "күнге көзін көлегейлеп" қарап тұрған Мүштәридің міндеті түнде Жерді мұз құрсандырмау. Әр планетаға бекітілген күн таңба нұсқасы да олардың тіршіліктің тал бесігі Жер бауырына қарым-қатынасын бейнелейді. Шолпан (аналық, сұлулық символы–айна), Марс (аталық, бел қуаты белгісі найза). Осы екі бастаманың ортасында (+) қосу амалының куәгері – Ай мен тіршілік отауы Жер жұбы орналасқан.

Жаратылыстың тынымсыз аласапыран қозғалыстағы бір тұтастығының белгісі, Серікболдың "Көрілмесі" мен "Көресіні" арасындағы күрес. Көресін дүние сору иірімі (конус) "аранына" (Сурет 1) жұтылып, сығылуы нәтижесінде Көрілмес нүктеге айналуы (қара құрдым), оған қарсы бағытта көрілмес нүкте – сутегі атомының термоядролық жарылыстар нәтижесінде алғашқы элементтер туғызып, одан қосылыстар құрап, дамуы арқылы көресін материяға айналуымен теңбе-теңдікте жүріп жатады. Ғарышты – "тарының қауызы", атомды "зәредей" деп, тірлікте өсіп, дамудың көрілмес "ұрықтан" басталып, оған қайта оралатындығын естен шығармай, әрдайым пенделік шүкіршілікке шақыратын халықтық мифтік таным осы. Ғаламдық дамуды Ұзақбай жырау: "Тамуғыдан бір Алла, Ащы гауһар жаратып. Жан-мақұлық ғаламның, Дүрепті содан ар жағың",– деп түйеді [38,488]. Тамуғы–тамұқ–қара түнек–қара құрдым болып көрілмеске кету және оның орнына гауһар–тамшы су–ұрық–жұмыртқа (дән)–мүше–ағза болып көрініске шығу жаратылыстың тұйық қозғалысының мәңгілігі, барша жанды мен жансыздың біріне бірі айналып отыратын қарсылығы мен бірлігі. Адамзаттың әрбір жеке ұрпағының ұлты, діні, діліне тәуелсіз пенделік ғұмырындағы ортақ тағдыры мен жұпты тұрмысының, бақытты өмір туралы байламы мен адамгершілік ізгілікке ұмтылысының тұтастығы да осы танымнан нәр алады.

2. Жетілуге құштар адамзат қоғамы жүйелі ақпарат алмасуға қардер. Дербес тұлғаның жеке ғұмырындағы жетістіктері, ол мүшесі болатын қоғамның дамуын қамтамасыз ететіндіктен жеке танымдық ой-сана өзгелерге жедел тіл арқылы берілсе, жалпы қоғамның жинақтаған тәжірибесі

жазу арқылы келешек ұрпақтарға табысталады. Ал, мәліметті жинау, сараптау, өңдеу, сақтау, тасымалдау тетігі, жазу-сызу бастауы НүКТе(таңба, ±, код).

Серікбол: "Ең қарапайым, сонымен бір мезгілдегі ең универсал және ең идеалды геометриялық символ – нүкте. "Нүкте" дегенде, ең алдымен ойымызға "Кіндік" (центр, орталық) идеясы келеді. Кіндік те – нүкте, тек бұл нүкте енді жалқы болып көрсетілмейді. Оның кіндіктігін сыйпаттаушы сыртқы тұрпаттар (сызық-сәуле, шеңбер) қажет болып шығады. Осылайша екі элементті (нүкте мен оны кіндік еткен шеңбер немесе нүкте мен одан тараған сәуле сызығы) бар таңба шығады. Нүкте (кіндік, орталық, центр) – бастау, барлық баршылықтың немесе ілкі себептің бастапқы нүктесі. Кіндіктің пішіні мен мөлшері жоқ, сондықтан ол бөлшектенбейтін нұрдың, ілкі Бірегейдің мүмкін боларлық кескіні болып табылады", дейді [39,1-35-36].

Осы тұрғыда, біздің тіліміздің тыс, бөгде кеңістікте пайда болған, жұмбақ қуатқа ие "НКТ" мифтік тіркесін тану – бұл сөз жоқ С.Қондыбай интуициясының айғағы.

«НКТ тұмарын түркілік "НүКТе" түрінде танып, мағынасын ашып, құпия сырын жария етуі мифтік құбылыс. Себебі Серікболдың тәні мен жан азабын елең қылмайтын ерік күші, өз денесі мен сезімін қалауынша билей алатындай тылсым қуаты, тағдыр тезіне текті жауабы, қайсар күресі, жеңісі - тәңірлік таным мен мифтік санаға Ие болғандығынан. Ойға алған мақсатына жету жолында Серікболдай шыдамдылық, күмәнсіз күрес, таймас талпыныс, пенделік қызықты мансұқтау мен өмірінің әрбір секундын дәл мөлшерлеп, жеріне жеткізе жұмсау мыңның, тіпті миллионның бірінің қолынан келмейтін аңыз, пенденің мифке айналу мүмкіндігінің өнегелі символы. Көк түркі ұлы Серікболдың мифке айналуы, әрқайсысы күніне "нүкте" деп мың қайталаған әлем жұртшылығынан өзгеше ой түйіп, ғалам портретінің жалғыз ғана нүктесін миф қанатына қондырып, көкке қайта шығаруы».

Ал, Серікболша түйсінуге талаптансақ, осы "НКТ" ұғымы (НүКТе, НоҚаТ, НоҚТа, НаҚТы, НыҚТа, аНыҚТа, аНыҚТау) ежелден дей түркілік түпкі таным, ол - жамағаттың көбейіп дамуын оның ру (ата) және таңба санымен өлшеу дағдысының жиынтық бейнесі: Мысалы: "Он сан Ормамбет", "Он екі ата Байұлы", "Он төрт ру Қоңырат"; "Мұсылманның баласы, Жүз жиырма бес таңбалы. Осы отырған көпшілік, Сол Әнестің аумағы" т.с.с. Қазақ шежіресіндегі арыс, тақта, бау, ата, тайпа болып өрілетін рулық бірлестіктер жетекшілерінің "ноқта аға" атануы да олардың даму сүрлеуінен адаспайтын, жол айырығында кесек байламымен айтыс-тартыстың соңғы нүктесін қоя алатындай, ноқтаны қолдан шығармайтын билік иесі екендігінен шығады.

3. Серікболдың символдық жүйесінің шыңы - жазу бастауындағы "Күн" таңбасы мен оның "НүКТе" атауын, және фонетикалық [ң-ŋ-ng]- дыбысын бастапқы сөз түбірін түзуші әлемдік праформа, яғни әріптік-әліпбилік ілкі бастама ретінде тап басып тануы. Бұл түркілік әлем тану тұжырымдамасының іргетасын бекемдеген ірі ғылыми жаңалық, бұдан әрі таңба мен тіл тарихын зерттеудің бағыт-бағдары, «сөз» төркінін тіларалық талдау, жазу мәдениеті қалыптасуы туралы догманы қайта қарап, жаңадан жүйелеу фундаменті ретінде ұсынылған мүлде жаңа парадигмалық тұғыр. Серікбол байламы: "[Ң] – тіл – дей-түркілердің (постгиперборейліктердің) ең ежелгі тілі"

"Күн" таңба түрлі халықтар санасында ұғымы мен бейнесі, мәні мен дыбысталуы баршаның санасына қонымды күйде сақталған архетип екендігіне мысал мол. Айталық, ежелгі корей әліпбиіндегі "ожау, шөміш" таңбаның да [ң] дыбысын беретіндігі (Қараңыз. Сурет 3), қытайдың ежелгі цанки жазуында да "Күн" таңбаның шеңбер және абақ нұсқасы қатар қайталанатындығы. Ал, қытай жазуы жапон жазуының негізіне алынған болатын.

Бұл ұқсастық "Алтай тілдері үш ірі туыстас: түркі, монғол, манчьжур-тұңғыс тіл топтарын біріктіретін макроұя, гипотетикалық одақ. Кейбір ғалымдар оған жапон және корей тілдерін де қосады" [41,41] - деген тұжырымның теріс еместігін көрсетеді.

Таңбалар бейнесі мен оны көргенде-ақ ойға оралатын ассоциация тұтастығы еуропалық руна мен қазақ ру таңбаларының этимологиясын да қайта қарауды қажет етеді. Себебі Батыс Қазақстан өңіріндегі, араб графикасымен жазылған эпитафия негізінде нақты анықталған ру таңбаларына [42,28, илл.1, 48]. еуропалық 24 таңбалы рунаның сегізі айна қатесіз сәйкес, яғни көрсеткіш 33,3%, қалған 16 рунаның жартысынан астамының элементтік құрамдастары ру таңбаларын қайталайды



Сурет 3 – ежелгі корей, қытай(жапон) жазуларындағы “Күн” таңба.

Біз мынау жалған дүниені тек символдар арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани аламыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы символ арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де символдар жүйесі.

Символ Р.Генонның сөзімен айтқанда өзі символдап отырған затынан міндетті түрде, әрқашанда төмен тұрады. Яғни біз Аллатағаланың, оның құдайы құдіретінің шын табиғаты мен қуатының қандай екенін біле алмаймыз, сондықтан оны символ арқылы ғана тұспалдауға мәжбүрміз. Егер Аллатағаланы символдау тек сөз символы арқылы ғана (Алла бірегей, Алла мәңгі, өзі тумаған және өзі тудырмайтын, оған ұқсас ешкім жоқ) жүзеге асырылса, оның құдайы құдіретін кез келген символ арқылы көрсете аламыз. Бұл – айтар ой-қисындарымыздың, исламның дәстүрлі талап-шарттары ауқымынан шықпауына мүмкіндік береді.

Осылайша кез келген нәрсе немесе зат барынша жоғарырақ шынайылықтың көрсеткіші ретінде осы шынайылықты символдай алады. Мифтердің барлығы да олардың қандай деңгейдегі қарабайырлығына қарамастан, шынайылықты символдайды. Тек бұл жерде Генонның логикасы бойынша символ (миф) символдық шынайылықтың (ақиқаттың) бір-біріне қатыстылығының көресін және көрілмес түріндегі қатыстылық қана болып табылатындығын естен шығармауымыз керек. Төменгі жоғарғыны символдай алса да, жоғарғы ешқашан да төменгіні символдай алмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе: - Алматы; “Зерде”, 1999. – 304 бет.
2. Жыр – дария. Маңғыстау ақын жыраулары. Ақтау қаласы 1995 жыл. -595 бет.
3. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы, Бірінші -:- төртінші кітаптар, Алматы, "Дайк-Пресс" 2004.
4. Ақмырзаев М.М. С. Қондыбайдың мифологиялық символдар жүйесі –ұлттық таным темірқазығы. // Рух- Мирас, №2, 2005.
5. Ақбердиева Б.Қ. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе. Алматы: «Арыс» 2005.

ӘОЖ 82-131

ПУБЛИЦИСТИКАДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БЕРІЛІСІ

Жаңабергенова М., магистрант,
Ғылыми жетекші: А.Н. Отарова,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада жазушы Маршал Әбдіхалықовтың публицистикасының қоғамдық-саяси салмағы мен идеясын, тақырыптық сипатын қазіргі заман шындығымен байланыстыра, сабақтастыра отырып талданады. Мақалаларының қоғамдық-саяси мәні өткір, мейілінше өзекті екенін бүгінгі заманның талап-талғамы тұрғысынан бағаланған. Публицист шығармаларының жанрлық әр алуандылығын стильдік, тілдік тапқырлығы мен образ жасаудағы суреткерлік және шеберлік әдіс-тәсілдерін көркемдік ерекшелігі тұрғысында қарастырылады

Түйінді сөздер: көсемсөз, публицистика, мақала,очерк, шағын жанр, әдебиет, өнер мәселесі, көркемдік сипат, әлеуметтік пікір.

Баспасөз теориясында публицистика – өмірді зерттеудің, қоғамдағы болмыс-құбылыстарды бағалап-білудің, шығармашылықтың түрі болып есептеледі. Публицистика теориясына қазақ тілінде ең алғаш анықтама берген А. Байтұрсынов: “Көсемсөз күнделікті мәселе жайын сөйлейтін сөз болғандықтан күндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады. Көсемсөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, әлеуметті түзейді, теріс басшылық қылса әлеуметті адастырады. Солай болған соң көсемсөз жазып әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам болуға керек”, – дейді [1, 224 б.]. Шындығында, публицистика жанрының мүмкіндігі зор, өмірдің өзекті мәселелерін суреттеуге мейілінше қолайлы.

Ал, журналистика теориясын зерттеуші-ғалым Т. Ыдырысов: “Публицистика дегеніміз – жазушы мен журналистің әлеуметтік пікірін айтуы, күнделікті өмірге, әрқилы қоғамдық құбылысқа кемел талантпен үн қосуы, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа ертіп еліктіре білуі, қаламгердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді толғауы”, – деп ой қорытады [2,71б.].

Қалай десек те, публицистиканың көптеген анықтамасы бар, өйткені кең мағыналы, аумақты бір ұғымға әркім әр түрлі пікір айтады. Публицистиканың өзі бізді қоршаған өмірден туады, оның нысанасы – сол өмірдің шындығы, өз дәуірінің алға тартып отырған өзекті, нақты мәселелерін шешуге, соған атсалысуға тырысады. Ол өзінің осы міндетін ойдағыдай атқару үшін оперативті болуға тиіс. Ұтқырлық, жеделдік – публицистиканың басты ерекшеліктерінің бірі.

Ә. Нұршайықов “Жазушы мен журналистің арасы жақын. Дегенмен, жақсы жазушының бәрі журналист бола алмайды. Бұрын газетте істемеген жазушының қолынан газет шығару келе бермейді, өйткені оның шапшаңдығы мен ықшамдылығы, тек журналистке ғана тән көнбістігі жетіспейді [3, 7б.], – деген пікір айтады.

Осы орайда М. Әбдіхалықовты әдебиетке әкелген журналистика дейміз. Оның барлық ой - мақсатынан өрбіген сол кезеңдегі көсемсөз туындылары дәуір тынысын, заман келбетін, қоғам бағытын жедел көрсетіп отыруға бағытталды. М. Әбдіхалықовтың кәсіби журналистке тән жанр табиғатын меңгеруі, оны игеріп, баспасөз бетінде жиі көрінуі шығармашылық мүмкіндігінің мол екендігін танытады.

Алпысыншы-жетпісінші жылдардағы ел өмірінде, туған мекені – Маңғыстау өңірінде болып жатқан өзгерістер, өндіріс орындары, мұнай-газ кен орындарының ашылуы, халықтың тұрмыс - тіршілігі, салт-санасы, арман-мақсаты, ерен еңбегі М. Әбдіхалықов қаламынан тыс қалған жоқ. Оның публицистикалық еңбектерін зерттеп, зерделегенде заманның алға қойған өзекті мәселелерін қалай білгендігі көрінеді. Публицистикалық мақала, очерктерінде негізгі көтерілген мәселелер – ауыл адамдарының тұрмысы, мәдени өмірі, балықшы, мұнайшылар, зиялы қауымның т.б.өмір жолы, еңбек ырғағы. Қаламгер публицистикалық шығармаларында жаңа тақырыпты игеру жолында алғашқы барлау, іздену әрекеттерімен қоса, өндіріс сырына қаныға түсу, өз кейіпкерлерімен жақынырақ араласу, дамылсыз еңбектену нәтижелерін көрсетті. Публицистің осы тұстағы жазбагерлік мұраларын жинақтап, топтастырып, тақырыптық жағынан жүйелер болсақ, публицист шығармаларында әсіресе өндіріс проблемасы, өндіріс саласындағы еңбек адамдарының тыныс-тіршілігі дараланып көрінеді.

“Публицистикалық мақала, – дейді Т. Амандосов, – қоғамдық және әлеуметтік мәні бар заман сезімін, заман лебін, оның тек бүгінгісін ғана емес, оның өткенін де жете баяндаумен бірге келешегіне көз жібереді. Публицистикалық мақала – бүгінгі күннің күрделі әлеуметтік мәселелерін қозғайтын, дәуірдің негізгі міндеттерін көтеріңкі үнмен, көркем тілмен жарқын

баяндайтын шығарма” [4, 122 б.]. Заман тарихын жазу дегеннің өзі – сол тарихты жасаушы адамдар туралы жазу деген сөз. М. Әбдіхалықовтың публицистикалық мақалаларына тән жағдай – уақыт, заман туралы толғану, оның сыр-сипатын тереңірек ашып, мән-мазмұнымен оқырманды таныстыру. Еліміздің өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет, өнер саласындағы қол жеткен табыстарын нақты мысалдар, фактілермен дәлелдеп, маңызды ой қорытындысын жасайды.

Жазушының “Маңғыстаудың тасы алтын, суы салқын” атты мақаласындағы көтерген мәселесі – қоғамның ең негізгі, қымбат қазынасы – адам, адамның денсаулығы. “Бұрынғы заманда ит байласа тұрғысыз қу мекиен бұл күнде мұнай, газ, химия өнеркәсібінің өлкесі болды. Ал, тас? Тас шынында да алтын есебінде саналады. Маңғыстау тасын бүкіл елімізге ғана емес, шет елдерде де кең пайдаланады...,” – деп жер асты байлығын игерудегі еңбек адамдарының қатыгез табиғат жағдайында ерлікке пара-пар тірліктерін сүйсіне баяндай келе, “суы салқын” сөзінің неліктен айтылған жайына тоқталады. Маңғыстау жерінде ерте кезден белгілі болған табиғи балшығының қасиеті мен жерасты шипалы су көздерінің емдік сипатының өз дәрежесінде зерттеліп, қолға алынбай отырғанына, халық игілігіне толықтай айналмауына күйзелісін білдіреді. Малын бағып, мұнайын өндіріп, ел дәулетін молайтып жатқан адамдардың басты байлығы денсаулығына көңіл бөлу үшін шипалы су, балшықтардың халық игілігіне айналуы, сауықтыру демалыс орындарының ашылуы қажеттілігін жергілікті басшы органдарының, кәсіподақтар курорттарын басқару жөніндегі Қазақ республикалық советінің назарына ұсынады.

М. Әбдіхалықовты әдебиет пен өнер мәселесі үнемі толғандырып отырған. Оның әдебиетке қатысты ой-пікірлері көптеген сын мақалаларынан танылады. Қазақ әдебиетінің көрнекті ақын-жазушылары С. Жанғабылов (”Ғасыр сырласы”), Ж. Молдағалиев (”Өмірмен өзектес”), Т. Ахтанов (”Буырқанған сезім серпіні”), Р. Райымқұлов (”Шындықтан шырын алған”), С. Мұратбеков (”Өмірдің жарқын бояуы”), сыншы Б. Сахариев (“Сыншы мерейі”), орыс әдебиетінің көрнекті жазушылары А. Гайдар (”Бақыт– Гайдар девизі”), В. Панова (”Абзал сезімдер жыршысы”) шығармалары мен творчествосы туралы пікірін ортаға салып, шеберлік мәселелерін сөз етеді. Маңғыстау өлкесінде ғұмыр кешкен халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов туралы көлемі шағын болғанмен, өзіндік ғылыми бағыт ұстанған “Ғасыр сырласы” (1976ж) мақаласын жазды . Мақалада алғаш рет халық ақынымен жүздесу сәтін: ”Соғыстан кейінгі алғашқы Май мейрамы. Бұл тойға әдейілеп шақырылып, алыстан сонау Бозашыдан Форт-Шевченко қаласына ақын Сәттіғұл келіпті деген хабар лезде қалаға тарап кетті. Біз мектеп оқушысы, бала болсақ та Сәттіғұл атағын естуіміз бар. Түрлі салтанаттар өтетін қаланың орталық алаңы халыққа лық толы” деген жолдармен бастайды.Одан әрі ақынның халық жанына жақын тақырыптарды алып, дамыта жырлағандығын: “Нағыз ақын тағдыры халық тағдырымен ұштасып, елінің мұң- мұқтажы, тірлік тынысынан нәр алған кезде ғана биік шырқауға көтеріліп, шын азаматтық әуенге айналады...”, – деп ақын шеберлігінің қырларын, тақырып аясының кеңдігін аша түседі. Сондай-ақ, халқымыздың әдеби мұраларын жеткізудегі еңбектеріне: “Сәттіғұл Жанғабылов төл туындыларымен бірге өзінен бұрын өткен Абыл, Ақтан, Нұрым мен Қашаған жырларын бүгінгі ұрпаққа жеткізуші болды...Қазақ ССР Ғылым Академиясы қорында, жекелеген зерттеушілер қолында ақын жырлары баршылық” – екендігіне арнайы тоқталып өтеді. Әйтсе де ақын шығармаларына әлі де толық қамқорлық пен жанашырлық жасалмай, назардан тысқарылау қалып жатқанына қынжылады: ”Сәттіғұлдың революциядан бұрынғы жырлары көп сақталмаған. Жалпы тоқсан жас жасаған ақынның тірісінде ешқандай жинағы шықпай, тек өлгеннен кейін “Тоқсан толғау” кітабы жарық көрді. Бірақ бұл да ақын шығармаларын толық қамтымайды”. Мақалада жырау шығармашылығы туралы академик-жазушы С. Мұқановтың ой-пікірлерін келтіреді. Мақаладан қаламгердің орталықтан шалғай жатқан өлке әдебиетіне үлкен жанашырлық сезімін, зерттеушілік қырларын бағамдаймыз.

“Өмірдің жарқын бояуы” мақаласында Жастар сыйлығына ұсынылған С. Мұратбековтің “Ауыл оты” жинағындағы әңгімелердің өзіндік қырларына тоқталады. Жас прозаик Сайын әңгімелерінің ішіндегі ең бір ойлысы деп “Бәкеңнің құбылысын” бағалайтынын, кейбір сыншылардың Бәкеңді “діндар шал, сондықтан әңгіме Бәкеңнің діни сенімінен айрылуы жайында” деген пайымдауларына “Егер біз бұл пікірді мойындасақ, “Бәкеңнің құбылысын” атеистік тақырыпқа жатқызып, оның көркемдік маңызын, философиялық бағасын кеміткен болар едік.

Сондықтан әңгімедегі Бәкең – ауылдағы нағыз қазақ шалының типі. Бұл әңгіме ешқашан да өз жүрісінен жаңылмайтын өмірдің аршынды адымы жайлы” деп нақты шыншылдықпен ой қорытындысын жасаған. “Характер логикасы” мақаласынан оның әдеби сыншылық талантын, эстетикалық талғамын танимыз. Автор С. Жүнісовтің “Жапандағы жалғыз үй” романындағы характерлер жүйесі, бас қаһарманы Қарасайдың өзіндік іс- әрекеті, мінез- құлқы бар, сезімінен ой есебі бұрын бой көрсететін, айтқанынан түйгені көп қытымыр жан ретінде кездейсоқ кейіпкер болмай, әлеуметтік мәні бар типтік бейне екендігін аша білген. Осы мақалада Р. Тоқтаровтың “Бақыт” романындағы Халел, Қайыр бейнелерінің біршама шынайы сомдалғанын айта келіп, Анар бейнесінің ашылмай қалу сыры, характер есебінде көрінбеуіне: “...Характер логикасын тану – өмірді дұрыс тану. Себебі, характер дегеніміз – жазушы ойының көрінісі...Егер кейіпкерлер ұсақ жандар болып, сүреңсіз ұсақ айтыстар төңірегінде көрінсе, онда автордың ой түсінігі де сол деңгейден аспағаны. Қағаз бетіндегі қаһарман ешқашан да автордың өзінен ақылды болмайды” деген сыни көзқарасын білдіреді.

Қаламгер не туралы жазса да өз ұлтының, халқының мақсат-мүддесін ойлай отырып, соның жақсылығына сүйсініп, жамандығына күйініп қалам тербейді. Халқымыздың өнерпаздығы, рухани асыл мұралары жөнінде шығармашылық шабытпен жазады.

“Маңғыстау – күй түбегі” мақаласы іштей “Реніш пен қуаныштар”, “Зерттеушілер жол тартса”, “Арал мектебі” атты тақырыпшаларға бөлінген, зерттеу өрісіне жол ашқан мақала. Мақалада Маңғыстау күйші-домбырашылары, әнші-жыршыларының құлашы кең тақырып екендігі, сонау Абылдан бастап, бүгінгі шаршы топтың талқысына түскен жас өрім домбырашыларға дейін талай мұң-зар, ел арасында айтылып келе жатқан аңыз-әңгімелер, көз көрген ақсақалдар деректеріне сүйене отырып, дәйектемелер арқылы суреттейді. Есір күйшінің атақты “Ақжарма”, “Күлтай”, “Балбырауын”, “Жалды қара” күйлерінің шығу тарихына кеңінен тоқталуының оқырман үшін танымдық, тәрбиелік мәні зор. Қаламгер қазақ күйлерінің кең тынысты симфонияларға айналып кетуінің оның ішкі құрылымы, диапазонына байланыстылығын дәлелдейді. Арал мектебінің өкілдерінен Шамғұн Ыбыраевты, күй өнерін мирас етушілер А. Жаңбыршин, С. Шәкіратов, Ә. Қожабергенов, Ә.Есқалиев, М. Өскінбаев, М. Панаевтарды зор құрмет иелері ретінде атайды. Күй атасы Құрманғазының да бір кезде осы өлкеге келіп, өнері шарықтағаны, атақты “Адай”, “Серпер”,“Маната” күйлерінің тікелей Маңғыстау әсерінен туған қазыналар екендігі айтылады. Құрманғазының Ақмаңдай атты адай қызымен күй айтысының тарихын тарата отырып: “Ел әңгімелерінде көптеген күйші қыздар, келіншектер, тіпті кемпірлер аталатындығын да айтып өтуіміз керек. Егер де болашақта халық өнерін зерттеушілер Маңғыстауға баратын болса, күйші әйелдер жайлы құлақтарын түре жүргені абзал деп ойлаймыз”, – деп туған мекенінің ұлттық өнерін зерттеушілік, насихаттаушылық көзқарасын танытады. Автор өзі естіген, байқаған жайттарды шығармашылық ой елегінен өткізіп, шабыттана бейнелейді.

Осы мақаламен мазмұндас “Күй, күйші және домбырашылар” [5] туындысында да Маңғыстауда басқа өлкеге әзірше беймәлім болып келе жатқан бір ыңғайдағы топтама күйлердің ерекшеліктерін, күйдің дара күйлер, ән-жыр әуенді күйлер болып екіге бөлінетіндігіне тоқталады. Кейбір әндердің, күйлердің шығу тарихын баяндайды. Мақала соңында автор айтар ойын былайша түйіндейді: “Қазіргі күнгі басты мәселе – осы бір дүниені ел ішінен жинап алып музыка сүйген қауымның игілігіне айналдыру… Ал мұны жинауды, әсіресе, облыстық буындағы мекемелерге міндет етіп тапсыру – бүгінгі басты мәселе. Оған уақыт өткізуге болмайды”,– деу арқылы халқымыздың мол рухани мұрасын – күйлерін, ән-жырларын ел ішінен жинақтаудың қаншалықты маңызды екендігіне шын жанашырлық ниетпен, азаматтық міндетпен көңіл бөлуге шақырады. Сонымен, М. Әбдіхалықовтың дәстүрлі музыка өнері, оның қайраткерлері туралы мақалаларынан дәуір үнін, келелі істердің лебі сезілетінін айқын аңғарамыз.

“Соңғы қоңыраудан кейін”, “Каспий жағасында”, “Ұлы мақсат жолында”, “Ақ мектеп осылай ашылған” мақалаларында жас ұрпаққа білім, тәрбие беру мәселелері, ұстаздық еңбектің қызығы мен қиыншылықтары, оқыту үрдісін жақсартуға байланысты ойларды қозғайды.

“Жұлдыз”, “Лениншіл жас”, “Социалистік Қазақстан”, “Қазақстан әйелдері” сияқты түрлі басылымдарда жарияланып отырған ірілі-ұсақты мақалаларында жазбагер ұлттық

профессионалды өнердің, оның ішінде кино өнерінің проблемаларын сөз етумен болған. Кинорецензияны жазарда “автор фильмді жақсы білумен қатар оған байланысты әдеби және басқа материалды жетік білуге борышты. Ол фильмнің көркемдік сипатын және негізгі образдың шындығы мен өмірлігін де газет оқушыларына түсіндіріп беруі міндетті” болды. [6, 235б.]. М.Әбдіхалықовтың кино өнеріне арналған бірнеше рецензиялары, мақалалары терең де тың ойларға толы. М.Әуезовтің “Қараш-қараш оқиғасы” повесі бойынша түсірілген қырғыз режиссері Б.Шәмшиевтің “Қараш-қараш оқиғасы” фильмі туралы жазылған “Асудан атылған оқ” [7] рецензиясында автор фильм сценаристерінің дәуірдің кең тынысын, күресін бейнелеу мақсатында жаңа оқиғалар, кейіпкерлер қосқаны, орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстануына байланысты тарихи шындықтың жалпы шығарма табиғатымен жымдасып, қабысқанын атап көрсетеді. Б.Шәмшиевтің көркем киноматография саласындағы тұңғыш туындысы бола тұра, режиссердің таланттылығы, әдеби шығарманы экран тіліне аударудағы, актерлардың міндетін саралаудағы дәлдікке ұмтылуын шыншылдықпен суреттеп бере алған.

“Фильм арқауы – үлкен ой” (қазақ документалистерінің жұмыстары жайындағы кейбір ойлар) [8] көлемді мақаласында жетпісінші жылдардағы қазақ кино өнерінің, соның ішінде документті кино жағдайын сөз етеді. Жалпы кинодокументалистерге ортақ кемшіліктер – замана тынысының жетпей жатуы, логикасыз монтаждар, жалған жаңашылдықтардың бой көрсетулері, тарихи документ жасандылығы, символизмге бой ұрушылық, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтынан білімдерінің жетімсіздігі сияқты мәселелерге сыни тұрғыдан қарап, талдау жасап, әлеуметтік, қоғамдық ойларын ортаға салады. “Қазақ кинодокументалистикасы бұл күнде қалыптасып, бой түзеп қалды. Ол үлкен сынды көтереді. Оған зор міндеттер артуға болады. Ол үшін тақырып аз емес… Соны сырттай қызықтап, жалаң мадақтамай, оның астарына үңіліп, философиялық мәнін, әлеуметтік мазмұнын тереңнен қозғау керек. Бүгінгі көрерменге ой салатын, ойланатын қауымның ойын одан да кеңейтетін фильмдер керек”, – деп замана талабының алға қойып отырған мақсат-міндеттерін ашып көрсетеді. Сөйтіп, публицист өзінің кино өнері саласында да терең білімділік, зерттеушілік, сыншылық қабілет-қарымын таныта түседі.

М. Әбдіхалықовтың мақалаларында негізгі айтпақ болған идея – қандай тақырыпта болмасын, өндіріс, мәдениет не музыка, кинофильмдерде – Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, адамгершілік, халқымыздың ұлттық қасиеттерін, рухани құндылықтарын қастерлеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

2 Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 190 б.

3 Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы: – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 7 т. – 384 б.

4 Амандосов Т. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары. – Алматы: Мектеп, 1968. – 244 б.

5 Әбдіхалықов М. Күй, күйші және домбырашылар // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 16 қараша.

6 Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақстан, 1978. – 271 б.

ӘОЖ 82-131

М.МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ АНАФОРА МЕН ЭПИФОРАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Конусова Айнаш,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті.
Ғылыми жетекші - Қамарова Н.С.,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мұқағали Мақатаев шығармашылығы кең танымалдығымен ерекешеленеді және оқырмандар мен зерттеушілердің қызығушылықтарын арттыруда. Бұл мақалада М.Мақатаев поэзиясындағы фразеологиялық анафора мен эпифора зерделенеді.

Түйінді сөздері: қазақ поэзиясы, Мұқағали Мақатаев, фразеологиялық анафора мен эпифора, үндестік, лирика.

М.Мақатаев өз шығармашылығының алғашқы кезеңінде-ақ тамаша өлеңдерімен, жырларымен қазақ халқына танымал болды. Мұқағалидың шығармашылығының ең биік шыңы – оның лирикасында. Ақынның терең де мазмұнды, көркем суретті, фәлсафалық ойға толы, сиқырлы ұйқаспен жазылған лирикалық туындылары халықтың көпшілігіне қатты ұнайды. М.Мақатаевтың көркемдегіш құралдардың ішінде жиі қолданғаны айшықтаудың бірі – қайталама. Бұл жайында академик Р.Сыздық: «Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы өте ұтымды, әсерлі тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категорияға жатады. Қайталама дегеніміз – бір сөздің (не мәтіннің, сөйлемнің) бір сәйлемде, не абзац, шумақ сияқты микромәтінде қайталанып келтіру тәсілі», - деген еді [1,87].

Мұқағали поэзиясының тілі қандай? Оның көркемдік сипаты, жүректі тебірентер әсерлілігі неде деген мәселені сөз қолдануындағы көркем тәсілдерінің қайталамаларына байланыстырып айтқан болар едік. Ендеше осы қайталама көркем шығармада қолданылуына қарай бірнеше түрге бөлінеді: жай қайталама, еспе қайталама, әдепкі қайталама /анафора/, кезекті қайталама /эпифора/. Мұқағали лирикасында осы қайталамалардың барлық түрі де кездеседі.

Әдепкі қайталама, яғни анафора (грекше апаphora – биікке шығару) –өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымының бір сөзден басталуы [2, 235].

Кезекті қайталама, яғни эпифора (грекше epiphora – соңынан алып жүру) – өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөздің бірнеше рет қайталануы [2, 236].

Ғалым Қ.Жұмалиев анафора мен эпифора жайында: «Анафора – сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі. Өлеңді шығармаларда сөйлемнің әсерлілігін күшейту үшін белгілі бір сөз, сөз тіркесі, жол, тармақ аяғында қайталанады да, эпифора деген атау алады», - деп жазған [3,135].

Анафоралық және эпифоралық қайталамаларды сөз колданудың оңтайлы тәсілі ретінде қарастырған академик М.Серғалиев болды. Ол жазушы Ғ.Мүсіреповтің шағын прозалық әңгімелеріндегі қолданылған қайталамаларды «өзіндік дәстүрі бар тәсіл» деп бағалайды. «Сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі кездейсоқ құбылыс емес. Олар неше рет қайталанып келсе де, тиісті стилистикалық қызмет атқарады. Осындай анафоралық қайталамадағы сөздердің әрқайсысының стилистикалық «жүгінің» салмағы біркелкі болып келе бермейді; әрқайсысының өзіндік қолданылу ерекшеліктері танылып отырады» [4,137]. М.Серғалиевтің пікірінше, көркем шығармалардағы анафоралық құбылыстар сөйлем мүшелерінің барлық түрі ретінде келсе, эпифоралық құбылыстарда сөйлем соңындағы сөздердің басым көпшілігі баяндауыш болып келеді. Сондықтан эпифора деп сөйлемнің баяндауышының колданылуын ұғамыз. Өлеңді шығармаларда анафоралық және эпифоралық қайталамаларды сөйлем мүшелері де, сөйлем мүшесі болмайтын жеке сөздер мен сөз тіркестері де тұрғысынан қарастыру жеткілікті болып табылады [4, 141].

Поэтикалық мәтіндегі анафора мен эпифоралардың атқаратын қызмет ауқымы өте кең. Олар бір өлең жолының аясында немесе тұтас бір микромәтінде қайталанып келіп, ойды барынша дәл сол нәрсеге, белгілі затқа аударуды мақсат етеді. Әсіресе, бір өлеңнің аясында бір сөздің бірнеше қайталануы оқырманға заттың, оқиғаның негізгі ұйтқысы болып тұрған сөзді терең жеткізу амалынан туындайды.

Ақын өлеңдеріндегі поэтикалық мәтіндегі антонимдік анафора мен эпифора қандай? «Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасының артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоюдан шығады» [5,45].

М.Мақатаев жырларында қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарды, адамның сан алуан қасиеттерін қарама-қарсы ұғымда бейнелейтін антоним сөздерін көп қолданады.

Мұқағалида антонимдердің берілуі сөздердің семантикалық-стильдік колоритін айқындап, өлеңнің көркемдігін арттыра түседі. Оның лирикалық шығармаларында тілдік антонимдермен қатар, контекстік антонимдер жиі ұшырасады. Бұл антонимдер белгілі бір мақсатпен қолданылғанын өте айқын көреміз.

Антонимдердің негізгі қасиеті – контраст суреттер беруінде. Антонимдер дүниедегі заттар мен құбылыстардың сапасын, қасиетін, көлемін, мөлшерін салыстырып, қарама-қарсы қоюдан шығады. М.Мақатаев өлеңдеріндегі антонимдер ойды тереңдетіп, мәтіндегі бейнелерді ашу үшін қызмет етіп тұрғанын байқаймыз. Антоним сөздер өлеңнің бір шумағында, кейде екі шумағында, енді бір өлеңдерінде тұтас мәтінде келіп, қайталанып, ақынның айтпақ идеясына поэтикалық түр береді. Ақын лирикасында адам психологиясын таныту үшін, табиғаттың сан алуан құбылыстарын суреттеуде зат есімнен, сын есімнен жасалған антонимдік қайталамаларды жиі ұшыратамыз. Мысалы: «дос пен дұшпан», «қуаныш пен қайғы», «жақсы мен жаман», «адам мен арам», «күн мен түн».

Тамшыңды да қалдырмай, төкпей сені,
Жиырма жыл достастым, жетпей ме енді?
Дұшпан деген дұшпан ғой, табаласын,
Доғарыл, доска күлкі етпей мені [6, 131].

Бұл жердегі «дос-дұшпан» – лексикалық антонимдер. Ақын шумакта антонимдерді қайталау арқылы, нағыз достың дұшпаннан айырмашылығын көрсеткен. Мұқағали өзінің достық жайлы терең де идеялы, өрелі ойларын, нәзік сезімдерін жыр жолдарына түсіріп көркемдік бейнеде суреттеген. Сыйластықтың биік тұғыры – достық. Оны қадірлей, құрметтей білу қарыз. М.Мақатаев лирикасында бейбітшілікті, достықты өте қастерлеп, төбесіне көтере жырлайды. Осындай тақырыптарға жазған өлендерінде өзіндік ақындық тұлғасына сай әділдікті, ешкімге жалтақтамай, айтар ойын ашық та бүкпесіз түрде бейнеледі. Ақынның қайсыбір өлендер жинағын алын оқысақ та, достыққа байланысты жыр жолдары молынан ұшырайды. «Шын бақыт – достықта», - дейді қазақ халқы. Шынайы достар қашанда бір-біріне қол ұшын беруге әзір. Қуаныштары мен реніштерін бірге бөліседі. Мұндай достық –мәңгілік. Мұндай достыққа ақын жастарды үйретеді.

Мысалы:
Дос болам десең,
Досымды сыйла, қымбаттым!
Досына сонда,
Досыммен ғана қымбатпын.
Дос болам десең.
Достыққа жүрмін,
Достыққа жүрмін құмартып! Өлгелі жүрмін,
Өзіме өзім мін артып...
Жауыздың барып жанына уәзір болғаннан
Достардың барып ауласында өлген мың артық [6, 85].

Осы өлең жолдарындағы ақын «дос» сөзі мен «дос болам десең», «достыққа жүрмін» сияқты анафоралық сөз тіркесіне бір ғана "жауыз" деген антонимді қолданады. Жалпы айтқанда, «дос» сөзіне жағымды, ұнамды мағына берілсе, ал «жау» сөзі жағымсыз бейнеде суреттеледі. Сондықтан автор «дос», «достық» сөздеріне ерекше мағына беріп, оларды өлеңде қайталайды.

Антонимдік қайталамалар поэтикалық мәтіндегі сөздердің эмоциялық бейнелілігімен бірге, лирикалық шындығын күшейтеді, оқырманға ықпал жасайтын ашықтықты айқындайды. Антоним сөздері қайшылық, қарсылық мәтіннің мазмұнын тереңдетеді, өлеңдегі негізгі бөлшектерді нақтылайды, автордың айтпақ ойының маңыздылығын күшейтеді.

Мысалы, «Күн ауысып барады» өлеңінде «күн» сөзі «түн» сөзіне қарама-қарсы мәнінде берілген. Күн – жарық, нұр, сәуле, тіршіліктің, өмірдің астарлы бейнесі болса, түн – қараңғылық, адамның жан дүниесін жабырқатып тұратын үрей, қорқыныш ұғымында жұмсалған.

Күн ауысып барады түнге қарай,
Шығыста – кеш, Батысқа кірген арай.
Күн шыққан жерден әркез түн келеді,
Маған солай, білмеймін, кімге қалай.
Неге мен үрейленем түнге қарай,
Маған солай, білмеймін, кімге қалай.
Күнде – өмір, түнде – дамыл, түсінбеймін,
Мойнымды бұрсам екен кімге қарай?! [6, 96]

Автор күн мен түн деген антонимдік қайталама арқылы түнге ауысып баратын күннің бейнесінде уақыттың зымырап өтуін суреттеп, белгісіз, үмітсіз саңылаусыз болашақтың суретін бейнелеген. «Маған солай, білмеймін, кімге қалай» өлең жолы арқылы лирикалық кейіпкердің жүріс-тұрысында абыржушылық, әрекетсіздік, болашақ жайында мазасыздық байқалады.

М.Мақатаев поэзиясында антонимдердің үйлесу және қайталану қалпын контраст ұстанымы анықтайды. Антоним сөзі бар кез келген өлеңнің негізі контраст ұстанымында қойылған. Контрастар поэтикалық мәтінге эмоционалдық-экспрессивтік күшті береді, суреттеу өңін жасайды.

Ақын адам көңіліндегі ойды, мінездегі байсалдылықты, күйгелектікті, ақыл мен ақылсыздықты адам бойынан тез сезіп, тез байқап, дәл көре алады. Бұл – Мұқағали психологиясына тән болған ақындық ерекшелік. Адам мінезінің, көңіл-күйінің, ішкі жан дүниесін терең түсініп, оны жырға қосады, лирикалық кейіпкердің жүрегіне қуаныш пен қайғыны, сәтсіздік пен табысты, өкініш пен бақытты контраст түрінде енгізеді. Мысалы:

Көңілде дауыл.
Көңілде оттар жанады.
Қуаныш-қайғы бірісін бірі жабады.
Жүрегім сонда жадырап, сергіп қалады,
Дауыл мен оттан рақат, дамыл табады.
Қуаныш, бақыт, өкініш, қайғы – бәрі де ой,
Көтере берем:
Көңілім – жердің шары ғой [6, 120].

Қуаныш - қайғы, бақыт - өкініш дерексіз ұғымдағы зат есімді анафоралық антонимдер адамның басындағы көңілсіз сәттерді береді, шытырман оқиғалы адам өмірінде бірінсіз-бірі болмайтынын дәлелдей түседі. «Қайғы», «өкініш» деген сөздердің мағынасынан «қасірет», «уайым», «күйініш» сияқты мағыналар аңғарылса, «қуаныш», «бақыт» деп қолданылғанда «шаттық», «күлкі» тәрізді мағыналар аңғарылады. Сондықтан олардың әрбіреуі аз да болса, мағыналық реңкке ие болып келеді. Өкініш, қайғы адам өміріндегі болып жатқан ауыр кезенді, көңілсіздікті, жабығуды, мұңды суреттесе, қуаныш ерекше бір көңіл-күйді, бақытты сәтті анықтауда жұмсалған.

Ақын лирикасының тақырыбы әр алуан десек, соған сәйкес көркемдік-идеялық мазмұны да тереңде, жан-жақты әсерлі, құнды да құнарлы болып келеді. Бұл ірі талант Мұқағалидың талмай, жалықпай ізденетінін әрі ақындық тылсым түйсігінің құдіретін танытады.

Ақынның өз заманындағы адамдар арасынан шыққан періштелермен, сайтандармен келіспей «не істермін, тәңір-ау, не істермін?!» деп күйзелуі занды. Мұқағалидың жалынды өткір, мұңшыл, сыршыл, тым әсерлі өлеңдері, өзінің айырым әріптестерінің ойлау, сезіну, қабылдау түйсігі мен көзқарасы деңгейінен әлдеқайда жоғары тұр.

Мұқағали өз өлеңдерінде туынды зат есім антонимдерді де қайталайды. Мысалы, келесі өленде:

Жаратқасын адам ғып:
Жақсылыққа – жақсылық,
Жамандыққа – жамандық,
Адалдыққа – адалдық,
Арамдыққа – арамдық [6, 54].

Жақсылық-жамандық, адалдық- арамдық – дерексіз мағынаны білдіретін зат есім антонимдер. Бұл антонимдер – бір-біріне қарама-қарсы мәнде айтылып, мінезге байланысты нақты бір ұғымда қолданылып тұрған абстракты зат есімдер. Жақсылық-жамандық, адалдық-арамдық антонимдерін ақын қайталау арқылы өлеңнің әсерін күшейтіп, ойын дәлдікке құрған. Осындай мағыналы антонимдер – автор идеясының да көрсеткіші. Қатар қолданылған антонимдер мәтінге өң беріп тұр.

Мұқағали жырларында сын есім антонимдердің қайталамалары да қолданылып, өлеңге айрықша мағыналық реңк беріп тұрады. Мысалы,

Аңғал досым-ай,
Не дейін саған, не дейін.
Жақсы да сені демейін,
Жаман да сені демейін,
Қасымда жүрші, әрқашан сені көрейін.
Адамға деген жақсылығың да шамалы,
(Жаманнан гөрі жоғары).
... Жақсылығың жүр,
Жаманнан гөрі жоғары [6, 17].

«Жаман – жақсы» анафоралық антонимдері адамның қасиетін ашатын, дәл берілген сапалық сын есімдерден жасалған. Бұл антоним сөздер ойды ықшамды, тұжырымды қолдану сияқты мақсатта алынған. Осы сын есім антонимдер адамның өмірі мен сол өмірдің қайшылықтарын, адам психологиясын танытатын, салыстыра жұмсалған әсерлі де мәнерлі сөздер.

Мұқағали жырларында антонимдік қайталамалар да бар екендігін анық көреміз. Олар адам өміріндегі құбылыстарды салыстыра, шендестіре отырып, оқырманға ой салады, қарама-қайшылықты ашады. М.Мақатаев жұмсауындағы антоним сөздер морфологиялық тұлғасы жағынан көбінесе, зат есім /қас-дос, қуаныш-қайғы, жақсылық-жамандық/, сын есім /жаман-жақсы, адал-арам, тірі-өлі/, етістік /қуану-қайғыру, жылату-жұбату, өлу-туу, бату-шығу/, үстеу/кеше-бүгін, ертең-бүгін/ және көмекші есім түрінде /асты-үсті/ қайталанып отырады.

Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны да, ішкі мазмұны да, грамматикалық құрылысы да ерекше деп айтуға болады. Тұрақты сөз тіркестері авторлық ойға айрықша әр, мәнерлілік береді. М.Мақатаев осы ұстанымға сүйене отырып, фразеологизмдерді барынша пайдалануға тырысқан.

Ақынның жырларында фразеологизмдердің түрлеріне қарай фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық тіркестер қайталанады. Фразеологиялық анафора мен эпифораны мәтін ішінде қолдану арқылы кейіпкердің бейнесін, мінезін, толық аша түседі, рухани жан дүниесін, психологиялық сезімдерін дәлірек суреттейді, оқырманына түрлі ассоциациялар туғызады, өлең тілінің экспрессивтік үндестігін күшейтеді, эмоциональдық-экспрессивтік бояуын әрлендіреді. Мұқағали қолданған фразеологиялық қайталамалар сөздің сиқырын танытатын негізгі өзегі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздық Р. Сөз құдіреті. -Алматы: Санат, 1997.-224 б.
2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969. -221 б.
3 Ахметов 3. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп,1973. 212 б.
4 Қабдолов 3. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2002.- 360 б.
5 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Санат, 1997. - 256 б.
6 Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. -Алматы: Жалын баспасы, 2001. - 448 б.

ӘОЖ 82-131

С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР МЕН МИФОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕР

Алтыбаева Г.Қ.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. С.Қондыбай мұраларындағы мифологиялық таным-түсініктер, мифологемалардың символдық негіздерін, этимологиялық мазмұндарының қалыптасу динамикасын, лингвомәдени табиғатын анықтау . Мақалада әлемдік мифологиялық теориялар мен мифологиялық мектептер және С.Қондыбай мұраларындағы мифологиялық таным-түсініктер, мифологемалар қарастырылады.

Түйінді сөздер: Миф, мифология, мифологема, мифологиялық мектептер, әлемдік мифология.

Өмірлік құндылықтардың қайнар көзі кез келген халықтың рухани дүниесі ретінде жалпы адамзаттық мұралардың туу, даму заңдылықтарымен сабақтасады. Сол себепті қай халықтың болмасын рухани даму сатыларына баршаға ортақ типологиялық ұқсастықтар тән. Солардың бірі адам санасының өте ерекше қабаты болып табылатын, жан-жақты да ауқымды құбылыс - мифология.

Дарында да, талантты, мифолог-ғалым Серікбол Қондыбай аз ғана өмірінде өзінің негізгі парызы ретінде, қазақтың мифологиялық келтірімдерін өзге халықтардың деңгейіне көтеріп, зерделеуге арнады. Қазақта миф бар ма, жоқ па деп жүрген таяз ойлы «ғалым-сымақтардың» солақай пікірінің жаңсақтығын «Арғықазақ мифологиясы» атты төрт томдық еңбегінде дәлелдеп, нағыз мифологиялық таным-түсініктердің біздің бүгінгі тіл қолданысымыздағы сайрап жатқан іздерін көрсетіп беріп кетті.

Ол жалпы дүниежүзілік мәдениеттегі ғаламның жасалуы туралы мифологиялық таным-түсініктердің қалыптасуындағы қазақтың үлесін, қазақтың есесін қайтаруды мансұқ етті, және соған жете алды да.

С.Қондыбайдың өзіне дейінгі осы қазақ мифологиясын зерттеуші ғалымдардан ерекшелігі – ол қазақ мифологиясын жеке тақырып етіп, жеке зерттеу нысанына айналдырды және оны ғасырлар бойы жинақталған жалпыадамзаттық және ұлттық таным-тәжірибеден (немесе жинақталған білім аясынан) аршып алып, жаратылыстану, гуманитарлық ғылымдарының ортақ межесі ретінде ұсынды. Бұл сөз жоқ, қазақ ғылымына қосылған өте үлкен үлес, ауқымды жаңалық.

Бұрын-соңды басы ашылмаған көптеген сұраулы мәселелерге мифологиялық пайым, филологиялық тереңдік тұрғысынан жауап іздеп, өзіндік амал-тәсілдері арқылы «Арғы Қазақты», әрбір қазақтың ішіндегі «Мәңгі Қазақты» сөйлетуге өзінің барша мүмкіндігін сарқа пайдаланды.

Олай болса, нақты алғанда, мифология дегеніміздің өзі не? Ең алдымен мифология (гр. mythos-аңыз және loqos-ілім) - алғашқы санадағы шындықтың ерте дүниедегі творчествоға тән қиял түрінде бейнеленуі. Философиялық тұрғыдан ол көне қоғамдағы дүниетаным көрінісінің өзгеше бір формасы деп сипатталады. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы түсініктерінің жиынтығы.

Соған сай таза мифологиялық ойлау-белгілі бір дәрежедегі абстракция. Сондықтан оның нақты түрде анықталмайтындығы оның адамзат мәдениеті тарихының, тіпті сананың өзінің дамуының көне, синкретті кезеңімен төркіндес екендігінде. Бұл кезеңде қай заттың болмасын мәні оның тегімен теңестіріледі: объективті дүние субъективтіден, ішкі форма сыртқыдан бөлінбейді; адам мен табиғат, аспан мен жер, жанды мен жансыз бір-бірінен ажырамайды. Яғни мифологиялық таным бойынша дүние, дүниедегі заттар мен құбылыстар бір-бірімен тығыз

байланысқан тұтас бір бүтінді құрайды. Сонымен бірге ғалымдар миф тек таза түсінік күйінде я болмаса тек қана таза әңгіме түрінде ғана сақталып қалған архаикалық, реликтілік құбылыс емес, оның дүниені танудың алуан түрлі формаларында құбылып, өзгеріп отыратын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын сипатын да атап өтеді.

Миф - адамзат мәдениетінің базистік феномені, адам баласының ең ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білу ой-өрісінің өте ерте ескі көрінісі. Сондықтан да, ол қоғамдық сананың барлық түрлеріне ортақ, бәріне де қатысы бар. Серікбол осы айтылғандарды ой елегінен өткізе отырып, осыған қарағанда, мифология - Адам мен табиғат туралы ғылымның қай-қайсысының да күрделі негіздерінің бірі. Миф туралы ілімнің философия, психология, лингвистика, әдебиеттану, археология, антропология, өнертану, теология, логика, мәдениеттану т.б. толып жатқан ғылымдармен тоғысып, шектесіп жататындығы да содан болса керек деп түйіндейді.

Жалпы дүниежүзілік мәдениет тарихында, ғылымда мифологияның адам танымында алатын орны жайындағы таным-түсініктер тұжырымдалған. Ол еңбектерге шолу жасау барысында мынадай негізгі түйіндерді атап өтуге болады.

Мифке жеке ілім ретінде көңіл бөлу XVIII ғасырда өмір сүрген итальяндық философ Дж. Виконың 1725 жылы жарық көрген "Основания новой науки об общей природе нации" деген еңбегінен басталады. Мифтік шығармашылықты алғашқы қауым адамының болмыс жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік беретін ерекше тәсілдері көрсетілген мифтер "адамзаттың ақыл-ойы сөздігінің" бірінші басылымы деп көрсетеді ойшыл.

XIX ғасырдың екінші жартысында мифологияны қарастырудың негізгі екі бағытын атап өтуге болады. Оның біріншісі - Я.Гримм, А.Кун, В.Шварц, В.Манхардт, М.Мюллер, Ф.Буслаев, А.Афанасьев, А.Потебня т.б. ғалымдар бастаған мектеп. Ол – үнді-еуропалық салыстырмалы-тарихи тіл білімінің ғылыми жетістіктеріне және үндіеуропалық тілдердегі этимологиялық салыстырулар арқылы көне үндіеуропа мифологиясын жаңғыртуға (реконструкциялауға) негізделген. Екіншісі – «антропологиялық» және «эволюционистік» мектеп. Оның негізгі өкілдері - Э.Тейлор, Э.Ленг, Г.Спенсер сияқты ғалымдар болды. Бұл мектептің негізгі бағыты салыстырмалы-этнографиялық зерттеулердің алғашқы ғылыми нәтижелерімен тығыз байланыста дамуымен сипатталады.

XX ғасыр басында ағылшын этнографы Б.Малиновский этнографиядағы функционалдық мектептің негізін салды. Осымен байланысты ол мифті символдық, аллегориялық т.б. мағынаны білдіретін аңыз, әңгіме ғана емес, сонымен бірге әлем мен адам дүниесіне ұласатын ақиқат шындық ретінде қарастырады. Француздың социологиялық мектебі - Э.Дюркгейм, Л.Леви-Брюль т.б. ғалымдар мифті әлеуметтік психологиямен бірлікте қарап, тотемдік мифологияны рулық қауымдастықтың алғашқы моделін жасаушысы ретінде көрсетті.

Бұдан кейінгі зерттеулер мифтің мәнінен гөрі, мифологиялық ойлаудың танымдық ерекшеліктерін ашуға бағытталады. Нақты атап айтар болсақ, мифтің психоаналитикалық концепциясын жасаушылар Фрейд, Ранк, Ринклин, Юнг т.б. ғалымдар адамның психикасындағы құбылыстарды алғашқы қауымдық кезеңнен қалған «архаикалық қалдықтартар» немесе «архетиптермен» байланыстырса, мифтің құрлымдық (структуралық) теориясын ұсынған француз этнологы Клод Леви-Стросс мифологиялық ойлаудың ерекшеліктерін негізге ала отырып, мифтің сансыз мағыналық трансформацияға бейім екендігін көрсетеді [6,161-171].

Мифтің символдық теориясының негізін салушылардың бірі - неміс философы Э.Кассирер. Ол мифті тіл мен өнер сияқты мәдениеттің дербес (автономный) символдық формасы ретінде қарастырады. Кассирердің мифтік символизмі бойынша, айналадағы деректі-сезімдік заттар белгілі бір символдарға, таңбаларға айналу арқылы ғана санаға сіңеді, деректі заттар өздерінің деректілігінен айрылмай-ақ басқа заттар мен құбылыстардың таңбасы, яғни олардың символы бола алады. Осылайша мифология «өзіндік шешуі бар жұмбаққа айналады» [7,66].

Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулер оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны сақтай алмаған, ал үшіншілері өздерінің тіліндегі, фольклорындағы мәдениеті мен өнеріндегі мифті танып, таба алмайды. Өйткені әр халықтың тарихи тағдыры әр түрлі болып шыққан, сондықтан мифтік

мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілттерін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығады.

Мифологиялық теориялардың барлық түрінің тоғысатын жері-мифтің жасампаздық қасиеті. Неміс психологиялық мектебінің негізін салған ғалым В.Вундт мифтің осындай ерекше қасиетінің мәнін анықтауды ең алғашқылардың бірі болып басты мәселе етіп қойған болатын. Ол мифтік танымның өміршеңдігін, оның өз формасын өзгертіп отыру арқылы жалғаса беретін үздіксіз процесс екендігін көрсетеді: «Мифтік таным үстемдік етіп тұрған кезең өтіп кетсе де, мифтің жасампаздық қасиеті, оның сан алуан танымдық өрістерді туғызушы өзгешелігі жоғалмақ емес; ол кез келген эстетикалық іс-әрекетте, шығармашылықта, өнер туындыларында, адамның түрлі қызметінде өмір сүреді».

Мифтік сананың адамның дүниетанымына осылай үздіксіз әсерін зерттеу ісін аналитикалық психологияның негізін салған, швейцариялық ғалым К.Г.Юнг одан әрі дамытады. Оның мифологияны архетиптік образдар арқылы түсіндіретін мына тұжырымы жоғарыдағы қағидамен үндесіп жатыр: «Архетиптік образдар мыңдаған жылдар бойына адамзат баласын жетелеп келеді, олар мифология, дін, өнердің қайнар бұлағы болып табылады. Архетиптер дегеніміз бейсаналы мазмұндағы жүйелер, олар түйсіну мен қабылдау барысында өте тез өзгеріп отырады және әрбір жеке тілдік ойлаудың танымдық деңгейіне сай, соның әсерінен өзгеріске ұшырайды».

Жалпы алғанда, К.Г.Юнг, В.Вундт және оның идеясын қолдаушы Г.Вернер, Р.Мюллер Фрейнсфельс және басқалар рухани дамудың заңдылықтарын адамның рухымен, психологиялық заңдылықтармен тікелей байланыстырады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жан-жақты зерттеле бастаған алғашқы қауым адамына тән ойлау мен алғашқы қауым мәдениеті, сондай-ақ этнология мен этнографиядағы ашылған жаңалықтар мифологияның да зерттелу шеңберін кеңейтті. Жоғарыдағы мәселелермен айналысқан ірі ғалымдар Э.Тейлор, Дж.Фрэзер, Э.Кассирер, Л.Леви-Брюль, К.Леви-Стросс, М.Мюллер тағы басқалардың іргелі еңбектерінде мифология логикалық, лингвистикалық, философиялық аспектіде қарастырылады.

Тіл мен мифологияны сабақтастықта қарауға ерекше көңіл бөлген, өзіндік із қалдырған орыстың көрнекті ғалымы - А.А.Потебня. Ол тілдік құбылыстардың тарихи негіздерінде мифтік түсініктер мен образдардың трансформациясы жатыр, яғни мифтік семантика сөздердің "ішкі формасында" деп есептейді. Ғалымның пікірінше, мифтік танымда сөздердегі образ бен мағына әлі бөлінбеген заттың қасиеттері, одан бөлінгенде ғана мифтік образ тілдік метафораға айналады.

А.А.Потебняның тіл мен ойлау, сөз бен мифті қамтитын символдық теориясы ерекше құнды. Оның мифтік теориясының негізі - сөздің семантикадық қатарын тіл мен ойлаудың тұтас, кең құлашты контексінде қарастыру принципінде. Ол өзінің "О некоторых символах в славянской народной поэзии" деген еңбегінде мифті зерттеудің символдық теориясының тамаша үлгісін көрсеткен. Оның айтуынша, мифтік негіздегі символдар тіл мен ойлаудың тығыз байланысында туады. Осы байланыстағы дамудың жетілу барысында, даму жолында сөз өзінің ішкі формасын, ең жақын этимологиялық мағынасын біртіндеп жоғалта бастайды. Символдар арқылы тілде көмескілене бастаған сол мағыналар поэзия тілінде көрініс табады. Яғни мағына белгілі бір мифтік образдарда, символдарда өмір сүреді [10,18]. Демек, А.А.Потебняның пікірінше, миф - тілдің, барлық рухани эволюцияның алғашқы нүктесі, бастауы: миф-поэзия-проза (ғылым).

Сол сияқты, мифтің символдық табиғатын ашып, мифті тікелей тілмен байланыстырып жан-жақты талдаулар жүргізген орыс ғалымы - А.Ф.Лосев. Ол былай дейді: «В мифе содержится модель бесконечного ряда предприятий. Это значит, что всякий миф есть в нашем смысле слова, символ. Он модель бесконечных порождений, субстанциально-тождественных с самой моделью». Өзінің ғылыми еңбектерінде ол сөз бен мифті философиялық деңгейде алып талдайды да, сөзді магиялық дәрежеге дейін көтеріп, сөздің табиғатын толық ашу - көркемдік мәнге жетумен бірдей деп санайды.

Мифтердің шығу тарихын тілдің тарихи дамуымен тығыз байланыстыратын ғалымдардың бірі – А.Н.Афанасьев. Оның: «Мифтік танымның алуан түрлі қырлары адам баласының сөзінде сақталған. Метафора мен бейнелі түйдекті сөздердің тереңінде мифтердің қалай шыққандығы туралы ғаламат тарихи шындықтар жатыр. Сондықтан тілдің тарихын зерттеу арқылы тілдегі

тұнып жатқан мифтік танымның іздерін түсіндіруіміз керек» деген ой-пікірі, академик Ә.Т. Қайдардың мына пікірімен үндес: «Тіл фактілерінің тұлабойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек».

Адам баласын түп санадан біріктіріп тұратын мифтік архетиптік символдар адамдардың психо-соматикалық, рухани-танымдық іс-әрекеттерін басқарады. Мифтік танымның осы жалпыадамзаттық табиғатын мойындай отырып, мифтің этностық негізін сақтап қалуға, ондағы ұлттық-танымдық құндылықтарды барынша жарқыратып көрсетуге көңіл бөлу қажет. Себебі әлемдік мифологиялық жүйелердің қаймағы бұзылмай сақталып қалған жалғыз көз - қазақтың ұлттық тілі мен мәдениеті. Біздің тіліміздегі кез келген сөз - символ. Өйткені оның астарында мифтік мазмұн жатыр.

Мифтің мәні неде, мифтік ойлаудың өзіндік ерекшелігі, логикасы қандай, жалпы мифтің өзіндік табиғаты қалай болады деген мәселелерді анықтау үшін, мифтің дүниежүзілік немесе универсалдық (әмбебап) сипатына тоқталмай кетуге болмайды.

Бұл орайда, ең алдымен, дүниежүзі халықтарының тарихи дамуындағы мифологиялық жүйелерде кездесетін бір-біріне өте ұқсас, ортақ принциптер мен ортақ заңдылықтарды атауға болады. Олар - мифтің универсалдық сипатын көрсететін мифтің құрылымындағы архетиптер мен ауыспалы сюжеттердің, сондай-ақ ортақ кейіпкерлердің «жасампаз қаһармандардың», ру көсемдері, ру иелерінің белгілі бір типологиясы. Мұндай ұқсастықтарды анықтаудың, түсіндірудің бірнеше жолдары бар: 1) жалпы мифтердің бір мәдени негізден шығуы; 2) мифтегі ұқсастықты мәдени байланыстардың нәтижесі деп қарау; 3) жалпы адамзат қоғамының алғашқы кезеңдерінің тарихи-мәдени жағынан бірдей дамуы.

Алғашқы екі әдіс бірін-бірі қайталап, бір-бірін толықтырып тұр. Біздің көңіл аударатынымыз - үшіншісі. Бұд әдіс бойынша миф - дүниежүзілік тарихи сипаттағы құбылыс, өйткені барлық халық өзінің тарихи дамуының алғашқы кезеңінде мифтік сана дәуірін басынан кешіреді. Осы арқылы біріншіден, мифтің универсалдық сипаты; екіншіден, сюжеттердің қайталанатындығы; үшіншіден, мифтік кейіпкерлердің ұқсастығы: төртіншіден, мифтік құндылықтар мен танымдық бірліктердің дүниеге қатысы түсіндіріледі.

Мифтің дүниежүзілік тарихи құбылыс екендігін тану - мифтік бастапқы интуиция (Канттың терминологиясында «синтез первоначального целого») қайдан пайда болды, феноменологиялық жағынан алғаш пайда болғанда қандай мазмұнға ие болды деген мәселелерді анықтаумен қатар жүреді.

Мифтік бастапқы интуицияны зерттеудің бірінші кезеңі мифке тән емес қасиеттерді оның мазмұнынан алып тастаудан басталады. Мұндай зерттеу өз кезінде орыстың энциклопедист ғалымы А.Ф.Лосевтің еңбектерінде көрініс тапқанын жоғарыда айттық. Оның пікірінше, миф алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың идеалдық болмысы да, ғылыми болжамы да, поэтикалық көркем шығармасы да, ойлап тапқан қиялы да емес. Миф сол кездегі өмір шындығы, адамдарды қоршаған болмыстың символдық бейнесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

6. Философиялық сөздік. Алматы, 1996.
7. Мелитинский Е.М. Поэтика мифа. М.: Наука, 1976.
8. Миф-фольклор-литература. Сборник статей. М., 1978.
9. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1- кітап. – Алматы: «Дайк-пресс», 2004.
10. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 444 бет.

УДК 94 (574) (045)

ВЫДАЮЩИЕСЯ КАЗАХСКАЯ ЖЕНЩИНА ЭПОХИ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ И НОВОГО ВРЕМЕНИ

Такабаев А., студент
Ғылыми жетекші: Бекешов С.С., Демеев А.Д.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аннотация. В научной статье рассматривается жизнь и деятельность одной из самых выдающихся казахских женщин эпохи средневековья и нового времени Бопай ханым, жены Абулхайыр хана и матери Нуралы хана. Последовательно описана как Бопай ханым отличалась глубоким, совсем не женским умом, сильным характером, не лишенной властолюбия, определенной независимостью в суждениях и поступках и в то же время врожденным политическим тактом.

Ключевые слова: Бопай ханым, Абулхайыр хан, Нуралы хан, Жанибек, Младший жуз, Джон Кэстль, Барак, Елизаветы Петровна.

Бопай ханым - мать Нуралы хана, по мнению историков, считающих ее одной из самых выдающихся казахских женщин эпохи средневековья и нового времени. Некоторые исследователи считают, что роль хана Абулхаира в истории Великой степи могла быть совсем иной, если бы не его супруга - ханша Бопай.

Бопай Ханым (Бопай Касымкызы) была дочерью одного из влиятельных казахских батыров Младшего жуза Суюндука который был из рода Адай - Тобыш подрод Табынай.

В 1709 году Абулхаир хан с батыром Жанибеком направлялись в неприятельские кочевья и на несколько дней остановились в ауле богатого аксакала. Там Абулхаир султан и увидел прекрасную юную Бопай, дочь Суюндук батыра, которая покорила его сердце и, он решил завоевать ее сердце. Под благовидным предлогом султан уклонился от дальнейшего пути с Жанибеком и, скрыв свое аристократическое происхождение от родителей Бопай, нанялся в пастухи к отцу очаровавшей его девушки. Храбрый, высокий, красивый и атлетически сложенный Абулхаир сумел довольно быстро завоевать расположение умной и проницательной Батимы, которая ответила взаимностью на его чувства. За короткий срок между ними завязался серьезный роман, и, когда Бопай уже ожидала ребенка от своего жениха, Абулхаир решился просить согласия на их брак у отца Бопай Ханым. Предание утверждает, что Суюндук батыр, узнав о намерении Абулхаира жениться на Бопай, упорно не желал отдавать единственную дочь замуж за нищего, малоизвестного и безродного парня из незнатной семьи и, рассчитывал, что тот в случае непреодолимых препятствий будет вынужден отступиться от нее, тогда Суюндук батыр потребовал от Абулхаира заплатить ему калым в виде «90 гнедых меринов с белыми ногами и 60 сивых меринов с черными пятками на ногах». Абулхаир принял вызов непреклонного старика и заявил его жене, матери Бопай, что едет на месяц и «во что то ни стало добудет требуемый калым». После долгих скитаний он вновь случайно наткнулся на Жанибек батыра, гнавшего большой табун лошадей, и знатный батыр, желая помочь полюбившемуся ему молодому торе, выбрал Абулхаиру 150 лучших жеребцов из своего стада для уплаты калыма его будущему тестю. Абулхаир султан пригнал лошадей в аул родителей Бопай, а следом за ним туда же приехал Жанибек батыр, который стал сватом Абулхаир султана. Упрямому аксакалу больше ничего не оставалось делать, как согласиться выдать замуж любимую дочь за настойчивого Абулхаира и через несколько дней Абулхаир султан и Бопай Ханым поженились [1].

Бопай ханым (Батима) старшая жена Абулхаир хана была властной и, как говорили соратники Абулхаир хана, умной женщиной. Ханша Бопай была не только женой Абулхаир хана, но и главным его советником, а в каких-то делах и наставником. Она происходила из рода торе (чингизидов), родная сестра султана Младшего жуза Дербесалы, родилась приблизительно в 1690

году, умерла в 1780 году. Она прожила долгую, насыщенную жизнь, активно участвовала в общественной жизни и управлении Младшим жузом, была отменным дипломатом.

Ханша Бопай почти на треть века пережила своего мужа хана Абулхаира. Ее брак с Абулхаиром был вполне удачным во многих отношениях, в том числе и потому, что в нем любящие супруги имели шестерых детей: пятерых сыновей - Нуралы, Ералы, Ходжа-Ахмета, Айшуака, Адиля и дочь Зулейху.

Согласно отзывам многих современных чиновников Оренбургского края и историческим преданиям казахов Младшего жуза, ханша Бопай отличалась глубоким, совсем не женским умом, сильным характером, не лишенной властолюбия, определенной независимостью в суждениях и поступках и в то же время врожденным политическим тактом.

При решении вопросов, определяющих внутреннюю и внешнюю политику казахского ханства, Бопай сама выступала на народных собраниях, соперничая в красноречии с признанными мастерами слова и знатоками народного права.

Отмечая бесспорные личные достоинства этой незаурядной женщины, известный дореволюционный историк А.И. Левшин писал, что она даже «имела печать со своим вензелем - отличие, совсем необыкновенное в народе, который привык обращаться с женщиной, как с невольницами, удаляя их от всякого участия в делах общественных». В разные годы Бопай-ханша пользовалась неизменным уважением у казахских старшин и «имела иногда весьма сильное влияние на управление» казахскими родами Младшего и Среднего жуза.

Красивая внешность и свойственным ей женским обаянием так она была запечатлена не только в преданиях казахского народа, но и рукой англичанина Джона Кэстля художника XVIII века, автора исторического дневника с иллюстрациями, являющегося важным источником по истории и культуре казахов Младшего жуза первой половины XVIII века, а также ценен своими сведениями о работе Оренбургской экспедиции в России и Казахстане.

В этом историческом дневнике Джон Кэстль записывал свои впечатления от мест, людей и обычаев, иногда сопровождая иллюстрациями.

В дневнике присутствует обширная информация о политических взаимоотношениях между Российской империей и Младшим жузом, о географии и этнографии Казахстана, о сложностях отношений между русскими и иностранными членами экспедиции.

В 1741 году Джон Кэстль дополнил этот дневник различными материалами и передал русскому правительству.

Джон Кэстль изобразил Бопай ханым в июне 1736 г. во время своего двухнедельного визита летней ставки Абулхаира.

Во время посещения Джон Кэстль вел переговоры с Абулхаиром от имени российского правительства.

Эту путешествие было совершено по практически неизведанной территории Казахстана, в ходе смуты, вызванной башкирским восстанием.

В это время Джон Кэстль имел возможность лично познакомиться с его семьей и сделать карандашные наброски с натуры портрета старшей жены хана.

Популярность обоих супругов среди казахского народа была огромная, хан и его жена в наиболее ответственные моменты своей жизни появлялись перед курултаем казахских старшин непременно вдвоем.

Абулхаир хан умер неожиданно. При возвращении летом 1748 года из Орской крепости в пути Абулхаир хан встретил своего давнего врага - султана Барака (…? - 1750 гг.), из рода тукайтимуриды, один из правителей Среднего жуза, сын Турсун-хана, владевшего городами на реке Сырдарья.

Произошла битва. Сын Барака, султан Шигай, сильным ударом копья выбил Абулхаира из седла, а Барак взмахом сабли убил его. Так 12 сентября 1748 года у реки Кабырга, которая впадает в реку Олкейк, что в 80 км. от Тургая в Актюбинской области (по другим данным - 1 августа 1748 г. в районе междуречья Олкейк и Тургай (притоки реки Урала, протекающие через Актюбинскую область) умер хан Абулхаир.

С этого момента началось правление Бопай Ханым. Первым ее шагом было заявление, адресованное российской императрице Екатерине - если ее сын не станет ханом, договор с Россией будет расторгнут. 26 февраля 1749 года Нуралы, согласно Указа императрицы Елизаветы Петровны, стал казахским ханом. Будучи матерью нового хана, Бопай Ханым возвысилась до ранга Хан-ана.

Сразу после поминок Абулхаир хана, в Младший жуз приехал прославленный батыр Богенбай из рода Канжыгали племени аргын (Канжыгалы́ Богенба́й баты́р (1680-1778), 98 лет, национальный герой, великий казахский полководец, главнокомандующий армиями трех казахских жузов, не потерпевший ни одного поражения в 103 сражениях в своей военной карьере, дипломат. Он представлял властную элиту Среднего жуза, которая поддержала султана Нуралы на ханский престол Младшего жуза.

Нуралы Хан правил 38 лет - с 1748 года по 1786 год. В первые годы правления он продолжал политику отца Абулхаир хана и действовал по указанию матери Бопай ханым.

Ханша была не только женой и матерью наследников ханского престола. Бопай стала соправительницей Абулхаира, его мудрой советчицей и надежной опорой. При решении вопросов, определяющих внутреннюю и внешнюю политику казахского ханства, Бопай сама выступала на народных собраниях, соперничая в красноречии с признанными мастерами слова и знатоками народного права. Крупный специалист по истории Казахстана А. И. Левшин писал, что ханша «по уму своему пользовалась отличным уважением, и имела иногда весьма сильное влияние на управление ордой. Она имела печать со своим вензелем, отличие совсем не обыкновенное в народе, который привык обращаться с женщинами, как с невольницами, удаляя их от всякого участия в делах общественных».

Ханша Бопай была необыкновенно хороша. Об этом свидетельствуют не только многочисленные народные предания. В 1736 году в оренбургских степях оказался английский путешественник и живописец Джон Кэстль. Глядя на рисунки Кэстля, трудно поверить, что Бопай к этому времени перешагнула сорокалетний рубеж и была уже матерью пятерых детей. Трудно поверить и в то, что за столь нежным и мягким обликом степной красавицы скрывается недюжинный ум и властный характер.

Мнением Бопай дорожил Абулхаир, у нее он искал совета и одобрения. В трудное время, когда чрезвычайно обострились отношения казахов с находящимися в российском подданстве волжскими калмыками и уральскими башкирами, Бопай ханум одобрила решение мужа искать покровительства могущественной России, при поддержке которой Абулхаир намеревался получить так необходимое казахам огнестрельное оружие и освободить захваченные джунгарами земли. И когда в 1731 году в ханскую ставку прибыло посольство от императрицы Анны Иоановны во главе с мурзой Тевкелевым, Бопай в числе первых поставила на договоре о протекторатстве свою личную печать. Более того, она убедила многих колеблющихся родоправителей последовать ее примеру.

В настоящее время это решение Абулхаира и Бопай подвергается многочисленным нападкам. Непросто складывались отношения Казахстана с Россией. Они стали откровенно враждебными, когда в 1742 году в оренбургские степи прибыл новый наместник императрицы генерал И. И. Неплюев. В отличие от своих предшественников новый губернатор усмотрел в хане Абулхаире крайне неудобную и авторитетную личность, мешающую претворению имперских притязаний. Он задался целью «укротить строптивого хана» и отказал ему в просьбе - заменить находящегося в аманатах сына Бопай Кожа-Ахмета, на Шингиза, другого сына Абулхаира от его младшей жены. Это и послужило поводом к многочисленным вооруженным столкновениям. Согласно преданиям, ханша Бопай сама принимала непосредственное участие в осаде крепости, в которой по их предположениям находился Кожа-Ахмет, но его заблаговременно перевели в другое место.

Если при жизни Абулхаира она выступала против сближения с джунгарами, то после его смерти была вынуждена дать согласие на брак падчерицы с сыном самого Галден-Церена. Таким образом Бопай намеревалась отомстить Бараку, оправданному подкупленным им судом биев и искавшему покровительства у джунгар. Но этому браку так и не суждено было состояться. Ее

падчерица Намурун скончалась. Вскоре внезапно скончался и Барак. А в народе поползли слухи, о том, что вдовствующая ханша нашла способ отомстить убийце.

Ханша Бопай умерла 31 мая 1780 года, пережив мужа на 32 года. Ее похоронили в верховье реки Жосалы, недалеко от впадения ее в Елек. Мавзолей Бопай, возведенный из серого сырца, стал местом паломничества. К святой Бопай издалека приезжали за благословением и поддержкой. Бопай поверяли свои тайны, с ней советовались, искали у нее покровительства. К сожалению, наши современники не имеют возможности преклонить колени у мавзолея ханши Бопай. Дело в том, что уже после отмены ханского правления, когда в степь хлынули переселенцы из внутренних губерний России, мавзолей Бопай был разрушен. Оказалось, что его по кирпичикам растащили крестьяне, построившие из них свои жилища. Прошли века. Многие и многое забыто. Но светлый образ ханши Бопай сохранился в памяти народной. И сегодня, отдавая должное достойным ханам земли казахской и знаменитым батырам, мы с гордостью произносим имя ханши Бопай [2].

ЛИТЕРАТУРА

1. Бопай Ханым. Материал из Википедии - свободной энциклопедии
2. /Ref: www.tarih.spring.kz/ru/history/medieval/figures/bopay//
3. Бопай // Казахстан. Национальная энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. - Т. I.
4. yorick.kz

ӘОЖ 37.022

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ

Суйеугалиева Б.М.
Кенбай орта мектебі

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін көтеруде диалогтік оқыту проблемалары сөз болады. Оқытудағы белсенді әдістер: пікірталастар, өзін-өзі бағалау, тест құру және бірін-бірін тексеру, «Ыстық орындық», «Сұрақты теріс айналдыр» және т.б. әдістерді қолдану тәсілдері баяндалады.

Түйінді сөздер: диалогтік оқыту, белсенді оқыту, пікірталас, өзін-өзі бағалау, тест, технология, сұхбаттасу, сұрақ қою.

Баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заман мұғалімінен көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауды қажет етеді. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Диалогтік оқыту оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда маңызы зор. Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат,- деген болатын К.Д.Ушинский [1].

Белсенді оқытуда өз тәжірибесі негізінде үйрету: оқушыға «эксперимент» жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді; жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады; қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашады; нәтижесі - терең білім; көзқарасты өзгертеді.

Оқудың белсенді әдістеріне: пікірталастар, өзін-өзі бағалау, тест құру және бірін – бірін тексеру жатады. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алуға тиіс, ал мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындалып, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындау мүмкін, сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Сонымен, қазіргі заман талабына сай мұғалім

«білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс. Осы кезде мұғалімнің талапқа сай оқушының білім алу белсенділігін жоғарылату мақсатында жаңа технологиялар меңгеруі қажеттілігі туындап отыр. Жоғары технологиялар заманында адамға жан-жақтан түрлі ақпарат келіп түседі, сондықтан казіргі заман адамы ақпараттармен жұмыс жасай біліп, қажетін алып қолдана алу бейімділігін қажет етеді. Сабақ беруге және оқытуға барынша мақсатқа сай және креативті амалдарды дамытуда орталық аспект мұғалім мен оқушы арасындағы қарым - қатынастардың түсінікті болуы керек. Егер оқытуға белсенділік пен өзара әрекет кіретін болса, ол тиімдірек бола алады.

Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың әртүрлі техникаларын қолданып, сабақта тұйық ашылмайтын оқушыға түрткі болатын сұрақтар қоя отырып, толығырақ жауап беруге итермелеп, ал белсенді, қабілетті балаларға сұрақ қоюдың «сынақтан өткізу»техникасын пайдаланып, әрі қарай өз идеяларын дамытуға мүмкіндік беріп, тапсырманы орындау барысында бағдар беріп отырамын.

Оқуды белсендіруге және диалог түрінде оқытуды белсендіруге ықпал ететін кез келген тәсілді қолдау мектептің басынан бастап құқықтар тең бөлінген орын екенін білдіретін фактіні растайды; сабақ беру мен оқыту талқылау үдерісінде жүзеге асырылуға және ынтымақтастық қолдануға тиіс, сондықтан мұғалімдер оқушыларға өз бетінше орындау құқығын беретін, сыныпта аса демократиялық атмосферасын қалыптастыратын тәсілмен оқыту үдерісін көңіл бөле ұйымдастыруы керек. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік берген тиімді. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетіні айқын.

Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. (Нұсқаулық 41 -бет) [2]

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым - қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнативті дамуына әсер ететіндігі айтылған [3].

Л.С Выготский когнитиві дамудың оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істеген жағдай да жақсаратынын атап көрсетеді. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер(2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады. Сабақтарда балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында, әр сабақтың тақырыбын ашу үшін сөзжұмбақтар, сұрақ - жауап, тексеру сұрақтарын дайындауға болады. Әр пәннің өзіне сай тілде сөйлеуге дағдыландыруға бейімделеді.

Ал оқушылар сұрақтарға жауап беруге қиналып немесе қателескенде «қайта бағыттау» техникасын қолданып, «көмектесіп жіберейікші» деп сұрақты басқа оқушыларға бағытталады. Дұрыс жауап берген оқушыларға тапсырмаға бағытталған мақтау айта отырып, формативті бағаланады. Қайта бағыттау техникасының тағы бір ерекшелігі дұрыс жауап бермеген оқушы дұрыс жауапты тыңдай отырып, өзін-өзі реттейді. Осы сабақтың қорытындылау бөлімінде «Жұптық әңгіме» әдісі бойынша жұптарға жазылған бір бетшеге жазылған екі сұрақтан тараттым. Мұндағы мақсатым, жұптарды сөйлеуге және үлкен топтарда өзін сенімсіз сезінетін оқушыларға көмектесу мүмкіндік беру болатын.

Оқушылар өз сабақтарында тақырыпта не оқылатынын, нені білу керектігін, ненің маңыздылығын түсініп сезінді.Тақырып бойынша мұғалімге оқушылардың білім деңгейінің қандай екенін түсінуіне ықпал ететінін сабақ барысында бақыладым.

Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме - мұғалімнің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан. Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде оларды өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан. Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі - топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды. Мысалы, қосу амалының қасиеттері, одан шығатын тұжырымдамалар, қасиеттері туралы тапсырмаларды шешуде оқушылар ұжыммен өзара кеңесіп, талдап, талқылап ортақ шешімге келіп, түсіндірді. Кластерге түсіріп, тақырыптарын қорғады [3].

Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейдегі ойлауды қажет ететін бағалы ашық сұрақтарды көбірек қою арқылы оқушылардың көбірек сыни ойлауын дамытуы табысты сабақты қамтамасыз етеді.

Біз сыныпта не үшін сұрақ қоямыз? Сұрақ арқылы жаңа ақпаратты алуға, сұрақ қою арқылы білгенін нақтылай түсуге болады. Дұрыс қойылған сұрақ жауабын табуға бастама. Тиімді сұрақтар қандай болады? Жақсы сұрақ деген не? Ашық сұрақ сөйлеу, ойлауын жетілдіреді. Сіздің сыныбыңызда тиімсіз сұрақтың көбін кім қояды? Неліктен? Бір-біріне сұрақ қою, оларға жауап беру үдерісіне барлық оқушыларды қалай тартасыз? Сұрақ қоюға және оларға жауап беруге ынталандыру үшін сіз сыныпта қандай жаңа тәсілдерді пайдаланасыз? «Мен саған, сен маған», «Неге? Неге?», «Ыстық орындық», «Ұшақ ұшыру», «Серпілген сауал», «Ауадағы сұрақ», «Ыстық орындық» «Сұрақты теріс айналдыр» «Иә, жоқ» жабық сұрақ, әдістері арқылы ойлануға 5 секунд уақыт беруге болады. Сұрақты алдын-ала жоспарлап, сұрақ қою әдісін үнемі өзгертіп отыру, барлық оқушылардың жауап беруіне мүмкіндік берілгені жөн.

Сүрет 1 - «Мен саған, сен маған» әдісі

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі - төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады [4].

Оқушылардың оқыту үшін бағалау барысында, топты немесе сыныптасын бағалауда, мұғалім тарапынан бұл оқушыға қандай баға қояр едіңіз деген кері байланыс сұрағына оқушының сыныптасын сабақ барысындағы жауабын бақылауының нәтижесін, өз ойын дәлелеп беруге ұмтылады. Оқушы қойған бағасын дәлелдеу барысында өз қателіктерін де түсіне отырып, басқа оқушыларға да ой салады, келесі бағалауда ол кемшілікті жібермеуге, белсенді болуға ұмтылады. Сабағымда «Алтын балық аквариумы» әдісі арқылы жаңа сабақ бойынша алған білімдерін жинақтау, зерделеу мақсатын ұстанамын. Бұл әдісті алдыңғы сабақта түсіндіріп жібергендіктен

«Алтын балық» рөліндегі оқушы тақырып бойынша және өткен сабақпен байланыстырылған сұрақтар бойынша да дайын болуы керек еді. Алтын балықты ортаға шақырғанда дарынды оқушылар бірінші болып белсенділік көрсетті. Оқушылардың өздерінің алтын балыққа сұрақтар қою барысында жабық сұрақтан ашық сұраққа көше бастағанын байқадым. Яғни мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды және кеңейтеді деген тұжырымға сәйкес болуы керек деген қорытындыға келдім. Сұрақтарды қоя білу стратегиясыз айтарлықтай ілгерілеу, сабаққа беріліп жұмыс істеу және сапалы бағалау болуы мүмкін емес деген тұжырым менің де көзқарасымды айқындай түседі.

Сүрет 2 - «Алтын балыққа арналған аквариумы» әдісі

Тиімді педагогика аясында бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты түрлі техникаларын пайдалануға болады. Ол үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынамалау, қайта бағыттау сияқты әр түрлі технологияларды пайдаланамын.

Сынамалауға арналған сұрақтар: оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, ойларын анық білдіруге көмектесетіндей етіп құрылуы қажет.

Қайта бағыттау сұрақтары: сұрақты басқа оқушыға қайта бағыттау. Мәселен: жоғарыда аталған сұрақтарға жауап беруге кім көмектеседі?

Сұрақ қойып - жауап беру арқылы оқушылар есептің шартын түсіне алады. Содан кейін есеп шығаруға емін-еркін кіріседі. Оқушының оқуын сұрақтарға берген жауаптар негізінде бағалау мүмкін болды. Себебі, кейбір оқушылар осы сұрақтарға жауап бере отырып, есеп шығару мүмкіндігіне ие болса, кейбір оқушылардың сұраққа жауап бергеніне риза болуға тура келеді. Қабілеті әр түрлі оқушылар үшін сұрақтарды шектеп отырдым. Балаларды барынша мұқият оқыту үшін сұрақтар қою техникасын анықтадым.

Балалардың ойлау қабілетін барынша жоғары деңгейде дамыту үшін сурауды қолдануға қатысты менің түсінігімде болған өзгерістер: бірден көп сұрақ қоймау, оқушыларға ойлауға уақыт беру, орынсыз сұрақтар қоймау, ойлауды дамыту үшін проблемалық сұрақтар пайдалану, оқушылардың жауап беру ниетін басатын сұрақтарды қоймау, олардың алдыңғы жауаптарына сай сұрақтар құрастыру. Сұрақтардың сапасы және жоспарлау үздік сабақтың айқын белгісіне айналуы күмәнсіз. Іс жүзінде біз сұрақтарға көп сенім артамыз. Сұрақтарды қоя білу стратегиясынсыз үздік прогресс, сабаққа етене кіріп кету және бағалау болуы мүмкін емес [5].

Нейл Мерсер, А. Дайалогос пен Литлтон еңбектеріндегі сапалы оқытудың бір көзі, әңгімелесу яғни, адами когнитивті және әлеуметтік даму негізінде оқушылардың қызығушылығын диалогтық стратегияларды қолдану арқылы жүзеге асыру қажетті десе, ал Рэгг және Браун

ұсынған зертеулеріндегі оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етуінің түрлерін тиімді қолдануды ұсынады [6]. Ендеше, өз сабақтарымда диалог пен әңгімелесу тиімді екенін, оның өзара әрекеттесу дағдыларын дамытатынын тәжірибе жүзінде енгізіп, зерттедім. Диалогтық оқыту арқылы балалардың өзара дамуын қалыптастыру, Бразилиялық педагог Фриери айтқандай әр адам оқу процесіне сыни тұрғыда қатысып, адамдармен диалогтық әңгімелесуге қатысуға қабілетті екендігіне негізделген білім теориясын әзірледі. Фриери теориясының негізінде осы тәсілге жағымды энергияны енгізуге арналған «педагогиканың мүмкіндіктері» термині жатыр. Педагог Фриери білім мынадай болуға тиіс деп санайды: Бірлескен, яғни оқушылардың топтық жұмыстарда ынтымақтастық арқылы өзара дамуын қалыптастыруды меңгерту мақсатында түрлі тапсырмалар орындады. Проблемалық тапсырмаларды шешуде диалог арқылы жұмыстар ұйымдастырылды.

Сабақтарымдағы оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі - аффективті (эмоционалды) сезім арқылы ортақ проблемаларды бірге шешіп, екі оқушы бірге қорытындылайды. Сабақтарда ЖИГСО әдісін қолдану кезінде Диалогтік оқыту әдісі жақсы жүзеге асып отырды. Диалог барысында оқушылар күтілген нәтижеге жету үшін күш – жігерін жұмсады, ынталанды, ойларын бөлісті, пікірлеседі, білімді бірлесіп алды, өз білімін толықтырды. Пікір алмасу оқушылар арасында диалог жүргізу арқылы жүзеге асып отырды.

Фриери, мұғалімнің міндеті - оқушының білімін толтыру, көбейту тенденциясымен емес, білімді тауып, дамыту арқылы тереңдетуге бағытталған көзқараспен оқушылармен диалогқа түсу деп санайды (2007 ред., 43-б). Осы мақұлдау жаңашыл болып табылады. Ең алдымен, Л.С.Выготский оқытуда диалогқа басты рөлді беруді ұсынған; ол енгізген «жақын маңдағы даму аймағы» мен Сократтың ұсынған «эленхос» сияқты (Abbs бойынша цитата 2003, 15-бет) түсінігі, диалогтік әңгімеге қатысушылардың біліміндегі кемістіктерді көрсететінін дәлелдейтін теорияның мағынасын анықтайды. Фриери осы теорияны ары қарай дамытуда, оқушы мен мұғалімнің арасындағы диалог процесінің рөлі мен қатынасын қарастыруда, осындай диалогтың мақсаттарын анықтауда көп еңбек сіңірген. Ендеше, сабақ барысында оқушы мен мұғалімнің арасындағы диалогты ескере отырып, сұрақ-жауап тапсырмалары да ескерілді[7].

Сүрет 3 - Диалогтық оқыту арқылы демократиялық сыныптарды дамыту

Оқушылар өздеріне үлестірілген ресурстардағы мәлімет жинау үшін диалог арқылы өзара әрекеттесіп, әңгімелесіп бір - біріне өздерінің ой - пікірлерін білдіреді. Тапсырма орындауда топтық әңгімеде оқушылардың әрқайсысы диалогқа түсті өз идеяларын, шешімдерін ұсынды, ауызша, жазбаша дәлелдеді, дұрыс пікірді құптап келісімге келді. Оқушылар өзара әрекетпен нәтижеге жету мақсатында пікір алмасып өздерінің күш жігерін жұмсады. Мұндай тапсырмалар балалар үшін өте қызықты болды. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен оқытуға қол жеткізу аясында табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басым болады. Әңгімелесудің маңыздылығын, оның білім алуда ажырамас бөлігі екенін зерттеу барысында дәлелдеді.

Диалог арқылы өзара әрекеттесіп, әңгімелесіп бір - біріне өздерінің ой - пікірлерін білдіреді. Барн (1976) пен Мерсер (2000) айтқандай оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болатын әңгіменің түрі десе, ол сабақта оқушылардың өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға да әсерін тигізетіні анықталды. Аталған ғалымдардың еңбектерінде диалог құруға арналған стратегия ретінде «Талқылау жөніндегі серіктестерді» пайдалану «талқылау жөніндегі серіктес» бөлінетінін айтады. Шағын топта жұмысты жоспарлаған ұмтылысы болуы тиіс деген идея ұсынады. Жүйелілік ғылыми ойлауға, қиын тапсырмаларды жетік білуге, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілік тудырады.

Осының нәтижесінде жан-жақты білім алуға, қоршаған дүниенің заңдылықтарын тұтастықта қабылдауы қалыптасады. Жалпы оқушылардың қиын тапсырмаларды орындауда қиындықтар туындайтыны белгілі болды. Қиын тапсырмалардың мөлшерін алдын ала анықтау керектігі белгілі. Ендеше, оқушыға қалай оқытудың жолын үйретіп, кері байланыс арқылы оны қайта сұрау керек. Олар: оның оқи, жаза білуі, дауыстап айтуы, естіп, көзімен көруі, қабылдауы, қайтадан айтып беруі т.б. оқушылардың есінде ұзақ сақталады. Оқушылар сабақта жауап беруде дәлелдемелерді ауызша баяндап формулаларды жазады, талдау кезінде жіберген қателерін өзара әрекетпен түзетеді, іскерлік өзара әрекет дағдылары дамиды. Білімді беру салу оңай, ал оқушыны ізденуге үйрету қиынырақ, ізденіс барысында түйінді мәселелерді бекітуде сыни ойлауды, өз қызметіне сынмен қарауды үйрету қажет. Адамдардың білім алуы жайлы болу үшін жауапты реакция мен мадақтау қажет, сондықтан бағалау ізгі болуы керек қайталап айтуға ұмтылысы болуы тиіс деген идея ұсынады. Әрбір сабақ соңында жауаптарына қарай оқушы білімін бағаладым. Оқушылардың білімін бағалау олардың жауаптарын мұқият тыңдағаннан кейін, оқушының жеткен жетістігін талқылап бағалау өзара әрекеттесуіне әсер еткенін бақыладым. Әр сабақтан кейін оқушының жеткен жетістіктерін айтып мадақтау, қолдау, топ ішінде ізденістеріне табыс әкелгеніне, сәтті орындағандарына өзара баға беріп отырды. Кез келген тапсырмалар орындау кезінде оқушыларға өз пікірлерін білдіріп, талқылау үшін шамалы уақыт беру керек екенін ескердім.

Қорыта келе, оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді.

Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады.

Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті. Сұрақ қою арқылы мұғалім: оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады; оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды; білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады; оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі; оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді; бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді. (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 41 - бет.) Мұғалімдер сабақ барысында сауалнама түріндегі кері байланыс әдісін қолданады және сабақ барысында көптеген сұрақтар қояды [2].

Өткізген сабақтарымда сынып оқушыларының өзара білімін дамыту мақсатында бірлескен сұхбатынан: оқушылар бірін – бірі оқытады, пікірлеседі, ой бөліседі, әңгімелеседі. Бұның бәрі де диалогтық оқыту әдістері негізінде жүзеге асып отырады. Оқушылардың тілдік қорын молайтуға, білім деңгейін көрсете алуына, білімін әділ бағалауына оң әсерін тигізетініне сенімім мол.

Ойландыра алатын сауалдар негізінде диалогтік сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Дүйсенова «Жаңарған әдістемемен оқыту» Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Бастауыш сынып» №1, 2014 ж
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012ж, екінші негізгі деңгей

3. Л.С.Рукгабер «Новые подходы в обучении:диалоговое обучение» Астана, 2013ж, «Білім берудегі инновациялық процестер» атты II Республикалық конференциясының материалдары (139 бет)
4. З.К.Кульбаева. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының тиімділігі» Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Бастауыш сынып» №7, 2013 ж.
5. Ә. Әлметова «Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту», А. Арыс, 2007
6. Мирсеитова С. Оқыту әзденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері: Қарағанды 2011.
7. Г.Т.Касенова «Бастауыш білім негізі-сапалы білім, саналы тәрбие бастауы» Астана, 2013ж «Білім берудегі инновациялық процестер» атты II Республикалық конференциясының материалдары (265 бет)

ӘОЖ 908(045)

ЕРЕН ЕР ИСА

Жолдасбаев Н.О.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада 1870 жылы өлкемізде болған көтеріліс басшыларының бірі өлкеміздің айтулы азаматы Иса Тіленбайұлы туралы ел арасына тараған мағлұматтар негізінде халқына даңқы жайылған айтулы батыр, ауызы дуалы шешен, би, ұзақ жылдар ел билеген болыс, серілік құрған, ақындық сөз шығарған жан-жақты ерен ер тұлғасы жан- жақты ашып көрсетіледі.
Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, көтеріліс, би, ақын, батыр.

Елбасының «ұлы даланың жеті қыры» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Оның екінші бөлімі тарихи сананы жаңғырту деп аталса осы бөлімде елбасымыз ұлы даланың ұлы есімдерін ерекше атап олардың тарихта өз орындарын алуарына бағыт береді. Адамзат қоғамының тарихында, ұлттар қоғамының тарихында басты рөлді ұлы тұлғалар атқарады. Қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылған «Ұлы тұлғалар» жетерлік. Ата-бабамыз дала бостандығын сүйе отырып, тарихтың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, ділімізді жоғалтпай бізге сыйлады. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері – Ұлы тұлғалар деп атап көрсетуі қуанарлық жайт. Міне осындай үлгі тұтар ұлы тұлғалар біздің өлкемізде де жетерлік. Бұл елбасының мақаласын жас ұрпақты тәрбиелеуде көрегенді саясатының нәтижесі деп біле отырып мақаламызда өлкеміздеи шыққан елдің елдік, ағайынның туыстық, татулық қасиетін қалыптастырған, ділмәр ұйымдастырушы, қара қылды қақ жарған әділ де тура билігімен ел көңілінен шыға білген өлкеміздің мақтанышы болған Иса Тіленбайұлы туралы жазбақшымыз.

Иса Тіленбайұлы 1829 жылы Маңғыстау жеріндегі Үстірт жайлауы, Алаторпа ауылында Өтебайұлы (кей деректерде Жаманқара) Тіленбайдың шаңырағында дүниеге келеді. Артынан Орақ,Құлбарақ деген інілері ереді. Иса жергілікті мешіттердің бірінде оқып, сол кездегіше сауат ашқан. Иса Тіленбайұлы адамгершілік, әділ-қазылық қасиеттерін, халқының болашағына жаны ашығандық пен ұлтжандылықтың тамаша үлгілерін көрсеткен ерен ер. Иса өзгеден бұрын, өзіне қатты талап қоятын би болған. Оның бүкіл адами өлшемі билігіне сиып тұрды. 1843 жылы Қаңбақтының аузында әлім мен адайдың арасында болатын қақтығысқа қатысады.Бұдан кейінгі түрікпендермен ,тағы басқа да ел арасында болған соғыс,қақтығыстарға қатардағы жауынгер ретінде қатысып отырады. Иса сол кездерден бастап әңгіме тыңдап,шешімді билік айтуға әуестенеді. Осылайша Ермембет,Қожық,Бәймембет Маяұлы сияқты Адайдың белгілі билері мойындайтын дәрежеге көтеріледі. 1849жылдары Бегдаш айналмасында отырған түрікпендердің ауылынан аруаналар жоғала береді де олардың Мәмбетсапа деген ру басы,атақты биі адайлар барымталап кетіп жүр деп кінә артады. Адай билері ақылдаса келіп, жас та болса Исаны Мәмбетсапамен айтысқа жұмсайды. Иса нақты дәлелдермен адай елін түрікпендер таққан

кінәдан құтқарады. Осы жағдайдан кейін Исаның билік құру, әділ шешу, жеңіп шығу жөніндегі беделі өседі. Жаманқара Иса болыс болып тұрғанда , көрші ауылдан Табынай Кенжалы деген кісі келіп,аман-саулықтан кейін Исаға: «Жарлы-жақыбай ауыл едік, ұрыға мал алдырып келдік. Жоғалған малдың ізіне түсіп едім, сіздің ауылға алып келді, бірақ жігіттеріңнен сұрасақ "көрмедік,білмедік"деп жолатпайды,көкке ұшқан ,жерге кірген жоқ,жоғымызды табуға және де ибалық етіп төрелік сұрағалы келіп отырмыз»деген көрінеді.Сонда Иса «Шырағым, егер расталса жоғыңды апарып бергіземін, сендер елдеріңе қайта беріңдер» деп жоқ іздеуші жігіттерді ауылына аттандарады. Иса жігіттерін жинап:" Егер алмағандарың рас болса,жылқыға барып жүген-құрық тимеген екі асау ат ұстап әкеліңдер"деп тапсырма беріпті. Жігіттер "мұны не қылайын деп отыр екен"-деп аң-таң қалып, айтқанын орындап, үйірден екі асау ат ұстап әкелген. Екі асауды алып келгеннен кейін Иса "Ал,шырақтарым,алмағандарың рас болса ,мына екі асау аттың астынан (бауырынан) біртіндеп өтіңдер"-деп жылқының басын байлатқан. Жүген-құрық тимеген асау аттың астынан өту оңай ма,жігіттер ұрлықтарын мойындаған көрінеді.Сонда Иса жігіттерге малын алдырған Табынай Кенжеалыдан кешірім сұрап,жоғын апарып беруді бұйырыпты. Ел сонда "апырмай мынадай да тапқырлық болады екен-ау"-деп таң қалған көрінеді.[1,5] Бұл Иса болыстығымен қатар билікке шешімді,сөзге жүйрік,тапқыр,әділ адам болған көрсетеді.1860 жылы патша Ресей үкіметінің Маңғыстау қазақтары үшін «жаңа низам» саясаты қолданыла бастайды. Адайларға өзге елдердегілерден көп салық салынады және екі жылдың салығын бір төлеу міндеті қойылады. Бұл салықты төлеуге көпшілігінің мүмкіндігі болмаса , мүмкіндігі барлар да төлеуге ниет етпеді.Патша үкіметінің жарлығымен Маңғыстауда «Уақытша ережені» жүзеге асыру үшін жер-жерге отрядтар шығып, алым-салықты көбейтті, малды талауға түсіріп, елді ойрандады.Міне осы тұста Иса Тіленбайұлының өмірі, ерлік істері, әсіресе 1869– 1872 жылдардағы Маңғыстау қазақтарының патша отаршылдарына қарсы көтерілісі кезінде жақсы көрінді. Ресей үкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндеді. Ол Досан Тәжіұлы, Шүрен Иманов, тағы басқаларымен бірге халық көтерілісін басқарды. Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған көтеріліс 1870 жылдың көктемінде, 22 наурызда бұрқ ете түскен болатын. Иса Тіленбаев пен Досан Тәжиев бастаған 400 сарбаз 1870 жылы 22 наурызда Үшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің жазалаушы жасағына ойсырата соққы беріп, 40 солдатын жойып жіберді. 1870 жылы сәуірде көтерілісшілер Александровск бекінісін қоршап алып, ондағы армян базарын талқандады. Саудагерлер мен өндіріс иелерін тұтқындап, Николаевская станциясын өртеді, армян слободкасы мен Қарағантүптегі шамшырақты қиратты. Кавказдан жіберілген жазалаушы жасақпен Тіленбаев сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетті. [2,6] 1872 жылы Хиуа хандығы Иса Тілембайұлын адайдың 70 биінің үстінен Қарайтын төбе билік қызметінен түсіріп тастайды.Бұл жағдайдан кейін Иса мен Досан өз жасақтарымен бөлініп, Досан қырға шығып кетеді де, Иса Хорезм бойында қалып қояды.1873жылы ауылдастарымен отырған Исаның жанына ақ есекке мінген ақсақал келіп тоқтайды. Ақсақал: «Иса жат жерде шығындалма,елге қайт»- дейді де ,елес болып көрінбей кетеді. Осы күннің ертеңіне Иса Маңғыстауға бет алады.[3,2] Иса Хиуадан оралған соң Фортқа барып оязбен, жазалаушы полктың басшысы Ломакинмен кездеседі.1874 жылы Қарағантүп болысына болыстық басқарушы (волостной управитель) болып тағайындалады. Иса 1874 жылы тағайындалған болыстық қызметі 1909 жылы өзі қайтыс болғанға дейін жалғасады.

Иса Тіленбайұлының ақындық өнерін айғақтайтын «Күйкеннен аттанарда», «Хиуаға кетерде», «Досанды жоқтауы», «Оязға баруы», «Болыс болып жүргенде», «Исаның қара өлеңдері» деген туындылары сақталған деп көрсетеді . Оның көптеген жырлары жазылып қалмаған, ол кездегі көптеген суырыпсалма ақындар жырларын қағазға түсіруді ойламай, керек жерінде шығарып айтып жүре беретін болған. Маңғыстау халқын өзінің суырыпсалма жырлары арқылы ел бірлігін нығайтуға шақырады.Тіленбаев ерлігін Ақтан, Бала Ораз, Қашаған, Сәттіғұл ақындар жырлаған .

Артымда жылап-сықтап елім қалды,
Қансырап хан талапай жерім қалды,

Жандарал асымды ішіп, басқа теуіп,
Қайтейін, аяқасты көңіл қалды.
Біз енді қайда барып паналармыз?
Амалсыз бөтен жұртты сағалармыз.
Кең Алла кеңшілігін берер ме екен –
Біз бүгін боздап қалған қара нармыз, – деп күйінеді («Хиуаға кетерде»). [4,6]

Жылқысы біздің елдің ақты-қылаң
Кетпейді кетті жұрттан жаман ылаң.
Бұл жұртқа титтейіннен біте қайнап,
Исадан, Досан, сенің көп пе күнәң?
Қолымнан ұшты қыран қос қаршыға
Еліңде мөрлі бидің жоқтығынан («Досанды жоқтауы»).

Исадан, Досан, сенің көп пе күнәң? – деген жолдардан Исаның серіктес қаруласының ерлігін, мықтылығын, батылдығын мойындайтынын аңғаруға болады. Өйткені, «өсер елдің ұлдары бірін-бірі батыр деген».

Исаның би ретінде ел арасындағы даудамайды шешудегі терең ой толғаулары мен үлкен тебіреністері көрініс берген. Ғұмыр бойы халқының дұшпандарымен алысып келіп, 85 жасында ақырет сауытын киініп, төсек тартып жатқан Сүйінғара бұны бізге былай жеткізген екен:

Бар арман: қанат - құйрығым,
"Көре алмай барам мен бүгін. —
Исаның айтар билігін,
Досанның жасар ерлігін"...

Қазақстанның жаңа заманғы келбетін қалыптастыруға ұмтылған тұлғалардан өнеге алған жастар да өзін жетістік жолында,елге еңбек сіңіру мақсатында жұмыстанатын болады. Елі үшін, жері үшін қандай да бір сауапты іс сіңіруге ұмтылады. Әрбір адамның мақсаты бұл туған елі мен кіндік қаны тамған атамекеніне еңбек сіңіру, бұл өмірге келуінің де басты миссиясы екендігін сезіне алуы қажет. Ал осы миссияның жүзеге асуына үлгі болатын бар өмірлерін халқына арнаған Иса Тіленбайұлы сынды тұлғалар екендігін әрдайым білуіміз қажет. Ойымызды түйіндей келе айтарымыз,батыр бабаларымыздың ерлік істері қай кезде де ұрпақ үшін үлгі-өнеге болуы керек. Егер біз бабаларымыздың асыл мұрасын сақтап,үлгі тұтсақ ,олардың есімін ұмытпай, қадірлесек бұл жастар үшін тәрбие бастауы болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Маңғыстау газеті.|// 8 қыркүйек 1992 жыл.
2.Маңғыстау газеті //.14 қазан 2010 жыл.
3.Егеменді Қазақстан//.15 қазан 2010 жыл.
4.Қазақстан патриоты //.№1 2013 жыл.
5.Әділ Жұмалыұлы. Адай Билері Айтқан.Алматы: «Арыс»,2006
6.Әбілқайыр Спан. Иса Тіленбайұлы. Алматы, 2004 ж.

ӘОЖ 159.99

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Исаева С., студент.
Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту мәселелері сөз болып, осы саланы зерттеген ғалымдардың пікірлері талданады. Дарындылық ұғымына түсінік беріліп, дарынды балаларды оқыту бағдарламасы мен оқыту мазмұныны ұйымдастыру принциптері, шығармашылық талаптары, дарындылықты ынталандыру тәсілдері баяндалады.

Түйінді сөздер: шығармашылық, интеллектуал, дарындылық, дарынды бала, шығармашылық дарындылық, принцип, тереңдете оқыту, жеделдете оқыту, пәнішілік, пәнаралық.

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық процестер тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы зиялы қоғамның талап-тілектеріне толығымен жауап беретін жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана алатын жеке тұлға тәрбиелеу мәселесін өзекті етуде. Сондықтан қазіргі заман мектептерінің басты міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде оқушылардың интеллектуалдық – шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және адамзаттық құндылықтарды, ғылым мен практикадағы жетістіктерді адамның шығармашылық, рухани дамуына, дара мүмкіндіктері мен интеллектуалдық сапаларының жоғары деңгейде қалыптасуын ұйымдастыру міндетіне қояды.

ТМД, Ресей ғалымдарының еңбектерін талдауда шығармашылық қабілет, креативтілік, дарындылық мәселелерінің психологиялық ерекшеліктері (С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.М.Матюшкин, А.В.Берушлинский т.б.); шығармашылық іс-әрекеттің мотивациялық сипаты (Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, А.Маслоу, Ж.Пиаже т.б.) жөнінде зерттеулері орындалған [1,2].

Елімізде дарынды балалармен жұмысты жетілдірудің мынадай бағыттары бойынша зерттеулер жүргізілгені белгілі: дарынды балалармен жұмысты ұйымдастырудың басқару аспектісі (Омарова Р.С., Ү.Б.Жексенбаева, Л.И.Нарықбаева); математика пәнін оқытуда дарынды балалардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту (Б.А.Тұрғынбаева, Ж.О.Үмбетова т.б.) мектепке дейінгі шақта балалардың дарындылығын дамыту (О.А.Жумадиллаева т.б.); жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесінде дарындылықты дамыту шарттары (С.В.Кузнецова, С.И.Қалиева т.б.) [3].

Дарынды балалардың ерекшеліктері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Психологтардың пікірі бойынша, дарынды балалардың бәрін біріктіретін және оларды біршама деңгейде өзгешелендіріп тұратын ең бастысы – бұл шығармашылық қажеттілігімен байланысты ақыл-ой белсенділігі. В.С. Юркевичтің пікіріне қарағанда, осынау қажеттілік дарынды бөбектердің дамуының «қуаткөзі» болып табылады. В.С. Юркевич балалардың «оңтайлы әлеуметтік орта мен тойымсыз танымдық қажеттілігінің арқасында алғыр болады, соның нәтижесінде олардың қабілеттері «шапшаң дамиды» деп санайды[4].

Дарынды балалардың өте бір маңызды ерекшелігі олардың қабілеттерінің жан-жақтылығы болып табылады. Б.М. Теплов «дарын сан қырлы» деп, әрі түрліше дарындылықтың болатыны жөнінде емес, зеректіліктің өзінің кеңдігі туралы сөз болуы керектігін атап көрсетті К.Г. Юнгтың пікірінше, дарынды баланың, тіпті қолайсыз сипаттамаларының да болуы мүмкін: ұқыпсыздығы, салақ, селқос, немқұрайды, ынтасыз, еркетотай, қисық мінезді, оның тіпті, ұйқыбастылық әсерін қалдыруы мүмкін. К.Г. Юнг керемет ерекшеліктерін қорғаныс сипатында, сыртқы әсерге қарсы қорғаныс болуы мүмкін деп есептейді, оның мақсаты – қиялдың ішкі ағыстарына емін-еркін әрі кедергісіз берілу.

Дж. Брунер: «Олар анағұрлым батылырақ әрі сонымен бір уақытта, анағұрлым дербестірек және тәуелдірек, салмақты және икемдірек, жуас және батыл, өз-өзіне сенімді және өз күштеріне күмәнденуге бейімді, анағұрлым әсершілдеу және шығармашылығы аздау әріптестерімен салыстырғанда, анағұрлым дербес. Олар осынау полярлық қарама-қайшылықтарды

өз ойларында тоғыстырып, қисынды түрде алғанда, саналы түрде шешуге келмейтіндей көрінетін мәселелерді таңғажайыптай шешу қабілетіне ие болады», - дейді.

Дарынды балалардың әділеттілік сезімі күшті дамыған және ол барынша ертерек байқалады. Олар қоғамдық әділетсіздікті мейлінше өткір қабылдайды, өздеріне және айналасындағыларға жоғары талаптар қояды да, шындыққа, әділеттілікке, табиғаттың үйлесімділігі мен әдемілігіне тезірек үн қосады. Олар тым ертерек өздері тұратын қоғамның әлеуметтік құбылысын түсінуге тырысады, өзінің онымен байланысын сезінеді және әлеуметтік өзгерістерге мән береді.

Сөйтіп, әдебиеттерді талдау, дарынды тұлғаның сипаты, әдетте, жеделтетілген психикалық дамуымен сипатталатынын көрсетті, бұл когнитивті сияқты, эмоциялық-жүйке өрісіне де қатысты. Осылармен қатар, зерттеушілер қазіргі әлеуметтік ортада дарындылардың бойында туындайтын, әрі өзін-өзі өзектендіру барысында, тұлғаның дамуын қиындататын мәселелерді де атап көрсетеді.

Н.С. Лейтес ақыл-ойы дамуы ертерек өрлеген балалардың өзіне тән қиындықтарының барын атап көрсетеді. Мәселен, отбасында осындай баланың ерекшелігіне жиі алаңдаушылық білдіреді. Нәтижесінде дарынды бала өзіне ең жақын адамдар – ата-аналары тарапынан түсініспеушілікке тап келеді. Көбіне-көп басқаша да болады. Баланы жанұяда мадақтау ауаны қоршайды, оның табысын шектен тыс қолпаштаушылық орын алады. Осы екі жағдай да сәби жүйкесіне жарақатын түсіреді. Мектепте мұндай оқушыға тағы оңай емес, өйткені, ондағы басымдықтар мұғалімдердің ақыл-ойы мен психикалық жағынан дамуында түрліше қиындықтары бар балаларға көбірек назар аударып, көмек көрсетеді. Демек, дарынды бала мектепте жиірек өз-өзімен оңаша қалады деген тұжырым жасауға болады[5].

«Дарынды балалар мен жасөспірімдердің диагностикасы мен дамуы» деген мақаласында К. А. Хеллер, дарынды балаларға кеңес беру үшін айрықша себептерін» бөліп көрсете отырып, анағұрлым маңыздыларының есебінде әлеуметтік мінез-құлық (40,6%) және мектептегі үлгерімімен байланысты (31%) мәселелерді атап айтады.

Дарындылықтың дамуын зерттеуде оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылықтың және нақты әрекет (музыка, спорт, т.б.) түрінде байқалатын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды. Дарындылық қабілетін көрсете білген балалар одан әрі оны үнемі жарияламай, Н.С.Лейтес бағалағандай «өспелі дарындылыққа» және шартты түрде белгілі бір іс-әрекетке бағыттай алады [5].

Көптеген психологтар анықтаған дарындылықтың ықтимал теориясы дарынды балалардың санатын анықтауды кеңейтуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты дарынды балаларды оқыту жолында жетістіктерге жету үшін белгілі бір мөлшерде жағдай жасалады. Оқытудың мақсатқа сай болуы бағдарлама бойынша 1-2% «вундеркинд» - балаларды ғана емес, өз жасына сәйкес орташа деңгейден жоғары даму деңгейіне көтеріле алатын балалардың 15-25%-ын құрайтындығы тәжірибелер арқылы дәлелденген. Шетелдік және отандық ақпарат көздеріне сүйенсек, Е.И.Щебланова атап көрсеткендей, ұлттық оқыту жүйесі мұндай балалардың қабілетін толық ашу үшін арнайы бағдарламалар мен олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеретін оқыту тәсілдерінің аумағын кеңейтуі шарт.

Дарындылықтың маңыздылығы мен прагматикалық-гуманистік бағдарға сай, баланың жеке тұлғалық қасиетін жаңа деңгейге көтеретін, ұлттық оқыту шартының іс-әрекеті түрінде «Дарындылық тұжырымдамалары» атты психологтар дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз», - делінген.

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жалпы білім беретін мектеп бағдарламасынан ерекше өздерінің жеке тұлғалық қасиетін ашып көрсете алуын қамтамасыз ететін бағдарламалар негізінде оқытылуы қажет. Сондықтан дарындылыққа берілген шетел зерттеушілерінің анықтамаларында оларды оқытудың арнайы бағдарламасының қажеттігі туралы мәліметтер берілген. Мысалы, Барбара Кларк: «Дарынды балалар деп – қандай ортада болмасын кез-келген істі жоғары деңгейде атқара алатын, күнделікті қарапайым мектеп бағдарламасынан өзгеше оқыту бағдарламасын қажет ететін балаларды атайды. Бұл оқыту олардың қабілеттерінің төмендеуін емес, керісінше одан әрі дамуын, өсу ықтималдығын қамтамасыз етеді», - дейді.

Бағдарламалардың тиімділігі балалардың мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес келумен тығыз байланысты. Егер, мектептегі оқыту негізін құрайтын танымдық іс-әрекет балалардың когнитивтік мінез-құлқына сай келмесе, онда баланың жоғары деңгейде дамуына қол жеткізу мүмкін емес. Шығармашыл дарынды балалар өзгелерден белгілі бір ерекше қажеттіліктермен айқындалатынын білсек, онда бұл оларды оқытудың арнайы бағдарламалары керек екендігін білдіреді.

Сондықтан да, педагогикалық процесс мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен дара мүмкіндіктерін есепке ала отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Дарынды балаларды оқыту бағдарламасы олардың мүмкіндіктері мен талаптарына және осы деңгейдегі оқушыларды оқыту мақсатына сәйкес келуі тиіс. Сондықтан, ең бірінші оқыту мазмұнының басты деген талаптарына тоқталайық:

- оқу пәндерінің сандық және сапалық ерекшеліктері;
- оқыту мазмұны әрбір оқу пәнінің мазмұны шығармашылық жұмыстарға бөлінуі;
- тақырыптық тараулар мол мазмұнды және зерттеушілік сипатта болып келуі;
- әр тарау көлемі мәліметтер қорына байланысты түрлі мөлшерде берілуі.

Бұл тәсіл оқытудың негізгі бағыттарына, яғни білім, білік, дағдыны шығармашылық тұрғыда меңгерулеріне жақсы әсер етеді. Мұндай әдіс оқытудың жаңа бағыттарын шешуге, яғни балалардың қабілетін жүйелі ой санасының шығармашылық ойлауын ашып, одан әрі дамытуға мүмкіндіктер беретіндей болуымен маңызды.

Осы тәсілмен біз шығармашылық дарындылықты дамыту үшін оқыту мазмұнын ұйымдастырудың 4 негізгі принципін айта аламыз:

1.Тақырыптық тараулар бойынша мазмұндық сипатының толықтығы;

2.Ғаламдық, кең таралған тақырыптар мен мәселелерді оқыту;

3.Дарынды балалардың білімге құштарлығын оятатын мазмұнды тақырыптарды оқытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, дүниенің дамуына байланысты тапсырмаларға деген пәнаралық көзқарасты қалыптастыру;

4.Мазмұндық өзара ішкі байланысты қалыпқа келтіру, білім саласына байланысты өзекті оқыту мәселелері мен тақырыптарының бірігуі.

Аталған төрт принцип те бір-бірімен тығыз байланысты, біреуінің жүзеге асуы басқасына әсер етеді. Пәнаралық көзқарастың іске асуы пәндер арасында тақырыптардың бірігуін қамтамасыз етеді. Дарынды балалар қажеттіліктерінің ақыл-ой жүктемесінде бесінші принцип пайда болады, бұл - оқыту мазмұнының нақтылық принципі.

Егер, біз С.Кэплан еңбегінде жақсы жарияланған (1982ж.) дүниежүзілік дарынды балалар ісінің кеңесі өңдеп шығарған дарынды балаларды оқыту бағдарламасының талаптарын одан әрі талқыласақ, онда дарынды балалардың мінез-құлық ерекшеліктерімен қатар, жеке шығармашылық дамуы мен осы талаптардың тікелей байланысын көре аламыз.

Дарынды балаларға арналған бағдарламалар талаптар сипаттамасы төмендегідей:

- оқушылар таңдаған тақырыптарды тереңдете оқыту мүмкіндіктерінің болуы;
- оқыту барысында өзіндік жауапкершілікті, яғни бала өзін-өзі басқара отырып, өз бетімен оқуын қамтамасыз ету;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдерін дамыту;
- абстрактылы-логикалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру;
- жаңа ой таба білуге ынталандыру;
- алуан түрлі әдіс-тәсілдер, мәліметтер қолдану арқылы жаңа жұмыстар табуға ынталандыру;
- әр түрлі критерийлер көмегімен жұмыс нәтижелерін, өз жұмысын бағалай білуге ынталандыру.

Зерттеулер көрсеткендей, дарынды балаларға арналған білім беру бағдарламаларын құрудың екі тәсілі бар. Біріншісі, оқу үрдісін жеделдетумен байланысты. Жоғарғы деңгейдегі балаларға қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша білім берілгенімен, жекелеген

ерекшеліктеріне байланысты даму деңгейінің мүмкіндіктері ескерілмейді. Жеделдетіп оқыту сыныпаралық оқу арқылы, әр түрлі пәндер бойынша кейбір оқушылар үшін жекелеген бағдарламалар құру арқылы жүзеге асады. Жеделдетіп оқыту дарынды баланың жеке даму ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Мұндай оқыту түрі баланы жалығудан сақтайды. Дарынды балаларды оқыту ісінің көрнекті маманы Г.Пассов: «Дарынды балаларды жеделдетіп оқыту кезінде «нақты ойланып мәселені шешіп, оның шешімін тауып алуға» уақыт жетпейді»,- деп жазады. Осы кезде мектепті ерте аяқтап, «үлкен өмір жолына» ерте араласу мәселелері талас туғызады.

Екінші тәсіл, оқыту мазмұнын өзгерту немесе байыту, яғни тереңдетумен байланысты. Бұл жекелеген тақырыптарды тереңдете оқыту, ғылымға ұмтылу, дарынды балалардың қызығатын пәнін өз қатарынан тереңірек меңгеруге мүмкіндік беру жолы. Тереңдетілген оқыту бағдарламалары балаға бір немесе бірнеше білім саласында жоғары құзыреттілік деңгейіне жетуге көмектеседі. Жеделдете оқытуды ескере отырып, баланың кейбір ерекшеліктерін арттыруға болады: баланың таңдауға қызығушылығы артады, ақыл-ой қажеттілігі дамиды.

Сонымен, тереңдете және жеделдете оқыту кезінде баланың шығармашылық қабілеттерінің дамуына арнайы көңіл бөлінуі қажет. Оқыту мақсатына сәйкес бағдарламаларды екі түрге бөлуге болады:

– бірінші тобына, жоғарғы ойлау үрдісін, яғни шығармашылық, логикалық ойлау, мәселені шеше білу қабілетін дамытуға бағытталған барлық бағдарламалар жатады. Мұндай бағдарламалар баланың шығармашылық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін одан әрі дамытуға әсерін тигізеді. Оларды кез келген мәселелерді шеше білу қабілеттілігімен «қаруландырады»;

– екінші тобына, өз мәселелері ретінде жеке-эмоционалды даму саласын қарастыратын бағдарламаларды жатқызуға болады. Жеке-эмоционалды даму жоспарының қиындықтары: өзін-өзі төмен бағалау, сескену, өз-өзіне сенімсіздік білдіру. Осы қасиеттер баланың шығармашылық қабілеттерінің дамуына кері әсер етеді. Сондықтан өзін-өзі тану қабілетінің дамуына ерекше назар аударылу қажет.

Демек, жеделдете дамыту да, мектеп курсын тереңдету де, тренингтік бағдарламалар да барлық оқыту мәселелерін және дарынды балалар дамуын толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл мәселелер тек қана оқыту мен дамыту бағдарламасында ғана шешіледі. Өйткені бұл бағдарламалар балалардың дамуына ықпалын тигізіп, оқытудың барлық тәсілдерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін ашады.

Мектеп дарынды балаларды оқыту, дамыту ортасы болу үшін оқыту процесі осындай бағдарламалар талаптары негізінде құрылуы тиіс. Оқу пәндерінің көбеюі, қазіргі кездегі ақпараттық-технологиялық өзгерістердің пайда болуы бізге оқыту мазмұнын кіріктіру керек деген ой салады. Біз жоғарыда көп пәнділіктен және пәнаралық мазмұнның тұтастығы болмауынан қандай қосымша мәселелер пайда болатындығын айтып кеттік. Сондықтан соңғы 7-8 жыл ішінде елімізде кіріктірілген бағдарламалардың саны күрт өсті десек, таңқаларлық жай емес.

Кіріктірілген бағдарламалар – тақырыптарды, бөлімдерді кіріктіру принципімен құрылған оқыту мен дамыту бағдарламалары. Осы анықтама негізінде кіріктірудің екі түрін атап айтуға болады:

1. Пәнішілік, белгілі бір пән ішіндегі тақырыптарды кіріктіру;
2. Пәнаралық, әртүрлі пәндер арасындағы тақырыптарды кіріктіру.

Аталған мазмұндық ортаның ерекшелігіне және тақырыптар арасындағы байланысқа қарай жай және жанама кіріктірулер деп бөліп айтуға айтуға болады.

Ресейде кеңінен танымал дамыта оқытуға бағытталған Эльконин-Давыдов жүйесі пәнішілік талдау арқылы жүзеге асырылады. Осы тәсіл мен жүйе бізге оқыту мәселелерін шешуге және балаларды әрбір жеке пән бойынша дамытуға мүмкіндік береді. Осы беріліп отырған жүйе негізінде білім алып отырған балалар әр пәнді өз мүмкіндігі мен қызығушылығына сай терең меңгереді. Зерттеушілер пікірінше, дарынды балаларды осы жүйемен оқыту тиімді деп саналады.Дегенмен, дарынды балаларды оқыту жөнінде сөз қозғалған кезде бұл жүйенің мүмкіндіктері баланың дүниеге деген тұтас көзқарасын, жаңа мәселелерді қабылдауын дамытуға жеткіліксіз.

Я. Коменский: «Педагог үшін ең бастысы – баланың кішкентай зерттеушілер ретінде дамуына кедергі келтірмеу. Балалар әр нәрсені тасымалдайтын ара деп есептесек, оларға өз істері белгілі бір мөлшерде пайда әкелетіндей көмек беруіміз керек», - дейді.

Зерттеушілер шығармашылық дарындылықты ынталандырудың мынадай тәсілдерін ұсынады:

– ынтымақтастық атмосфераны қамтамасыз ету;

– баланы қоршаған ортаны және пәндік білімге құштарлығын арттыру үшін жағдай жасау;

– ерекше идеялар айтуды марапаттау;

– әр ғылым саласында қолданылатын ойлаудың дивергентті типінің сұрақтарын кең қолдану;

– балаларға белсенді сұрақтар қоюға мүмкіндік туғызу.

Шығармашыл оқушыларды дарындылығын анықтаған кезде кешенді көзқарас танытқан маңыздырақ. Сонымен бірге сан алуан әдістердің кең ауқымын қолдануға болады:

– балаларды бақылау әдістерінің сан алуан жолдары (табиғи және лаборатория жағдайларында, мектептен тысқары қызметінде);

– белгілі бір шығармашылық дарындылық жағдайын талдау міндетіне орай, түрлі әдістемелерді қолдана отырып, психодиагностикалық зерттеулер жүргізу;

– баланың отбасылық жағдайы туралы, ерте балалық шағындағы дамуы жөнінде ақпарат жинаудың бірқатар әдістерін пайдалану (ата-аналармен әңгімелесу, сауалнамалар, балалардың шығармалары, күнделіктегі жазбалары және т.т.);

– арнаулы психодиагностикалық тренингтер;

– балалардың тәртібін мұғалімдердің, ата-аналардың, тәрбиешілердің сараптамалық бағалауы;

– арнаулы бағдарламалар бойынша «байқау» сабақтарын өткізу, балаларды арнаулы ойындық және пәндік-бағытталған сабақтарға кірістіру;

– ұжымдық шығармашылық істерді даярлау барысында балалардың рөлдік ойындарға, «ми шабуылына» атсалысуы;

– балалардың шығармашылық қызметінің нақтылы өнімдерін кәсіби шебер мамандардың талдап, бағалауы (суреттер, өлеңдер, техникалық үлгілер т.б.);

– сан алуан зейіндік және пәндік олимпиадаларды, конференцияларды, спорт жарыстарын, шығармашылық бәйгелерін, байқауларды, фестивальдерді, т.т. ұйымдастыру.

Оқушылардың шығармашылық дарындылығын қалыптастырудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның интеллектуалдық дамуы, ой-өрісінің, рухани жан – дүниесінің баюына, саяси көзқарасы мен шығармашылық белсенділігінің, іскерлігінің жоғары деңгейде қалыптасуына толық мүмкіндік беру, жағдай жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении – М.:Педагогика, 1992. – 208 с.
2. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977.
3. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дис. –Алматы, 2006.–167.
4. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық информашылық. Монография. – Алматы, 2012. 236 б.
5. Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. Кн. для учителей и родителей. –М.: Просвещ. Учебная литеретура, 2006. -136 с.
6. Лейтес Н.С. Об умственной одаренности. –М., 1990. - 214 с.

ӘОЖ 908 (045)

XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БАСҚАРЫЛУ ТАРИХЫ

Табылдиева.О.Д.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX- XX ғасырлардағы Маңғыстау өңірінің әкімшілік-аумақтық басқарылу тарихы ғылыми тұрғыдан зерттелінеді. Өңірдің приставтық, дистанциялық, уездік бөліктерге біріктірілу мақсаттары мен негізгі ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: приставтық, жоғарғы және төменгі дистанция, болыс, уезд.

Маңғыстау қазақтары XIX ғасырдың орта шеніне дейін өздерінің дәстүрі, әкімшілік-территориялық бірлігі бойынша Кіші жүздің билеуші-сұлтаны басқаруындағы батыс бөлікке қарады. XIX ғасырдың ортасынан бастап Маңғыстау халқы патша өкіметінің отарлық басқару жүйесіне тартыла бастады.

Маңғыстаудағы патшалық әкімшілік биліктің өзіндік ерекшелігі болды. Маңғыстауды отарлау мен Ресейлік әкімшіліктің басқа аймақтардағы өзгешелігі - приставтықтың құрылуы болып табылады. Приставтық – Россия империясында қабылданған әкімшілік бөліктерге бөлу жүйесіндегі біртұтас қабылданған бірлік емес еді. Сол себепті де оны енгізу патша үкіметінің өзіне бағынышты әрі шекаралық стратегиялық аймақ болып табылатын территориясындағы әскери-полициялық биліктің айқын белгісі болды.

Әкімшілік реформалар Маңғыстаудың әкімшілік-территориялық бағыныштылығын бірнеше рет өзгертті. Әрбір өзгеріс әскери-полициялық бақылауды күшейту және түбек халқын қазақ халқының негізгі бөлігінен айыру бағытында жүргізілді. Уездегі көшпелі халық болыстарға бөлінді, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстар мен ауылдарға кіретін үй басы санын облыстық басқарма бекітті. Болыстарды болыс басшылары, ал, ауылдарды-ауыл ақсақалдары биледі. Сондай-ақ, Маңғыстау халқындағы әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның басқа өңіріне қарағандағы тағы бір өзгешелігі болыстарды құруда болыс басшыларын, ауыл старшындарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшіліктің тағайын-дауынан көрінді. Қазақстанның өзге аймақтарында жергілікті билеушілерді формальды түрде болса да, сайлап қоюшы еді. Олар 3 жыл мерзімге халықтық сайлау арқылы сайланатын. Ал, Маңғыстауда оларды патшалық әкімшілік тағайындады.

Маңғыстау халқының Ресейге заңды түрде бағындырылуы XIX ғасырдың 40-жылдары Кіші жүз халқын дистанцияларға бөлу принципімен басқару жүйесін енгізуге байланысты жүзеге асырылды. Бұл жүйе бойынша, қазақтардың жайылымдары казак станицаларының санына сәйкестендіріліп бөлініп, басқарыла бастады (алғаш 32 дистанция болса, кейінірек олардың саны өсе берді) [1].

Алғашқыда Маңғыстау қазақтары ресейлік басқарылуға түгелдей қамтылмады, батыс бөлігіндегі 52-дистанцияға адай руының төрт аталығы (қырықмылтық, түркпен-адай, құнанорыс, балықшы) және Үстірттің оңтүстігін мекендеген Кіші жүздің басқа да бөліктері енгізілген болатын. Кіші жүз территориясына орыс бекіністері салынған сайын, Маңғыстаудағы адайлардың патша өкіметіне бағындырылуы күшейе түсті. 1867 жылы Адай қазақтары Жоғарғы дистанция деп аталынған әкімшілік жүйелік бірлікке біріктірілді. Бірақ, көп ұзамай бұлайша басқарудың қиындығына байланысты екі дистанцияға бөлініп басқарылды. Маңғыстау Адайларының бес аталығы Төменгі дистанцияға, ал Үстіртті мекендеген Адайлар-Жоғарғы дистанцияға бағындырылды.

Патшалы Ресейдің отары болған Қазақстан XIX ғасырдың соңында үш генерал-губернаторлыққа Түркістан, Орынбор, Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бағынған 6 облысқа бөлінді. Маңғыстау ол кезде Маңғышлақ приставтығы деген атпен белгіленіп, негізгі

қазақ жерлеріндегі әкімшілік-басқару жүйесінен бөлініп, алғашқыда Кавказ әскери округына енгізілді.

Маңғышлақ приставтығы 1861-1881 жылдар аралығында (кейіннен болыс, уезд, облыс, губерния ретінде) өмір сүрді. Маңғыстау түбегіндегі әкімшілік-территориялық бөлік 1868 жылы Маңғышлақ приставтығына Бозашы түбегі, үстірт жоны, Каспий теңізінің Шығыс жағалауындағы Морской, Святой, Подгорный, Долгий, Орлов, Керел (Жандауыр) аралдары кірді.

1869 жылы орыс әскерлерінің Красноводск, Тасарбатқала бұғаздарында жүргізген әскери барлау жұмыстарының нәтижесінде Каспий жағалауында Красноводск приставы құрылып, Кавказ наместнигіне берілді. Красноводск приставымен қатар 1870 жылы 2 ақпанда Маңғыстау да Кавказдағы Дағыстан облысына қаратылып, аймақтағы адайлар мен түрікмендер Ресейдің әкімшілік жүйеде жүргізілген реформаларына байланысты еріксіз түрде өз руластарынан, ұлтынан бөлініп қалды.

Территориялық принцип негізінде басқаруға бейімделген бұл жүйе – қазақтардың ғасырлар бойы дамыған дәстүрлі шаруашылығын дамыту, әрі жүргізу мүмкіндігін жойғандықтан, Кіші жүз қазақтары 1868 жылы көтеріліске шықты.

Нәтижесінде Маңғыстау территориясында Уақытша ережеге сай патшалық басқару жүйесі іс жүзінде 1870 жылы күшпен енгізілді. 1870 жылы 2 ақпанда Маңғышлақ приставтығы Александровск фортымен бірге Орынбор генерал-губернаторлығындағы Орал облысынан бөліп алынды, Дағыстан генерал-губернаторлығындағы Кавказдық мирасқор әкімшіліктің басқарылуына берілді [2].

Кейбір деректерге қарағанда, 1870 жылы Маңғыстауда 40 мыңға жуық шаңырақ адайлар тұрды және олар екі жыл ішінде 160 мың сом шаңырақ салығын төлеуге тиіс еді. Бұл салық тарихта «түтін салығы», «шаңырақ салығы», немесе «үй салығы» деген атаумен белгілі. Бұл салық тең дәрежеде, халықтың әлеуметтік жағдайына қарамастан яғни қатардағы жеркепе, лашық иелерінен де және ауқатты отбасыларынан да бірдей көлемде жылына бір рет жиналды. Салық жинау арқылы дистанциялық бастықтар мен ауыл старшындары қарапайым қара бұқараны қанап отырды, салыққа ақша бере алмағандардың малы алынды.

Енгізілген басқаруға негізделіп Маңғыстау приставтығы 2 қазақ, 1 түрікмен болысы-нан құрылды. Олар: Бозащы, Маңғыстау, Түрікмен. Қазақстанның басқа аймақтарында болыстар қысқы қоныстарына байланысты құрылса, Маңғыстауда көшу ретіне қарай, екіншіден, жерді пайдалану құқына, рулық бөлінуіне байланысты құрылған. Болыстардың санын және шекараларын анықтау Кавказ армиясының бас қолбасшысына жүктелді.

1874 жылы патша үкіметінің Каспий сыртқы аймағын басқару туралы Уақытша ережесіне сәйкес, Маңғыстау мен Шағадам (Красноводскінің) әкімшілік жүйеде біріктіріліп, 1881 жылы Каспий сыртқы аймағы облысына кірді, ал 1884 жылы Шағадам (Красноводск) маңындағы 2894 түтін біріктіріліп, Адай болысы құрылды.

Алғашында, Маңғыстау территориясында Кавказдық әкімшілік әскери басқаруды енгізуді жоспарлады. 1874 жылы 9 наурыздағы Каспий сырты аймағын басқару туралы Уақытша ережесі бойынша Маңғышлақ пен Шағадан (Красноводск) приставтықтары Каспий сырты әскери бөліміне біріктірілді. Бұл бөлім әскери және әкімшілік жағынан да Кавказ әскери округінің Бас командашысына тікелей бағынатын. Маңғыстауды Кавказ арқылы басқарудың бұл әдісі қолайсыз көрінгендіктен Каспий сырты әскери бөлімі 1881 жылы 10 маусымда орталығы Ашхабад болған Каспий сырты облысына айналдырылды. Облыс Кавказ әскери округына бағындырылып, үш уезден: Маңғышлақ, Красноводск және Ахалтеке уездерінен тұрды.

1890 жылы Каспий сырты облысы Кавказ әскери округынан бөлініп, бөлек әкімшілік және әскери, құрамында 5 уезі бар аймаққа айналдырылды. Маңғышлақ уезінде негізінен қазақтар – адайлар мен түрікмендер тұрды. Адайлар үш болысқа: Маңғышлақ, Бұзашы және Үстірт болыстарына бөлініп басқарылды.

1877 жылы Маңғышлақ болысы екіге – Маңғышлақ пен Түпқараған және Бірінші мен Екінші-Бозащы болыстықтары болып бөлінді [3]. Маңғыстауда 1888 жылы жаңадан үш болыстық: Түрікпен-адай, Жеменей және Райымберді болыстықтары құрылды. Кейінірек Үшінші-Бозащы болыстығы құрылады. Сондай-ақ, 1908 жылы Каспий теңізінің шығысын-дағы қазақ және

түрікмен балықшылары Рыболовная деп аталатын болыстыққа біріктірілді. 1881 жылы Маңғышлақ приставтығы 10 қазақ және 1 түрікпен болыстарынан құрылған уезге айналдырылады.

Айта кету керек, 1880 жылдары Маңғыстауда жүргізілген әкімшілік басқарудағы өзгерістер кезінде 6 мың түтін адайлар (1,2,3 – Адай болыстары) еріксіз Орал облысына қалдырылып, Маңғышлақ уезіне енгізілмеді [4].

Адайлардың болыстардағы орналасуы әркелкі болды. Әр болыста 1100-1600 түтін аралығында адамдар болды. Болыстар әкімшілік бірліктер – ауылдарға бөлінді. 1908 жылы болыстарда 74 ауыл болды. Маңғыстаудағы әрбір болыстың территориясы табиғи шекаралармен анықталып отырды.

1890 жылы Каспий сырты облысы Кавказ әскери округынан бөлініп, жеке әкімшілік және әскери басқарудағы облысқа айналды. Маңғышлақ уезі Каспий сырты облысы құрамындағы 5 уездің бірі болды. 1897 жылғы санақ бойынша, Маңғышлақ уезінде 68,555 адам тұрвп, 1 $м^2$ жерге 0,36 адамнан келді.

Сонымен, Маңғышлақ уезі - бұрынғы Маңғышлақ приставтығы. Ол алғашқы кезде Кавказ әскери округына, ал 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Каспий сырты облысына бағынды. Маңғышлақ уезінің оңтүстік шекарасы Қарабұғазды қақ жарып, Арал теңізіне дейін, солтүстік шекарасы қазіргі Комсомол шығанағынан Үстірт жонының солтүстігі мен Арал теңізінің батысына дейінгі жерді алып жатты. Уезд 10 болыстықтан, 74 әкімшілік ауылдан тұрды. Маңғышлақ уезі деген атау 1920 жылға дейін сақталып, сол жылдан бастап Адай уезі атанды. Адай уезі (кейінгі округ) Маңғыстаудағы негізгі шаруашылық – мал шаруашылығының өсуі мен орналасуының мекені ретінде қалпын көп өзгертпестен 1920-1927 жылдарға дейін оңтүстіктегі Шағадам (Красноводск) қаласынан бастап Солтүстік, Солтүстік-шығыстағы Мақат пен Шалқарға дейінгі территорияны немесе қазіргі төрт облыстың (Шағадам, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе) жерін қамти орналасып жатты. Маңғыстау, Красноводкі уездіндегі қазақтардың негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығы. Маңғыстау уездіндегі адайлардың 93,4% мал шаруашылығмен, 0,02% егіншілікпен, 6,4 % басқа да кәсіппен айналысқан. Олар: балық аулау, кірешілік, сауда және қолөнері.

Маңғыстау уездінде егіншілікпен Қаратау, Ақтау және Александровскі форты маңында тұратын адайлар айналысты. Олар бидай, арпа, тары егіп және Александровскі форты маңында жүгері, жоңышқа, бақша дақылдарын өсіретін.

Қорытынды, XIX-XX ғасырларда әкімшілік тұрғыдан Маңғыстау өңірі Орынбор генарал-губернаторлығына, кейін Кавказ наместнигіне бағынған «Маңғышлақ приставтығы» (1870-1881жж.) деп аталды. Кейін Кавказ наместнигінен алынып, Закаспий облысына беріліп «Маңғышлақ уезі» (1881-1920 жж.), ал, Кеңес үкіметінің кезінде «Адай уезі» (1920-1927 жж.), «Адай округі» (1927-1929 жж.) аталады.

1973 жылы 20 наурызда өз алдына Маңғышлақ облысы болып құрылды. 1988 жылдың 2 маусымында облыс таратылып, 1990 жылдың 17 тамызында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен тарихи атауын иемденіп, орталығы Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы болып қайта дүниеге келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚРОМА 5 - қор, 1 - тізбе, 2171 - іс, 124 – парақ.
2. ҚРОМА 715-қор, 1-тізбе, 41-іс, 180-183 парақтар.
3. М.С.Турсынова. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. –184 с. (119 - 120).
4. ҚРОМА 40-қор, 1-тізбе, 712-іс, 1-2 парақтар.
5. Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы., 1997.

ӘОЖ 159.99

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Нұрмұхаметова Р.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дамуы мәселері, біріншіден, ғасырлар тоғысында тұлғаны тәрбиелеу міндеттеріне, екіншіден, оның өмір сүру барысындағы отбасы тәрбиесінің үрдісіне, үшіншіден, қазіргі тәрбие құралы мен құрылысына байланысты. Мұндай міндеттердің баянды болуы ата-аналардың үлесіне тиетінін ескерсек, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дамуында отбасы тәрбиесінің алатын орны ерекше. Беріліп отырған мақалада оқушылардың психологиялық дамуын жетілдіруде отбасы тәрбиесінің қағидалары мен жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: отбасы тәрбиесі, психологиялық даму, ата-ана, тәрбие.

Отбасы-некеге немесе қандас туысқа негізделген қоғамдық шағын топ, адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы нысанасы, яғни тұрмысының ортақтылығы мен және өзара моральдық жауапкершілік, көмекпен байланысқан адамдардың бірлесуі. Отбасы қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Онда адам дүниеге келіп, ұрпақ жалғасады. Отбасында бастапқы әлеуметтану үрдісі жүзеге асады, балалар азаматтық кәмелетке толғанша тәрбиеленеді, қоғамның еңбекке жарамсыз қарт мүшелеріне қамқорлық жасау міндеттемесі іске асырылады. Отбасы сондай-ақ тұрмысты ұйымдастырудың ұйытқысы, ошағы және маңызды тұтынушылық бірлік әрі негізгі элементтік саясат объектілерінің бірі болып табылады [1]. Отбасы өмірінің материалдық жағы табиғи биологиялық және шаруашылық – тұтыну қатынастарынан тұрады, рухани жағы – қоғамдық-экономикалық жүйенің, қоғамдық қатынастардың сипатымен, мәдени-даму дәрежесінің ерекшеліктерімен, ұлттық әдет-ғұрып үрдісімен сипатталады. Қазіргі заманда отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Оған дәлел 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, кейіннен 1995 жылы Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» бола алады. Онда «Бала толық және гармониялы дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Сондай-ақ, бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делінген. Конвенцияда әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екендігін айта келіп, ол білімдердің мына бағытта: баланың жеке басын, талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамыту; адам құқығын құрметтеу; баланы өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени тұрмыс-салтын, тілі мен құндылықтарын, елінің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеу; баланы еркін қоғамда ынтымақтастық, түсіністік, ұлт аралық қарым-қатынаста достық рухында саналы өмір сүруге дайындау; қоршаған ортаға жанашырлыққа тәрбиелеу жүзеге асырылуы керектігін ұсынады [2].

Бүгінде тәрбие берудің ауқымы кең, талабы жоғары. Соған сай заман талабы бүгінгі отбасына үлкен жауапкершілік пен жоғары білімділікті жүктеп отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы ерекше болғандықтан, отбасы тәрбиесіне философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және педагогикалық зерттеулерде ерекше көңіл бөлінген. Бүгінге дейін отбасы және ондағы бала тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері қазақстандық ғалымдар Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, Л.Лысенко, Р.Төлеубекова, Г.Байдельдинова, Ж.Әбиев және т.б. тарапынан зерттеліп келді. Олар өз зерттеулерінде ұлттық ділді ескере отырып қоғам талабына сай бала тәрбиесін ұйымдастырудың жолдарын көрсетуге тырысады. Философ Р.Нұрғалиев өзінің сөздігінде «отбасы – ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға негізделген әлеуметтік қауымдастықтың түрі»,- деп көрсетсе, ғалым Қоянбаевтар өздерінің педагогикалық

еңбектерінде: «Отбасы - ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар тобы»,- деп анықтама береді [3]. Отбасының типтері, оның қызметтері, психологиялық ауан мен отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы ондағы бала тәрбиесіне өзіндік әсерін тигізеді. Біздің қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардың дені сау, рухани әлемі бай, құштар болып өсуі, сонымен қатар туған халқы мен Отанына адал болып өсуі ең жоғары тілек, биік мақсат болып келген. Оның қуат алар қайнар бастауы отбасы. Отбасы баланың жеке басының қалыптасуына екі жақты әсер етеді.

1.Отбасының материалдық жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, яғни отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажетсінуі мен әлеуметтік құндылықтары арқылы әсер етеді.

2. Әлеуметтік және белгілі бір мақсатқа бағытталған тәрбиелік шаралар арқылы әсер етеді.

Бұл, көбінесе, отбасындағы негізгі көзқарас пен тәрбие үрдісі қоғамның тәрбиелік мақсатына, идеялық, адамгершілік және эстетикалық талаптарына қаншалықты сәйкес келуіне байланысты жүзеге асырылады. Ата-аналар отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастыру үшін оларға белгілі бір білімдер мен қабілеттіліктер қажет. Осы тұста Ресей ғалымы А.Пинт: «Ата – аналар балаға жақсы тәрбие беру үшін оның мінез-құлқындағы әрбір ұсақ-түйек өзгерістерді байқап білуге қабілетті болуы керек. Педагогтер секілді кез-келген ата-анаға да педагогикалық такт өте қажет. Олар балаларын суықтап қалудан немесе әр түрлі ауруға шалдығудан қорғап, алдын алып жүреді де, өздерінің дөрекі сөздері мен әрекеттері арқылы олардың жүйке жүйелеріне кері әсер ететінін ескере бермейді» дей келіп, бала тәрбиесінде ата-аналардың бойында педагогикалық байқағыштық, педагогикалық елестету, педагогикалық такт және ұйымдастырушылық қабілеттердің болуын ұсынады.

Бұл мәселені тиімді шешу үшін ата-аналардың педагогикалық білімін көтерудің бүгінгі күнгі бірден-бір ошағы – мектеп. Бұл, ең алдымен, ата-аналармен жұмыс жүргізуде олар білуге тиісті білімдерді өмір талабына сай насихаттап отыру бүгінгі сынып жетекшісінен терең білімділікті қажет етеді. Дегенмен, бүгінгі отбасыларындағы ата-аналардың бала тәрбиесін заман талабына сай ұйымдастырудағы қабілеттері мен мүмкіндіктері бірдей болмай отыр. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың: «тәрбиедегі мақсат - баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару»,- деп айтуы балалар тәрбиесінде ата-аналар алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. Әрине, отбасы өзінің дербес әрекеті арқылы тәрбие саласында ауқымды мәселерді шешуде әлсіздік танытады. Ол үшін отбасы мен мектептің өзара бірлігін нығайту өте маңызды. Ал тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық, бірлік және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс.

Бүгінгі отбасы тәрбиесінің барысын екі жақты қырынан байқауға болады. Біріншісі, отбасының мектеппен бірлесе әрекет етуге өте ынталы болып отырғандығы. Мұнда ата- аналар балаларының сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін оларды ең таңдаулы мектептерге оқуға береді. Оқушылардың ұлттық тәрбие алуымен қоса әлемдік тәрбие жетістіктерін пайдалану қолға алынуда. Мектеп пен отбасының өзара бірлігінің нәтижесінде ата-аналар тарапынан мектептің педагогикалық қызметіне әр түрлі көмектер көрсету, атап айтқанда, демеушілік жасау, тәрбие тәжірибелерімен бөлісу, кәсіби қызмет саласын кіріктіру және т.б. жүзеге асырылады. Екіншіден, отбасының мектеппен ынтымақтастықты орнатуға немқұрайлылықпен қарауы орын алуда. Бұл күнкөріс жағдайымен отбасындағы балалар тәрбиесіне көңілдің бөлінбеуі, тіпті, ата-аналардың жиналысқа келмеуі, мектеппен байланыс жасауға талпыныстың болмауы, бала тәрбиесіне қатысты аз оқитындығы және т.б. арқылы айқындалады. Өкінішке орай, зерттеу барысында көптеген сынып жетекшілерінің, әсіресе, жас мамандар арасында ата-аналармен жұмыс жүргізуге дайындықтың төмен екендігі айқындалды. Жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындауға аса көңіл бөлінгенмен, олардың сынып жетекшісі ретіндегі қызметіне, соның ішінде отбасы тәрбиесін жетілдіру мәселелеріне дайындығы назардан тыс қалып отырады. Бізге жалпы білім беретін орта мектептің мұғалімдерімен және сынып жетекшілерімен сауалдама жүргізу арқылы отбасы тәрбиесінің жағдайы қаншалықты

назарда алынғандығын білу қиынға соқпады. Онда көптеген сынып жетекшілерінің отбасы тәрбиесін жетілдіру арқылы мектептегі тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз етуге назар аудармайтындығы байқалды [4]. Тақырыптық ата-аналар жиналысы жүйелі өткізіліп тұрмайтындығы, ата-аналар жиналысынан тыс олармен байланыстың болмайтындығы, тіпті тәрбие жұмысында басқа да тәрбие мекемелерімен ынтымақтастықтың орнатылмайтындығы анықталды. «Сіз мектеп тарапынан отбасы тәрбиесін жетілдіруде қандай көмек болғанын қалайсыз?» деген сұраққа ата-аналар тарапынан әр түрлі жауаптар алдық. Онда олардың кейбірі «мектептерде ата-аналарға арналған отбасы тәрбиесін жетілдіруге байланысты мамандар кеңесі немесе дәрістер ұйымдастырылып тұрса» десе, кейбір ата-аналар «Баламызға сапалы білім беріп, жақсы тәрбиелесе болғаны» деп жауап берген. Шындап келгенде, сапалы білім мен жақсы тәрбие беру ұзақ мерзімді талап ететін және екі жақты сипатқа ие болатын тәрбие беру ұзақ мерзімді талап ететін және екі жақты сипатқа ие болатын күрделі үрдіс. Ол тек мектеп мұғалімінің жұмысының нәтижесі ғана емес, ата-ананың да отбасындағы тәрбиені ұйымдастыру мүмкіндігіне байланысты. Өкінішке орай, мұны ата-аналар арасында мектеп мұғалімдерінің міндеті деп санайтындары да жоқ емес. Сұрақ-жауап нәтижелері ата-аналардың отбасында бала тәрбиесінде бірқатар қиыншылықтарға кездесе отырып, мектеппен ынтымақтастықта бірлесіп әрекет жасауға талпынбағанын көрсетеді. Сұраққа жауап берген ата-аналардың арасында бірқатары жазалау әдісін қолданатынын (ұрып-соғу) жасырмаған, тіпті, олар осы әдісті қолдану тәрбиеде нәтиже береді деп есептеген. Жоғарыдағы мәліметтерден ата-аналардың отбасы өмірін ұйымдастыруда, баланы тәрбиелеудегі әдістерді тиімді қолдану мен ізгілік қарым-қатынас орнатудың маңыздылығын түсінуде және т.б. мәселелер төңірегінде көмекке мұқтаж екендігін байқау қиын емес. Мұндай жағдайлардың тәжірибеде көрініс беруінің бірден-бір себебі, отбасы тәрбиесінде ата-аналардың бала тәрбиесіндегі көзқарастары мен білім деңгейлерінің әр түрлілігі болып табылады. Оның үстіне кейбір мектептердегі ата-аналар жиналысының өзі талапқа сай өткізілмейді. Ұзақ жылдар бойы көптеген мектептердегі ата-аналар жиналысындағы күн тәртібінде қаралатын мәселелер өзгеріссіз: балалар бағаларын ата-аналарға хабарлау мен мектеп мәселелерін шешудегі қаржы мәселесіне арналып келетіні жасырын емес. Осы жерден ата-аналардың жиналысқа қатысуының міндетті емес екендігі келіп шығады. Егер ата-аналардың ол жиналыстан алары мол, әсері елеулі болса, мұндай мүмкіндікті жібермесі анық болар еді. Осы тұста отбасы тәрбиесін жетілдірудің бірден бір жолы-ата-аналардың бала тәрбиелеудегі педагогикалық сауатын жетілдіру. Отбасы тәрбиесін жетілдіру мен ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын көтеруде атқарылатын негізгі қызмет бүгінгі сынып жетекшісінің еншісіне тиеді. Ол үшін сынып жетекшілері отбасы тәрбиесі бойынша терең білімі бар ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыра алатын білікті маман болуы тиіс. Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың жоғары деңгейінен көрінетін, оның барлық талаптарына жауап беретін және өзінің кәсіби қызметінде шығармашылықпен еңбек ететін маман болуын талап етеді. Отбасы тәрбиесін жетілдіруде мектеп пен жанұя бірлігін тиімді ұйымдастыру мынадай қағидаларға негізделуі тиіс:

- тәрбиені қалыптастыруда қоғам, мектеп, отбасы және басқа да арнаулы тәрбие институттарының тәрбиелік мүмкіндіктерін ықпалдастыру;
- мектеп отбасындағы педагогикалық ұжыммен тығыз байланыс орната отырып, әрбір баланың қабілетін толық ашу мен дамытуға мүмкіндік жасау;
- мұғалімдер мен оқушылардың және ата-аналардың белсенділігін, бастамашылдығы мен шығармашылдығын арттыруды демократияландыру [5].

Бұл қағидаларға сүйене отырып жұмыс жүргізу анағұрлым тиімді. Ресей ғалымы Ш.Амонашвили педагогикалық үрдісті ізгілік тұрғыда ұйымдастыра отырып, тәрбие отбасында өз жалғасын табуы үшін ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру мен тәрбие тәжірибелерін алмасуда ата-аналарды отбасындағы бала санына қарай топтап жинаудың тиімді екендігін айтады. Мұндағы ерекшелік-отбасында көп бала тәрбиелеп отырған ата-аналар мен жалғыз бала тәрбиелеп отырған ата-аналар арасында болатын әңгіменің бірдей болуы мүмкін еместігін және ондай отбасыларындағы мәселелер де әр түрлі болып келетіндігі дәлелденген.

Мектеп тарапынан отбасы тәрбиесін жетілдірудің бірден-бір жолы – ата-аналар жиналысында дәрістер оқу. Ондағы тақырыптар сынып оқушыларының жас ерекшеліктерінен

туындайтын мәселелер мен оның алдын алудың жолдарымен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары өз балаларының өтпелі кезеңде екендіктерін жақсы білуі және ол кезеңдегі тәрбие жұмысының қиындығын да білуі керек. Ол кезеңге келгендігін, ол кезең балалар қалыптасуындағы маңызды да ең қиын кезең екендігі туралы дәріс оқылуы керек. Егер ата-аналар жиналысындағы әрбір тақырыптар бала дамуымен байланысты таңдалып отырса, бала тәрбиесінде ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеруге мүмкіндік алу тиімді болады. Мұндай жұмыстар ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығын арттыра түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азаров Ю.П. Семейная педагогика. -Москва, 2016, 312 с.
2. Жұмаханов Ә. Отбасында балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. -Алматы, 2015, 43 б.
3. Қоянбаев Ж. Отбасы және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. -Алматы, 2014, 56 б.
4. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. -Алматы, 2014, 131 б.
5. Петряевская Л.Г. Образование родителей и школа. -Москва, 2013, 146 с.

ӘОЖ 159.99

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА

Әбубәкір Г., студент
Ғылыми жетекші: Нұрмұхаметова Р.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Жеткіншектік шақта қалыптасатын қарым-қатынас олардың өзіндік жеке позициясын анықтауына елеулі әсер етеді. Өзінің жеке басына талдау жасауды жеткіншек қарым-қатынастар мен іс-әрекетті ұйымдастыру үшін, қазір және болашақта өзі үшін маңызды міндеттерге жету үшін қажетті амал деп біледі. Мақалада жеткіншектердің қарым-қатынас мәдениеті педагогикалық және психологиялық тұрғыдан қарастырады.

Түйінді сөздер: жеткіншектер, қарым-қатынас мәдениеті, қалыптасу, педагогикалық, психологиялық, проблема.

Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің V-ҮIП сыныптарында оқитын кезеңімен сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, бір-ақ жеткіншектік жастың, іс жүзінде басталуы бесінші сыныпқа көшуімен тура келмей, бір жыл ерте не кеш болуы мүмкін.

Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің сана-сезімнің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынасы, олармен әлеуметтік езара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу іс-әрекетінің, мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

Жеткіншектің жеке басы дамуының аса мақызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға (өзінін, жеке басы мен

өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау) бағытталады. Алайда жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады, көптеген жағдайларға байланысты болады. Мұның өзі, бір жағынан, жеткіншекте «балалық» пен «ересектіктің» қатар болуымен, ал, екінші жағынан, сол бір ғана паспорттық жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтарының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтардың болуымен анықталады. Міне, осы жоғарыда айтылған жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың арасындағы қарым-қатынас мәдениетінен бұрын алдымен адамның әлеуметтік дамуының ерекшеліктеріне тоқталайық [1].

«Адам» ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ қасиеттер мен ерекшеліктерді симпаттауда қолданылады. Индивид - биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік қауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан талдау оның құрылымын анықтаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымының үш элементі «ол», «мен», және олардың жоғары «супер эго» түрінде қарастыратын З.Фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. «Ол» - бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсбергтің көрінбейтін бөлігі сияқты сана түкпіріміз. «Мен» - бұл түйсіктермен байланысты, дүркін- дүркін оған кіріп, отыратын сана. «Эго» санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, «меннен» жоғары, моральдық нормалармен принциптердің жиынтығын құратып, адамгершіліктің «қадағалаушысы», ішкі бақылаушысы іспетті.

Сондықтан да біздің санамызда барлық уақытта, бір жағынан, оған кіретін түйсіктермен, екінші жағынан, «меннен жоғары» талап қоятын моральдық тыйым салулар арасындағы тартыс жүріп жатады. Фрейд мұны шешудің механизмі ретінде «олдық сублимациясын» (ығыстырылуын) ұсынды. Фрейд «біздің психикалық тіршілік иесін «ол» «мен»және «меннен жоғары» деп қарастыруымыздың өзі осы психикалық тіршілік иесі жайындағы алға жылжуын көрсетеді, осы бөлу психикалық өмірдің динамикалық арақатынастарын бұдан да тереңірек түсінудің, жақсмылап сипаттаудың құралы болуы тиіс» деп жазған екен. «Меннің» айрықша түсінісу ықпалының әсерінде екені анық, былайша айтқанда, «ол» үшін түйсіктің маңызы қанша үлкен болса, «мен» үшін түсінудің маңызы да соншалық. Мұнымен бірге «мен» де «ол» сияқты түйсік әрекетіне бағынады. «Мен» «олардың жетілдірілген бөлігі болып саналады [2].

Адамаралық қарым-қатынас әлеуметтік психологияның негізгі зерттеу пәні болып табылады. Қазіргі әлеуметтік психологияда қарым-қатынас проблемасы Г.М.Андреева, А.У.Хараш, М.И.Бобнева, В.Н.Куницына, Б.Д. Парыгин секілді зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Олар өз еңбектерінде қарым-қатынасты өзара түсіністік орнатуға талпынған өзара әрекеттестік жағдайындағы индивидтердің байланыс (ақпарат алмасу) жасау тәсілі ретінде қарастыра отырып, оның адам психологиясы мен мінез-құлқының сан қырлы жақтарын дамытудағы ерекше рөлін атап көрсетеді.

Г.М.Андреева өз еңбектерінде қарым-қатынасты өзара түсіністік орнатуға талпынған өзара әрекеттестік жағдайындағы индивидтердің байланыс (ақпарат алмасу) жасау тәсілі ретінде қарастыра отырып, оның негізгі үш жағын бөліп көрсетеді – коммуникативтік, интерактивтік және әлеуметтік-перцептивтік.

Жеткіншектік жас - өзіне-өзі талдау жасайтын шақ қана емес, сонымен бірге нағыз «ұжымшыл» шақ. Жеткіншек үшін бәрінен маңыздысы құрбы-құрдастарының мұны қабылдауы, топқа өзін қажет сезінуі, онда белгілі бір бедел мен құрметке жетуі. Ұжымдағы статустың төмен болуы, әдетте, барынша алаңдатады.

Сынып жоғарылаған сайын оқушылардың қарым-қатынас аумағының ұлғайып, өмірлік іс-әрекетінің күрделенуі нәтижесінде оның соған қатысты немесе соны бағдар етіп ұстайтын, өзінің құндылық бағдарлары мен өзін-өзі бағалауын салыстыратын топтар мен ұжымдардың саны көбейеді. Біріншіден, бұлар ұйымдасқан мектеп ұжымы – сынып; екіншіден, ұйымдасқан мектептен тыс ұжымдар – спорт қоғамдары, үйірмелер, клубтар; үшіншіден, жеке қарым-қатынастар барысында қалыптасатын ресми емес стихиялы топтар мен компаниялар. Жеткіншек

тәрбиесінде осылардың соңғысының ықпалын еске алу ерекше маңызды. Кейбір мұғалімдер мен ата-аналар оны елемеуге немесе кездейсоқ нәрсе деп санауға бейім болады. Бұл қауіпті жаңылысу. Құрамының әркилылығы, оған қоса ұйымдасқан ұжымдардағыдай үлкендердің бағып-қағуының болмауы себепті мұндай топтар жеткіншектерге ерекше тартымды. Әдетте, жеткіншектің көше тобындағы беделі оның мектептегі статусына кері қатынаста болады. Үлкендерден тәуелсіздік алуға тырысып, жеткіншек құрдастарының қауымынан тірек пен қолдау іздейді. Бірақ оның өзі іштей әлі дербес емес, ықпал мен психикалық еліктірулерге оңай беріледі [3].

Ұжымда қалыптасатын қарым-қатынас жеткіншектің өзіндік жеке позициясын анықтауына елеулі әсер етеді. Өзінің жеке басына талдау жасауды жеткіншек қарым-қатынастар мен іс-әрекетті ұйымдастыру үшін, қазір және болашақта өзі үшін маңызды міндеттерге жету үшін қажетті амал деп біледі. Сондықтан өз ерекшеліктерін білгісі келудің, өзіне ден қойып, өзі туралы ойлай бастаудың шығуы – жеткіншек жастағылардың барлығына тән ерекшелік. Өзі туралы пайымдаулардың әлеуметтік-реттеушілік функциясы мынадан айқын көрінеді: жеткіншек ә әуелі, негізінен, өзінің кемшіліктеріне назар аударып, оларды жойғысы келетінін сезінеді, ал кейін жеке адамның жалпы ерекшеліктеріне назар аударып, өзінің мүмкіндіктерін, қасиеттерін білуге тырысады.

Жеткіншектің өзі туралы ойлана бастауының ең маңызды стимулы – оның құрдастарының арасында сыйлы болғысы келуі және өзіне жақын жолдастар, дос табуға ұмтылуы. Жолдастарынң ішінен біреуімен өзара қарым-қатынасы, ұнаған құрдасының ерекшеліктері туралы ойлағанда ол көбіне өзі туралы ойлай бастайды. Сыйлы және беделді құрдастарының қасиеттері, сондай-ақ жолдастарының ескертулері мен өкпелері көбінесе жеткіншекті алғаш рет өзі туралы байыптап ойлауға, өзінің кемшіліктерін, өзінде жолдастары бағалайтын қасиеттердің жоқтығын көріп, ұғынуға мәжбүр етеді. Ол осындай қасиеттері бар біреулерге теңесе бастайды.

Жеткіншектердің көпшілігі бірден бірнеше адамға теңелгісі келеді, яғни өз басының сондай болсам деген бейнесі түрлі адамдардың жақсы жақтарынан жасалады. Жеткіншектерді өздері теңессем деген адамдардағы өзін тартатын көптеген қасиеттер мен ерекшеліктердің арасында қасиеттердің екі тобы басым болады. Бұлар – адамгершілік қасиеттер мен ерлік қасиеттер.Үлгілердің арасында әдеби кейіпкерлерден гөрі нақты адамдар басым болады. Әдетте, жеткіншекке өзінен гөрі үлкен, естияр болып көрінетін құрдастары үлгі болады. Сондықтан мұндай үлгі болған құрдасы жеткіншекті үлкендердің қасиеттеріне әкету жолындағы аралық басқыш сияқты. Қайсыбір жағынан өзінен гөрі есейген құрдасына теңесу арқылы жеткіншек өзін ересекке жақындатады, оған түпкі мақсатқа қарай ілгерілеу оңайырақ. Жеткіншек теңесетін үлгінің нақ құрбы-құрдасы болғаны өте маңызды. Мұндай бағдар ұстағанда салыстыру процесінің жемістілігі үшін, ал осы арқылы өзінің ерекшеліктерін ұғынып, бағалау үшін де, өзін-өзі тәрбиелеу үшін де қолайлы жағдайлар жасалады, себебі жеткіншек үшін өзін құрдасымен салыстыру, өзінің кемшіліктерін, жетістіктері мен табыстарын салыстыру оңайырақ. Ересек адам – бұл іс жүзінде жетуі қиын үлгі, оның қасиеттері жеткіншекте көбіне болмайтын өмірлік жағдайлар мен қатынастарда көрінеді, ал құрдасы – жеткіншекке нақты мүмкіндіктер деңгейінде өзін бағалауға, өзі тікелей теңесіуне болатын адамда жүзеге асырылған түрінде көруге жағдай жасайтын өлшем. Оның үстіне жеткіншек үлгі-жолдасымен үнемі араласып жүреді, өзіне ұнаған қасиеттің көрінуінің түрлі формаларын бақылауға мүмкіндік, тіпті түсіндіру, ақыл-кеңес түрінде үлгі, жолдасынан тікелей көмек те ала алады.

Жолдастарымен, достарымен араласу жеткіншекте басқа адамды, өзін тану құралдарын дамыту үшін, оның өзі туралы түсінігінің қалыптасуы үшін өте маңызды. Қылықтар, қасиеттер мен қатынастар туралы әңгімелесулер мен таластар ерекше міндет атқарады. Мұндай талқылауларда жеткіншектің танымдық- бағалау іс-әрекетін басқа адамдармен бірге жүзеге асыратыны және сыртқы сөздік тұрғыда өрістейтіні маңызды. Талқылауларға қатысу арқылы қалыптасатын әлеуметтік қасиеттер өте көп: іс-әрекеттердің адамгершілік мазмұнын, мақсаттарын, себептері мен салдарын саралай, салыстыра және бағалай білу, өзінің және өзгелердің пікірлері мен дәлелдерінің дұрыстығын не қателігін көріп, ұғына білу, т.б. [4].

Әлеуметтік тәжірибе жинақтау барысында жеткіншектің өзі туралы түсінігі ұлғайып, тереңдей түседі, өзі туралы пайымдауларда дербестік артады, бірақ өзін білу және өзін дәлме-дәл

бағалау дәрежесі жөнінен балалар әртүрлі келеді. Көптеген жеткіншектер өздерінің кейбір қасиеттерін асыра бағалайды және талаптарынң деңгейі нақты мүмкіндіктерінен асып жатады. Кейде осы негізде жеткіншекте өзіне, мәселен, мұғалім әділетсіз қарайды деген түсінік пайда болады. Мұндай ой жеткіншекте өкпелегіштік, күдікшілдік, сенбеушілік, өзі туралы кез келген пікірге айрықша сезімталдық сияқты қасиеттердің пайда болуына алғышарт болуы мүмкін. Алғашқы сәтсіздіктерге жеткіншек, әдетте, аффективтік тұрғыдан қарайды, ал қайталана беретін сәтсіздіктер өзіне деген сенімсіздік туғызады.

Жеткіншектің айналасындағылардан жақсы баға алғысы, жақсы көзқараста болғанына жеткісі келетіні айқын көрінеді. Нақ осы себепті ол өзінің қасиеттері мен мүмкіндіктеріне берілген бағалауға, табыстары мен сәтсіздіктеріне өте сергек қарайды, өзін жақсы жағынан көрсетуге, әсіресе қатынасы мен пікірі өзі үшін өте маңызды адамдардың риза болуына жеткісі келеді. 11-15 жастағы балаларды зерттеген психологтар бұл кезеңдегі қарым-қатынаста құрдастарының алар орны зор екенін дәлелдей отырып, сол арқылы жеткіншектердің ата-анасымен, мұғаліммен, үлкендермен қарым-қатынасының теңдестірілген деңгейі қалыптасады деп есептейді.

Жеткіншектік шақтағы ата-анамен, мұғаліммен және өзге жасы үлкендермен қарым-қатынас бала бойында пайда болып келе жатқан үлкендік сезімінің ықпалымен жүзеге асады. Жеткіншектер ересектер тарапынан болатын талаптарға қарсы келіп, өз құқықтары мен еркіндіктерін белсендіруге тырысады. Олар шынайы жағдайларда кездесетін құқығын шектеу жайттарын ауыр қабылдайды.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру негізінде жеткіншектің өзін қоршаған адамдар мен құбылыстарға өзіндік пікірі қалыптасып, кез келген құбылысты қоғамдық нормалар тарпынан «қажет», «қажет емес», «маңызды», «маңызды емес» деп саралауды үйренеді. Мұндай саралауға жекелей құндылықтардың қалыптасып келе жатқан жүйесі арқау болады. Уақыттың тез өтетінін сезіну, оны бос өткізбеуге тырысу, жоспарлауға әрекеттену пайда болады.

Жеткіншектердің қарым-қатынас мәдениетін таныту іскерлігі жоғары дәрежеде ұйымдасқан ортаның болуын талап етеді. Әлеуметтік-мәдени салада болып жатқан қазіргі өзгерістер жастарға тіршілік аясының кез келген саласында белсенділік көрсетуге қолайлы жағдайлар жасап отыр. Бос уақыт саласы жеткіншекке іс-әрекет түрін өз қызығушылықтарына сәйкес ұйымдастыруға, еркін тілдесуге, бастамалық танытуға, әлеуметтік жағдайды тұлға дамуының динамикасына сай өзгертуге мүмкіндік береді. Демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру заңдылықтарына сүйене отырып, бос уақыт саласын жеткіншектің өзін-өзі танытуға және айқындауға, жаңа әлеуметтік тәжірибе жинақтауға бағыттау қажет. Жеткіншектің демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның мінез-құлқының шығармашылық сипаты анық байқалып, әлеуметтік белсенділіктің тұлға қалыптастырушы ретіндегі қасиеті соғұрлым артады [5].

Жеке тұлғалар мен ұйымдық жастар құрылымдарының қоғамдық маңызды белсенділігін ынталандыратын жастар саясатын жүзеге асыру жеткіншектердің өздігінен шешім қабылдау, ол үшін өзіне жауапкершілік жүктеу, саналы таңдау жасау сияқты қасиеттерін дамытып, қоғам игілігіне қызмет жасауға дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақсатты тәрбиелік ықпал жасау жедел өзгеріп отырған өмірде өз жолын таба алатын, жалпы адамзат құндылықтары мен әлеуметтік шығармашылықты қолдай отырып, өз мүдделерін дәлелді түрде қорғай алатын тұлға қалыптастыру мақсатын көздейді. Жастайынан әлеуметтік маңызды белсенділік танытуды қажетсіну және оны жүзеге асыра алу іскерлігі ересектік кезеңде қоғам проблемаларына әрекетсіздік танытуға жол бермейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Леонтьев А.А. Психология общения. -Москва, 2014. -412с.

2.Беличева С.А. Сложный мир подростка. -Свердловск, 2013.-187с.

3.Мальковская Т.Н. Социальная активность старшеклассников. -Москва, 2015.-98 с.

4.Мұқанова Б.И. Оқушылардың әлеуметтік тәрбиесі. -Алматы, 2011. -328б.

5. Андреева Г.М.Социальная психология. -Москва, 2016.-322 с.

ӘОЖ 82-131

Б.НҰРЖЕКЕЕВТІҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН ЖАСАУДАҒЫ ШЕБЕРЛІГІ

Тасболатова Ф., Ғылыми жетекші: Жеткізгенова.Ә.Т,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Көркем прозадағы әдеби психологизм мәселелерін зерттеуші Г.Пірәлиева туындылардағы өзіне ғана тән жанрлық, көркемдік стильдік ерекшеліктерін жіктеумен қатар, рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері бейбервалды ишараттардың рөлін ерекше көрсетеді.

«Психологизм әдебиеттегі адамды аналитикалық және динамикалық принцип тұрғысынан зерттеу болып табылады.

Аналитикалық принципке ішкі монолог, ішкі диалог, сана тасқыны, ой мен сезім, іс пен әрекет қақтығысы, түс көру, сандырақтау, ессіздік т.б. секілді ішкі рухани әлемді тереңдеп талдайтын көркемдік тәсілдер жатса, динамикалық принципке көбіне сыртқы психологиялық құбылыстар – ым, ымдау, емеурін, бейвербалды ишараттар, дене қалпы /поза/, т.б. секілді қимыл-қозғалыс көріністері жатады» [1,177], – деп адам баласының күнделікті тіршілігінде кездесіп жататын іс-әрекет арқылы сезімін жеткізу үдерісінің ерекшелігін атап көрсетеді.

Ғалым осы пікірі арқылы адам баласының сыртқы ортаға, әсерге өз сезімін көрсететін физиологиялық болмысындағы үздіксіз жүріп жататын құбылыстардың жазушы қиялымен портрет жасауға, характерін ашуға бірден-бір мықты көркемдік құрал екендігін баса айтады.

«Бейвербалды ишараттың екі үлкен көркемдік элементі бар. Оның бірі – мимика (ым, беттің ымы, ымдау), ол тек кескін-келбеттегі қимыл-қозғалысты, сезімдік құбылыстарды қамтиды. Екіншісі – жест (ишара, емеурін) болса, ол бүкіл денедегі қимыл-қозғалысты, ол бүкіл денедегі қозғалысты, іс-әрекеттерді зерттейді.

Бейвербалды ишараттар сондайлық ұсақ-түйек секілді көрінгенмен де адам психологиясын ашуда, кейіпкердің жан дүниесіне «қол сұғуда» сұмдық көп көркемдік, психологиялық қызмет атқаратынын мойындамасқа лаж жоқ» [1, 177], - деп Г.Пірәлиева нұсқаған бейвербалды ишараттардың шығармадағы көркемдік рөлінің айрықша қызметі Б.Нұржекеев туындыларындағы әйел-аналар бейнесін сомдаудағы шеберлігіне тиянақты талдау жүргізіп, тұжырым жасауға бағыт береді.

Б.Нұржекеевтің кейіпкерінің характерлік ерекшелігін ашуға қызмет ететін психологиялық портреттің басты нысандарының бірі – көз жанары. Адам жан-дүниесіндегі психологиялық ахуалды сыртқа жария етуде көздің орны ерекше. «Бір өкініш, бір үміт» романындағы Бүбіштің әке-шеше айтқанынан шыға алмай, құда түсіп қойған адамына кетуге бел буған шарасыз сәтін автор: «Осы жолғы сөзім ойлаған жерден шықты, қыздың жүзі қолма-қол қуарып кетті. Бетіме қарағысы келіп көзін көтере бере, батылы жетпей қайта түсірді. Қолын созып, бұтаның бір шыбығын ұстамақ болып еді, қолына ештеме ілінбеді. Сонан соң қолына қолын сүйкеп. Кенет әлденеге бекінгендей басын көтеріп, бетіме тіке қарады. Жанары мөлтілдеп жасқа толып тұр екен. Ет жүрегім елжіреп қоя берсе де, сазарып сыр бермедім. Көзін төңкеріп төмен қарағанда, көз жасы мөлт-мөлт үзіліп кетті. Кірпігі шыланып шыға келді». Үзіндіде көзбен қоса саусақ та Бүбіштің жан дүниесінде болып жатқан аласапыранды көрсетуге мол мүмкіндік беріп тұрғаны қапысыз танылады.

«Көзі жыпылықтап, ата-енесіне жалынышпен жалтақтап, «көшпейміз деңдерші!» деген тілегін бүкіл түр-тұрпатымен танытып, Жәмихан да үнсіз жанталасты: сырын сонымен бүркемелеуге тырысып, біресе, шай ішіп отырған кесесін қозғалақтатты, біресе, шай құйып отырған ақшәйнекті дәп бір құлап бара жатқанында ұстап қалғандай-ақ қозға түбін нығарлап-нығарлап қойды. Менде емес, билік мынада дегені ме, Бәтжан Мәметке қиықтап қайта-қайта қарады» [2, 285] Жәмиханның ішкі ойынан сыр ашып тұрған оның қозғалысы. Автор бұл жерде бір ғана көздің көмегіне сүйенуді жеткіліксіз санап, шай құю үстінде қимыл-қозғалыста болып жатқан әрбір детальді көмекке алып, жүзеге асырған. Осы орайда «Әдетте, әдебиеттегі

бейвербалды ишараттар – адамның психикасына, оның ой-санасына әлдебір оқиға, сөз, сезім, көрініс т.б. әсер еткенде еріксіз /безсознательность/ түрде жүзеге асырылатын денедегі қимыл-қозғалыс» [1,177] деген пікірдің Жәмихан үнсіз жанталас үстінде қарманған халін беруге сай келіп тұрғанын айтуға болады.

Кейіпкерлерінің құпия ойын жариялап алмауға тырысып, бірін-бірі аңдысқан сәттерін, бетперде ұстанып, ойын бүркемелей алысқан Қайнекеш пен Жамалханның өңіндегі өзгерістер арқылы: «Жамалханның жанарынан кенет бір ойнақы сәулені шалып қалып, Қайнекеш содан қалт күдік алды. Қызды енді сақтық биледі. Жоқ, бұл жалпақтауы тегін емес деп түйді. Қарсы әрекетке іштей бекіп, қулығын асырып кетуді көкседі. Аяқ асты қанын ішіне тарта қойғанын байқап, Қайнекештен Жамалхан да сақтанды. Бірақ іштей арбасып отырғандықтарын екеуі де бір-біріне байқатпауға тырысты» [2, 144] деп күрделі психологиялық күрмеуге, арбасуға түскендігін шеберлікпен суреттеген. Бір ғана жанар емес, жүздің де құбылып, суық тартуы алдағы болар үлкен жамандықтың хабарын меңзегендей. Қайнекеш қанша сақтанса да, аңдыған жаудың алдырмай қоймас жемтігіне айналарын сездіреді.

«Психолог ақын-жазушылар үшін кейіпкерінің әрбір әжім-сызығынан сыздықтатып сыр ашу, әрбір қимыл-қозғалысынан астары қалың қатпар-қатпар ой тарқату, әрбір ым-мимика-жест, ишарадан ой оқу – шын шеберліктің шыңы» [1, 206], - деп ғалым Г.Пірәлиева атап көрсеткен пікірдің Б.Нұржекеев шығармашылығына қатыстылығын да аңғарамыз. Қаламгер қаламынан туындаған дүниелердің қай-қайсысы да жалпы адам баласын біліп, тану үшін, мінездеме беріп, жақсы-жаман қасиеттерін айыру үшін әрбір қимыл көрінісі, емеурін-ишараты зол рөл атқарады деуге болады.

«...біз мимиканы ым, беттің ымы, ымдау деп әдеби тілде, өмірде қалыптасқан қалпында қолдануға тиіспіз. Өйткені ғылым нақтылықты, дәлдікті қалайды. Ал, мимикаға мынадай кескін-келбеттегі қимыл қозғалыстар жатады:көздің қозғалысы (көзін алақтату, көзін қысу т.б) еріннің қозғалысына (ернін сылп еткізу, ернін шүйіру» секілді мәнді қимылдар жатады. Қас-қабақтың қимылында да мән бар (қабағын шыту, қас-қабағын нұсқау, қабағының қар жауып т.б), тілге қатысты «тілін шығару т.б» өзіндік мағынаға ие қимыл-қозғалыстар бар. Бұлардың бәрі де тек мимика маңындағы мәнді (выразительные) бейвербалды ишараттар» [1, 180]

Б.Нұржекеев шығармаларында кездесетін мимика түрлері бірнеше топқа бөлінеді:

1. Қабақ соматизміне байланысты кинемалар:

Жазушы шығармаларында қабақ соматизміне байланысты мынандай кинемаларды кездестіруге болады: қабақ шыту, қабағымен аңғарту, қабағын қағу, қоңыр қабақпен қарсы алу, қабақтың астымен қарасу, қасын керу, қасын серпу.

«”Мақұл” дегенді ернімен де, көзімен де, қабағымен де аңғартып, қолын алақанымның астынан ақырын шығарып алды да, бокалын ұстап жоғары көтерді» [2, 427].

«- Қалай-қалай? – Қабағын шыта жымиып, ұқпай қалғанына ұялғандай, Нәлли қызарып кетті. Қайталап айтқанымда, таңдана басын шайқады» [2, 417].

«Қабағын қағып жіберіп, Нәлли сәл езу тарта ойланып қалды. Оған оқыс бір ой келгенін күлім ете қалған көзінен байқап үлгердім» [2, 418].

«Араз боларын да, болмасын да, араз болса, не үшін араз боларын, кіммен араз боларын да білмей, Қайнекештің әке-шешесі қыздарын үнсіз, қоңыр қабақпен қарсы алды» [2, 139]. Қызғаныш пен күндестіктің жемтігіне айналып, жазықсыз жапа шегіп, ары тапталып, соры қайнап қалған Қайнікештің алдынан жарқыраған қабақтың қарсы алмасы анық. Ата-ананың сүйегіне таңба түсіп, ойсыраған жаралы жүрегінің күйін жеткізу үшін автор ешқандай диалог та қолданбайды. Тек қана «үнсіз, қоңыр қабақ» Қайнекешке ата-анасының ғана емес бүкіл қазақ қоғамының, қазақи менталитеттің көзқарасы екенін оқырманына шебер жеткізген.

«Қызы қайтып келгелі оның бетіне бір сәт шырай кірген емес, қабағы құрыстанып: «мына атаққа қалғанша, құрысаң етті бір жаққа! – дегендей қиналыс байқатады. Түзде ел көзінен қашып, үйде өз қызынан қашып, басына түскен бұл жағдайдан безіп кететін жер таппай жүрген адамдай. Әке мен қыз қабақтарының астымен ғана қарасып, көбінесе бірін-бірі көрмеуге, біріне бірі қарамауға тырысады» [2, 140]. «Қабақты құрыстырып», «қабақ астымен қарап» күн өткізіп жатқан әкенің перзентіне деген жеккөрініш сезімімен қоса аяныш сезімі бой көрсеткен. Желкелеп үйден

қуып шығуға әкелік жүрегі шыдамай, бауырына тартуға ар-ұяты тапталып, беті күйген қызының ел алдына шыға алмастай намысын байлағандығы, әрі-сәрі күй кешкен дәрменсіз әкенің жай-күйін қабақ арқылы көрсеткен.

«Сол мұңды кейіппен қабағын шыта Сырға бір сәт телміріп тұрды да, жағаға қарай үнсіз бұрылып, жүре берді» [2, 418]

«Қыз басын шайқады. Сөйлетпесеңші дегенді аңғартып, Қаншайым маған қабағын шытты» [2, 201].

«- Өй, бұлар біздің айтқанымызды тыңдай ма, оған күйініп қайтесің, өздері білсін, - деп, Жәмихан мәймөңкелей бастады. Есік жақты нұсқап маған қабағын қақты. ... Есіктен шығып кеткенімше, Сәлима сыздаған қалпы көзімен үнсіз ұзатып салды» [2, 282].

«Қасын күлімдей керіп, баланың жүзіне жылы мейірмен еркелеп қарады» [2, 135].

«- Қайным, - деп, қасын кербез серпіп тастап, күлкілі бірдеме айтқалы отырған адамша қулана жымиды» [2, 149].

Бұл мысалдардың қай-қайсысы да кейіпкерлердің ішкі әлемінде болып жатқан жай-күйді сыртқы кескін-келбет өзгерісі, соның ішінде қабақ соматизмі арқылы айқындауға мол мүмкіндік береді.

2. Көз соматизміне байланысты кинемалар:

Адамдар, әсіресе, бетпе-бет сөйлескенде, бір-бірінің көзіне қарайды. Өйткені, «Көз – ішкі сезімнің айнасы» дегендей, бейвербалды амалдың ең жиі қолданылуы көзбен байланысты. Сондықтан, жазушы шығармаларынан бейвербалды амалдарды саралағанда көз соматизміне қатысты кинемаларды көптеп кездестірдік: <u>көзбен аймалау</u>, <u>көз жанары суу</u>, <u>жанары сырғу</u>, <u>көзімен жек көру</u>, <u>көз қырын салу</u>, <u>көзін жұму</u>, <u>көз түйістіру</u>, <u>көз тастау</u>, <u>суық қарау</u>, <u>көзін тайдыру, ашыныспен қарау</u>, жәутеңдеп қарау, <u>оқты көзбен жек көре қарау,аларып қарау</u>, <u>ұрлана қарау</u>, <u>жылы көзқарас</u>, <u>көзін аудару</u>, <u>көзі жыпылықтау</u>, <u>жерден көзін алмау</u>, <u>көзі шарасынан шығу</u>,

көзбен аймалау; «Көзіммен аймалап отырып, ол жайлы осындай ойларға баттым. Оның бірдеме айтқысы келгенін бетіме жәутең еткенінен байқадым.» [2, 427].

жанары сырғу; «Нәлли аяқ асты мұңданып, жанары Сырдың бетімен сүлесоқ сырғиды » [2, 425].

жанары суу ;«Көз жанары суып, бетіме Нәлли безеріп қарады [2, 425].

көзімен жек көру; «Жанарындағы жек көрініштi осы жолы еш жасыра алмады» [2, 152].

көз қырын салу, көзін жұму; «Бүбіжан кірген бойда көз қырын жігіт жаққа салды. Көзін құшырлана жұмып, Сейітбаттал сағындым дегенді аңғартты. Бүбіжан аузын бұртитты. Онысы «өтірік айтасың, көп күттім» өкпе білдіргені, сірә» [2, 101].

көз түйістіру, «Әлденені сезді ме, Шәзиә бетіме жәутең ете қалып еді, бір сәт көз түйістіріп қалдық, қыздың беті жұқа күреңітті» [2, 312].

көз тастау, «Ақыры бекінді білем, жаутаң етіп маған да бір асығыс көз тастады. Маған ыңғайсыз бір нәрсе айтатындай көріп тіксініп қалдым». [2, 236].

суық қарау, оқты көзбен жек көре қарау; «Атылып ұмтылардай, оқты көзін өңменіме қадап, маған жек көрінішпен қарады. Ашу ғана емес, керемет өшпенділік. Түбінде мені тәтем өлтіретін сияқты, қанталаған көзінен сұмдық қорықтым» [2, 201]. «Ішіме мұз түсіп кеткендей тыжырынып, Мағираға суық қарадым» [2, 214]. «Тағы керек пе, онда тағы айтам дегендей сұс танытып, қызы мен күйеуіне оқты көзбен қарады» [2, 67].

көзін тайдыру, «Қыз көзін тайдырып жерге қарады, үндемеді» [2, 234] деген жолдар арқылы береді.

ашыныспен қарау, «Көзінің жасы жанарында мөлт-мөлт шайқалып, Бүбіш маған ерекше ашыныспен қарады» [2, 234].

аларып қарау; «Сен отырсың сыңар езулеп, қайным отыр аяғының басын қарап, қыздарың да аларып қарайды, тап сүзетін бұқаша» [2, 151].

ұрлана қарау; «...әдемі бір ұрлана қарап жымиғаны, жылы көз қарасын Жағдадан да жасырып ұялғаны – бәрі, барлығы да мен үшін. Бүбіш мен үшін болса, бұл тіршілік мен үшін. Қуанышыма мақтаныш қосылып, төбем көкке жеткендей» [2, 185].

жылы көзқарас; «Жымиып жақсы қарағанын түсініп, тұла бойыма тараған жылулықтан көзім жасаурап қоя берді»[2, 162б.].

көзі жыпылықтау; «Состиып тұрып қалған балаға қыз жыпылықтай қарады» [2, 101].

көзін аудару; «Ол да маған көзін аударған екен, ұялып, екі беті қып-қызыл болып кетті. «Құдай-ау, мынау кім? Көзі таныс қой!» Дереу миымның архивін ақтара жөнелдім. Таптым, таныдым: сол – Бүбіш!» [2, 151].

көзі шарасынан шығу; «Қайнекештің көзі шарасынан шығып кетті» [2, 147].

«...көзінің қиығымен ғана Қайнекешті асығыс шолып өтті. Оның жанарына әлдеқандай жымысқы қылауды байқап, Қайнекеш те жиырыла қалды» [2, 149].

«Апырмау, сөзінен бұрын көзі сыр айтатын кім еді бұл?» «Шеген оны көзімен ұзатып көп тұрды» [2, 14].

«Бірақ, қатты ұқсайды екен. Әсіресе, көзі. Жаңағыдай жалт етіп қарағанда, ойпырмай өртеп жібере жаздайтын» [2, 14б.].

«Қоштасар сәт Шеген мен Марат асығыс қана көз түйістірді. Жанарларында: «Әлі жолығармыз, жолығамыз ғой» - деген бір-бірін де, өзді-өзін де жұбату бар» [2, 51б.].

«Оның да көзі кісіге күліп, жақсы көріп қарайды» [2, 52].

«Жымиып жылы жүзбен қарады. Әзілқой жанары күлім етіп, қайта бұғына қойды. Өкпелеген ыңғай танытып қыз бұртия қалды. Бірақ көзінде әзіл әлі бар» [2, 57].

«...мейірлі кішкене көздерінде мен бұрын байқамаған өзгеше жалтыл пайда болды» [2,61]

«Сұрарын сұрап алып, өзі Жәмихан мен маған алма-кезек көз жазбай қарады. Ол қараста бір жұмбақ сыр жатқанын ішім сезіп, әншейінде таңдайым тақ ете қалатын жауабымды айтуға да жүрексініп тосылып қалдым» [2, 63].

«Бірдеме десем, бар сөзді өз басыма бағыттап алармын деп, Жәмихан жұмған аузын ашпаған күйі жерден көзін алмады» [2, 67].

«-Бүбіш, көрпе төсесеңші апаңның астына! – Салима жүк жақты қабығымен нұсқап еді, қызы түсіне қойды. Жіңішке қызыл ала құрақ көрпені теп-тез жайып үлгерді. Еңкейгенде мойнынан сырғып түскен қос өрім шашын сілки беріп Бүбіш Шегенге ұрлана жымиды, «кел, сен де көрпеге отыр, сен үшін де төседім» дегені тәрізді. Сөйткені ме, жоқ па, әйтсе де соның өзі, бір түрлі, баланың ішін жылытты. Неге өйткенін өзі де ұқпай, қызға Шеген жымың етті» [2, 68].

« «Ал, мен де амалсыз апаммен бірге кетіп барам» дегенді аңғартып, Бүбішке көзін асығыс бір тастап, Шеген де орнынан тұрды» [2, 70].

«Өңі бұзылып, Бәтжан реніштен жылап жіберуге шақ қалды. Өксікті үнінде «бәрі бүлінді ғой онда» деген шарасыздық пен өкініш шүпілдеп-ақ тұр. Көзінде: «Әлденелерді айтып сен бүлдіріп қоймадың ба?» - деген күдік те бар-ды» [2, 71].

«Сол екен бетінен сүйген: көзімен аймалап күлім-күлім етеді» [2, 50].

Сонымен қатар, Б.Нұржекеев шығармаларында әйел адам қарым-қатынасында кездесетін бет шымшу, ернін сылп еткізу, бет сызу, ернін шығару кинемалары да көптеп кездеседі.

Қ.Жұбанов күншығыс пен Кавказ халықтарының әдет-ғұрпындағы өзгешеліктер қатарында әйелдердің «ым тілін» атай отырып, аталмыш үлгілердің қазақ ұлтында да кездесетіндігін айтады: «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге қатысты арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы жүйе болмаса, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады» [3, 41].

Бұл орайда, Б.Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үмітіндегі» Жамиханның, «Күнәлі махаббаттағы» Зереннің, «Ерлі-зайыптылардағы» Ілескүлдің атасы, қайынағаларымен тіке бетпе-бет сөйлеспей енесі арқылы ұғысуы мысалдарын көптеп ұшыратуға болады.

Сонымен қатар, жазушы қыз бен жігіттің бір-біріне деген іңкәрлігін, сезім бұлқыныстарын, ішкі дүниесінінің кілтін мимикалық қозғалыс арқылы тамаша ашады.

Шығарма кейіпкерлерінің жүзінде ғана емес, денесіндегі әрбір қимыл-қозғалыс, әрекеттерінде де олардың сипаттамасы жатыр. Яғни, әрбір кейіпкердің мінездемесін әйгілеп беретін элементтерді табу, таңу процесі үлкен қаламгерлік қажыр-қайрат пен қырағылықты қажет етеді.

Кейіпкердің мінез-құлқын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік тәсілдің түрі – бейвербалды амалдарды қолдану шығарма шырайын аша түседі. Шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк үстейді.

Жазушы Б.Нұржекеев көркем шығармада әйел портретін өзіне тән кинемалар арқылы үйлесімді, шебер қолдана отырып жасай білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Г.Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвервалды ишараттар, заттық әлем)» Алматы: Алаш, 2003. -328 б.

2. Б.Нұржекеұлы. Шығармалар жинағы.І-том.- Алматы: Жалын, 2006. -320 б.

3.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.

ӘОЖ 53. 001.12

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мамбетов О.К., магистрант
Ғылыми жетекші: Туркменбаев Ә.Б.,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада физика пәнін оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері мен ерекшеліктері қарастырылған. Физиканы оқытуды ұйымдастыру кезінде қолдану орынды болатын педагогикалық технологиялар (проблемалық оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жобалау және жеке тұлғаға бағытталған технологиялар, тесттік технологиялар) келтірілген және сипатталған.

Түйінді сөздер: оқыту үдерісі, физика, педагогикалық технологиялар, проблемалық оқыту, жобалау, жеке тұлғаға бағытталған технологиялар

Қазіргі кездегі мектеп жағдайында пәндерді оқыту әдістемесі білім беру мақсаттарының өзгеруіне, құзыреттілік тұрғыда құрылған жаңа мемлекеттік білім беру стандартының қабылдануына байланысты күрделі кезеңді бастан өткеруде. Зерттеушілердің айтуынша, білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі дәстүрлі білім беру парадигмасы қоғамның заманауи білім беруге қойылатын талаптарын қанағаттандырмайды. Оның негізгі себептері қоғамның даму қарқынының жеделдеуі, еңбек нарығындағы жағдайдың өзгеруі (жаңа кәсіптердің пайда болуы, жұмысты өзгерту қажеттілігі, өмір бойы оқу және т.б.), ақпараттандыру үдерісінің дамуы болып табылады. Жеке тұлғаның бастамашыл, дербес, құзыретті болуға мүмкіндік беретін қасиеттерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Педагогикалық ғылымның дамуы, мектепте жаңа білім беру мақсатының пайда болуы оқушылардың негізгі білім беру құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Базистік оқу жоспарында жеке пәндерді, оның ішінде жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін оқытуға арналған сағаттар саны қысқаруына байланысты да қиындықтар туындайды. Осы жағдайлардың барлығы пәндерді оқыту әдістемесі саласында жаңа педагогикалық зерттеулерді талап етеді, білім беру үдерісіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізумен байланысты оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық құралдарын,

нысандары мен әдістерін іздестіру, дайындауды қажет етеді. Оқу-тәрбие үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу оқушыны оқытудың жаңа тәсілдеріне психологиялық дайындығын бейімдеуді ғана емес, сонымен қатар педагогтың оқыту үдерісіне қарым-қатынасын өзгертуді, оқушының өзі оқитын жағдай орын алатындай тәртіп стилін өзгертуді талап етеді, ал мұғалім оқытуды басқаруды жүзеге асырады. Оқушылардың білімге деген көзқарасын өзгерту үшін осы білімді алу шарттарын өзгерту қажет. Мұғалімнің рөлі оқулыққа қарағанда анық, түсінікті, дайын ақпаратты хабарлау емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырушы болу, онда оқушы басты әрекет етуші тұлға болу үшін. Мұғалім оқушының оқу қызметін ұйымдастырып, басқаруы керек. Мұны алға қойылған міндеттерге сай түрлі білім беру технологияларын пайдалана отырып жүзеге асыруға болады. Педагогикалық технологияларды күнделікті қолдану оқу үдерісінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттырады [1].

Білім беру жүйесін жаңғырту жаңа идеяларсыз, әдістерсіз, заманауи технологияларсыз мүмкін емес. Педагогикалық технологияларды саналы және негізді таңдау үшін олардың мәндік сипаттамаларын, нақты мүмкіндіктерін түсіну қажет. Қазіргі уақытта ақпарат беру үрдісі ретінде оқу үрдісі туралы түсініктен толық бас тарту қажет.

Мектепте заманауи оқыту оқушылардың пәндерді оқуға деген қызығушылығын азайту мәселесі туындауы мүмкін. Физика, математика, жаратылыстану пәндері мектепте ең қиын пәндер санатына жатқызылады. Мұғалімдердің алдына физика курсын оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылардың қызығушылығын ояту міндеті қойылады. Соңғы онжылдықтар ішінде оқушылардың жаратылыстану циклі пәндеріне қызығушылығының біртіндеп төмендеуі байқалады.

Ғылыми-техникалық даму және қоғамды ақпараттандырудың кеңейтілген процесі жағдайында мұндай құбылыс парадоксалды болып көрінеді.

Бұл үдеріс жөнінде кейбір ұстаздардың пікірінше, оқушылардың жүз пайызын қажет етпейтін жеткілікті арнайы пәндерді таңдау бойынша мектепте оқыту керек.

Педагогикалық қызметтің мақсаты өнімді және саналы қызметті жүзеге асыруға қабілетті жан-жақты тұлғаны дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасау деп санаймыз. Оқу үдерісін барлық оқушылардың мемлекеттік стандартқа сәйкес базалық дайындық деңгейіне қол жеткізуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететіндей ұйымдастыру қажет деп санаймыз.

Педагогикалық қызметінің негізгі міндетін физика сабағында оқушылардың өзін-өзі дамытуына, олардың білім деңгейін арттыруға, коммуникативтік дағдыларды, шығармашылық ойлауды, танымдық белсенділікті қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасын құруда көреміз. Осының барлығы бізге оқушының жеке тұлғасын оның қабілетіне, қызығушылығына және мүмкіндіктеріне сәйкес дамытуға, ал оқушыларға оқуда белгілі бір табыстарға қол жеткізуге және одан әрі білім алу бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық технологиялардың кең ауқымын пайдалану бізге оқу уақытын тиімді пайдалануға және оқушылардың жақсы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Физика пәнінің оқыту үдерісіне біздер келесі педагогикалық технологияларды қолданудамыз:

- проблемалық оқыту;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- ғылыми-зерттеу және жобалау;
- жеке тұлғаға бағытталған технологиялар;
- тесттік технологиялар.

Оқу үдерісіне проблемалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың мәселені шешу бойынша белсенді дербес қызметін ұйымдастыруға, соның нәтижесінде білімді, іскерлікті, дағдыны шығармашылықпен меңгеруге, ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [2].

Дәстүрлі оқыту, әдетте, оқушыларды жалпы білім жүйесімен қамтамасыз етеді және жадыны дамытады, бірақ ойлау қабілетін, өзіндік іс-әрекет дағдыларын дамытуға аз бағытталған.

Проблемалық оқыту бұл кемшіліктерді жояды, ол оқушылардың ойлау қызметін белсендіреді, танымдық қызығушылықты қалыптастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру үдерісінде үлкен орын алады. Бұл технологиялардың басты артықшылығы көрнекілік болып табылады, өйткені ақпараттың үлкен үлесі көру жадының көмегімен іске асады. Ақпараттық технологиялар оқу үдерісін шығармашылық және оқушыға бағытталған етіп жасауға көмектеседі. АКТ-ны сабақтарда білім беру және оқыту бағдарламаларын қолдана отырып, презентациялар, мультимедиялық демонстрациялар, әр түрлі тақырыптар бойынша бейнелер көрсету үшін қолданамыз.

Білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану оқытуды мазмұнды, қызықты етеді, білім алушының дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, оқытудың дараландыру деңгейін айтарлықтай арттырады.

Өз жұмысымызда біздер ғылыми-зерттеу және жобалау әдісін қолданамыз, өйткені ол оқушылардың жан-жақты дамуын, олардың шығармашылық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, тұлғаның креативті өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауға көмектеседі [3].

Педагогикалық технология ретінде ғылыми-зерттеу және жобалау әдісі оқушылардың белгілі бір уақыт аралығында орындайтын өзіндік іс-әрекетіне бағытталған. Жоба жасау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік береді. Жоба бойынша жұмыс тұрақты мүдделерді, шығармашылық ізденістерге тұрақты қажеттілікті қалыптастырады, өйткені қызметтен тыс мүдделер мен қажеттіліктер туындамайды.

Жоба жұмысы барлық оқушыларды оқу жұмысына тартуға мүмкіндік береді, оқушыларды шығармашылық қызметке ынталандырады, мұғалім, оның оқушылары және ақпараттық технологиялар құралдары арасында белсенді өзара іс-қимылдың пайда болуына және дамуына ықпал етеді.

Тұлғалық-бағытталған технологияның негізінде білім алушының тұлғасына гуманистік көзқарас жатыр. Гуманистік тәсілдің басты ерекшелігі адамның даралығына, оның тұлғасына назар аудару, дербес сыни ойлауды саналы дамытуға нақты бағдар беру болып табылады. Жеке тұлғаға бағытталған технологияларға ынтымақтастық педагогикасы жатады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту оқу қызметін ұйымдастырудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдануды көздейді. Ынтымақтастықта оқыту қандай да бір мәселені шешуде немесе тақырыпты зерделеумен бірге жұмыс істейтін оқушылар тобын ұйымдастыруды көздейді. Бұл технология оқушының оқуға үйренуіне бағытталған.

Тест негізіндегі тапсырмалар оқыту практикасында кеңінен таралған. Біздер оларды сабақтың әр түрлі кезеңдерінде, әртүрлі үлгідегі сабақтарды өткізу кезінде, жеке, топтық және фронталды жұмыс барысында басқа да оқыту құралдары мен тәсілдерімен ұштастыра отырып қолданамын. 9-11 сыныптарда сынақ өткізу кезінде жиі тест тапсырмаларын қолданамыз. Тестілеу нәтижесінде оқушы қанша сапалы, толық, саналы түрде материалды игергенін көруге болады.

Біздің ойымызша, мұғалімнің өзі жасаған тесттер білім сапасын тиімді анықтауға, әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды дараландыруға мүмкіндік береді. Тест тапсырмаларын сабақтың міндеттерін, оқылатын материалдың ерекшелігін, танымдық мүмкіндіктерін, оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып құрастырамыз.

Тест технологиясы оқушылардың білімін бақылауға көмектеседі. Тест нәтижелерін тексеру кезінде субъективті факторды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оқушыларда логикалық ойлауын дамытады.

Қазіргі заманғы жаңа педагогикалық технологияларды және олардың элементтерін білім беру үдерісінде пайдалану бойынша жүйелі жұмыс оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, физиканы оқытуда жақсы нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі, оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Теория и методика обучения физика в школе. Частные вопросы. Учебное пособие для студентов пед. вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. - М: Издательский центр «Академия», 2010. - 386 с.

2. Бұзаубақова К.Ж. Физика сабақтарындағы оқытудың инновациялық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Жазушы, 2005.

3. Раманкулов Ш.Ж., Беркимбаев К.М., Орманова Ғ.К. Білімді ақпараттандыру жағдайында «Оптика» пәнін оқыту үдерісінде болашақ физика мұғалімдерінің креативтілігін қалыптастыру// Вестник КарГУ. .-2015, июнь.-№2(78).

ӘОЖ 159.99

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ізімова Ә., студент,
Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық мінезін зерттеушілердің еңбектері талқыланып, ұлттық мінезді қалыптастыру проблемалары баяндалып, халқымыздың ұлттық мінезі: әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық ізеттілік, қонақжайлылық т.б. өзіндік ерекшелістері туралы айтылады.

Түйінді сөздер: Ұлттық мінез, этнос, ұлттық сана, ұлттық менталитет, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық ізеттілік, қонақжайлылық, ұлттық құндылық.

Ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Қазақ халқының түркі тектес өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипат – қасиеттері бар. ҚР этномәдени білім тұжырымдамасы белгілеп берген ұлттық сана, ұлттық менталитет, ұлттық мінез бітістерін жастардың бойына сіңіру, әр педагогтың қасиетті борышы[1]. Тұжырымдамада жан-жақты мәдениетті тұлға ұлттық мінез бітістерін меңгеруі қажет деп атап көрсеткен. Ұлтты ұлттан айқындап беретін тіл, дін, салт-сана, ұлттық психология болатын болса, онда мінездің алатын орны бөлек

Ғылыми философиялық – психологиялық әдебиеттерде ұлттық мінез бітістерін қалыптастыру, соған сәйкес баланың сезімін және сенімін тәрбиелеу қажет екендігі көрсетілген. Ұлттық мінез бітістері туралы ой-пікірлер YI ғасырдағы Орхон-Енисей жазуларынан басталып, оны одан әрі, орта ғасыр ғұламалары (Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашғари, А.Игүнеки) мен Алтын Орда дәуірі оқымыстылары (С.Сари, Қ.Жалаири), XIY-XY ғасырда өмір сүрген ақын-жазушылар (Шалкиіз, Бұхар, Шал ақын Махамбет, Әсет және т.б.) айтып келген. XIX ғасырдың екінші жартысында (Шоқан, Ыбырай, Абай), одан бері ортамызға қайта оралған қазақтың зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М. Дулатов, С.Сейфуллин, т.б. еңбектерінде бүгінгі күнге дейін осы мәселе өз өзектілігін жоғалтпаған[2].

Ы.Алтынсарин еңбектерінде өз халқының мінез-құлқына тән бірсыпыра қасиеттерді атап көрсеткенді. Оның анықтауынша, қазақ халқына қарапайымдылық пен кішіпейілділік, ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілділік, өзге нәсілді адамдарға деген достық және сыйластық көзқарас, қонақжайлылық пен пайымшылдық сияқты қасиеттер тән. Сондай-ақ, олардың бойында өзге де мінез-құлық сипаттары бар. Бұл орайда, қазақтардың өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығымен айналасуға икемділігі, меймандостығы мен балажандығы, өмірдің қиыншылықтары мен әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыдамдылығы олардың жалпы ұлттық қасиеттері болып табылады. Әрбір ұлт пен ұлысқа, этнос пен тайпаға тән қасиеттердің жай-жапсары-әлеуметтік психология саласы-этникалық психологияның зерттейтін төл пәні.

Ұлттық мінез жайында жазылған әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар бар. Мәселен, проф. Н. Жанділдин ұлттық мінезді сол ұлтқа тән психикалық қасиеттердің жиынтығы деп түсіндіреді.

Ұлттық мінез туралы И. Конның пікірі де «О проблеме национального характера» атты еңбегінде, ұлттық мінезді бір этникалық топты өзгеден айыратын, өзгермейтін қасиеттер жиынтығы деп санаудың дұрыстығына күмән келтіреді. Бұл пікірді Н. Жанділдин өзінің «Природа национального характера» атты кітабында И. Конның бұл пікірімен келіспейді. «Ұлтгык мінез ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға тұкым қуалаушылық жолымен беріледі» деп талай ғалымдар пікір таластырған. Қазіргі танда ұттык мінез мәселелері Украинада, Тәжікстанда, Ресейдегі татарлар мен саха, бурят халықтарында зерттеуге алынған. Шағын коми сиякты этностың ұлттық мінезі туралы диссертация қорғалып, монографиялар жазылған. Ал, ұлан ғайыр территорияны мекендейтін 9 млн. қазағы бар қазақ елінің ұлттық мінезі туралы диссертация жұмыс пен монография түгіл, қомақты мақала да жок.

Сонымен қатар, Қ.Жарықбаев, Т.Тәжібаев, С.Қалиев, К.Қожахметова, Р.Төлеубекова, З.Әбілқызы, С.Ғаббасов, Ә.Табылды, т.б. ғалымдардың оқушылардың ұлттық мінез бітістерін қалыпатастырудағы еңбектері біраз көкейтесті мәселелерді алға тартады[3].

Орыс империясының қарамағына кіргеннен кейін қазақ халқы өзінің жайсаң мінезінен арыла бастағаны туралы Абай да айтқан[4]. Оны «Мәз болады болысың» атты өлеңінде жақсы көрсеткен. Бұларда қалжыңы теріс, ызақор, мақтаншақ, паң, итмінез, ойсыз және т.б. секілді қасиеттерді айтып жырлады. Бұл империялық саясаттың «бөлшекте де, билей бер» («Разделяй и властвуй») нәтижелері.

Демек, «ұлттық мінез», - деп ұлттық дәстүр негізінде тәрбиеленген ұлт адамы мінезінің белгілі бір түрінің ұлт мүшелерінің бәріне бірдей болмаса көпшілігіне тән ортақ деңгейге көтеріліп, жалпылық сипат алуын айтсақ керек. Мінезділік жеке адамның да, ұлттың да болмысының көрінісі іспеттес. Халықтық қасиеттеріміздің негізінде мінез жатыр. Өйткені мінезсіз адамда қасиет болмайды. Бұл ұлтқа да тән. Ұлттық мінезі жоқ халық та солай. Тағдыры шешілер тартысты кезеңде тастүйін бірігіп, ұлттық мінез көрсете алмаған халық – қалың тобырмен тең. Ездіктің езгісінде болып, құрметтен құр қалады. Мінезді халық – намысты халық. Намысты халық ешкімге есесін жібермейді, кеудесін басқызбайды. Демек, ұлттық мінез – ұлттық намыстың егізі, бірінсіз бірі жетім[5].

Мәселен, қазақтар өзінің «бас пайдасын ғана» ойламайды, онымен қатар ағайын-туыстарының, ел-жұртының да қамын ойлай жүреді. Бірінің басына қиындық, қайғы-қасірет түссе, оны барлығы бірлесе жұбатып, жәрдемдесіп, қайғысын көтеріседі. Ал, егер бірінің басына қуаныш келсе, оны да бірге тойлап, қуанышын бөліседі. «Ағайын - бір өліде, бір тіріде» деп, бір-біріне мал-жанымен, жылы сөзімен қарайласа жүреді. Алда-жалда, қазақтың қандай да бір азаматы ағайын-туысына қарайласпай, қарақан басының ғана қамымен оқшауланып кетсе, ондай адамды қазақ қоғамы қатты айыптайды. Қазақтың бұл мінезін:

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін!
Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін!
Бай болып, халқыңа пайдаң тимесе,
Батыр болып, жауыңа найзаң тимесе -
Жұрттан ала бөтен үйің күйсін!

деп Төле бидің атынан айтылған шумақтарынан-ақ анық аңғаруға болады.

Өзінің ұзаққа созылған тарихындағы қалыптасу жолында қазақтар да өзге халықтар секілді қадір тұтуға жарайтын ұлттық психологиялық «кешендерді» бойына сіңіріп келді. Оның қатарында ұлттық мінездің көптеген нышандары — жауынгерлік мінез, кеңпейілділік, бауырмалдық, мейірімділік, жомарттық, қонақжайлылық, балажандық, сонымен қатар, батырларға тән аккөңілдік пен аңқаулық, тағы басқа да көптеген жағымды қасиеттер бар.

Жоғарыда айтылған қасиеттердің бірқатарына тоқтала кетсек, алдымен жауынгерлік мінезі туралы көп айтуға болады. Әдетте, қазақтың бойында «бұғып» жататын бұл мінезі онша байқала бермейді. Бейбіт күнде бұл мінезді сауықшыл, мейірбан, қонақжай, аккөңіл мінездері «тұсаулап» ұстап отырады. Ал алда-жалда ел басына күн туа қалғандай болса, әлгі «бұғып жатқан» жауынгерлік мінез аяқ астынан атай салып, буырқанып, «тұсауды» үзіп шыға келеді. Мұны Қазыбек бидің жоңғар хонтайшысына айтқан әйгілі шумағынан анық аңғаруға болады:

Біз - қазақ, ежелден мал баққан елміз,

Жылқы айдап, той-тойлап, жай жатқан елміз.
Ел шетін, басынып, кенеттен жау тисе,
Дұшпанды аяусыз жайратқан елміз!

Қазақтың бойында мұндай жауынгерлік мінездің қалыптасуына оның ғасырлар бойы жан-жақтан түрлі шапқыншылықтарға жиі ұшырап келуі себеп болды. Қазақтар сол шапқыншылықтардың барлығынан да, алдымен Алланың, онан соң ынтымақ-бірлігінің, ержүректілігінің арқасында біржола жойылып кетпей, аман шығып отырды.

«Бұрыңғы уақытта-деп жазды Ж.Аймауытов пен М.Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында-қазақ елі ұйымшыл, әрі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы ірі, бітімді, қайратты, сауықшыл ел болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен»,-дейді.

Ғасырларға созылған тәуелділік текті халықты жаппай орындаушыға айналдырды. Осының салдары халқымызды тектілікке тән қазақы төл мінезінен айырып қалуға әкеліп соқты. Отарлаушылар өздерінің үстемдігін толық орнату үшін бұрынғы қазақ қоғамында бар қалыптасқан кісілікті, парасаттылықты түрлі айла-амал қолдану арқылы біртіндеп қажеттіліктен шығарып, оның орнына қазақ жұртын қалайда жанын жалдап күн көрудің артықшылықтарын пайдаланып қалуға насихаттап бақты. Осы жолда кім отарлаушылардың ойынан шықса, сол жақсы адам ретінде бағаланып, марапатқа ие болды. Ал ойынан шықпағандар – неше жерден керемет болса да, жамандар қатарына жатқызылды. Соның салдарынан жұрт асыл мен жасықтың, жақсы мен жаманның парқын ажыратудан қалды. Бағалаудағы әділетсіздік қайталанған сайын, қиянатқа төзбеушілердің үні де молая түсті. Олар алғашқыда ызамен, күйініп айтса, кейін өз-өзін басқа бағалар ешкім жоғын біліп, өзі жөнінде барынша майын тамызып, сүйініп айтатын болды. Сөйтіп мақтаншақтық жат мінез біртіндеп қазақтың болмысына еніп, әдеттегі тірлікке айнала бастады. Қазір мақтанды ұнатпайтын қазақ аз.

Кезінде мән-мазмұнын ұлы Абай ашып берген осынеу жат мінез, жаман мінез Еліміз тәуелсіздік алып, өз билігіміз өз қолымызға тиген қазіргі шақта да кәрі қойдың жабағысындай жабысып қалмай жүргені еріксіз ойға қалдырады. Осы орайда ата-бабаларымыздың өткен жолына үңіліп, тарих дерегінің берер мағлұматын сараптай зерделесек, ұлтқа қатысты киелі ұғымдардың бәрі сол ұлтты құрайтын халықтың қалыптасқан дәстүрінен бастау алып, тамыр жаятынын пайымдау онша қиындық туғызбайды. Осыдан келіп, барлық халықтық құндылықтардың бастауы – ұлттық дәстүрдің мәні мен мазмұнын жете танудың қажеттілігі туындайды.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп жетілуіндегі тәрбиенің ерекше рөліне тоқтала келе, өзінің 19 қара сөзінде: «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады.Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» - деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді[5]. Сондай-ақ Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгерістерге еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моралдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты құмарлықты, тәуелсіздікті беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді. «Адам баласы бір-біріне ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық» - дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсете білді[5]. Өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығына икемділігі, меймандостығы, өмірдің қиындығына, әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыншылдығы жалпы ұлтқа тән қасиеттер.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың ұлттық мінез бітістерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әрбір ұстаз сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар өз бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген,

рухани жаны таза адам болуы шарт. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР этномәдени білім тұжырымдамасы, 1996;.
2. Жұмабаев М. Педагогика, Алматы, 1992,160 б.
3. Жарықбаев Қ.Б.Қазіргі қазақтардың ұлттық мінезі туралы бірер ой// Мектептегі психология, 2010ж. №5,13-15б.
4. Құнанбаев А, Шығармал. толық жинағы, 2 т, Алматы, 1954 - 330 б.
5. Салғараұлы Қ., Елдік негіздері, Ақтау, 2008,24-26б.

ӘОЖ 94(574)(045)

ЖАҺАНДАНУ ҮРДІСІНДЕГІ ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ

Ережепова Р.Г.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы Елбасының атап өткен Ұлы Даланың жеті қырының бірі-тарихи сананы жаңғырту мәселесімен қазіргі жаһандану үрдісімен сабақтастыра отырып, тарихи сананы жаңғыртудың өзектілігі қарастырылады. Сондай-ақ, түркі әлемі мен тарихи сананың жаңғыруындағы архив мәселесіне де баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: Ұлы Дала, жаһандану, тарихи сана, ұлттық код, ұлттық болмыс, түркі әлемі.

Сонау ғасырлардан бері қазақ тарихында ел тізгінін ұстаған мемлекет қайраткерлері мен басшыларының ел іргесін берік ұстаудағы қадамдары аз болмағаны тарихтан белгілі. Мысалы, «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» , Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» сияқты дала заңдары қазақ қоғамын біріктірді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қазақстандық қоғамның реформалардан өткені белгілі. Сол реформалардың ішінде ең құндысы-Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы-болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал, ең бастысы –еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жетікізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды.

Бұл идеядан кейінгі Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің өміршеңдігінің жаңа бастауы деп бағалауға болады. Елбасымыздың 2017 жылдың 31-ші қаңтарында жарияланған Жолдауында айтылғандай: «Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз»[1].

Тарихтан белгілі әлем мемлекеттерінің көшбасшылары мемлекет саясатын жолға қоюда бірқатар саяси бағдарламалар мен жобаларды жасап жариялады. Олардың қатарында АҚШ Президенті Рузвелттің "Жаңа курс" , Вудро Вильсонның "14 пункті" , сондай-ақ, Қытай көсемі Мао Цзедунның "Мәдени революциясы" сияқты бағдарламалар болды. Аталған бағдарламалардың бірқатары осы елдердің дүниежүзілік әлемдік саясатта гегемондыққа ие болу мақсатында және аталған елдердің саясатын жолға қою бағытында қызмет етті. 21-ші қараша күні жарияланған Елбасымыздың Ұлы даланың жеті қыры деп аталатын мақаласы жоғарыда аталған әлем көшбасшыларының бағдарламаларынан ерекшелігі - оның саяси мақсатты көздеуінде емес, бірнеше ғасыр бойы тоталитарлық режимнің қыспағында қалған ұлт тарихын жаңғырту мен

қазіргі кездегі әлемді жайлаған жаһандану процесінде ұлттың жұтылып кетпеуі үшін бағыт-бағдар беретін жол көрсететін бағыт болып отыр.

Біздің еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бергі Елбасымыздың халыққа жолдаған Жолдауларының ішіндегі рухани құндылықтарымызды бағалауға бағытталған "Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру" бағдарламасы жарияланғаны белгілі.

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының жалғасы болып отыр. Себебі, бұл бағдарламадағы аталған ұлттық код және ұлттық сана ұғымдарымен мақаладағы тарихи сана, тарихилық ұғымдармен астасып жатыр.

Елбасы мақаласында Ұлы даланың жеті қырының бірі-2-ші бөліміндегі тарихи сананы жаңғырту мәселесі туралы сөз етпекпіз[2].

Сонымен бірге Елбасы халқымыздың дүниетанымына өткені мен бүгініне тікелей қатысты бірнеше ірі жобаларды бастауды ұсынады. Солардың бірі -Архив-2025.

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Н.Ә.Назарбаев бабаларымыздың өмірі туралы деректі құжаттарды айналымға түсіру және іргелі зерттеулер жүргізу үшін бүкіл архивтерде өз ізденушісі мен зерттеушісін күтіп жатқан барлық отандық және шетелдік мұрағаттардан материалдарды табуды ұсынады. Сондықтан «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасаудың маңыздылығына тоқталады. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керектігін атап өтеді. Бұл жерде ең маңыздысы- ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастыратын факторлардың бірі ретінде өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталу керектіне баса мән береді. Ол үшін мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңыздылығына ерекше мән береді. Елбасымыз тарихшылар мен деректанушылардан мәдениеттанушылардан ірі архивтерде жұмыс жасап, тарихымызға тың жаңа деректерді қосуына мән беру керектігіне назар аударады. Оның да себебі бар: көптеген ғасыр бойы «Мәдениеттің отаны-Еуропа» деген еуропоцентристік көзқарас бойынша Еуразия даласындағы оқиғалар мен түркі әлемінің мәдениеті мен тарихы шаң басып мұрағаттарда жатты. Содан соң, кеңестік үкімет жылдары қазақтың тарихы саясаттың қысымында өмір сүрді.Сондай-ақ қазіргі кездегі батысшылдық және жаһандану дәуірінде тарихымыздың қайтадан жұтылып кетпеуі үшін Елбасымыз рухани жаңғыруды тарихи сананы жаңғыртудан бастаудың маңыздылығына баса мән береді.

Елбасы мақаласындағы Ұлы Даланың жеті қырларының бірі - Түркі әлемінің генезисі тарихи сананы жаңғыртудың маңызды мәселесі болып табылады. Қазақстанды – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы»-деп атай отырып, қазақ даласындағы түркі тектес тайпалардың тарихи үдеріске қосқан үлесін атап өте отырып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажеттілігіне тоқталады. "Тамырсыз тал болмайды, тарихсыз ел болмайды " деген мақал осы мәселенің мазмұнын ашады.

Тарихымыздағы ең көне қалалардың бірі -Түркістанның рөлін көтере отырып, тек қана түркі Даласына емес, сондай-ақ, әлемге Түркістан қаласының тарихи маңыздылығына мән береді. 13-14ғ.ғ. Түркістан Әмір Темірдің өз мемлекетінің саясатын жүргізуде орталылыққа айналдырғаны белгілі. Ал, кеңес заманында Түркістандағы талай мәдени құндылықтар қирап,тарихымыздың біраз беттері ашылмай қалды. Елбасымыз осы жағдайда Түркі өркениетін жандандыруға қайтадан көңіл бөлуге шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
2. https://massaget.kz/mangilik_el/48589/.21.11.2018ж.

ӘОЖ: 94 (574) (045)

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ

Сидешова Р.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ..

Аңдатпа. Мақалада алаш көсемдерінің бірі, ұлт мүддесін көздеген Халел Досмұхамедұлының саяси іс-қызметі, ғылыми жұмысы, ғылыми еңбектері туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Алаш, ұлт, қазақ зиялылары, ұлттық партия, Халел Досмұхамедов.

Халел Досмұхамедов - «Бұл дүниеде түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақтың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі», -деген екен [1].

Бүгінгі күні елімізге, халқымызға еңбегі сіңген, қаны мен жанын аямаған Халел, Жаһанша Досмұхамедовтар, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышпаев, Ахмет Байтұрсынов сияқты ерлерімізді еске алып, қастерлеу өзі айтқандай әрине елдіктің белгісі болмақ.

Халел Досмұхамедұлы - қысқа өмірінде қыруар іс тындырып, көп еңбек жасап үлгерген адам. Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге қоса латын, араб, парсы, түрік орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сөйлеп, жаза білген Х.Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған. Жан-жақты, көл-көсір әмбебаб білімнің арқасында ол биология, зоология, медицина саласына да көп еңбек қосқан ғалым.

ХХ ғ. басында патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы шыққан қазақ зиялыларының арасында Х.Досмұхамедов та болды.

Оның саяси істерге белсене араласуы 1905 жылдың желтоқсан айында Орал қаласында Бөкейханов, Қаратаев бастаған қазақ зиялылары бас қосқан «Бес облыс өкілдерінің съезі» атанған мәжіліске қатынасуынан басталады. Қазақ оқымыстылары мен қайраткерлерінің конституциялық-демократиялық партия құру әрекеті, ондағы негізгі көтерілген мәселелер – жерге иелік ету, Қазақстандағы жерді қазақ халқының меншігі деп жариялау, Ресейден қоныс аударушыларға тоқтау салу, қазақ ішінде сауат ашу жұмысын жолға қою, кедейлерге теңдік беру т.т. мәселелер-оның көкейінен шығатын еді. Осы кездерде «полицияның көзіне іліктім де, столыпиндік реакция жағдайында халық арасында саяси жұмыс жүргізу мүмкіндігі болмай қалғандықтан, бар ынтамызбен оқуға бас қойдық»,-деп жазады.

1917 жылдың сәуір және мамыр айларында енді-енді құрыла бастаған қазақ комитеттері Орынборда, Оралда, Омбыда, Семейде және т.б. жерлерде өздерінің облыстық және уездік съездерін өткізді.

«Қазақ» газеті 1917, №256, 23 желтоқсанда: «Осы съездердің ішінде 1917 жылғы сәуірдің 19-22 аралығында өткен және оның барысында Х.Досмұхамедұлы белсенділік көрсеткен Орал облыстық қазақ съезі айтарлықтай орын алды. Орал қаласында болған бұл съезге 800-ден астам делегат қатысты. Делегаттар саны жағынан сол жылғы көктемде өткен қазақ съездерінің одан асқаны жоқ. ... Біздің пікірімізше, Орал облыстық съезінің күн тәртібі де басқалардыкінен айтарлықтай ерекшеленіп тұр. Онда көлемі де, деңгейі де, маңызы да әр түрлі бір-бірімен байланысты үш мәселелер тобы (жалпымемлекеттік, ұлттық және аймақтық) жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатынасушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймаған, мәселелер саны 23-ке жеткен, бұл сан басқа съездердің күн тәртібіндегіден әлдеқайда көп».

Съездің үшінші күні Х.Досмұхамедұлы мен Жаһанша Досмұхамедұлы «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың Уақытша ережелері» атты жергілікті және облыстық деңгейдегі басқару жүйесін толық талқылап, бір ауыздан дауыс берді. Бұл жоба шын мәнінде талай

ғасырлардан соң, жаңа замандағы қазақтардың өз елін билеу, басқару, өкіметтігінің өмір сүру формасын айқындау жолындағы тұңғыш қадамы, талпынысы болатын. Сәл кейінірек Екі Дос бұл теориялық ойларын іске асырды да. 1918-1919 жылдарда жеке отау тіккен «Ойыл уәляяты үкіметі» ғұмыры аз болса да сабағы көп, кейін кеңес үкіметі күшпен таратқан Қазақ даласындағы бірден-бір мемлекеттік-саяси құрылым болды.

Х.Досмұхамедов мамыр айының 1-11 күндері Мәскеу қаласында болып өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысады.

21-28 шілде аралығында Орынбор қаласында болып өткен Бірінші жалпықазақ съезінде Халел Досмұхамедұлы басынан аяғына дейін төрағалық етті. Күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1. мемлекеттік басқару түрі; 2. қазақ облыстарындағы автономия; 3. жер мәселесі; 4. халық милициясы; 5. земство; 6. оқу-ағарту мәселесі; 7. сот; 8. дін; 9. әйел мәселесі; 10. құрылтай жиылысына дайындық және қазақ облысынан депутаттар; 11. бүкілресейлік мұсылмандар съезі (Шура и – ислам); 12. қазақтың саяси партиясы; 13. Жетісу облысындағы жағдай туралы; 14. бүкіл Ресей федератистерінің съезіне, сондай-ақ Петроградқа оқу комиссиясына қазақтан делегаттар жіберу туралы.

Осы 14 мәселе бойынша, ең бастысы ұлт мүддесін көздейтін ұлттық партия құру туралы шешім қабылданды [2].

Ал «Алаш» партиясы ресми құрылған, «Алашорда» мемлекетінің негізі қаланған Орынборда 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда болып өткен екінші Жалпықазақ съезінде төралқаның қосымша төрағасы болады. Алаш мемлекеті мен үкіметінің бас органы –Ұлт (Халық) Кеңесі құрамына Орал облысынан Х.Досмұхамедұлы сайланды.

Алаш қайраткерлері бірінші кезекте бұқараны бүліншіліктен қорғайтын ұлттық әскер – халық милициясын тездетіп жасақтауға күш салды.

Патшаны тақтан түсірген Уақытша үкіметтен билікті күшпен тартып алған большевиктер бірте-бірте бел алып үстемдігін нығайта бастаған кезде, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар 1918 жылдың наурыз айын Москвада өткізді: В.И.Ленинмен және И.В.Сталинмен кездесіп, Алашорданың талаптарын айтты. Большевиктер кеңес үкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, ал олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік және сот жүргізу), өз әскері болу (халық милициясы) сияқты талаптарын, қазақтар көп шоғырланған жердің бәрін, ата қонысты түгел қайтарып, бір орталыққа бағындыру және әр жерде кеңес комитеттері тұтқындаған алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды қудалауды тоқтату, қаржылай көмек алу сияқты шұғыл шешімін табуы қажет мәселелерді өткір қойды. (екінші жалпықазақ –қырғыз съезінің қаулысын табыс етеді.)

Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар бірталай мәселелерді ... атап айтқанда, түрмедегі алаш қайраткерлерін босаттырды, орталық кеңес үкіметінен қаржы-қаражат алды. Ұлт істерімен айналысатын комиссариат жанынан қазақ бөлімін ашқызды.

Елді Азамат соғысы жайлаған кезде Алаш ұлттық қорын құрып, елден алым салық жинай бастаған Алаш қайраткерлері 1-кезекте бұқараны бүліншіліктен қорғайтын әскер – халық милициясын тездетіп жасақтауға күш салды. 1918 ж. қаңтарда қызылдардың Орынборды басып алуынан соң Алашорданың өзі үшке бөлініп кетті. Орталық Алаш Орда Жаңа Семейге орналасты, Күншығыс Алаш Орда Жетісу облысында әрекет етті. Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар Күнбатыс Алаш Ордасының жұмысын жандандырды.

М.Қойгелдиев: - «Х. Ғаббасов 21 көкекте РКСФР ХКК мен Ұлт Істері жөніндегі комиссариатына жолдаған жеделхатында қазақ елінің мүддесін білдіретін Алаш автономиясын тез арада ресми түрде мойындауын тағы да талап етеді» [3].

А.Байтұрсынов «Революция және қырғыздар»: - «Кеңес үкіметінің үнсіз қалып, келіссөзді тоқтатуы Алашордаға түсініксіз көрініді және бұл бағыттағы әрекетті мүлдем үмітсіз етті».

Кеңес Нұрпейісов: «Халел және Жаһанша Досмұхамедұлдарының Мәскеуде Кеңес үкіметі басшыларымен кездесулері мен телеграф сымы арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінен анық байқалғаны – Орталық Кеңес үкіметінің ынтымақ, ұлттық тұтастық негізінде құрылатын қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығы және оған керісінше қазақ халқына таптық жіктелуге негізделген кеңестік тұрпаттағы автономия беруге даяр екендігі еді» [4].

Сонда: « Орталық Кеңес өкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күресінің нәтижесінде дүниеге келген Алаш Автономиясы мен Алашорда үкіметін мойындамады».

1918 жылдың жазынан дербес әрекетке көшкен батыс Алашорда 1919 жылдың соңына қарай Кеңес үкіметімен келіссөз жүргізуге бет бұрады. Бірақ оның бұл ниетін Түркістан майданының қолбасшысы М.В. Фрунзе қабылдамай тастайды. Жеделхат: « ... так называемое алашордынское правительство считает себя равной с нами стороной и выдвигает соответствующие этому договорные условия. Разъясняю: 1. никакого алашординского правительства мы не знаем и не признаем и в договорные соглашение с ним вступать не можем» [5].

Осы арада 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Орт.Алаш үкіметінің қайраткерлері Кеңес үкіметін амалсыз мойындады. Большевиктік идеяны қабылдамаған, қызылдармен қарулы қақтығысқа түскен қазақ оқығандарының қыл үстіндегі тағдырын Мәскеуге арнайы барған А.Байтұрсынұлының қажырлы еңбегі бір жолға аман сақтап қалды. Лениннің 1919 ж.10.06. «Кирревком» құруы, төраға орынбасарлығына Ахмет Байтұрсыновтың тағайындалуы – Кеңес үкіметі алдында тізе бүккен Алаш қайраткерлерінің үмітін қайта оятты.

Ахмет Байтұрсынов: « ... монархиялық билікті көздейтін Колчактың пайда болуы, бізге екі билік туралы да ойлауға мәжбүр етті, ең соңында жергілікті большевиктерді әрекеті арқылы біліп, көңіліміз қалған болса да, кеңес үкіметі жағын таңдадық, өйткені біз қазақ халқының аңсаған арманы қай уақытта болмасын әйтеуір оңшыл ағым емес, солшыл ағым әрекеті нәтижесінде іске асуы мүмкін екендігіне сенімді едік». .

1918 ж. 18-21 мамырда Жымпиты қ-да өткен Орал өңірі қазақтарының 4-съезінде Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым –«Ойыл уәлаты уақытша үкіметін» жариялауға қатысты.Сол жылы қыркүйек айының ортасында Кеңес үкіметіне қарсы күштердің Уфа директориясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, «оған А-О-ның батыс бөлімшесі» деген ат берді. Халел осы кездерде Алаш Орданың атты әскерін ұйымдастырып, Ұлттық банк ашады, баспахана, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңірді. Ең бастысы –Ырғыз бен Маңғыстау арасын мекендеген қалың қазақты ақтың да, қызылдың да, казачествоның да талауына бермей, қорғап тұрды.

1919 ж. 27.12. Алаш атты әскері (Бат. А-О-да әр жылдарда 2000-нан 3000-ға дейін тұрақты қарулы қол болған) таңғы 7-де Қызылқоғаға бекінген Елек корпусының штабын басып алады. Генерал Акутин бастаған офицерлерімен қоса 500 казакты тұтқындап, көп қару-жарақ олжалайды. Екі күн бойы оларды құтқармақ болған казактармен ұрыс жүргізеді. Қызылқоғаға келіп жеткен Қызыл Армия бөлімдері Алаш әскері қолға түсірген олжаның бәрін иеленеді. Алаш үкіметі мен жасағын таратады, оның басшыларына кешірім беру не бермеу мәселесі талай айлар бойы өз шешімін таппайды.

«Ойыл уәләяты Үкіметі» ғұмыры аз болса да сабағы көп, кейін кеңес үкіметі күшпен таратқан Қазақ даласындағы бірден-бір мемлекеттік-саяси құрылым болды.

Ұлттық Мемлекеттік тұтастықты қалпына келтіру үшін күрес барысында өмірге келген Алашорда –Халық Кеңесі өкіметі тарих сахнасынан осылайша біржолата ығыстырылды, яғни, 1919 жылы Кеңес үкіметін амалсыз мойындаған соң, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық Комитеттің 1920 жылғы 5 наурыздағы қаулысына сәйкес Алаш-Орданың қозғалысының белсенді мүшелерінің бір тобымен бірге Досмұхамедов Ресейдің орталық губернияларына жіберіледі.

20-жылдары ұлттық интеллигенцияға қарсы басталған репрессияға алдымен алаштық деп аталған, ал шын мәнінде ұлт-азаттық интеллигенциясының ұшырауына таңдануға болмайды.

Алашорда үкіметі ғасыр басындағы қазақ қоғамының барлық мәселелері (экономикалық, әлеуметтік, рухани мәселелер) қазақ оқығандары тарапынан терең ұғыну арнасында пайда болған және сол мәселелерді шешуге бар күш-жігерін жұмсауға даяр ұлтжандылық пиғылдағы билік еді. Әрине бұл үкіметтің де өз заманы мен шыққан ортасынан бастау алатын кемшіліктердің болғаны даусыз. Оның негізі - жалпыұлттық мүдделер үшін қызмет ете алатын және оған белгілі дәрежеде даяр болды. Өз мәселелерін терең және тура түсініп, оларды сол тарихи жағдайда шеше алу мүмкіндігі жағынан қазақ қоғамы үшін басқа балама үкімет жоқ еді [6].

Халел Досмұхамедов тарих саласында XIX ғасырдағы қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарға алғашқылардың бірі болып ғылыми талдау жасады. Қазақстан тарихын зерттеуге ұлттық көзқараста қарайтын тарихшылар мектебінің іргетасын қалаушылардың бірі болды.

Медицина, ботаника салаларын терең зерттей отырып, ғылыми термин атауларын қазақтың бай сөздік қорынан іздеуі, оқушылар үшін гигиеналық-медициналық оқу құралдарын жазуы – ұлттық медицина ғылымының іргетасын қалаудың баспалдағы болды [7].

Өзі жазған «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі», «Жануарлар», « Оқушылардың саулығын сақтау», деген еңбектерімен қатар, Ю.Вагнердің «Дене бітімі мен оның жұмысы туралы әңгімелерін», «Өсімдіктердің жаратылысы мен тіршілігі туралы әңгімелерін» қазақ тіліне аударып, жарыққа шығарды. «Аламан» - қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер жинағы; «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» атты жинағы; «Шернияз шешен», «Алаш не сөз?», «Бұқарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана», «Самарқанд қаласындағы Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі», «Диуани лұғат ат-түрк», «Кенесарының соңғы күндері» атты зерттеулері және басқа да көптеген туындыларын атамауға болмайды [8].

«Құтадғу білік», «Жамиғ ат – тауарих», «Кодекс Куманикус», «Китаб ал-инсаб», «Саясатнаме», «Китаб ал-идрақы», «Гүлстан» сияқты тарихи ескерткіштер туралы кеңінен жазды.

М. Жұмабаев : «Қажымай алтын Айға қол сермеп, сол жолда мерт болған буын еді» деп айтқан бүгінгі күні Елімізге, Халқымызға еңбегі сіңген, қаны мен жанын аямаған Халел, Жанша Досмұхамедовтар, Ә Бөкейханов, М.Шоқай, М.Тынышпаев, А.Байтұрсынов сияқты Ерлерімізді еске алайық, есте сақтайық, қастерлейік, біле білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Х.Досмұхамедұлы Таңдамалы А., 1998
2. Аманжолова Д.А. Партия Алаш. История и историография. Семипал. 1993.;
3. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы А., 1995;
4 Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда А., 1995.,
5. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. М., 1994.;
6.Бөкейханов Ә. Шығармалар А.,1994.;
7. Озғанбаев Ө. Аңыз ғұмыр. Егемен Қазақстан, 26.11. 2003.;
8. Х.Досмұхамедұлы Таңдамалы А., 1998.

ӘОЖ 94 (574) (045)

АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қамиева Г.Б., Айтқұлова М.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының идеясы мен мақсаты, Алаш қайраткерлерінің ұлт тәуелсіздігі мен мемлекеттілігі жолындағы күресі мен қызметтері, зиялылар еңбектеріндегі тәуелсіздік мәселелері және олардың бүгінгі таңдағы Тәуелсіздік идеясымен ұштасып жатуы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік идеясы, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алаш Орда үкіметі.

Тәуелсіздік – ежелден еркіндікті серік етіп, ешкімнің бұйрығынсыз азат өмір сүруді ту еткен қасиетті бабаларымыздың келер ұрпағына сақтаған қасиетті мұрасы. Ғасырлар бойы сан мәрте қолына қару алып, жауға атылған қайсар бабаларымыздың көксегені дәл осы қасиетті тәуелсіздік еді. Елбасымыз өзінің «Тәуелсіздік белестері» атты еңбегінде: «Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты тағдыр кешті. Ол негізінен, тәуелсіздік жолындағы күреспен өтті. Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппақ парақ

бетіне күні кеше түсе қалған жоқ. Бүгінгі Қазақстанның алдына уақыт қойып отырған міндеттердің ауқымы мен артар жауапкершілік жүгін әлгіндей оқиғалардың таңбалы тарихи тізбегін, ата-бабаларымыздың жүздеген ұрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бағалау да, бағаламау да қиын», - деп атап көрсетті. Демек, қазақ халқы үшін тәуелсіздік қана емес, ол туралы идеяның өзі өте құнды, оған тарих куә.

Тәуелсіздік идеясы ертеден келе жатқан, халқымыздың рухани дүниесінің ажырамас бөлшегіне айналған мәселе. Ғасырлар өткен сайын бұл идея жаңғырып, жаңа серпінге ие болып отырды. Қазіргі таңда мемлекетіміз тәуелсіздік алып, әлемдік үрдістегі беделі мен саяси рөлі артып отырған шақта, тәуелсіздік жолында бар өмірін сарп еткен ХХ ғасырдың басындағы шоқ жұлдыздай ұлт зиялыларының пікірін, олардың ел бостандығы мен еркіндігі жолындағы күресі барысында жазылған еңбектерінің маңызын талдау өте өзекті мәселе. Өйткені мемлекетіміздің егемендігі ұлт зиялыларының еңбектерінде боямасыз айтылған тәуелсіздік идеяларымен астасып жатыр. Қарастырып отырған мәселе аясында қалам тартқан зерттеушілер қатары жоқтың қасы. Жекелеген ғалымдардың зерттеулерінде ұлт зиялыларының ел үшін атқарған еңбектері, жазып қалдырған естеліктері жайында жүйелі айтып өтілгенімен, алайда олардың ешқайсысында зиялылар еңбектеріндегі нақты тәуелсіздік идеялары талқыланбаған. Біздің мақсатымыз – ұлт зиялыларының еңбектеріндегі тәуелсіздік туралы идеяларын талдау. Осыған орай, зиялылардың пікіріндегі ерекшеліктерді көрсету, олардың саяси, идеологиялық, тәрбиелік маңызын айқындау болып табылады. ХХ ғасырдың басындағы қазақ жанашырлары бодандық бұғауындағы елінің мұң-шерін терең түсініп, халықты сол зардаптан қайтсем алып шығам деген мүддені көлденең тастады.

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын – нағыз зиялылар. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Ұлтқа деген құрмет ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса халық халықтық қасиетінен айырылады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбаны болады. Мұратсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Сахарадай жазық, ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалып, ұлт ретінде династиялы өмір сүруімізге – Қазақ Ордасы жәрдемші болды десек, дербес мемлекет құрып, ұлтымыздың рухын көтеріп, саяси элита бір ортаға шоғырланып, тарих сахнасына шығып, Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына Алаш қозғалысы зор үлес қосқан еді. Мемлекет басшысы: «Ұлттық идеяны қалыптастыру біздің өз тарихымызды жаңадан оқу негізінде ғана мүмкін болады. Сондықтан ұлттық идеяның формуласы ұлттық тарихта жатыр», - деген еді. Ендеше Ұлт тарихы, Қазақ хандығының тарихы, Алаш Орда үкіметінің тарихы бүгінгі жаңа тұрпатты Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына маңызды рөл атқарды. [1]

Жоғарыда айтқанымыздай мықты мемлекет болу үшін әскері қуатты, қилы заманды бастан кешкен тарихы қатпарлы, саяси элита да ұлттық партиясы мен ұлттық идеясы ұштасқан, ұлтын бір шаңырақтың астында ұлттық бірігуге ұйымдастырған болуы қажет. Алаш идеясы ұлттық бірігу концепциясына алып келді. Ол тұста қазақтың оқыған, саяси орталықтарда білім алған, мемлекет құрылысын қалыптастыру жөн-жосығын білетін ұлт зиялыларының басы біріктірді. Соның арқасында Алаш идеясы аясында мыңдаған қазақтың басы бірікті. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» атты еңбегінде: «Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олардың басым көпшілігі ғылымға емес – авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен «Алаш» партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы

мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы – «Алаш Орда» үкіметін құрып, ұлттық-аумақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады», - деді.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Тарих – күрес алаңы» кітабында Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, діңгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын», - дейді. Зиялылар еңбектеріндегі тәуелсіздік мәселелері тайға таңба басқандай анық айтылмаған. Олардың бірі елді бірлікке шақыра отырып ұлт болып жұмылуды көздесе, екіншілері халықтың көзіне ілім-білім шамын жағып, оларды қараңғы қапастанз, бұғаулы қамыттан оқу-тоқу арқылы алып шығуды назарға алған. Мәселен, осындай идеялық бағытты ұстанған зиялылар қатарына «Оян, қазақ!» деп атойлап, ұлттық сананы оятуда көш ілгері атанған М.Дулатұлын жатқызуымызға болады. Мәселен ақынның өлеңдеріндегі:

«Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң, Ел боламын, тең боламын дер болсаң. Көктен теңдік келмей өзің кем болсаң, Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!» - деген шумақтан ел жанашырының терең ұйқыда жатқан қалың қазақ жұртын оқу-білімге үндеп, егемендігімізді алудың ең асыл жолын ұсынғандығын байқау қиын емес. Сондай-ақ, қазақ зиялылары: «Біздің ілгері келешек күніміз де, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол – оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек өнерлі халыққа жалшы болудан басқа ешбір амал қалмайды», - деп «білімсіз күн – кәріп» екендігін тайға таңба басқандай айтады.

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне көзқарас ХХ ғасырдағы қазақ қоғамның ойы үшін ең азапты құбылыстардың бірі десек, шындыққа қайшы келмейміз. Өмірге келгеніне жүз жылдай уақыт өтсе де, осынау қозғалысқа байланысты саяси және теориялық мәселе өз зәрулігін бүгін де жойған жоқ, қайта уақыт талабына сәйкес жаңа мәнге ие болып отыр. ХХ ғасырдың басында қазақтың мемлекеттігін ту етіп көтерген, дербес мемлекеттің тұңғыш рет қалыптасуына күш салып, аз уақыт болса да, мемлекет негіздерін бекемдеген «Алаш» азаматтары еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ғасыр басындағы мемлекет мүддесін ойлаған ұлты қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар, өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретінде тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше көрсеткені Алаш тарихын халыққа толыққанды жеткізуге уақыттың келгенін хабарлағандай. Қазақта елге қамқор болған қадірменді адамдарын «Алаш азаматы» деуші еді, ешкімді жат көрмейтін халқымыз танымаған адамын «Алаштың азаматының бөтендігі жоқ», - деп құрметтеп қарсы алып келген. Ал енді бері келе осы сөзден безіп кеттік. Оған ХХ ғасырдың басында Ресейде патша билігі құлаған кезде «Алаш» партиясының, одан кейін, «Алашорда» үкіметінің құрылуы себеп болды. «Алашты» байшыл-төрешіл ағым деп елге құбыжық етіп көрсету орын алды.

Алаш қозғалысы» дегеніміз – ұлт-азаттық қозғалыс. Оны коммунистік партия шектеп, тар қалыпқа салып, «Алаш» қозғалысы деп атады. Қазақ тарихындағы тұңғыш демократиялық ұлттық ұстанымдағы партия осы «Алаш» партиясы болатын. Бұдан бұрын да, бұған дейін осындай дәрежеде құрылған «Алаш» партиясындай партия болған жоқ. Кезінде Міржақып Дулатовтың 1917 жылдың өзінде жазған бір мақаласы бар. «Ресейде саяси партиялар көп, бірақ олардың біреуінің бағдарламасы біздің халқымыздың мүддесіне сай келмейді. Бізге тура қазіргі тарихи кезеңдегі негізгі мүддемізді, қазақшылығымызды білдіретін, соны қорғай алатын саяси партия керек, оның негізінде ұлт өмірі жатуы керек», - дейді. Міне, «Алаш» осындай негізде, осындай мақсатта құрылған саяси ұйым болатын. Құрылған күнінен бастап Алаш партиясы саяси күреске

белсене араласты. Оның мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, буржуазиялық-демократиялық үлгідегі мемлекеттігіне қол жеткізу болды. [3]

«Алаш» партиясының бағдарлама жобасын жасауға Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. қатысты. Жоба он баптан тұрды: мемлекет құрылымы; жергілікті бостандық; негізгі құқық; дін ісі; билік һәм сот; ел қорғау; салық; жұмысшылар; ғылым-білім үйрету; жер мәселесі. Бұл жоба 1917 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен II жалпықазақ съезінде мақұлданды. Алаш партиясы және оның жетекшісі Ә.Бөкейханов Қазан төңкерісінің жеңісін қабылдаған жоқ және Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне қарсы болды. Алаштың басшылары тығырықтан шығудың жолын Қазақстанды автономия деп жариялаудан іздеді. Уақытша үкімет құлағаннан кейін Қазақ ауматық ұлттық автономия құруға шешім қабылданды. Алашорданың құрамына Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймақтары кірді. Осы аталған табиғат байлықтары, жер астындағы және оның үстіндегі барлық қазына Алаш автономиясының меншігі деп жариялады. Съезд 25 мүшеден тұратын Уақытша халық кеңесін құрды. Оның құрамына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, Е.Омаров, М.Шоқай, Х.Ғаббасов, М.Тынышбаев және басқалары кірді. 15 мүшесін сол жылы сайлап, 10 орынды қазақ арасында өмір сүретін басқа халықтардың өкілдеріне қалдырды. [4]

Халқының тағдырын ойлаған Алаш әдебиеті өкілдері таптың емес, тұтас қазақтың қамын жеп, ұлтқа қызмет етудің өшпес те өлмес үлгі-өнегесін көрсеткен айырықша құбылыс. Ол, біріншіден, тарих тағылымына үңілдірсе, екіншіден, Алаш арыстарының діттеген мұрат-мақсаттарына деген адалдық пен саяси ұстанымдарынан бір табан шегініс жасамаған тұлғаларын тануда да үлкен мәнге ие. Ғұмардың «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар Қазан төңкерісінен кейінгі кезең шындығын тануда ерекше нұсқа болып табылады:

«Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам.
Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам.
Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам,
Дос болып бірге жүріп қастық етіп,
Тысына қайшы келген іштен қорқам», - деген ақын үрейі жаңа саясаттағы талай қиянаттар мен зобаландарды ұғына түсуімізге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақын қан төгіс арқылы келген биліктің әлеуметке теңдік пен бостандық орнатуындағы қадамдары қоғамдық даму заңдылығына қайшы болып табылатынын және де өзгенің күштеп таңған азаттығы мәңгілік болмайтынын, сол себепті өзіңнің сара жолыңды изде деген мұратын алға тартады. Алаш туының асқақ, елдік қасиеттердің баянды болуы үшін әр азамат халқына еңбек етуде имандылық пен құрандай киелі ұғымдарды санасында тоқуы шарт деген талап қояды. Мұның бәрі Ғұмардың ұлтжанды тұлғасының, ақындық қуатының қашан да ұлт мұратымен сабақтасып отырғанын, өмірлік мақсаты болғанын дәлелдей түседі.

«Көреміз бе?» өлеңі жалпы Алаш партиясының, Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатын анық танытатын және де осы жолдағы ерен істерді Ғұмардың әрдайым қолдаушы тұлға, қозғаушы ақын болғанын ұғындырады. Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста аталған өлеңде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз. Тәуелсіздіктің басты сипаты – мемлекеттік істердің ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі, өз жерінің қазба байлығын халық игілігіне жаратуы десек, осынау кемелділікке жетудің жолдарына қатысты ғасыр басында-ақ Ғұмар келелі ойлар түйеді. Өз жерінен шыққан кенді өзі алғанын, Әдемілеп айқұш-ұйқұш жол салғанын, Еуропаның өнерінен үлгі алғанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе? «Алаш» атты орда құрып шалқығанын, Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын, Әрбір істе қазақ исі аңқығанын, Тірілікте көзімізбен көреміз бе?!

Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Біздің алдымызда мемлекеттік тілді ұлттық идея дәрежесіне көтеру міндеті тұр. Өйткені мемлекеттік тіл – ұлттың

ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл. Өз еліннің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес. Алаш қозғалысының тарихи негізгі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түпкірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогресске ұмтылған жалпы халықтық демократиялық қозғалыс еді. Ұлтты сақтайтын – ұлттық идея болуы керек. Ол ұлттың өмір сүруі, тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Сондықтан да ұлттық идеяны ұлт мұраты деп қабылдағанымыз дұрыс. Алаш идеясы ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. [3]

Ханкелді Әбжанов былайша ой түйіндейді: «Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни, ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары».

Ұлттық идеяны көтерген қазақ зиялылары Қазақстандағы жердің де, мемлекеттің де иесі – қазақ халқы, ал қалғандары диаспоралар екенін айтумен болды. Қазіргі кезде тарихи отанында жүрген қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей емес. Отанында жүрген қазақтар үшін Қазақстанның бүгіні мен ертеңі басты мәселе, ал шетте жүрген қазақтар жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек жейді. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат. Қытайдағы қазақтардың кейінгі толқыны қытайланып, Түркиядағылар түріктеніп бара жатқаны белгілі. Еуропа қазақтары арасында қазақ тілінің жағдайының жыл өткен сайын нашарлап бара жатқанын, әсіресе жас буынның ана тілін мүлдем білмей ұмыта бастағанын мойындауға мәжбүрміз. Сондықтан мың өліп, мың тірілумен азаттыққа жеткен қазақтың тағдырын анықтағыш ұлттық идеясы Қазақстанда ғана өз жемісін бере алады. Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын, жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты зұлымдыққа емес, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғам да осы негізде дамуы керек. Олай болмайынша, қазақтың рухы өзінің ішкі бірлігі мен тұтастығынан айырылуы мүмкін. Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді.

Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Алаш зиялысы – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,

Күн болмағанда, кім болам? – деген өлең жолдарынан үмітін үзбей, қашанда болсын, тәуелсіздікке қол жетіп, бейбіт күннің тууына себепші болатындығы айтылған. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы архетиптерде жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа айналамыз.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, ерекше құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы – қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған

сахара төсінде дербес мемлекет идеясын құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұғанға дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар осы тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. [5]

Алаш қозғалысы кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі – тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі барық зиялы қауымы ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. [5]

Қорыта келе, ойымды Ә.Бөкейхановтың мына қанатты сөзімен аяқтағым келеді: «Әр ұрпақ өзіне артқан жүкті жетер жеріне апарып тастауы керек». Аға ұрпақ өздеріне артқан жүкті жетер жеріне толық апарды. Елбасымыз бізге сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің таңын атырды. Ендігі біздің міндетіміз – Қазақстанды көркейтіп, алпауыт елдердің қатарына қосып, тәуелсіздікті нұрландырып болашақ ұрпаққа жеткізу!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы, № 8-11, 2006.
2. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында. – Алматы, 2003.
3. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. 303-б.
4. Дала даналары. – Алматы, 2001.
5. http://e-history.kz/kz/contents/view/631.

2-СЕКЦИЯ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ӨЗІНДІК ҮЛЕСІ ЕЛБАСЫНЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫ КОНТЕКСІНДЕ

ӘОЖ 82-131

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ТУРАЛЫ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазақ поэзиясының тарихы сонау ерте замандардан қалыптасып, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқаны белгілі. Өнердің осы саласы ғасырлар бойы өзінің дәстүрлі сабақтастық жолымен өсіп-өркендеп, дамып дәуір тынысын, заман бейнесін өрнектеп келеді. Фариза Оңғарсынова поэзиясында ұлттық ғұрпымыздың ерекшелігі, қазақы дәстүр мен болмыс-бітіміміздің жырлануы ерекше. Фариза – өз талғам биігінен тыныстайды, саннан гөрі сапаны бағалайтын ақын. Әр шығармасына үлкен жауапкершілікпен қарайтын ақын туындылары қоғам, адам өміріндегі қадау-қадау негізгі проблемаларды арқау етуімен, өміршең мұраттарды жырлаумен ерекшеленетін ақын шығармашылығы оқырман қауымына қашанда ыстық.

Бұл мақалада Ф.Оңғарсынованың Маңғыстауға арнаған жырларындағы ұлттық таным, ұлттық мінез талданады.

Түйінді сөздер: Фариза Оңғарсынова, Қазақ поэзиясы, ұлттық таным, ұлттық мінез.

Ақын туындыларынан өтпелі дүниенің жұмбақ жаратылысын, уақыт тынысын, күй жайын, табиғат пен адам болмысын осынау көркемдік нақыштан көріп, заман үшін естиміз. Ақын қай тақырыпты жырласа да шындық ауылынан бір адым да аттамайды. Өмірдегі әр құбылыс, әр сәт ақын жанына әсер етіп отырады. Әр лирикалық өлең – ақынның жан-дүниесінен хабар беретін ақиқат негізі, көңілінің, жүрегінің күнделігі. Үлкен сезімнен туған дүниелер құдды психология оқулығы типтес. Аса бір нәзіктікпен адами болмысты дәл көрсете біледі. Бірде қуантып, бірде жабырқататын шығармалар ақынның сезімдік дүниесінен хабардар етеді. Адам көңілінің пернесін әр ақын өзінше басады. Адам жанының пернелерін баса отырып, әр ақын өзіндік қасиетімен танылады. Ақында стилі әр түрлі болғанымен, бәрінің бөлер ләззаты, сезімі ұқсас, кейде бірдей деуге де болады. Эстетикалық ләззат сиқырын түсіну – жүректің ісі.

Ақын жырларының тақырыбы да аса ауқымды. Ақиқат өмірдің кішігірім шынайы көріністерінен бастап адам өміріндегі, қоғам өміріндегі, ұлт өміріндегі барлық мәселелер – ақынның туындыларына арқау болған дүниелер. Тақырып мәселесіне келгенде де индуктивтік, дедуктивтік әдістерді қолдану барысында да шеберлігі шыңдалған ақынның танымдық биіктігін байқаймыз. Ақын тек мағыналы ойларды, сұлу сөзбен безендіріп, белгілі бір ұйқасқа құрып бере салатын өнер иесі ғана емес. Әдеби қарымы қуатты, тілдік, стилистикалық қуаты бай, философиялық танымы жоғары, психологиялық қабілеті биік, эстетикалық тынысы кең сөз өнеріндегі әлеуеті жан-жақты ой иесі. Әрдайым ізденісте болатын қалам иесінің туындылары уақыт озған сайын иірімдері тереңдеп, шығармашылық шеберлікте дамыған ақындық эволюциямен бірге кемелдене түсуде. Талантын ізденіс еңбегімен байланыстырып, өмірлік тәжірибесін дарынымен сабақтастырған ақын дара мектепке айналды.

Ақын жүрегі қашанда сезімтал, әсершіл келеді. Айналасында болып жатқан әртүрлі өмір құбылыстары ақын атаулының шабытына қанат бітірер, жүрегін жарып шығатын жырларына арқау болатын дүниелер. Әрбір өнер иесіне (ақын, жазушы, сазгер, суретші, т.б) өзіндік дарын дарытып, талант сыйлар өзі туып өскен туған жерінің топырағының әсер-ықпалы болады десек артық айтпаймыз. Қанатын қағып, түлеп ұшқан әз ұясы – туған жеріне өз туындыларын арнамаған өнер иесі кемде-кем. Фариза ақын да туған жеріне бірнеше лирикалық өлеңдерін арнаған.

Әрбір қазақ баласының алдына қойған мұрат, мақсаттары туған жерінен, туған өлкесінен бастау алатынын ақын тамаша өрнектей білген.

Маңғыстау – менің мұңды үнім,
мұңды үнімменен нұрлымын.
Жақсыларымды жалмаған
өмір дегенің – бір жылым.
Ақындар өткен бұлбұл үн,
батырлар өткен
нұр күнін
құрбанға шалған ел үшін,
құлдықтың қырқып шынжырын [1, 178],

- деп жырлайтын ақын Маңғыстау өлкесін ерекше шабытпен жырға қосқан. Маңғыстауға деген махаббатын жыр жолдарын әдемі өрген:

Қасиеттім менің – Маңғыстау,
қасіреттім менің – Маңғыстау,
көнбісті менің көнбесім.
Тірі пендеге төр де – сын,
жаманға тиген шен де сын:
қанжар мұқалар егеусіз –
егеусіз болса ерге сын:
ерлері қалса жебеусіз,
жебей алмаған елге сын... [1, 179].

Ақынның туған жер туралы толғаулары философиялық ойлармен астасып жатыр. Ақын поэзиясында туған жер топырағынан басталған азаматтық мұрат жолы жалғаса отырып ауқымы кең ұлттық мүдделерге, руханият құндылықтары, ел, жер тағдыры сынды үлкен ұғымдарға айналады.

В.Г.Белинский «Поэзия өнердің асыл тегі» [2, 25], – деп поэзияға айрықша баға берген. Қазақ поэзиясының тарихы өте ерте заманнан бастау алады. Халқымыздың сан қилы тағдырында ақындық өнердің аса маңызды рөл атқарғандығы анық. Жасығандардың жігерін алмас жырларымен жаныған ғажайып ақындардың қиын-қыстау шақтарда сөз ғана емес, қол бастаған сәттері тарихымызда аз кездеспейді. Мемлекет мүддесін қорғаған хандар мен халықтың бейбіт өмірі, тыныштығы жолына өмірін арнаған батырлар бес қаруымен қатар сөз қаруын да қолдана отырып сөздің құдіретін серік еткен. Қай заманның ақындарын қарастырсақ та олардың басты ұраны ұлт тағдыры, ұлт мұраты екендігін айқын аңғарамыз. Сондықтан да біз үшін ақын мен ұлт – егіз ұғым. Өлең-жырдың қасиеті оның қай тілде жазылса сол халықтың ұлт байлығы болып қалатындығында болса керек. Ұшқан құстың қанаты талатын ұлан байтақ қазақ даласының тұтастығын сақтауда да ақындық өнердің ерекше орын алғандығын тарихтың өзі баяндап тұрғандай. Олай болса ақын мен ұлтты бөлек қарастыруға болмайды. Қазақ поэзиясының ұлттық әуезділігімен өрілген таңғажайып озық үлгілері аз кездеспейді. Ақындық өнердің ұлтымыздың тағдырында ерекше орын алуында терең мән-мағана бар. Сол себепті қазақ халқының ақын халық аталғаны заңдылық. Белгілі әдебиеттанушы ғалым М.Базарбаев: «Шынын айтсақ, қазақ жері поэзияның туы тігілген жер. Атам заманнан бастап қазақ құлағы өлеңге, сырлы, сұлу сөзге үйренген» [3, 8], – деген тұжырымы өте орынды айтылған. Осы сырлы да, сұлу сөз өнері, қазақтың қара өлеңі Алаш жұртымен бірге ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, дамып, өркендеп келеді. XY–XIX ғасырларда өмір сүрген Шал ақын, Шалкиіз, Үмбетей жыраудың, беріде ұлы Абай, Махамбет, Мағжан сынды ақындардың озық поэзиялары қазақ лирикасын, оның ішінде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлерін және сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік сан алуан проблемаларын айқын танытады. Лириканың өміршең жанр екенін өткен ғасыр ақындарының өлеңдері де дәлелдей түседі. Көрнекті ақын әрі ғалым Ә.Тәжібаев: «Лирика негізі халық өлеңдерінде, әсіресе, сал-сері атанған: Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатыр» [4, 265], – деп атап көрсетеді. Қазақ лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемдік лирикалық сарын күйлерінен туып дамыған. Әдебиеттанушы ғалым

Б.Кәрібаева Ә.Тәжібаев ойын қостай келе: «…бұлар халықтық тіл қазынасының шынайы жалғастырушылары халықтың рухани байлығының шын мұрагерлері еді. Біржан, Ақандар халықтың бай тілдік мүмкіндігін, образдық жүйесі мен ойлау арсеналын тың күшпен молықтырған да тұлғалар» [5, 6], – деп баға береді. Яғни, қазақ лирикасы халықпен бірге жасап, бірге өмір сүріп келе жатқан сырға толы мөлдір де өміршең жанр. Лирикалық өлеңдерде жас адамның жан сезімінен бастап, ірі әлеуметтік оқиғалар, ел басына түскен ауыртпалықтың бәрі ақынның шеберлігімен өте нәзік суреттеледі. Қазақ поэзиясының жылдан жылға дамып, өсу барысында қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік оқиғалардың барлығы да қазақ жырларына өз әсерін тигізіп отырды. Соның нәтижесінде қазақ лирикасында саяси лирика басым болып жырлана бастады. Саяси лирикадағы әлеуметтік тартыстың характері әр алуан.

Тақырыбы бір болғанымен әр ақын өзіндік ерекшелігімен, ырғақтылығымен, өлең өнеріндегі тапқыр ұйқасымен, мазмұнының мағыналылығымен жырлады. Әр заман өз ақынын тудырады десек бүгінгі заманымызда да көптеген ақындар поэзия сахнасында өзіндік ерекшелігімен танылғандар. Белгілі ғалым М. Базарбаев: «Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы, қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жақсарып келе жатқан құбылыс» [3, 6], – деп айтқан. Шынында да, қазақ лирикасы – ғасырдан ғасырға тоқтаусыз жалғасып келе жатқан тарихи процесс. Әлі де ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берері даусыз. Әр ақын поэзияда өзіндік болмысын танытты. Соның әсерінен бұл ақындардың бірі лирик, бірі эпик атанса, келесі бірі салмақты өлең-жырымен ойшыл ақын атанып жатты. Алайда, ақындарымыздың тақырыбы кең болғанымен, өлең-жырларында ұлттық қасиетімізді ашық түрде жырлай алмады. Оған себеп жиырмасыншы–отызыншы жылдары басталған «ұлтшылдық» науқаны 50-60 жылдары да жалғасты. «Өкінішке қарай, кеңес билігі кезеңінде қазақ халқы өз топырағында өнбеген, сырттан таңылған сананың белгі-бедерлерін де ықтиярсыз қабылдауға мәжбүр болды. Әсіресе, «жер үстінің жұмағын» орнатуға уәде берген төңкерістер дәуірінде ұлттық төл таным-түсініктердің тамырына балта шабылды. Өткенді жөнсіз мансұқтау, жаңаға жапатармағай мойынсұну белең алды. Мұның шалығы поэзияға да тиді» [6, 59]. Ұлттық қадір-қасиетімізді, ұлттық мүддемізді танытатын шығармалар кеңестік тоталитарлық тәртіптің қысымына ұшырап жарыққа шықпай жойылып отырды. Кеңестік үрейлі идеология ақындардың алдарында көлденең жатты. Әдеби процесс барынша құрсаулы, шектеулі жағдайда болды. Тіпті, салт-дәстүрімізді танытатын хисса-дастандар, айтыс түрлерінің айтылуына, оқылуына шектеулер қойылды. Осындай қысым мен шектеулердің нәтижесінде ақындарымыз ұлттық ерекшелігімізді танытатын жырларын астарлап жеткізуге тырысты. «Ұлтшылдық деген жаладан аулақ болу үшін ақындар айтайын деген ойын айта алмай, кейіпкерлердің арман-тілегі мен сезім-дүниесін, ой-мақсатын айқын ашуға жалтақтады» [7, 71]. Олардың көк желкелерінде кеңестік «қырағы көздер» қадалып тұрды. Өршіл ақын Фариза жырларында туған жер, Отан тақырыбы батыл жырланды.

Лирика жайлы тың еңбектердің басым көпшілігінде лирикалық образ сезім мен толғаныс образы ретінде көрінетіні баса айтылады. «Лириктің образы – ақынның өзінен басқа ешкім де емес, - дейді неміс философы Ф.Ницше, - тек бұл оның әр қилы формада обьективтенген тұрпаты, сондықтан осынау ұлан-ғайыр әлемнің кіндік-тұтқасы ретінде ол «Мен» деп сөйлеуге әбден хақылы; бірақ бұл «Мен» эмприкалық реальды «меннің» өзіне ұқсамайды, ол – жалпы әр нәрсенің тегінде, негізінде жатқан бірден-бір мәңгілік қасиет, ақиқат мән ретінде көрінеді». Яғни лирик ақын – лирикалық кейіпкер рөліндегі бейне, бүкіл жан дүниесімен лирикалық бейненің танымы.

Лирикалық бейненің ақын болмысынан тұлғанатыны – белгілі жайт. Дегенмен ылғи да ақынның нақ өзі бола бермейді. Мысал ретінде Ф.Онғарсынованың «Ақбөбек жырларын» алайық. Ақбөбек пен Қайыптың мұңды махаббаты туралы аңыз Маңғыстауда кең таралған. Өнерпаз кедей жігіт Қайыпты сүйген бай қызы бір түнде онымен қашып кетеді де, тауда үш күн паналайды. Қайып аң аулап кеткенде, қуғыншылар Ақбөбекті қолға түсіріп, Форт-Александриядағы (қазіргі Форт-Шевченко қаласындағы) түрмеге қамайды. Қайып жиһан кезіп кетеді. Сондағы Ақбөбектің мұңы былай беріледі:

Сүйікті болса, еркелеу болып кететін

әдеті шығар пенденің:
бір басқа менің еркелігім де жететін,
Ел еді сонда сенгенім.

«Бөбекте де арман бар ма екен» дейтін
қыз біткен,
жігіттер жүрді жыр арнап.
Оңымнан туар бақытым – Айым
біз күткен
сағым боп кетті бұлаңдап... [8, 173].

Ата-ана қайда бетіме жел боп келмеген,
Беремін дейтін тілегін?..
Әлпештеп жүріп безеді неге ел менен,
Жасыды-ау әбден жігерім...

Құса боп өтсе қыздары елдің сәні ме,
Халқым-ау, қалай төзгенің?
Алдамшы екен ғой мынау жалғанда бәрі де,
махаббатымнан өзгенің [8, 174].

Осы өлең жолдарындағы жан азабын бірінші жақтан («Меннен») ақтарған Ақбөбекті ақын бейнесі деп айта алмаймыз. «Мен» арқылы ақтарылған Ақбөбектің мұң шері шынайы жырланған.

Ақын «Оғыланды» өлеңінде табиғатқа жан бітірген. Өлеңді оқи отырып, мұрныңа жусан иісі келіп, көз алдыңа құлан дала елестейді:

Адасып келем, дала асып келем елсізде түн менен ойға қамалып, Жусан иісінен нәр алып. Жұлдыздар көктен қарайды самсап қадалып. Алдымда тұтас көкжиек құшып тау жатыр ықтын болардай жолаушы жетсе жаны арып. Ойымша – сонда маған да пана болатын жылы бір ұя бары анық [1, 175]

Маңғыстау жерінің қасиетін жеткізе білген ақын ары қарай былайша толғайды:

Құлама құзы – тайғанақ, тәубаға келдім – қарап ем, қатерін төгіп тұрғандай маған бар әлем. Қастерлі тауда қасиет бардай жарылқар шықпай жүргенді жаны әрең. Келесің мұнда сырласу үшін сақтанбай өзіңмен, армен, даламен.

Түн құшып жатыр бұл маң да... Жарқ етер екен таң қашан? Сенімсіз түнде үмітімді немен жалғасам? Ал, менің әлі сапарым қанша алдымда, күш құяр жанға жолымда сәуле – бар ма шам? Әлі де біраз жолым болмайтын секілді-ау, Оғыланды тауда бір түнеп қуат алмасам! [1, 175]

Қазақтың пейіліндей кең жазира даласы, асқар таулары, бетегейлі белдері, бұлаң қаққан бұлақтар мен сыбдыр қаққан құрақтары, бәрі де, ақынның қазақ даласына деген сағынышын оятады. «Әлі де біраз жолым болмайтын секілді-ау, Оғыланды тауда бір түнеп қуат алмасам!». Оғыланды таудың қасиетін бұдан артық қалай жеткізуге болады?!

Ұлттық таным, ұлттық көркем ойлау – қазақ поэзиясында дамыған тәсілдердің бірі. Фариза поэзиясында ұлттық ойлау, ұлттық мінез көбіне төрт түлікті образға айналдыру арқылы танылады. Ақын жырларында ең көп кездесетін ұлттық образ – жылқы түлігі. Адам көңілін жылқының ең асыл тұқымды түріне, дүлдүліне, жүйрігіне балау – қазақ поэзиясында әуелден қалыптасқан дәстүр. Алып-ұшқан, көтеріңкі көңіл-күйді бейнелейтін осындай лирикалық туындылардың басым бөлігінде арғымақ, тұлпар образдары ілесіп жүреді.

Өзімді-өзім қайраумен, тістенумен,
Қуат сорып, ұшқын ап іштегі үннен.
Табанымнан тілінген шөңге жұлып,
Сәйгүлік күшке мінем [9, 17], -
немесе:
Сонысымен тәтті де өмір деген,
тұралаған өмірді өмір демен.

Құлазисың, құлайсың, тағы тұрып,
Тағы ілгері желеді көңіл-дөнен [9, 76], -

деп бірде көңіл күйін сәйгүлікке баласа, біресе дөненге телиді. Сәйгүлік күшке міну, желген көңіл-дөнен – оптимистік сарындағы бейне. Бұл жердегі сәйгүлік те, дөнен де – ақынның ұшқыр қиялы, оттай ыстық сезімінің көрінісі.

Фариза ақын өлеңдерінде көңіл күйдің түрлі кезеңдерін ұлттық образдар арқылы сәтті көрсете біледі. «Суаттар» өлеңінде:

Бас сүйер болмаса да бір туғаным,
Сеземін мені аялар жұртым барын.
Қаншама құлшынғанмен, күңкілдердің
Шылбырын жетпей әсте қырқуға әлім,
Шаршады шырылдаумен бұл қу жаным [1, 160], -

Деген шумақтағы «күңілдердің шылбырын үзу» немесе «Ертегі» деп аталын өлеңінде:

Қонды тағы даланың төріне түн,
Қымтап қара торғынмен өңі-бетін.
Жұлдызды аспан көнерген киіз үйдей
Үзігінен моншақтар көрінетін... [1, 166], -

деген жолдардағы «Жұлдызды аспан көнерген киіз үйдей, Үзігінен моншақтар көрінетін» деген тіркестер – қазақ танымынан туған бейнелер.

Қарапайым жолдарға мол сыр ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелтетін Ф.Оңғарсынованың поэзиясындағы ұлттық бояу, ұлттық таным «Маңқыстау жырларынан» анық танылады. Өмірді өле сүймейтін жұмырбасты кем шығар. Бірақ дәл ақын сияқты сүю басқа, дүниеге ақын көзімен қарау бір бөлек. Ақын ылғи да жастықтың мәңгі ескерткішіндей – айдарынан жел ескен сол баяғы албырт та аңғал, таза да пәк, шынайы, алғаусыз әлди – құшағында қиялға бергісіз ғажайып жұмбақ күй кешеді. Ақын жаны мәңгі қартаймайды, мәңгі жас, мәңгі махаббат қайнары, мәңгілік бастауы. Біз сөз еткен тәсілдер, көркем ойлау – Фариза Оңғарсынова лирикасында негізгі ойын айтып беруге, сезімін оқырман санасына ұялатуға, көңіл-күйін білдіріп, сырын ақтаруға көмегін тигізген поэтикалық тәсілдер.

Ф.Оңғарсынова поэзиясының ұлттық әуезділігі, жыр жолдарын сиқырлы сөз өрнектерімен өрбіткен шеберлігі ерекше. Фариза ақын поэзиясының басты ерекшелігі – қазақ жырының қайнар көзі болып табылатын қара өлеңінен нәр алып, оны өзінше түрлендіріп, жаңаша мазмұнымен байытып, жетілдіре жырлауында. Ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық танымымызды суреттеуде тапқырлық танытады. Жыр әлемінде әр ақынның ұлттық ерекшелік, қазақы салт-дәстүрді көрсетудегі өзіндік тәсілдері, сөз қолданудағы шеберліктері бір біріне ұқсамайды. Фариза ақын өз алдындағы аға буын ақындардан үлгі ала отырып, сол үрдісті жаңаша жолмен дамытты.

Поэзиядағы дәстүр жалғастығын дамытқан Фариза ақын жырларының ұлттық нақыштары бүгінгі күн тұрғысынан жаңартып бейнелеудегі өзіндік тапқырлығы баса көрсетілді. Ақын жырларының тақырыптық жүйесінің сан алуандығы, идея байлығы, лирикалық кейіпкердің поэзиядағы тұлғасы кеңінен зерделенді. Ұлттық ерекшеліктің бір айғағы – қазақ салт-дәстүрлері, ырымдар мен жорамалдар. Қазақы қасиеттер ұлттық мінезбен байланыстырыла қарастырылды. Табиғат құбылысымен өзектесіп, байланыса жырланатын тақырыптардың бірі – туған жер. Туған жер Фариза ақын поэзиясында қазақы ауыл, олардың тұрмыс-тіршілігі тұрғысынан сипатталады. Поэзия сезімге құрылады. Кез келген жыр жолдарынан автордың көңіл-күй сезімін байқауға болады. Адам бойында жиі кездесіп отыратын сағыныш, аңсау, құмарту, сүйсіну, шаттану, қуану, ренжу, мұңаю, өкіну сияқты сезімдер жыр жолдарының астарынан, бейнелі сөздерден аңғарылады. Осы сезімдерді өлең бойына сіңіре, кіріктіре жырлау Фариза ақындығының ерекшелігінде жатыр. Мұндай сырлы сезімге толы жырлар ақын поэзиясында көптеп кездеседі. 1970-90 жылдар поэзиясында тақырып жағынан кең көлемде бейнеленген, ұлттық нақыш пен ұлттық бояуы қанық жырлар көптеп кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. – Т.3. – 328 б.
2.Белинский В.Г. Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу // Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987. – 25-100 бб.
3.Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
4.Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 485 б.
5.Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. – 250 б.
6.Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 335 б.
7.Дүйсенов М. Жанр сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 268 б.
8. Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. – Т.3. – 324 б.
9.Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – Т. 1.

ӘОЖ 94(574)(045)

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – ТҮРКІСТАН

Байжанова М.С.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Түркістан қаласы – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Шығысында тарихи қала Отырар, батысы Жаңақорған ауданымен (Қызылорда) солтүстігінде Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер. Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлке де ертеден қала соғылды, мәдени ошақтар салынды. Ғажайыбы сырға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейіттер массиві тарихи кезеңдердің куәсі болды. Мыңжылдық өркениет тоғысы бар шежірелі қалалар талай соғысты бастан өткізді. Қазақ хандығының, Қыпшақ ұлысының, Түрік қағанатының астанасы болған қалалар да жетерлік. Ондай қалалардағы ескерткіштер, мәдени орындар, ескі ғимараттар шежірелі тарих болып қалмақ. 1500 жылдан астам тарихы бар, Қазақ хандығының астанасы болған, шартарапқа кеткен керуен жолдарының тоғысқан жері, Ұлы Жібек жолының орталығына айналған Түркістан қаласынан бастамақпыз. Осы орайда Елбасы Н. Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», — деген болатын. Шавғардан Түркістанға дейін Түркістан қаласының тарихы 2 мыңжылдықтан бері келе жатыр. Алғаш қала атауы Шавғар деген атпен араб жазбаларындағы деректерде кездеседі. Ол – ежелден Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала. XIV ғасырда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі салынған кейін Түркі әлемінің діни орталығына айналды. XV ғасырдан бастап Түркістан қаласы саяси және экономикалық орталық болды. 1598 жылы ол біржолата Қазақ хандығының астанасы деп танылды. Бүгінде Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Иассауи кесенесінде қазақ хандары жерленген. Бүгінгі таңда ескі қаланың жоғарғы қабатының тарихи белгілері бұзылған. Бірақ саяхаттаушы туристерге ескі қала орны ерекше қызығушылық тудыратыны анық. Сондай-ақ Күлтөбеден Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихын дәлелдейтін деректер табылған. Тағы бір қала орны – ортағасырлық Түркістан қаласы. Бұл төңіректе ертеден шахристан, рабаттар, шағын сауда ошақтары орналасқан. Қаланың солтүстік және батыс бөлігінде мұнара мен қабырға қалдықтары салынған. Қаланы айналдыра қоршаған қабырғаның ұзындығы 3 шақырымға жуық. Стратиграфиялық зерттеулер бойынша қала цитаделі Монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасып, XV-XVI ғасырларда кесененің батыс жағында шахристан пайда болған. Күлтөбе қаласынан 350 м қашықтықта орналасқан Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – Түркістанның басты салтанаты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің, XII ғасырда өмір сүрген ұлы ақын, сопы Қожа Ахмет Иассауидің бейітінің үстінен салынған. Бұл ғимаратты атақты қолбасшы Әмір Темір салдырған. Бұл ғимарат – өз заманындағы сәулет өнерінің барлық жетістіктерін бойына жинаған құрылыстарының бірі. Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енген

ескерткіш. Есімхан кесенесі. Тәуекелден кейін тарих сахнасына 1598 жылы Есім хан шығады. Ол бұдан бұрын да ағасы Тәуекел ханның қолбасшысы ретінде талай шайқастарға катысып, «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған еді. Сол Шығай ханның ұлы Есім хан жерленген кесене. Құрылыстың сағана бөлігі сақталған. Архитектуралық, археологиялық зерттеулерге қарағанда бұл құрылыс XVII ғасырда салынған. Рабия Сұлтан бегім кесенесі. Рабия Сұлтан бегім кесенесі жобасында төртбұрышты. Ол ішкі сегіз қырлы және 4 төртбұрышты бөлмелерден тұрады. Бұл құрылыс туралы алғашқы деректер XVI ғасырдан бастап кездеседі. Рабия Сұлтан бегім Ұлықбектің қызы, Әмір Темір көрегеннің немересі, көшпенді өзбектердің ханы Әбілқайырдың әйелі болған. Қылует жер асты мешіті (XII-XIX ғасырлар). Қылует жер асты мешіті Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікте, 150м жерде орналасқан. Қылует жер асты мешітінің салынуы Ахмет Иасауи есімімен байланысты. XII-XIX ғасырлар аралығында салынған құрылысты XX ғасырдың 40 жылдарында толығымен бұзып қыштарын зауыт салуға қолданған. Археологиялық архитектуралық зерттеулермен 1941 жылы жасалынған макетке сүйене отырып Қылует жер асты мешіті толығымен қалпына келтірілген. Ортағасырлық монша (XVI ғасыр). Ортағасырлық шығыс моншасы Ахмет Иасауи кесенесінен оңтүстік шығыста, 150 м жерде орналасқан, жеті бөлмеден тұрады. Монша 1978 жылға дейін жұмыс істеп келген, 1979 жылдан бастап оның негізінде Шығыс моншасы музейі ашылған. Құмшықата жер асты мешіті (XII ғасыр). Ахмет Иасауи кесенесінен оңтүстік-шығыста, 1 шақырым жерде орналасқан. Жер асты мешіті сопыларлың діни-ғұрыптық құрылыстары қатарына жатады. Күйдірілген қышпен салынған. Қаладағы XIX ғасырда әскери казарма болған ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, тарихи музейге айналдырды. Түркістан тарихи музейінің экспозициясы 8 бөлімнен тұрады: Тас, қола және ерте темір ескерткіштері, түркі кезеңіндегі Түркістан оазисі, Шауғар қаласы, Ясы қаласы, Қожа Ахмет Иасауи – «Түркістан пірі», Ескі Түркістан қаласы, Түркістан – Қазақ хандығының астанасы, Түркістан – түркі дүниесінің рухани орталығы. Орта Азия мен Қазақстан аумағында тарих түкпірінде пайда болып, түрлі шапқыншылық кезеңдерде басқа елді-мекендер сияқты өшіп кетпей, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан саусақпен санарлық қалалардың бірі – Түркістан.

Қазіргі Түркістан қаласының байырғы тарихын зерттеу тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Әуелі Иасы, кейін Түркістан атанған қаланың тарихы тереңде жатыр. Ертедегі Иасының орны — Күлтөбе, қазіргі Түркістан айналасындағы басқа да көне және ортағасырлық мекен құлаңдылары: Сидақ ата, Шойтөбе, Қарашық I, II, Төрткүлтөбе I, II атты ескерткіштер археологиялық тұрғыдан зерттелу үстінде. Осымен қатар Иасы — Түркістанның XV-XVIII ғасырлардағы тарихын зерттеу өте қажет. Себебі бұл кезеңде қала айтулы өзгерістерге тап болған. Қазақ хандығы тұсында Иасы бір аудан орталығы дәрежесінен Түркістан атты тарихи аймақтың астанасына, ал кейін Қазақ хандығының бас қаласына айналды. Қаланың осы кездегі тарихын зерттеу арқылы ортағасырдағы төл мемлекетіміздің тыныс-тіршілігшің қыр-сырларын тануға болады.Мұнда ел тағдырын шешкен мәслихаттар өткен, хан сайлаған құрылтайлар болған. Әйгілі Абылайдың бүкіл қазақ ханы болып сайлануы, Шәді төре айтқандай, осы қалада өткен: "Бәрінің Туркістанда басын қасып, Қазақтың қамын жеген кеңес құрды Ақыры Абылайдың хан болуын. Бәрі де бір ауыздан қабыл қылды. Әкеліп ақ киіді жазып салып Үстіне отырғызды ханды апарып."Қазақтың Есім, Жәңгір, Төуке, Абылай, басқа белгілі хандары, батырлары, билері Ахмет Иасауи кесенесінде және оның айналасындағы мазаратта жатыр. Түркістан қаласының Қазақ хандығының негізгі саяси, діни, сауда орталығы болды. Яғни Түркістанның XV-XV1II ғасырлардағы тарихын зерттеп-танымай Қазақ хандығының, Қазақстанның тарихын білеміз деп айтуға болмайды.Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштердің зерттелебастағанына 130 жылдан астам уақыт болды. Осы уақыт аралығындаондаған археологиялық ескерткіштер табылып, есепке алынды.Есепке алынған археологиялық ескерткіштер әртүрлі археологиялықдәуірлерді қамтыды, олардың ішінде тас, қола, темір дәуірлеріне,ортағасырларға жататын ескерткіштер бар. Осы өңірдегі Шоқтас,Қошқорған ескерткіштерінің аты дүние жүзіне белгілі болса алСауран, Түркістан, Күлтөбе, Шойтөбе, Төрткүл 1,2 қалалары жазбадеректерде ортағасырдан бастап кездеседі. Шойтөбе, Түркістан,Күлтөбе қалаларында жүргізіліп жатқан археологиялық қазбажұмыстары барысында осы оазистегі қала мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және оның әртүрлі кезеңдеріне қатысты өте құнды деректер алынуда.Диплом жұмысының негізгі мақсаты

Түркістан қаласының Қазақ хандығы тарихында алатын орнын зерттеу және қала тарихын көрсету болып табылады.Түркістан аумағындағы ортағасырлық қалаларды зерттеу жұмыстары 19 ғ. басталады. Жалпы осы зерттеу жұмыстарын үш кезеңге бөлуге болады. Атап айтсақ:I кезең 19 ғасырдан XX ғ. 17 жылына дейінгі уақыт мерзімін қамтиды.II кезең 1917 жылдан 1991 жылға дейінгі уақыт мерзімін қамтийды.III кезең Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан басталады.Түркістан әуесқой археология үйірмесінің құрылу қарсаңында орыс нумизматикасы саласында И.Н.Березин, В.В.Вельяминов, Зернов, В.В.Григорьев, Б.А. Дорна, П.И.Лерх, В.Г.Лихачева, П.С.Совальева, О.И.Сенковский, Г.С.Каблукова, В.Г.Тизенгаузен, Н.В.Ханыкова, Х.Д.Френ т.б. іргелі еңбектері жарық көрген еді . А.Л.Кун 1865 жылы Петербург университетін тәмамдап Орынборға қызмет етіп жүрген тұсында В.В.Григорьевтің ұсынысымен Ресей ғылыми қоғамдары үшін деректер мен коллекция жинауға тапсырма беріліп Орта Азияға жіберіледі. 1868 жылы ол Түркістанға келіп, содан 80-ші жылдардың бас кезіне дейін өз міндетін тамаша табыстармен атқарады. Оның жергілікті көне ескерткіштер жайлы мәліметтері ғалымдар мен қалың жұртшылықтың назарын өзіне аударды .В.В.Бартольд 1893-1894 жылдары Талас-Шу-Сырдария өңірі ескерткіштерін аралап, соның нәтижесінде «Есебін» жазды .Орта Азияға В.В.Бартольдтің келуі өлкетану жұмысын жандандырды. Бұған Түркістан археологиялық әуестенушілер үйірмесінің құрылуы көп әсер етті. Сырдария өзені бойындағы ескерткіштерді есепке алып, жоспар құрып жазуда В.А.Каллаурдың мақалаларының маңызы зор болды. Түркістан өлкесінің археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде орыстың көрнекті ғалымы П.И.Лерх ерекше орын алады.А.Ю.Якубовский: "Сырдарияның төменгі ағысын зерттеуді XIX ғасырдың талантты шығыстанушысы П.Лерх 1867 жылы бастаған болатын" деп жазды .1860 жылдан бастап П.И.Лерх Ресей археология қоғамының мүшесі, ал 1873 жылдан бастап, оның хатшысы болып тағайындалды. Орта Азияға ол 1867 жылы Сырдария бойындағы Жанкент тағы басқа қираған ескерткіштерді зерттеуге жіберіледі. Бұл сапардың материалдары 1870 жылы басылымдарға шықты. II кезең қазан төнкерісінен кейінгі ұйымдастырылғын археологиялық-өлкетанулық экспедициялардың жұмыстарымен басталады. Түркістан өлкесінде осы кезде кеңес дәуірінің атақты археологтары М. Массон, А.Н. Бернштам секілді ғалымдары еңбек жасайды. Осының нәтижесінде бірнеше ғалыми мақалалар жарық көрпеді.Әсіресе А.Н. Бернштамның «Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстан» деп аталатын ғылыми еңбегі өте құнды болып есептеледі. .1946 жылы Қазақ ССР-нің ғылыми академиясының ашылуы және оның құрамында тарих, археология және этнография институтының құрылуы Түркістан аумағының археологиясын зерттеуге өте маңызды түрткі болды. Осы кезеңге жататын Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің. А.Г. Максимованың еңбектерін атап өтуге болады Ал Отырар жұртының зерттелуінің басталуы бүкіл Оңтүстік Қазақстанның археологиялық зерттеу жұмыстарының қарқынды дамуына негіз болып келді. 70-шы жылдары жарық көрген К.А. Акишевтің, Л.Б. Ерзаковичтың, К.М. Байпаковтың еңбектері өте маңызды болып табылады .III кезең Қазақстанның тәуелсіздігін алуымен басталады. 90 жылдары экономикалық тоқырауға ұшыраған мемлекет ғалымдардың зерттеу жұмыстарына айтарлықтай көмек көрсете алмады. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен Түркістан оазисінің археологиялық картасын жасау мақсатымен Тұран археологиялық экспедициясы ұйымдастырылады. Соның нәтижесінде ғылымға белгісіз бірнеше жүз археологиялық ескерткіштер ашылады .2004 жылы тұңғыш президентіміз жариялаған «Мәдени мұра» бағдарлмасының ашылуы Түркістан аумағындағы археологиялық ескерткіштерінің зерттелуіне жаңа мүмкідік тұғызады. Осы кезде жаңа ғылыми жаңалықтар ашыла бастайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бенедиктова Н. “Түркістан жинағы” Орта Азия тарихын зерттеудегі дерекнама. Лит. Ташкент / Альманах. – Ташкент, 188 б

2. Қазақстан “Түркістан жинағы” беттерінде. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 2003.

3. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

4.https://massaget.kz/alemtanu/Qazaqstanym/

ӘОЖ 82-131

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Ұзақбаев Н.,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті.
Ғылыми жетекші - Қамарова Н.С.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі кірме сөздер, қазақ тілінде шеттен енген сөздерді қолданудағы проблемалар сөз болады. Сөйлескенде байланысу түсінігін бұзатын жайттар мысалдармен дәлелденген. Бұл саладағы сауаттылықты жақсартудың кейбір жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздері: қазақ тілі, кірме сөздер, сөз қолданыс.

Қазақ тілі лексикасында маңызды орын алатын қабаттардың бірі – кірме сөздер қабаты. Кірме сөздер – тілдің тарихи тұрғыдан лексикалық қорын байыту арналарын, тілімізге өзге тілдердің әсерін көрсететін тіл құрамындағы өзге тілден енуші бірліктер. Кірме сөздер деп аталатын бұл қабат белсенді қолданыстағы лексика құрамында елеулі орын алып, қолданыс аясы тар арнаулы лексика құрамына да орныққан.

Кірме сөздер тақырыбын сөз етудегі негізгі мақсат – тіліміздің өзге тілдік бірліктерді ұзақ уақыттық тарихи үдерістегі игеру қабілетін көрсету және ғалымдардың теориялық көзқарастарын негізге ала отырып, алдағы уақытта сырттан сөз қабылдау ұстанымдарын көрсету.

Қазақ тілінде кірме сөздер қабаты ертеден пайда болғанымен, олардың ену жолдары, оларды қабылдау қағидаттары, тіл табиғатына сәйкес немесе сәйкессіздігі, жат бірліктердің зияны тіл білімі тұрғысынан кейіннен тексеріліп, ғылыми пікірлер беріліп, арнайы ғылыми қағидаттар да ұсынылған. Қалыптасқан түсінік бойынша кірме сөздер арқылы лексикалық байлықты еселеу прогрестік қадамға бағаланып келген. Алайда бұл процеске тіліміздің өзіндік мүддесі тұрғысынан сын көзімен қарау ертеректен ғылыми дәлелдемелермен ғалымдарымыздың еңбектерінде көрініс берді. Бірақ ғылыми ұстаным деңгейіне жетіп, қалыбын таппай келеді. Әр дәуірдің талабына сай айтылып отырған ол теориялық материалдарды топтастыра отырып, ғылыми тұрғыдан жүйелеп, ғылыми қағидаттар ретінде қалыптастыру қазіргі заман талабы болып отыр. 1924 жылғы қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында жасалған Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты ғылыми баяндамасында кірме сөздер мәселесі жан-жақты қаралған. Пән сөздерінің қазақ тілінің өзінен алынуы керектігін атап өткен қайраткер сол түбірлерге жалғанатын жұрнақтарды саралап көрсетеді. Нәтижеде жұрнақтар түбір тұлғасымен үндесетін және түбір тұлғасымен үндеспейтін, үндестік заңына келмейтін қосымша бірліктер болып екіге ажырайды. Автор оз таңдауын былай сипаттайды: «Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар қазақ тіліне келіп енген жат жұрнақтар, оларға мәндес келіп, түбірмен үндесе жалғанатын қазақ тілінің өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді жат жұрнақ жалғап жасағаннан төл жұрнақпен шығарған артық» [1, 17]. Бұл жаңа сөздерді жасауда ұсынылған ұстаным болса, сырттан тікелей сөз қабылдауда бірнеше бағыттағы қағидаттар қарастырылған. Оларды жинақтап айтсақ, бірінші ұстаным сырттан қабылданатын сөз үндестік заңына сәйкестенуі тиіс, дыбыстық жағынан игерілуі талап етіледі. Ғалымның пікірінше ол үшін жат бірлік бірнеше жолмен игерілуі тиіс. Біріншіден, сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрін де бірыңғай жіңішке етіп немесе бірыңғай жуан етіп алу керек [1, 18]. Екіншіден, сөз ішіндегі қазақ тіліне жат дыбыстарыды шығарып, орнына қазақ тіліне тән дыбыс кіргізіліп алынуы керек [1, 120]. Үшіншіден, қазақ тілінде сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келмейді, жат сөздегі қосарланған дыбыстың біреуі түсірілуі керек немесе орнына басқа дыбыс кіргізілуі керек. Екінші ұстаным ретінде кірме сөздің түбір тұлғасына қойылған талаптарын қарастыра аламыз. «Жат сөз қазақ тіліне сіңіп, түбінде қазақтың төл сөзі болып шығуы үшін айтуға жеңіл келіп, құлаққа ерсі естілмеуі тиіс» [1, 17] Еңбекте қарастырылған тағы бір қағидат кірме қосымшаларға қатысты. «Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды» [1, 20] дейді Елдес Омарұлы. Жұрнағымен қоса

кірген кірме сөздерді сол қалыбын түбір ретінде қабылдауды ұсынған. Сондай-ақ кірме жұрнақтарды сөзжасамда пайдаланудан бас тартуға шақырғанын айта кетуіміз керек.

Кірме сөздер тақырыбын жан-жақты зерттеген елеулі еңбек Нәзір Төреқұлұлының «Қазақшадағы жат сөздердің өзгерілу заңы» атты мақаласы. Бұл еңбек белгілі бір нәтижеге бағытталған құнды зерттеу. Нәзір Төреқұлұлы бұл еңбекте негізгі екі мақсатын айқындаған. Бірінші өзге тілдерден енген сөздердің өзгеру заңын табу болса, екінші нысанасы тілдің алдағы уақытта баюына жол салу [1, 61-62]. Ол үшін тілдегі кірме сөздер зерттелуі және белгілі бір ұстанымдар ғылыми тұрғыдан қалыптасуы тиіс еді. Ғалым нақты қағидаттардың қажет екенін атады: «жат сөздерге қойылған серт, заңдай қазақ тілінде белгілі бір көше салып қою керек. Қазақ тіліне енетін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, қазақ сөзі болып кірсін» [1, 62]. Ал бұл мәселені шешуде ғалым тілімізде ертеден еніп орныққан араб және парсы сөздерін үлгіге алып, олардың өзгеруін мысалдармен сипаттады. Себебі, араб және парсы сөздерінің белгілі бір тәртіпті өзгеру үлгілері бар. Бұл бірліктер тілде жинақталған кірме сөз игеру тәжірибесінің көрінісі іспеттес. Нәзір Төреқұлұлы «бұл тексерудің қорытындысын еуропадан келетін сөздерге де пішу керек» [1, 69] деген пікірде болды. Бұл тәжірибе тілге алдағы уақытта сөз енгізуде пайдаланылатын қағидаттар деңгейіне көтерілуге тиіс еді. Мұны ғалым өзге тілден сөз алғанда ол бұзылып алынбаса, қабылдаушы тілдің өзі бұзылатындығымен түсіндіреді [1, 72]. Қажетті сөз әуелі қазақшадан, сосын түркі тілдерінен, олардан табылмаса еуропа тілдерінен сөз қабылданады делінген болатын Елдес Омарұлының баяндамасы негізінде қабылданған қағидатта. Бірақ Нәзір Төреқұлұлы татар, түрік тілдеріндегі сөздерден мысалдар келтіріп, бұл тілдердің өзі ортақ қажетті сөздерді сырттан қабылдап отырғанын айтады. Түркі тілдерінің өздері еуропадан сөз қабылдап отырғанда неге тіке еуропадан сөз қабылдамаймыз деген сұрақ тудырады. Дегенмен қажетті еуропа сөздерін қабылдап алу жеткілікті деп отырған жоқ. «Еуропа сөздері де парсы және араб сөздеріндей өзгеру керек» [1, 75] дейді Нәзір Төреқұлұлы. Аталған еуропа тілдерінен түп нұсқада сөз алып, өзгертіп қолданудың бес түрлі қағидатын Халел Досмұхамедұлы өз еңбегінде талдап көрсеткен. Ғалымның бұл тақырыптағы пікірлерін көрсетіп өтсек, біріншіден, еуропа тілдерінен алынған сөздер тіл заңымен өзгеріп, тілімізге сіңіп кетуге қолайлы болу керек. Екіншіден, еуропа сөзі сөз иесінің тілінен аралық тілсіз, ғалымның айтуынша орыс тілінің дәнекер болуынсыз алынуы тиіс. Үшіншіден, еуропа тілдерінде сөздер жуан формаға қарағанда, жіңішке формасында айту қолайлырақ келеді. Сондықтан жіңішке түрінде қолдану тиімді екендігін айтады. Бұл орайда ғалым аталған тілдердің өз табиғатына мән берілуі керектігін ескерген болу керек. Төртіншіден, кейбір еуропа тілдерінде екпін сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстарға түседі. Тіліміздің табиғаты да осындай болғандықтан, сөз өзгертуде сол тілдерді үлгіге алуға болады деп есептейді. Бесіншіден, еуропа тілдерінен алынған түбір сөз тіл үндесіміне келтіріліп алынған соң, жалғанатын барлық қосымша сингармонизм заңымен жалғануға тиіс [2, 27-28]. Бұл кірме сөздердің тілімізде ары қарай игерілуінде негізгі рөл атқарады.

Халел Досмұхамедұлы Нәзір Төреқұлұлының кірме сөздердің игерілу жөніндегі айтқан мәселелерімен, еуропа сөздеріне жол беру жөніндегі ұсынысымен толық келіседі. Сондай-ақ мақалада сыналған –паз, -стан, -кер жұрнақтарының қолданысын да қатеге шығарады. Дегенмен Нәзір Төреқұлұлының тарих сөзінің орнына историе, физика сөзін алып, маманды историк, физик деп атауына қарсы көзқарас танытады [6, 59]. «-стан, -паз сияқты қосымшаларды көтере алмай отырып, -ик қосымшасын мойнымызға мінгізіп не қыламыз» [2, 59] дейді Халел Досмұхамедұлы. Бұрыннан нормаланған сөзді өзгертуге және кірме қосымшаның орнына басқа бір кірме қосымша әкеліп таңуға болмайтынын айтады. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» мақаласының мазмұны тіл үндестігі тақырыбы болғандықтан автор қазақ тіліндегі кірме сөздерге барынша назар аударған. Себебі тілдің аталған заңын бұзушы әр дәуірде де кірме жат бірліктер болады. Елдес Омарұлы өзінің баяндамасында қазақ тілінде –нікі, -дікі, -тікі қосымшасынан басқа тіл үндестігін бұзатын бірлік жоқ екендігін айтқан [1, 18]. Ал Халел Досмұхамедұлы –нің деген жалғау мен –кі жұрнағының қосылуынан туған –ніңкі құрама жұрнақ екендігін айтып, мұны шала жұрнақ қатарында қарастырып өткен болатын [2, 13]. Ғалым тіліміздегі жат сөздерді екі аумақта қарайды. Бірі парсы және араб сөздері, екіншісі еуропа тілдеріне тиесілі бірліктер. Мұның ғылыми негізі бар деп есептейміз. Аталған тілдердің бірліктерінің тіліміздегі орны әр қалай. Мысалы қазақ

тіліндегі араб және парсы сөздері жөнінде «бұл сөздер қазақ тілінің қай заңына да келеді, қазақ тіліндегі төл түбірдей өзгеріп, құбыла береді» [2, 17] деген пікірдің дәлелін тіліміздегі кірме сөздерден көріп тұрмыз. Халел Досмұхамедұлының «бұларды жат сөздер деп айтуға келмейді, сондықтан бұл сөздердің бәрін қазақ сөзі деп айтуға тура келеді» [2, 17] деген пікіріне тоқтау жасаймыз. Себебі тіліміздегі мұндай сөздер төл болмысынан мүлдем өзгеше. Мысалы, парсының агар, зиндан сөздері егер, зындан болып, арабтың даража, иззат, умр, нйиат сөздері дәреже, ізет, өмір, ниет болып тілімізде қалыптасқан. Төл сөздердей ұғынылады. Мұның себебі дыбыстық игерілуде деп білеміз. Тілдегі бұл мәселені емле жүйесін жасауда ұмыт қалмауы тиіс болған. 1929 жылы Қызылордада өткен конференцияда қабылданған «Қазақ тілінің жаңа емлесінде» кірме сөздер мәселесі ескерілген екен. Аталған ережеде «шеттен кірген сөздердің емлесі дыбыс жүйесімен жазылып, қазақ тілінің сөз жүйесіне келуі керек» [1, 17] делінген. Араб және парсы сөздері табиғи жағдайда дыбыс жүйесіне ұзақ уақыттық нормалану негізінде сәйкестенді. Дыбыс жүйесі негізге алынбауы себебінен тілімізде тілді бұзушы бірліктер көбейді. Бұл тілде тіл заңын бұзбауға арналған нақты қағидаттың болмауынан деп білеміз. Қазақ тілінің үндесіміне сәйкессіз сөз қабылдау қазіргі кезеңге дейін сақталып келеді. Мысалы тілімізге енген электр, спектр сияқты орыс сөздері тіл үндесіміне сай електір, спектір болып алынуы қажет еді. Бірақ бұлай сөйлеу мен жазу нормаға сәйкес деп қабылданбайды. Тілдің табиғи заңына қайшы бірліктер қазіргі таңда көбейген. «Әрбір тілдің өзіне тән фонетикалық, лексикалық, морфологиялық даму заңдылықтары болады және сол заңдылық дұрыс сақталған жағдайда ғана тіл өз табиғатын сақтауға мүмкіндік алады» [3, 271-272]. Бұл мәселелер ескерілген жағдайда жоғарыда айтылған ғалымдар өз қағидаттарын ұсынған деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, алаш кезеңіндегі тіл мәселелерін ұсақ тілдік бірліктерден бастап, қазақ тегі мен қазақ мемлекеті атауына дейінгі аралықта қараған зиялылар тіл тазалығын сақтауда мән берілуге тиіс бірқатар мәселелерді атады.

Біріншіден, тілдің табиғи заңы болып табылатын үндестік заңын бұзбай, барлық тілдік бірліктердің аталған заңға бағындырылуы керектігін баса назарға алды.

Екіншіден, тілге алдағы уақытта енетін кірме сөздерді қабылдауда тілдің өткен дәуірдегі кірме сөз игеру үрдісін ғылыми қағидат етіп алуды ұсынды.

Үшіншіден, тіл қалыбын сақтау үшін төл сөздердің түбір тұлғасын бұзбай қолдануды, ал кірме сөздерді керісінше түбір тұлғасын бұзып қабылдауды тіл заңына сәйкес деп тапты.

Төртіншіден, кірме текті қосымшаларды тілді бұзушы бірліктер деп санап, сөзжасамда төл қосымшаларды пайдалануға кеңес берді.

Бесіншіден, мемлекет атауы мен оның азаматтарының тегінде өзге тіл қосымшаларының болуын терістеді.

Кірме сөздердің тілге зиянды әсерін болдырмау мақсатында сырттан сөз қабылдауға байланысты нақты талаптар белгіленуі керек. Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге назар аударылып, ғылыми ұсыныстар ұсынылып келген. Қазіргі таңдағы қазақ тілінің дамуы мен кірме сөздердің әсерін есепке ала отырып, өзге тілдерден сөз қабылдауға арналған ғылыми қағидаттар қабылдануы керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Терминология мәселелері.1-кітап. Астана: 1С-Сервис, 2006. – 288 б.

2 Досмұхамедұлы Х. Құрастырушы - А.Қ.Құдабаев, С.Торайғыров атындағы Повлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 78 б.

3 Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. – Алматы, Қазығұрт, 2015. – 512 б.

ӘОЖ 82-131

ЛЕРМОНТОВ ШЫҒАРМАСЫ ІЛИЯС АУДАРМАСЫНДА

Измахан Т.,
МНКЯЛ-17-1 тобының 2 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі – Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада сөз зергерінің айшықты туындылары қазақтың көркем сөз мәдениетін, әдеби тілді байытқан – Ілияс Жансүгіровтің аудармасындағы орыс әдебиетінің шоқтығы биік ақыны Лермонтов шығармасы айтылады. Классикалық орыс әдебиетімен сусындап, орыс ақыны Лермонтовтың өлеңдерін дәлме – дәл аударып, қазақ әдебиетіне алып келген Ілиястың «Ақынның өлімі», «Тұтқын», «Тұрмыс тотағаны», «Қанжар» өлеңдері жайлы сөз қозғалады.

Түйінді сөздер: аударма, поэзия, орыс әдебиеті, ақын толғанысы.

Ілияс Жансүгіров қалың қазақ оқырманын дүние жүзі классиктерінің шығармаларымен таныстырып, халқымыздың рухани байлығын байытуды мақсат етіп, аударма ісімен ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары шұғылданып, орыс, басқа да ұлттардың атақты ақындарының туындыларын қазақ тіліне аударған. Ілияс поэзиясы бастан – аяқ қазақтың халық әдебиеті мен халық тілінен нәр алып дамыған шығармашылық десек, оның тағы да бір қайнар бұлақ көзінің бірі – классикалық орыс әдебиеті. Бұл бұлақтан әуелі Абай сусындаса, сол Абайдың сан-салалы поэзиясынан Ілияс та үйреніп, өзіне тәлім алған. Ілиястың көп томдық шығармаларының 6 – томына жетпіске жуық аудармалары енген. Лермонтовтан бірнеше өлең мен «Черкестер» поэмасын Ілияс қазақ тілінде сөйлетті.Олар: «Ақынның өлімі», «Тұтқын», «Тұрмыс тотағаны», «Қанжар».

Осы өлеңдердің ішіндегі Лермонтовтың 1837 жылы ұлы Пушкиннің қайтыс болуына арнап жазған шоқтығы биік жыры «Смерть поэта»:

Погиб поэт! – невольник чести –
Пал, оклеветанный молвой,
С свинцом в груди и жаждой мести,
Поникнув гордой головой!..

«Ақынның өлімі» өлеңі:

Ақын өлді! – ардың құлы құлады,
Өсек, жала, ғайбатпенен былғанды.
Көкірегінде оқ, кектің оты шөлімен
Менмен басын иді-дағы сұлады. [1, 175 б].

Ілияс аудармада автордың айтқысы келген ойын, жан тебіренісін анық жеткізіп, жоғары деңгейде аударған. Өлеңдегі «Поникнув гордой головой» деген өлең жолын аудармашы дәлме – дәл «тәкаппар басы» демей, адам бойындағы өзіндік беделін «мен» сөзі арқылы айқын жеткізіп, «менмен басып иді-дағы» деп шебер қолданған. Яғни, «Ақынның өлімі» атты өлеңнің аудармасы – Ілиястың орыс тілінің небір нәзік иірімдерін жетік білгені үстіне қазақ ұғымында одан кем түспейтін бейнелі сөз таба білетінінің тамаша айғағы.Қазақ ақыны Лермонтовтың әрбір өлеңін алтын тағынан түсірмей құдіретті тілімен қазақша жырлатады. Лермонтовтың 1838 жылы жазылған «Кинжал» (Қанжар) атты өлеңін ең алғаш рет қазақ даласына ХІХ ғасырдың 90-жылдарында Абай жеткізген. Ол ырғақ, образдарды дамыта отырып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, қайта түлетіп, өзгеше рең, қуат беріп жырлаған.

Лермонтов:

Люлю тебя, булатный мой кинжал,
Товарищ светлый и холодный,
Задумчивый грузик на месть тебя ковал,

На грозный бой точил черкес свободный.

Абай:

Сүйкімді болат қанжар, тұрсын жайнап,
Ыстық, суық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы ұста кекке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап.

Ілияс:

Ұнатамын сүйкімді болат қанжар,
Ақшыл, салқын жолдасым өзіме аужал,
Сені соққан грузин сақ ұстасы
Ер шеркес қайраған тілеп жанжал. [2, 57 б].

Екі аудармаға да назар аударатын болсақ, Ілияс аудармасы түпнұсқаға өте жақын. Екінші шумақта кездесетін «лилейная рука» тіркесін Абай өлеңінде аударылмай қалса, Ілияс оны «балауса қол» деп алады.Жалпы «балауса қол» тіркесі күнделікті тұрмыста да, әдебиетте де қолданыла бермейді. Әйтсе де, Ілияс өзінше бір жаңа тіркес тауып тамаша аударған.

Аудармашы таланты бойынша автормен тең дәрежеде болуы тиіс, аудармашы ақын-жазушымен бірдей дәрежеде елестетуге, сөз саптау мәнеріне ие болу тиіс. Түпнұсқалық шығарманы шынайы түрде жеткізе білу – аудармашының басты ерекшелігі. Сапалы туынды шығуы аудармашының таланты мен тәжірибесіне тікелей қатысты болады. Сонда ғана ол аудармашы ретінде түпнұсқаның мазмұнын, пішінін толық игеріп, өз аудармасында олардың арасындағы байланысты, жарасымдылықты тұтастықты сақтауға мүмкіндік табады. Міне, бұл принципті қолына қалам алғалы бұлжымас заң біліп, қағида деп ұстанған Жансүгіровтың аудармашылық мұраты – көркем аударма – шығарма түпнұсқаның көшірмесі емес, сол дәуірдегі екінші төл туынды екенін дәлелдеу, соған қалың оқырман қауымның көзін жеткізу екені ақиқат. Бұған орыс классиктерінің шығармаларының аудармалары, соның ішінде Лермонтовтан аударған аудармалар айрықша дәлел болмақ.

Лермонтовтың «Чаша жизни» («тұрмыс тостағанын»):

Мы пьём из чаши бытия
С закрытыми очами,
Златые омочив края
Своими же слезами.

Когда же перед смертью с глаз
Завязка упадает,
И все, что обольщало нас,
С завязкой исчезает –

Тогда мы видим, что пуста
Была златая чаша,
Что в ней напиток был – мечта,
И что она – не наша!

Ілияс:

Тостағанынан тұрмыстың
Таңулы көзбен жұтамыз.
Ернеуін алтын ыдыстың
Жаспен жуып, жұтамыз.

Таңылған мықты көз байлау,
Өлерде көзден жұлынса,
Баршасы, алдау, жарқылдау
Сол байлаумен құрыса.

Көреміз сонда, біз құмар
Бостығын алтын кесенің
Ондағы сусын құр – қиял
Біздік емес екенін. [3]

- деп аударған.Ілияс осы аудармада сөз қолдану мәдениеті, ұтқырлығы, өлеңнің сапасына мән беруі ерекше. Әсіресе, осы өлеңнің:

Мы пьём из чаши бытия
С закрытыми очами,

-деген тұсын І.Жансүгіров :

Тостағанынан тұрмыстың
Таңулы көзбен жұтамыз.

-деп ойын жетік бере аударған. Бұдан кейінгі:

Златые омочив края
Своими же слезами.

-деген екі жолының да:

Ернеуін алтын ыдыстың
Жаспен жуып, жұтамыз. [4]

-деп тәржімалау арқылы, Лермонтов поэзиясының тамаша үлгісін танытқан.

Аудармада Ілиястың Лермонтов стилін бұзбай дәл жеткізу мен қатар Лермонтовтың айтар ойы дәл сол күйінде берілмей, бір – екі шумақтан айырмашылық көрінетінін байқаймыз.

Біздің бұл сөзімізге төмендегі Лермонтовтың «Черкесы» («Шеркестер») аудармасы дәлел бола алады:

Уж в горах солнце исчезает,
В далинах всюду мертвый сон,
Заря, блистая, угасает,
Вдали гудит протяжный звон,
Покрыто мглой туманно поле,
Зарница блещет в небесах,
В долинах стад не видно боле,
Лишь серны скачут на холмах.

Қазақшасы:

Алтын күн аспандағы таудан кетті,
Алқапты мастандырып ұйқы жетті
Батыста қызыл шабдар шапақ сөніп,
Алыста талған дауыс шың-шың етті.
Даланы ауыр, күңгірт басты тұман
Аспанда тұлқатын тұр жымыңдаған
Далада жайылған мал көрінбейді,
Жалғыз – ақ тағы марал дөнде орғыған.

Лермонтовтың осы шығармасын Жансүгіров еркін тәсілмен аударған. Яғни, аудармашы үзіндідегі «вдали гудит протяжный звон» - «алыста талған дауыс шың-шың етті» дейді. «Гудеть» деген орыс тіліндегі етістікті гулетіп, дүңгірлетіп қоймай, шың-шың етті деп қазақ топырағына үйлесімді сөзбен аударған.

Қорыта айтқанда Ілияс Жансүгіровтың жан – жақты талант иесі екенін халық әлдеқашан мойындаған. Қаламгердің сан –салалы асыл мұраларының құны жойылмайтыны анық.Осы баға жетпес дүниелерді зерделеу – қазіргі ұрпақ еншісінде. Ілияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары соның ішінде аудармасы қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі өнеге.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жансүгіров І. Шығармалар. ІІ том. А., 1960, 175 – б.
2. Дүйсенов М. І.Жансүгіров. А.,Ғылым 1965.
3. Алпысбаева Қ, Қазыбек Г. Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі. А.,Қазақ университеті. 2001.
4. Иманғазинов М. І.Жансүгіров шығармашылық лабораториясы. Автореферат.А., 1998.
5. Jansugurov.kz танымдық сайты.

ӘОЖ 82-131

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНЦЕПТ ҰҒЫМЫ: «ИТ КОНЦЕПТІСІ»

Қажымұратова А.,
МНКЯЛ-17-1 тобының 2 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі – Отарова А.Н.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Серікбол Қондыбайдың зерттеулеріндегі аңыздық, мифтік-лингвистикалық турасында тотемдік символ – ит пен бөріге қатысты елдік таным баяндалады. «Ит» сөзіне қатысты тұрақты тіркестердің мағынасы ашылады.

Түйінді сөздер: Мифология, мифтік танымдар, аңыз әңгімелер, зерттеуші пайымдары менен зерттеулері және ғалымның замандастарының пікірі, халық прозасы.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі – когнитивтік мағына. Тілдік бірліктердің мағынасы адамның ойлау жүйесімен сабақтас зерттеледі. Бұл бағытта баса назар аударатын негізгі ұғымдар: әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, әлем моделі немесе когнитивтік модель. Когнитивтік мағына тіл арқылы берілетін танымдық ақпарат ретінде қарастырылады. Когнитивтік семантика – сол тіл арқылы құрылып берілетін адам санасындағы концептуалды білімді таным моделі арқылы зерттейтін ғылым.

Лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттану түйісуінен пайда болып, тілде бейнеленген және бекіген халық мәдениетінің категорияларын лингвистика тұрғысынан зерттейтін ғылым [2, 28]. Лингвомәдениеттану ұлттық сипаты бар әлеуметтік, танымдық, этикалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, рухани, тұрмыстық салалардағы қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы қарастырады. Лингвомәдениеттану ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этикалық, эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танып, олардың қызметі мен орнын анықтауды мақсат етеді [6, 19].

Когнитивтік лингвистика тіл мен ойлау үдерісінің арақатынасын зерттейді, адамның танымдық қызметінің нәтижелері мен үдерістері тіл мен сөйлеуде қалай көрінетінін, әмбебаптық ойлау категориялары тілдің идиоэтникалық категорияларымен қалай арақатыстықта болатының, ұғымның түрлерін, концепт (схема, сурет, фрейм, сценарий түрінде), және жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ой-пікірлер мен ұсынымдардың танымдық негізін қарастырады.

Лингвомәдениеттану саласындағы зерттеулер үшін де, когнитивтік лингвистика саласындағы зерттеулер үшін де концептуалдылық тән. Когнитивтік лингвистиканың зерттеу пәні – когнитивтік концепт те, лингвомәдениеттанудың зерттеу пәні – лингвомәдени немесе мәдени концепт.

Концепт ұғымы тіл біліміне философиядан келген, латынша концептус (ұғым) сөзінің калькасы болып табылады. Бірақ «концепт», «ұғым» терминдерінің негізі бір болғанмен, мәні, маңызы бірдей емес. Ұғым – объектінің танылған маңызды белгілерінің жиынтық бейнесі болса, концепт – этностық ерекшеліктермен байланысты менталдық құрылым, ол - мазмұны жағынан

белгілі объект жайындағы білімнің жиынтығы, ал көріну формасы (білдірілуі) жағынан барлық тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) жиынтығы.

Когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану ғылымдарының негізгі зерттеу категориясы концепт болып келетініне қарамастан, оны ұғыну мен түсіну тәсілдері бірдей емес.

Лингвокогнитология айқындамасы бойынша, концепт - «біршама реттелген ішкі құрылымы бар, дискреттік ментальді бірлік, қоғам мен тұлғаның танымдық (когнитивтік) қызметінің нәтижесін көрсететін зат пен құбылыс жөніндегі ақпаратты тасушы, сол ақпараттың қоғамдық зердеден өтуі және қоғамдық зерденің сол құбылыс пен затқа деген қатынасы».

Лингвомәдениеттанудағы концепт – мәдениеттің базалық бірлігі. Концепт тілді, сана мен мәдениетті комплексті зерттеу жүйесіндегі бағытталған шартты ментальді бірлік. Лингвомәдени концепт басқа ментальді бірліктерден белгілі бір мәніне байланысты маңызды бірлікті даралау арқылы ерекшеленеді. Егер де белгілі бір феномен жөнінде « мынау жақсы (жаман, қызық, жалықтыратын және т.б.) » деп айтуға болатын болса, онда бұл феномен сол мәдениетте концепт қалыптастырады. Лингвомәдени концепт - жеке немесе қоғамдық санада болатын, жоғарыда айтылып кеткендей, белгілі бір мәніне байланысты дараланған бірліктен басқа ұғымдық (концепттің тілдік фиксациясы, оның белгісі, сипаты, дефинициясы) және бейнелік (біздің есімізде бейнеленген заттардың, құбылыстардың, оқиғалардың сипаттамаларын, көру, есту, түйсіну, иіс сезу арқылы қабылдау) элементтердің тұтастығымен сипатталатын үш компонентті құрылым.

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып когниция мәселесін, когнитивті тіл білімін өз монографиясына арқау еткен ғалымдардың бірі Қ.Жаманбаева болатын. Қ. Жаманбаева сол кезде енді ғана сөз болып жатқан тілдік танымға қатысты мәселелерді қарастыра келе, алғаш рет тіліміздегі «мұң» концептісін зерттеді. Соңғы кезде Н. Уәли, Ж.А. Манкеева т.т. тілшілердің шәкірттері когнитивті тіл білімінің әртүрлі мәселелерін кеңінен қарастыруда. Осы ізденістердің нәтижесінде тары, қамшы ұлттық мәдени концептілер мен өмір, тағдыр сияқты когнитивтік концептілер зерттелген. Орыс тіл білімінде Ю.С. Степанов, А.П. Бабушкин, Е.С. Кубрякова, В.И. Карасик, В.А. Маслова сияқты когнитивистер қалыптастырған әртүрлі деңгейдегі мектептер жұмыс істеуде. Ал қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистиканың терең мәселелері Ж.А. Манкеева, Н. Уәли, А. Ислам, Э.Н. Оразалиева, Г.Е.Утебалиева, А.Б. Әмірбекова т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылуда. Ал концептосфера туралы айтсақ, бұл терминді алғаш қолданған академик Д.С. Лихачев болатын. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Концептосфера – бұл халықтың концептілерінің жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы», – деп анықтайды [1,36]. Ғаламның когнитивті бейнесі және әртүрлі түрлері концептосфера бойынша ұғынылады, жалпы, тілдік ұғым туралы санадағы ақпараттар концептілік жүйеде дұрысталады. Концептілік жүйенің қызметі – ұлттық нақыштағы күрделі ұғымдарды бір мазмұнға реттеп топтастыра отырып, жүйелеу. Жалпы, бұл мәселені қазақ тіл білімінде қарастыру енді ғана қолға алынғандықтан, концептілік жүйе, оны құраушы бөліктер мәселесі әлі де зерттелу үстінде екенін айта кету керек. А.Б. Әмірбекова концептілік жүйе мен когнитивті модельдің тығыз байланысынан концептінің құрамдас бөліктері туындайды деп санайды. «Біздің пікірімізше, дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: фрейм, сценарий, ойсурет, сызба; ал сыртқы құрылымы: сөз, фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б. Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивті модельге салынып жинақталады. Когнитивті модель автор танымындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциативтік, стереотиптік бірліктер мен инсайт таңбалар арқылы қалыптасады» [2,28]. Концепт – когнитивті лингвистиканың басты бірлігі. Оның әр зерттеу тұрғысына және әр мектептерге қатысты көптеген түрлері бар. «Концепт» термині «ұғым, мағына» терминдерімен бірдей мағынада қолданылады. В.А.Маслова «Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «conceptus – ұғым» сөзінің калькалық аудармасы» – деп түсінеді [3,49]. Бірақ бұл ұғымдардың мағынасы бірдей емес. Егер ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Когнитивті тіл білімін қарастырған А. Ислам концептіні: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең

мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. Концептінің басты қызметі – дүниенің тілдік суретінің басты элементтерін атау», – деп анықтайды [4,56].

Ғылыми-зерттеу жұмысымызда қарастырылатын «ит» концептісіне қатысты қалыптасқан сөздер мен сөз орамдарына тоқталар болсақ:

1. Ит (таз) ашуын тырнадан алады . әлі жеткенше күш жұмсайды , біреу үшін кекті әлсізден қайтарады . Кешке шейін осы хабарды тегіс естіген Жігітек ауылдары үрпиісіп қалды . Заман не болып барады ? Күн рай қалай бұзылды. Ит ашуын тырнадан алғаны ма деп тіксінді (М. Әуезов)

2. Итаяқтан сары су ішкізді . Қорлады . Көзіне көк шыбын үймелетті. Әрине, сөз сенікі, келмей кетсең, келер болсаң, иттей қып басқа тепсем. Ішкізіп аяқтан сары суды, дүниеде арманым жоқ соған жетсем. (С.Торайғыров) Тұтқын боп итаяқтан сары су ішіп, Кісенде қол-аяғы жатыр Абақ.(С.Бегалин)

3. Итәуресі шықты/Итәуреге салды. Әуреге түсті, әбден қажыды. Өскеменге обылыстық комсомол комитетіне барып едім, онда болғанымнан , жолда жүргенім көбейіп кетті. Итәуреге шығып, зорға жеттім. (М.Әбдірахманұлы)

4. Ит байласа тұрғысыз. Адам тұрып, тіршілік жасап болмайтын жер. Қайрақтының осы жақ беті жалтыр төбе ит байласа тұрғысыз, бір ызғырық, оң жақ беті аңырайтын бір аңғар. (Ғ.Мүсірепов)

5. Ит басына іркіт төгілді *ақ түйенің қарны жарылды. Ішкені алдында, ішпегені артында болды. ағыл-тегіл болды, молшылық, аукатты тұрмыс орнады . –Нағыз жарылқайтын социализм көрінді !- деп Әбен күле жөнелді ...Күллі жұмыс машинамен істеледі . Мәселен : көшіп-қонғанда мынау үйді жығып , тігіп әуре болмаймыз , машина төбесінен бүркітше бүріп апарады да, қондыра қояды. Молшылық дегеніңізде есеп жоқ. Ит басына іркіт төгіледі...(Ғ.Мұстафин)

6. Ит қиынан қыл шықпай қалмайды. Әр нәрсе тегіне, затына тартпай қоймайды . Әр нәрсе тегіне тартпай қалмас, Қыл шықпай ит қиынан қалмас деген. (шешендік сөз)

7. Иттей болды. Ит болып кетті. Қор қылды; абыройы төгілді, масқара болды. Әлі атаңа нәлет, завхоз, бүгін тағы алдады. Күні бойы күлімсіте ит болдым. Ақыры бермеді көлігін,- деді Батырхан. (М.Иманжанов).

8. Итжеккенге айдады. Алысқа, қиыр қиянға жер аударды. Нарды алған кісі бір күн ішінде әкеліп, үйімнің маңына тастап кетпесе,түбіне жетем! Ауыл –маулыңмен шабамын! Еркегін құл қылып, әйелін күң қылып, итжеккенге айдатам. (Қаз.ертегілері) .

9. Ит жүгіртіп, құс салды. Сауық-сайран құрды. Ел ішінде сәлем де, Замандас, құрбы, теңдерге. Ит жүгіртіп, <u>құс салған</u>, найза ұстаған ерлерге («Қобыланды батыр»)

10. Итжемеде қырылды. Азапта, қорлықта өлді. Тұтқындардың киімдері жұқа, жыртық болған соң, жатқан жерлері қарлы жер, уілдеген боран болған соң, азап шегіп, бұлардың бәрі итжемеде осылай қырылып таусылған екен. (С. Сейфуллин)

11. Итжүрек. Қызық –қуанышы жоқ, құлауға көнген көңіл. Сенісерге жан таба алмай, Сенделеді ит жүрек. Тірілікте бір қана алмай, Бұл не деген тентірек! (Абай)

12. Итжеміге тастады – ит жемі қылды Тастандыға (садақаға) шығарды, қараусыз қалдырды; өлімші етті, қорлады, азапқа салды. («Ит жемі» көбіне қорлау,қорлану мағынасында жұмсалады). Ендеше ортамыздағы ең әлсіз, ең пышайман бір ғаріпті қайда тастап отырмыз? Итжеміге тастап отырғамыз жоқ па?! (М.Әуезов).

13. Ит жыны келді (ұстады) Ашуланды, тоңмойындық көрсетті. Мақау емес пе, ит жыны келсе, бетің бар, жүзің бар демейді (Ауызекі тіл)

14. Ит кемірген асықтай. Бұжыр, сынбыз бет. Тегінде, ит кемірген асықтай тығырайған қара қажы қаны қашып, қара пышақтай болған екен. (І.Жансүгіров)

15. Иткөйлекті бұрын тоздырған. Жасы аздап үлкен деген ұғымда әзіл ретінде айтылады. Бұдан ақыл сұрап, күн көріп жүргендер шамалы болса да, иткөйлекті бәріңнен бұрын тоздырғанмын деп, өзінше өктем соғар мінезі қалып көрген емес. (А.Байтанаев)

16. Ит көрген ешкі көзденді – ит көрген мысықша үрпиді. Үрейі ұшты, елере үрікті. Ит көрген ешкі көзденіп, Елерме жынды сөзденіп, Жасынан үлгісіз шіркін, Не қылсаң өнер ізденіп (Абай). Төрде отырған <u>Ықсан бұл сөздерге шыдай алмай</u>, ит көрген мысықша үрпиіп, екі көзі

мұғалімді жеп қоятындай аларып, кепкеннен кеуіп бара жатыр еді. (І.Жансүгіров)

17. Ит (иттей)қылды. Қор етті, қорлады, абыройын түсірді. Ермен шықты, ит қылып, Бидай шашқан егінге. Жай жүргенде өрт қылып, Тыныш өлсеңші тегінде (Абай).

Әрине, сөз сенікі келмей кетсең, Келер болсаң, иттей қып басқа тепсем, Ішкізер табақтан сары суды, Дүниеде арманым жоқ соған жетсем. (С.Торайғыров)

18. Ит мініп, ирек қамшылады – ағаш ерге жіп құйысқан Азып-тозып, тіршілікті жамап-жасқап өткізу мағынасында.) Тепеңдеп айтылады). Еңіреген, егілген, Итке мініп, ирекпен Қамшылаған өмірден Аулын тартып алып тұр. (І.Жансүгіров)

19. Ит өлім Қадірсіз, жиіркеніштi қаза, қаңғырып, көмусіз қалу. Жусатып, жер құштырды ит өліммен, тізілген неміс тобын мыңнан, жүзден. (М.Жанасаева)

20. Ит өмір Қорлықпен өткен тұрмыс, қорлық , итше ырылдасқан тірлік. Ит өмірдің осылай аяқталарын білді ме?! (Ә.Нұрпейісов)

«Арамыздан ерте кеткен талантты ғалым Серікбол Қондыбай – ұлттық руханиятымыздағы аса сирек құбылыс. Ол этнография мен археология, география мен ономастика, агиография мен теология, эпос пен тарих, мифология мен философия деректерін салғастыра зерттеп, түріктану мен қазақ тануға мейлінше үлес қосты. Отандық ғылым үшін жемісті болар жаңа бағыт бастап берді. Ол қалдырған мұраның деректік, пайымдамалық құндылықтары мен мәнділіктерін зерделеу – осы заманғы ұлттанудың қалыптасуы мен кемелденуіне оң ықпал етері сөзсіз. Бұл саңлақ таланттының саяқ зерттеушілік ізденістеріне, ерек елжандылығы мен еңбексүйгіштігіне таң қалмасқа шара жоқ!.. Арманда кеткен азаматтың жер бетіндегі ізі суымай жатып, ол қалдырған еңбектердің сиясы кеппей тұрып ғылыми сарапқа түсуі – аса сүйінішті жағдай»,- дейді ӘбішКекілбаев атамыз[4].

Қорытындылай келе ғалымның өз сөзіменен аяқтайын. «Ең бастысы – мифтік-лингвистикалық мектепті қалыптастыруға барлығымыз бірдей қатысып, біріміздің жазғанымызды, айтқанымызды жоққа шығара салмай, сын сөзге өкпелемеуге үйреніп, біріміздікін біріміз оқи білуге, тыңдай білуге, толықтыра және түзете білуге ниетті болуымыз керек. Тек сонда ғана Қазекем, өзінің басқалармен, бөгде мәдениеттермен, өркениеттермен дауласуға, пікір таластыруға, қалыптасқан ғылыми догмаларды жоққа шығаруға қажетті базаға – ғылыми түрде нақтыланған, дәлелденген тылға ие болады. Мифологияны меңгеру бүгінгі қазақ тарихшылары меңгере алмай жүрген, жауап бере алмай жүрген мәселелерге сәуле түсіре алады. Мүмкіндік мол, тек сол мүмкіндікті жүзеге асыра алсақ жарағаны [5,298].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтқазы Сажида Түр-түс концептісінің лингвомәдени табиғаты (қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі материалдар негізінде). Фил. ғ. Ph.D. док. дис. -Алматы, 2011.

2. Алимжанова Г.М. Сопоставительнаялингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека: Монография.Алматы, 2010. – 319 с.

3. Карасик В.И. Базовые характеристики лингвокультурных концептов/ В. И. Карасик, Г.Г 4. Слышкин// Антология концептов. – Волгоград: Парадигма, 2005. – Т. 1. – С. 13-15

4. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. -Волгоград, 2002. – 299с.

5. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. - Алматы : Арыс, 2007. - 480 б.

ӘОЖ 796 015 (045)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Акжигитова Н.М.,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Құндылықтар жеке адамдардың жан дүниесіне, көңіл-күйіне де жағымды әсер етіп, қуанышқа бөлейді, оларды қоғамдық талаптарға ұжымдастырып, рухани бірлестіктерге ынталандырады, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынастарына әсер етіп, ондағы әлеуметтік, психологиялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдеседі.

Түйінді сөздер: Тәрбие, оқыту, тұлға, рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтар.

Бүгінгі таңда педагогикалық ойлауға орай оқыту мен тәрбие үрдісіне де елеулі өзгерістер орнығуда. Мұндай өзгерістер бастауыш мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеуге жаңа талаптар қоюда. Әсіресе әсемдікті түсінетін, мәдениетті, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуде көркемдік талғамды қалыптастыру ерекше рөл атқарады. Болашақ ұрпақтың көркемдік талғамын дер кезінде қалыптастыру жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында маңызды міндеттер ретінде рухани және мәдени мұраны соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет – ғұрыптарды зерделеудің, әлемдік ғылыми ой – сананың, мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің толыққанды жүйесін құру мәселелері ретінде: «Білім беруді жаңарту үрдісі деп – ұлтымыздың салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, рухани құндылықтарын, яғни оқу-тәрбие үрдісін біртұтас алып жүретін халықтық педагогика негіздерінен құралатын ұлттық идеологиялық бағыттың тұрақты бір жүйесін түсінеміз» - деп айқын көрсетілген [1].

Осыған орай, казіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани өрлеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани, мәдени қазынасымен, оның ұлттық мәдени-эстетикалық құндылықтары арқылы тәрбиелеу мәселесін ғылыми – теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Егеменді елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастелейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемелекеттің өсіп – өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңартуды, шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды қамтамасыз етеді. Осыған орай жалпы орта білім беру мақсаттары шығармашылық сипатқа ие жеке тұлғаны дамытуды көздейді. Бұл оқушының кез келген жағдайда өз сұранысын қанағаттандыратын нәрсені, құбылысты, әдісті т.б. таңдай білу қабілетінің, шығармашылық әрекетінің, намысының жетілуін қарастырады.

Әрбір ғылым саласы өзінің зерттеу бағытына сәйкес құндылықтарды түрліше деңгейде қарастырады. Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Біз құндылық мәселесіне арналған еңбектерден өз зерттеуімізге қатысты «құндылық» ұғымының философиялық, мәдениеттанымдық, эстетикалық, педагогикалық мәніне баса назар аудара отырып, оларды өз зертеуіміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде талдау жасаймыз.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар қарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс жеке – дара қалыптаспайды Ұлттық сезім - ерекше әлеуметтік – психологиялық құбылыс, ол сыртқы әсерлерге тез бой алдырып отырады деп дәлелдейді зерттеуші ғалымдар [3]. Сондықтан ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл – парасат тарапынан бақылауды қажет етеді. Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортада қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі-бір құндылықтармен толықтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақыл-ойдың бақылауындағы және белгілі-бір ортаның ықпалындағы ұлттық сезім ізгі, адамгершілікті болады. Табиғи, биологиялық, тектік нышандармен органикалық түрде астарласады. Бірақ ақыл-парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір жерлерде едәуір бөлігінде әртүрлі қоғамға қарсы идеялармен, психологиялық тойымсыздықпен, өзімшілдікпен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануы мүмкін" [4].

Адам тек зерделі тіршілік иесі ғана емес, сонымен бірге оның бойында қасиетті рух бар. "Руханилық - бұл сыртқы болмыс әмбебаптығын тұлғаның ішкі ғаламына этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі. Руханилық ақыр

аяғында өзіндік мағыналық космогонияға, әлем образының тұлғаның адамгершілік заңымен бірігуіне әкеледі" [1].

Жалпы өнерді рухани құндылық ретінде меңгеруге, игеруге және оның негізінде жаңа образдар сомдауға және адамның мәдениетін қалыптастыруға көмектесетін руханилық құбылысының бірнеше іргелі салалардың бір-бірімен тығыз байланысынан өрбіп отырады. Ал оларды болашақ ұрпақтың бойына қалыптастыруды қажет ететін негізгілеріне сипаттама берсек, төмендегілерді атап етуге болады.

Бұл айтылғандар руханилықтың өнермен байланысын көрсетеді. Әсемдікті көре білген, сезе білген адам оны қоғамның рухани әлемін өз тарапынан толықтыра түседі. Сөйтіп, ол өз іс-әрекеті арқылы адамдар арасындағы сұлулықпен, үйлесімділікпен көмкерілген руханилықтың қалыптасуына, оның дамуына өз үлесін қоса алады.

Ал Қазақстандық философтар құндылықтар - қасиеттер дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Ол құндылық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. туғызатындығын айта келе, мынадай құндылықтарды анықтайды: адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, отбасы, қарым-қатынас, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, күнкөріс көзі және әрекет мәні ретіндегі жұмыс, игілік, беделділік, заңдылық, мейірімділік, тәуелсіздік.

Заттық құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеті жатады.

Ал, санадағы құндылыққа – қоғамдық ой, мақсат, баға беру, түрлі нормалар жатады.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттегіші түрінде қарастырады. Олар үшін құндылық- әлеуметтік объекті, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма. Сондықтан олардың айқындаған басты құндылықтары:

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі, бостандық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, мәдениет, денсаулық, заңдылық.

2. Рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтар: мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер т.б. [4].

Сонымен, құндылықтар - идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие объектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. Құндылықтар қандай да болмасын құбылысқа баға берудегі негізгі үлгі және құндылық субъекті үшін объектінің жоғары мәнділігі ретінде айқындалады.

Бүгінгі таңда қазақ философиясы мен әлеуметтану ғылымдарында көрнекті ғалымдардың ұлттық құндылық мәселесіне арналған еңбектері белгілі.

С.Нұрмұратов этно-ұлттық құндылықтар мәселесін зерттеуде осы құрылымды, жүйені құрайтын ұғымдарға тоқталып, ұлттылық ұғымына талдау жасайды. Ұлттылық ұғымын және оның құрамдас салаларын талдай келе, оның маңызды саласы ретінде этникалық келбеттің қалыптасуын қарастырып, оны әр халықты басқа халықтардан ерекшелеп отыратын өзіндік тұрақты құндылығы мен дәстүрлерінің жиынтығынан көруге болады деген тұжырымды ой түйеді [2] .

Ұлттық құндылықтардың құрылымын, табиғатын зерттейтін философиялық, әлеуметтанымдық, педагогикалық еңбектерге шолу жасай отырып «ұлттық құндылық» ұғымының мәнін нақтыладық.

Ұлтқа тән құндылықтар: ұлттың атын жоймай келе жатқан – ұлт өкілдері мен ұлт ұрпағы, бабалардан мирас болған, қазақ жері, ана тілі, тарихы, діні, салт – санасы, әдет – ғұрпы, ділі, дара тұлғалары, сонымен қатар ұлттық мәдени құндылықтар – ұлттық өнер: сөз өнері, саз өнері, сәулет, мүсін, кескін өнерлері. Қарастырылған еңбектерге сүйене отырып, ұлттық құндылықтар деп – нақты бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен бағалы қасиеттерінің жиынтығын айтады. Ұлттық мәдени құндылықтар – әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы.

Ұлттық мәдени құндылықтар әрбір этникалық қауымдастықтардың өзіндік тұрмысы, табиғаты, мәдениеті негізінде түзген құндылықтарының жүйесі: мәдени мұралар, халық шығармашылығы – ұлттық өнеріміз:, сәулет, мүсін, кескін өнері болып табылады деп анықтама береміз . [4].

Мектеп оқушыларын жалпы ұлттық мәдени құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті, мәдениетті қоғам мүшесі етіп тәрбиелеу қазіргі педагогика ғылымының түп мақсаты болып отыр. Осыған орай, эстетикалық тұрғыда тәрбиелеудегі ұлттық өнердің мәдени құндылық ретіндегі тәлім-тәрбиелік маңызы, атқаратын рөлі, бүгінгі педагогикалық білімді ізгілендіріп, жаңа сапаға көтереді.

Бұл туралы Наурызбай Ж.Ж. былайша сипаттайды: «Адамның рухани әлемі ұрпағымызға берер мәдени-этностық тәрбиеге орай көркейеді. Мәдени құндылықтарды қалыптастырып, жүзеге асыруға ықпал ететін үздіксіздік пен ізгілендіру ұстанымдары білім беру жүйесін реформалаудың базалық принциптері болып табылады», − деп халықтың төл өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру қажеттілігіне мән береді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2004. - 11-13б.

2. Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті //Культура - сущность нации: Ғылыми матер. жинағы /Жалпы ред. Д.Исабеков, Е.Б.Иманбек, Алматы, 1998, 212б.

3. Педагогикалық сөздік. Алматы. 1997.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.8-том //жалпы редакциясын басқарған А.Ы.Ысқақов. Алматы: Ғылым. 1985. – 591б.

ӘОЖ 796 015 (045)

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аманбек Ж., студент,
Ғылыми жетекші: Жанғозиева М.С.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында жеке тұлғаның уақыт талабына сәйкес дамуы: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп нақты тоқталып өткен.

Осындай психологиялық міндеттерді шешуде теориялық және пратикалық негізде педагогикалық-психолгиялық қызмет көрсету қажеттілігі туындады.

Педагогика-психология мамандығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелеріне педагог-психолог мамандығын енгізу туралы нұсқау хаты негізінде, еңбекақы қорынан жалақысы бекітілген, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің бұйрықтары мен қаулыларына сүйеніп жұмыс атқарады.

Қазақстанда тоғыз мыңнан аса мектепте үш миллиондай оқушы бар десек, ол саладағы педагог-психолог мамандар аса қажет екені өз-өзінен белгілі. Келешекте Қазақстанның әр ұлттық мектебінде педагог-психолог маманы болуға тиісті. Әзірге тоғыз мыңдай педагог-психологты қажет ететін, елімізде оның үштен біріндей ғана болатын маман бар.

Білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет Білім және ғылым министрлігінің педагогикалық және психологиялық қызмет бөлімі, білімдегі педагогикалық-психологиялық қызметтің аймақтық орталығы, облыстық, аудандық орталықтары арнайы білім мекемесінің педагогикалық-психологиялық қызметі сияқты еліміздің білім кеңістігіндегі біртұтас тікелей құрылым күйінде жобаланады [1]. Бұлардың әрқайсысы білімдегі педагогикалық-

психологиялық қызметтің тиімділігіне кепілдік бере отырып, өздеріне қатысты да тиісті мәселелерде бірлесіп жұмыс істеуді нақты білуі тиіс.

Мектеп педагог-психологының қызметтік міндеттері:

- жалпы білім беретін орта мектептердегі оқытудың барлық
- кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларды жеке көмек беру үшін педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;
- психологиялық ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып,
- мектеп оқушыларының әркелкі жас кезеңінде жан-жақты, тұлғалық, интеллектілі дамуын қамтуға ықпал етеді;
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша
- оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді, мектеп оқушыларының интеллектуальды, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді; оқуға психологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтауды мақсат ете отырып, бірінші сыныпқа бала қабылдауға қатысады;
- педагогикалық кеңестің әдістемелік бірлестіктердің,
- сыныптардағы, сондай-ақ мектептегі ата-аналар жиналыстарына қатысады, оқушыларға ықпал етіп, жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі проблемаларды шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;
- мектептегі психология бөлмесінқұруды және қажетті құжаттарды

сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады;

- мектептегі психологиялық қызметтің писхологиялық-
- педагогикалық жұмыстарының нәтижесі мен есебінің ғылыми-әдістемелік орталықтар тағайындаған талаптарына сай болуын қатаң түрде жүзеге асырады.

Мектеп психологы: жалпы, орта және кәсіптік білім беретін мектептердің жұмыстарын көрсететін құжаттар мен материалдарды, педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы жайында арнайы әдебиеттерді, қазіргі психодиагностиканың және психологиялық түзетудің әдістерін пайдаланып, зерттеу материалдарын талдауды, педагогиканың, дидактиканың сабақ беру әдістемесінің, дефектологияның негіздерін білуге, мектептің психологиялық қызметі құжаттарының толтырылу тәртібін, мектеп құжаттары мен нормативті құжаттарды білуге тиісті.

Психологтың негізгі мақсаты – психологиялық саулықтың негізі – баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу болып табылады.

Педагогикалық үрдіс кезінде туындайтын қиындықтар мен олардың психологиялық себептерін анықтау, оңтайлы қарым-қатынас ұстанымдарын қалыптастыру, ата-ана, мұғалім, басқа да қызметкерлерге психологиялық қызмет көрсету, оқушылардың мамандыққа қабілеттілігін анықтау, т.б. – мектеп психологының тікелей міндеттері.

Психолог оқушылардың жан-жақты және үйлесімді дамуын мақсат етіп, өзінің іс-әрекетін педагогикалық ұжыммен, дәрігерлік қызметпен, социологтар, дефектологтар, сондай-ақ қоғам өкілдерімен тығыз байланыста ұйымдастырады. Психологтың жұмыс тртібі осы ереже негізінде қабылданған психологиялық қызмет бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, оқу мекемесінің жалпы жұмыс тәртібіне сәйкес анықталады және оқу мекемелерінің директоры бекітеді. Оқу мекемелері мамандардың кәсіптік іс-әрекеттерін кешенді психоллогиялық-педагогикалық сараптауға, білім басқару орындарының немесе жеке оқу мекемелерінің ұсыныстары арқылы жүргізілетін оқу бағдарламалары мен жобаларды, оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру немесе жазуға қатысады [2].

Отандық және шетелдік психологиядағы жетістіктерді оқу мекемелеріне тарату және енгізуге, педагогикалық қызметкерлердің іс-әрекетін психология саласындағы ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге ат салысады.

Педагогикалық-психологиялық білім. Бұл тәрбиеленушілердің мәдени-құқықтық орнын және біліктілігін ұғынып түсіну, тәрбиелік адамгершілік деңгейін анықтау, қайта тәрбиелену, не тәрбиелену мүмкіндік терін көре білу, өз жұмыс практикасына қатысты тарихи-педагогикалық

тәжірибелерді меңгеруі; теориялық білімін іс жүзінде пайдалану мүмкіндігі, әр түрлі категориядағы адамдармен қарым-қатынас орнату технологиясының инновациялық тәсілдерінен хабардар болуы; тәрбиелеу мен оқытудың әдіс-тәсілдерін модернизациялау жолдарын меңгеру және т.б.

Біз құрып отырған қоғамда педагог-психолог маманы өте маңызды орынға ие. Қоғам болғандықтан ол бірнеше компоненттерден құралады: ұжым, топ, ұйым және т.б. Аталған компоненттердің мүшесімен және мүшесіне мәдени,

шығармашылық-рухани дүниесі, коммуникативтілігі, әлеуметтік міндетін, этикалық және эстетикалық талғамдардың болуын қазіргі заманға сай қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Педагог-психолог қоғамдағы тұлғаның биологиялық және әлеуметтік дамуына көңіл бөледі. Биологиялық тұрғыдан морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық жетілуі болса, әлеуметтік дамуына психикалық, рухани, интеллектуалдық жағдайлары жатады. Демек, педагог-психолог маманын адам баласы өмірге келгеннен оң мен солды, ақ пен қараны ажырата алғаннан бастап, келешек толыққанды азамат және тұлға болып, оның әрі қарай жетілуіне әсерін тигізеді [3].

Психолог оқушылардың жан-жақты және үйлесімді даму міндетін басшылыққа ала отырып өзінің іс-әрекетін педагогикалық ұжыммен, медициналық қызметпен, қамқорлық бөлімдерімен, әлеуметтік қызметкерлермен, қоғамдық өкілдермен тығыз байланыста ұйымдастырады.Психолог жұмысының тәртібі психологиялық қызмет мақсаттары, міндеттері және бағдарламаларына сай оқу орнының жалпы тәртібіне сәйкес белгіленеді және оқу орнының кәсіподақ ұжымымен келісіліп директормен бекітіледі.

Психологтың жұмыс уақыты әртүрлі жастағы балалармен жүргізілетін практикалық жұмыс нормаларын есепке ала отырып ұйымдастырылады.

Психологтың төмендегідей құқықтары бар:

- оқу орының оқушыларымен олардың ата-аналарымен, мұғалімдерімен және басқа қызметкерлерімен жұмыс жасау формаларымен әдістерін таңдауға, әртүрлі жұмыс түрлерін өткізу кезектілігін орнатады және белгілі кезеңге қатысты жұмыстың басымдық бағыттарын бөліп көрсетеді.
- оқу орнының басшылығына психологиялық қызметтің қызмет жасауына қажетті жағдайды орнатуды ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар жасайды.
- оқу орынындағы оқушылардың, мұғалімдердің және басқа қызметкерлердің жеке істерімен, кез келген оқу тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша құжаттарды зерттеуге құқылы.
- оқу орының құрылымдық бөлімдерінің отырыстарында нақты тұлғаларды және оқу топтарының ұжымдарын зерттеу нәтижелерін талқылауға қатысады, педагогикалық ұжым және оқу топтарының ұжымдарын түзету және дамыту бағдарламаларына және мұғалімдерді аттестациялау мәселелеріне араласады.
- оқу орны ұжымдарында топтық және индивидуалды психологиялық зерттеулер жүргізеді, бұл мақсатқа байланысты әлеуметтік, ұлттық, мәдени және басқа аймақтық ерекшеліктерді есепке ала отырып психологиялық тестерді құру, қолдану және түзету.
- үнемі жоғары оқу орындарының кафедраларымен, зертханаларымен, ғылыми зерттеу институттарымен және практик психологтерінің ассоциацияларымен, оқу орынындағы практик психологтың жұмысы сұрақтары бойынша үнемі іскерлік байланысты қолдау.
- әкімшілік сұрақтары бойынша ұсыныстар беру.

Шетел және отандық психологияның тәжірибесі көрсеткендей білім беру саласындағы психологиялық қызмет қоғамның қажеттіліктеріне байланысты мектеп психологының шешетін міндеттеріне қарай әртүрлі ұйымдастырылуы мүмкін.

Оқу орынындағы психологтың жауапкершілігіне дұрыс психологиялық диагноз қою, қолданылған диагностикалық және түзету әдістерінің адекваттылығы, берілген ұсыныстардың негізділігі жатады [4]. Сонымен бірге психолог арнайы зерттеулердің хаттамаларын сақтауға, тәртіпке сәйкес құжаттар жүргізуге жауапты.

Осы қабылданған ережелерге қарамастан Қазақстан Республикасындағы мектеп психологының статусы кейбір жағдайларда Қазақстан Республикасының білім және ғылым

министрлігінің нұсқауларына сай емес. көп жағдайларда қазіргі кездегі мектеп психологтерін өзінің тікелей міндеттерімен емес мектепішілік ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар көптеген мектептерде жоғары білікті психолог маманының орнына арнайы психологиялық біліктілігін арттырмаған пән мұғалімдері атқаруда.Сәйкесінше,олардың психолог қызметінің қыр-сырын білу құзыреттілігі төмен. Сондықтан психолог статусы Қазақстан мектептерінің көпшілігінде өз деңгейінде емес.

Бәрімізге аян, мектептерде, интернаттарда, бала бақшаларда кадрлар тұрақсыздығы, әсіресе, педагог-психологтары арасында үлкен орын алған. Мұның себебі, біріншіден, мектеп құрылымында педагог-психологтың статусы анықталмағандықтан. Екіншіден, педагог-психолог маманының қызыметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттың мүлдем болмауы. Үшіншіден, психологтардың аттестациялау критерилерінің, маман білім, білік, дағдыларына баға беруде әлсіздігі. Төртіншіден, педагог-психологтың қолданатын инструментарилеріне қойылатын бірыңғай талаптың болмауы. Сондай-ақ, Қазақстанның этно мәдени ерекшеліктеріне арнайы бейімделген төл әдістемелердің болмауы. Яғни психометрия талаптарына сай төл психологиялық әдістемелердің шығарылуын жүзеге асыратын зертханалардың мүлдем болмауы.

Білім беру саласындағы педагог-психолог жоғары білімді, білікті сенатқа ие, еңбекақысы, зейнет кепілдігі мен кезекті демалысы бар, кәсіби құқықтар мен кепілдіктерге ие, нақты білім мекемесінің маманы болып табылады: балабақша, кәсіби, орта білім беретін мектептер, балалар үйі, интернаттар, түзету ұйымдары, аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық білім беру психологиялық орталықтары [5].

Әр түрлі саладағы, аудандық, қалалық, аймақтық білім беру психология орталықтарындағы білім мекемелерінің психологиялық қызмет көрсету саласы қызметкері ретінде, психологиялық жоғары білімі бар, арнайы курстарда қайта аярлаудан өткен, тұрғылықты жердің әлеуметтік-мәдени, этноерекшелігін толық білетін жоғары білімді мамандар жұмыс істей алады. Әр білім беру мекемесінде кемінде бір психолог қызмет етеді. Егер оқушылар 300-ден көп болса, онда жүктемесі артады. Мүмкіндіктері шектелген балалармен жұмыс істеу мекемелерінде 80 адамға бір педагог-психолог тағайындалып, кемістіктің күрделілігіне байланысты балалар саны азайтылады.

Жұмыс бағытын таңдау, әр түрлі жұмыс түрлерінің сәйкестігі білім мекемесінің қажеттіліктерімен және штаттық және штаттан тыс педагогтарға жұмысты жоғары сапада, тиімді атқару үшін ыңғайлы жағдай жасалуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Психологиялық қызмет көрсету // Мектептегі психология - Алматы, 2006, №2, Б.27.

2.Педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттің маңызы // Мектеп директоры.- 2013, - Алматы №4, Б.47.

3. Актуальные психолого-педагогические проблемы обучения и воспитания. - Рига, 2014, С.17.

4.Сақтағанова Т.С. Өркениетті білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызмет // Мектептегі психология. - Алматы 2016, №2, Б.6.

5. Есаулова М.Б., Лобанова Н.Н. Самоанализ профессиональной педагогической деятельности. – Москва,2014.-127с.

ӘОЖ 82 –3′894. 342

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ АҚ ӨЛЕҢ ҮЛГІСІ

Амандық А., студент,
Ғылыми жетекші: Ш.С. Әбішева,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада сөз зергері Жүсіпбек Аймауытовтың көркем туындыларындағы шеберлікпен қолданылған ақ өлең үлгісі, туындыларының көркемдік әлемі, жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер табиғаты, бітім-болмысы, кезең келбеті, заман тынысын берудегі шеберлігі, әдебиет әлеміндегі суреткерлік қолтаңбасы сөз болады.

Әсіресе, «Ақбілек» романы Ақбілектің, «Күнікейдің жазығы» повесіндегі Күнікейдің, «Әнші» әңгімесіндегі ән құдіретін, Әмірханның табиғатын, кейіпкерлердің бітім-болмысын шынайы беруде, ақ өлең үлгісі, көркемдік амал-тәсілдерді қолдануда жазушы қолтаңбасына баға беріледі.

Түйінді сөздер: бейнелеу тәсілдері, диалог, ішкі диалог, монолог, психологиялық тартыс, кейіпкер әлемі, образ, идея.

Зерттеушілер қазақ әдебиетінде ақ өлеңнің пайда болуын XX ғасырдың 20-30 жылдарына жатқызады. Шындығында бұл тәсілді ұлт әдебиетінің көш басшылары ақын-жыраулар бағзы заманнан бері өз туындыларында қолданып келгені аян. Ең көне ақ өлең үлгілері 5-9 ғасырлардағы <u>түркі жазба</u> ескерткіштерінде (Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері), қазақтың шешендік сөздерінде кездеседі. Демек ақ өлең әдебиеттану ғылымында аз зерттелгенімен қазақ халқы үшін ертеден белгілі өлең түрі.

Бұған қоса ақ өлеңді XX ғасырдың өзінде сөз зергерлері М.Әуезов, Б.Майлин, М.Жұмабаев, Ғ.Мүсірепов сынды ірі тұлғалар да қажетіне жаратты. Ақ өлең турасында ғалым Р.Нұрғалиев өзінің «Өнер алды – қызыл тіл» атты кітабында: «Қазақ әдебиетіндегі біз қарастырған ақ өлең үлгілері силлабика заңдылықтарына бағынады; басқа ұйқастың, ішкі ұйқастың сөз үндестігінің әртүрлі дыбыс қайталаушылығының мәні ерекше. Көне поэзия нұсқаларындағы жыраулар дәстүріндегі ескі канондардың М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов творчествосында, оның ішінде де драматургияда жаңғыруы кездейсоқ құбылыс емес», – дейді [1, 36].

Ақ өлеңге композициялық, синтаксистік ерекшеліктер жат емес. «Силлабикалық және силлабо-тоникалық өлең жүйесіндегі ұйқассыз Еуропа халықтарының поэтикалық жадында «ақ» сөзінің «белгісіз, аяқталмаған, толықтырылмаған» деген ұғымдардың семантикалық эквиваленті ретінде қолданылуына байланысты», – деп айтылады «Әдебиеттану» терминдер сөздігінде. Яғни тармақтардың соңындағы сөздердің дыбыстық тұрғыдан үйлеспеуі, қабыспауы (ұйқастың белгісіз қалыпта, «ақ» күйінде қалуы) бұл өлең үлгісін «ақ өлең» атауға себеп болған [2 ,24].

Ұлттық әдебиеттегі ақ өлең турасында осындай түрлі пікір айтылып жүргенімен Ж.Аймауытов туындылары жарыққа шыққаннан бастап, сыншылар оның шығармасының ең негізгі табысы лиризм екенін баса айта бастады.

Әдебиеттанушылар әсіресе «Ақбілек» романын ерекше әсерлі жазылған шығарма деп таныды. Қаламгер туындысында ұшырасатын лиризм прозаның өлеңді экспансиялауына кереметтей мүмкіндік жасаған. Өнер мен өмірді өзінің «мені» арқылы бейнелеп, қайталанабас лирикалық табысқа жетеді. Ал әсемдікке ұмтылысы ақ өлеңді тудыруына себепші болады.

Жазушының тіл шеберлігіне тәнті болатынымыз күмәнсіз. Романды бастап оқығаннан-ақ қазақтың байырғы тілі бар болмысымен жарқырап көрінеді. Жалт-жұлт етіп, сәуле шашқан асыл сөздер сиқыршыдай арбап елітіп өзімен бірге ала жөнеледі. Тіпті, прозалық шығарма емес, өлең жолдарын оқып отырғандай әсерде боласың.

Жүсіпбек Аймауытов – шешен тілді шебер жазушы. Оның шығармасында ақ өлең боп құйылып кете беретін ұзақ сонар сөйлемдер бірнеше бетті алып кетеді. Мәселен, «Ақбілек» романы былай басталады.

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар.

Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жазы тау еркесі – киік

болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны» [3, 15] осындай өлең өрнектеріне ұқсас ырқақты жолдар еріксіз оқырманын алға жетелей береді.

Осы қалыпты прозаны поэзия үлгісімен жазсақ:

«Өскеменнің ар жағында,
Бұқтырманың оң жағында
Әлемге аян Алтай бар.
Сол Алтайдың күнгейінен,
Құбыла жаққа құлай аққан,
Құлай ағып Ертіс түскен,
Күр-күр еткен Күршім бар» - деген жолдар, немесе келесі абзацта:

«Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап көнек-көнек лақылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз,быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шиқан дуылдайды, аузы қобыз гуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске міниіп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны» [3, 17].

Марқакөлдің суы балдай.
Марқакөлдің суын ішіп,
Отын жеген
Сары қарын, тұтам емшек
Жануардың бауырынан
Сүт сорғалап,
Сүт емес-ау,
Құт сорғалап
Көнек-көнек лақылдайды;
Қара саба емізіктеп,
Қою, салқын, сары қымыз,
Быжылдаған дәрі қымыз
Шара-шара шыпылдайды.
Бір шарасын ішкен адам
Дәл қор қызын құшқандай боп,
Беті шиқан дуылдайды,
Аузы қобыз гуілдейді,
Мас болады, жас болады,
Жел жетпеске міниіп алып,
Алтай тауын дүсірлетіп,
Таудың тасын күтірлетіп,
Көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны.

Бұл жолдардың поэзиядан несі кем? Суреттілік, бейнелілік жағынан келгенде көркемдіктің кестесін оқырман қауым жазбай таниды.

Шығарманың өн бойында мұндай ақ өлең түрінде өрілген ырғақты тіркестер сан-сапат кездеседі, тіпті бірінен бірі өтеді. Оқисың таңданасың, таңқаласың. Қаламгердің тілі орамды, ойы сурет. «Ақбілекті» сезімсіз оқу мүмкін емес. Ойды қозғап, сезімді селт еткізуге келгенде Жүсіпбектің тілі тым сиқырлы.

Романның аяғында да қаламгер ойнақы ақ өлеңмен аяқтайды. Мәселен, «Марқакөлдің жиегінде Мамырбайдың Ақбілегі, жас Балташтың сүйген жары Іскендірін құшып, сүйіп, бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып кеудесіне бағы сыймай кемерінен аса шыпылдайды», - деп тәмәмдайды.

«Ақбілек» – кейіпкерлері жан-дүниесіне жазушы еркін бойлайтын, кейіпкер мінезін сәтті деталь, штрихтармен кескіндейтін, кейіпкерін қилы-қилы әрекетке салып, сан қилы күйзеліске түсіріп, ойлантып-толғантып, емірентіп те, тебірентіп, өзіне-өзін сұқтандырып та, өзінен-өзін жирендіріп те сан алуан күй кештіріп жүрек жіптерін бас басына талдап таратып, кейіпкерін

ішек-қарын қырындысына дейін талдай таразылайтын, аз сөзге шалқар сыр сыйғызатын, аз көрініске көп мағына үстейтін хас шебер қолынан шыққан психологиялық роман» [4, 12]

Белгілі әдебиет зерттеушісі Бейсенбай Кенжебаев: «Жүсіпбек романдарын оқып отырғанда, кісі өзін жапан түзде бірде аяңдап, бірде желе-жортып келе жатқан жүрдек атты жолаушы сияқты сезінетін еді. Сондай-ақ Жүсіпбек шығармаларының тілі жатық, жарасы жеңіл, сөз тіркестері ықшам, қайым шешен болатын», – десе [5, 7], жазушы С.Мұратбеков: «Жазушының палитрасы өте бай. Бірде автор атынан төгілте әңгімелесе, бірде кейіпкерлердің өзіне сөз беріп олардың өздерін сөйлетеді. Енді бірде автор кейіпкерлердің жан дүниесіне еніп, солардың не сезініп, не қойғанын, не ойлағанын солар болып баяндайды. Кейіпкерлерінің жан дүниесі, психологиялық құбылыстары, қуаныштары, күйзелістері, мақсаттары мен армандары жазушы назарынан бір сәт те қақас кетпейді. Мейлінше көркем, мейлінше айқын сөйлемдер әндетіп терме-жыр айтып отырғандай әсер береді. Қазақ ауыз әдебиетінің ең озық, Шығыс пен Батыс әдебиетінің көркем қара сөз және дастандық үлгілерінің бір-бірімен қабысқан, ұштасқан жерін мен осы Ақбілектен көрдім дер едім» – [6, 17] деп орынды баға береді.

Жазушының прозалық шығармаларында ұшырасатын көптеген қайталау, ырғақ, ұйқас оқыған кісінің назарын еріксіз аудартады. Бұлармен қатар буындық үйлесім де шығарма ырғағын әуенге бөлеп тұрады.

Мәселен, жазушының «Күнікейдің жазығы» повесінде Күнікейдің аянышты халі былайша суреттеледі.

«Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса боп сүйегі қалақтай боп иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?

Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма ерні кезеріп Бетпақ кезіп кеткендей, кимешегі қолқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы жастық емес кетпендей, сар төсек боп сарғайып – бұ жатқаның қай әйел? Білмесеңіз айтайын – Күнікей ғой бұ жатқан.

Күзден жатқан Күнікей – жазға жетті ілініп: күндері ғой, жан шіркін, үзілмейтін созылып.

Көктем күні күледі, күліп еді – жер түледі. Түлегені емес пе ақ кебінін сыпырып, көк торғынға бөленді. Қызыл-жасыл, ақ-көкшіл бейне кілем түріндей, гүлдер гүл-гүл жанады, күлкілдеген гүл-жапырақ, сағымданған күлім бел терезеден көз салса, Күнікейдің көңіліне жазылмас жара салады» [3, 43]. Әрі қарай оқи берсек, бұдан да тамаша тіркестерге жолығамыз.

«Ақ өлең үлгісіндегі шығарманың тілі Жүсіпбектің шешен, тіл өнеріне қанық халықтың ырғақты, ұйқасты сөз мәнерін көркем прозаға кіргізуде жасаған зор талабы. Бұл оны драмаға да мол пайдаланған. Ал керісінше, өлеңнің өзін Жүсіпбек ырғақты прозаға лайықтап, ауызша сөйлеу мәнеріне жақындатып, еркін ұйқасқа құрады. Жүсіпбектің ырғақты прозасы – шешендік өнер кең дамыған халық әдебиетінің үлгісін жаңа жанрларда жаңаша пайдалануға жасаған үлкен бастама» [7, 8].

Аймауытов бұл үрдісті көлемді туындыларында ғана емес, шағын жанрдағы әңгімелерінде де көркем кестелейді.

Мәселен: «Қыздар қызыл құнажындай қыландап, сыландап, шоқтанып, топтанып, сылдырлап, былдырлап, Шідертіні өрлей Рақаш аулына бет қойды», тағы бірде жазушы әнші Әмірханның тамаша өнерін оқырманына жеткізерде диалог мінездеу, микро диалог, полилогтер, диалог-деталь т.б. тәсілдерді молынан қолданады. Мәселен:

«Сүмірейте, қылмита соқты, желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты.

– Ойт, шіркін!… Пас-сабазым-ай!…

– Ой, пәле-ай!» [3, 12].

Әнші туралы көптің тоқтамы, көптің пікірі осылай.

Әмірхан туралы бір адамның шектеулі көзқарасы емес, көптің көзі жетіп, ұйғарып қойған, танып берген тоқтам бағасы екенін байқату үшін солай, жазушы көпшілік атынан айтқызады. Осы орайда ғалым Қ. Ергөбек айтқандай: «Жүсіпбек Аймауытов поэзияны қайдам, қарасөзге тайпалған жорға, бір сөзі бір сөзіне сәуле түсіріп, бір сөйлемі бір сөйлеміне шуақ шашып, бір ойы бір ойды

қолтықтай қошеметтей жөнелетін төгілген ақындық» [4, 201], – талантын Әнші әңгімесінде анық көреміз. Ән құдіретінің әсері авторлық суреттеумен құлпырта, ойната бедерленген. Автор ән тыңдаушы көппен бірігіп кетеді де, ән мен әншінің талантына тамсанады.

Аймауытовтың шұрайлы тіл кестесі турасында неміс жазушысы Г.Белгер: «Қазақтың түпсіз тұңғиық сөз байлығын аямай емін-еркін қолданған Аймауытов творчествосының озық үлгілерінен біз үйренетін тағылым-тәрбие аз да емес. Әсіресе сөз деген шіркінді орайын келтіріп, орнын тауып қолданған жағдайда мұның құдірет-күші әлемет екенін Абайдан, Әуезовтан кейін мен енді міне, Аймауытовтан көріп отырмын. Мен өзімді қазақ жазушыларының барлық шығармаларын көз бен көңілден өткізген, анау-мынауға көңілі селт етпейтін кәркесте оқушы санаймын. Шынында да, қазір анау-мынаумен бізді таң қалдыру қиын да. Ал, Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың. Оның әсіресе сөз кестесі айшықты, әшекей тілі қандай жанды да үйіріп әкетеді. Шын мәнінде эстетикалық ләззат алып, шынайы сезімге бөленесің, рахаттанасың. Аймауытовтың сөздік қоры телегей теңіз іспетті, сол ағыл-тегіл айшықты ағынның арқасында жазушы қаламынан туған дүниенің тынысы кең, емін-еркін көсіліп жазып, нақышына келтіре суреттер жасайды. Жазушы суреткер тақ-тұқты місе тұтпай еселеп, екпіндетіп, шабыты шалқып, рахаттанып кетеді, оның куәсі артына қалдырған мұралары» [8, 14], – деп қаламгер туындыларының тіл кестесіне өз бағасын береді.

Қорыта айтқанда, Жүсіпбек Аймауытовтың прозалық шығармаларындағы ғажап тіл байлығы оның тума таланты мен шеберлік сырларына ғана қатысты. Бұл – рухани мәдениеттің мәңгілік қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғалиев Р. Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы, 1974.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1996.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1997.
4. Ергөбек Қ. Қазақ романы және «Ақбілек» //Қазақ әдебиеті, 2004. № 28.
5. Кенжебаев Б. Телегей теңіз // Лениншіл жас. – 1989. № 6.
6. Мұратбеков С. Қара көздің қас шебері // Қазақ әдебиеті. – 1990. № 10.
7. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы, 1993.
8. Бельгер Г. Аймауытов айшықтары // Қазақ әдебиеті, 1990. № 30.

ӘОЖ 801.313

ЕЛДІК САНА ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Абдразакова Р.Ж.,
Түркістан индустриалды педагогикалық колледжі,
Түркістан қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Ұлы дала елінің бүгінгі мұрагері тәуелсіз, бірлігі мен берекелі тыныс-тіршілігі ұйысқан еліміздің әлемдік өркениетте алатын орны айқындалғаны баса айтылған. Аталмыш мақалаға талдау жасай келе, Елбасы мақаласының дәуір талабына орай туындаған өркениет талаптарына жауап беру тұрғысында жазылғандығын сөз етеді. Мақала ілгері басуымызға, ұлт ретінде өткенімізді ойға оралтып, игі жетістіктерге жетуімізге жол ашатындығы дәлелденеді.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақала, рухани сана жаңғыруы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы [1] өзі атап өткендей «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жалғасы ретінде жарық көрді.

Мақалада Ұлы дала елінің бүгінгі мұрагері тәуелсіз, бірлігі мен берекелі тыныс-тіршілігі ұйысқан еліміздің әлемдік өркениетте алатын орны айқындалған. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, Елбасымыздың қазақтың бай, тарихи-мәдени мұрасын өркениеттік әлемге танытып, орнын айқындаудағы еңбегі ерен десек қателеспейміз. Баршамызға мәлім, осыдан 15 жыл бұрын, яғни 2003 жылы сәуірде Президент Қазақстан халқына Жолдауында алғаш рет «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру туралы тапсырма берген болатын. «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында ұлтымыздың әдебиет, философия, тарих, этнография, тіл, бір сөзбен айтқанда, гуманитарлық білімді дамытудағы субстанциялық негіздері қаланды. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Батыс Еуропа мен АҚШ елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, нәтижесінде 350-ден астам ғылыми кітап, жаңа энциклопедиялық сөздіктер шығарылды. Бұл бағдарлама елдік сананы қалыптастырудағы алғашқы тың жоба болды. Одан дейін «Қазақ хандығының 550 жылдығы» қарсаңында Президент Ұлытаудағы сұхбатында Қазақ хандығының құрылуы туралы және Қазақ мемлекеті кейбір саясаткерлер айтқандай, «жоқ жерден пайда болған емес», керісінше, Қазақ мемлекеттілігінің тарихы тереңде жатқандығын және Қазақ хандығының елдік сананы қалыптастырудағы рөлінің ерекше екеніне тоқталды. 2017 жылдың сәуірінде Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жариялады. Мақала қазақ қоғамында тың серпіліс берді. Мақалада Елбасы ұлы даланың төсіндегі мәңгілік елді қалыптастырудағы мемлекет құрушы қазақ халқының орны ерекше екендігіне тоқталып өтті. Елдік сананы жаңғыртып, қалыптастырудағы жетістіктерімізді, соның ішінде ұлы даланың ұлы есімдерін халықаралық аренада ұтымды пайдалану керектігіне назар аударды. Біз мысалы, Египет дегенде Перғауындарды, Батыс Еуропа дегенде Ньютон мен Галилейді елестетеміз. «Ұлы Дала» дегенде ата-бабаларымыздың есімдерін мақтанышпен айтатындай ел билеген тұлғалардың галереясын жасауды тапсырды. Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ұлтымыздың елдік санасын ояту мен қалыптастырудағы, сондай-ақ болашақ ұрпақты ұлы даланың заңды мұрагері рухында тәрбиелеудегі орны ерекше. Сөз аяғын Елбасының «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін ұлттың болашағы зор. Өткеннен өнеге алып, болашаққа бағдар жасау саналы ұрпақтың өнегесі. Ата-бабаларымыз ұлан-байтақ жерді ұрпағына қалай аманат етсе, біз де келер ұрпағымызға жерімізді ата дәстүрімізді, салт-мәдениетімізді, тарихымызды сол қалпында жеткізуіміз шарт. Осы мақсатта Елбасы туған халқының бар болмысын тереңнен суыртпақтап алдымызға жайып салды. Төл тарихын бағалай білетін халықтың болашағы үлкен. Оны насихаттау, маңыздылығын халыққа жеткізе білу болашаққа деген көзқарасты танытудың басты жолы. Президентіміз: «Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті» [1], - дейді Елбасы өз мақаласында. Қазақстан тарихындағы мәселесі көп кезеңнің бірі, ол XX ғасырдың ортасы, нақтырақ айтар болсақ, 1930, 1940, 1950-ші жылдар болып отыр. Осы кезден тарих оқулықтарына енбей қалған немесе бұрмаланып жалған ақпаратпен енген қаншама деректер бар. Бұл ретте Елбасы мақалада: «Сансыз көп адамның тағдыры сұраусыз кеткен оқиғаларға толы бұл кезеңнің шындығын бүгінгі таңдағы отандық тарихшыларымызға қарастырып, жарыққа шығаруға мүмкіндік берілуде. Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет», деп үлкен мүмкіндік тудырып отыр. Осы бағдарламадан кейін Ташкент архивтері мен Орынбор, Омбы, Санкт-Петербург, Мәскеу архивтеріндегі сақтаулы жатқан құжаттарға деректанулық тұрғыда талдау жасауға, жинақтап, өңдеп, қалың бұқара халыққа оқылымға ұсынуға мүмкіндіктер ашылатын болса «Рухани жаңғырудың» ең үлкен серпілісі осы болар еді. Кез келген ұлттың тарихи санасы оның болашағына зор әсер ететіні хақ. Өткеніне зерделей қараған халық өз тарихына сай келешек тағдырын сомдайды. Ұлы тарихы бар елдің арман-мұраттары да биік, көз тігер көкжиектері де шексіз болмақ. Төл тарихының тамырынан нәр алып, опық жеген замандардан тағылымды ой түйіп, нәтиже шығара алған ұлттың ғана болашаққа бағдары айқын. Ал айбарлы да кемел мемлекет халықтың тарихын жүйелеп, ұлттың тарихи жадын тұнық қып

сақтап, сыртқы әсерлерден қорғап, тарихты бұрмалауға жол бермеуі тиіс. Яғни, әр мемлекеттің тарихи саясаты болуы керек дейміз. Тарихи саясат маңыздылығы жағынан сыртқы я ішкі саясаттан еш кем емес. Тіпті, осы екі саяси ұстанымның қосындысы дер едік. Тарихи саясаты мығым елдің идеологиясы да қуатты һәм нәтижелі болады. Тәуелсіздік алған 27 жыл ішінде Қазақстан ұлттық тарихын жүйелеуге, отарлық саясаттан аршып алуға біраз талпыныстар жасады. Әуелі біз «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы тарихи ескерткіштерді қалпына келтіріп, құнды жәдігерлерді жинақтап жүйеледік, тарихи теориялық біраз мәселелерімізді шешіп алдық. Бірақ Елбасының жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көрсетілген арналы бағыттар бізде бұрын-соңды болған емес. Нұрсұлтан Әбішұлының мақаласы төл тарихымызды өз тұғырына қондырып, әлем тарихының ішінде өзіне лайық орнын анықтап беретініне көзіміз жетіп отыр. Қазақта «ақ түйенің қарны жарылған күн» деген зор қуанышты білдіретін керемет сөз бар. Бүгін Елбасының жарқ ете қалған мақаласы да сол сөзді бәрімізге айтқызды. Ел Президентінің «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» деген афоризмге айналып кеткен намысты сөзі бар. Шынында қазақтың сонау сақ-ғұндардан басталып, Еуразия кеңістігінде бөрілі байрағы асқақ желбіреген Түркі және Шыңғыс қаған империясы мен Қазақ хандығына ұласқан, бергі замандарға дейін қилы тағдыр кешкен тарлан тарихымызда біз ұялатын ештеңе жоқ. Керісінше, мақтанатын дүние көп. Елбасының ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт өлшеміне, тарихи сананы жаңғырту жайына ерекше тоқталуы қоғамымыздың жаңа белесін, жауапты дәуірге қадам басқанын аңғартады. Біз алдымен қазіргі күрделі замандағы әлем мен елдің жасампаздық күрес қағидасының арғы бастауынан, қилы жолынан сабақ алып, озығы мен өнегесін бойға сіңіруіміз керек. Мемлекет басшысы бұрынғы еңбектерінде тұтас қоғамның және Қазақстанның әр азаматының санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өткен болатын. Мәселен, бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму, сананың ашықтығы сынды жаңашыл ұғымдардың, өмір сүру қағидаттарының мәніне тоқталған-ды. Әсіресе, бұл жайттар «Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тұжырымдамалық еңбегінде жан-жақты көрсетілген-ді. Оның ішінде халықтың ұлттық сана-сезімі мен қалыптасқан кодын сақтай отырып жаңғыруы, жаһандану мен неолиберализм үрдістері, өркениеттер тайталасы шарықтаған заманда халықтың халық болып қалу мәселесі, мемлекет іргесінің беріктігі мен қауіпсіздігі кешенді байыпталған болатын. Елбасы бұл мәселелерге неғұрлым жүйелі және дәйекті барудың қажеттігін терең түсініп, ел руханиятын жұмылдырған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын ұсынып, оны нәтижелі орындатуға мұрындық болғанын да мақтанышпен айтамыз. Осы бағытта Отанымызда ерен жұмыс атқарылды. Мемлекет басшысының жаңа мақаласы – ұлттық абырой бастауын нұсқайтын, елді өнеге өрісіне бастайтын жол, жаңғырған Қазақстанның баянды бағдары. Мақаладағы сүбелі ойлар қатарында ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт, атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, алма мен қызғалдақ отаны ұғымының мәні, сонымен қатар тарихи сананы серпілту мақсатындағы «Архив-2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» секілді ұлттық жобалар мен идеялардың қоғам талқысына салынуының және атқарушы билікке тапсырылуының жөні де, жүйесі де айрықша. Бұл – әлем таныған елдің арғы тарихы әлеуетін аңғарту. Бұл – жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның өрісті өресі. Қалай дегенде де Ұлы даланың жеті қырын айқындау жаңа өзгерістер белесіне бастары анық. Бұл бағытта арнайы бағдарлама, әдістеме, өзіндік стандарты әзірленетіні хақ. Осы істе ұлттық университеттер, жалпы жоғары мектеп пен ғылым саласы аянып қалмайды деп сеніммен айта аламын. Ал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, Қазақстанның арғы және бергі өркениет негізін, бүгінгі айрықша құбылысын салиқалы салмақтаған Елбасының бұл мақаласы білім жүйесінің сұра-нымына, отаншылдық сипаттың одан әрі артуына әсер береді деп есептейміз. Еуроцентристік көзқарас, жаһандану толқындары, әртүрлі діни және идеологиялық экспансиялардың шарықтаған уақытында халықтың төлтума мәдениетін сақтап қалу және оны заманауи жетістіктермен мықтап шендестіру – бүгінгі уақыт талабы. Осыған байланысты мемлекет және қоғам тарапынан ұлт мәде-

ниетін өркендету, төл құндылықтарды нығайту бағытында жұмыстарды жандандыруға мол септігі тиері сөзсіз.

Әрбір халықтың тарихы – оның бағыт сілтер темірқазығы. Қай халықтың да негізінде дәл осы тарих жатыр. Ата Заңымыздың алғашқы сөйлемі де «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» [2], - деп басталмай ма?! Сондықтан кез келген мемлекет өз тарихын зерделеуге барынша маңыз береді. Мұның фактілерді ойнатудың екпінімен көзалдаушылық, эмоционалды әрі популистік сипат алып та жататын кезі аз емес. Мемлекет басшысы осы жолғы мақаласында бірден-бір сара жолды – төл тарихымызды тереңнен зерделеу үшін іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу, барлық құжаттық деректерді пайдалану, ауқымды археологиялық жұмыстарды қолға алу жолын ұсынып отыр. Бүгінгі күні бұл жұртшылықтың, әсіресе жастардың арасында айрықша сұранысқа ие. Барлық үнқатысу алаңдарында тарих тақырыбында қызу пікірталас жүріп жатыр. Бұл талқылаулардың қарқыны «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жарияланғаннан кейін күрт артып, жаңа сапаға көтерілді. Елбасының жаңа мақаласы өткен мен болашаққа ортақ дүниетаным қалыптастырып, ұрпақтар арасында үзілмес байланысты қайта қалпына келтіре отырып, сол алдыңғы мақаланың қисынды жалғасы ретінде қабылданып отыр.

Ұлы дала тарихының алтын тамыры – мыңжылдықтар тереңінде ашылуға даяр жатқан ғажайып рухани қазына. Енді міне, Елбасы мақаласында айтылған, жұрт жұмыла атқарысуға тиіс шаруалар сол алтын көмбені қазып алуға жол ашқалы отыр. Тарихымызды түгендеуге арналатын алдағы үлкен жұмыстар біздің тарихи санамызды, тарихи жадымызды қайта жаңғыртып, өз ішімізге, өткен замандарға, бабаларымыздың ұлы істеріне жаңаша қарауға мүмкіндік беретіні анық. Өткеніміз жаңғырып, өлгеніміз тіріліп, жоғымыз табылған кезде ғана біз ұлы ұлтқа айналамыз. Бұған бүгін сенім мол. Көп жағдайда біз экономикалық көрсеткіштерге көңіл қоямыз. Бірақ экономика мен әлеуметтік жағдайдың уақыт толқынында жиі құбылары әмбеге аян. Ал елдікті паш ететін, рухты өз тұғырына қондыратын осындай шаруалар ел есінде қалады, тарихта алтын әріптермен жазылады. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген нақыл бар. Бабалар ұрпағынан тиісті құрметін көрген кезде, Ұлы даламыздағы Ұлы мемлекетіміз жаңа серпін алатыны сөзсіз.

Дамудың даңғыл жолына түсіп, серпінді секіріс жасаған Қазақстанның алдағы мақсат-міндеттерін түгел айқындап берген Елбасы енді рухани қазына-байлықтарымыз бен түп-тамырымызды ғылыми зерттеп, зерделеудің тың бағдарламасын ұсынды. «Ұлы даланың жеті қыры» – Президенттің бұрын жария еткен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының қисынды жалғасы іспеттес. «Ұлт тарихындағы Кеңістік пен Уақыт» және «Тарихи сананы жаңғырту» атты екі бөлімнен тұратын мақаланың алғашқы бөлімі «Ұлы даланың жеті қыры» туралы баяндаса, екінші бөлімі сол «жеті қыр» феноменін жас ұрпақтың санасына сіңдіруді көздейді. Қазақстан аумағында жабайы жылқыны қолға үйрету ісі тұңғыш жүзеге асқанын әлем ғалымдары мойындайды. Жылқы арқылы адамзат көші ерекше қарқынмен алға жылжыды. Атқа міну, атыс-шабыс өнері мен тұтас бір мәдени әлем пайда болды. Қазіргі шалбар, етік, ер-тұрман, үзеңгі, қылыш пен сауыт сияқты ерте заманның тұрмыстық және қару заттары кейіннен талай елдің тіршілігін өзгертті. Мемлекет басшысы Ұлы даланың архивтерін жинақтап, ұмыт бола бастаған мәдениет пен рухты қайта жаңғыртып, келесі ұрпаққа үлкен мұралық қормен табыс ету мақсатында «Архив–2025» жетіжылдық бағдарламасын, «Ұлы даланың ұлы есімдері» энциклопедиялық саябағын, «Ұлы дала тұлғалары» атты ғылыми көпшілік серияларын, «Ұлы даланың ежелгі өнер және технология музейін», «Дала фольклорының антологиясын» жасауды тапсырды. Бұл – талай ғалымның армандап жүрген мәселелері. «Дала фольклорының антологиясында» Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталатыны неге тұрады?! Елбасы «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», – деп тұжырым жасады. Жас ұрпақ «біздің тарихымыз тек қырылудан, зар мен зарлы кезеңнен ғана тұра ма» деп қынжылыс табушы еді. Енді олардың бойында ұлттық мақтаныш сезімі атойлайтын болады. «Бұл – түрлі этностардың көптеген көрнекті тұлғалары үлес қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих. Бүгінде төл

тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры», Егемен Қазақстан, 21 қараша 2018 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.1995 жылы 30 тамыз.

ӘОЖ 159.99

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ

Егенисова А.Қ.,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада жалпы қарым –қатынас және педагогикалық қарым –қатынас проблемалары, қарым-қатынас түрлері, құралдары, қарым –қатынасты зерттеушілердің пікірлері де баяндалады. Сонымен қатар, педагогикалық әсер ету психологиясы, оқытушы мен білім алушылардың тұлғааралық өзара әрекеттестігінің мәселелері, педагогикалық әрекеттесу түрлері, педагогикалық қарым – қатынастағы кедергілер, қарым –қатынас стильдері сөз болады.

Түйінді сөздер: коммуникация, интеракция, перцепция, қарым – қатынас, субъект-субъект, мимика, пантомимика, әрекеттесу, әсер ету, эмпатия, рефлекция, тұлғааралық, авторитарлық, демократиялық, либералдық.

Қарым-қатынас көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болды: әлеуметтану, тарих, педагогика, мәдениеттану, психология т.б. Дегенмен, қарым-қатынас адамдардың өзара ақпарат алмасуын (коммуникация), өзара әрекеттесуін (интеракция) және өзара қатынас орнатуын (перцепция) сипаттайтын процесс.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі формалары қарым- қатынас жағдайы болып табылады. Лекция, семинар, емтихан, бақылау кезінде және рефератты, курстық жұмысты, диплом жұмысын қорғау - бәрі оқытушы мен білім алушылар арасындағы өзара әрекеттесу, өзарақатынас арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, білім берудің көптеген жаңа тұрғыларының психологиялық мазмұны «субъект-объект» негізіндегі емес, «субъект-субъект» негізіндегі өзара әрекеттесу мен өзара қатынастың приоритетті болуымен ерекшеленеді. Ал, білім берудегі қиындықтардың көп бөлігі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың деформациясының салдары екенін педагогикалық психология саласындағы зерттеулер көрсетеді.

Білім беру жүйесінің барлық буынында педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттесуі мен өзара қатынас жасау деңгейлерімен анықталады. Сондықтан, оқытушының қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыра алуы жоғары мектептегі де оқу-тәрбие іс-әрекетін жасампаздықпен жетілдіруге шарт болып табылады (Б. Г. Ананьев, С. М. Жацыпов, И. А. Зимняя, В. А. Кан-Калик, Н. В. Кузьмина, А. К. Маркова, Л. М. Митина, Х. Т. Шерьязданова, және т.б.). Осыған байланысты психологиялық, педагогикалық ғылымдарда «педагогикалық қарым-қатынас» ұғымы бар[1].

Педагогикалық қарым-қатынас - оқу-тәрбие процесінің субъектілері арасындағы әлеуметтік-психологиялық байланысты сипаттайтын және түсіндіретін ерекше құбылыс.Сонымен

қатар, ол жалпы психологиялық заңдылықтарға бағынатын коммуникациялық, интеракциялық және перцептивті жақтарымен сипатталатын қарым-қатынас болады.

Оқу-тәрбие ісі мен қарым-қатынастың тектестігіне байланысты «педагогикалық қарым-қатынас» ұғымын алғашқылардың бірі болып ХХ ғасырдың екінші жартысында ресейлік ғалымдар Л.И.Новикова, А.В.Мудрик, А.А.Леонтьев анықтап, психология, педагогика ғылымдарына енгізгенді. Мысалы, педагогикалық қарым-қатынасты А.А.Леонтьев оқытушының білім алушымен сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға, ұжымда оңтайлы психологиялық жағдай орнатуға, оны тұлға ретінде дамытуға бағытталатын өзара әрекеттесуі мен өзара қатынас жасауы арқылы түсіндіреді [1] .

Қарым-қатынас - оқу-тәрбие міндеттерін шешудің маңызды құралы. Оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынас дұрыс ұйымдастырылмаса, жоғары мектептің кәсіби білім беру міндеттері - оқыту, дамыту және тәрбиелеу тиімді бола алмайды.

Осыған орай, жоғары мектептегі қарым-қатынас үш қырынан анықталады:

– біріншіден, оқу міндеттерін шешу құралы ретінде;

– екіншіден, тәрбие процесін ұйымдастырудың әлеуметтік психологиялық жүйесі ретінде;

– үшіншіден, студенттердің маман және тұлға ретінде дамуының психологиялық, педагогикалық ықпалы ретінде.

Педагогикалық қарым-қатынаста таңбалар, белгілер жүйесі арқылы ақпарат беріледі. Осыған орай педагогикалық қарым-қатынаста вербальді және бербальді емес коммуникация түрлері ажыратылады. Вербальді коммуникация тіл арқылы жүзеге асырылады. Тіл дегеніміз – қарым – қатынас жасау үшін пайдаланылатын сөздерді, сөйлемдерді және қағида ережелерді ұғынып айту.

Қарым – қатынас тәсілдері:

– интонация дегеніміз (сөздің ырғағы, екпін) – бұл сөйлемге, сөздер тізбегіне әртүрлі мағына бере алады.

Ал, вербальді емес коммуникацияның құралдары психологияда төмендегідей жіктеледі:

– мимика дегеніміз – беттің бұлшықеттерінің қимыл - қозғалысы (күлу, ренжу).

– пантомимика – дененің қимыл қозғалысы. Мимика және пантомимика сөзді, сөйлемдердің мәнін толықтырады, күшейтеді не теріске шығарады.

– жест-қолдың қимыл– қозғалысы. Бұлар қарым-қатынасты, сөзді сүйемелдеп отырады.

– пікірлесушінің орналасу қашықтығы, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрлері т.б. жатады.

– проксемика, яғни, кеңістікті және уақытты ескеріп, байланыс жасау (мысалы, тілдесіп тұрған адамдардың арасындағы қашықтық); көз арқылы түсінісу.

– қарым-қатынастың акустикалық жүйесі - паралингвистика, яғни, дауыстың ырғағы, көлемі, үнділігі; экстралингвистика, яғни, тілдесу кезіндегі кідірістер, жөткіріну, күлу, жылау, т.с.с.

– қарым-қатынастағы такесика (сипап сезу) жүйесі сипау, қол алу, құшақтау, т.б.

– қарым-қатынастағы ольфакторлық жүйе қоршаған ортаның, адамның жағымды және жағымсыз иістері.

Педагогикалық қарым-қатынас оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекеттесу ретінде анықталады. Бұл, өзара әрекеттесу оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекетіндегі байланыстар, өзара ықпалдар болып табылады.

Педагогикалық процесте өзара әрекеттесу түрлі сипатқа ие болады. Олар былайша көрінеді:

1. Бірлескен іс-әрекет арқылы топтағы ықпалдастық;
2. Топтағы өзара бәсекелестік;
3. Топтағы кикілжің.

Өзара әрекеттестік «субъект-объект» емес, «субъект-субъект» негізінде, диалогтық сипатта болуы үшін, төмендегі шарттар орындалуы қажет:

1) әлеуметтік рөлдері мен әлеуметтік статусына қарамастан, оқытушы мен студенттердің психологиялық ұстанымдарының тепе-тең болуы;

2) оқытушы мен студенттер бір-бірінің қарым-қатынастағы белсенділіктерінің тепе-тең

екендігін саналы түрде аңғарып, оны іс жүзінде қолдана алуы;

3) оқытушы мен студенттердің өзара тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-біріне психологиялық қолдау көрсете алуы.

Олай болса, оқытушы мен студенттердің педагогикалық процесте қандай жағдай болмасын өз дербестіктерін сақтай алуы; психологиялық мәдениет негізінде өздерінің коммуникациялық әрекеттерін реттей алуы; бір-біріне әрқашан қарым-қатынастық субъектісі болуға мүмкіндік беруі олардың өзара әрекеттестігінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Сондай-ақ, Р. Бейлз өзара әрекеттесуді бақылау арқылы төрт категорияға талдайды. Осыған байланысты оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттесу формасын айқындауға болады [1] .

Р.Бейлз бойынша өзара әрекеттесу формалары

Өзара әрекеттесу салалары	Мінез - құлықтың, жүріс - тұрыстың ерекшеліктері
Жағымды эмоциялар	● Ынтымақтастықты таныту. ● Шиеленісті «түсіре» алу. ● Келісімге келу.
Мәселені шешу	● Ұсыныс, нұсқау беру. ● Пікір айту. ● Бағдар бере алу.
Мәсені қою	● Ақпаратқа сұраныстың болуы. ● Пікір айтуға сұраныс. ● Ұсыныс беруге сұраныс.
Жағымсыз эмоция - лар	● Келісімге келе алмау. ● Шиеленіс шығару. ● Антогонизм таныту.

Педагогикалық қарым-қатынастағы, педагогикалық әсер ету психологиясынан сөз қозғасақ. Әсерді басқару (Э. Гофман, және т.б.) Бұл теория бойынша адам басқаларға әсер қалдыру арқылы ғана тіршілктегі әлеуметтік жағдаяттарды болжау және қадағалау мүмкіндігіне ие болады. Э.Гофтан «әсерді басқару» ұғымы арқылы адамның өзін басқаларға жақсы жағынан көрсету процесін анықтайды. Ол қоғамды, қарым - қатынасты талдаудың аналогы ретінде «драмалық крйылым тұрғысынан» пайдаланады. Сонда, аталмыш теорияда өзара әрекеттесу деген әртістерді ұнамды әсер қалдыруға тырысатын драмалық спектакль сияқты. Басқаша айтқанда, өзара әрекеттесуде адамдар сахнадағы әртістер сияқты өздері және басқалар туралы жағымды әсер қалдыратын жағдай жасау үшін «декорацияны», «айналадағы жағдайды» қолданады.

Педагогикалық процестегі өзара әрекеттесудің мазмұнын айқындау оны бірлескен іс - әрекетті ұйымдастыру ретінде қарастыру арқылы мүмкін болады. Л.И.Уманский бірлескен іс-әрекеттің ұйымдастырудың үш формасын ұсынады:

– іс-әрекетті орындау барысында әркім өз міндетін басқа адамдардан тәуелсіз атқарады;

– іс-әрекетттің жалпы мақсат - міндеті оған қатысатын адамдардың әрқайсысының атқаратын жұмысы бойынша біртіндеп орындалады;

– іс-әрекетке қатысушылардың бір сәттегі өзара әрекеттестігі жүзеге асырылады.

Педагогикалық процестегі өзара әрекеттесудің тиімділігін анықтайтын факторлар:

– оқу-тәрбие процесін басқарудың талапқа сай, білім алушылардың психологиялық дамуына дәлме - дәл болуы;

– оқу-тәрбие процесіндегі субъектілердің әрқайсысының өз міндеттері мен қызметтерін нақпа - нақ орындауы;

– оқытушының оқу-тәрбие процесінде пайда болып қалатын кикілжіндер мен шиеленістерді «асқындырмай» шеше алуы.

Педагогикалық процестегі қарым-қатынаста өзара түсіністік аса маңызды рөл атқарады. Психологияда тұлғалардың өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы перцепция деп аталады. Әр адам өз тұлғааралық перцепция механизмдері арқылы басқа адамдардың көмегімен ғана біле алады. Мұндай психологиялық механизмдерге проекциялау, идентификация, эмпатия, аттракция, рефлексия, децентрация, стереотипизация, каузальді атрибуция, ореол әсері жатады.

Осы, педагог пен білім алушы арасындағы өзара қатынас механизмдері төмендегіше түсіндіріледі:

– проекциялау – тұлғаның өз мотивтерін, күйзелістерін, сапаларын бейсаналықпен басқаларға телуі;

– децентрация – тұлғаның өз эгоцентрлік ұстанымынан қайтып, басқа адамның көзқарасын қабылдауға қабілетті болуы;

– идентификация – тұлғаның өзін бейсаналы түрде басқа адаммен теңестіруі немесе ойша өзін басқа адамның орнына қоя алуы;

– эмпатия – тұлғаның басқа адамның эмоциялық күйін ұғыну мен сол жағдайды бірге кешуге қабілеттілік;

– рефлекция – адамның жағдаятты, оқиғаны, әрекетті, құбылысты түсіну мен талдауы, өзінше бағалауы және қарым-қатынастағы серіктесі өзін қалай қабылдайтындығын аңғаруға қабілеттілігі;

– аттракция – басқа адамға деген тұрақты позитивті сезімнің болуы;

– стереотипизация – индивидтің басқа бір адам туралы ақпарат тапшылығында алғаш көргеннен-ақ пайда болып, тұрақтап қалатын психологиялық механизм; бұл – басқа адамның психологиялық қасиеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін оның физикалық тұрпатына, бет-әлпетінің бітісіне, ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік статусына, әлеумтеттік рөлдері мен рөлдік қызметіне, вербальді мінез-құлқына, жүріс-тұрысына байланысты бағалап, сол бағаға сәйкес, қабылдауы;

– ореол әсері (эффектісі) – стереотипизацияның бір формасы; индивид басқа адамды алғашқы әсері бойынша бағалайды; мұнда, адамның бет-әлпеті, дене бітімі келісті, сымбатты болуына байланысты оған жағымды мінез-құлық, жүріс-тұрыс; іс-әрекетті табысты орындау априори тән деп телу;

– каузальді атрибуция – тұлғаның жетістіктеріне өзін, ал сәтсіздіктерде басқаны, жағдайды себепкер деп санауы; басқа адамның мінез-құлқының, жүріс-тұрысының, сезімінің себептерін өзінше түсіндіруі.

Олай болса, тиімді педагогикалық процесс үшін тек ақпарат беру, яғни, коммуникация мен оқу-тәрбие процесіндегі өзара әрекеттестік – интеракция жеткілікті болмайды. Мұнда оқытушы мен студенттердің бір-бірін түсіне алуы, қабылдай алуы, яғни өзара қатынас перцепция, қарым-қатынастың өнімділігін, психологиялық мазмұнын анықтайды.

Сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынастың тиімділігін кері байланыс анықтайды. Өзара әркеттесудің нәтижесі туралы оқу-тәрбие субъектілерінің дер кезінде ақпарат ала алуы кері байланыс деп аталады.

Психологияда педагогикалық процесс субъектілерінің өзара әрекеттесуінің негізгі алты түрі бар:

– конструктивті – оқытушы мен студенттің білім меңгеруге бағытталуы;

– ұйымдастырушы – оқытушы мен студенттің оқу-тәрбие процесінде бірлескен іс - әрекетті ұйымластыруына бағытталуы;

– стимул-коммуникациялық – оқу-танымдық іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталуы;

– ақпараттық-оқытушы – оқу мазмұны бойынша берілетін ақпаратты барынша қорландыруға бағытталуы;

– эмоциялық түзетуші – оқытушы мен студенттің бір- біріне сенім артуына, өзара түсінісулеріне бағытталуы;

– бақылауыш- бағалаушы – меңгерілген білім деңгейіне қадағалау, өзіндік бағалау, өзіндік бақылау жұмыстарына бағытталуы;

Педагогикалық қарым-қатынастың оңтайлы, тиімді болуы педагогқа, оның педагогикалық құзіреттілігі мен психологиялық мәдениетіне байланысты болады. Педагогикалық қарым-қатынастың бастамашысы да активиаторы да оқытушы болып табылады. Себебі, сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы студенттермен өзара әрекеттестік пен өзара қатынасты педагог мақсат-бағдарлы түрде ұйымдастырып, басқарады.

Тиімді педагогикалық қарым-қатынас әрқашан тұлғаның оңды Мен- тұжырымдамасын дамытуға, студенттің өзіне, өзінің күшіне, өз әлеуметіне деген сенімділігін арттыруға бағытталады.

Осының дәлелі ретінде американдық психолог Р. Розенталь ұйымдастырған эксперимент нәтижесін келтіруге болады. Психолог мектеп оқушыларын әр түрлі зияттылық шкалалары бойынша диагностикалық зерттеуге қатыстырады. Одан кейін зерттеуге қатысқан балалардың жалпы тізімінен әрбір бесінші оқушыны тест нәтижелеріне қарамастан, кездейсоқтықпен таңдап алады. Мұғалімдерге осы таңдалған балалар зияттылықтың, қабілеттің жоғары деңгейлеріне көрсеткендігін және болашақта олар оқу әрекетінде әлдеқайда жоғары жетістіктерге жете алатындығын хабарлайды. Оқу жылының соңында осы балалармен тағы да тест жүргізіледі. Бұл эксперименттен бір таңданарлық жайт шығады: психолог кездейсоқ таңдаған және әлдеқайда қабілетті, зиятты деп жоғары бағалаған оқушылар басқалармен салыстырғанда жақсы оқитын, үлгерімі жоғары болған. Сонда, эксперимент нәтижесі 1) Мен - тұжырымдаманың әлеуметтік ортадан тәуелді болатындығын; 2) оқушылардың табыстылығы педагогикалық қарым - қатынас үдерісінің ерекшеліктеріне тәуелді болатындығын көрсетті.

Себебі, педагогтарға берілген бағдар бірнеше бағытта білім алушыға әсер етеді:

1.Педагогтар білім алушының қабілетті екендігіне сеніп, оның бұрын байқалмаған әлеуетін аңғара бастайды.

2.Қабілетін танып, ашқан соң, педагог білім алушыға жағымды болатындай вербальді түрде оң баға бере бастайды.

3.Мақтау, мадақтау білім алушының өзіне, өз күшіне деген оңды қатынасына себеп болады.

4.Білім алушының әлеуетіне сенген педагог оқыту процесінде де оны әлдеқайда қабілетті деп үміт артуы ықтимал. Педагог тарапынан байқалатын сенім білім алушымен қарым-қатынаста бірден аңғарылады. Осы құбылыс «Пигмалион эффектісі» деп аталады. Олай болса, «Пигмалион эффектісі» бір оқиғаны немесе құбылысты шын мәнінде «болған», «болады», деп иланғанда, оның сол сенімге сәйкес жүзеге асырылуын көрсетеді.

Оқытушы педагогикалық қарым-қатынас арқылы өзінің оқыту және тәрбиелеу үдерісіне жетекшілігі бойынша тікелей немесе жанама түрде қызметтік міндеттерін жүзеге асырады.

Оқытушы мен студенттің тұлғааралық өзара әрекеттестігінің мәселелері туралы сөз қозғасақ. В.Я.Ляудис оқытудағы қарым-қатынастың рөлін талдай келе, оқу-тәрбие жағдаятының құрылымындағы басты фактор оқытушының студенттермен өзара әрекеттесу жүйесі болатынына нұсқау жасайды. Автордың пікірінше, өзара әрекеттесуге негізделген бірлескен өнімді іс-әрекет қана оқыту мақсатына лайық болып табылады. Сондай - ақ, «бірлескен диалогтік-танымдық іс - әрекет» ұғымын психология ғылымына енгізген С.М. Жақыпов, диалогтың ойлау әрекетінің дамуындағы, жалпы, жоғары мектептегі оқыту процесін тиімді ұйымдастырудағы маңызын дәйектеп, тұжырымдайды [2] .

Педагогикалық қарым-қатынас оқытушының жеке-дара қасиеттеріне, оның оқу - тәрбие ісіндегі өз рөлін түсінуіне байланысты түрлі формада болады. Психологиялық - педагогикалық әдебиетте педагогикалық іс-әрекет мәнеріне (стиліне) байланысты оқытушының қарым-қатынас мәнері қарастырылады. Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігі көп жағдайда педагогикалық қарым-қатынастың, білім беру процесін басқарудың мәнерлік ерекшеліктеріне тәуелді болады.

Психологияда басқару мәнерлерін эксперименттік зерттеуді алғаш рет 1938 жылы неміс психологі К.Левин жүргізген. Оның зерттеу нәтижелерінің арқасында осы кезге дейін қолданылатын басқару мәнерлерінің жіктемесі жасалды. Ол негізгі үш түрлі мәнерден тұрады:

Өктем мәнер(Авторитарлық)

Демократиялық мәнер

Енжар мәнер(Либералдық)

Педагогикалық қарым-қатынас мәнері оқытушы мен студенттердің әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттестігінің жеке-дара типологиялық ерекшеліктері арқылы түсініледі. Пдагогикалық қарым-қатынас мәнері бойынша оқытушының коммуникациялық мүмкіндіктері мен қабілеті; оқытушының педагогикалық үдерісте өзара әрекеттестікті ұйымдастыра алуға икемділігі; оқытушы мен студенттердің өзара қатынасының күрделі сипаты; оқытушының шығармашыл жеке - даралығы танылады.

1. Өктем мәнер.

Өктем мәнердің көріністері:

– өктем мәнерді ұстанатын оқытушы өзі жұмыстың жалпы мақсатын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар, өзі тапсырманы орындау тәсілін ұсынады, кіммен кімнің бірлесіп жұмыс істейтіндігін тағайындайды т.б.

– оқытушы тапсырма мен оны орындау тәсілдерін сатылы түрде ұсынылады.

– білім беру үдерісіндегі оқытушының қатал болып, бақылауды күшейтуді ұстанады.

– оқытушы бұйыра сөйлеуге, тура ескертпелер жасауға бейім келеді.

– оқытушы студенттермен өктем қарым - қатынас жасауы арқылы ерекшеленеді.

Өктем мәнердің сипттамалары:

– судентердің оқу-кәсіби іс- әрекет мотивациясы төмендейді. Себебі, студент өзі орындайтын іс-әрекеттің түпкі мақсаты нені көздейтінін білмейді; әр сатыдағы қызметін өзі жоспарлай алмайды; келешекте қандай нәтижеге қол жеткізетіндігін білмейді.

– оқытушының іс-әрекетті әр саты бойынша қатаң қадағалауы студентттердің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сеніп, ескермейтіндігін көрсетеді.

– өктем мәнерді ұстанатын оқытушының ұстанымы бойынша «студенттердің жауапкершілігі төмен, сондықтан олармен барынша қатал болу керек».

– студенттердің кез келген бастамашылығын авторитар оқытушы қажетсіз өзбеттілік, басынғандық, бетімен кетушілік деп бағалайды.

– өктем оқытушы студенттік ұжымға бір өзі ғана жетекшілік жасап, болашақ мамандардың белсенділігін, әлеуеттерін шектейді.

– оқытушы студенттердің өз көзқарастарын білдіруге, сыни ескертулер жасауға, өздеріне қатысты оқу-кәсіби іс-әрекет мәселелерін өздерінің шешуіне мүмкіндік бере қоймайды.

– оқытушы студенттерге белгілі бір тәртіппен талаптар қойып, олардың орындалуын қатаң түрде бақылап, қадағалайды.

– білім беру үдерісіне қатысты мәселелердің шешімін оқытушы өз бағдарына байланысты өзі ғана қабылдайды.

2. Енжар мәнер.

Енжар мәнердің көріністері:

– оқытушы оқу-тәрбие үдерісіне белсенді араласпай, студенттерге білім беруде нежарлық танытады.

– енжар оқытушы студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетіне қатысты ешбір жауапкершілікті сезінбейді.

Енжар мәнердің сипаттамалары:

– оқытушының студенттер іс-әрекетіне барынша араласпай, білім беру үдерісіндегі жетекшіліктен бойын аулақ ұстау, оқшауалануға ұлмтылысы.

– оқытушының өз міндеттерін және әкімшіліктің ұсыныс-тапсырыстарын формальді түрде орындай салуы.

3. Демократиялық мәнер.

Демократиялық мәндердің көріністері:

– оқытушы ешқашан тұлғаны емес, орындалған іс - әрекетті бағалайды.

– студенттер оқу-кәсіби іс-әрекетке қатысты мәселелерді анықтап, шешуге өздері белсенді түрде араласады.

– оқытушы студенттердің өздеріне деген сенімдерінің нығайып, дамуына мүмкіндік жасайды.

– оқытушы барынша сенім білдіріп, студенттердің өзіндік бағалауына, бір-бірін бағалауына жағдай жасай алады.

– демократиялық мәнерді ұстанатын оқытушы студенттердің бастамашылығын құптайды; осыған байланысты оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі тұлғааралық қатынастарда үйлесімділік, ашықтық, сенім артушылық орнығады.

– оқытушы студенттер ұжымына арқаланады; болашақ мамандардың дербес түрде іс - әрекетті ұйымдастырып, жүзеге асыруына педагогикалық-психологиялық жағдай жасай алады.

Демократиялық мәнердің сипаттамалары;

– студенттердің оқу - кәсіби іс- әрекет мотивациясы дамиды.

– студенттердің өзара оңды қатынас жасаулары артып, жетіледі.

– оқытушының студенттер арасындағы ұстанымы: «бірдей дәрежедегі адамдар арасындағы - бірінщімін».

– демократ оқытушы кейбір студенттердің сыни ескертпелеріне байсалдылықпен қарап, белгілі бір дәрежедегі дөрекі қылықтары мен сөздеріне төзімділік таныта алады.

– оқытушы студенттердің жеке басындағы әлеуметтік - психологиялық мәселелерін түсініп, эмпатиялық қатынас орната алады.

– оқытушы студенттердің оқу - кәсіби іс - әрекетке қатысты таңдауларына мүмкіндік береді; мәселелердің шешімін бірігіп шешкенмен, бірақ, соңғы шешімді өзі тұжырымдайды.

Бұдан да басқа түрлі психологиялық негіздеріне байланысты жіктелген педагогикалық қарым - қатынас мәнерлері бар.

В.А.Кан - Калик педагогикалық қарым - қатынас мәнерлерін төмендегідей ажыратады:

1.Педагогтың жоғары кәсіби бағдарлары, жалпы педагогикалық іс-әрекетке қатынасы негізіндегі қарым - қатынас.

2.Достық ықыласқа негізделген қарым-қатынас. Бұл қарым-қатынасқа педагог тәлімгердің, бірлескен оқу әрекетіне қатысушы рөлін атқарады.

3.Дистанцияны сақтау қарым-қатынасы. Мұнда тәжірибесі, жас шамасы, мәртебесі бойынша педагогтың басым рөлі кәсіби іс-әрекетке бейнеленеді. Бұл тәжірибеде ең көп тараған педагогикалық қарым- қатынастың типі болып табылады.

4.Қорқытумен, үрейлендірумен ерекшеленетін қарым-қатынас. Бұл жағымсыз, педагогикалық дәрменсіздікті көрсететін қарым-қатынастың формасы болып табылады.

5.Жарамсақтық көрінетін қарым-қатынас. Бұл арзан мәртебеге, сырт көзге жақсы көрінуге тырысатын педагогтың қарым - қатынасы.

Көбінесе, педагогикалық тәжірибеде бірнеше мәнерлер үйлесімі байқалады. Алайда, олардың арасында бірі басым болады[3].

Н.В.Клюева педагогтың қарым-қатынаста табысты болуын анықтайтын алғышарттардың бірқатарын тағайындаған:

1.Физиологиялық алғышарттар – артикуляция мүшелерінің қалыпты даму деңгейі; жалпы соматикалық жағдай және денсаулық; жасанды және мәжбүрлі моторикалық қалыпта болмау; қозғалыстағы, ым -ишарадағы ептілік.

2. Психологиялық алғышарттар – ерік-күш сапалары; зияткерлік; темперамент; қабілеттердің жалпы құрылымы; рухани және т.б.

3.Әлеуметтік-психологиялық алғышарттар – педагогтың қарым-қатынас мотивациясы; кәсіби бағыттылығы; білім алушылардың арасындағы және педагогикалық ұжымдағы статусы мен мәртебесі; әлеуметтік және кәсіби тәжірибесі; педагогикалық қарым -қатынас жасау техникасы.

Қазіргі білім беру жүйесі болашақ мамандары кәсіби дайындаудың басты міндеттерінің бірі ретінде оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестігін оңтайландыру мәселесін қояды. Дегенмен, оқуға қатысты өзара әрекеттестіктің түп негізінде «қақтығыстық» астар болады деп көрсеткен болатын А.Р. Фонарев.

Осыған орай педагог пен білім алушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің қиыншылықтарына қатысты зерттеулер В. А. Лаунская, В. И. Шаховский және т.б. еңбектерінде қарастырылған болатын.

Оқытушы мен студенттердің арасында оңтайлы педагогикалық қарым – қатынас орнатуға зиянды әсерін тигізетін екі жақты кедергілер (оқытушы тарапынан да, студент тарапынан да) бар.

Педагогикалық қарым-қатынастағы кедергілер оқу-тәрбие процесінің субъектілері арасында оқу ақпаратын дәлме-дәл меңгеру, өзара тиімді әрекеттесу мен өзара түсінісу бойынша психологиялық қиыншылықтарынан пайда болады.

Ал, бұл кедергілердің психологиялық мазмұны оларды үшке бөліп, топтастыруға мүмкіндік береді:

1) Тұлғалық кедергілер;
2) Әлеуметтік – психологиялық кедергілер;
3) Физикалық кедергілер.

Жоғары мектептегі педагогикалық қарым-қатынастағы кедергілерді нақтылап, олардың бес тобын көрсетуге болады:

• педагог студенттердің жекедара ерекшеліктерімен санаспайды, оларды түсінбейді және өзара түсінісуге тырыспайды;

• студент оқытушыны түсіне алмайды, сондықтан, оны өзінің ұстазы, тәлімгері ретінде қабылдамайды;

• оқытушының іс-әрекеті студенттің мінез-құлқының, жүріс-тұрысының себептеріне және мотивтеріне, жағдайға сәйкес келмейді;

• оқытушы тәкаппарлық танытып, студенттің намысына тиеді, оның абыройын ойламайды;

• студент оқытушының тіпті бүкіл ұжымның талап-тілектерін қасақана елемей, егеске түседі.

Осындай кедергілердің салдары ретінде қазіргі кезде психологиялық- педагогикалық әдебиетте дидактогения құбылысы жиі қарастырылады. Дидактогения – мұғалімнің оқытушының педагогикалық әдепті және психологиялық мәдениетті ұстана алмай, керісінше, бұзып, бұрмалауының нәтиесінде білім алушының психикалық жағымсыз күй кешуі. Білім алушылардың мұндай психикалық жағымсыз күйі фрустрация, үрей, жабырқау көңіл-күй сияқты көптеген формада көрінеді. Басқаша айтқанда, дидактогенияның пайда болуына педагогтың қарым-қатынастағы дөрекілігінен, агрессиясынан, тіпті, енжарлығынан білім алушының психикалық жарақат алуы, яғни жанының жарауы себеп болады. Педагог кінәсінен болатын дидактогения көп жағдайда психотерапиялық әдістермен емдеуді қажет ететін күрделі жүйке ауруларына ұшыратады.

Олай болса, педагогикалық қарым-қатынаста психогигиена қатаң сақталынуы керек. Дидактогендік құбылысқа жол бермеу үшін педагогикалық қарым-қатынаста В. И. Журавлев педагогтың барынша әдеп сақтауы, білім алушылардың жеке-дара және психологиялық ерекшеліктерін қатаң ескеруді басты қағида ретінде ұсынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. - 492б
2. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология.- Ростов на Дону., 2003.-544с.
3. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі, Оқу құралы, -Алматы: «Бастау», 2018, 304б.

ӘОЖ 930.1

БОПАЙ ХАНЫМ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ

Бергенов Б., Қарашаев Д.,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бопай батима ханым Әбілқайыр ханның сүйікті жары, зерек зердесімен, қайраткерлік, мәмілегерлік қадір-қасиеттерімен абырой — беделі Алты Алаштан әрі асып, орыс билеушілерін, патша сарайы қызметкерлерін, ғалымдарын, тіпті, мұхит асып келген саяхатшылардың да айрықша назарын аударған Бопай ханым бейнесі зымыран ғасырлардың аумалы-төкпелі қилы кезеңдерінен кейін ұрпақ санасында қазақ халқының тарихи тұлғасы ретінде танылады.

Түйінді сөздер: Адай Табынай, саясаткер, қайраткер, дипломат, Сүйіндік батыр.

Бопай Ханым - (шамамен 1690 — 31 мамыр 1780, Батыс Қазақстан облысы Елек өзені бойы) — Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан асқан сұлу, өте ақылды, ержүрек қайраткер, аузы /сөзі/ дуалы мәмілегер.

Заманында аузын айға білеген қарқарадай ханның сүйікті жары болуымен ғана емес, зерек зердесімен, қайраткерлік, мәмілегерлік қадір-қасиеттерімен абырой — беделі Алты Алаштан әрі асып, орыс билеушілерін, патша сарайы қызметкерлерін, ғалымдарын, тіпті, мұхит асып келген саяхатшылардың да айрықша назарын аударған Бопай ханым бейнесі зымыран ғасырлардың аумалы-төкпелі қилы кезеңдерінен кейін ұрпақ санасында көмескіленіп, ұмытыла бастайды деп кім ойлаған….

Бопай ханымның шыққан тегіне назар аударайық. Ә. Атшыбаевтың «Кіші жүз шежіресінде» (Алматы, 1966жыл) Адай Табынай батырдың қызы делінсе, қайсыбір авторлар Еділ қалмақтарына қарсы жорықтарда қолбасшылығымен танылған Сүйіндік батырдың қызы дейді.

Ол қай Сүйіндік? Адайдың Қосай атасынан тарайтын, лақап аты Жаманадай болған Сүйіндік пе, әлде, Тобыш атадан тарайтын Табынай руының Сүйіндік батырының қызы ма? Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы «Елең-алаң» романында Қосай Сүйіндік батырдың қызы деп жазады. Роман көп жаухарларымыз ашылмай жатқан Кеңес Өкіметі тұсында, алғаш рет 1984 жылы жарық көргенін назарда ұстаған жөн. Тәуелсіздік жылдары тарихи құжаттар мен шежірелер көптеп табылып жатыр. Әбіш ағамыз да апамыз Табынай Сүйіндіктің қызы екендігін айтып жүр. Сонымен қатар, көнекөз қариялардан алынған әңгімелерде Қосай Сүйіндік Бопайдың сіңлісі Қанайға үйленген, Әбілхайырмен бажа болғандығы айтылады. Әбілхайыр мен оның заманын көп зерттеген ғалым С. Өтениязов Бопай – Адай қызы деген тұжырымнан айнымайды. Ал тарихшы ғалым, Әбілхайыр мен қазақ-орыс қатынастарын көп зерттеген Қ. Есламғалиұлы төре тұғымынан деп жазған [1].

Бұл деректер бойынша Бопай апамыздың тегі Маңғыстау жырауларының ақпа-төкпе тілімен айтқанда, «әруағы бұлттай торланған» Адай қызы екенін айнақатесіз айғақтайды.

Шын есімі Бәтима болған апамызды орыс жазбаларында неліктен Попай, (кейбір жазбаларда Пупай) деп аталғандығы туралы әзірше қолымызда нақтылы деректер жоқ. Халқымыздың ұл-қыздарына сәби кезінен еркелетіп жанама есім беретін үрдістері күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Тарихшылар зерттеулерінде анық дәлелденгені - Әбілхайырдың Бопайдан өрбіген ұл перзенттері бесеу — Нұралы (1710/11-1790), Ералы, Айшуақ, Қожахмет, Әділ. Әбілхайыр хан дүниеден өткеннен кейін Елизавета патшайымның жарлығымен Нұралы Кіші орданың хан тағына отырады. Оның хандық дәуірі 1748 – 1786 жылдар аралығы. Ералы – (1720 – 1794) 1791 – 1794 жылдары, Айшуақ – (1723 – 1810) 1797 – 1805 жылдары Кіші жүз хандары болған. Құпия кеңесші дәрежесі бар және Орынбор губернаторы И. И. Неплюев 1748 жылғы хабарламаларының бірінде «Кіші ордада Әбілхайыр ханның 5 ұлы бар, ал, Орта Ордада Барақ, Абылай туысы бар»деп

көрсеткен. Назар аударарлық жағдай сол, Әбілхайырдың, қалмақ, башқұрт әйелдерінің есімдері аталмайды. Демек, Хан шаңырағындағы бәйбіше Бопайдың абырой-беделі де, ықпалы да, танымалдылығы да басқа әйелдерден жоғары болды деген сөз. Бопайдан туған Ералының ұлы Қасымхан қызының атын жақсы ырыммен Бопай (Кенесарының апасы) қойғандығын да еске ала кетейік.

Бір жағдайға ерекше мән беру керек. Нұралы хан тағына тағайындалар кезеңде Бопай ханымның сұңғыла саясаткерлігі, қайраткерлігі, дипломатиялық өнері айрықша көзге түседі. Себебі, Әбілхайырдың түпкілікті мақсаты — Жайық казактарының, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының қазақ жеріне ентелей енуіне жол бермей, жоңғарларды түпкілікті талқандап, ел тыныштығын орнату екендігін терең сезінген ханым Ресей империясының құрамына енбей, мұндай аса күрделі проблемаларды шешу мүмкін еместігін жақсы білетіндігі оның орыс патшайымы Анна Иоановнаға (22.11.1731 ж.), Елизавета Петровнаға (05.10.1748 ж.) жолдаған хаттарында анық байқалады.

Әбілхайыр хан өмір сүрген он сегізінші ғасырдың алғашқы жартысында қазақ-орыс қатынастары туралы қазақ әдебиетінің алтын қорына енетін өшпес мұралар қалдырған халық жазушысының тарихи тақырыпқа арналған шығармаларында Бопай Ханымның ел билігі ісінде Әбілхайыр ханға ақылшы, кеңесші болған бейнесін айнақатесіз айшықтап көркем бейнелеген тұстары көптеп кездеседі.

Ханымның көз тартар көркі 1736 жылы Хан Ордасында болып қайтқан ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің де ерекше назарын аударған. Қазір біздің қолымызда «Тұманды Альбион» елі суретшісінің Бопай ханымды ұлы Әділмен бейнелеген нұсқасы ғана бар [2].

Шын мәніндегі халық жанашыры болған, ел, жер тұтастығы үшін күреске бүкіл саналы ғұмырын арнаған, қайраткерлік, саясаткерлік, дипломатиялық қадір-қасиеттері арада екі жарым ғасыр өтсе де, әлі күнге толық зерттеліп, зерделене қоймаған Бопай Ханым жоғарыда аталған тарихи тұлғалардың арасынан ойып тұрып орын алуға әбден лайықты. Әзірге Жаңа Өзен-Түрікменстан темір жолының бір бекетін «Бопай» деп атаған, Бейнеу ауданының орталығындағы бір көшеге есімін берген маңғыстаулық ағайынның риясыз ықыласына риза боламыз. Бұлар, Бопай ханымды мәңгілік есте қалдыру, ұлықтау жұмыстарының бастауы болар деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, ISBN 5-89800-123-9, II том.
2. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997;

ӘОЖ 94 (574) (045)

ДЖОН КЭСТЛДЫҢ ҚАЗАҚ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДАМУЫНДА РӨЛІ

Текисбаев К., студент.
Ғылыми жетекші: Демеев А.Д., Бекешов С.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада ағылшын суретшісі, географ-топограф, саяхатшы, саясаткер Джон Кэстлдың 1736 жылы екі апталық сапармен Әбілхайыр ханға келіп, орыс үкіметі атынан келіссөздер жүргізгендігі, оның хан баласы Ералы сұлтанмен таныс болуы, өңірде география ғылмының бастау алуына сүбелі үлесін қоса отырып, оларға бай географиялық сипаттама бергендігі, сондай-ақ башқұрт-қазақ-жоңғар қарым-қатынастары жөнінде баяндалады.

Түйінді сөздер: Джон Кэстль, Әбілхайыр хан, Ералы сұлтан, суретші, географ, саяхатшы, Кіші жүз, Орынбор.

Джон Кэстль (XVIII ғ.) - ағылшын суретшісі, 1734-1736 жж. И.К. Кирилловтың Орынбор экспедициясында суретші-топограф, сонымен қатар үш орыс оқушысын бояулы өнерге үйрету міндетін атқарды. Бұл туралы құжаттар Ресей империясы Ғылымдар академиясының мұрағатында сақталған. 1735 жылы Орынбор (Орск) бекінісін салуға қатысқан.

Өлкенің агат, жасыл яшма, изумруд, пирит және т.б. тастар жинағын жинақтап, ретке келтірумен айналысады. Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, И. Кириллов Кэстльді бұдан ары Үндістанға Ресей елшісі етіп жіберуді жоспарлаған болатын. Алайда П.И. Рычковтың ұсынған жалақысы (жылына 800 рубль) оған ұнай қоймады [1].

1736 жылы екі апталық сапармен Әбілхайыр ханға келіп, орыс үкіметі атынан келіссөздер жүргізеді. Бұл сапар башқұрт көтерілісінен туындаған қақтығыс кезінде іс жүзінде зерттелмеген аумаққа жасалған еді.

1737 жылдың 16-шы қазанында келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін Кэстль қызметінен босатылды, бірақ экспедиция жаңа жетекшісі Василий Татищев онымен жаңа келісімшарт жасасады. Кейін 1739 жылдың 28 маусымында ол құрметпен жұмыстан босатылған [2]. Осылайша географ, саяхатшы, суретші, саясаткер Джон Кэстль 1737 жылға дейін орыс қызметінде болды.

Аталған жылдары Әбілхайырдың ұлы Ералымен Орынбордан қазақтың Кіші жүзінің штабына сапар шегеді. Өйткені ол орыс әкімшілігінде аманатта жүрген Әбілқайырдың баласы Ералы сұлтанмен таныс болатын. Содан кейін Орынбордан Кіші жүз жеріне, Әбілқайыр хан ордасына көшіп барған. Өзінің тілмәші Дитрих Люторос және А.И.Тевкелевтің қызметкері Құлбаймен бірге 1736 жылдың маусымынан шілде айына дейін Арал теңізі, Жайық өзені төңірегін зерттеп, Самара мен Симбирск қалаларында болған. Өңірде география ғылмының бастау алуына сүбелі үлесін қоса отырып, оларға бай географиялық сипаттама береді. Сондай-ақ башқұрт-қазақ-жоңғар қарым-қатынастары жөнінде де айтылады. Еңбек 18 ғасырдың ортасындағы қазақ халқының әдет ғұрпы мен билік жүйесі, табиғат байлығы жайлы мағлұматтар қалдырып, ел тарихын тереңдете пайымдауға мүмкіндік берді [3].

Осы тұста Джон Кэстлдің «Орынбор, 1734. Татар ордасының қырғыз-қайсақ ханы Әбілгейрге саяхатына арналған күнделігі» жарық көрді. «Күнделікте»: негізінен Әбілхайыр ханға, оның жұбайы Бопайға, ханның ұлы Ералыға, әйгілі батыр Күдеріге сипаттама берілді, қазақ көшпенділері, олардың орналасу ерекшеліктері, тұрмысы және тағы басқалар егжей-тегжейлі зерттейді, суреттерін салады.

Джон Кэстль өзінің Күнделіктегі жазбаларында Ресей империясы мен Кіші жүз арасындағы саяси қарым-қатынастар туралы, Қазақстанның географиясы мен этнографиясы туралы, экспедицияның ресейлік және шетелдік мүшелерінің арасындағы қиындықтар туралы кең ақпарат береді. Ол сондай-ақ Қазақстандағы алғашқы графикалық суретшілердің бірі болды. Оның күнделіктерінде «Әбілқайр ханның портреті», «Кэстль ханның аудиенциясында», «Қазақтардың сәлемдесуі», «Қазақ отбасының көші-қоны» суреттері жарық көрді [4].

Қазіргі заманғы қазақстандық тарихшылардың айтуынша, Джон Кэстлдің мұражайлардағы «Башқұрт» және «Жас Башқұрт» деп аталатын суреттері сөздің шын мәнінде Кіші жүзі ханы Әбілқайыр мен оның ұлы Ералының өмірі тұсындағы портреттері болып табылады [5].

1741 жылы Кэстль аталған күнделікті әр түрлі материалдармен толықтырып, императорға жолданған хатпен бірге Ресей үкіметіне жібереді.

1741 жылдан соңғы тағдыры туралы мәліметтер толық кездесе бермейді.

Тарих ғылымының докторы, Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры Әбдіуақап Қараның мәліметі бойынша ағылшын шеше мен неміс әкеден туған саяхатшы және суретші Джон Кэстль осылайша 1736 жылы 14 маусым мен 13 тамыз арасында үш ай бойы жалғасқан сапарының алғашқы 20 күні қазақтар арасында өтті. Ол осы сапары барысында көрген білгендерін естелік ретінде жазды. Кей кейде суреттер де салды. Оны кейін Ресей патшалығына мәлімдеме репорт ретін ұсынды. Оның бұл жазғандары кейін атап айтқанда 1784 жылы Рига қаласында естеліктерін неміс тілінде «Ұлы Император Петр қайтыс болғаннан бері Ресей

тарихына қатысты материалдар» (Materialen zu der Russischen Geschichte seit dem Tode Kaisers Peters der Grossen, Zwieter Theil) деген атпен кітап болып жарияланды.

Бұл еңбектен кейбір үзінділер қазақшаға аударылып 1970 жылдардан бастап кітап және газеттерде орын алған. Сонымен қатар оның немісшеден орысшаға аудармасы да Вольфганг Штаркенберг тарапынан жасалып «Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды» деген атпен басылып шыққан. Кэстлдың еңбегінің Әбілхайыр Хан мен қазақтарға қатысты бөлегін Оксфорд университетінің жанындағы шығыс тану институнының ғылыми қызметкері Беатрис Тесье неміс тілінен ағылшын тіліне аударып ғылыми түсініктемесін беріп «Қазақ даласына таман Жон Кэстлдың Әбілхайыр Ханға Миссиясы (1736)» (Into The Kazakh Steppe John Castle's Mission to Khan Abulkhayir (1736) Edited by Beatrice Teissier) деген атпен 2014 жылы Оксфордта жарыққа шығарды.

Біз бұл мақалада Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты осы кітаптың мазмұнына және қазақтарға қатысты суреттерге тоқталмақпыз. Естеліктерінде Кэстль Орынбор экспедициясының мүшесі ретінде көрген білгендерін әңгімелеуде. Екі томдық кітаптын әжептеуір бөлегі болса Қазақстанның этнографиясы, география және табиғи ресурстары сондай-ақ қазақтардың өмір тіршіліктері туралы мәліметтерге орын берілген. Әсіресе оның Әбілхайыр Хан және хан ордасы туралы сызған суреттері өте құнды. Бұл естеліктер сонымен қатар орыс емес бір шетелдіктің қаламынан туындауымен де ерекше мәнге ие. Кітапта суретші Кэстлдың салған 12 суретке де орын берілген. Еңбек үш бөлімнен тұрады. Күнделік, автордың түсініктемелері және соңында кітапдағы адам, жер, су аттары туралы неміс тілінде сөздік. Біз баяндамамызда Кэстлдың қазақ даласына сапары туралы әңгімелеп оның салған суреттерін таныстырмақпыз. Кэстль сапарынан тағы бір жоғары құнды аспектісі Әбілқайыр Хан және басқа да қазақтармен жақын байланыста болып сөйлесуі, бірге отырып дастарқанда дәмдес болуы тб. Оның күнделігінде дін, заң және басқа да қазақ салттары туралы құнды мәліметтер кездеседі. Осындай этнографиялық мәліметтер, кітаптың күнделіктен кейінгі арнайы бөлімінде Кэстлдың өзі де толықтырып жазады. Саяхатшы Әбілқайыр ханмен кездесу үшін Орынбор / Орск оңтүстік шығыс бағытымен жүріп, қайтарда сол бағытпен келе жатып Орал / Жайық пен Ылек өзендері арасында батысқа бұрылып Орынборға қайтады.

Кэстль күнделігінде қазақтар туралы ойларын еркін түрде жазған. Қазақтардың тағамдары, салт-саналары жайында кейде таңданыс, кейде мақтау, кейде келемеждеу кейде тіпті жиіркеніш сезімдерін жазудан тартынбаған. Кэстль күнделігін басқа саяхат кітаптарынан құнды ететін тағы бір ерекшілігі сызған суреттері. Хан ордасы, табиғат және портреттер бар. Кэстль күнделігінде бес адамның портретін сызғанын айтады. Олар Әбілқайыр Хан, Әбілқайыр Ханның Орынборда ол кезде Ресейдің қолында аманат тұтқында болған ұлы Ералы Сұлтан, Алдар деп аталатын өте танымал башқұрт соғыс көшбасшысы, оның қызы, бесінші қасында аудармашы болып жүрген татар Мұса. Бірақ кітапқа Ералы Сұлтанның портреті кірмеген. Өйткені оны хан ордасында қонақ болып отырғанда, Ералы Сұлтанның анасы Бопайға ұсынып қуантады. Кэстль бұл сапарды өзі ұйымдастырады. Негізі экспедицияның ресми мүшесі болмаған ол Орынборда аманат тұтқында отырған Ералы Сұлтанмен орнатқан достығын пайдаланып Әбілқайыр Ханға елшілік қызметін Ресей мемлекеттік кеңесшісі Иван Кириловтан сұрап алады. 1736 жылы шілде айында Әбілқайыр Ханның елшісі болып Жәнібек батыр және екі жасауыл Орынборға келіп Ресей патшасының өкілі подполковнигі Жақып Фоедровитке хат әкеледі. Кэстль оларды және бір жылдан бері таныс боп жүрген Ералы сұлтанды үйіне қонаққа шақырып сый-қошемет көрсетіп разы етеді. Сөйтіп Әбілқайыр Ханға баруға ұлықсат алады. Орыс тілін де, қазақ тілін де білмейтін Кэстль саяхатта өзіне көмекші және тілмаш етіп 14 жастағы Дитрих Лұфтұс, атты неміс оқушысы мен полковник Теффкелеффтің Құлбен деп аталатын татар қызметшісін ертіп алды. Кэстлдың немісше айтқанын біреу орысшаға, екіншісі қазақшаға аударып отырды. Саяхат тобында Жәнібек батыр, Шақби және олардын көмекшілері мен үш жас қазақ сәудегері болды. Бұлар 14 маусым күні кешке қарай жолға шықты.

Бес күндей жол жүріп шілде айынын 19-ы кешкісін Кэстль маңайында көптеген кигіз үйлер болған хан ордасына келді. Бірақ хан ордада жоқ екен. Ханға қонақ келгені туралы хабар беруге шабармандар жіберіледі және Кэстлға арнап ақ кигізден үй тігіледі. Хан ордасына алғашқы келген

Европалық болған Кэстлдың бөлек түр бейнесі мен киімдері қазақтардың назарын аударады. Сондықтан Кэстль өзіне арнап тігілген үйінде өзін көруге келген көптеген қазақты қабылдауға мәжбүр болады. Мұның себебін ол, «Адамдар менің тұлғамды және неміс киімімді таңырқады» - деп түсіндіре келіп ол -, «Олардың кейбіреулері менің дене бітімімді және киімдеріме таңырқап қарады, әсіресе аяғымдағы тар сымға және бадырайған үлкен көзіме қарап күлді. Кейбіреулер болса қасымда әкелген заттарды көруге, білуге, ұстауға құштар болды. Олардың қызығушылығы соншама, қолға ұстап көргеннен менің кейбір заттарым бүлінді. Енді басқалары менің бұтыма киген тар сымға, сағатқа, айылбас-түймелеріме ерекше қайран қалысты. Енді келген басқа біреулер болса басқа заттарымды қарап шықты. Ең қызығы олардың бірі менен сағаттың қандай бір мақұлық екенін сұрады. Мен оның тірі мақұлық емес, адам қолынан уақытты білу үшін жасалған бір зат екенін түсіндіруге тырыстым. Бірақ сендіре алмадым. Сағатым тұрған жерге тізелеп енкейіп қарады да, мұның ішінде сайтан бар екенін айтып қиратып жоғалтуды ұсынды» дейді.

Күнделігінде Кэстль бір бақсының тазарту және сәуегейлік рәсіміне куә болады. Бұл үшін Кэстлдің үйінің иесі еден ақ мата төседі, үстіне жанып тұрған тоғыз шамды орналастырды. Бақсы (мәтінде діни қызметкер немесе молда) қолында бір сыйқыр кітабы мен қамшысы бар еді. Оң жақтағы тоғада екі көзінен от жанып тұрған құзының бас сүйегі, сүйегінін төбесіндегі ойықта бір шыбық. Құзының қалған сүйектері де тоғада. Бақсы бұрын күйдірілген құзының сүйектеріне қарап сәуегейлік жасады. Кэстл қазақтың қойға бата істеу салтыны да баяндауда. Кэстль өзіне түсте қой сойылмас бұрын тірідей алдына әкелінгенін, сөйтіп қойдың денсаулығынын мықты екенін көрсетілгенін, содан кейін барып бата істелгенін айтады.

Хан саяхатынан оралғаннан кейін 21 маусым күні қабылдайтын болады. Алдымен оған орда қызметкерлері тарапынан Хан алдына қалай шығу керектігі үйретілді. Хан алдында тізе бүгіп, маңдайын жерге үш рет тигізу керектігі айтылды. Мұндай ханға тағзым ету ұнамағандықтан ұқпаған болғандай сыңай танытқанын айтқан Кэстль былай дейді: «Жарты сағат уақыт өткен соң, мені бір топ адам хан ордасының алдына екі қолтығымнан ұстап отырып апарды. Хан ордасына 10 қадам жақындағанда бір минут тоқтауым сұралды. Соңсон жасауыл 6 қадам жүріп бір минут тоқтап тұруымды айтты. Одан соң жасауыл қайта келді, сонсоң барып хан ордасының есігінен кіргізіп жіберді».

Хан киіз үйдің есігінің оң жағында жолақ мақта киіп, қасында көптеген ақсақалдарымен бірге ағасы, бауыры Нияз Сұлтан мен екі ұлымен бірге отырған. Кіргеннен кейін бас киімін шығарып тізе бүгіп үш рет француз тәсілімен ханды және бүкіл отырғандарды сәлемдеді. Осыдан кейін бас киімін қайта киген Кэстлға отыруға ұлықсат етілді.

Хан Кэстлдың айтқандарына риза болады. Ризашылығын өз қолымен жылқы етінен асатумен көрсетті. Сонсон қымыз берді. Үш сағаттық отырыстан кейін хан кетуі үшін белгіні оң жақ ыйығына оң қолымен қағу арқылы көрсетті. Бұл сонымен бірге ханның құрмет белгісі еді. Кэстль қазақтардың дастарқанында ешқандай қасық, пышақ немесе шанышқы болмағанын айтады, қазақтардың майлы бес саусақпен жейтініне көрсетеді. Хан ордасында қонақ қабылдауды суретке салған. Суретте: тізе бүгіп арыз айтқан қазақтың қасында, төбесінде бір шымылдық ілулі. Бір ұлы қасында отыр. Кэстль мен екі жолдасы сол жағында. Киіз үйдің қалған ақсақалдар мен басқа да қазақтар толы. Бір кісі ортада қымыз құйып қызмет етеді. 22 маусым күні хан мен бірге аңға шығады. Ханның тоқалы Теберде болады. Бүркітпен аң аулады көріп Кэстль қайран қалғандығын айтады. Кэстль Хан ордасынан кетер алдында Әбілқайыр хан кешке жеке үйіне шақырды. Сонда Кэстль оның әйелдерін көрді. Оның хан ордасын сыйпаттауынша, киіз үйдің іші парсы кілемдерімен жақсы жабдықталған. Жерде отырған ханның екі жағында Бұқар барқыттан жастықтар болған. Оның жоғарысында қызыл, ақ және алтын үш түсті жібек шымылдық ілулі. Ханның сол жағында төрт бұрышты жібек шымылдық ішінде оның үш әйелі отырды. Оның бәйбішесі басында ою өрнектерімен бас киімі, алтын түсті гүлдермен әшекейленген қызыл жібек киімі болған. Өзге екі әйелі Бұқар барқыт киімі және ақ матадан бас киімі болған. Ханмен болған отырыс кезінде Кэстлдан Бәйбіше қанша әйелі мен баласы барын сұрайды. Әлі күнге үйленбегенін және баласы жоғын айтуы оларда үлкен таңданысқа себеп болғанын айтқан Кэстлдың атап өтуінше: «Бұған олардың сенуі де қиын еді. Өйткені олардың түсінігі бойынша, бір адамның бала-

шағасыз өмір сүруі әсте мүмкін емес еді. Мен оларға қарсы пікірді қызу жақтадым. Ақырында олар мені кедей адам ретінде көрді және Еуропалық қыздар өте сирек және қымбат болуы жөнінде қорытындыға келді. Сондай-ақ олар осы мәселе бойынша өздерін бақытты санады. Өйткені олар 20 - 30 бие қалың төлеп тәп тәуір қызды ала алатындықтарына Құдайға шүкіршілік етті. Негізі қазақтар арасында мұндай саудаласуларда қымыз сауатын бие аса құнды. Себебі, оларда ақша болмайды және ақшаның не екенін де түсінбейді». Кэстль осыдан кейін қайта жолға шығады. Сонда қазақтардың саяхат үрдістеріне көз жеткізіп кейбір анықтамалар жасайды. Оның айтуынша, қазақтар саяхат барысында өте қажетті жағайлар сыртында кез келген суды іше бермейді. Олар су орнына орыстың бұршағындай кіші және сүйектен қатты қып кептірілген қойдың сырын, яғни құртты қолданады. Олар жылқы терісінен жасалған қаптың ішіне қойылады. Сонсоң оған су құйып аттын үстінде шайқалып отырады. Сөйтіп ол шөлдің қандыратын және адамды қоректендіретін сусынға айналады. Оны ішпес бұрың бетіндегі ең дәмді саналған қаймақ-кілегейін алып ең құрметті адамға береді. «Осы жолаушылықта маған беріп тұрды», - деген ол сөзін былай деп жалгастырады -, «Және біреу қолымен қазақ салты бойынша аузыма құйып тұрды. Бірақ бұл мені ауру қылды. Өйткені ондағы қылшықтар мені жиіркендірді. Аузымнан жан жаққа шашырап ол көзімді ашытты, төмен төгіліп үстімді былғады». Қазақтардың жолдан адасқанда бал ашатынына да куә болған Кэстль жолды анықтау үшін қазақтар сиқырға жүгінетініне көрсетеді: «Екі қазақ жер қойылған тері көрпешенің үстіне бір-біріне қарап тізе бүгіп отырады. Әрбірінің қолында үшкір ұшы өздеріне қаратылған жебелер бар. Жебелердің қауырсынды артқы ұшы қарсы алдындағыға қаратылған. Ұштары да бір оқ секілді бірбіріне тиіп тұрды. Олар осыллайша жебелерді мықты ұстап отырғанда арапша баталар айтып жебенін қай жаққа түсетінін күтіп отырды. Егер, жебе оң жаққа түссе, біз оң жаққа қарай, сол жаққа түссе жол жаққа қарай саяхат ететін болдық».

Қазақтардың бірін-бірі алғаш көргенде қалай сәлемдесетітін де былай деп баяндауда: «Қазақ халқы кездескенде екі қолын ұстап төс қағыстырып сәлемдеседі. Сонда біреуі «Ассалаумағайлайкүм» десе, екіншісі «Уағалайкұмсалам» деп жауап қайырады. Ал әйелдер болса өздерінің жақын туысы болған ер адамдарға ізеттілікпен сол тізесін бүгеді де, оң тізесінің үстінде екі қолын қойып жоғарыдағы сөздерді айтады».

Қазақтардың діни сенім нанымдарына да тоқталған Кэстль «қазақтар өте ырымшыл бола отырып, құдіреті шексіз Құдайды құрметтейді. Күніне бес уақыт беті қолын жуып дәрет алып бастарын жауып тізе бүгіп намаз оқиды, мұсылманша ер балаларын сүндетке отырғызады. Оларда оқи алатын, жаза алатын молла өте аз. Олардың жазуы үнді сыясына батырып қамыспен оңнан солға қарай жазылады». дейді. Қазақтардың заңдары әдеттегі тұрақты жазбаша заңдарға ұқсамайды. Ахун немесе ең құрметті молла Құраннан алынған қаралған мәселеге қатысты заңдарды ақсақалдарға оқиды, бірақ ақырғы шешім ханға тасталады. Хан шешімі толық қып дереу орындалады. Олардың үкімдері оңай оспақ өлімге бұйырмайды, көбінде сойылға жығу жазасы болады. Адам қайтыс болған кезде, оны отбасы жуып кебіндейді, тау жақтағы зиратқа жерлеп үстіне мұсылман екені жөнінде тастан белгілер қояды. Молда және өлген адамның бүкіл отбасы мәйіт үшін ән (көріс) айтады. Жылқы сойып, етін кедейлерге садақа ретінде таратады. Олар да оның аруағына дұға етеді [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юрий Смирнов. Деятельность Оренбургской экспедиции под руководством И.К.Кирилова в _Заволжье // Наука и человек : электронный журнал. – 2011

2. Джон Кэстль. Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану киргиз-кайсацкой орды: перевод с немецкого Вольфганга Штаркенберга. - Алматы: Жибек жолы, 1998. - С. 83-84. - 152 с.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясы, 2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл

4. Гюльнара Нурпеисова. Казахстан на старинных полотнах // Казахстанская правда: газета. - 2006-03-03. Архивировано18 октября 2014 года

5. Бимендиев А.Ш. и др. Казахи. История и культура / Ускенбай К. - Алматы: АБДИ Компани, 2013. - С. 21–27. - 656 с.
6. Әбдіуақап Қара. Саяхатшы Джон Кэстлдың Әбілхайыр ордасына сапары (суреттер). 6 қаңтар 2016.

ӘОЖ 371.39

КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Егенисова А.Қ., Нұрова Қ.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада ЖОО білім беру сапасын жақсарту, жоғарылату мақсатында оқытудың заманауи технологияларымен әдістерін қолдану таралы сөз қозғалады. Оқытудың интерактивті әдісі:кейс-стади әдісін қолдану жолдары, кейстің түрлері мен кейс технологиясын қолдану кезеңдері баяндалады.

Түйінді сөздер: кейс-стади, әдіс, ситуация, үлгілеу, жүйелі талдау, мәселелі әдіс, ойша эксперимент, суреттеу әдісі, пікірталастар, ойын әдісі, кіріспе кейс , стратегиялық кейс, зерттеу кейсі, тренингтік кейс , кешенді (модулъдік) кейс, баяндау кейс

ЖОО білім беру сапасын жетілдіруде жеке тұлғаға бағытталып, студенттердің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда тиімді инновациялық технологияларды қолдану өте маңызды. Кез келген технологияны, оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін шеберлікпен меңгеру оқытудың дамытушылық және шығармашылық сипатын ашады. Енді, бүгінгі күндері білім беру жүйесінде кең қолданыла бастаған «кейс-стади» әдісіне тоқталайық.

Кейс-стади әдісі (ситуация арқылы оқыту әдісі) - шынайы экономикалық және әлеуметтік жағдайларды суреттеу үшін қолданылатын оқыту техникасы. Жағдай (кейс) деп - ұжымдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуін айтамыз. Мысалы, білім беру тарихы, ұйымның ұйымдастырылып құрылуы, оның дамуы, бизнестегі жетістіктері, т.б. Дәріс алушылар жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетуді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алуға көмек көрсетуді талап етеді.

Ең алғаш кейс-стади әдісі Гарвард университетінде 1924 жылы Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Содан бері бұл әдіс әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Кейс-стади амал-тәсілі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған. Копленд 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс-стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен.

Кейс-стади әдісі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгін де бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, мәдениеттану, медицина, педагогика , психология және т. б. салаларда жемісті қолданылуда. Қазір кейс-стади әдісін педагогикалық оқыту үрдісіне Л.Барис, В.А. Ясвин, М.В. Коротков, М.В. Кларин, А.И.Наумова, А.Қ.Құлмышева А.М.Зобина, В.А.Канн-Калик, Г.А.Полонский және т.б. енгізген болатын.

Кейінгі кезде кейс-стади әдісі бойынша мағлұматтар интернетте, менеджмент туралы әдебиеттерде және кәсіби білім беруде көп жарияланып жүр. Кейс әдісін оқытудың көп аспектілі, ең күрделі технологиясы немесе оны аналитикалық зерттеу технологиясы деп атайды. Өйткені бұл технология зерттеу процесі мен аналитикалық процедуралардан тұрады. Бұл әдіс топтық оқыту тәсілі болып табылады. Оның негізгі құраушыларына топтар мен шағын топтардағы жұмыс, өзіндік ақпаратпен алмасу жұмыстары жатқызылады.

Кейс-стади оқытудың кешенді құралы болып табылады. Оқытудың басқа технологияларына қарағанда, кейс әдісін күрделі жүйе ретінде қарастырып, оған танымдық әдістердің қарапайым түрлерін жатқызуға болады: үлгілеу, жүйелі талдау, мәселелі әдіс, ойша эксперимент, суреттеу әдісі, пікірталастар, ойын әдістері, т.б.

Оқытудың дәстүрлі технологияларына қарағанда, кейс-технология арқылы дәріс алушылардың шығармашылық қабілеттерін жемісті дамытуға болады: шағын топ құрамында қиын тапсырмаларды орындауға, кездейсоқ жағдайларға талдау жасауға, өз бетімен шешім қабылдаудың алгоритмін жасауға дағдылар қалыптастырады. Сондай-ақ, бұл әдіс техникалық ойлауды, қазіргі кездегі өндірістерде еркін сезінуге, кәсіби іс-әрекетіне табыстар әкелуге, бастамашылдық пен өзбеттілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Кейс әдісін қолдануда оқытушының технологиялық іс-әрекеті екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең - кейс (жағдайлар) жасақтауға және оны талдауға сұрақтар қарастыруға арналған шығармашылық жұмыс. Бұл аудиториядан тыс орындалады және оқытушының ғылыми-зерттеушілік, әдістемелік және құрастырушылық іс-әрекеттерін қамтиды.

Кейс технологиясының негізгі кезеңдері:

– жағдайларға курстың тарауын анықтау;
– мақсат және міндеттерді құрастыру;
– мәселелі жағдайды анықтап, оны нақтылау;
– қажетті ақпараттар іздестіру;
– жағдайды құрастыру және суреттеу.

Екінші кезең - оқытушының аудиториядағы іс-әрекетімен сипатталады.

– онда оқытушы кіріспе және қорытынды сөз дайындайды;
– микротоптар ұйымдастырып, пікірталасты бастайды;
– аудиторияда іскерлік атмосфера орнатады;
– жағдайды талдаудағы студенттердің қосқан үлесін бағалайды.

Аудиториядағы кейс әдісін қолданудың кезеңдері:

– кейске кіріспе (оқытушының негізгі сұрақтарды ашуы);
– жағдайдың талдануы (жекелей және шағын топтарда);
– презентация (кейстер бойынша шешімдер);
– жалпы пікірталас (презентациялар бойынша);
– қорытынды шығару (оқытушының қорытынды сөзі).

Бүгінгі күндері кейс әдісі болашақ мамандарды даярлауда ең тиімді әдіс болып табылады. Өйткені, бұл әдіс арқылы танымдық іс-әрекеттерді белсендендіруге; кез келген курс бойынша теориялық білім алуға, дәріс алушыларды тәжірибелік үйретуге, өз ойларын, ұсыныстарын, көзқарастарын еркін білдіруге тәрбиелеуге болады.

Кейсте болған немесе болуы мүмкін нақты ситуация сипатталады. Мұнда белгілі бір уақыт аралығында қабылданатын шешімдер мен фактілер қарастырылады. Ақпарат жеткіліксіз болса, мүшелер өздері ойлап табады немесе болжам арқылы толықтырады.

Топтар бір сабақ бойы тек бір тақырыпта (әр топтың өз тақырыбы болады) немесе барлық топтар кейстің бір бөлімі бойынша ғана жұмыс істеуі мүмкін. Соңғы жағдайда олар ең тиімді шешімді табу үшін бәсекелеседі.

Кейс арқылы оқыту әдісінің мақсаттары:

– кейс материалдары бойышша нақты шешімдер қабылдай білуге және оны шынайы өмірде пайдалана білуге дағдылануы тиіс;
– өзінің логикалық ойлау қабілетін дамытуы керек;

студент өзінің талдау нәтижелерін дәйекті түрде түсіндіріп, өз көзқарасын дәлелдей білуі тиіс;

– кейс мәселелеріне қатысты сұрақтардың ішінен маңыздысын таңдап алып, оларға толыққанды жауап іздеуі керек;
– өзінің мәліметтерге сандық талдау жасай алатынын және оны өз қажетіне қарай пайдалана алатынын көрсетуі қажет;
– «өте жақсы» деген баға алуға тырысушылар өз талдауларында ұсынылған ситуация шеңберінен тыс мәселелерді де ескеріп, біліктіліктерін көрсетуі керек

Қазіргі кезде кейстің мынадай түрлері кеңінен таралған:

– кіріспе кейс (ұсынылған проблема туралы мәлімет, ситуация, құбылыстар, берілген проблеманың қамтитын аумағы);

– стратегиялық кейс (проблема туралы ақпараттар анық болмаған жағдайда қалыптасқан жағдайға талдау жасау және кешенді проблемаларды шешу);

– зерттеу кейс (топтық немесе жеке жобалар);

– тренингтік кейс (техникалық. логикалық т.б. құралдарды пайдалана отырып, шешім қабылдау).

Кейстің формасы мен ішкі құрылымын ескере отырып, мынадай түрлерін көрсетуге болады:

– кешенді (модулъдік) кейс - 20 бетке жуық ақпарат, алғашқы дерек көзі, құжаттың үлгілері т.б. бар кейс.

– баяндау кейс - белгілі бір ситуация, құбылыс, проблема туралы фактілер, оны шешу жолдары, негізгі қорытындылар ұсынылатын кейс.

– іс-тәжірибелік тапсырмалары бар кейс - шынайы ситуация туралы шағын ақпарат беріледі де, оның негізінде тапсырмалар берілетін кейс.

– құрылымдық сұрақтары бар кейс - негізгі мәтіннен соң нақты сұрақтар тізімі бар кейс.

– құрылымдық сұрақтары жоқ кейс - мұндай кейсте негізгі мәтіннен кейін проблеманы шешу жолдары беріледі. Кейс сұрақтары білім беретін (алынған білім мен дағдыға байланысты) және проблемалық (студенттердің ойлау жүйесін, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытатын) болып бөлінеді.

Кейс-стади әдісінің басқа әдістермен салыстырғанда өзіндік артықшылықтарын атап өтуге болады:

– өзара пікірталастыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланады, ситуацияларды демонстрациялауға мүмкіндік береді.

– студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

– алынған ақпараттарды талдау, сараптау және білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастырады.

– топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнады;

– проблеманы өздігінен шешуге ұмтылды, шығармашылық жұмыстарды орындауға үйренді;

Нәтижесінде студенттердің төмендегідей дағдыларын дамытады:

1.Аналитикалық дағдылар. Оларға келесілерді жатқызуға болады: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, ақпараттарды маңыздылығына қарай айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, байқалмай қалған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б

2.Тәжірибелік дағдылар.Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3.Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз Кейспен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен төмендегілерді атап айтуға болады: пікірталасты жүргізу шеберлігі, ойын дәлелді жеткізе білу. Көрнекі құралдарды және басқа медиа материалдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа да нұсқа есеп дайындау.

5.Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында Кейсте нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: студенттің сыни көзқарасын қалыптастыру, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеут.б.

6.Өзіндік талдау. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді т.б.

Жақсы дайындалған кейс төмендегідей талаптарға сай болуы қажет:

– қойылған мақсатқа сай келуі;

– белгілі бір дәрежеде қиындық деңгейінің болуы;
– шындық өмірдің әр түрлі аспектілерінің бейнеленуі;
– пікірталасқа шақыруы.

Сонымен, кейс-стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде студенттер үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студент ситуацияға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гутников А.Б. и др. Живое право. Занимательная энциклопедия практического права: книга для преподавателя. Т.1. / СПб., 2000.
2. Марасанов Г.И. Методы моделирования и анализа ситуаций в социально-психологическом тренинге. Киров. 1995.
3. Павлючков Г.А. и др. Кейс-стади. Новая активная форме бизнес-образования: Учеб. пособие / Кемерово. 1997.
4. Егенисова А.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі:Оқу құралы, -Алматы: «Бастау», 2018, -352б.

ӘОЖ 82-131

Қ.ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫНЫҢ САТИРАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫ

Елмұратқызы Н., студент,
Ғылыми жетекші: Жеткізгенова.Ә.Т.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Көптеген күлдіргі әңгімелер өсіп келе жатқан жас буынды жат қылықтан сақтандырып, адал еңбек етуге, тапқырлыққа баулиды. Тосыннан тапқырлықпен айтылатын жүйелі сөздер таза ой жүйріктігін талап етеді. Кез келген адамның ойына асқан шапшаңдықпен келе қоймайтын, қисынын қиыстыра тапқырлықпен, дәлдікпен және айтылуы қажет тұста ауыздан шыққан күлдіргі әзіл әңгімелер ауыз әдебиетінің тамаша бір үлгісі қатарынан саналады. «Жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап» дегеннің кебін киген шабан айтушылардың осы тұста қапы қалатыны да бар. Себебі, ұтырлы ой мен ұтымды жауапты біріктіре беру де үлкен шығармашылық өнер.

Қазақтың шешендікке, тапқырлық, ділмарлыққа негізделген бай, әзіл күлдіргі әңгімелері көпшілік халық пен көнекөз шежірешілер аузында, ғалымдар қаламында, зерттеушілер назарында болып, ұзақ уақыттар бойы айтылып, жалғасып, жиналып, жарияланып келе жатқан халықтың рухани қазынасы.

Сатира мен юмордың айқын көрінісін беретін, мазмұны мен маңызы келіскен күлдіргі әзіл әңгімелер кезең таңдап, уақыт күттірместен ел арасына таратылып отырған.

Күлдіргі әзіл әңгімелердің сатиралық, юморлық образдар арқылы жазылып, жарыққа шығатыны белгілі. Әрине, бұл екі образдың ұқсастығы комизмге неізделгендігінде. Сондай-ақ, кейіпкерлерінің жағымсыз қасиеттерін сынап, мінін көрсету, қылықтарын әшкерелеп, күлкі етуді мақсат еткендіктен кейде юмор мен сатира шығарма ішінде тұтаса бірлесіп кететін тұстары да кездеседі. Дегенмен де юмордың көтерер жүгінің өзгешелігін ашып айтқан ғалым А.Мұсав: «Юморлық образ – күлкілі бейне. Көп жағдайда күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады. Қоғам тіршілігіндегі кедергі атаулының бәрін күлкімен түйреп, сын садағына алып отырады. Ондағы мақсат – алынған образды жерлеу емес, оны түзету.

Сатиралық образдың юморлық образдан өзгешелігі – онда автор өзі бейнелеп отырған адамына жаны ашымайды, оны өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, қайта мұндай мүскін

пенденің болмауын меңзейді. Ол ешуақыт ұнамды фактіге, қуанышты күлкіге негізделмейді. Ал юморлық обарзда автор өзі жазып отырған адамына іш тартатын, симпатиямен қарайтын болғандықтан ол оның жайсыз жағын ғана достық рәуіште іліп-шалып, әзіл-әжуа етіп түзетуді мақсат тұтады» [1,161] – деп, сатира мен юмордың әзіл әңгімелер жанрындағы арасалмағын ашып көрсеткен болатын.

Маңғыстау әдебиетіндегі сатира, юмор саласында Қыдырбай Тұрмағанбетов, Сержан Шәкірат, Көмек Ыбыраев, Ерекен Қорабаев, Әзірбайжан Қонарбаевтар үлгілі жанның антиподы – тоғышар, берекесіз, жалақор, дүниеқоңыз, қызғаншақ, іші тар, маскүнем тәрізді адами қасиетке жат жандардың образын жасауда шынайы шығармалар бере алған қаламгерлер қатарында деуімізге негіз боларлық тамаша туындылардың авторлары екендігі белгілі.

Сатирик ақын-журналист Әзірбайжан Қонарбаевтың сықақ әңгіме, өлеңдері мен әзіл-қалжыңдары топтастырылған «Түрлі-түрлі Тәнтанай» атты жинағындағы «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесінде күлкілі сюжеттен гөрі, қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жайттардың жекелеген дертті көрінісі басым. Демек, автор туындының өткірлігін, уыттылығын арттыру үшін күлкі шақыратын көңілді көріністерді емес, керісінше, кертартпа құбылыстарды сынай отырып, жоғары моральдық сапаларды нығайту бағытын ұстанған. Әңгіме кейіпкерлерінің диалогтері әшкерелеушілік экспрессиямен беріле отырып, мінездеме оқырман ойымен жасалады. Әрине, «Сатиралық тапқырлық көрсетуде фантазиялық шалықтау, ойдан шығару, ойдан қосу, шарттылық, әсірелеушілік орын ала береді» «Сатира негіздері» [2, 59] – деп, ғалым Т.Қожекеев көрсеткендей, автор аталмыш әңгімесінде екі кейіпкеріне барлық жағымсыз қасиетті үйіп-төгіп таңғаны, олардың жиынтық образ екендігі белгілі.

«Сатира мен юморға объекті біздің өмірімізде жеткілікті. Соларды тап басып, жұртты олардан бездіре, соған қарсы күреске көтере беру үшін нағыз сатира жасау керек.

Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып сілкілейді. Мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Сатираның юмордан өзгешелігі – мұнда қаламгердің өзі сықақпен сілейте сынап отырған адамына жаны ашымайды. Оның кейпін түзеу, өзін өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, керісінше автор мұндай жексұрындық өмірде болмауы керек деген қатал үкімін шығарады; юморда түзету мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ ету мақсаты жатады. Әрине, сатирадағы күлкіде юмордағы күлкідей шындыққа негізделген шынайы күлкі, жасанды қылжақ емес табиғи күлкі болу шарт» [1, 52]

Сонымен «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесіндегі Тәнтәнай мен Ойнакүл мектеп бітіргелі отырған қыздары Мәмпәсиді қай оқуға түсіретіндігін талқыға салады.

« – Ымм, ымм... Дәрігерлік оқуға түсірсек қалай болар екен? Былай жалақысы да, әптәритеті де жаман емес...Тіпті ақылы түріне түсірсек, құдайға шүкір, дорбалаған долларымыз «қызыл диплом» алып бермей ме?» [3, 25]деп, оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған Тәнтәнайдың бар саралы ойы осы боп шығады.

Күйеуінің дәрігерлік оқу таңдағанына долданған Ойнакүлдің бар тапқан тұшымды жауабы: «Табысы тау қопарса да қаршадай жалғыз түйірімді ақсақ-тоқсақтың аяғын сипатып, соқырішекті қасаптатып, ылғи көксау, көк аурулардың ішінде жүргізгенше мен неге өле қалмаймын?!»[3, 26]. Ойнакүлдің осыншалықты өзіне күйінішті әңгімесінен оның психологиясы, өмірге деген көзқарасы, жалпы өзгелерге деген қарым-қатынасы бірден түсінікті болады. Әңгіменің басынан-ақ шайпау, тоғышар әйелдің образы ашылып сала береді. Оқырман осыдан-ақ Ойнакүлден тұшымды пікір мен парасатты ой күтпесі анық.

Автор Ойнакүлдің аузына қызына дәрігерлікті таңдаған күйеуіне мысқылдай « – Иә, жұмыртқа тауыққа ақыл үйретті тағы да!» деген интонациямен көтермелеген сөзді салуы да, ер-азаматтың отбасындағы орнын қадірлемейтін көргенсіздік көрініс арқылы әдеп аулынан алшақ жүрген адуын әйелдің сүйкімсіз образын оқырманына бірден таныстыра кетеді.

Ерлі-зайыптылардың өздерінше бала болашағын болжап, мамандығын таңдап беру кеңесінің ішінде ағылшын тілі пәніннің мұғалімі, әнші, геолог, ұшқыш, журналист ...мамандықтарының басы шалынады. Тәнтәнайдың осы мамандықтарға қатысты табысы көп, қып-

қызыл дүниеге көміліп, қап-қап ақшаның астында қалар айлалы тұстарын тізбелеген сөзіне қарсы Ойнакүл Мәмпәсиіне ауыр тиетін, қиын соғатын тұстарын санамалап шаптыға түседі.

Әке-шешенің ақырғы ойы «Пай-пай, шіркін, бастықтың оқуы болса... Оқуды бітірген бойда күрп етіп отыра кетіп, жұртты бір шыбықпен айдап отырса, ақшаның астында қалса...» [3, 27] деген Ойнакүлдің арманына тіреледі.

Қыздары Мәмпәсиге мамандық таңдап беруде пасық, жымысқы ойдың тізгінін тартпастан, айылын жимастан білек сыбана кіріскен екеудің сөзін бөліп, назарын аудартатын тұсты да автор жағымсыз картинамен береді.

«Нақ осы сәтте түпкі бөлмеден қарақұйрықтың лағындай ойнақши басып, жартылай жалаңаш Мәмпәси шықты. Ернін біресе жазып, біресе жымырып әкесі мен шешесіне еркелей күлді де:

– Әй, мені қай оқуға түсіретін болдыңдар? – деді

– Әңгіме қып жатырмыз, күнішім...

– Мен дискотекадан келгенше шешіп қойыңыздар. Едик күтіп тұр екен. «Платный» оқу жеңіл деседі ғой...

– Сонымен, Мәмпәсижанды қай оқуға түсіретін болдың енді?! – деп Тәнтәнай Ойнакүлге ойлана қарады.

– Айттым ғой әлгінде, бастықтың оқуы болса деп...

– Бастықтың?!. » [3, 27]

Әдетте, қыз баланың әдемілігін, әсем келбетін, тазалығын беретін «еліктің лағындай» деген теңеудің осы жерде «қарақұйрықтың лағындай» болып өзгеріп келуінде де мазаққа ұшырауға дайын кейіпкер бейнесі көрінеді. Мансап пен жайлы қызмет жолында қандай іс-әрекеттерден де бас тартпауға дайын отырған арсыз әке-шешенің тәрбиесін көрген қыздың болашағынан да көрініс беретін деталь оқырман көз алдына келеді. Оған қоса «жартылай жалаңаш» Мәмпәсидің үстіне киген киімі де аса мәнді емес. Оны елеп жатқан әке-шеше жоқ. Олардың тәрбиесінің басты принципі – ақшасы көп мамандықтың тұтқасына қол жеткізу.

Әңгімедегі сатира поэтикасы – Тәнтәнай мен Ойнакүлдің өмір қызығы мен қуанышын ақшамен өлшейтіндігі, ашкөздігі, тойымсыздығы, топастығы, дүнеқоңыздығы, мансапқа жету жолындағы әрекетінде адамгершіліктен жұрдай қасиеттердің қай-қайсысына дайындығы арқылы көрінеді. «Біздіңше, дүниеқұмарлық дегенің – дүние-мүлік, киім-кешек, әдемі заттар жолында ата-ана, іні-бауыр, апа-қарындас,жора-жолдас, достық, махаббат, рухани жан дүние – бәрін мансұқ ету. Яғни вещизм кісі қадірін білмеу, адамнан дүние құнын артық көру» [4, 142] деген пікірі Мәмпәсилері үшін өліп-тіріліп оқу іздеп, мамандық әлемін шарлап отырған әке-шешесіне бір ғана «Әй» деп мәдениетсіз, дөрекі тіл қатысының өзі ойымызды түйіндеуге негіз болмақ.

Демек, Мәмпәси ар-ұят,намыс, саналы білім туралы түсініктен жұрдай, келешекте ата-ана алдындағы перзенттік парызын өтеуді борыш санамайтындардың санатында тоғышар дүниенің жетегінде кететін жан.

Автордың «– Бастықтың?!.» деп әңгіме соңын лепті кейіп танытып, сұраулы қалыптен аяқтауы да Тәнтәнайдың ішкі жан-дүниесінде күдігі мен күмәнінің жоқ еместігін көрсетеді. Әйелінен ығысып, жағымпаздана ақшасы көп болатын мамандық таңдауы да, ол мамандықтардың жемқорлық жолмен ақша табу ретін санаған бейшара әкенің мүшкіл халін де аңғартып отырады. «Тәнтәнайдың шүңірек көздері лай судың тамшысындай бұлдыр ғана жылтырайды. Оң көзі көкке, сол көзі әйеліне қарайды. Бұл «нервничить» еткен түрі» [3, 25]. «Домаланған төрт бұрышты әйелі сыңси сөйлеп ықылық атты» [3, 25]. Ә.Қонарбаев осы сөйлемдерімен Тәнтәнай мен Ойнакүл бойындағы жағымсыз қасиеттерді оқырманға жиіркеніш сезімін оята отырып, кейіпкерлерінің кескін-келбет, бет-пішіннің де оншалықты оңып тұрмағанын көрсетуді ұмытпаған. Деформацияланған, карикатураланған екеудің сырт бейне жаратылысының өзі – автор назарынан тұтас шығарма бойынан ешнәрсе қалыс қалдырмағандығын, сатиралық проза поэтикасының кейіпкер портретін жасауда көркемдігін тұтас сақтағандығын көрсетеді. Тәнтәнай мен Ойнакүлдің образын беруге қысқа ғана портреттеуді шебер қолданған. «Оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған» Тәнтәнайдан жөні түзу ой, жібі түзу сөз шықпасы анық. Ал кейіпкерлерді тура

мінездеуді артық санаған автор одан әрі кейіпкерлерінің екеу ара диалогтары арқылы ащы мысқылмен оңбай түйреп отырған.

Маңғыстау әдебиетінде сатиралық-юморлық әңгімелерімен танылған қаламгерлеріміздің бірі – Ерекен Қорабаев.

Ерекен Қорабаев шығармашылығының өнікті саласының бірі –сатиралық-юморлық әңгімелері. Қаламгер бұл жанрда біршама ізденіп, сатирик ретінде де өзіндік қолтаңбасын жасап, стильдік-тілдік мәнерімен ерекшеленіп, айрықша үлгісін сақтай білген. Осы орайда жазушының сүбелі еңбектерінің қатарына «Маңғыстау әзілдері» деген атпен ел арасында ауыздан ауызға тарап, айтылып жүрген күлдіргі әзіл әңгімелерін жинақтаған екі кітабын жатқызуға болады. Аталмыш еңбекті саралай отырып, күлдіргі әзіл әңгімелерден ироиялық бояудың образ табиғатын ашуда, кейіпкер бойындағы моральдық-этикалық сапаларды көрсетудегі қаламгердің оқырман қабылдауына жеңіл, көпшілікке таныс көңіл-күй әлемін аша түскен шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Жылы юмор мен жеңіл әжуаға негізделген әңгімелерінің тілі мен баяндау мәнері анекдот стиліне келеді. Өзіндік ерекшелігі бар, қысқа да ұтымды сөзбен ұтырлы ой беретін жанрға қалам тартқан Е.Қорабаев өзінің айналасындағы таныс адамдар аузымен айтылған күлдіргі әзіл сөздерді әдеби қалыпқа түсірген.

Анекдот – көпшілікке ортақ түсінікті тілмен жазылған сатиралық-юморлық жанрдағы көркем туынды.

«Анекдот (грек. anekdotos — жарияланбаған) — қысқа, күлдіргі әңгіме, халықтың фольклор жанры. Басты ерекшеліктері — баяндаудың шындыққа жанасымдылығынан гөрі, тапқырлық танытып, әдейі әзілдеп айту шеберлігі. Анекдот көбінесе нақты адамдар туралы айтылады. Олар екі сипатты, екі ниетті болып келеді. Бір тобы қоғам мүшелерінің жағымды бейнесін, моральдық, психологиялық биік қасиеттерін паш ету мақсатымен шығарылады. Олар ақыл-парасатпен айтылады, күлдіре отырып, қоғамдағы теріс құбылыстар мен адам бойындағы жағымсыз қылықтарды әжуалап, әңгімеге көңілді сипат береді» [5].

Өзі туып-өскен аулынан әзіл-қалжыңдарды тікелей естіп, кейбір күлкі шақырар әрекеттерді көзі көріп, көркем туындыға арқау етер тақырыптардың мазмұнын қаймағы бұзылмаған қалпында таза сақтап, ұлттық уызын бойына мол сіңіріп, сатиралық шығармалар тудырған қаламгер әдебиет әзілқойларының өнегесінен де үйрене отырып, қаламын ұштағандығы О.Әубәкіров сынды сатира саңлағының үлгісімен қоса мен Б.Соқпақбаев сынды майталман жазушы кейіпкерлері қылықтарын өз шығармаларында салыстыру әдісі де ұшырасып отырады.

«Юморлық образды автор адамдардың іс-тіршілігіндегі, тәртібі мен мінезіндегі ұсақ-түйек міндерді игі ниеттен туған зілсіз күлкімен, көңілге қаяу салмас тіл, стильмен береді» [1, 162] деп юморға байланысты айтылған пікірлердің Е.Қорабаев шығармашылығына қатыстылығын аңғаруға болады. Мысалы, көпшілік арасында айтылып қалып, жеңіл де зілсіз күлдіріп көңілдерін ашатын, еріксіз езу тартқызбасқа қоймайтын әдемі сәттер қаламгер назарына іліккен:

«Қыдырбайдың ақындық, актерлік, әншілігімен қатар асабалық өнері бар болатын. Ауылда той болып соған шақырылыпты. Әзіл-қалжыңмен, әдемі сөздермен, әсем әнмен тойды құлпырта басқарып, елді аузына қаратып жүріпті. Ел ішінде не кездеспейді, бір жігіт тойға алдын ала қызып келіп, көп ұзамай құлап қалыпты. Сонда Қыдырбай: «Ерте көктеген гүл, ерте солады» - депті» [6, 161] әңгімесінен эстетикалық әсем әсер алуға да мүмкіндік бар. Бұндағы кейіпкер Қыдырбай Тұрмағанбетұлы әдеби-мәдени салада қызметтер атқарған, қағытпа қалжың, астарлы әзілдерімен жүрген жерін риясыз күлкімен кенелтіп жүретін жан болған. Бірақ тағдыры қысқа ғұмырлы болған Қ. Тұрмағанбетұлы небәрі 38 жасында өмірден өткен. 1984 жылы «Жалын» баспасынан тұңғыш сатиралық кітабы «Қалжыңдасуға қалайсыз?» жарық көрген. Кейін өмірден өткен соң қаламгер туралы естеліктер мен әдеби туындылары жинақталған «Көңіліңде жүрсем көбірек» және «Шанышқы» атты сын-сықақ кітаптары жарық көрген қаламы жүйрік сатирик.

Қ.Тұрмағанбетұлы қаламынан туындаған сатиралық тақырыпқа жазылған дүниелер оқырман жүрегінен жылы орын алып, тамаша тартуы бар, еріксіз езу тартқызар әдемі әзілдер болды.

Оның шығармалары «Балауса», «Маңғыстау ақындарының антологиясы», «Өнері өмірінің жалғасындай» жыр-жинақтарына енді. Сатиралық шымшымалары республиканың ойын-сауық театрларында қойылып жүр. Отыз шақты әннің авторы Қыдырбай Тұрмағанбетұлының әдемі, сазды туындылары тыңдарманын тұшындыра білген көркем дүниелерге айналды.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің арасында: «Ақтау қаласында оқу орны жоқ болғандықтан әне бір жылдары Маңғыстау балалары Атырау, Орал, Алматы асып кететін. Оралдың СХИ-ында оқитын Аман мен Қалдан қысқы семестрін аяқтап қысқа мерзімге елге келіпті. Туған жерге деген сағынышы кеудесіне симаған Аман Ақтауға қарап: - Шіркін, туған жерге келдік-ау! – депті. Жанында келе жатырған Қалдан. – Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер – дептімен» [6, 171] аяқталатын әзіліндегі Қалданның жай ғана ескерту түрінде айта салған «Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер» деуінің өзі жан сүйсінте жадырай күлдіретін тамаша тапқырлықпен тауып айтылған, қуанышты күлкі сыйлайтын сөз. Осы тұста Т.Қожакеевтің адамның жан-дүниесін, көңіл-күйін, белгілі бір болмыс-құбылысқа қатыстылығын аңғартатын күлкі түрлерін саралаған «Күлгенде шалды да шырайлы көрсететін, кісінің әрін кіргізетін қуаныш күлкісі қайшылықтан, үйлесімсіздіктен тумайды, комизмге негізделмейді. Ол – бірнәрседен ләззат алғандағы, риза болып, қанағат тапқандағы жан сезімнің дыбыс болып сыртқа тебісі, арман-аңсар, тілек-ниетіміздің орындалғанына масаттанғанымыздың, шаттанғанымыздың белгісі, сезімді селт еткізіп, жан жадырататын жақсылыққа адамның жағымды жауабы» [2, 51] деген пікіріне тоқтаған жөн. Ғалым бұдан өзге күлкіні келемеж, комизм, қулық, жандалбасалық, сорлы, қылжақ, ақымақ, жымысқы т.б. деп әрқайсысының атқарар жүгі мен анықтамасын санамалайды.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің көлемі шағын болып келеді. Әңгімелері ықшам формада, айтпақ ойын аз сөзбен-ақ қызықты ситуация арқылы әсерлі жеткізе біледі. Юморға аса қажет ықшамдылық, дәлелділік пен түсініктілік ұғымдарын шебер қолданған. Бұл орайда, қаламгер стиліне лаконизмді басты ұстаным еткендігі байқалады.

«Лаконизм (от греч. lakonismos — краткость) — сжатое, немногословное выражение мысли; экономное использование художественных средств при создании образа, характера, жизненной картины в произведении» [5]

Қорыта айтқанда, Маңғыстау әдебиетіндегі юморлық-сатиралық әңгімелер – ең бір құнарлы да көркем жанрдың қатарында саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: Жазушы, 2012, – 376 б.
2. Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
3. Қонарбаев Ә. Түрлі-Түрлі Тәнтәнай. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2009, – 352 б.
4.Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Монография. – Алматы: Жазушы, 1985. – 288 б.
5.Уикипедия материалдары.
6. Қорабаев Е. Маңғыстау әзілдері. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2016, – 264

ӘОЖ 821.512.122

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ

Бектұрған С. М., магистрант,
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада поэзия падишасы атанған Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынованың туған жерді жырлау ерекшелігі сөз болады. Ф.Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман

мәселесі, ақындық шеберлік сырлары туралы айтыла келе, туған жер, туған ел тақырыбын жырлауын образдар арқылы дәлелдейді. Фариза ақынның Маңғыстауды жырлауы – өзінше бір әлем.

Түйінді сөздер: Фариза Оңғарсынова, қазақ поэзиясы, туған жер тақырыбы, Маңғыстау тақырыбы, өлмес жырлар.

Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік үні мен орны бар тұғырлы дүние. Бүгінде Фаризаны білмейтін оқырман кемде-кем. Ақынның жазған жырлары сандуғаш болып сайрады. "Маңғыстау монологтары" ақынның отыз жасындағы қолтаңбасы. Содан бері "Мазасыз шақ", "Мен сенің жүрегіндемін", "Шілде", "Сенің махаббатың", "Дауа" сияқты кітаптары адам атты күрделі жаратылысты сан зерттейді. Олар не туралы? Махамбеттің мұңын сезгенде, қайратынан жыр жаныққанда өршіл сарынға ерік береді. Міне, Фариза ақынның халқына ұсынған өр мінезді жырлары осы еңбектері арқылы белгілі болды. Ақын әйелдер жанының құпиясын, арманын, махаббатын көп жазады. Ол сезім күйлерін шертуге, Әлия мен Мәншүктің тағдыры мен трагедиясына дастандар арнады. Ақын – өз заманының ар-ожданы. Ол болашақ үшін өмір сүреді. Әлденеден мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезінде, кешегі досының бүгін теріс айналғанын көргенде Фаризаның досы, сенері, мұңдасы, берер дәрі-дауасы - поэзия. Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл күйі дауылды сезім болып жырланады, тек жай жырлау емес, қазіргі замана талабының биік өрісіне лайықтап жырлау – Фариза туындыларының бір қыры.

Фаризаның беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік тақырыбынан басқа да саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді. Жыр әлеміне құлаш ұрған ақын жырлары өз оқырмандарын қуанта берері сөзсіз. Орыс, туысқан республикалар ақындарының, Чили ақыны П. Неруданың жырларын, кейбір драмалық шығармаларды қазақ тіліне аударған. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алумен ерекшеленеді.

Ф.Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану – алыптардан бастау алады. Көркем сөз зергерлері Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев өрбіткен баянды бағам – байлауды әдебиетші ғалымдарымыз М.Қаратаев, Ә.Шәріпов, С.Сейітов, З.Ахметов, Ә.Жәмішев, С.Қирабаев, Р.Нұрғалиев т.б жалғастырды. Ақынның өз тұстастарынан және қаламдас іні – сіңлілерінен К.Ахметова, Н.Оразалин, Ә.Кекілбаев, С.Ерубаев, У.Қалижанов, А.Егеубаев, Т.Шапай және басқалардың пікір-пайымдарының мәні зор болды. Өз кезінде осындай бағасын алған ақын Ф.Оңғарсынова лирикасы – қазақ әдебиеті майданындағы ұшан теңіз дүние. Ақынның сан – салалы лирикалық шығармаларында сыры ашылмаған қаншама дүние жатқаны баршаға аян. Ф.Оңғарсынованың әр тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, яғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әр адамды қызықтырары айдан анық. Күллі шығармашылық- өнерпаздық қабілет – талантымен әдебиет зерттеушілерінің назарын аударып, ойлы да сыншы, талғампаз оқырмандарының көңілінен шыққан Фариза ақындығынның арнайы да мақсатты, сондай-ақ міндетті зерттеу сөзіне айналып, обьекті өрісіне імуі – өмір талабының пәрменіне сай рухани қажеттілік.

Мен даланың қызы едім,
Жазығында жатпайтын көз ілер қара.
Жазира менің жанымның өзі де дара.
Асқар көрмеген мен шіркін биік дегенді
Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана [1, 78], -

деген шумақта қаламгердің шыққан, өскен ортасын дәл көрсететін поэтикалық деталь, әдемі образды сурет жатыр. Сондай-ақ , ақынның биік арманы анық көрінеді. Фаризаның беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік тақырыбынан басқа да саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі

арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді.

О, туған жер, кең пейіл құшағың кең, Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен. Сағынышымды қанат қып саған қарай Балапандай талпынып ұшамын мен, – немесе: Сені қалай сүю керектігін Мен ешқандай кітаптан оқымадым [1, 45], – деп, туған жерге деген өзінің сағынышын, ерекше сезімін жырғып шынайы суреттейді. Ал:

Далам менің – қазынам, жыр сандығым, Жыр нәрімен жер балқып, босанды құм. Сортан жердің тұзы бар тамырымда Ақшылтымдау сондықтан жусан жырым, – деген жолдардағы сезімі ерекше [2, 55].

Фаризаның өз сөзімен айтқанда, өнер де, өмірдің өзі сияқты, ылғи қуаныш пен шаттықтан тұрмайтыны белгілі. Сондықтан да болар, Фариза:

Менің жырым – Құштарлық қысқан кеудемнен Бұрқырап жатқан бір жалын... [2, 58], – дейді. Ағынан ақтарыла жырлау, ой-сезім тізгінін өлең жолында іріктей еркін ұстау – Фариза туындыларының өзекті қасиеті. Фариза Оңғарсынова есімін естігенде жыр сүйер қауымның бір еленДемей қалғаны болған емес. Поэзияға келумен оның көркемдік әлемінен ойып алудың арасы жер мен көктей. Мұның біріншісі – бірталай қаламгерлердің еншісі болғанмен, ал екіншісі – сирек те болса шынайы таланттардың заңды ырыс-несібесі, ақындық тағдыры сыйлайтын бәсіресе – бағы, өзіне тиесілі сыбағасы. Фариза ақынның поэзиялық-көркемдік әлеміне мейлінше ден қойғанынды, өте-мөте сүйетіндігінді бүгіп қалу еш мүмкін емес. Ф.Оңғарсынова – өмірге сергек қарайтын, жамандық атаулыны, оның ішінде адамдардың бойындағы салқындықтың, екіжүзділік, жігерсіздік сияқты болсандықты жан-жүрегімен жек көретін ақын.

«Жайлауға келгенде» деген өлеңде жайлауға сағынышпен келген, бірақ ауылда туып, қалада өскен, қала сәнімен киінген ақынның жан дүниесі жайлаудай шалқи жөнеледі:

Жоқ, менің жаным – қазақтың жаны кіршіксіз,
Бал қымыз қайда – әкелші, қалдық күнсіп біз.
Келдім ғой мұнда (қарама, жеңге,аңырып)
Тезекке піскен таба нан иісін сағынып...
Домбыра бар ма? Берейін әсем ән салып,
Қазақтың әнін тыңдайсыңдар ғой тамсанып...
«Қалада өстім, бәрі ерсі мұнда», - демейін,
Қол тимей жатса, сиыр да сауып берейін... [1, 109],

Ауылын аңсап келген, қалада жүргенде жүрегі «ауылым» деп соғатын әрбір қазақтың жүрек түкпіріндегі алып-ұшқан сезімді дөп басып көрсеткен. Сәні қалалық болғанмен, жаны далалық ақынның шынайы толғанысы бұл өлеңде әдемі өрілген. Атамекенге сағынып жеткенде ақын жаны әсем күймен күмбірлеп кеткендей күй кешеді:

Сағынып жеткен шағында,
Жаз жайлау – атамекенге.
Дала боп дарқан жаның да,
Жадырап қалады екен де...
Ән-күйің қымбат мұнда аса,
Күтпейді сізден сый бөтен,
(домбыра төрде тұрмаса.
Қазақтың үйі үй ме екен!) [2, 42]

Немесе,

Рахатқа шомылып,
Жусан исі жанымды қытықтаған,
Сол сезімді мен әрең мытып қалам.
Ақ боз үйдің іргесін түріп тастап,
Мен даланың жұпарын жұтып бағам [1, 56].

Осы бір-ақ шумақты оқи отырып, сіз де рақат бір әлемге енгендей күй кешіп, мұрныңызға жусан иісі келгендей болады. Даланың жұпар иісін құшырлана жұтқан лирикалық қаhарманмен

бізге сіз де сайын даланың саф ауасынан жадырап қалғаныңызды, бірге толғанып, бірге тебіренгеніңізді бір-ақ білесіз. Сізді осындай сезім құшағында әлдилеген ақын құдіретіне бас иесіз. Қарапайым жолдарға мол сыр ұялатып, оқырманын ғажайып сезім әлеміне жетелей жөнелтетін Ф.Оңғарсынованың лирикасындағы ұлттық бояу мына өлеңдерден де айшықталып, танылады: «Жаулықтар», «Түс», «Жайлау. Той», «Жерошақ», «Боздақ», «Ертегі елестері», «Туған ауыл», «Киіз үй», «Оюлар», «Ер тұрман», «Айналайын ауылдың адамдары-ай», «Тілеу», «Қазақтың дәстүрлері», «Қырдағы бәйге», «Жайлау таңы», «Қыз қуу», «Тағдыр», «Қыр қазағының қартайғандағы сөзі», «Арғымақтары қайда екен бұл даланың», «Жаралған деп жат үшін», т.б. Әрбір қаламгер әдеби шығармаларда (мейлі қай түрі болса да) көркем ойлаудың ажары ретінде, образдық-метафоралық жүйенің арқауы есебінде табиғат көркін ұтқырлықпен пайдаланады. Өйткені адам өз өмірінде толып жатқан күйлерді табиғаттан таба білгендіктен де, оны образға айналдырады. Көптеген ақындар ұлылықты, әдемілікті, табиғилықты сенен үйрену керек деп табиғатты ұлы ұстазға балауы, әрине, тегін емес. Көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымын да байқатады. Ақынның тағы да мына өлеңін алайық:

Жаңбырлы аспан түнеріп өңі мүлде,
Күн көрмеген секілді өмірінде.
Жапырағы сезімдей ұшқан қайың,
Қабырғасы әзір тұр сөгілуге.

Дала бозаң, қалғандай ұйып қаны,
Өзен, көл де, орман да – тұйық бәрі.
Шықпайтындай енді күн
Жер мен Аспан
Тұнжырайды салбырап иықтары.

Сарқылғандай бейуақыт ақында да ән,
Келмейтіндей іңкәрлік жат ұрлаған,
Мұңымыз бен күйіміз егіз үндей –
Осы кезгі табиғат жақын маған.

Енді осылай тұнжырап тұра ма алап,
Ашалмай ма
Көңіл мен мына қабақ?
Мүмкін емес мәңгілік бұлт қалуы,
Күн-мейірім аймалап шығар әлі-ақ [1, 118].

Міне, осы өлеңнен алдымен ақынның жан дуниесін көреміз. Өңі түнерген жаңбырлы аспан – ақын көңіл күйенің бір сәті, «Жапырағы сезімдей ұшкан кайын,қабырғасы әзір тұр сөгілуге». Ақын қайыңның ұшқан жапырағын адамға тән сипат – сезімге теңеу арқылы табиғат әсерін береді. Немесе қаны ұйып қалгандай даланын бозаң тартуы, жер мен аспанның иықтары салбырап тұнжырауы да әсерлілікті күшейте түскен. Пейзаждық лирика арқылы суреткер өз ой – сезімін жеткізген. «Мұңымыз бен күйіміз егіз үндей – осы кезгі табиғат жақын маған»... деп толғанған. Адам психологиясындағы түрлі өзгерістерді суреттеудің бұрыннан келе жатқан әдісі психологиялық параллелизммен өрілген өлеңнің соңғы шумағы – алаптан да, қабақтан да бұлт көшетініне, күн – мейірімінің күлімдеп шығатынына сенген ақын сезімінің оптимистік рухқа толы түйінді толғамы. Осы орайда әдебиетке табиғат суреттері, пейзаждың өзі психологиялық параллелизмнің пайда болуымен енгенін дәлелдейтін В.Шкловский пікірінің негізі бар.

Ақын табиғат құбылыстарын жан-дүниесімен қатар өреді. Пейзажда адамға тән сипаттармен суреттеп, жансыз табиғат құбылыстарына көркемдік мінездеме беріп, ой-қиялға әсер ете алса – ақынның ұсталығы мен тапқырлығы. Ф.Оңғарсынова – табиғатты адам сипатарымен бейнелеудің де шебері. «Күздің соңғы күндері» деп аталатын өлеңі былай басталады:

Ерке өзендер жатпайды тасып ағып,
Таулар да тұр жамылып басына бұл

Ақ қайыңдар жылайды жапырағын
Байқаусыз шашып алып
Аспан да жас төгеді ашынғаннан,
Жасыл көркін жаздағы жасырған маң.
Бозаң дала жатады томсырайып
Баладай ашуланған [2, 65],

Көздің мұңдылау, жабырқау суреті көз алдымызға келеді. «Ақ қайыңдардың жылауы» , «аспанның ашынғаннан жас төгуі» , «томсырайып жатқан бозаң даланың баладай ашулануы» - кейіптеудің тамаша мысалдары.

Төмендегі мысалдар да ақынның психологиясын танытқан:

Тына қап жел де жансыз,
Сұлулыққа қарайды Ай да жасып.
Біз секілді Аспан мен жер де амалсыз.
Көздерімен тұрды тек аймаласып [1, 85],

Сұлулыққа табынбайтын жан бар ма? Мына өлеңдегі «Айдың сұлулыққа жасып қарауы» – шынында тапқырлықпен айтылған бейне. Бір – біріне тек қараудан жалықпайтын Аспан мен жер адамдар тәрізді. Ақын аспан мен жерді «біз секілді» деп, өз сезімімен қатарластырған.

Қоңырқай бұлт тас түйіп қас – қабағын,
Тұмшалады аспанның жақсы ажарын.
Көп жыламас адамның көз жасындай,
Төгіп жатыр шелектеп тасқа зарын [2, 14].

Бұл шумақ та тұтасымен – ақын жаны. Қоңырқай бұлт – ақын жанының символикасы. Суреткер жалпы поэзиясында өз мұң – шерін бұлтқа, жаңбырға сыйғызады. Ақын тағы бір өлеңінде:

Айта алмай қалдым. Жалынға
Өртеніп кеуде тұрды – ау бір...
Қалды да қойды жанымда
Жауғалы тұрған бір жаңбыр [1, 37],

Табиғатты көркемдеп бейнелей отырып, өз күйініш-сүйінішін, жан толғаныстарын қатарластырып суреттесе өлеңнің идеялық көркемдігі ашыла түседі.

Фариза ақынның Маңғыстауға арнаған жырларында туған жерін, елін, оның табиғатын асқан шеберлікпен, нәзік сезімімен жырлайды. Өлеңдерді оқу арқылы ақынның сағынышын, жүрегіне мейірім ұялатқан табиғат перзентін көресіз. Ақынның сырлы да, әуезді, мол махаббатқа толы шығармалары арқылы ақын жанын түсінесіз.

Армысыңдар, туған жер, туғандарым, Кезіп жердің тау – тасын, нулы орманын Келіп тұрмын, безгем жоқ өздеріңнен – Мені алысқа сендерден қуды арманым [2, 53], - деп бекер жырламаған Фариза ақынның әдебиет әлемінде орны зор. Оның сырға толы өлеңдері әрдайым халық жадында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. Т1. Өлеңдер, дастандар. – 324 б.

2.Оңғарсынова Ф. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2004. Т2. Өлеңдер, дастандар. – 304 б.

ӘОЖ 821. 512. 122

АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ӨРІС

Рақымжан Т.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада ақын-ғалым Т.Әбдірахманованың шығармашылық мұрасы мен ондағы тақырыптық Һәм көркемдік арналары кең түрде сөз болады. Қазақ руханиятының көгінде қаламгердің - ақын-әнші, ғалым-қаламгер, аудармашы бағытында да ерен еңбек етіп, ұлттық сөз өнерін тақырыптық тұрғыдан байытып, жанрлық Һәм көркемдік-эстетикалық құндылықтарын да еселеп арттырғаны жөнінде кеңінен сөз етіліп, түйінді тұжырымдар жасалады.

Түйінді сөздер: ақын, ғалым, тақырып, көркемдік, сөз, стиль, тіл.

Ұлттық әдебиеттің ағынды айдыны мен әсемдік әлеміне еркін еніп, бұл бағытта әр алуан жанрда жүйелі еңбек еткендердің бел ортасында – Қазақстанның халық жазушысы, ақын-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынхан Әбдірахманованың да болғаны белгілі.

Атақты ақын-қаламгердің өмірбаян беттеріне ден қойсақ, сөз жоқ, бастапқы тұста, орта мектепте мұғалім әрі кейін директоры, аудандық комсомол, партия комитеттерінде хатшы Һәм нұсқаушы, «Қазақстан әйелдері» журналында бөлім меңгерушісі, Баспа комитетінде редактор, Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып еңбек етті.

Ақындық өнердегі ізденісі, көзқарасы мен қолтаңбасы, әсемдік әлеміндегі өрісі «Ән» атты алғашқы жинақтан көрінді (1959). Өлең-жыр кітаптары «Әннен әнге» (1962), «Шырқау» (1966), «Көгершін көңіл» (1968), «Наз көңіл» (1984), «Сыр бөлісемін» (1990), «Замана сазы» (2000), «Сөйле, қалам» (2001) болып жарасымды жалғасын тапты. Өз кезегінде «Кемел» (1974), «Мерей» (1981) атты таңдамалы жинақтары да көпке жетті. Екі және бес томдық шығармалары да жарық көрді. Олардың басым бөлігі алыс-жақын елдердің тілдеріне аударылды [1,44].

Тұрсынхан Әбдірахманованың ақындық өнеріне ден қойған тұста, әсіресе, өлең, толғау, поэма бағытында өнімді еңбек еткенін аңғарар едік. Тақырыптық тұрғыдан қарасақ, ел мен жер, отан мен отбасы, қоғамдық құбылыстар, заман шындығы, адам өмірі мен еңбегі, тарих пен таным, ұлт пен ұрпақ, тәлім-тәрбие т.с.с. кең орын алады. Жанры жағынан әр алуан әрі көркемдік ізденістері, эстетикалық мұраттары, стильдік арналары шындық сипаттарымен мәнді болып табылады. Ойға алсақ, «Өзім туралы» өлеңінде:

Ілияс – пір тұтарым, Қасым – ағам,
Қалайша бұрқақтамай басыла алам.
Мен дағы жаралғанмын сүйек-еттен,
Мені де ана сүті асыраған. – деп өмірбаян беттерінен сыр шертеді. Ілияс, Қасым ақындарды ардақ тұтып, мадақ етеді. Өмірін үлгі етіп, өнер өлкесіндегі өзгешеліктерін, дарын дидары мен қалам қуатын, көркемдік-эстетикалық қырларын, ой мен сөз жүйесін назарда ұстайды. Кезекті тұста:

Жұмысшы Әбдірахман Кәмиланың,
Ең кенже, он үшінші баласы едім, - дегенді де боямасыз, бүкпесіз жеткізеді. Жасынан ән айтып, өлең-жырды серік еткенін де, ғылым-өнерге өмірін арнағанын да еркін де көркем, сенімді сипатта жырлайды. Өмірдегі орнын, өнердегі ұстанымын да елдік мұраттармен байланыстырады.

Осы жәйттерді ойға алсақ, сөз жоқ, ұлттық мұраттарға адалдық, руханият өрісіне құштарлық пен сүйіспеншілік сезіледі. Ол, әсіресе, өлең өлкесінен, өрісті де көркем әлемінен айқын аңғарылады. Ал «Ана тілім» атты өлеңінде:

Ана тілім - тірлігімнің тірегі,
Тілмен ғана кірер адам реңі.
Тілсіз қоғам өлі, мынау дүние,
Түсініксіз тылсымменен бір еді.

Ана тілім – айна түсер аймағы,
Елім, жерім, ұлтымның да айғағы.
Бар қалпымды, бар өремді дәлелдеп,

Жеткізетін мәні, нәрі, қаймағы. – деп ұлттың жаны мен жүрегі – тіл қайнары мен қуатын кең түрде жырлайды. Отан мен отбасындағы, қарым-қатынастағы, тірлік-тынысымыздағы орын-үлесін де шындық қалпында, ортақ мұраттар мен талап-талғам тұрғысында қарап, көңіл зердесі мен сәулесін түсіріп, жан-жүрекпен қозғайды. Елдік мұрат алға шығады.

Ақын ұстанымы мен көзқарас эволюциясы «Өлеңім», «Уақыт», «Сыр» деген туындыларынан танылып, дүниетаным арналары, өмір тағылымы мен тәжірибесі, көркемдік құндылықтар қайнары, руханияттың мәні мен нәрі, жан-жүрек сыры, көңіл толқыны, сыр-сезім иірімдері қысқа-нұсқа жеткізіледі. Өмір мен өлең, уақыт бедері де бейнелі, мәнді өріс алады.

Өмір шіркін жел тәрізді,
Құбылатын жылына мың.
Тоңсам, өлең жағамын да,
Қызуына жылынамын.
Күйсем, желпіп тағы өлеңнен,
Сая табам, суынамын.
Көңіл байғұс кірлесе де,
Өлеңменен жуынамын.

(«Өлеңім»)

Немесе:

Шын мықтыны мойындау,
Керек болса, ол – уақыт.
Уақытқа – достарым
Бола алмасаң уақып.
Қайыра алмай өтініп,
Күнін кешер өкініп.

(«Уақыт»)

Сондай-ақ:

Өлеңнен өзге досым жоқ,
Өзгеге айтар қошым жоқ.
Бәрінен осы қинайды,
Сыр ішіме сыймайды.

Япыр-ау, ең аяғы,
Өлең де жұртқа жаяды.
Бәрінен осы қинайды,
Сыр ішіме сыймайды

(«Сыр») [2. 27, 44].

Асылы, үш өлең үш өрімнен бастау алып, өмір өрнектері мен тағылымын, адам мұраты мен еңбегін, уақыт бедеріне қатысты ақиқат жәйттерді еркін, көркем жеткізеді. Ақын орбитасы кең, көркемдік парадигмалары да мәнді. Ой мен сөз жүйесі, ұстанымы берік. Көзқарас пен қолтаңбадан да ортақ мұрат пен сабақтастық арналары танылады. Көркемдік арналар да кең орын алады.

«Бабаларым мен ағаларым» сынды топтама өлеңдер жиынтығынан арғы арналардан жеткен тамырлы тарихтың ақиқат жәйттері, адам мұраты мен қайраты, қоғам мен заман шындығы, дала дидары мен ғалам ғажайыптары, табиғат тылсымы кең көлемде қозғалады. Ұлт тарихы мен руханиятындағы алыптар мен асылдар шоғырын құраған – Шоқан, Абай, Ыбырай, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қажым, Мұхтар, Әлкей т.б. ұлт пен ұрпақ қамына қатысты көзқарастары, Отан мен отбасы, қоғам алдындағы жауапкершілік жүгі, адам мұраттары, тұлғалық сыр-сипаттары жан-

жақты ашылады. Бастысы, бабалар рухына тағзым, тарихтан тағылым, өмір шындығы мен уақыт бедерлері бейнелі де сырлы сипат алады. Ақындық мұрат пен қуат, көркемдік нәрі мәнді.

Жастық жырлары, махаббаттың құдырет-күші – «Ұнатып едім», «Махаббат», «Сағыныш», «Сезім», «Нәзік», «Қоштасарда», «Оралшы бір», «Сүйе білсең» т.с.с. өлеңдердің асыл арқауын құрайды. Жастық, достық, махаббат мерейі мәнді де нәрлі. Айталық, «Ұнатып едім» өлеңінде:

Мен сені ұнатып едім,
Ең биік мұратым едің.
Сол сырды мен білдіре алмай,
Сен сезбей тұратын едің, - десе, «Махаббат» өлеңінде:

О, махаббат, аяулы асыл сезім,
Арнамаған бар ма екен саған сөзін.
Мекендеген жер үстін жан иесін,
Баурамаған бар ма екен, сірә кезің?

Асыл сезім, жаралған ізгіліктен,
Талпынады жан біткен ізгі үмітпен.
Сенен шығып, тарайды сенен ғана,
Бар жақсылық атаулы бізді күткен.

Немесе:

Адамдағы қымбаттың, қасиеттің,
Қадіріне жетуді ғасым еттің.
Сен бар жерде бақытты жан атаулы,
Сен жоқ жерде басында қасірет-мұң.

Ұлы сезім, берілген тек адамға,
Нұрың түспес жан бар ма бұл ғаламда!
Қадіріңді түсіну, құрбан болу,

Бұйырмаған жердегі әр адамға, - деп адам қайратын, өмір мәнін, сыр-сезім сипаттарын терең де шынайы ашады. Көңілді тербеп, жан- жүректі қозғап, сыр-сезімді билеп алған жастық жырлары, махаббаттың мәнді-нәрлі сипаттары, күйінішті-сүйінішті сәттері де достық нұрымен, жастық жалынымен қатар беріліп, сенімді суреттеледі. Ақындық өнер, оның қуаты мен көркемдік қайнары да шынайы шындықтар тұрғысынан жырланады [3. 32,33].

Ақын өлеңдерінің ағысты арналарының бір бөлігін «Ирак сапарынан», «Сарыарқа сапарынан», «Қарақалпақ сапарынан», «Италия сапарынан» сынды топтама жырлар құрайды. Көз көріп, көңіл күнделігіне түскен көрініс-суреттер, белгі-ерекшеліктер де назар аудартып, ойлы өрнек, сыр-сезіммен мәнді-нәрлі мағыналы жәйттерді қозғайды. Бұдан басқа, «Кавказ шыңы», «Қарақұм», «Теңіз мінезі», «Магнолия», «Машук», «Гагра ақшамы», «Карл қайнары», «Самарқан», «Ақмарқа-Алтай», «Марқакөл», «Көкше», «Оқжетпес» т.с.с. өлең-жырлар әсерден туған, әсемдігі мен көркемдігі келіскен жақұт жырлардың жиынтығының қатарына жатады. Ақындық қуат, көркемдік өрісі кең.

Ақынның өлең-жырларын қайта оқып, зерттеп-зерделеген тұста, сөз жоқ, Жер планетасының басты тұлғасы, қоғамның қозғаушы күші, ақыл-парасат иесі - адам өмірі мен еңбегі, қайраты мен тәжірибе, тағылымы, алдыңғы кезекте орын алады. – Жер тұтқасы – адам! – деп нағыз адам бейнесін, өмірі мен еңбегін, отан мен отбасы, қоғам алдындағы жауапкершілік жүгін, мәнді-нәрлі тұстарды, сәулелі сәттерді кең түрде ашады. Бұдан басқа, «Дала», «Бұлт», «Өмір заңы», «Уақыт құзыры», «Ғылым», «Ой», «Сөз», «Сыр», «Этнографиялық өлеңдер» т.т. адам әлемі, адамдық пен адалдық, қоғам, заман, еңбек, уақыт бедерлері жан-жүректен қозғалып, көңіл толқындары, мейірім шуағы, сәулелі сәттер терең тебіреніс-тербелістермен беріліп, табиғи қалпында көркем, мәнді, жүйелі жеткізіледі. Ақындық өнер айшықтары да танылады.

Т. Әбдірахманова аударма ісімен де айналысып, бұл бағытта бірқатар еңбек атқарғанын аңғарар едік. Атап айтқанда, Евг. Юнганың «Даңқы өшпес кеме», М. Стельмахтың «Адам қаны – су емес», сондай-ақ Л. Татьяничеваның, Т.Кузовлеваның өлең-жырларын еркін де жатық аударды. Оның үстіне, ширек ғасыр бойы ән қанатында жүргенін қалың жұртшылық жақсы біледі. Ән-әуенді серік етіп, Ж.Елебеков, Қ.Байсейітова, тағы басқалардың жоғары да жылы ілтипаттарын естиді. Белгілі әншілер Р.Есімжанова, Ж.Омарова, Р.Қойшыбаева т.б. қатар өнер жарыстырып, көпшілік алдына шықты. Өнерпаздық қырларын кең көлемде көрсетті. Ақындық әлемі, көркемдік өрісі де кең орын алды.

Т.Әбдірахманованың ұлттық әдебиет тарихына, әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі үлесі барын да айтқан жөн. Бұл бағытта да ерен еңбек етті. Ойға алсақ, М.Әуезовтың ғылыми жетекшілігімен қорғалған – «Ілияс Жансүгіровтың лирикасы» атты кандидаттық диссертациясы «Ақын сыры» атты кітапқа айналды (1965). І. Жансүгіровтың ақындық әлемін, өлең өнеріндегі өрнекті өрістерін, бейнелі сөз, өткір ой, ұтымды жайттарды жеткізудегі белгі-ерекшеліктерін, тақырып мәнін, жанр жүйесін, көркемдік қайнарын, эстетикалық құндылықтарын, ой мен сөз сипатын, басқа да талант табиғатына тән өзіндік мүмкіндіктерін кең түрде қарастырады.

Т. Әбдірахманованың «Қасым Аманжоловтың поэтикасы» атты зерттеуі танымал ақынның шығармашылығы хақындағы алғашқы еңбек, зерделі зерттеудің бірі [4. 295].

Зерттеу еңбекте Қ.Аманжоловтың ақындық мұрасы, тақырыптық һәм жанрлық жүйесі, идеялық және мазмұндық мәні, көркемдік мұраттары мен образдық, түрлік ерекшеліктері кең көлемде қарастырылады.

Зерттеудің «Кіріспе» бөлімінде әдебиеттану ғылымындағы поэтика мәселесі, Аристотельдің «Поэтика» еңбегі мен одан кейінгі кезеңдердегі зерттеу жүйесі, арғы-бергі дәуірлердегі көзқарастар мәні айқындалады. Нәтижесінде: «...поэтика – зерттеуге алынып отырған обьектінің күллі табиғаты...поэтика – көркем творчество табиғаты туралы ғылым,» – деген қорытындыға келеді [4.19]. Қ.Аманжолов жөнінде әр жылдары айтылған-жазылған мақала, зерттеу, естеліктер мәні мен сырына кеңінен тоқталады.

«Өмір-өлең» атты алғашқы тарауда Қ.Аманжоловтың халық әдебиетінен нәр алғаны, өзіне дейінгі поэзия үлгілерінен үйренгені сөз болады. Ілияс Жансүгіров поэзиясының әсері барына, үлгі-өнеге тұтқанына мән береді. Ұлы Отан соғысы кезеңінде кемелдене түскені атап өтіледі. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы қазақ поэзиясында елдік-ерлік үлгісін көрсеткенін баса айтып, әсіресе, ондағы суреткерлік, шынайылық та сыршылдық, эстетикалық қуаты кеңінен көрсетіледі. Қоғам, адам, заман мұраттарын кең түрде жырлағанына мән беріліп, айрықша аталады.

Зерттеу еңбектің «Зергер ой – зерлі сөз» бөлімінде Қ.Аманжоловтың поэтикасына қатысты дүниетаным арналары, көркемдік-эстетикалық мұраттар, ұлттық-интернационалдық сипаттар, бейнелілік-тілдік ерекшеліктер, өлең өлшемі, шеберлік мәселесі кең орын алады. Халық әдебиетінен нәр алғаны, тақырыпқа жіті мән бергені, идея мен мазмұн құрылымы, мәтін құбылысы, стильдік сипаттар Абай әлеміне еркін еніп, оқып-үйренгені, І.Жансүгіровтың поэзиясын өнеге тұтқаны дәлелді-дәлдік, талдау-салыстырулар арқылы беріледі [4.124-125].

Ақындық өнердің өріс-өресін айқындайтын – тіл байлығы, сөз төркіні, оны жеткізу мен қолданудағы амал-тәсілдер жүйесі, мәндес сөздер сипаты, градация-дамытуды жиі қолдануы, сондай-ақ синоним, омоним, антоним, неологизм, метафора, кейіптеу, символ, синекдоха, ирония, сарказм, ұлғайту, литота, фигуралар жиі ұшырап, оны көбінде көркемдеу құралдары арқылы беріп, осының негізінде жаңашылдық рухын, адам образын ашу бағытын, мағыналық айқындауда кеңінен қолданғанын танып-талдап, өзара салыстырып, жан-жақты ашады. Ақын поэзиясындағы өлең құрылысы, түрлік ізденіс-ерекшеліктер,7 буыннан 16 буынға ұласқан көп буынды өлең түрлері, ұйқас, ырғаққа қатысты сөз кестесі, көркемдік өрнектерге де кең орын беріледі. Қысқасы, Қ. Аманжоловтың поэтикалық жүйесін құрайтын көркемдеу құралдары, оны қолдану ерекшеліктері, суреткерлік шеберлік сырлары, ізденіс арналары, ой мен сөз мәні жүйелі де жан-жақты ашылады.

«Ерен өнер – ерекше тұлға» деген бөлімінде жазушы еңбегі көркемдік кеңістігіндегі стиль сипаттары, эстетикалық мәні, даралық белгі-ерекшеліктері айқындалады. Қ.Аманжоловтың стиліндегі ерекшеліктер қатарында – бүгінгі өмір шындығы [4.275], азаматтық пафос [4.276],

патриоттық сезім [4.280], сөз өткірлігі [4.284] айрықша аталады. Автор ой түйінін «...Қасымға тән стильдік ерекшеліктің бірі – бір ғана әсерден туған сезім толқынын сан қилы, көп көрініс суреттермен бейнелеу...

Қасым Аманжолов поэзиясы – дауылдай екпіннің, өткір ой, отты сезімнің поэзиясы...

Қасымдай ақынның қалыптасуы, дамуы, өз ұлт әдебиетінен лайық орын алуы – бүтіндей бір әдеби процесс,» - деп білдіреді [4.284-287].

Бұдан басқа, ақын-қаламгер Һәм ғалым Т. Әбдірахманова хақында М.Әуезов, Ғ.Мүсрепов, З.Кедрина, Ф.Әлиева т.б. маңызды ойлар айтып, мәнді пікірлер қалдырғанын да айту абзал. Жасыратыны жоқ, «Жақұт сөзбен өрілген жауҺар жырлар» (С.Досанов) қалың жұртшылық жүрегінен жол тапқанын да еске алу артық емес. Ақиқатында, ақын Т.Әбдірахманова туралы академик-жазушы М.Әуезов: «...Адам баласы дүниеде бар өнердің қандайын болса да игере, үйрене алады. Бірақ, соның бірде-бірі оның бойына ана сүтімен туа біткен өнердей болмайды. Адам бойына ана сүтімен туа біткен табиғи өнерін қадірлеп, соны дамытып ұстағаны абзал,» - деп бағалап, оның тысында барша шығармашылық иесіне қатысты көзқарасын, талант табиғаты мен қалам қуатының мүмкіндіктерін тамыршыдай тап басып көрсетуі, әр кезеңде-ақ басшылыққа алып, кеңінен қолданып, назарда ұстауға әбден болады.

Сондай-ақ, Т.Әбдірахманованың шығармашылық мұрасынан әр алуан жанрды қамтып (ақын,аудармашы, ғалым), оның бәрі-баршасында ұлттық мұратты арқау еткен, елдік мәселелерді кеңінен қозғап, түйінді жәйттерге назар аударып, жан-жүрекке, көңілге түрлі ой салған, жабырқатқан жайларды да, сәулелі сәттерді де өткір ұшталған қаламмен еркін де бейнелі, бедерлі сипатта суреттегені, көркем де жүйелі жеткізілетіні айқын аңғарылар еді. Одан өзге, «Ақын сыры», «Қ.Аманжоловтың поэтикасы» сынды зерттеу еңбектерінде жыр жұлдызы, өлең-өнердің өшпес өнегесін көрсеткен І.Жансүгіров пен Қ.Аманжоловтың шығармашылық қырларын, ақындық өнердегі байланыс-сабақтастықты, ортақ мұраттарды іргелі ізденіс, байыпты зертеу-зерделеуге негіздеп, танып-талдаудың өзегіне айналдырғаны, басты еркшеліктерге назар аударып, көзқарас пен қолтаңбаға, өнер өрісіне, сыр-сезім дүниесіне еркін енгені де кең көлемде қарастырылады. Осының негізінде өлең-өнердің қадірі мен қасиетін, көркемдік арналарын, мол мүмкіндіктері мен терең иірімдерін кеңінен көрсетеді. Ал аударма мұрасы мен сапарлар сазынан туған туындылары жан-жүректің қалауы, көңіл күнделігі мен терең тебіреністер нәтижесі екені анық. Маңыздысы, нені айтып, жазса да біліп-танып, зерттеп-зерделеп, көзбен көріп, көңіл көрігінде қорытылғаны, соны көркемдік қабылдау, мейірім шуағы мен сыр-сезімге бөлеп, аялағаны жүйелі жеткізілетінін байқап-бажаулау қиындық туғызбайды. Зерттеу жүйесі, баяндау мәнері, көркемдік қайнары да айқын. Бастысы, ақындық өнер мен көркемдік өріс кеңінен көрініс береді.

Жалпы алғанда, ақын-қаламгер Т.Әбдірахманованың шығармашылық мұрасы бай да байтақ әлем әрі алуан қырлы, мың сан арналы болып келеді. Қазақ руханиятының көгінде ақын-әнші ретінде еркін қалықтаған жырлы-сырлы сипаттары бар қырынан көрінгені де анық.Ал ғалым-қаламгер Һәм аудармашы бағытында да ерен еңбек етіп, ұлттық сөз өнерін тақырыптық тұрғыдан байытып, жанрлық Һәм көркемдік-эстетикалық құндылықтарын еселеп арттырғанын да айту абзал. Әсіресе, қазақ сөзінің, өлең-жырдың жарық жұлдыздары І.Жансүгіров пен Қ.Аманжоловтың ақындық әлеміне еркін еніп, оның талант табиғаты мен тағылымын, қасиеті мен құдыретін, көркемдік құндылықтарын зерттеп-зерделеп, танып-талдап кең түрде ашады. Бұдан байқалатыны, ақын-қаламгер Т.Әбдірахманова ұлттық сөз өнеріне адалдық танытқан, оның дамып-өркендеуіне ерен еңбек етіп, сүбелі үлес қосқаны айқын аңғарылады. Өлең өлкесінде өзіндік өрнегі, аударма мен зерттеу ісінде байыпты көзқарасы мен ұстанымы берік Т.Әбдірахманованың шығармашылық мұрасы әр кез-ақ назар аударып, көркемдік кеңістігімен баурап, рухани әсерімен нұр-сәулесін молынан түсіре берері хақ. Бұдан қалың көпшілік, әдеби қауым нәр алары да даусыз. Әрі оны зерттеп-зерделеу де мәнді құбылыстардың бірі.

Ақын-қаламгер, аудармашы Һәм ғалым Т.Әбдірахманованың шығармашылық мұрасының мәнді тұсы, сырлы сипаты да осында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 44 бет; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: Аруна, 2005. – 66-67 беттер, т.т.
2. Әбдірахманқызы Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 27, 44 беттер.
3. Әбдірахманова Т.Сыр бөлісемін. – Алматы: Жазушы, 1990. – 32-33 беттер
4. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 295 б.

ӘОЖ 94(574)(045)

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сулейменова Б.Б.,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастамасымен Еліміз тәуелсіздік алғалы ұшан-теңіз шаруа атқарылды. Соның ішіндегі ең үлкен жетістігіміз – Қазақстан шекарасының толық анықталып, заңды құжатпен бекітілуі. Бұған жету үшін талай дипломат, топограф, тарихшылар, картографтар және өзге де мамандар сан жылдар бойы тер төкті.

Ұлт көшбасшысының бастауымен қол жеткізген тағы бір құндылығымыз – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін бекітіп, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғанымыз. Еліміздің ұлттық валютамыз теңгені айналымға шығарып, қаржы жүйесінің негізін қалағанымыз да, арқа төсінде жаңа қала Астанамызды салғанымыз да – бәрі-бәрі жасампаз істердің жалғасы еді.

Еліміздегі тарихи елеулі біткен істердің бірі - Отанымыздың елордасы Астананы бүкіл әлемге мойындата алғанымыз! Бұл істің өзі – шежірелі тарих. Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атануы да – Елбасымыздың халықаралық аренадағы ерекше беделінің бір ғана дәлелі. Қазақстан Республикасының Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етіп, Астана саммитінің өтуі мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі мәртебесінің биік екендігін көрсетеді. Өткен жылғы елімізде өткен халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін де жоғары деңгейде ұйымдастырғанымыз мемлекетіміздің әлемдік беделін арттыра түсті.

Елбасымыздың еліміздің келешегі үшін қабылдаған ең бір маңызды шешімі – «Болашақ» бағдарламасын қабылдауы. Бұл жастардың шетелде оқып, білім алуына жол ашқан, мемлекетімізді нығайтып, өркендету жолында жасалған қажетті қадамдардың бірі еді. Соның арқасында жыл сайын қаншама қазақтың қаракөздері әлемдегі ең атақты жоғары оқу орындарында білім алып келуде.

Ұлттық сананың қалыптасуына Ұлт көшбасшысының биылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы да еліміздің дамуында маңызды орын алады.. Бұл мақалаға әлемдік жаһандану мен бәсекелік дәуірінде ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, ұлттық мәдениетті асқақтатқан, қоғамның дамуы мен өркендеуіне бағытталған аса маңызды стратегиялық құжат деп баға беруге болады. Мемлекет басшысы елімізді рухани жаңғыртудың бірегей бағдарламасында ұлттың XXI ғасырдағы жаңа бағдарын нақтылап берді. Ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынды. Соның ішінде жаңа қазақ тілі әліпбиіне көшу мәселесі Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының бастау-бұлағы десек, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бірегей жобасы студенттерге әлемдік құндылықтардың қайнарынан қанып сусындауға, жаңа танымдық көкжиектерге көз тастауға мүмкіндік береді. Ал «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің өзегіне айналары анық. Мақалада көрініс тапқан «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындар

мен аса қастерлі жерлерді сақтауға, елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады, ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту ұрпақтар сабақтастығының сақталуына ықпал етеді. Ал «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеудің және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Елбасы ұсынып отырған жаңа белестерді бағындыруға бағытталған іс-қимыл жоспарының мақсаты біреу, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып тұруы тиіс. Сонда ғана біз саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтыра аламыз. Ал рухани жаңғыру барлық жаңа бастамалардың өзегіне айналады. Сол кезде Елбасы айтқан, XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлтқа айналамыз, әлем сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де танитын болады[1].

Біз бір нәрсені анық айта аламыз, жастарға білім мен өмірлік тағылым беретін еліміздегі жоғары оқу орындары қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне ие. Себебі «Еліміздің болашағы - жастарымыз» деп Елбасымыз атап айтқан. Маңғыстау өңірінде осы жастарымыз шоғырланған Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті және оның профессор-оқытушылар құрамы, магистранттары мен студенттері болып табылады. Ұлт көшбасшысының мақаласында айтылған бағдарламаларды жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда. Университеттің құрылымдық бөлімдері мен кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы Елбасы мақаласында айтылған әрбір ойдың астарындағы терең мағынаны студенттерге түсіндіріп, барлық академиялық топтарда іс-шаралар мен арнайы кураторлық сағаттар өткізді.

Осы Елбасының көрегенді бастамасын қолдау мақсатында Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде ағымдағы жылдың

15 наурыз күні Yessenov University-де ұлттық «Амал» мерекесіне арналған «Амал келді, жыл келді!» мерекелік шарасы өтті. Мерекелік шараға бірнеше қонақтар қатысты. Соның ішінде Ақтау қаласындағы Түркия және Әзірбайжан бас консулдықтарының өкілдері және тағы басқа да қонақтар болды. Университет ректоры Берік Ахметов мерекенің маңыздылығына тоқталып өтіп, барша қауымды көктемнің шуақты да, мерейлі «Амал» мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар - 5 сәуір күндері Yessenov University үздік студенттері Астана қаласы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында «Рухани жаңғыру: болашаққа бастар жол» тақырыбында ұйымдастырылған екікүндік семинар-тренингке қатысты. Дәстүрге айналған іс-шара аясында жастар «Бәсекелік қабілет – ұлттың XXI ғасырдағы жаңғыруы», «Қазақстанның тарихи жолы мен эволюцилық дамуы», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Сананың ашықтығы – болашаққа бастар жол» тақырыптарында дәрістер тыңдап, «Бәсекелік қабілет. Бәсекеге қабілеттілікті, жеке және командалық тиімділікті арттыру» бағытында командалық ойындар мен психологиялық жаттығуларға қатысып, шағын топта «Туған жер» тақырыбына туристік жоба әзірледі. Сонымен қатар студенттер «Қазақстан жолы» интерактивті ғылыми-білім беру орталығында практикалық сабақ өткізді.

17-ші қыркүйек күні Yessenov University «Базалық» факультетінің “Ақпараттық жүйелер”, “Электр энергетикасы” мамандығының 1-курс студенттеріне «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Л. Буянова «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру: қоғамдық сананың жаңғыруы» атты дәріс жүргізген болатын.Оқытушы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мақаласының негізігі ережелерімен таныстырып, бағдарламаның қоғамдық сананың жаңғыруына бағытталатынын көрсетті. Бағдарламалық мақаланың негізгі мақсаты – рухани, мәдени байлығымызды сақтау және одан әрі жаңғырту. «Рухани жаңғыру» – қазіргі мәселелерді шешудің жаңа тәсілі. Болашаққа бағдар – бұл қоғамдық сананың жаңғыруы. Елбасының бағдарламасында жаңа буын жастарға еліміздің дамуына үлкен үлес қосатынына сенім білдіреді. Лекция барысында студенттер маңызды сұрақтар қойып, бағдарламаны талқылады.

Ел басшысының бағдарламалық мақалада көрсетілген принциптерге сай жаһандану заманына бейімделген жаңа тарихи сананы қалыптастыру мақсатында қоғамның рухани жаңғыруы

аясында «Қазақстан Республикасындағы заманауи тарихи сананы қалыптастыру», қызмет көрсету жүйесі деңгейінің тиімділігін және профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің компьютерлік сауаттылығын арттыру бағытында «Электронды университет», университетте «Қашықтан оқыту жүйесі» тұжырымдамаларының жобалары дайындалып, университеттің ғылыми кеңесінде бекітілді.

Елбасы қазақ әліпбиін біртіндеп латын графикасына көшіру кезек күттірмейтін ауқымды істердің бірі екендігін атап көрсетті. Мемлекет басшысы бұл мәселені 2012 жылғы желтоқсан айында жариялаған «Қазақстан-2050» Стратегиясында қозғаған болатын. Яғни 2025 жылға қарай іс қағаздары, мерзімді баспасөз, оқулықтар – бәрі де латын әліпбиімен басылып шығарыла бастайды. Президент мақалада осы мәселеге: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты...» – деп үлкен сеніммен нақ атап көрсеткені мәлім. Осы мәселеге байланысты университетімізде мауысым айында Каспий аймақтық халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция болып өтті. Бұл халықаралық конференцияға Ресейден, Әзірбайжан Республикасынан, Ираннан, Туркменстаннан т.б. елдерден көптеген ғалымдар келіп қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясын талдап ауқымды деңгейде пікір алысты. Қазіргі біздің жастарымыз және халқымыз үшін Латын әліпбиіне көшудің мәні мен маңыздылығын көрсету мақсатында облыс әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының мамандары мен университет ғалымдары маңызды баяндамалар жасады[2].

Бұл басқосуда елеулі пікірлер де айтылды. Осылайша, елдік мәселеге бәрі үн қосты. Бір нәрсені айта кетуіміз керек, әліпби мәселесінде қоғамдық талқылаулардың әсері үлкен болды. Алғашқы ұсынылған нұсқадағы кемшіліктер де ескерілді. Сөйтіп, 26 қазан күні ел Президенті Н.Ә.Назарбаев қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы №569 Жарлығын жариялады. Бұл – тарихи шешім. Осы қадам арқылы халқымыз тәуелсіздікті баянды етуге, өркениетті елдердің қатарына қосылуға ұмтылуы еліміздің рухани жаңғыруға дайын екенін танытты.

Қазақстанның табысты дамуының жаңа идеологиялық тұғырнамасы болып табылатын Елбасы мақаласында тәрбие, білім беру саласына үлкен мән берілген, әсіресе, үш тұғырлы тіл мәселесіне ерекше тоқталғаны баршаға аян. Ағылшын тілі – халықаралық тіл және бүкіләлемдік тіл болғаннан кейін біз де одан сырт қала алмаймыз. Университет деңгейінде де профессор-оқытушылар құрамы үшін ағылшын тілінен курстар жүргізілуде.

Қоғамда үлкен серпіліс тудырған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұсынылған «Туған жер» бағдарламасы барша қазақтың рухын оятқанын айтуымыз керек. Аталған бағдарлама аясында Маңғыстау өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, сол арқылы жастардың туған жерге деген мақтаныш сезімін арттыру, облыстағы этностар тарихы мен мәдениетін зерттеу Елбасының бағдарламалық мақаласының өзегі рухани кемел ел болуға үндеуінде жатыр. Рухани жаңғыру мемлекет пен ұлтты дамуға жетелейді. Бастысы, біз заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуымыз керек[3].

Қорыта айтсақ, рухани жаңғыру бағдарламасы тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлетуге, дінімізді өркендетуге, салт-дәстүрімізді жаңғыртуға мүмкіндік беріп жатқанын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Интернет көздері:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру ...
2. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: БІЗ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ
3. «Рухани жаңғыру – ой сананың кемелденуі»

УДК. 316.722:37.035.6(470)

ПОЛИЯЗЫЧИЕ, КАК ОДИН ИЗ ПРИОРИТЕТОВ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОСТОЯНИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

Стамгалиева Н.К.,
Каспийский государственный университет
технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы применения концепции полиязычия в области образования. В современном мире в связи с процессами самоопределения наций, образования многонациональных государств, активной миграцией населения весьма важной государственной задачей стало правовое решение вопросов языка в обществе. В Казахстане уделяется очень большое внимание изучению языков народов, населяющих эту страну. Здесь казахский язык является государственным, русский язык – язык межнационального общения, а английский язык – язык международного общения. Если учесть, что обучение осуществляется на государственном, казахском, и языке межнационального общения, русском языках в школах, колледжах и вузах, а в учебных планах всех учебных заведений предусмотрено изучение, кроме русского, еще, как минимум, одного иностранного языка, то можно говорить, что в Казахстане уже сформировалась трёхъязычная ситуация и имеется тенденция полиязычного образования.

Ключевые слова: многонациональный, поликультурность, общегражданские ценности личности, толерантность, полилингвальное обучение.

Сегодня, в век технологизации и глобализации, наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий, механизмов воспитания молодежи, способной к диалогу с другими культурами. История общества показывает, что процветание общества зависит не только от экономики и техники и даже не от общей культуры, а от культуры слова. И действительно, подготовка разностороннего специалиста, обладающего высоким уровнем культуры (в том числе и культуры слова) - главная проблема образования сегодня. Реалии современного этапа развития общества, языковая ситуация в Казахстане - многонациональном, с многовековой историей, в которой переплелись народы, нации, культуры, в настоящее время диктуют необходимость разработки основных методических принципов и подходов к формированию коммуникабельной языковой личности.

По мнению Президента Н. Назарбаева «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство… Поликультурность Казахстана - это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности». [1, С.35]

Поликультурное образование в Республике Казахстан на сегодняшний момент является одним из главных направлений в системе высшего образования. Именно образование является важнейшим этапом в процессе формирования и развития поликультурной личности, этапом, когда осознанно формируются основные ценности и жизненные принципы. Именно полиязычие способно предоставить студенту благоприятную среду, обеспечивающую гармоничное сочетание развития гуманистических общечеловеческих качеств личности с возможностью полной реализации его национально-культурных, этнических потребностей. Следует заметить, что в современных условиях образ жизни человека определенным образом унифицируется, стираются многие национальные различия, теряется связь человека со своими корнями, обесценивается нравственный опыт предыдущих поколений. Поэтому перед преподавателем стоит важнейшая задача - использовать весь свой уникальный опыт и знания культурных традиций народов и этносов, общечеловеческих ценностей

и мировой культуры в создании благоприятной образовательной и воспитательной среды, способствующей формированию социально-активной личности. [1, С.12]

Для решения этой задачи необходимо:

1. Способствовать формированию общегражданских ценностей личности, активной гражданской позиции, возрождения и сохранения духовно-нравственных традиций.

2. Воспитывать чувства уважения и патриотизма, гордости за свою Родину, учебное заведение.

3. Воспитывать чувство толерантности, позитивной установки личности.

4. Развивать положительное отношение к культурным ценностям казахстанского общества на основе изучения мировой художественной литературы.

5. Формировать представление о здоровом образе жизни, привлекать к участию в культурно-спортивных мероприятиях.

Несомненно, основой формирования поликультурной личности является полиязычие. Полиязычие рассматривается как действенный инструмент подготовки молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира. В этой связи понимание роли языков в современном мире ставит перед нами вопрос обучения языкам и повышение уровня языковой подготовки. Система принципов обучения в системе полиязычия: казахский язык – русский язык – английский язык.

Президент страны Н. А. Назарбаев поставил высокую планку перед отечественным образованием. Оно должно стать конкурентоспособным, высококачественным, таким, чтобы выпускники казахстанской школы могли легко продолжать обучение в зарубежных вузах. [1, С.5]

Актуальность поликультурного и полилингвального обучения определяется всеобщей мировой тенденцией к интеграции в экономической, культурной и политической сферах. Полилингвальное обучение мы понимаем как целенаправленный процесс приобщения к мировой культуре средствами нескольких языков, когда изучаемые языки выступают в качестве способа постижения сферы специальных знаний, усвоения культурно-исторического и социального опыта различных стран и народов.

Казахстан, оставаясь полиэтническим и поликонфессиональным государством, переживает на сегодня сложный и противоречивый период своего культурно-языкового развития, о чем свидетельствует сложившаяся языковая ситуация, характеристика которой дана в Концепции языковой политики Республики Казахстан. Следует отметить, что практически во всех документах в области языковой политики стрежневой идеей является необходимость овладения несколькими языками.

Известно, что только то государство может успешно развиваться и гармонично вписаться в ряд ведущих стран мира, которое сумеет создать для своих граждан достойные условия для приобретения качественного и современного образования. В этой связи новое звучание приобретает проблема языкового образования. Исходным при этом является идея о том, что изучение любого языка должно сопровождаться изучением культуры носителей этого языка. Причем этот процесс должен протекать синхронно, не в раздельных плоскостях. В связи с этим было бы правомерно говорить о полилингвокультурном образовании, результатом которого должно стать многоязычие граждан общества. Слагаемыми этого многоязычия должны явиться родной язык, который закрепляет осознание принадлежности к своему этносу, казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции, русский язык как источник научно-технической информации, иностранный и другие неродные языки, развивающие способности человека к самоидентификации в мировом сообществе. Поэтому изучение иностранного языка как одного из главных индикаторов адаптации человека к новым социально-политическим и социально-культурным реалиям становится в настоящее время актуальной научно-теоретической и научно-практической задачей. Кроме того, объективно возникла необходимость по-новому осмыслить сложившиеся в период независимости традиционные концепции языковой политики и языковой ситуации. [2, С.24]

Главной целью обучения студентов английскому языку это развитие поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и

традиции своего народа, владеющей несколькими языками, способной осуществлять коммуникативно-деятельностные операции на трех языках во всех ситуациях, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию.

Английский язык является родным для более чем 400 000 000 человек, живущих в 12 странах мира, к которым относятся: США, Канада, Англия, Австралия, Новая Зеландия и др. В более чем в 30 странах мира, таких, например, как Индия, Сингапур, Филиппины, Малайзия, Бирма, и многих других, он широко используется в государственных масштабах наравне с национальными языками.

Английский язык занимает 1 место в мире среди иностранных языков, изучаемых в средней и высшей школах, а также на различных курсах системы образования взрослых. В Казахстане, например, английский язык изучают порядка 70% учащихся и студентов средних и высших учебных заведений. Владение английским языком становится нормой для научно-технической интеллигенции большинства развитых стран. Он является основным средством общения при контактах иностранных туристов с обслуживающим персоналом на всех континентах. Полагают, что в настоящее время около 1 миллиарда людей, то есть 1/5 населения нашей планеты, в той или иной степени владеют английским языком.

В наше время английский язык играет чрезвычайно важную роль в таких сферах человеческой деятельности, как наука, техника, экономика, торговля, спорт, туризм. Когда шведские, немецкие или даже японские учёные хотят сообщить своим иностранным коллегам о своих открытиях или поделиться интересными результатами, они публикуют научные статьи в журналах, выходящих на английском языке. Этот язык стал международным языком в авиации и судоходстве. Английский язык выступает в качестве рабочего языка абсолютного большинства международных научных, технических политических и профессиональных международных конференций, симпозиумов и семинаров. Подводя итоги сказанному, можно с уверенностью утверждать, что английский язык в современном мире выполняет такую же важную роль, которую в Европе в средние века играла латынь.

Обучение иностранному языку является одним из основных элементов системы профессиональной подготовки специалистов на всех уровнях в Республики Казахстан, в том числе в учебных заведениях среднего и высшего профессионального образования. Без знания иностранного языка в современном мире не обойтись ни одному человеку. Владение иностранным языком необходимо, чтобы быть конкурентоспособной личностью на рынке труда. [2, С.35]

Современное общество предъявляет высокие требования к студентам в овладении иностранными языками. Но ни один преподаватель не сможет научить, если сам студент не захочет учиться, принцип коммуникативности и учета родного языка, принцип дифференциации и интеграции, принцип группового и индивидуального подхода.

Система принципов обучения в системе полиязычия: казахский язык - русский язык - английский язык;

- изучение языков идет параллельно, языки не пересекаются, опорой является родной язык;
- обучение иностранному языку это обучение речевому мышлению, овладение новыми средствами выражения мыслей и миром изучаемого языка;
- развитие полиязыкового сознания личности;
- алгоритм развития речи; мысленная, устная – письменная; коммуникация.

Развитие речи - это и развитие мышления. Речь невозможна без мыслей, без опережающего внутреннего процесса. Речевая среда: слово - словарь - строй языка: развитие речи - коммуникация - риторика: культура речи.

Таким образом, язык - это уровневая система: лексическая – произносительная - грамматическая. Прагматика языка или речь - средство общения, коммуникация, самовыражения: овладение новыми средствами выражения мысли и миром изучаемого языка.

Для успешной реализации требований государственного образовательного стандарта необходим иной подход к изучению иностранного языка. Это объясняется некоторыми причинами, а именно: процесс обучения происходит в искусственной языковой среде;

иностранный язык рассматривается как второстепенная дисциплина; недостаточное количество учебников и учебных пособий, имеющих профессиональную направленность. Очень часто интерес к предмету у студентов падает, появляется апатия, безразличие, тревожность, вызываемые трудностями, с которыми студент встречается при изучении предмета. Поэтому одна из главных задач преподавателя иностранного языка поддерживать интерес к предмету, желание работать изо дня в день. Чтобы этот интерес не пропал у студентов, преподаватель не только должен знать свой предмет, но и искать новые методические приемы, которые развивают познавательный интерес к учению. [3, С.15]

В такой ситуации основным фактором успешного обучения является мотивация, т. е. положительное отношение студентов к иностранному языку как учебной дисциплине и осознанная потребность овладения знаниями в этой области. Необходимо не только заинтересовать студентов иностранным языком, но и преподнести им его изучение как профессионально значимый предмет. При решении этой задачи важную роль играет интеграция со специальными дисциплинами.

Преподавание английского языка в нашей Высшей школе имеет профессиональную направленность. КГУТИ имени Ш. Есенова готовит студентов по разным специальностям: поэтому предметное содержание по каждой специальности различное.

Одно из направлений работы - преподавание английского языка в группах, как специальных, так и по техническим специальностям. Знание иностранного языка необходимо для специалистов в этой области, т. к. почти каждый третий прибор, эксплуатируемый в Казахстане, изготовлен за рубежом или на совместном предприятии и большая часть нормативных документов по техническому обслуживанию, ремонту и эксплуатации написана на иностранном языке. Поэтому одна из целей курса «Иностранный профессиональный язык» - обучение деловому языку специальности для активного применения, как в повседневной жизни, так и в профессиональной деятельности.

В деятельности будущих выпускников - специалистов встречаются такие ситуации, в которых необходимо знание английского языка. Так например, в группах специальностей экономических специальностей. К ним относятся знания делового речевого этикета, знакомство с рыночной экономикой Казахстана, банками Казахстана, национальной валютой, вкладами, налоговой системой обложения. А так же затрагиваются темы Аудит, правил написания деловых писем и нахождения нужной информации в Интернете на английском языке. В группах технических специальностей проводятся занятия по таким темам как электрические приборы и инструменты, современное машиностроение, электричество, металлы… [4, С.78]

С учетом отмеченных обстоятельств мы подбираем для обучения студентов адекватную лексику, содержание изучаемых текстов, производственные ситуации, деловые игры. На занятиях используются современные педагогические технологии с применением новейших средств коммуникации. В отработку профессиональных знаний наших будущих специалистов вносят вклад такие действия, как:

- деловые игры по темам «Деловое общение», «Устройство на работу», «Отправление деловой корреспонденции»;
- выполнение заданий по нахождению грамматических единиц в профессиональных текстах по темам «Chips are changing the world», “Work, force, energy and power”.

Для изучения деловой документации на английском языке мы активизируем лексику по речевому этикету при деловом общении, формируем умения и навыки по использованию неличных форм глаголов в устной и письменной речи по профессиональным темам. Для формирования умений анализировать производственные ситуации мы совершенствуем навыки ознакомительного чтения производственных текстов, развиваем умения в составлении конспекта к профессиональному тексту, совершенствуем коммуникативные навыки по темам, связанным с будущей профессией. Формирование умения анализировать профессиональную литературу происходит на занятиях, посвященных обучению реферированию по профессиональным темам в соответствии с учебной программой. В подготовке студентов обучению трансформации текстов используются Интернет-ресурсы, что способствует активизации лексического, грамматического

материла, повышает мотивацию студентов в овладении иностранным языком. Проанализировав методы и виды работы с Интернет-ресурсами, мы используем их в практической работе студентов в аудиторное время и в самостоятельной их работе во внеаудиторное время. К домашним заданиям с привлечением Интернет-ресурсов мы отнесли:

- проект обзора по странам изучаемого языка,
- обзор разных сайтов по нахождению аутентичных текстов на разнообразные профессиональные темы для практики их перевода,
- реферирование докладов при создании групп по интересам при изучении тем, связанных с культурой, искусством, охраной окружающей среды в странах изучаемого языка.

Интернет-ресурсы используются нами в различных видах деятельности:

- для самостоятельной работы студентов с целью поиска информации в рамках заданной темы,
- для использования он лайн диалогов.

Основными видами интеграции Интернет-ресурсов в учебном процессе обучения английского языка являются:

- использование готовых материалов аутентичных текстов,
- применение мультимидийных и компьютерных технологий для участия в обсуждении по заданной теме.

Таким образом, с использованием Интернета решаются следующие дидактические задачи в учебном процессе:

- формируются навыки, умения чтения аутентичных текстов разной сложности,
- развиваются навыки неподготовленной устной речи при проблемном обсуждении материалов сети,
- совершенствуются умения письменной речи,
- активизируется активная бытовая и профессиональная лексика при поисковом чтении и в устной речи,
- развивается устойчивая мотивация иноязычной деятельности студентов,
- формируются умения выделять общее, специфическое в культуре родной страны и стран изучаемого языка.

Таким образом, использование Интернет-ресурсов на начальном этапе работы с аутентичным профессиональным материалом позволяет:

- сформировать лингво-когнитивный профессиональный словарь,
- выработать навыки устного и визуального восприятия аутентичной информации,
- выработать поисковые и аналитические навыки самостоятельной работы с профессиональным информационным материалом,
- развить умения критически анализировать и обобщать полученную информацию.

Проектная деятельность на уроках ИЯ активизирует лексику по профессиональным темам тоже приобщает студентов к культуре англо-говорящих стран, так как используется непосредственно при изучении культуры производства отрасли.

В результате проведения описанных занятий у студентов формируются профессиональные знания, умения, навыки, а именно:

* умения работать с деловой документацией,
* умения анализировать производственные ситуации,
* умения работать с профессиональной литературой,
* навыки иноязычной профессиональной культуры,
* навыки ответственно трудиться,
* навыки работать в межнациональной команде,
* навыки инновационно, интегративно, теоретически мыслить на профессиональные темы, опираясь на фундаментальную систему знаний. [5, С.15]

Бесспорно, использование преподавателями инновационных методов, методов формирования интереса к обучению (познавательные игры, учебные дискуссии, создание

проблемных ситуаций и др.), методов формирования долга и ответственности в обучении (поощрение, одобрение, порицание и др.); внедрение в образовательный процесс преподавателями и студентами новых технологий (презентаций учебного материала, электронных пособий, аудио- и видеоматериалов и пр.), активизируют процесс языкового обучения и способствуют эффективности усвоения казахского, русского и иностранных языков.

Содержание поликультурного образования многоаспектно и отличается высокой степенью междисциплинарности, что позволяет рассматривать проблемы поликультурного образования в составе учебных дисциплин гуманитарного, естественнонаучного, художественно-эстетического циклов и специальных курсах по истории и культуре отдельных народов.

Таким образом, для формирования конкурентоспособного специалиста, коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым пониманием и чувством уважения других культур, умением жить в мире и согласии необходимо поликультурное и полиязычное образование.

ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» // Алматы. № 50-51. 3 марта 2017

2. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология. Алматы: Білім, 200-343 с.

3. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Астана, 2016

4. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. Астана, 2005.

5. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года. Астана: Наука и техника, 2017.

ӘОЖ535(045)

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ МАТЕМАТИКАМЕН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖҮЙЕЛІЛІГІ

Алмағамбетова А.А[1]., Джузбаева А.М[1]., Таймуратова Л.У[2].,
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемелекеттік университеті, Қызылорда қ.,
[2]Ш. Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада физика мен математика пәндерін оқыту барысында пәнаралық байланыстың жүйелі болуының арқасында көптеген жетістіктерге жетуге болатыны қарастырылған. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша физиканы оқыту барысында математикадан алған білімдерін жүйелі, бірізді пайдаланудың білім сапасын жоғарылатудың жолдары айтылған.

Түйінді сөздер: пәнаралық байланыс, интеграциялық сабақ, жаңартылған білім, мамандық таңдау.

Еліміздің тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап айтқандай, ұлы даладағы ежелгі металлургия бөлімінде қарастырылған мәселелерді студенттер қауымымен талқылап, қазіргі заманға сай жастар ескі өткен замандағы тарихын біліп, жаңа және болашаққа бағдар жасап, технологияларды дамытып, өркениетті дамыту қажеттілігі туындап отыр. Жастар білімге ұмытылып, жаңа технологияларды меңгеріп, халық үшін қызмет ету керек. Осы орайда, қазіргі жағдайда жастарға үлкен жобаларды басқарып, еңбек пен мәдениетті қатар дамыту керек.

Жалпы сананың жаңғыруы елдегі болып жатқан өзгерістер, қазақ халқының дамыған елдердің 30-ғында ену саясатының маңыздылығы, жастардың білімге ұмтылуы оң нәтиже берері сөзсіз.

Жаратылыстану пәндері табиғаттағы заттар мен онда өтетін әр түрлі құбылыстарды зерттейтін болғандықтан олардың негізі бір болып саналады. Сондықтан қандай да бір табиғаттағы процесті зерттеу кезінде бір ғана пәннен алған білім арқылы оны толық түсіндіру қиын болады.

Физика орта мектепте оқытылатын көптеген пәндермен байланысты. Соның ішінде математика, химия, биология, технология және т.б. Мысалы физиканың механика бөліміндегі кинематика тарауында орын ауыстыру, жылдамдық, үдеу ұғымдарын оқып үйрену үшін оқушылардың геометриядан білетін вектор ұғымы мен векторларға амалдар қолдануды білуі өте маңызды. 11 сыныптың физика курсында тербелмелі контурдағы процестерді сипаттайтын теңдеуді түсіну үшін екінші ретті туынды алу және осы теңдеуді шеше білуі қажет. Яғни орта мектепте оқытылатын пәндер арасында дидактиканың жүйелілік принципі қатаң сақталынуы керек. Тек осындай ортақ пәнаралық байланыс жүйесі болғанда ғана білімнің сапалы болуы қамтамасыз етіледі. Бұл бүгінгі күннің қажеттілігінен туындаған мәселе. Себебі, әлемдік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің озық дәстүрлерін, стандарттарды сақтай отырып, әлемдік білім беру тәжірибесіне бағытталған стратегияларды жүзеге асырудың маңызы өте зор.

Кез келген мамандық иесі бола тұра физикадан алған білімін қолдануы үшін мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінен бастап алған білімінің практикалық қолданысына мән беру керек. Ол үшін мұғалім әрбір сабақ барысында пәнаралық байланысқа мән беріп, әсіресе жаратылыстану ғылымдарының арасындағы тұтастықты ерекше есте сақтай отырып, байланыстыра отырып оқыту тиімді. Бұл оқушыларға, келешекте кез-келеген мамандық иесіне өз ісінің шебері болуы үшін көп мүмкіндік туғызады, өмірде де табиғатта да болып жатқан процестерге ғылыми тұрғыдан баға беріп, өз мамандығының қырынан қарап, байланысты анықтай алуға үйретеді.

Мысалы, дәрігер мамандығына оқуға түсуді жоспарлаған оқушы адам ағзасындағы түрлі процестерді физикалық құбылыстар негізінде танып білу, емдеу мекемелерінде қолданылатын медициналық құрылғылар мен емдеу аппараттарының жұмыс жасау принциптерін түсіне білуі өте маңызды. Себебі, адамның денсаулығына тікелей қатысы бар, мысалы, рентген аппараттары, компьютерлік томография және магнитті-резонансты томография құрылғылары, ультрадыбыстық зерттеу және тағы басқа да құралдарының жұмыс жасауының физикалық негізін жете түсініп, оның адам ағзасына тигізетін әсерін білуі өте қажетті.

Сол сияқты кез келген мамандықтың физикаға ешқандай байланысы болмайтындай көрінгенмен көптеген мамандықтар үшін физикадан алған білімдерінің практикада қажеттілгі байқалып жатады. Мысалы, археологтардың қазба жұмысында табылған мұрағаттардың жасын анықтауда, Жер қыртысының пайда болу уақытын анықтауда радиоактивті ыдырау заңын қолданып анықтайды, ал заң қызметткерлері қылмыстық оқиғаны зерттеу барысында заттық айғақтардың құрамын спекртрлік талдау жасаудың көмегіне жүгіне отырып дәлелдейді.

Сонымен қатар көптеген техникалық мамандықтар физиканың әр түрлі заңдылықтарына негізделген құрылғылар мен қондырғыларды, өлшеу құралдарын пайдаланады. Мысалға зауыттар мен өндірістердегі қолданылып жүрген алып электромагниттік қондырғылардың жұмысын электр тогының маңында магнит өрісі болатындығымен түсіндіруге болады. Тек ғылымда ғана емес өндірістегі, тұрмыстағы өлшеу құралдарының қалай жұмыс жасайтынын білгенінің зияны жоқ. Сондықтан осы құралдардың қандай физикалық заңдардың негізінде жұмыс жасап тұрғанын біліп. Оның қандай физикалық құбылыспен түсіндіре алатынын білгені өте маңызды.

Мектепте білім алып жүрген әрбір оқушыны келешек қандай да бір мамандық иесі деп ойласақ, оның мектепте алған білімдерін өмірде ғана емес өз мамандығын игеруде ұтымды пайдалана білуге үйрету әрбір мұғалімнің міндеті. Сол кезде ғана берілген білімнің қайтарымы болады.

Көптеген ғылыми жаңалықтар химия мен физиканың, физика мен биологияның және басқа да ғылым салаларының түйісінде ашылады. Сондықтан физиканы басқа пәндермен байланыстыра оқыту арқылы оқушының білімін тереңдетіп, білім көкжиегін кеңітеді. Осының нәтижесінде оқушының әлемді ғылыми көзқарастар тұрғысынан танып білуіне мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар оқушының жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылығын оятып, логикалық ойлау қабілетін арттырады, физикалық заңдар мен оның практикалық қолданысын білетін болады. Ол үшін пән мұғалімдері басқа да оқытылып жатырған пәндердің (математика, химия, физика, биология және т.б.) құрылымын да білуі керек.

Пәнаралық байланыс тұрғысынан қарастырғанда физиканың математикамен байланысы өте тығыз. Әрбір физикалық құбылыс пен физикалық шамалар математикалық амалдармен өрнектеледі. Сондықтан ең бірінші физиканы оқытуда математикадан алған білімдерін қолдана білуге үйрету өте маңызды. Физикадан есеп шығаруда математикадан алған білімдерін дұрыс қолдана білу арқылы физикалық құбылыстардағы өзгерістерді сипаттап бере алады. Сонымен қатар математикадан білімі болмаған жағдайда оқушы физикадан есеп шығарып, эксперименттік тапсырмаларды да орындап, қажетті есептеулер арқылы нақты қорытынды да жасай алмайды.

Физика мен математиканың байланысын тереңірек қарастыратын болсақ, 7 сыныпта физикадан «Физикалық шамалар. Физикалық шамаларды өлшеу», «Мензурканың бөлік құнын анықтау» тақырыбындағы зертхана жұмыстарын орындау барысында математикадан өткен ұзындықтың бірлігі, масса, жылдамдық, ондық бірліктер ұғымдарын пайдаланады. Жылдамдық, жылдамдық бірлігі, жол мен уақыт бірліктерін есептеу, тығыздық және оны дененің массасы мен көлемі арқылы есептеуді үйрену кезінде формула бойынша физикалық шамаларды есептеуді бір белгісізі бар теңдеуді шығару арқылы жүзеге асырады. «Күш-векторлық шама. Күштерді қосу» тақырыптарын игеруде вектор ұғымы және оның модулі, векторларды қосу, масштаб ұғымы қолданылады. «Архимед күші. Дененлердің жүзуі» тақырыбын түсіндіруде формула бойынша физикалық шамаларды есептей алу, көлем мен масса бірліктерін білу қажет. Математикадан алған білімдерінің физикалық өлшеу нәтижелерін қорытындылауда да кеңінен қолданады. Мысалы, «Сұйықта дененің жүзу шарттарын анықтау» зертхана жұмысын орындау барысында формула бойынша физикалық шамаларды есептеумен бірге бірліктердің еселіктерін білу керек және онымен өрнектей алу керек. Сонымен қатар қателіктерді есептей білуі керек [1].

8 сыныпта электр құбылыстары бөлімін оқытуда векторлармен амалдар жасай білуі, функциялар, бұрыштарды салу, синус және косинус ұғымдары мен графиктерді түсініп, оларды сала алуы өте маңызды. Мысалы тізбектің бөлігіндегі Ом заңын оқытуда сызықтық функция графигі арқылы ток күші мен кедергінің арасындағы тәуелділікті анықтай алуы керек. Осы сыныптағы жарық құбылыстарын оқытуда бұрыштың градустық өлшемі, бұрыштарды сала білуі және өлшей алуы керек.

9 сыныптың физика курсын оқытуда қозғалысты график арқылы бейнелеуде векторлармен амал жасай алу, оның проекциясы, синус және косинус ұғымдары кеңінен қолданылады. Оқушылардың осы математикалық ұғымдарды қозғалыстың жылдамдығы мен үдеуінің бағытын анықтауда қолдана білуі өте маңызды. Себебі қозғалыс кезінде қозғалыстың жылдамдығы мен үдеуі бағыттас не болмаса қарама-қарсы болуы мүмкін, Ол арқылы қозғалыстың бір қалыпты, бір қалыпсыз, үдемелі не кемімелі екендігін анықтауға болады. Сонымен қатар дененің қозғалыс графигін сызу кезінде жүрілген жол жылдамдықтың уақытқа тәуелділігінің графигінде оның сызған ауданы арқылы анықталады. Бұл жағдайда график сызу арқылы трапецияның ауданын анықтайды. Ал қисық сызықты қозғалыс кезінде шеңбердің ұзындығы, шеңбер бойымен қозғалған дененің бұрылу бұрышы арқылы жылдамдық пен бұрыштық жылдамдықтың байланысын беретін формуланы қорытып шығару үшін оқушылардың геометриядан алған білімдері қолданылады.

10 сыныпта изопроцестерді оқыту барысында сызықтық функция және оның графигі, кері пропорционалдық байланыс, $y = \frac{k}{x}$ функциясы мен оның графигін түрлі процестерді салыстыру арқылы түсіну үшін олардың қасиеттерін түсіне білуі керек. Сонымен қатар оқушылардың электр өрісі, оның керенулігі, суперпозиция принципі, магнит өрісі, магнит өрісінің индукция

векторының физикалық мағынасын түсіну үшін векторлардың координата осіндегі проекциясы, векторларды қосу ережелерін білу өте маңызды [2].

11 сыныпта еркін электр тербелістерінің физикалық мағынасын, табиғатын түсіну үшін оқушылардың гармоникалық функцияның қасиетін, теңдеуден екінші рет туынды алу жолдарын толық меңгерген болуы қажет. Ал радиактивтіліктің ыдырау көрсеткіштік функциясының қасиеттерін білуі керек.

Физикадағы түрлі процестерді сипаттауда олардың сандық бағалау өте маңызды екендігі айқын. Олай болса оқушы кез-келген оқушы физикалық құбылысты сипаттау барысында математикалық амалдарды еркін қолдана алатындай болуы керек. Бұл әрдайым оңай жүзеге аса бермейді. Оның өзіндік себептері болуы мүмкін. Дегенмен сабақты түсіндіру кезіде аздаған қиыншылық туғызатын тақырыптарда кіріктірілген (интеграциялық) сабақ өткізудің пайдасы зор болар еді. Себебі, интеграциялық сабақтың мақсаты да пәнаралық байланысты нығайтуға негізделген. Сыныпқа математика және физика пәндерінен беретін мұғалімдер бірігіп жүргізетін интеграциялық сабақтарда осы екі пәннен өтілетін материалдардың байланысы негізге алынады. Осындай сабақтардың басты мақсаты- пәндер арасындағы байланысты ашып, оқушыларға терең білім беру, олардың ойлау қабілетін дамыту. Осылайша оқытылатын материалдарын бағдарламаларға сәкестеп біріктіре отырып оқыту оқушылардың материалды өз бойына сіңіруіне, сапалы білім алуына жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. В.Е.Серікбаева. Математиканың пәнаралық байланыстары:Оқу-әдістемелік құрал.- Алматы, 2007.-199 б.

2.Межпредметные связи дисциплин естественно-математического цикла: Под ред. В.Н.Фёдоровой. – М.: Просвещение, 1980.

ӘОЖ 53(076.1)

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нокатов Ж.Т., студент.
Ғылыми жетекші: Туркменбаев Ә.Б.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада физика пәнін оқытуда заманауи білім беру технологияларын қолданудың тиімді әдістері мен маңыздылығы қарастырылады.

Түйінді сөздер: физика, педагогикалық технологиялар, оқыту әдістері.

Еліміздің білім беру жүйесінің жаңа стандарттарға көшу жағдайында басты міндет жүйелі-қызметтік әдісі негізінде оқушы тұлғасын дамыту болып табылады.

Жаңа білім беру парадигмасына көшу жаңа стандартты іске асыратын мұғалім қызметіндегі түбегейлі өзгерістерге алып келеді. Оқу үдерісін ақпарат беру тәсілі ретінде ұғынудан бас тартып, мұғалімнің танымдық іс-әрекетті ұйымдастырушы ретінде рөлін мойындау қажет.

Азғантай уақыт ішінде білім, білік, дағды жинақтауға арналған дәстүрлі оқытуды, баланың тұлғасын дамыту үдерісіне бағытталған оқытуға қалай айналдыруға болады? Бірінші кезекте, жаңа педагогикалық технологиялардың көмегімен оқу үдерісінің біржақтылығынан арылуға, оны мобильді, әртүрлі және қызықты етуге мүмкіндік береді.

Физиканы оқыту, пәннің өзіндік ерекшелігіне байланысты, оқыту технологиялары мен әдістерінің кең ауқымын ұсына отырып, құзыреттілік әдісін жүзеге асыру үшін қолайлы орта жасайды.

Педагогикалық іс тәжірибе кезінде біздер технологияларды таңдауды оқылатын материалға, білім алушылардың дайындық деңгейіне, олардың қызығушылықтары мен бейімділігіне байланысты жүзеге асырдық. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарын іске асыру үшін біздер педагогикалық іс тәжірибе кезінде мынадай технологияларды барынша табысты қолдандық:

- сыни ойлауды дамыту технологиясы;
- жобалау технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- жобалау қызметінің технологиясы [1].

Жоғары сыныптарда мен зерделенген күрделі тақырыптарды жалпылау кезінде, сондай-ақ қандай да бір физикалық құбылысты қолдану мәселелерін қарау кезінде тәжірибелік сабақтар жүйесін әзірлеп, іске асырдық. Осындай сабақтарға дайындық кезінде оқушылар шағын топтарда жұмыс істейді.

Тәжірибе сабақтарының жүйесі сыныптың барлық оқушылары үшін табысқа жету жағдайын жасай отырып, жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдісін қолдануға мүмкіндік береді. Озық сипаттағы тапсырмаларды дайындай отырып, біздер оқушының оқу бейінін, оның мүдделері мен бейімділігін ескереміз. Гуманитарлық бағыттағы оқушылар физиканың дамуына үлес қосқан ғалымдардың ғылыми жаңалықтарының ашылу тарихымен және тұлғалармен байланысты тапсырмаларды жиі алады. Химия-биологиялық бейіндегі оқушылар қоршаған ортаға құбылыстардың әсерін тигізуі қажет жобаларды сәтті игереді. Физика-математикалық бейіндегі оқушылар құралдардың жұмыс істеу принципі мен конструкциясына байланысты мәселелерді қарастырады.

Педагогикалық іс тәжірибеде біздер сыни ойлау технологиясының элементтерін: синквейн, кластер, ми шабуылы, жұқа және қалың сұрақтар, фишбоун, зигзаг және т.б. белсенді қолдандық

Ми шабуылы әдісі әр оқушыға өз пікірін немесе идеясын айтуға мүмкіндік береді, өйткені бағалау қызметін болжамайды. Бұл өзін-өзі бағалауды айтарлықтай жоғарылатады және өзінің жетістіктерін оқушыларға көрсетуге мүмкіндік береді.

Зигзаг әдісі сабақты оқу үдерісіне барлық оқушыларды қатыстыра отырып және соңғы нәтиже үшін жеке жауапкершілікті қалыптастыра отырып, ұтқыр етуге мүмкіндік береді. «Ядролық қару», «Ядролық энергетика», «Әр түрлі ортадағы электр тогы», «Жылу қозғалтқыштары» және т.б. тақырыптарды оқу кезінде жоғары сыныптарда бұл әдісті белсенді қолдандық.

Кластерді қабылдауды зерделенген материалды жүйелендіру үшін қолданамыз: ол материалдың үлкен көлемін, әсіресе ақпаратты қабылдаудың көрнекі түрі оқушыларға құбылысты көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі.

Проблемалық оқыту технологиясын сабақ басында ұйымдастыру немесе бекіту кезеңінде белсенді қолданамыз. Оқушылардың алдына топта жұмыс істей отырып, шешу қажет мәселе қойылады. Фактілерді талдау, құбылыстарды бақылау негізінде олар өз бетінше тұжырымдар мен қорытындыларды жасайды, ережелерді, заңдарды тұжырымдайды, бар білімді жаңа жағдайда қолданады [2].

Проблемалық жағдайлардың мысалдары: Неге дене жүзеді? Үйкеліс күшінің пайдасы немесе зияны? Жылу қозғалтқыштары: прогреске жету немесе ...? Жарық толқыны немесе бөлшектер? Мәңгілік қозғалтқыш: шындық немесе қиял?

Сондай-ақ, оқушыларға түсіндіру қажет демонстрациялық эксперимент проблемалық жағдай болуы мүмкін.

Барлық аталған әдістер ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бірге тиімді үйлеседі және өзінің әсерін күшейтеді. Педагогикалық іс тәжірибе кезінде АКТ-ны кең ауқымда қолдандық. Мысалы, жекелеген тақырыптар бойынша интерактивті тақтада презентациялардан бастап жеке гаджеттермен жұмыс істеуге дейін.

Қорытынды аттестаттауға дайындықты ұйымдастыра отырып, онлайын бағдарламалар мен «Решу ЕГЭ», «Классная физика» және т.б. тренажерларды қолдандық, бұл оқушыларға өзіне ыңғайлы және онлайн режимде жұмыс істей отырып, өз білімдерінің нақты бағасын алуға, ал

біздерге оқушылардың білім сапасының деңгейін анықтауға және кеткен олқылықтарды түзету, жою бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік берді.

Виртуалды демонстрациялық экспериментті біздер жаңа физикалық құбылысты түсіндіруде, күрделі процестерді демонстрациялауда, физикалық құбылыстардағы өзгерістерді егжей-тегжейлі қарастыру үшін қолдандық. Бұл оқытудың проблеманы іздеу әдісінің негізі, ол кезде оқушылар эксперимент нәтижелері бойынша проблемалық сұраққа талдау және жауап беру қажет. Бұл ретте компьютерлік модель физикалық құбылыстардың демонстрациясын алмастырмайды, тек нақты физикалық тәжірибені толықтырады [3].

Формулаларды есте сақтау үшін интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қолданамыз. 7-11 сыныптар үшін «дұрыс емес формуланы алып таста», формулаларды сәйкестендір және т.б дидактикалық материалдарды дайындап, табысты қолдандық.

Қазіргі оқушылардың ғаламтор желісіне шығатын түрлі мүмкіндіктері аз емес. Осындай ресурсты оқу үдерісіне қолданбау қате болар еді. Сондықтан, сабақта даулы жағдай пайда болғанда, біздер ғаламтор желісінен жауап табуды ұсындық. Nearpod жүйесінде ұжымдық презентациялар жасау әдісін де қолдануды үйреттік.

Жаңа ақпараттық технологияларды физика сабақтарында пайдалана отырып, оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыруға қызығушылығын арттырып, түрлі деңгейдегі есептерді шығарып, оны талдай білуге үйретіп отырамыз. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, интернет желісінен сабаққа қажетті деректерді өз бетімен ізденуге, компьютерлік сауаттылықтарына бағыт беріп отырамыз.

Қорыта айтқанда жаңа технологиялардың немесе олардың элементтерінің оқу үдерісімен үйлесімі оқушылардың жеке ерекшеліктері мен сабақтың іс-әрекеттік және мазмұндық жағын ескере отырып, әмбебап оқу іс-әрекеттерін дамытуды біріктіруге мүмкіндік беретін оңтайлы жол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Момынбаев Б. Жаңа ақпараттық технологиялар негізінде білім сапасын жоғарылату // Білім–Образование. - 2009. - № 4. - 3 б.

2. Голуб Г.Б., Чуракова О.В. Метод проектов как технология формирования ключевых компетентностей учащихся. - Самара, 2006. – 154 с.

3. Извозчиков В.А. Дидактические основы компьютерного обучения физике. – Л.: ЛГПИ, 2006. – 91 с.

ӘОЖ 159.9(045)

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нұрлыбай Л., студент,
Ғылыми жетекші: Туркменбаева М.Б.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, тәсілдері мен принциптерін негіздеумен қатар психологиялық зерттеулерді сәйкесті түрде ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Педагогикалық тәлім-тәрбие, білім жүйесі, психологиялық білім.

Қазіргі қоғамдағы түбегейлі өзгеріс-бетбұрыстар жағдайында кәсіби және тұлғалық дамуды қарқынды ететін білім түрлеріне, технологияларға қажеттілік барынша артып келе жатыр. Егемен еліміздің қоғам алдына қойып отырған әлеуметтік талаптарды қанағаттандыру, жоғарғы оқу орындарда студенттердің білім дәрежесін тереңдетіп арттыру мен тәрбиелеу және сапасын жақсарту, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі.

Әлемдік өсу өркендеу жолына ұмтылған жас мемлекетіміздің білім жүйесі – жаңаша заманның қажеттіліктері мен сұраныстарына, өмір талабына сәйкес болуы керек. Демек жаңаша жол іздеу арқылы, ел егемендігіне сай, білім жүйесін қалыптастыруға мүдделіміз, өйткені болашақта еліміздің сенімді тірегі – білімді ұрпақ болмақ.

Қазіргі кезде жоғары мектеп алдында болашақ мамандардың кәсіптік деңгейін көтеру міндеті қойылып отыр. Жоғары оқу орындарындағы оқу процесі күрделеніп қойылатын міндеттері, қарқындылығы мен мазмұндылығы жағынан оқытушыдан оқу іс-әрекетін оның принциптерін, оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің заңдылықтарын психологиялық тұрғыдан терең ұғынуды, ақыл ойы, парасаты, белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Жоғары оқу орнында білім алудың алғашқы кезеңдерінде студент оқу -тәрбие процесінің объектісі ретінде көбірек әрекет етеді. Бой үйрету барысында ол жаңа шарттар мен міндеттерді игеруі шарт. Іздемпаздық жұмыс көлемі мен мәнінің артуы, жаңарту сипатынддағы оқу танымдық қызметтен оның жемісті түрлеріне көшу, ынта ықыластың пайда болуы және оқу зерттеу қызметіне қатысу студенттің оқу-тәрбие процесінің субъектісі екендігінің айғағы [1].

Студенттердің білім іскерлігі мен дағдылары, негізіне танымдық іс-әрекеттерінде қалыптасады. Оқыту барысында студенттердің қызығушылығы, қабілеттері, ниеттері, темперамент, мінез- құлықтарының және басқа да қырлары көрінеді, сондықтан да оқытушылар негізгі мақсатқа жету қандай психологиялық процестер, жағдайлар мен қасиеттерге байланысты екенін, оқу материалын қалай ұтымды пайдалану, теориялық және практикалық даярдлығы бар болашақ мамандарды жан-жақты оқыту жағдайларын білуі қажет.

Материалды баяндау қисынының мінсіздігі, мазмұнының тереңділігі ғылымның табиғаты мен принциптерін есепке алу – ғылыми әдістеменің осы маңызды құрастырушылары егер де оқытушы оқыту процесінің психологиялық жағын ескермесе қажетті нәтиже бермейді.

Педагогикалық тәлім-тәрбие алдында үлкен міндеттер тұр, педагогикалық мәселелердің табысты шешілуі де соларды шешумен байланысты. Олардың біреуі, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, тәсілдері мен принциптерін негіздеумен қатар, әсіресе оқыту және тәрбиелеу ісінде жаңаны жан-жақты іздестіру, жаңа соқпақ салу үшін психологиялық зерттеулерді сәйкесті түрде ұйымдастыруды көздейді. Осы біріншіден шығатын екінші міндет, ғылыми-техникалық прогрестің жоғары мектепке қоятын талаптарынан туындайды. Бұл жерде бірінші орынға танымдық белсенділікті қалыптастыру проблемасы шығады, ол мәселені шешу студентке әрдайым жаңарып отыратын мәліметтерді ақпараттарды өз бетімен игеру, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін де ғылыми мәдениетінің жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік беретін қабілеттерінің дамуын қамтамасыз етеді.

Оқытудың тиімділігі туралы мәселелерді қарастырғанда педагогтар мен психологтар оқыту процесінің мәні мен заңдылықтары туралы мәліметтерге сүйенеді. Оқу – адамның жеке-дара танымының ерекше формасы. Адамның танымдық іс-әрекеті, объективті түрде танылғаны немесе танылмағаны, бәрі де бір заңдармен іске асырылады.

В.В.Дывадов, А.Н.Леонтьев, Н.Ф.Талызина зерттеулері көрсеткеніндей жоғары мектептегі оқу процесі мақсаттары, мотивтері мен ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық процестердің іске асырулуымен аяқталатын таным процестері мен әртүрлі эмоциялық көріністер және т.б. сипатталатын, сапалы, өте зор күш-жігерді қажет ететін ақыл-ой әрекеті [2]. Студенттердің оқу іс-әрекеті – оларға белгілі білім көлемін ғана мәлімдеу емес, сонымен бірге оқыу процесі үшін де, кейін де өз бетімен еңбектенуіне де маңызды, еңбекке шығармашылық көзқарасты қалыптастыру.

Танымдық белсенділікті қалыптастыруды зор роль атқаратын студенттердің өзіндік жұмысы, оның ерекшелігі – білім, іскерлік, дағды мен қатар, жеке тұлғалық сапасы ретіндегі дербестілік қасиетін жетілдіруінде жатыр. Тәжірибеден байқалғандай, студенттердің өзіндік жұмысының табысты болуы үшін мына шарттар қажет: а) жұмыстың осы түрі жайлы анық та айқын түсініктің болуы, ә) өз бетімен жұмыс істеуге ықыласы мен іскерлігінің болуы, б) бақылауды іске асыру.

Бірінші шарт оқытушылардың бүкіл оқыту кезеңінде мақсаттылық пен еңбек етуін талап етеді. Мұндай жұмыстың нәтежесі от басындағы жағдай, тәрбие деңгейі, жалпы мәдениеті,

жоғары оқу орнындағы сәйкесті психологиялық және еңбекке даярлыққа және т.б. тәуелді еңбекке деген көзқарас.

Екінші шарт орындалуының өте маңызды да қажетті шарты жеке тұлғаның мотивтері мен өзіндік жұмысқа деген жалпы психолгиялық бағдарының қалыптасуы олардың танымдық іс-әрекетті қарқынды етудегі пайдасы педагогикалық процесс барысында студенттерді мақсатталған психологиялық тұрғыдан жұмылдырып алдағы жұмыстар үшін анық нұсқаулардың болуын талап етеді.

Оқуға деген ықылас болмаса оқудың өзі оған қатыссыз мақсаттарды іске асыру, қызметке тағайындалу, ақша табу және тағы басқа үшін қажетті сырттай күштеп жасалынатын жұмыстың мәніне ие болады. Жеке адам дамуында оң мотивациясынсыз жоғары нәтижелерге жету мүмкін емес.

Танымдық іс-әрекеттегі оң мотивациялар: алдағы міндеттерді орындау сезімі, кәсіпті игерудің маңыздылығын түсіну, жаңа материалды ұғынудағы күрделі міндеттерді шешудегі қанағаттану сезімі, оқуға және жеке ғылымдарға қызығушылық болыа есептеледі. Мотивацияға сонымен бірге сабақтың мазмұны, оқыту әдістемесі, оқытушының жеке тұлғасы, студенттік ұжымдағы өзара қарым-қатынас, жарысу, қол жеткен нәтижелер әсер етеді.

Білімнің рөлін түсіну оны игерудегі дербестік пен бақылау, әртүрлі міндеттерді шешудегі шығармашылықтық оның терең де берік игерілуін қамтамасыз етеді. Білімді белсенді түрде пайдалану процесінде ғана, ал жалпылама және беріктілеу болып, кейбіреуі іскерлік пен дағдыға айналады. Дағдының тиімді түрде қалыптасуы студенттер өз жұмысының қажеттігін терең түсінгенде, әрекеттерді игерудегі қызығушылық, қателіктерді ұғыну және де оқытушы тарапынан дер кезінде қолдау, көтермелеу болып отырғанда ғана мүмкін. Оқыту барысында түсіндіру, лабораториялық және практикалық жұмыстарды жүргізу, машықтандыру, студенттерлің өз бетімен істейтін жұмыстарында көмектесіп отыруы керек.

Өзіндік жұмыстарға дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы – оқыту процесімен байланысты, аудиториямен тікелей қарым-қатынас кезінде оқытушы ұйымдастырған икемді және мақсатталған бақылау болады. Оқытушы мен студенттің қарым-қатынасының негізгі формаларын көрсетуге болады: тапсырманы іріктеу, студент жұмысының дербестік формаларын күнделікті бақылап - тексеру, жұмысты дайындау мен қорғауда кеңес беру. Бұлардың маңызы зор, себебі көп жағдайда үлгерімді көтеріп қана қоймай, әрбір студенттің жеке тұлғасының потенциалды мүмкіндіктерін де айқындайды. Жоғары оқу орындарындағы практикалық және дәріс сабақтары орташа студенттің жеке дара ерекшеліктеріне есептелгендіктен (мысалы, дайындық деңгейі, қабылдау шапшаңдығы, зейінін шоғырландыру қабілеті, ойлауының икемділігі), ол сабақтарды не қызықсыз, не күрделі етеді. Жұмыстың дербестік формаларды өзіндік жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Бұл жағдайда түсініксіз материалдарды түсіндірумен қатар, семинар сабағына жақсылап дайындалу, емтиханға қалай дайындалу, қажетті материалдды қайдан іздестіру, жұмыс барысында қандай әдістемені пайдалану туралы кеңес беруде өте маңызды. Студентке нақты шешімді айту емес, ұсынылған нұсқаны талқылауда оппонент түрінде көрінген жөн. 3-4 студент үшін ұқсас тапсырмаларды таңдау керек, олар жауапарды талқылағанда әртүрлі шешімдерді ұсынуы мүмкін, өз пікірлерін қорғауға үйренеді, оның өзі жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастырудың маңызды шарты.

Қорыта айтқанда, педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды тез әрі сапалы меңгертуге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андриади И.А. Основы педагогического мастерства / И.А. Андриади. – М.: «Академия», 1999. -160 с.

2. Абдулина О.А. Личность студента в процессе профессиональной подготовки // Выс. обр в Россий. 1993. №3.

УДК 82-131

КУММУНИКАТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРОННОМУ ЯЗЫКУ И ЕГО ПРАКТИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ

Утесова К.У.
Каспийский государственный университет
технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, г. Актау

Иностранный язык сегодня является не просто частью культуры определенной нации, но это и залог успеха, будущей удачной карьеры студентов. Достижение высокого уровня владения иностранным языком невозможно без фундаментальной языковой подготовки в высшей школе. Преподавателю важно знать новейшие методы преподавания иностранного языка, специальные учебные техники и приемы, чтобы оптимально подобрать тот или иной метод преподавания в соответствии с уровнем знаний, потребностей, интересов студентов. Ведь методы обучения не являются, какими простыми «алгоритмизированной единицами», их рациональное и мотивированное использование на уроках иностранного языка требует креативного подхода со стороны преподавателя, ведь «педагогика является наукой и искусством одновременно, поэтому и подход к выбору методов обучения должна основываться на творчестве педагога».

В последнее время в области изучения иностранных языков особенно популярным стало понятие «коммуникативности» и «коммуникативного подхода» в обучении. В зарубежной методической литературе это понятие обозначается как Communicative language teaching (CLT) или Communicative approach. В широком смысле эти термины обозначают такой подход в обучении иностранному языку, при котором общение, процесс взаимодействия с речевым партнером является одновременно и средством, и целью обучения. Появился этот подход к обучению в 70х-80х годах прошлого века в результате многочисленных независимых исследований и разработок как в Европе, так и в Соединенных Штатах. С одной стороны, это произошло потому, что с созданием европейского экономического сообщества существенно вырос спрос на иностранные языки, особенно в Европе. Этот возросший спрос привел к тому, что преподавателям пришлось менять подход в обучении иностранным языкам.

Коммуникативный метод призван, в первую очередь, снять страх перед общением. Для успешного применения данного подхода требуется помощь высококвалифицированного преподавателя данного иностранного языка, который должен помимо базового классического подхода обладать навыками живого разговорного общения. Сегодня назрела острая необходимость создавать, изучать и применять педагогические новшества (как теоретические, так и практические). Преподаватель должен разрабатывать, изучать, применять и продвигать новые (предлагаемых наукой) педагогические технологии, теории, концепции, которые необходимо и изучать, и внедрять.

Коммуникативная компетенция уточнила, что значит «знать язык». В дополнение к совершенному владению говорящим структурами языка, коммуникативная компетенция также подразумевает способность адекватно использовать эти структурные элементы в различных ситуациях общения. Согласно мнению современных зарубежных исследователей основными отличительными характеристиками коммуникативного обучения являются следующие:

В высказывании первично содержание (а не структура или форма).

Диалоги, если они используются, основаны на коммуникативных функциях и обычно не заучиваются. Новая лексика вводится только в контексте.

Учить язык — значит учиться общению. Цель обучения — это эффективная коммуникация на иностранном языке. Задания на отработку (drilling) могут применяться, но лишь эпизодически. Произношение должно быть понятным (но не обязательно как у носителя языка). При объяснении грамматики применяется любое средство, которое приносит пользу студентов и соответствует их возрасту, интересам и т. д. Попытки вступить в реальную коммуникацию приветствуются с самого начала обучения. Основная цель обучения — это беглость речи и

уместное использование лексических единиц; грамматическая корректность определяется не абстрактно, а только в контексте Главной задачей данной методики является научить студента не только свободно говорить на языке, но и думать на нем. Язык очень тесно переплетен с культурными особенностями страны. Кроме того разграничение по возрастным группам и многоуровневый подход способствуют популяризации индивидуального подхода. Все коммуникативные методики нацелены на развитие четырех языковых навыков: чтения, письма, говорения и восприятия текста на слух (аудирования). Классический способ обучения, основанный на изучении грамматики и переводе текстов клишированными книжными фразами, ориентирован на академическое изучение языка: он дает углубленное понимание грамматической структуры, устойчивый навык письменной речи, сопровождающийся более высокой грамотностью.

Большой популярностью пользуется работа в парах и небольших группах, использование ролевых игр, даже постановка спектаклей, особенно для школьников. То есть обыгрывается любая жизненная ситуация с применением накопленных языковых навыков и использованием исключительно лексики иностранного языка с подключением невербальных средств общения. С помощью таких заданий преподаватель старается максимально приблизить участников занятий к условиям реального общения. Также в процессе обучения активно используются дискуссионные игры. Проблематика поставленной задачи раскрывается путем перекрестного высказывания мнений студентов, наводящими вопросами преподавателя и обменом мнений не только между студентами, но и преподавателем. Занятия такого рода способствуют раскрепощению аудитории, снятию психологической напряженности и преодолению языкового барьера, что позволяет выражать свои мысли яснее и грамотнее. Постепенно тематика таких занятий прогрессирует от простой к более сложной. Для коммуникативной методики преподавания разработаны специальные пособия. В основном это оксфордский и кембриджский подходы в изучении иностранного языка. Наиболее известные пособия, основанные на коммуникативной методике, — это английские Headway, Blueprint, English File и многие другие. Учебники имеют уровневую структуру, начиная с наиболее простого (elementary), заканчивая наиболее сложным (advanced). Пособия, разработанные на основе коммуникативной методики, содержат множество игровых ситуаций, работы с партнером, заданий на поиск ошибок, сравнения и сопоставления, подключающие не только память, но и логику, умение мыслить аналитически и образно. Часто в учебниках приводятся выдержки из англо-английского словаря. Весь комплекс приемов помогает создать англоязычную среду, в которой должны "функционировать" студенты: читать, общаться, участвовать в ролевых играх, излагать свои мысли, делать выводы. Оксфордские и кембриджские курсы ориентированы на развитие не только языковых знаний, но также креативности и общего кругозора студента. Следовательно, для коммуникативной методики характерно максимальное погружение студента в языковой процесс с минимальным использованием языка-посредника, то есть родного языка.

Основным принципом таких учебников является применение различных практических навыков в изучении иностранного языка, в частности составление диалогов, дискуссионные игры, чтение и анализ текстов из неадаптированных реальных источников. Большой популярностью пользуется восприятие речи на слух (аудирование), так как пособия оснащены аудиоматериалами. Учебники имеют красочные иллюстрации, фотографии. Чаще всего переводные упражнения полностью отсутствуют, при работе с лексикой используют подстановочные упражнения, а также логические загадки, головоломки. Традиционные методы, какие как грамматико-переводной, подразумевали, что учащиеся начинают изучать иностранный язык за несколько лет до того, как его придется использовать в реальной жизни

От студентов требуется общение с живыми людьми (а не с системой языка, воплощенной в машинах или контрольных заданиях) в группах или парах, либо путем письменного общения. На занятии преподаватель не может точно знать, каким образом студенты будут использовать иностранный язык (решение об этом принимают сами студенты без соответствующей установки от преподавателя).

Подлинная мотивация появится тогда, когда у студента возникнет интерес к содержанию иноязычного сообщения. На практике, при обучении, например, грамматике коммуникативный подход означает следующую последовательность действий:–Сначала студенты читают текст. Акцент делается на их активном вовлечении в процесс обучения. – Затем из текста выделяются примеры на данное грамматическое правило и анализируются самими студентами . – Далее, эти примеры используются в качестве основы для заданий, которые нацелены как отработку самой структуры и ее формы, так и на смысловое значение, которое мы можем передать при помощи этой структуры. – И наконец, студенты сами должны найти подобные примеры в тексте и вывести соответствующее грамматическое правило.

Свою точку зрения по вопросу коммуникативного обучения иностранному языку высказывают, специалисты в области прикладной лингвистики и образования, авторы многочисленных профессиональных статей и учебников, Дж. Ричардс и Т. Роджерс. Они считают, что коммуникативное обучение языку это, скорее, подход, а не метод. Они описывают коммуникативный подход к обучению языку при помощи определенных принципов и целей обучения языку, способов усвоения языка учащимся, типов заданий и упражнений, используемых при обучении, а также роли учителя и ученика в процессе обучения. Согласно этому подходу, основными принципами обучения являются следующие :

– Коммуникативный принцип: обучение происходит при помощи упражнений, которые стимулируют реальную коммуникацию;

– Принцип коммуникативных заданий: обучение происходит при помощи упражнений, в которых язык используется для выполнения интересных и наполненных смыслом задач;

– Принцип значимости и осмысленности: обучение происходит при помощи языка, который учащийся использует осмысленно.

Коммуникативный подход позволяет нам самим расставить акценты между этими аспектами и сделать обучение сбалансированным. Иногда мы, действительно, можем уделить больше внимания грамматическим правилам и структурам в ущерб их коммуникативной ценности. Грамматическая точность будет важнее в том случае, если учитель хочет достичь четкости в высказывании студентов, скорректировать их речь, измерить успешность их обучения. Более свободная речевая практика дает студентам больше выбора, может быть более неопределенной, размытой, подразумевает меньшее вовлечение со стороны учителя. Коммуникативно-ориентированное обучение подразумевает личностно-ориентированный подход, акцент переносится на самих учащихся, им дается больше инициативы и свободы на занятии. Но это не означает, что уроки иностранного языка проходят спонтанно. Они четко структурированы преподавателем, который играет очень важную роль в процессе обучения. Он проводит огромную подготовительную работу, организует общение, дает коммуникативно-значимые задания. Работа над речевой грамотностью служит основой для речевой беглости. Коммуникативный подход подразумевает обучение студентов лексике, грамматическим структурам и функциям, точно также, как и коммуникативным стратегиям, для того, чтобы они могли успешно решать стоящие перед ними задачи в процессе общения.

Коммуникативный метод является наиболее приближенным к реальной жизни. Он делает упор на активизацию устной, а не книжной речи, вызывая тем самым у учащихся дополнительную заинтересованность и мотивацию в изучении иностранного языка.

ЛИТЕРАТУРА

1.Пассов,Е.И. Коммуникативное иноязычное образование: Мн.:Лексис,2003.—184с.

2.Волкова Н.П. Педагогика: Учеб. пособие.—М.:Академвидав, 2007. — 616 с.

3.Кузьминский А. И., Омельяненко В. Л. Педагогика: Учебник. — М.: Знание-Пресс, 2008. — 447 с. Методика обучения иностранным языкам в средних учебных заведениях: Учебник / М.:Ленвит,1999.—320с.

4.Захарова Е.А.Коммуникативное обучение иностранному языку и его практическая значимость. Молодойученый.—2016.—№5.—С.676

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Түгелбаев А., студент
Ғылыми жетекші: Демеев А.Д., Бекешов С.С.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасындағы демографиялық процестердің даму кезеңдері, түрлі жылдарда халық санының динамикасы, көші-қон сальдосы, жұмыссыздық, халықтың өмір сүру ұзақтығы мәселелері, демографиялық ахуалдың оң ерекшеліктері қарастырылды.

Түйінді сөздер: өмір сүру ұзақтығы, халық саны, демографиялық ахуал, көші-қон, иммигранттар.

1991 жылдан 2013 жылға дейінгі кезеңде Қазақстандағы демографиялық процестердің ерекшеліктерін анықтау үшін қарастырылып отырған кезеңді шартты түрде үшке бөлуге болады.

1-кесте - Қазақстан Республикасының халқы және туу, өлім және табиғи өсімнің жалпы коэффициенті (1991-2012 жылдар)

Жыл соңына	Барлық халық, мың адам	1000 адамға		
		Туылғандар саны	Өлгендер саны	Табиғи өсім
1992	16426,5	20,5	8,4	12,1
1993	16334,9	19,3	9,5	9,8
1994	15956,7	18,7	9,9	9,0
1995	15675,8	17,5	10,7	6,8
1996	15480,6	15,9	10,4	5,5
1997	15188,2	15,2	10,4	4,8
1998	14955,1	14,8	10,2	4,6
1999	14901,6	14,6	9,9	4,7
2000	14865,6	14,8	10,0	4,8
2001	14851,1	14,9	10,0	4,9
2002	14866,8	15,29	10,05	5,24
2003	14951,2	16,63	10,41	6,22
2004	15074,8	18,19	10,14	8,05
2005	15219,3	18,42	10,37	8,05
2006	15396,9	19,71	10,27	9,44
2007	15571,5	20,79	10,22	10,57
2008	15776,5	22,7	9,7	13,0
2009	16036,1	22,71	9,23	13,48
2010	16204,6	22,5	8,9	13,6
2011	16441,9	22,5	8,7	13,8
2012	16675, 3	22,7	8,5	14,2

Бірінші кезең - 1991-1999 жылдар әлеуметтік-экономикалық тұрғыда ол нарықтық қатынастардың қалыптасуы, өндірістегі апатты құлдыраумен, жаппай жұмыссыздықтың пайда болуымен сипатталды. Бұл кезеңде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректеріне сәйкес, халық саны 155,0100 адамға азайған, табиғи өсімнің жалпы коэффициенті1991 жылы 13,3-ден 1999 жылы 4,7-ге дейін, яғни, 2.8 есе төмендеді. Бұл статистика 1-кестеде келтірілген [1].

Статистикалық материалдардың көрсетуінше 1000 адамға шаққандағы ең төменгі туу жылы - 14,6 болды. Бұдан басқа, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының төмендеуі байқалды. Сонымен қатар, 1991-1999 жылдары бұл көрсеткіш ер адамдар арасында 2,4 жасқа (1991 жылы - 62,6, 1999 жылы - 60,6), әйелдер арасында - 1,2 жасқа төмендеді (2-кесте) [1].

2-кесте - Қазақстан Республикасы халқының күтілетін өмір сүру ұзақтығы (1991-2012), жыл басына

Жыл	Күтілетін өмір сүру ұзақтығы, барлық халық, жас	Сол санда		Әйелдердің өмір сүру ұзақтығының артықтығы
		Ер адамдар (жас)	Әйелдер (жас)	
1991	67,6	62,6	72,4	9,8
1992	67,4	62,4	72,3	9,9
1993	65,4	60,1	70,8	10,7
1994	65,9	59,7	70,3	10,6
1995	63,5	58,0	69,4	11,4
1996	63,6	58,0	69,7	11,7
1997	64,0	58,4	69,9	11,5
1998	64,5	59,0	70,4	11,4
1999	65,7	60,6	70,9	10,3
2000	65,5	60,2	71,2	11,0
2001	65,8	60,5	71,3	10,8
2002	66,0	60,7	71,6	10,9
2003	65,9	60,5	71,5	11,0
2004	66,2	60,6	72,0	11,4
2005	65,9	60,3	71,8	11,5
2006	66,2	60,7	72,2	11,5
2007	66,3	60,7	72,6	11,9
2008	67,1	61,9	72,4	10,5
2009	68,4	63,4	73,3	9,9
2010	68,4	63,5	73,3	9,8
2011	69,0	64,2	73,8	9,6
2012	64,9	64,9	74,4	9,5

Статистикадан орташа өмір сүру ұзақтығының төмендеуі ғана емес, сонымен бірге адамдардың жыныстық белгісі бойынша айтарлықтай саралануы байқалады. Әйелдер мен ерлердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы айырмашылық 1991 жылы 9,8-ден 1996 жылы 11,7 жылға дейін өсті.

Демографиялық ахуалдың нашарлауы аясында бала туу көрсеткішінің азаюы мен өлім-жітімнің өсуіне байланысты халықтың көші-қон шығындарының қолайсыз үрдісі қалыптасты.

Ресми статистикалық мәліметтер негізінде [2], біздің есептеулеріміз бойынша 1991 жылдан 1999 жылға дейін Қазақстаннан 2,5 миллионнан астам адам сыртқа көшіп кеткен (3-кесте).

Осылайша, 1991-1999 жылдары халықтың көбею үрдісінің нашарлауы - халықтың туу деңгейінің төмендеуіне, эмигранттар санының өсуіне және өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне байланысты халықтың азаюы байқалды.

Екінші кезең - 2000-2008 жж. - Қазақстандағы бұл кезең экономиканың тұрақты қалпына келуімен, халықты өсу процестерін реттейтін стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларды қабылдаумен белгілі болды. Нәтижесінде оң өзгерістер байқалды, ең алдымен, республика халқының саны 910,9 мың адамға артты.

Миграциялық процестерде елеулі өзгерістер болғанын - атап өту керек. Көшу жағдайында - 2004 жылы иммигранттар саны, яғни Қазақстан Республикасына кіруші азаматтардың саны, эмигранттардан асып түсті. Тәуелсіз даму кезеңінде алғаш рет оң көші-қон сальдосы байқалды (3-кесте) [1].

3-кесте - Жыл басында Қазақстан Республикасы халқының сыртқы көші-қоны, адам

Жыл соңына	Иммигранттар	Эмигранттар	Көші-қон сальдосы
1991	170787	228473	-57686
1992	161499	317760	-156261
1993	111082	330107	-219025
1994	70389	477068	-406679
1995	71137	309632	-238495
1996	53874	229412	-175538
1997	38067	299455	-261388
1998	40624	243663	-203039
1999	41320	164947	-128355
2000	47442	155947	-108307
2001	53548	141710	-88162
2002	58211	120223	-62012
2003	65584	73890	-8306
2004	68319	65530	2789
2005	74807	52139	22668
2006	66731	33690	33041
2007	53397	42435	10962
2008	46404	45287	1117
2009	41485	33983	7502
2010	41996	26531	15465
2011	38004	32902	5102
2012	28293	29721	-1428

Осылайша, екінші кезеңдегі демографиялық жағдайдың тән ерекшеліктері: туудың біршама өсуі; көшіп келушілер санының көбеюі және жалпы оң көші-қон сальдосы; өмір сүру ұзақтығының өсу қарқынының оң динамикасы қалыптасты.

2000 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық және көші-қон саясаты тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді, онда мемлекеттік органдардың қызметіндегі міндеттер айқындалады, демографиялық саясаттың негізгі бағыттары, мақсаттары, міндеттері айқындалады [3].

Қазақстан Республикасында демографиялық дамудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасында «өткен ғасырдың соңғы онжылдығында басталған туудың төмендеуі негізінен өтпелі кезеңнің шығындарымен байланысты» деп атап өтілді. Бағдарламада басты міндет «туудың тұрақтылығын және оны ұзақ мерзімді перспективада халықтың кеңейтілген көбеюін қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру болып табылады» [4].

XXI ғасырдың басына Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсарды, көптеген экономикалық көрсеткіштерде республика бұрынғы кеңестік кеңістіктің жаңа тәуелсіз мемлекеттерінен асып түсті.

Үшінші кезең 2009 жылдан - қазіргі кезге дейін. Осы кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасы байқалды.

Статистикалық деректер негізінде қазіргі кезеңде (2009 жылдан қазіргі кезге дейін) демографиялық ахуалдың келесі оң ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- 2011 жылы - Қазақстан Республикасының халқы - 16441, 9 мың адамды құрап, тұтастай алғанда 1991 жылғы - 16451, 7 мың адам деңгейіне сәйкес келді;

- 2009 жылы халықтың табиғи өсу қарқыны - 13,48-ді құрап, 1991 жылғы 13,3 деңгейден асып түсті;

- 2009 жылдан бастап күтілетін өмір сүру ұзақтығының көрсеткіштері (барлық халық - 68,4, ерлер - 63,4, әйелдер - 73,3) 1991 жылғы деңгейден асып түсті (сәйкесінше 67,6; 62,6); сондай-ақ ерлер мен әйелдер жасының ұзақтығы арасындағы айырмашылық біртіндеп төмендеді.

Бір қарағанда, халық санының көбею процестерінде жетістіктер байзқалады. Алайда келесі аспектілерге назар аударған жөн.

Бірінші. Көші-қон ағындарын ескере отырып, көшіп келушілер мен эмигранттар санының төмендеуін байқауға болады. Ал 2012 жылы көші-қонның теріс сальдосы тіркелді. Оның үстіне, егер ұлттық құрамды қарастырсақ, республикадан кеткендердің 75,63 пайызы қазақтар болып табылады [5] (4-кесте).

4-кесте - 2012 жылы мигранттардың ұлттық құрамы, адам

	Көшіп келді	Көшіп кетті	Көші-қон сальдосы	Пайызбен	
				Көшіп келді	Көшіп кетті
Барлығы	366115	367543	-1428	100,0	100,0
Сол санда:					
Қазақтар	296105	277955	18150	80,88	75,63
Орыстар	35548	58097	-18549	10,80	15,81

Екінші. Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы. ТМД елдерінде орташа өмір сүру ұзақтығы әлемдік көрсеткіштерден төмен болғанымен, Қазақстанға қарағанда салыстырмалы түрде жоғары, Армениядағы бұл көрсеткіш 73,9 жасты құрайды (5-кесте) [6].

Көрсетілген деректер дамыған елдерде өмір сүрудің жоғары деңгейі азаматтардың өмір сүру ұзақтығына оң әсерін тигізетінін көрсетеді.

Демографиялық ахуалды жақсарту кез келген мемлекеттің күрделі міндеті. Біз әлеуметтік/демографиялық саясат қандай ауқымды болса да, бірден оң нәтижеге әкелуі мүмкін деген идеядан алыспыз. Әрине, ғылыми негізделген саясатты жүргізу, тек белгілі бір дәрежеде, халық санының өсуіндегі жағымсыз үрдістерді тоқтатуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік/демографиялық саясатты сәтті жүзеге асыруға ықпал ететін факторлар: біріншіден, Қазақстанның одан әрі экономикалық өсуі азаматтардың өміріне қолайлы жағдай жасауға қабілетті.

5-кесте - Туған кездегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жыл саны

	Кезең	Барлық халық	Ер адамдар	Әйелдер
Қазақстан	2011	69,0	64,2	73,8
Армения	2009	73,9	70,6	77,0
Беларусь	2010	70,4	64,6	76,5
Австралия	2009	81,5	79,3	83,9
Австрия	2009	80,5	77,6	83,2
Израиль	2009	81,6	79,7	83,5

Халықтың денсаулығы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан денсаулық сақтау жүйесін нығайту, әсіресе ауылдық жерлерде, ауруханаларды жоғары технологиялық медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету, білікті медицина кадрларын даярлау демографиялық проблемаларды шешуге ықпал ететін екінші фактор болып табылады.

Үшіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы салауатты өмір салтын жан-жақты насихаттау, спорт алаңдарының желісін кеңейту қажет.

Қазақстанның нақты демографиялық доноры - оңтүстік өңірлер - 1999-2010 жылдары олар мемлекет халқының өсу қарқынын 67,8%-ға анықтады. Атап айтқанда оңтүстікте халықтың ең жоғары концентрациясы байқалады - ол 2010 жылы 36,5%-ды құрады.

Соңғы жылдары «төмендеу» тобына кіретін аймақтарда оң үрдістер пайда болды. Мұнда 2005-2010 жылдардағы халықтың қысқару динамикасы 1999-2005 жылдарға қарағанда 8,6 есе төмен болды. Сонымен қатар, Орталық экономикалық ауданда халық саны арта бастады (2005-2010 жылдары 1,5%-ға), бірақ әлі 1999 жылдағы деңгейіне жете қойған жоқ.

Әлбетте, бұл процесстің жақын арада Шығыс және Солтүстік экономикалық аудандарда басталуы күтіледі. Аймақтық дифференциацияның халықтың динамикасына әсері төмендейді.

Тәуелсіз еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамуын ескеретін болсақ, XXI ғасырдың екінші онжылдығында Қазақстанның барлық өңірлерінде халық санының өсуін анық күтуге болады.

Осылайша, 2005-2009 жылдары Қазақстан Республикасында демографиялық үдерістер оң үрдісті көрсетті. Авторлардың пікірінше, әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыру аясында (жәрдемақы төлемдері және т.б.) «демографиялық жеделдету» себебі мынадай факторлар болып табылады:

- жас құрылымының табысты конъюнктурасы сақталады. Репродуктивтік жастағы адамдар тобы әлі де басым;

- халықтың этникалық құрамының өзгеруі. Негізгі этнос - қазақтар. Этникалық құрамның сандық өзгеруі жаңа сапаға айналды - мемлекеттегі демографиялық ахуал қазақ этносының өкілдерімен анықталады, ол репродуктивті қарым-қатынастың жоғары деңгейін сақтайды;

- қазақтардың жедел урбанизациясы ауылдық жерлерге тән демографиялық қондырғылардың қалаларда орналасуына алып келді. Ауылдан еуропалық халықтың қалаға қоныс аударуына байланысты көші-қон ағынының өсуі нәтижесінде Қазақстанның қалаларында туу және табиғи өсім ауылдарға қарағанда («этникалық ауысым» деп аталатын) жоғары;

- сақталған эмиграция демографиялық процестердің мәнін анықтамайды дерлік. Сонымен бірге, мемлекеттің иммиграциялық саясаты демографиялық нәтижелерді (туудың ұлғаюы, көпбалалы отбасылардың саны) бере бастайды.

Тұтастай алғанда, XXI ғасырдың алдағы жылдарында Қазақстан Республикасының демографиялық дамуы тұрақты негізде жүзеге асырылады [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахстан за годы независимости. Статистический сборник. - Астана, 2011; Демографический ежегодник. - Астана, 2009; Демографический ежегодник. - Астана, 2012//www.stat.kz/publishing/20111/KazNezav.pdf; Предварительные данные за 2012 год. Статистический сборник - Астана, 2013

2. Казахстан за годы независимости. Статистический сборник. - Астана, 2011; Демографический ежегодник. - Астана, 2009

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 293 Қаулысымен

4. Отраслевая Программа миграционной политики Республики Казахстан на 2001-2010 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 октября 2001 года № 1371

5. Предварительные данные за 2012 год . Статистический сборник - Астана, 2013

6. Статистический ежегодник в 2011 году. - Астана, 2012 - С. 470

7. Александр Алексеенко, Жанна Аубакирова, Гульжан Сарсембаева. Демографические успехи Казахстана. Демоскоп Weekly, №451-452, 24.01-06.02.2011

ӘОЖ 94 (574) (045)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Абдиганиева А.Ж., студент.
Ғылыми жетекші: Демеев А.Д.
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Каспий теңізінің түрлі кезеңдерде географиялық зерттелуі, оның тарихи атаулары, негізгі зерттеушілер, теңіздегі физикалық-географиялық процесстердің әсері және т.б. қарастырылды.

Түйінді сөздер: Каспий теңізі, Гобустан, А. Бекович-Черкасский, Қара-Богаз-Гол, Геродот, Птолемей, Марко Поло.

Каспий теңізі, әсіресе оның Оңтүстік-Каспий шұңқыры, Тетис мұхитының құлдырау процесінің қалдығы саналады. Кейде бұл теңіз Тетистің сыртқы бассейні ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, Каспий - біздің ғаламшарымыздың ірі жабық табиғи су тоғаны болып табылады.

Каспий теңізі туралы ең ежелгі материалдар Ассуриялық қыш ыдыстарда кездеседі.

Каспий теңізінің тарихи атауының шығуы туралы көптеген мәліметтер бар. Бұл жұмбақ теңіз атауы б.з.д. бірінші ғасырда Каспийдің солтүстік-батыс жағалауында өмір сүрген ежелгі жылқы өсіруші тайпа - каспийлердің құрметіне байланысты аталды. Каспий теңізінің пайда болуы мен тіршілігі бұл тарихи мәселе. Теңіз пайда болған сәттен бастап оның атауы бірнеше рет өзгерді: Гиркан теңізі, Хвалын, Хазар, Сихай, Абескун, Сарай, Дербент және т.б. [1].

Грузия жерінде Каспи атауындағы қала әлі де бар.

Теңізде жағалауын мекендеген халықтар әр кезде Каспийді өздерінше мысалы, ресейліктер - Хвалын, татарлар - Аг дениз (Ақ теңіз), түріктер - Кичик дениз (Кіші теңіз), қытайлықтар - Си-Хай (Батыс теңізі) деп атады. Ирандағы Венеция Республикасының Елшісі А.А. Контарини (1474-1477 жылдары) оны Баку теңізі деп атады. Ресейде XVI ғасырдың басында Каспий атауы пайда

болды. Каспий маңының басқа елдерінде бұл табиғи су айдыны: Әзірбайжанда - Хазар данизи (Хазар - V-X ғасырларда теңіздің солтүстік-батыс жағалауында өмір сүрген түркі тілді халық), Иранда - Мазандаран теңізі, Қазақстан мен Түрікменстанда - Каспий болып аталды. Тұтастай алғанда, барлық уақытта әртүрлі халықтар теңізге шамамен 70 түрлі атау берді [2].

Ежелгі жазбаларда Каспий теңізі - Хвалын, Хвалим, Хвалит теңізі деп аталды; Үндістан бойынша алғашқы ресейлік саяхатшы Афанасий Никитин өзінің «Үш теңіздің ар жағына саяхат» еңбегінде Каспий теңізін «Дербент теңізі» деп атайды; ал Ресейдің 17 ғасырдың басындағы «Үлкен сызба» деп аталған тұңғыш мемлекеттік картасының жазбаша сипаттамасында [3] ол Хвалимс теңізі аталды.

Ежелгі жазбалар мен тарихи құжаттарды талдай келе, адамның өте ежелгі уақытта Каспий жағалауында өмір сүргенін сеніммен айтуға болады.

Мамандардың мәліметі бойынша, мұнда өте ерте кезеңдерде адамзат бесігі болып саналатын Азиядан келген жаңа тайпалар қоныстанып, өмір сүру үшін осында қалған. Олардың ең күштілері және қуаттылары әлсіз әрі өздері үшін күресе алмайтын адамдарды жойып және өздеріне көндіріп келген. Олар жергілікті тұрғындарды үнемі бағындырып отырған, жеңілген тайпалар жаңа басқыншылардан қашып, алыс тауларда жасырынып, қол жетпейтін үңгірлер мен шатқалдарда өмір сүрген.

Сонымен, мұндай жағдай өте ұзаққа созылды және әр кезде жаңа тайпалар Каспий жағалауының белгілі бір бөлігін басып алып, теңізге ұрпақтан-ұрпаққа жететін өз атауларын берді. Сондықтан Каспий теңізі ежелгі уақытта өз жағалауында тұратын түрлі тайпалар мен халықтардың атауын алды, бұл халықтың қазіргі этникалық алуан түрлілігімен дәлелденді.

Тарихи құжаттарға сәйкес Каспий теңізі шамамен 10 миллион жыл бұрын пайда болды. Ежелгі аңызда жер қыртысының тербелістері нәтижесінде тұйық Сармат теңізі дүниежүзілік мұхитпен байланысын жоғалтып, одан кейін бірнеше бөлікке бөлініп, нәтижесінде Каспий, Арал және Қара теңіздер пайда болғандығы айтылады.

Каспий - Еуразия құрлығының екі бөлігі - Еуропа мен Азияның қиылысында орналасқан Жер шарындаағы ең үлкен көл. Көлемінің аса үлкендігіне байланысты теңіз деп аталып, пішіні латынның «S» әрпіне ұқсайды.

Климаттың өзгеруінде географиялық кеңістіктің маңызды болатындығы белгілі. Каспий солтүстіктен оңтүстікке дейін үлкен қашықтыққа созылып, бірнеше климаттық аймақтарды біріктіреді. Сондықтан Каспий теңізінің жағалауын айнала жүріп, «дүниежүзілік» саяхат сияқты өте қызықты нәрсені жасайсың.

Теңіздің жануарлар мен өсімдік әлемі 728-ден астам өсімдік және 1809 жануарлар түрлерінің (олардың 415-і омыртқасыздар) тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Келіп шығуы бойынша Каспий флорасы мен фаунасы негізінен неогендік кезеңге жатады, алайда кейбір өсімдіктер адамдармен саналы түрде немесе теңіз және өзен кемелерінің түбінде әкелінген.

Каспийдің негізгі байлығы - мұнай, газ, тұз, құм, тас, әк тас болып табылады. Біздің шамамен 2000 жыл бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыз Баку қаласының маңындағы Сураханда мұнай кен орындары туралы білген. Каспий теңізінің қойнауында мұнай-газ, химия және фармацевтика өнеркәсібін дамыту, машина жасау, ауыл шаруашылығы және кеме қатынауы үшін қажет болатын «қара және көгілдір алтынның» мол қоры кездеседі.

Қолда бар деректерге сүйенсек, Каспий аймағы Парсы шығанағынан кейінгі әлемдегі екінші мұнай қоры саналады. Әлемде тұңғыш рет Каспий теңізінде ұңғымалардан мұнай өндіру жүргізілді және біздің мұнайымыз химиялық құрамы мен сапасы жағынан алыс шетелдердің басқа өңірлерінде өндірілетін мұнайдан кем түспейді.

Егер Геродот пен Птолемейдің кезеңіне бет бұрсақ [4], теңізде көлік құралдарының пайдаланылғандығын сипаттайтын тарихи деректерді табуға болады.

Каспий арқылы жүзудің алғашқы құжаттық дәлелі - б.з.д. 7-ші мыңжылдыққа жататын Гобустандағы тастарда табылған қайықтардың суреттері саналады. «Жартас суреттеріне, формаларына және олардың жалпы көрінісіне қарап, қайықтар бастапқыда жуан ағаш қалдықтарынан қашалып дайындалған, кейін олар қамыс пен бамбуктан жасалған, ал ең соңғысы

ағаш жақтауларына жануарлардың тері жамылғысы жабылған қайықтар» болғандығы байқалады [5].

Егер қайықтардың Гобустан (Әзербайжандағы қорық) жартастарындғы суреттерін және Геродот, Птолемей және басқа да ежелгі авторлардың Каспий теңізі туралы сипаттамаларын мұқият қарастырсақ, тіпті ежелгі ата-бабаларымыз да Каспий теңізінің бүкіл батыс және оңтүстік жағалауларын кішігірім қайықтарда күзетіп, оларды апаттардан қорғаған [1].

Теңіз жағалауын географиялық тұрғыдан зерттеуге Грек астрономы Птолемей, итальяндық Марко Поло қомақты үлес қосқан [6].

Каспий теңізін ғылыми тұрғыдан зерттеулер Ұлы Петрден бастау алады және оның бұйрығымен 1714-1715 жылдары А. Бекович-Черкасский бастаған экспедиция ұйымдастырылды.

1820 жылдары И.Ф.Сойомов, кейіннен И.В. Токмачев, М.И. Войнович және басқа да зерттеушілер гидрографиялық зерттеулерді жалғастырды.

XIX ғасырдың басында теңіз жағалауын аспаптар арқылы зерттеуді И.Ф. Колодкин жүргізді, ал осы ғасырдың орталарында Н.А. Ивашинцевтің басшылығымен аспаптық географиялық зерттеулер ұйымдастырылып, қағазға түсірілді.

1866 жылдан Каспий теңізінің гидрологиясы мен гидробиологиясы бойынша экспедициялық зерттеулер Н.М. Книповичтің басшылығымен 50 жылдан астам уақыт бойы жүргізілді.

1897 жылы Астрахань ғылыми-зерттеу станциясы құрылды.

Каспий теңізі картографиясының ұзақ тарихы бар, оның басталуы б.з.д. V-ші ғасырға жатады. Оның егжей-тегжейлі баяндалуы Л.С. Багровтың және Л. С. Бергтің жұмыстарында берілген. Ежелгі дәуірден бастап Каспий теңізі туралы картографиялық идеяларды дамыту туралы қызықты материалдарды Д.М. Лебедев (1950) жариялады [7]. Осы жұмыстардан әлемде және орыс картографиясында Каспий теңізінің құрылымына қатысты өте ұзақ уақытқа қатысты қате түсініктер бар екені анық болды.

Атап айтқанда, көптеген карта мәліметтерінде Әмудария Каспийге құяды деп көрсетілді, тек алғаш рет XVII ғасырдың аяғында (С.У.Ремезовтың «Сібірдің сызба кітабында») ғана оның Арал теңізіне құятындығы бейнеленді. Каспийдің дұрыс картографиялық көрінісі осы аймаққа көптеген географиялық зерттеулерден және экспедициялардан кейін XVIII ғасырдың басында ғана пайда болды.

1703 жылы Каспий теңізінің картасын Петр Біріншінің «Хвалын теңізіне» эспедициясын басқарған капитан Еремей Мейер жасады. Алайда бұл карта әлі табылған жоқ.

А.Бекович-Черкасскийдің екі картасы үлкен қызығушылық тудырады. Оларда Каспий теңізінің шығыс жағалауы дұрыс бейнеленген. Карталар арқылы ол 1715 жылы Өлі Қолтық шығанағына жүзіп барады.

Экспедиция барысында Қара-Богаз-Голдың дәлелді сызбасы бейнеленеді. А.Бекович-Черкасский қазіргі уақытта Әмударияның Каспийге құймайтынын растады [8].

А. Бекович-Черкасский карталарының бірінде Арал теңізі өте жақсы көрініс табады.

А.Бекович-Черкасскийден кейін (1716-1718 жж.) жүзген А.Кожин мен В.Урусов Каспий теңізінің шығыс жағалауының сипаттамасын анықтады. Сонымен қатар, олар өздерінің карталарында Қара-Богаз-Голдың толық бейнесін бермеді. 1717-1718 жылдары Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінің сызбасын М.Травин жасады.

Каспий теңізінің толық картасы, соның ішінде оның батыс жағалауы, 1719-1720 жылдары жұмыс жасаған және теңіздің батыс жағалауымен Астраханнан Горган шығанағына дейін жүзіп өткен К. Ван-Верден мен Ф.И. Соймоновтың экспедициясынан кейін ғана мүмкін болды.

1720 жылы осы экспедиция картасы мен алдыңғы экспедициялардың материалдары негізінде бүкіл Каспий теңізінің жаңа картасы құрастырылды. Карта жарыққа шығып, Петр Бірінші тарапынан Париж Ғылым Академиясына жіберілді және ол Амстердамда француз тіліндегі жазбалармен жазылды. Бұл карта география ғылымында басты оқиға болды және шетелде бірнеше рет жарияланды.

Алайда, бұл картаның әлі де кемшіліктері болды: Каспийдің солтүстік-шығыс бөлігінің сызбалары шындықтан айтарлықтай ерекшеленеді, ол солтүстікке қарай өте алысқа созылған,

шығыс жағалауы солтүстіктен оңтүстікке қарай тым ұзын, Қара-Богаз-Гол және Хиуа шығанақтары толықтай көрсетілмеген. Градус торы жоқ.

1720 жылғы карта жарияланғаннан кейін Каспийді зерттеу тоқтатылмады. 1723 жылы Петр Біріншінің бұйрығы бойынша бүкіл Каспий теңізін түгендеуді (инвентаризациялауды) поручик (лейтенант) П. Брюс жасады.

Жаңа экспедицияның жетекшісі болып тағайындалған Ф.И. Соймонов үш кемемен Волганың сағасынан (устье) 1726 жылдың 6 мамырында жүзуге шығады. Олардың ішінде штурман (кеменің қозғалу бағытын, қай жерде келе жатқанын, қайда қашан жететінін анықтайтын маман) Долматовтың қол астындағы бот Жайық (Орал) өзенінің сағасына барады, ал басқа екі кеме, олардың біреуінде Ф.И. Соимонов болды, шығыс жағалауы бойымен жүзіп отырып, бүкіл Каспий теңізін айналып өтті және қараша айында Астраханға қайтып келді [9].

Кемелердің біреуі сапар басында айтарлықтай зардапқа ұшырап, болашақта жұмысты жылдамдатуды қажет етті.

Оңтүстік жағалауда жұмыс орыс кемелеріне оқ атқылаған түрікмендер мен парсылардың қастандық әрекеттері себепті қиындай түсті. Кейбір учаскелердің жағалауында жаңа түсірілімдер жүргізілмеді: экспедиция Түпқараған мүйісін, Александрбай шығанағын жанай өтті, Красноводск және Горган шығанағы жағалаулары, сондай-ақ Каспий теңізінің оңтүстік жағалаулары картаға түсірілмеді, Қара-Богаз-Голға кіре алмады.

Ф.И. Соймоновтың атлас және лоция (теңізді және жағалауды теңізде жүзу қажеттілігі үшін сипаттау) түріндегі карталары тек 1731 жылы жарық көрді. Орыс географиялық ғылымының тарихы үшін Ф.И.Соймоновтың атласы орыс тілінің негізінде жасалған алғашқы орыс географиялық атласы болды. Ол ресейлік зерттеулер негізінде құрастырылып, бірінші орыс гидрографиялық зерттеулермен жарияланды [8].

Ф.И. Соймоновтың атласы А.Фарварсонның бақылауымен Астрахань картасы материалдарының негізінде алынған сегіз картаны қамтиды.

1742 жылдан бастап, үш жыл бойы ағылшын кемесі «Empress of Russia» («Ресей империясы») Каспий теңізінде, негізінен оның оңтүстік жағалауында, капитан Т. Вудруфтың басшылығымен жүзіп өтті [10].

Каспий теңізінде Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында И.М. Губкиннің және басқа да кеңес геологтарының геологиялық зерттеулері белсенді түрде жүргізілді, бұл бірінші кезекте мұнай табуды көздеді, сондай-ақ Каспий теңізі деңгейінің ауытқуларын және су балансын зерттеуге бағытталған болатын.

Мамандардың мәліметіне сәйкес, Каспий суының деңгейі оның су жинайтын алабының ылғалдануына қарай өзгеріп отырған (500 жылдық циклді). Әрбір 250-260 жылда теңіз деңгейінің көтеріліп және түсіп отыруын ғылым дәлілдейді. Осыған орай теңіздің жазық солтүстік және солтүстік-шығыс бөліктерінде ел тұрақтамаған.

Теңіз суының көтерілуі жағалаудағы елдерге көптеген мәселелер туғызды.

Біріншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауындағы табиғи жайылымдардың көлемін тарылтып, құстар мен жануарлардың мекенін басып қалды. Суға тосқауыл үшін соғылған бөгеттер жағалаудың фаунасы мен флорасына зор шығын келтірді. Балықтардың уылдырық шашу аясы мен құстардың ұя салу тығыздығы кеміп, биокөптүрліліктің азайып кету проблемасын туғызып отыр.

Екіншіден, теңіз деңгейінің көтерілуі судың, ауа мен топырақтың ластануына, одан әрі экологиялық апатка апарады. Судың мұнай өнімдерімен ластануы 1980 жылдан бастап күшейе түсті. Су құрамында пестицид және ауыр металдардың көбеюі бекіре сияқты бағалы балықтар, теңіз мысығы, құстардың жаппай ауруларға ұшырап, қырылып қалу фактілерін жиілетті. Соңғы мәліметтер бойынша бекіре балықтарын аулау 40 %-ға азайды.

Үшіншіден, су деңгейінің көтерілуі теңіз жағалауларындағы мұнай ұңғыларын, мұнай қоймаларын, мұнай өндейтін өнеркәсіп орындарын, балық комбинаттарын, елді мекендерді су басып, орасан зор шығын келтіре бастады.

Төртіншіден, мұнай игеруге шетелдік инвесторларды тарту Каспий теңізінің экологиясын одан әрі шиеленістіре түсуде. Мұнай өндірумен бірге ауаға шығатын ілеспе газдардың көтерілуі

аймақтың ауа ағынында зиянды газдар үлесін көбейтіп отыр. Теңіз жағалауларының тозуы техногендік процестерді жылдамдатып, аумақтың шөлге айналуына себепші болып отыр [11].

Теңіз толқыны күшті дауыл мен жұлқынған солтүстік адуындары кезінде 10-12 метр биіктікке жетеді. Теңіздің солтүстігінде Еділдің (Волга) әсерімен (1-2 промилле) суы тұщы дерлік. Оңтүстік-батыста су тұздылығы жоғары (14 промилле) болып табылады. Теңіздегі су көлемі 75 мың км^2-ді құрайды.

Каспий теңізі негізінен Еділ, Орал, Кура, Аракс, Терек, Самура, Сулак және басқа да сулармен қоректенеді. Теңізге құйылатын судың 82%-ы Еділден келеді. Каспий солтүстіктен оңтүстікке созылып, ұзындығы 1200 және ені 300 шақырымды құрайды. Теңіздің орташа тереңдігі 180 метр; Ленкоран шұңқырындағы ең терең жері - 1020 м; ең тайыз жері - солтүстікте - 5 м. Каспий теңізінің жағалау сызығы (ұзындығы 6000 км). Жағалау сызығының Қазақстан үлесіне - 29% (2340 км), Ресейге - 16%, Әзербайжанға - 20%, Түрікменстанға - 21%, Иран Ислам Республикасына - 14% тиеді. Самурдан Апшерон түбегіне дейін сәл тілімденген. Апшерон, Маңғышлақ және Красноводск (Түрікменбашы) жағалауларында шығанақтар мен айлақтар кездеседі. Теңіздің оңтүстігінде, ирелді жағалау сызығының бойында Баку айлағы, Қызылағаш шығанағы, Шихово және Кура қиғашы (коса) орналасқан. Басқа теңіздерден айырмашылықта Каспий теңізіндегі су деңгейі жиі өзгеріп отырады.

Мұның себебі - климаттың құрғақтығы, теңіздің оңтүстік бөлігіндегі қарқынды булану, тектоникалық төмендеу, сондай-ақ теңізге құятын өзендерде ірі су қоймаларын салу, суару үшін Каспийге құятын өзен суларын кеңінен пайдалану болып табылады. Каспий теңізінің деңгейі дүниежүзілік мұхит деңгейінен 28 метр төмен.

Өткен геологиялық кезеңде Каспий және Қара теңіздер арасында солтүстік теңіздер мен Кума-Маныч шұңқұры арқылы байланыс болған. Осының нәтижесінде Каспийде қазіргі кезге дейін Жерорта теңізі мен Солтүстік теңіз фаунасының өкілдері сақталып отыр. Мысалы, балықтар класында албырт (лосось) және ақсерке (белуга), сүтқоректілерден итбалық (тюлень) кездеседі.

Теңіз суының жоғарғы қабатының температурасы солтүстіктен оңтүстікке қарай өзгеріп отырады. Солтүстікте судың температурасы қыс мезгілінде 1° С-тан төмен, ал Әзірбайжан жағалауында 5 - 8 ° С. Міне сондықтан қыс мезгілінде теңіздің солтүстік бөлігі мұзбен жабылады, ал кейде бір-бірінен үзілген ірі мұз бөліктері қатты дауылдар кезінде мұнай құбырларына қауіп төндіріп Апшерон түбегіндегі порттарға қарай жылжиды [2].

Каспий теңізінде шамамен 50-ден астам ірі және орташа көлемдегі аралдар болып, олардың жалпы ауданы шамамен 350 км²-ді құрайды. Аралдар негізінен жағалауға жақын және теңіздің солтүстік бөлігінде, Еділдің дельтасында жиі тараған.

Жанбай, Түлен, Коневский Осередок, Құлалы, Морской және т.б. аралдар Қазақстан аумағында орналасқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рустамов Дж. Гобустан - Очаг древней культуры Азербайджана. Баку: Нурлан, 2008, - 62 с.
2. Лубашова О.В. «Каспийское море». Ставрополь, 2006 г.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев - Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
4. Геродот. История в девяти книгах. Ленинград: Наука, 1972, - 600 с.; Джафарзаде И.М Гобустан. Наскальные изображения. Баку: Элм. 1973, - 347 с.
5. Джафарзаде И.М Гобустан. Наскальные изображения. Баку: Элм. 1973, - 347 с.; Работы академика Л.С.Берга: Очерки по истории русских географических открытий; О названии «Хвалынское море», «Известия Всесоюзного Географического общества», - № 4, - 1949, - том 81, - стр. 407
6. http://fb.ru/article/32155/kaspiyskoe-more-ego-istoriya-i-osobennosti
7. Лебедев Д.М. География в России петровского времени / Д. М. Лебедев; АН СССР, Ин-т географии. - М.; Л.: Изд-во Академии наук СССР, 1950. - 384 с.

8. Шафрановский К.И., Княжецкая Е.А. Карты Каспийского и Аральского морей, составленные в результате экспедиции Александра Бековича-Черкасского 1715 г. // Известия ВГО. 1952. № 6

9. Ф. И. Соймонов «Описание Каспийского моря и чиненных на оном российских завоеваний». Издательство: "Библиотечный фонд" (1763). стр. 6

10. Греков В.И. Очерки по истории русских географических исследований в 1725 - 1765 гг. Издательство Академии наук СССР. - Москва 1960

11. Ә. Бейсенова, А. Самақова, Т.Есполов, Ж. Шілдебаев Экология және табиғатты тиімді пайдалану, Алматы.-2004,328 бет

ӘОЖ 37.013

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАҒЫМДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Баянғали Н.,
Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.,
Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыру проблемалары сөз болады. Балалардың бойындағы өзіндік сана-сезім, сыпайылық, әдептілік, жігерлілік, ізденімпаздық, іскерлік, тапқырлық сияқты жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: адамгершілік, төзімділік, ар, намыс, парыз, жауапкершілік, алғырлық, тапқырлық, қайсарлық, қайраттылық, адалдық, шыншылдық, имандылық, арлылық, парасаттылық пен ізеттілік, әдептілік пен сыпайылық, қайырымдылық сыпайылық, әдептілік, жігерлілік

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика мен этнопсихология материалдарын ұтымды пайдалану-аса маңызды міндеттердің бірі. Көп ұлтты Қазақстанның бүгінгі жаңару бағыты-жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардан сусындаған, ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасып, жан-жақты жетілген парасатты азаматтар тәрбиелеу.

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің ұсынған «Тәлім–тәрбие тұжырымдамасы» жобасында қазақ халқының ұлттық намысы мол, елжанды, табанды, жігерлі азаматтар тәрбиелеуге ден қойылған [1].

Жеке тұлға мен қоғам құндылықтарының негізгі тамыры болып саналатын руханилық, адамгершілік, төзімділік, ар мен намыс, парыз бен жауапкершілік, алғырлық пен тапқырлық, қайсарлық пен қайраттылық, адалдық пен шыншылдық, имандылық пен арлылық, парасаттылық пен ізеттілік, әдептілік пен сыпайылық, қайырымдылық сияқты ұлттық мінез сапаларын қалыптастыру мәселелері ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР мемлекеттік «Білім» бағдарламасы, «ҚР жалпы білім беретін мектептер тұжырымдамасы» т.б. қаулы-қарарларда көрініс тапты.

Мінез - адамның бүкіл өмір бойғы іс-әрекеттері мен қылықтарын, өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты қалыптасып, дамып отыратын өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Гректің «характер» деген сөзінің мәнісі – із қалдыру. Мінез ұғымын алғаш сипаттап жазған грек философтары Теофраст (б.э.д. IY-III ғ.ғ.) және Лабрюйер мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет деп бағалады.

Тұлғаның жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыру барлық кезеңдерде де өзекті мәселе болып келген. Оның өнегелі үлгілерін жастар тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі мен психологиялық-педагогикалық негіздері Аристотель, Сократ, Платоннан бастау алып, келесі ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты: Я.А.Коменский, Ж.Ж. Руссо, Д.Локк, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский, Л.И. Рувинский, Б.С.Гершунский, И.П. Подласый, т.б. [2].

Жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыруда қоғам қайраткерлері, ғұламалар, ұлы педагогтар: Әл-Фараби, Қ.А.Йассауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев,

Ш.Құдайбердіұлы т.б. өз еңбектерінде құнды ой-пікірлерін қалдырып кеткен [2]. Ұлы Абай: «Адам баласынан адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады»-, деген болатын. Ал, Ж.Аймауытов «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі болуынан»-, деп түсіндіреді.

Ұлттық тәрбие арқылы мінез-құлықты тәрбиелеудің әлеуметтік-философиялық негіздері С.Нұрмұратов, Е.Әлсатов, Б. Ерасов, ұлттық тәрбие арқылы мінез сапаларын қалыптастырудың этнопедагогикалық негіздері К.Ж.Қожахметова, С.А.Ұзақбаева, Қалиев С., Р.К.Төлеубекова, т.б.ғалым-педагогтар еңбектерінде зерттелген [2,3].

Қай дәуірде болсын ата-аналар балаға тәлім-тәрбие берумен бірге, олардың бойында ақыл-қайрат, білім-тағылым алу, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына үнемі көңіл аударып, жете мән беріп отырған. М.Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзі арқылы ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатынын ескерткен. Өзгермейтін түзелмейтін мінез болмайды. Ұлы Абай «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген екен. Қазақ халқына алғырлық пен батылдық, қайырымдылық пен кішіпейілділік, ақжарқын көңіл мен кеңпейілділік, қонақжайлылық пен дархандық қасиеттер тән. Өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығына икемділігі, өмірдің қиындығына, әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыншылдығы жалпы ұлтымызға тән жағымды мінез-құлық сапалары болып табылады. Қазақ халқы мінез-құлықты қалыптастыруда арзан күлкіге, арсыздыққа жол бермеген. Өз ұрпағын жігерлі, өжет, қайсар, ойлы, өткір тілді иман жүзді, парасатты етіп тәрбиелеген.

Жағымды мінез-құлық сапалары көп ретте адамгершілік нормаларымен тығыз байланысты. Мәселен, сыпайылықтың, ілтипаттылықтың, әдептіліктің, дәлдіктің көптеген нақты ережелерінің негізінде қоғамымыздың адамгершілік, ұжымдық, достық, жолдастық, өзінің мінез-құлқымен қылықтары үшін жауапкершілік сияқты моралдық принципі жатыр. Әдеп пен дағдының бірлігі жағымды мінез-құлыққа ие болуға, жеке бастың белгілі бір қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Әрқашанда сыпайы, дәл болу дегеніміз- сыпайылық, міндеттілік сияқты қасиеттерді игергендік деген сөз.

Баланың жағымсыз қасиеттері: бір беттілігі, ашушаңдығы, ұялшақтығы, әдепсіздігі, тәртіпсіздігі, мақтаншақтығы, дөрекілігі, жағымпаздығы т.б. мінез-құлықындағы келеңсіз жақтармен ерекшеленеді. Бұл сапалардың көбісі әлі берік орнықпаған, тек уақытша психикалық ерекшеліктері болып табылады, бұл сапалар келешекте олардың мінез-құлқымен сіңісіп кетпеуі тиіс.

Осыған орай, ұлттық тәрбие саласында еңбектер жазған қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмухамедов М.Жұмабаев және т.б. шығармаларын атап өтуге болады.Олар, сан ғасырлық тарихы бар ата-бабаларымыздың халықтық психолгиясы мен педагогикасына терең ғылыми талдау жасап, қазақ халқының қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен тәлімдік мұралары арқылы жас ұрпақтың жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыру жолдарын көрсетті.

Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, бұлар жас адамның жұртқа танымал моральдық-психологиялық нормасын «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты нақыл сөздермен қисындады. Осынау аталы сөздің мән-мағынасы мыналар еді: көшпелі мал шаруашылығын жете игеру; еңбек сүйгіштікпен қиыншылыққа төзе білу; ел намысын қорғау; жаудан беті қайтпау; ата тегін жадында сақтау; сөз асылын қастерлеу; тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау; ата салтын бұзбау т.б.

Әрине, патшалық отарлау мен большевиктік империялық саясат тудырған ұнамсыз қасиеттердің біразы бізде қазір де баршылық. Қанымызға әбден «сіңіп» кеткен жағымпаздық пен жалтақтық, даңғазалық пен ұраншылдық, күдікшілдік пен күншілдік, арызқойлық пен жалақорлық, бойкүйездік пен салғырттық, жалқаулық пен шалағайлық, т.б. осы келеңсіз қасиеттері әлі күнге дейін алдымызға оралып, заман талабына бейімделуге бөгет жасауда. Әсіресе, Кеңес өкіметі жылдарында ұлттық мінезімізге дінсіздік, спирттік ішімдікке әуестік,нашақорлық,

келеңсіз тіршілікке құмарлық, бақталастық, т.б. осы секілді жағымсыз қасиеттер келіп қосылды. Бізде бұдан басқа еліктеушілік батысшылдық, ермелік, желөкпелік т.б.қасиеттер жетіп артылады. Бұл жәйіт еңсемізді көтертпей, құлдық психологияның шырмауынан шығуға кесірін тигізіп-ақ келе жатқанын естен шығармауымыз қажет [4].

Бүгінде балалардың бойында жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыру жолдары халықтық, ұлттық тәрбие тағылымдарымен ұштастырылып жатыр. Қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысын ұлттық негізде құра отырып, жас ұрпақтың сана-сезімін ұлттық дәстүрде қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне қойылған. Бұл орайда халқымыздың әдептілік, имандылық, қонақжайлық секілді тамаша қасиеттерін ұрпақ санасына сіңіру үшін әрбір ата-ана, ұстаздар сан ғасырлық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды жан-жақты білуі тиіс.

Соңғы уақытта, радио мен телеарналарда біраз ұлттық болмысымызға сай бағдарламардың жүргізілуін үлкен игілікті істің бастауы деп санауға болады. Мысалы, «Сырға», «Алтыбақан», «Ақсүйек», «Шаңырақ», «Бастаңғы», т.б.бағдарламалардың баланың жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыруда тәлім-тәрбиелік құндылығы өте зор [5].

Енді, осы ұлттық тәрбие арқылы оқушылардың бойында жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыруда мынадай жұмыс формаларын пайдалануға болады:

Дәрісбаян- ұлттық тәрбиенің бай мұраларынан берілген жарқын ақпарат, деректер, қызықты мысалдар т.б.негіздегі дәрісбаяндар оқушылардың-ықыласын тудырып, мінез-құлық мәдениетінің қыр-сырын ұғынуға мүмкіндік береді.

Ашық микрофон, пікір-сайыс (мысалы: «Сіз мәдениеттісіз бе?» «Адам-қоғам-орта» «Әдептілік» қарым-қатынасы, т.б.тақырыптарда) екі топ кезегімен ой толғаныстары мен шешімдерін ортаға салып, өзжобаларын қорғайды.

Сыр-сұхбат-қазіргі кезеңде қоғамымызда болып жатқан өзгерістерге сай, адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі; халықтық психология мен педагогика идеяларындағы ой-пікірлердің ерекшелігі; жастарымыздың қарым-қатынастың өзгеруі; мінез-құлық мәдениеті мен төл мәдениетіміздің өзара сабақтастық мүмкіндіктері, мәселенің шешімін табу жолдары т.б. мәселелерге арналған тәрбиелік шаралар.

Қарсыластар сайысы-алдын-ала жинақталған пікірталас материалдары негізінде көкейтесті мәселелер жөнінде қарсы 2 топтың пікірлерін ортаға салу, сараптау, тұжырымдар жасауға арналған сөз-жарыс.

Бұл жұмыс формаларын жүргізу арқылы оқушылардың өзіндік сана-сезімін, сыпайылық, әдептілік, жігерлілік, ізденімпаздық, іскерлік, тапқырлық сияқты жағымды мінез-құлық сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы //Қазақстан мұғалімі, 2008. -3 ақпан, 2б.
2. Қожахметова К.Ж., Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері,-Алматы: Білім баспасы, 1993.17б.
3. Қалиев С.Қ., Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы, -Алматы, 1998. 128 б.
4. Абилханова Э.Н., Студент жастардың мінез-құлық ерекшеліктеріне әсер факторлар,//Педагогика, №4, 2005. 23-24б.
5. Усманов Ә.Ә., Сарсенбаев М.Б., Педагогика, Алматы, 2005, 398 б.

ӘОЖ 159.99

ЖАСТАРДЫ ЭТНОСТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ

Абиева А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ., Ш.Есенов атындағы, КМТИУ, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада жастарды отбасылық өмірге дайындау мәселелері баяндалып, қазақ халқының өз ұрпақтарын, этностық құндылықтар негізінде отбасылық өмірге дайындауда халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әсіресе діни дәстүрлер мен ұйғарымдардың маңызы зор екендігі сөз етіледі.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, жастар, отбасы, демография, этнопсихология, әдет-ғұрп, салт-дәстүр, этностық құндылықтар

Ұлттық құндылықтар арқылы студент-жастардың отбасылық өмірге психологиялық дайындауда демографиялық, этнопсихологиялық, әлеуметтік, мәдени және өзге де факторларды мұқият ескере отырып, отбасы тәрбиесін дамытудың жаңа бағытын анықтау заман талабы екендігі белгілі.

Отбасы тәрбиесі дүние жүзіндегі кез-келген ұлттың тұтас даму тарихы мен оның салт-дәстүріндегі, әдет-ғұрпындағы, фольклорындағы, ән-музыкасы мен қол өнеріндегі сондай-ақ көркем шығармалары мен тарихи этнопсихологиялық материалдарында аса бай негіздерін құрайды.

Отбасы психологиясын зерттеуші ғалымдар, атап өтер болсақ, А.Г. Харчев А.Н. Антонов З.И.Файнбург өзінің еңбектерінде оның маңызды функцияларының қатарына ата-ананың үгіт-насихаты мен түсіндірулері, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі хал-ахуалы деген тұжырымдар жасайды[1,2].

Отбасы мәселесін көптеген шетел философ ойшылдары жан-жақты қарастыруға тырысты. Солардың бірі классикалық неміс философиясының өкілі Кант отбасындағы адамдардың құқықтық мәселелеріне көп көңіл бөлген. Ал, Фихте отбасының негізі-махаббат десе, Гегель бірінші болып отбасы мен некенің тарихи формаларын көрсеткен.

Кеңес психол-ғалымдары А.В. Мудрик, Шнейдер Л.Б., Қазақстандық ғалымдар Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Ы.Намазбаева, С.М. Жақыпов, М.Мұқановтардың[3] т.б. еңбектерінде көрсетілгендей отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынас арқылы өзара пікір алмасу, ішкі сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қуанышта, қайғыда ортақтасу арқылы адамдар арасында сенімді кең ауқымды эмоциялар арқылы екі немесе бірнеше психологиялық жүйе немесе бірнеше рухани әлем және ой-пікір, мінез-құлық, сана-сезім, қылық-әрекеттер арасында келісім, өзара түсіністік, шиеленіс, пікірталас, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәмілеге келу процесі жүзеге асады.

Жастарды отбасы құруға дайындау мәселелері, Кеңес ғалымдары В.И. Зацепин, Ю.Е. Алешина, Г. К. Матвеев, Ю. И. Семенов, ал Қазақстанда С.Қ. Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Б. Қоянбаев, С. Қоңырбаева, Қ.Ғ. Жүнісова-Елшібаева т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған[4,5].

Қазақ отбасы мәселесін зерттеп еңбектер жазған Қазақстандық ғалым Х. А. Арғынбаевтың пікірінше әр қоғамдық формациядағы әлеуметтік өзгерістер отбасы мен некелік өмір сипатына да әсер ете отырып, өзгереді және жаңарады деп тұжырымдаған[6].

Қазіргі таңда тағы бір өзекті мәселелердің бірі отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелерінің саны азайып, әсіресе онда бала саны да кеми түскені анық. Әсіресе, қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси жаңғырулар мен әртүрлі қоғамдық сипаттағы және әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасулар, жаһандану жағдаы отбасы мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Бүгінгі нарық жағдайында ата-аналардың көпшілігінің жұмыс бастылығы бала уақытының көбін енжар тәрбиешілермен өткізуге алып келіп отыр. Бүгінде қалалық отбасына тән бала тәрбиесі келесі

ерекшеліктермен шартталып отыр: отбасында балалардың көбісі, көбейіп отырған ажырасулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өсуде; теледидар, компьютер, ұялы телефон, жеке бөлме, өркениеттің жетістіктері, әсіресе талаптардың материалдық құндылықтармен өлшемденуі балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындата, күрделендіре, тіпті шиеленістіре отырғаны белгілі.

Қазақ халқы отбасы тәрбиесіне ерекше мән беріп, «он үште- отау иесі» деген. Ерте кезде қазақ отбасыларында қыз баланы 3-5 жастан анасы қасына алып, үйдің жұмысына араластырса, ұл балаларды аңшылық, мал бағу сияқты түздің тірлігіне араластырған. Осы орайда, қазіргі өмір тіршілігіміз мүлде басқа сипатта. Сондықтан отбасында әке мен ананың қарым-қатынасы тұлғаның болашақтағы отбасы егесі ретінде қалыптасуының негізі болып табылады. Ал, қазіргі таңдағы ересек азаматтардың өзі отбасылық жауапкершілік пен міндеттерді дұрыс түсінбеуінен қаншама шаңырақ шайқалып жатқаны белгілі.

Дүниежүзіндегі әрбір халықтың салт-дәстүріне негізделген отбасылық өмір тарихы бар болатыны сөзсіз. Осы сияқты, қазақ отбасы да өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. Қазақтың отбасы мәселесіне орай бұрын-соңды жазылып, өз кезегінде баспа бетінде жарық көрмеген үлкенді-кішілі еңбектер, әдеттік құқық туралы жинақтар мен қазақтың ауыз әдебиеті мен фольклорындағы деректер де жоқтың қасы.

Этностық құндылықтар арқылы отбасылық өмірге дайындауда мінез–құлықтың әр түрлі жағымды жақтары «кісілік» ұғымының төңірегене топтасады. Мұның басты белгілері: ар–ұятты қастерлеп сақтау, намыстылық, мейірімділік пен қайырымдылық, ізеттілік, қарапайымдылық, адамдақ пен шыншылдық, ілтипаттылық пен кішіпейілділік болып табылады. Жастарды этностық құндылықтар негізінде отбасылық өмірге дайындауда халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әсіресе діни дәстүрлер мен ұйғарымдардың маңызы зор.

Ата- бабаларымыз өздерінің сан ғасырлар бойғы ұлы тарихында отбасында жас ұрпаққа тәрбие беруді–бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт- сана мен әдет- ғұрып, дәстүр рәсімдерін қалыптастырды. Бұлар адамдардың тұрмысына сіңген жөн- жосық, жол- жоралғылары, әр адамның іс- әрекетінің қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен принциптерінің көріністері еді. Қазақ халқы өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік- экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлы жас буынға тәлім- тәрбие, берудің айрықша талап- тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, жас адамның жұртқа танымал моральдық- психологиялық нормасы белгіленді, оның мәні «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты нақыл сөздермен қисындалды. Адамға қойылатын талап- тілектер мыналар еді: мал шаруашылығын жете игеру; еңбексүйгіштік; қиыншылыққа төзе білу, ел намысын қорғау, ата тегін жадында сақтау, сөз асылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын бұзбау (жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хақын жемеу т.б.).

Сыр өңірінің абызы Қорқыт атаның мұрасындағы отбасылық тәлім-тәрбиелік өсиет бүгінгі өскелең ұрпақ үшін де аса маңызды. “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман... Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық», - дейді ұлы Қорқыт баба.

Этностық құндылықтар болып саналатын халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан кез-келген ұлттың өзіне тән сипатын айқындай түсетін асыл қасиеттер болып табылады. Этнопедагогика осы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерде мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы болса, этнопсихология әрбір ұлттың психологиялық ерекшеліктерін және өмір жағдайларының психологиялық негіздемелерін ұсынады.

Қазіргі таңда жаһандану жағдайында батыс мәдениетіне еліктеушілік жастардың бойында жағымсыз қылықтардың дамуына алып келіп отыр. Осы орайда, батыстық өмір салттары қанымызға сіңген қазақы болмысымызға елеулі зиянынын тигізетін әдеттері мен қылықтар дендеп келеді. Айта кетер болсақ, жыныстық қатынас, кісі өлтіру, бейбастық, қарақшылық, еркін махаббат, жоспарланбаған жүктілік, тастанды бала және т.б насихаттайтын материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында жиі көрініс табуда. Осы орайда, елімізде қоғамдық өмір мен әлеуметтік қатынастарды демократияландыру ұраны бола тұра мұндай бейбастық іс-әрекеттер

ұлттық тәлім- тәрбиеге, этностық қарым- қатынасқа түбірімен қарсы бағытталғанын естен әрдайым шығармау қажет.

Халқымыздың болашағы болып табылатын өскелең жас ұрпақтың әлеуметтену процесіндегі қарама-қайшылықтары айқын көрініп отырғаны байқалуда. Бұл жағдай біріншіден, қазақ халқаның ғасырлар бойы қалыптасқан рухани ұстанымдарына ашық түрде шабуыл жасап отыр.

Екінші себеп- бұл әлеуметтік институттардың, яғни, отбасының, білім беру мекемелерінің тұлғаның өмір сүру ортасының этностық педагогикасы мен психологиясының бай тәжірибесін пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруға әлі де болса назар толық аударылып отырған жоқ.

Үшіншіден, бұл білім беру мекемелеріне және де ата-аналарға нақты әдістемелік нұсқау кеңестер берілмеуімен қатар, жастарды болашақтағы отбасылық өмірге этнопедагогика мен этопсихологияның бағдарламалары негізінде іс-шаралардың жүргізілмеуінде болып отыр.

Қазіргі таңда отбасылық өмірде адами қасиеттерге баса назар аудару талап етілуде. Демек, жауапкершілік, өзін-өзі ұстай білу, мақсаткерлік, дербестік, шешімділік, тұрақтылық, қайсарлылық, тәртіптілік пен өз сұранымын басқарудағы қабілеттілік және т.б. сияқты қасиеттерді жастардың бойына сіңірту әлеуметтік институттардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі болып отыр.

Жастар отбасындағы қиындықтарға төтеп беруде жігерсіздік танытып, жауапкершілікті аз сезіне отырып, қоғамның бір бөлшегі ретіндегі отбасылық өмірге ат үсті қарап, әртүрлі тағдыр тәлкегіне қалып отырғаны жанға батады. Қазақ халқы еш уақытта жесірі мен жетімін жылатпаған. Қанымызға сіңген балажандылық, қонақжайлылық пен толеранттылық қасиетіміз сұйылып келе жатқан сыңайлы. Сондықтан, нарық жағдайында жастарды отбасылық өмірге этностық құндылықтар негізінде дайындау өзінің өзектілігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Антонов А.Н. Микросоциология семьи. - М., 2006.-С.103.
2. Харчев А.Г.Брак и семья в СССР.- М., 1989.-С.132.
3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. - Алматы: Қазақстан, 1996.- Б. 160.
4. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана.- Алматы, 2009.- Б. 199.
5. Жүнісова-Елшібаева Қ.Ғ. Қазақ отбасы мәселелерінің психологиялық аспектілері. - А.; 2010.- Б.131.
6. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы -Алматы: Қайнар, 2009, 286б.

ӘОЖ: 94 (574) (045)

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ (XIX ҒАСЫР – XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)

Қамиева Г.Б.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ..

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Маңғыстаудағы оқу-ағарту ісінің даму тарихы ғылыми тұрғыдан зерттелінеді. Өңірдегі халықтың сауаттылық деңгейі және халық ағарту ісін дамытуда 1950 жылдарға дейінгі жүргізілген іс-шаралар, олардың өлкедегі өзіндік ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: білім, Маңғыстау, ағарту ісі, сауатсыздықты жою.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев XXI ғасырдың білім мен ғылым ғасыры болатындығын үнемі қайталайды. Бұл – жаңа заманның талабы. Соңғы 20 жылда білім мен ғылым саласында терең,

түпкілікті әрі заманауи реформалар жүзеге асырылуда. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау [1].

Өткенге көз жүгіртсек, қазақ халқы ерте заманнан-ақ білімді де сауатты болуға ұмтылған, надандық пен топастықты әжуа етіп, күлкіге айналдырған. Бұның дәлелі ретінде қазақтар арасында кеңінен тараған «Қара күш бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген мақалды алуға болады. Оқу-ағарту жұмысының тарихы елімізде ерте кезден-ақ бастау алған. Әсіресе, отырықшы аудандарда орта ғасырдың өзінде (VII – VIII ғ.ғ.) көптеген мектептер мен медреселер, діни білім беретін жоғарғы оқу орындары жұмыс жасаған. Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, т.б., қалалардағы медреселер саны 84-ке жеткен. Оларда 5 мыңға жуық шәкірт білім алған.

XIX ғасыр – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда халыққа білім беру ісі екі бағытта: діни және зайырлы бағыттарда жүргізілді. XIX ғасырдың орта кезіне дейін қазақ балалары мектептер мен медреселерде мұсылманша білім алды. Оларды негізінен молдалар оқытты. Мұсылмандар мектебінде негізінен ер балалар оқыды. Халық арасында медреселердің беделі күшті болды. Олар молдалар мен мектеп мұғалімдерін даярлады. Оқу мерзімі 3-4 жылға дейін созылды. Медресе шәкірттері ислам дінінің негіздері бойынша бастауыш білім алумен қатар философия, математика, медицина, тарих, тіл білімі (лингвистика) және астрономия жөнінде де едәуір хабардар болып шықты. 1870 жылдан бастап патша үкіметінің бастамасы бойынша медреселерде міндетті түрде орыс тілінің негіздерін үйрету енгізілді [2].

XIX ғасырда Қазақстанда жүрген өзгерістер Маңғыстау өңіріндегі білім беру жүйесін де қамтиды. 1897 жылы жүргізілген Ресей империясының Бірінші халық санағының санақ қағазында ана тілі, оқи білуі мен оқыған жерін көрсету қажет етілген графалар болды. Сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін графада үш сұрақ-көрсеткіш белгіленді: орысша сауаттылығы, басқа тілдердегі сауаттылығы және бастауыштан жоғары білім алғандығы туралы. Сауаттылығы жағынан басқа ұлттарға қарағанда орыстар жоғарғы көрсеткіш көрсетті – 26,6%-ы сауатты болды. Алайда олардың арасында басқа тілдегі сауаттылар болмады. Екінші кезекте татарлар, үшінші орынды қазақтар иеленді: 86005 қазақ немесе бүкіл қазақтардың 2,7%-ы сауатты деп есептелінді. Қазақтар арасында арабша сауаттылар болды, бірақ, мұндай адамдар саны нақтыланбады. Маңғышлақ уезі бойынша сауаттылар 1375 адам (уездің 2,0%), соның ішінде «орысша сауаттылар» 878 адам, «басқа тілде сауаттылар» 497 адам, «бастауыштан жоғары білім алғандар» 42 адам болды.

Маңғышлақ уезіндегі сауаттылық деңгейі 1897 ж. санақта төмендегі көрсеткіштермен сипатталады: 63 795 қазақтың 504-і сауатты (облыстағы қазақтардың 0,8% ғана), оның 52-сі орысша сауатты (50 ер адам, 2 әйел адам), 456-сы басқа тілдерде сауатты (451 – ер адам, 5 – әйел адам). Соның ішінде 1 қазақ бастауыштан жоғары білімді деп есептелінген. Жастық белгісіне байланысты білімділерді жіктесек, өлкедегі орысша-қазақша мектептердің жұмыс істей бастауының мерзіміне және ондағы білім алушылардың жас мөлшерінің жастығына сәйкес, орыс тілінде сауаттылар 9-49 жас аралығында көбірек кездеседі де, адамдардың жасы ұлғайған сайын «басқа тілде сауаттылардың» саны көп кездеседі. «Басқа тілде сауатты»,- деп араб, парсы, түрік тілдерінде сауаттылар аталады. Алайда, бұл санақта орыс тілінде сауаттылардан өзге сауаттыларды есептеуде салақтық жіберіліп, бұл графаға немқұрайлықпен қарады деген пікір бар. Олай болса, басқа тілде сауаттылар саны одан да көп болуы мүмкін [3].

Маңғыстау елі Қазан төңкерісіне дейін өз балаларын жергілікті жерлердегі мешіт-медреселерде оқытты. Сөйтіп олар араб, парсы, түрік тілдерін меңгерді, осы тілдерде сауат ашып келді. Маңғыстауда бұл жылдары мұсылман мектептері де, медреселер де болған. Маңғыстау уездік басқармасының есебінде мұсылман балаларын оқытатын 26 медресе болғаны көрсетіледі. Түпқараған болысында – Басқұдық, Тарталыда; 1-Бозашы болысында Шетпе, Бүліш, Тасорпада; 1-Бозашы болысында – Бесбұлақ, Шебір, Тұщықұдық, Шотан, Қолшы, Жармыш, Иткелді, Қаламқаста; Түрікмен болысында Ақшұқырда; Маңғыстау болысында – Сұмса, Ақтөбе, Жарма, Қойлан, Гунин, Жыңғылды, Жағыш, Ақпан, Сенек, Форт-Александровск, Қаражарда. Оларда 7-20 жас аралығындағы ер балаларды оқытады. Оқитын пәндері – түрік тілі, арапша сауат ашу, хат тану, құран [4].

Ал, 1892 жылғы мәлімет бойынша, Маңғышлақ уезінде 34 медресе болды. Онда 492 оқушы (оның 322 – ер, 170 – әйел) оқыды. Уездегі болыстықтар бойынша талдасақ, Райымберді болысындағы 4 медреседе 162 оқушы оқыған. Уездегі медреселердің ішіндегі ең ірісі осы медресе болып табылады. Түрікмен-Адай болысында 7 медреседе 82 ер, 21 қыз бала, барлығы 103 оқушы оқыған. Сондай-ақ, Маңғышлақ болысындағы 5 медреседе 23 оқушы (17 – ұл, 6 – қыз), 1-Бозашыдағы 2 медреседе 81 – ұл, 48 – қыз, барлығы 129 оқушы, Түрікмен болысындағы 4 медреседе 45 ұл, 30 қыз, барлығы 45 оқушы болған. Бұдан басқа 12 медреседе оқыған балалар саны көрсетілмейді. [5].

Оқытушылар көбінесе молдалар, ахундар болды. Нақты мысалдарға келсек, Адай елінің Қосқұлақ атасынан өрбитін Бекет Мырзағұлұлының ағартушылық қызметі туралы мәлімет бар. Бекет Ата халықты сауаттандыру, дін жолын уағыздау мен имандылыққа тәрбиелеу мақсатында уақытша мешіттер де ашқан. Сондай-ақ, Жаналыұлы Абдолла, Қырымқұл Әбді ахун Мырзайыр, Шегем Қыдырша Жәуперұлы, Шоңай Шайхы Кендірбайұлы, Айтқұл ахун Қараш Байқұл, Бектеміс Жары Ержан Төлегенұлы, т.б. оқытушылар халық аузында үлгі болып қалған [3].

1900 жылы патша әкімшілігі Каспий сырты облысындағы білім беру жүйесіндегі мешіттер мен оқу орындары туралы мәлімет жинайды. Сол мәліметте Маңғышлақ уезіндегі мешіт, медресе, мектептер мен олардағы оқушылар туралы мағлұмат бар. Осы мәлімет бойынша, 1900 жылы Маңғышлақ уезінде 2 имамдық, 1 соборлық және 1 приходтық білім беру орталықтары ресми тіркеліп, 29 мектепте 20 – оқытушы, 214 – ер бала мен 34 қыз бала – барлығы 248 оқушы оқиды деп көрсетіледі. [3]. Келесі деректер бойынша, 1910 жылы Маңғыстау уезіндегі 67 мұсылман мектебінде 1003 шәкірт оқыды,- делінеді [6].

Сонымен, 1870 – 1900 жылдардың мәліметтеріне сүйене отырып, Маңғыстау жерінде 30-ға тарта мұсылман мектептері жұмыс істеп, жылына онда орта есеппен 300-ге тарта бала оқу бітіріп отырған деуге болады.

1878 жылдың көктемінде Баку қаласында тұратын Закаспий әскери бөлімінің бастығы Ломакиннің атына Маңғыстаудан, Форт-Александровск слободкасынан хат келіп жетеді. Хат иелері Форт-Александровскідегі дәулетті армяндар Никита Франгулов, Аврам Франгулов, Аванес Айвазов, Марк Нагаметов, Карапет Габрилов, Яков Асланов, Илья Аваков, Александр Каджардузов, Исон Женмедзов, Аким Авенеев еді. Олар слободка тұрғындарының көбі қаржы жетпегендіктен балаларын оқыта алмай отырғанына қынжылады. Форт-Александровскіден шаруашылық әдіспен балаларды тегін оқытатын қоғамдық мектеп салуды өз мойындарына алатындықтарын хабарлайды. Мұндай игілікті бастамаға Ломакин қарсы бола қоймайды. Армян қоғамы мүшелерінің ұсыныстарын қолдап, үкімді Маңғыстау приставтығының бастығы Наврацкийге жолдайды [4]. Осылайша Форт-Александровск қаласында алғашқы мектеп дүниеге келеді. Немесе Маңғыстау жеріндегі алғашқы орыс мектебінің ашылуы 1878 жылы жүзеге асырылды.

Адай балалары мұсылман мектептерінде оқыды. 1870 – 1896 жылдар аралығында орташа есеппен 300 оқушы оқыған. Алайда патша үкіметіне орысша сауатты, оның саясатын енгізуге оған көмектесуге қабілетті қазақтар керек болды. Оларды Форт-Александровск, Николаевск, Долгий мектептерінен кездестіруге болатын. 1887 жылы Александровский фортындағы слободкада қазақ балалары үшін бір кластық 4 жылдық оқыту мерзімімен бастауыш училищесі ашылды. Бұдан бұрын қазақ және түрікмен балалары оқыған Николаевская станицасында шіркеу-приход мектебі жұмыс істей бастайды. Мектептерде орыс тілін, арифметика және басқа да пәндерді оқытты. 20 қазақ баласы үшін Александровский бастауыш училищесі мен интернаты халық қаражатынан, ал Николаевский шіркеу-приход мектебі – станица халқының қаражатынан қызмет етті. 1887 жылы 10 қазақ және 3 түркімен балалары оқыған. Мектепте жалпы саны 1190 кітаптан құралған өз кітапханасы да болған [3].

Маңғыстау уездік басқармасының 1887 жылғы құжаттары арасында (республикалық мемлекеттік мұрағат қорынан) уездегі оқу орындары туралы мынадай деректер бар: Николаевск станицасында приход мектебі бар. Онда 48 оқушы оқиды – 26 ұл, 22 қыз. Форт-Александровск слободкасында бір кластық бастауыш училище бар. Ол Халық ағарту министрлігінің қоғамдық қалалық бастауыш училищелері разрядына жатады [4].

XIX ғасырдың 90-жылдарында Ресей кәсіпкерлері арнайы техникалық білімді дамытуға ден қоя бастады. 1893 жылы шіркеу-приход мектебін екі кластық училищеге айналдырылып, мұнда қайықшылар мен балташылар және темір ұстасы бөлімдері ашылған.

1896 жылы Николаевск станциясында 1 кластық қыздар училищесі және Кіші Долгий жерінде қыздар мен ер балалардың екі кластық училищесі ұйымдастырылады. Сол кезде Форттың бір кластық училищесінің жанында 14 адамдық интернат және 2 шеберхана ашылады. 1896 жылы интернатта 10 қазақ ұлдары оқыған. Егер осы жылғы уездің сауатты адамдарының атаулы тізімі бойынша талдасақ, онда қазақша «жақсы сауатты» (араб қарпінде) 68 адам, оның ішінде орысша сауатты 8 адам болды. Сауаттылардың ішінде 25 адам хатшы болып жұмыс жасаған [3].

1917 жылдың қазан айындағы дерек бойынша, Маңғыстау уезінде 4 оқу орны болды. Форт-Александровск қаласында түземдіктер үшін интернаты бар екі кластық училище, Николаевск селениесінде екі кластық ерлер, бір кластық қыздар училищесі, Долгий аралында бір кластық аралас училище болғаны айтылады [4].

1919 жылы сәуірде Форт-Александровскіде халыққа білім беруді жолға қою жөнінде комиссия құрылады. 1920 жылдың мамырынан бастап алғашқы мектептер жұмыс жасай бастайды. Шілде айынан бастап халыққа білім беру бөлімі іске кіріседі. 1920 жылы Адай уезінде сауатсыздықты жою (саужой) жүйесінде қалада 3 мектеп, уезде 1 мектеп жұмыс жасап, оларда 79 адам (64 қазақ, 15 орыс) бітіріп шығады.

XX ғасырдың 20-жылдары Маңғыстаудағы оқу жүйесі үшін өте қиын кез болды. Көшпелі ауылдарда мектеп салынбаған, мұғалімдер мен балалар киіз үйлерде елмен бірге көшіп жүрген. Оқу құралдары мен оқулықтар жоқ, мектептерді қаржыландыратын байлар мен молдалар елден қуылған, жас кеңес үкіметінің қаражаты жетпейді [5].

1925 – 1930-жылдары уезд мектептеріне оқулықтарды тікелей Қазақ мемлекеттік баспасынан алдырып тұрған. Бір ғана 1928 жылдың өзінде уезд орталығына 3 229 оқулық әкелінеді [4].

1921 жылдың 5-сәуірінде халық ағарту бөлімінің уездік ревкомға берген есебінде уездегі мектептер саны түгел көрсетіледі. Форт-Александровск қаласында: 1-сатылы мұсылман мектебі (3 мұғалімі бар), мұсылман әйелдер мектебі (2 мұғалімі бар), 1- және 2-сатылы екі орыс мектебі, әрқайсысы 50 балалық мұсылман және орыс бала бақшалары; Николаевск станицасында 1-сатылы 3 орыс мектебі, 2 бала бақша; Долгийде – 1-сатылы 1 мектеп болған.

Сонымен бірге мұсылманша оқытатын 4 дала мектебі жұмыс жасайды. Олар Қамыс ауылда, Ақмышта, Ақшоқыда, Аралдыда ашылды. Бұларда бір-бірден ауыл молдалары – Салықов, Оразбаев, Көбеев, Ермембетов сабақ берді. Уезде осы 1921-жылы 37 мұғалім, 771 оқушы, 23 курсант болды.

Екі кластық білімі бар қазақтарды мұғалімдікке даярлайтын педагогикалық курстың ең алғашқы түлектері болған 9 адам – С.Алдабергенов, Б.Қилыбаев, Н.Көбеев, А.Салықов, Б.Шымыров, О.Шағырбаев, Т.Шүкіров, Д.Өтебаев, А.Оразбаевтар еді. Олар уездік ревком бұйрығымен оқуларын бітірген соң мамандықтары бойынша жұмысқа жіберілді. Қазақтарға арналған мұғалімдік үш айлық курсқа жасы 16-дан жоғары, екі кластық білімі барлар алынды. Дәл осындай орыс кластарына мұғалімдер даярлау курсы да болды. Ол Николаевск станицасында ашылды. Оған төрт кластық білімі барлар қабылданды.

Уезде мектептер мен халық ағарту мекемелерінің саны жылдан жылға көбейіп отырды. 1924 жылы Уездік оқу бөліміне қарасты 11 мектеп – 4-і орысша, 7-і – қазақша, 3 клуб (олар кезінде народный дом деп аталды), балалар үйі, коммуна-мектеп, 2 саужай пункті (сауат ашу), 3 кітапхана болды [4].

1926 жылғы санақта сауаттылық дәрежесі тағы да есепке алынды. 1926 жылы Маңғыстау халқы Адай уезі әкімшілік-аумақтық бірлігінің құрамында болды. Уезде 1926 жылы санақта 67928 ер адам, 67627 әйел, барлығы 135555 адамның 36939-ы сауатты деп есептелінді.Қазақтар уездегі көпшілік статусын сақтап қалды. Нақ осы ерекшелік Маңғыстау халқының құрамының Қазақстанның өзге аумақтарына қарағандағы өзгешелігі болып табылады [3].

1926 жылдан бастап Ақмышта жетім, жартылай жетім және қараусыз қалған балалар үшін мектеп-коммуналар өз қызметін бастайды. Халыққа білім беру бөлімі олардың жөндеу жұмыстары мен жарақтандырылуына 127 мың сом ақша бөледі [7].

1929-жылдың 7-ақпанында латын алфавиті Қазақстандағы мемлекеттік алфавит боп бекіп, заңдастырылды. Республикада жаңа алфавит комитеті құрылып, оны О.Жандосов басқарса, мұндай орган округте де болды. Округтік бюджет бұл мақсатқа 35 485 сом қаржы бөлді.

30-жылдардың басында 16-50 жас арасындағылар түгел саужойға тартылды. Маңғыстаудың Аққетік ауылында қыздар мектебі, Ұштаған, Ащымұрын ауылдарында көшпелі, Шайыр, Жармышта бастауыш мектептер ашылады. Көшпелі мектептер 1937 жылға дейін жұмыс жасады. 1934 жылы Адай уезіндегі мектеп саны 42-ге, мұғалімдер саны 86-ға, мектепке тартылған балалар саны 2500-ге жетті. 1933 – 1937 жылдары міндетті 7 жылдық білім беру жүзеге асты [4].

1937 – 1938 жылдардағы репрессия Маңғыстау өлкесіндегі оқу ағарту саласына да кері әсерін тигізді. Республика бойынша 22 мың адам атылып, 44 мың Сібір түрмелеріне айдалып, қуғындалса, олардың қатарында маңғыстаулық ұстаздар – Б.Төлеуов, Ж.Нәрін, Е.Төлегенұлы, Р.Айдаров, А.Таңқабаев, Қ.Есмағамбетов және т.б. болды.

1939 жылы Маңғыстау ауданында жаңа типтегі мектеп ашылып, оған 1939 – 1940 оқу жылынан бастап Қызылқұм, Жыңғылды, Ұштаған жеті жылдық мектептерін бітірген жиырма бала келіп оқи бастады. Бұл Маңғыстау аймағындағы екінші қазақ орта мектебі. Ал бірінші мектеп – 1938 – 1939 оқу жылы орта мектеп болған С.М.Киров атындағы мектеп. Бұл мектеп 1938 – 1939 ж.ж. бірінші рет, 1942 жылы үшінші рет, 1949 жылы төртінші рет оныншы кластық білім беріп, шәкірттерін оқытып шығарады [5].

Бүкіл Қазақстандағы тәрізді Маңғыстауда да мектептерде оқу мен жазу 1940 жылдан бастап кириллицаға көшіріледі. Өңір мектептері Ұлы Отан соғысының зардабын да басынан өткереді. Мектептерге жөндеу жұмыстары жүргізілмейді. Қыс мезгілінде жылытылмайды. Елдегі еңбекке жарамды ер-азаматтардың майданға кетуіне байланысты 5-10-сынып оқушыларының сабақтан тыс уақытта колхоз жұмысына араласуына тура келеді. Науқандық жұмыстарға қарай көп мектептерде сабақ мезгілінен бір, бір ай жарым кеш басталып жүреді. Мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты бірқатар пәндер мүлде өткізілмеген.

1942 жылы ауданда 3 орта, 7 орталау, 7 бастауыш мектеп болды, 1954 – 1955 жылдары ауданда оншақты орта мектеп – Киров, Горький, Шевченко, Микоян, Жданов, Тельман атындағы, Ащымұрын, Қарақұм, Долгий, Қызылқұмда болды. Құлалы, Түбіжік, Фетисов, Ақшұқыр, Қызық, Сенек жерлерінде бастауыш мектептер, аудан орталығында – 50, Қарақұмда – 50, Сенекте – 40 балалық интернат жұмыс жасаған [4].

Соғыстан кейінгі кезеңдерде Маңғыстау түбегінде халық ағарту жүйесі даму сатысын бастан кешірді. 1949 жылы С.М.Киров атындағы мектептен Горький атындағы, Тельман және Таушық мектептері бөлініп шықты [3].

Қорыта келе, ағартушылық пен халықтың білім деңгейі – ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана дамуының ең басты көрсеткіші екенін ескерер болсақ, XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Маңғыстау халқының білім алу үрдісі тарихи белестерге сай өсу бағытында болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Білім – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық үрдістерге тиімді араласуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Заманға сай білім алу және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасау өзінің өзектілігін ешқашан жоймайды. Сонымен қатар, жастардың санасын дамыту үшін тек материалдық игіліктерді ғана дәріптеумен шектелмей, олардың бойына ата-баба дәстүрі мен өз халқының өткен тарихын қастерлеуді, ең бастысы, Отансүйгіштікті нығайтуымыз үшін ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды берік сіңіруіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Б.Аширбекова. Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылым жүйесіндегі реформалар: барысы мен нәтижелері //Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Хабаршы. – 2014. – №4 (52). – Б.5-12.

2. https://el.kz
3. О.Д.Табылдиева. Маңғыстаудағы халық ағарту ісі (XIX-XX ғг.) //Ізденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.). – 2016. – №3. – Б.47-51.
4.https://qamba.info: Әбілқайыр Спан, Жанат Нұрмаханова. Тарихи очерктер.
5. О.Д.Табылдиева. XX ғасырдың басындағы Маңғыстау өңіріндегі білім беру ісінің жағдайы //Қоғам. Тарих. Мәдениет (ғылыми-сараптамалық журнал). – 2014. – №2 (42). – Б.72-77.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – А., 2002. – Т3. – Б.679.
7. МОММ 211-қор, 1-тізбе, 36-іс, 61-67-парақтар.

МАЗМҰНЫ

БОПАЙ ХАНЫМ – САЯСИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙРАТКЕР
Жаулин К.М.....3

ӘБІЛҚАЙЫР МЕН БОПАЙ СҰЛУ
Өтениязов С.....7

АБУЛХАИР - ХАН – СПАСИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА
Утениязов С.К.....15

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУДАҒЫ БОПАЙ ХАНЫМНЫҢ ОРНЫ
Тайжанов А.....21

ӘБІЛҚАЙЫР-БОПАЙДАН ТАРАҒАН ДАҢҚТЫ НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕЛЕР
Ахмет А.....25

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН ТАРИХЫНЫҢ АҚИҚАТЫ АЙТЫЛДЫ МА?
Жақсығалиев Ж.....29

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ
Бакытова А.С.....35

КІШІ ЖҮЗДІҢ АРДАҚТЫ АНАСЫ
Зинеденова А.Б.....37

1-СЕКЦИЯ. «ӘБІЛҚАЙЫР ХАН МЕН БОПАЙ ХАНЫМНЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТАРИХИ РӨЛІ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ КОНТЕКСІНДЕ»

С.НҰРЖАННЫҢ «ХАН КЕГІ» ПОЭМАСЫ: ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ ТАРАЗЫСЫ
Қабылов Ә.Д.....41

АҢЫЗДАУЛАР МЕН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ БОПАЙ ХАНЫМ БЕЙНЕСІ
Нұрдәулетова Б.І.....45

М.ӘБДІХАЛЫҚОВТЫҢ «СҮЙІНҚАРА» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ
Отарова А.Н.....52

ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ
Бекенжанова А.А.....57

РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАР
Абдразакова Р. Ж 60

КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР
Каримсакова Б.А.....63

АҚЫН БАЛЛАДАЛАРЫ МЕН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ШЕШІМ
Тулегенова Р.Х., Каримсакова Б.А.....69

ҚАЗАҚТЫҢ ТЫЙЫМ СӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ
Узбекова Ж., Ғылыми жетекші: Каримсакова Б. А.....73

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ
Отарова А.Н.....76

МИФТІК ТАНЫМ ТАБИҒАТЫ
Алтынбек А., Ғылыми жетекші: Қобланов Ж.Т.....81

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС ТАҚЫРЫБЫ
Муратова Д., Ғылыми жетекші: Қобланов Ж.Т.....85

ЕЖЕЛГІ МЕКЕНІНЕ ҚАЗЫҚ ҚАҚҚАН АСАН АБЫЗ
Жеткізгенова Ә.Т.....90

ӨНЕРПАЗ СЕРІ – СЕГІЗ ТУРАЛЫ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАР
Жеткизгенова А.Т.....94

СИМВОЛДЫҚ ТЕОРИЯЛАР ЖӘНЕ С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ АРҒЫҚАЗАҚТЫҚ СИМВОЛДАР ЖҮЙЕСІ
Ұзақбаев.Н., Ғылыми жетекші: Алтыбаева Г.Қ.....99

ПУБЛИЦИСТИКАДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БЕРІЛІСІ
Жаңабергенова М., Ғылыми жетекші: А.Н. Отарова.....104

М.МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ АНАФОРА МЕН ЭПИФОРАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ
Конусова А., студент, Ғылыми жетекші - Қамарова Н.С.....108

С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР МЕН МИФОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕР
Алтыбаева Г.Қ.....113

ВЫДАЮЩИЕСЯ КАЗАХСКАЯ ЖЕНЩИНА ЭПОХИ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ И НОВОГО ВРЕМЕНИ
Такабаев А., студент, Ғылыми жетекші: Бекешов С.С., Демеев А.Д.....117

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ
Суйеугалиева Б.М.....120

ЕРЕН ЕР ИСА
Жолдасбаев Н.О.....126

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ
Исаева С., студент, Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.....128

XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫ БАСҚАРЫЛУ ТАРИХЫ
Табылдиева О.Д.....134

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ
Нұрмұхаметова Р.А.....137

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА
Әбубәкір Г., Ғылыми жетекші: Нұрмұхаметова Р.А.....140

Б.НҰРЖЕКЕЕВТІҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН ЖАСАУДАҒЫ ШЕБЕРЛІГІ
Тасболатова Ф., Ғылыми жетекші: Жеткізгенова.Ә.Т.....144

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
Мамбетов О.К., Ғылыми жетекші: Туркменбаев Ә.Б.....148

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Ізімова Ә., Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.....151

ЖАҺАНДАНУ ҮРДІСІНДЕГІ ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ
Ережепова Р.Г.....154

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ
Сидешова Р.А.....156

АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ
Қамиева Г.Б., Айтқұлова М.Б.....159

2-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ӨЗІНДІК ҮЛЕСІ ЕЛБАСЫНЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫ КОНТЕКСІНДЕ

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ТУРАЛЫ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ
Қамарова Н.С.....165

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – ТҮРКІСТАН
Байжанова М.С.....170

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ
Ұзақбаев Н., студент, Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.....173

ЛЕРМОНТОВ ШЫҒАРМАСЫ ІЛИЯС АУДАРМАСЫНДА
Измахан Т., магистрант, Ғылыми жетекші: Отарова А.Н.....176

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНЦЕПТ ҰҒЫМЫ: «ИТ КОНЦЕПТІСІ»
Қажымұратова А., магистрант, Ғылыми жетекші: Отарова А.Н.....179

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
Акжигитова Н.М.....182

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ
Аманбек Ж., Ғылыми жетекші: Жанғозиева М.С.....185

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ АҚ ӨЛЕҢ ҮЛГІСІ
А.Амандық., Ғылыми жетекші: Ш.С. Әбішева 188

ЕЛДІК САНА ЖАҢҒЫРЫҒЫ
Абдразакова Р.Ж.....192

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ
Егенисова А.Қ.....196

БОПАЙ ХАНЫМ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ
Бергенов Б., Қарашаев Д.....204

ДЖОН КЭСТЛДЫҢ ҚАЗАҚ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДАМУЫНДА РӨЛІ
Текисбаев К., Ғылыми жетекші: Демеев А.Д., Бекешов С.С.....205

КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
Егенисова А.Қ., Нұрова Қ.…….....…….....…210

Қ.ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫНЫҢ САТИРАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫ
Елмұратқызы Н., Ғылыми жетекші: Жеткізгенова.Ә.Т.....213

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ
Бектұрған С. М., Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.....217

АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ӨРІС
Рақымжан Т.....222

МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Сулейменова Б.Б.....227

ПОЛИЯЗЫЧИЕ, КАК ОДИН ИЗ ПРИОРИТЕТОВ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОСТОЯНИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ
Стамгалиева Н.К…….....230

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ МАТЕМАТИКАМЕН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖҮЙЕЛІЛІГІ
Алмағамбетова А.А., Джузбаева А.М., Таймуратова Л.У.....235

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
Нокатов Ж.Т., Ғылыми жетекші: Туркменбаев Ә.Б.....238

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Нұрлыбай Л., Ғылыми жетекші: Туркменбаева М.Б.....240

КУММУНИКАТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРОННОМУ ЯЗЫКУ И ЕГО ПРАКТИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ
Утесова К.У…….....……243

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ
Түгелбаев А., Ғылыми жетекші: Демеев А.Д., Бекешов С.С.....246

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ
Абдиганиева А.Ж., Ғылыми жетекші: Демеев А.Д.....251

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАҒЫМДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
Баянғали Н., Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.....256

ЖАСТАРДЫ ЭТНОСТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ
Абиева А., Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.....259

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ (XIX ҒАСЫР -XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)
Қамиева Г.Б.....261

МАЗМҰНЫ.....267

Пішімі 60х84 1/12

Көлемі 271 бет

Шартты баспа табағы 22,6

Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КМТжИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а